

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым, қоғам қайраткері
Т. Кәкішұлының 95 жылдығына арналған
«ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ
ТАРИХЫ МЕН СЫНЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 10 қараша 2022 жыл

Алматы
«Қазақ университеті»
2022

ӘОЖ 821.512.122.0
ҚБЖ 83.3(5Қаз)
К 69

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Жауапты шығарушылар:
А.Б. Темірболат, К.С. Ахмет, Ш.А. Шортанбай, Н.Қ. Мәтбек

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым, қоғам қайраткері Т. Кәкішұлының 95 жылдығына арналған «Тұрсынбек Кәкішұлы және қазақ әдебиетінің тарихы мен сынын зерттеудің келелі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 10 қараша 2022 жыл / Жауапты шығарушылар А.Б. Темірболат, К.С. Ахмет, Ш.А. Шортанбай, Н.Қ. Мәтбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 224 бет.

ISBN 978-601-04-6073-7

Жинақ көрнекті әдебиеттанушы ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының 95 жылдық мерейтойына орай шығарылды. Ғалымның қайраткерлік келбетін, азаматтық тұлғасын және зерделі зерттеушілігін танытуға арналған жинаққа белгілі қоғам және өнер қайраткерлерінің, көрнекті ғалымдар мен жас буын зерттеушілердің еңбектері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, ізденушілер мен жас қаламгерлерге, жалпы әдебиет сүйер көпшілікке арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0
ҚБЖ 83.3(5Қаз)

АЛҒЫ СӨЗ

ЗЕРДЕЛІ ҰСТАЗ, ӨНЕГЕЛІ ҒАЛЫМ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім ордасының дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген, ұлт руханиятына елеулі үлес қосқан өнегелі ұстаз-ғалымдары мен қайраткер тұлғаларын дәріптеп, білім алушы жастарға үлгі етуді басты міндеттерінің бірі санайды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тарихи сабақтастық пен дәстүр жалғастығы берік орнаған. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ғылыми мектептердің жетістігі – білім ордасы үшін үлкен мәртебе.

Қара шаңырақ ҚазҰУ-дан қанаттанып, үлкен ғылым жолына түсіп, қазақ ғылымында ғана емес, тұтас Түркі әлемі руханиятына танылған зерделі ғалымдарымыздың бірі де бірегейі – көрнекті әдебиеттанушы ғалым, қоғам қайраткері Кәкішев Тұрсынбек Кәкішұлы.

Биыл туғанына 95 жыл толып отырған тұлғалы ғалымның шығармашылық, ғылыми-педагогикалық өмір жолына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұйымдастырылуда.

Қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырған Тұрсынбек Кәкішұлының 95 жылдық мерейтойы ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойымен қатар келуде. Бұл сәйкестікке қуанбасқа болмайды. Кезінде Совнаркомның төрағасы болып отырған Сәкен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 1923 жылы 50 жылдық мерейтойын өткізу жөнінде ұсынысын айтқанда, Ақаң қарсы болыпты. Сол кездегі қазақ зиялыларының әдетіне кіре қоймаған үрдісте болса керек. Ақаңның қарсылығына қарамастан Сәкен бір емес, қатарынан екі мақала жариялапты. Бірі – «Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды», ал екіншісі «Тағы да Ахмет туралы». Сол кездегі астанамыз Орынбордың орталығындағы Свердлов атындағы жастар сарайында Ақаңның мерейтойлық мерекесін ұйымдастырған да, кіріспе сөзбен ашқан да, жиынды бастан-аяқ жүргізіп отырған да Сәкеннің өзі болатын. Бұл тарихи деректерді алғашқы айтқан да, ғылыми айналымға енгізген де Тұрсынбек Кәкішев еді.

1957 жылдан сәкентанушы бола жүріп Алаш азаматтарының жазған, шығарған кітаптарын жинауды әдетіне айналдырған Кәкішев Уфа қаласынан алып келген 700-ден астам кітапты Тіл және әдебиет институтының сирек қолжазбалар қорына өткізгені тарихтан мәлім.

Бүгінде тіл білімі мен әдебиеттану саласында еңбек етіп жүрген көптеген ғалымдардың тәлімгері, біздің қадірлі ұстазымыз Тұрсынбек Кәкішев кешегі Ахандар – Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің, ағартушы қазақ интеллигенциясының заңды ізбасары десек артық айтпағанымыз.

Тұрсынбек Кәкішев – саналы ғұмырын ұлт руханиятын, қазақ ғылымын дамытуға арнаған тұлға. Оның ғылымдағы дара жолы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты.

Ғылыми-оқытушылық қызметте жүріп, тіл, руханият мәселелері, ұлт болашағы туралы толғақты мақалаларын баспасөз беттерінде үзбей жариялап тұрды.

Өмірінің соңғы сәтіне дейін қолынан қаламы түспеген ғалымның, ұстаздық міндетін атқаруға да аса жауапкершілікпен қарағаны – бүгінгі жас оқытушылар мен студенттерге үлгі-өнеге.

Тұрсынбек Кәкішев – қара шаңырақ ҚазҰУ-дың қайраткер түлегі. Журналистика факультетінің 3-курсында оқып жүріп-ақ, республикалық «Лениншіл жас» газетінде бөлім меңгерушісі болып жұмыс істегені көп айтыла бермейді.

Тұрсынбек Кәкішевтің екінші ерекшелігі – сыни ойларын ғылыми негіздеудегі білімі. Сол білімділік қазақ әдебиетінің классиктері ғана емес, ғылымының да негізін салушы ұлы

Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтардың назарына ілініп, «Қазақ әдебиеті тарихының» 3 том, 6 кітаптан тұратын тұңғыш көптомдықтарын жазуға атсалысуы.

Үшіншіден, Тұрсынбек Кәкішевтің «хоббиіне» айналған Сәкен Сейфуллин мұрасын зерттеп, осы КазГУ-де сабақ бере жүріп 17 кітап жазып, оны баспадан шығаруында. Оның ішінде тек Орталық Азияда ғана емес, бүкіл түркі жұртында тұңғыш шыққан ЖЗЛ сериясын (1972 ж.) мақтанышпен айтамыз.

Ғылымға шын берілген, шыншыл да ізденімпаз Тұрсынбек Кәкішев – әдебиеттанудың әр саласына арналған ғылыми еңбектің сапасы мен мазмұнына ерекше мән берген ғалым. Әсіресе 1988-89 жылдары алаш азаматтары ақталып, тарихшы ғалымдар «алаштың ақиқатын кім айтады?» -- деп баспасөзде жарияға жар салып жатқанда әдебиеттанушылар арасынан алғаш атқа қонған да Кәкішев болатын. Бұл зерделі ғалымға тән – төртінші ерекшелік.

Тұрсынбек Кәкішев әдебиет тарихын зерттеуде шетелдегі қандастарды да шет қалдырмаған. Ғылымда тазалық пен әділдік таныту – әр ғалымның парызы. Алайда сол парызды азаматтық кредосына айналдырғандар кемде-кем. Осы тұрғыдан алып қарағанда Тұрсынбек Кәкішевтің қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеуі – ұлттық әдебиет тарихы үшін құнды мұра. Ал филология, журналистика бағытында оқитын ЖОО студенттері, магистранттары, докторанттары үшін баға жетпес оқулық жазды. Осы оқулықтың бағдарламасынан бастап оқу құралына айналдырып, одан әрі жоғары мектеп оқулығы деңгейіне жеткізді. Яғни, қазақ әдебиеті сыны тарихының темірқазығын КазГУ-ге қағып берген де – Тұрсынбек Кәкішев.

Көрнекті ғалым сәкентанумен қатар абайтану саласында да іргелі зерттеулер жазып, ұлы ақынның мұрасын әр қырынан зерделеп, саралауға өзіндік үлес қосты.

«Абайтанудың алғашқы асулары», «Абайдың сатирасы», «Асылдың сынығы», «Орыс ориенталистері Абай туралы» атты мақалалары осыған дәлел.

Тұрсынбек Кәкішев – ұстанымы берік, терең ойлайтын сергек ғалым. Олай дейтініміз, қоғамдағы түрлі саяси оқиғаларға қатысты азаматтық ұстанымын білдіру үшін табандылық көрсете білу әркімнің қолынан келе бермейді. Осы орайда ұстаз білімімен ғана емес, істеген ісімен де үлгі болса, шәкірттің тұлғалық дамуына зор септігін тигізеді. Университетіміздің мыңдаған түлектерінің өз ортасында жетістікке жетуі осындай тәрбиенің жемісі деп білеміз.

Тұрсынбек Кәкішевтің ғылымдағы ізденісін, азаматтық болмысын танып, зерттеу де кейінгі жас ғалымдардың еншісінде. Қазіргі таңда университетімізде ғалымның атындағы дәрісхана заманауи үлгіде жасақталып, онда күнделікті сабақ пен факультет, кафедраның келелі жиындары өтіп тұрады.

Астана мен Алматыдан ғалымның атына көше, мектептер беріліп, ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасында арнайы оқу залы ашылған. Ғалымның ғибратты ғұмыры шәкірттері барда, өзі негізін қалаған ғылыми мектебі барда ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, мәңгі жасай бермек.

Сөзіміздің басында көрнекті әдебиеттанушы ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының 95 жылдық мерейтойының ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығымен сәйкес келуіне тектен-тек назар аударған жоқпыз. Ақаңның ғылымын, ілімін, ұлтқа сіңірген еңбегін, ұрпаққа қалдырған мұрасын әр ғалым өзінше зерделейді. Осы тұрғыдан алып қарағанда Ахмет Байтұрсынұлын сан қырынан зерттеткен, өзі де жан-жақты зерттеген Кәкішұлы ұлы ұстаздың еңбегін өте жоғары бағалап, Шоқан, Ыбырай, Абайлардың қатарын Ахмет есімімен толықтыруды армандап кетті. Біздің университет ғылыми зерттеу бағытына бірыңғай бет бұрып жатқан тұста Ғалым арманын Ғылым мұраты деп қабылдайық!

Ұлағаты мол көрнекті ғалымның өмір жолына, ғылыми мұрасына арналған конференция жұмысына табыс тілеймін!

Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма төрағасы – Ректоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

I

Т. КӘКІШҰЛЫ – АЗАМАТ, ТҰЛҒА, ҚАЙРАТКЕР

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
*мемлекет және қоғам қайраткері,
ақын-драматург*

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАРА НАРЫ

Адамға ұлтты сүюден, ұлтқа қызмет етуден үлкен бақыт жоқ.

Бұл – адамзат тарихынан қалған ең ұлы тағылым. Қай салада қызмет етсе де, қандай кәсіптің иесі болса да, түптеп келгенде, адам баласының тұлғалық санатын анықтар басты өлшем осы бір тағылым алдындағы ар мен жанның тазалығы екені күмәнсіз.

Бұл өлшем туралы қазақ халқы қысқа ғана қайырып, аса шебер айтқан. «Малым – жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген. Тұлға табиғатын танып, тағылым жаратылысын бағалаудың нағыз планетарлық ойлау биігіне көтерілген үлгісі демей көріңіз. Ондаған ғасырлар бойы Еуропа мен Азия дейтін екі бірдей алып құрлықты еркін иемденіп, ойлау мен сөйлеудің ұлы биігіне көтерілген елдің ғана көкірегін жарып шығар ғажайып пәлсапалық түйін. Өмірлік танымы терең, ойлау қабілеті кең қазақ дейтін ұлттың тағдырын талқан еткізбей, жал-құйрығын күзеткізбей алып келе жатқан ұлт генофонын сақтаудың басты қағидасы да осы ұстанымға негізделгені даусыз.

Тұрсынбек Кәкішев осындай өлшемі кең, тамырын тереңнен тартар, «малын жанының садағасы, жанын арының садағасы» тұтып ғұмыр кешкен, бар саналы өмірін әдебиетке өлшеусіз арнап, шынайы ұлт биігіне көтерілген тұғырлы тұлға, ұлағатты ұстаз, шынайы ғалым!

Иә...

Тұрсекең Алладан пешенесіне бұйырған мол дарыны мен қайтпас қайсар мінезін, ақыл-парасаты мен білік-білімін Ұлт намысын қорғап, Ұрпақ тәрбиелеуге арнаған, әрі осы жолда айтарын айтып, жазарын жазып өткен, Абай сөзімен айтқанда, адамның адамшылық болмысын танытар үш нәрсені: «Ыстық қайратты, нұрлы ақылды, жылы жүректі» ақ қағаз бен қаламның тезіне армансыз арқау еткен, елінің сенімі мен құрметіне бөленген сиректеріміздің бірі, бірегейі болатын.

Тұрлаулы тарихтың еншісіне айналған жиырмасыншы ғасырдың ел басына салған әлегі мен қиянаты мол отызыншы жылдар кіндігі мен тұсауын кескен бір ұрпақтың көшін түзеп, көсемсөзімен шешен сөзін айта білген, арыстарымыздың мұңы мен қасіретін жүрегімен сезініп, ой-санасымен қорытқан, өмірінің көп уақытын соларды зерттеуге, солар ғұмыр кешкен кезеңді зерделеуге арнаған әйгілі әдебиет зерттеушісінің еңбектері ұлт руханиятының баға жетпес қазынасына айналғаны ақиқат. Сәкен, Мағжан секілді ұлыларымыздың тағдыр-талайларын тануға, таңдауға арналған іргелі монографиялар – соның дәлелі.

Тұрсекең табанды ғалым, тағылымды ұстаздықпен қоса, ұлт тұтастығы мен ұрпақ ойының қанаттанып бекуіне айрықша үлес қосқан жаны таза, жаратылысы бөлек қарымы кең қайраткер, текті тұлға болатын. Ол жалған сөйлеп, жағымпаздандуды білмейтін. Әсіресе ұлт тағдыры мен ұлт руханияты сөз болған тұста тартынбай сөзге араласып, ойы мен пікірін ашық білдіретін. «Бетің бар, жүзің бар» демей тура айтатын. «Аузын ашса, жүрегі көрінетін» осы бір

адал, аңғал қалып, тегеурінді тұлғаларға тән батырлық мінез аяулы аға, ардақты ұстазды көзі тірісінде ел махаббатына қалай бөлеп, абырой биігіне қалай көтергені қаз-қалпы жадымызда.

Қай заман, қай дәуірде де халық өз сөзін айтып, өз намысына ара түсер тумысы бөлек ұлдарына ерекше ықыласпен қараған. Тұрсынбек Кәкішев ұлтының сондай өлшеусіз ықыласына бөленген жаратылысы кең, болмысы таза, жүрегі жомарт сиректеріміздің санатынан еді. Ол жаңа дәуір руханиятын жолға қойып, сорабын арыстарымыз салған, салмағын алыптарымыз көтерген ана дәуірде де, ата-бабаларымыздың арман-мұратын арқалап, киіз туырлықты қазақтың басына бақ болып қонған Тәуелсіздік дәуірінде де ел болу мен елдікті сақтау жайлы ойларын ашық айтқан ірілеріміздің бірі болатын.

Зиялы қауым – қоғамға ықпал етер, пікір қалыптастырар қуатты күш десек, Тұрсекең осы ұлт зиялыларының ішіндегі шоқтығы биік өкілі болды. Ол өмірде де, әдебиетте де, ғылымда да Еңбек дейтін киелі ұғым мен Талант дейтін қасиетті дүниені айрықша бағалайтын. Ол ондаған ғасырдың бай тарихы бар қазақ көркем сөзінің сыни пікірінің дамуына ерекше ықпал еткен, осы жолда сандаған шәкірт тәрбиелеген үлкен жүректі ғұлама ұстаз еді. Ол адамдар мен адамдар арасын дәнекерлеп, ел мен ел арасына рухани байланыс орнатуға қажыр-қайратын сарқа жұмсаған алаш тұлғалы қайраткер-ұстаз, қайраткер-ғалым, қайраткер-қаламгер еді...

«Алашым» деп аһ ұрып, «қазағым» деп қабырғасы қайысып, бар саналы өмірін ұлт әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне, ұлт ғылымы мен білімінің дамуына арнаған халқымыздың ардақты перзенті, ғұлама мінезді абыз ақсақалы Тұрсынбек Кәкішев өмірден озғалы – ағаның алып жүрегі өз соғысын тоқтатқалы да сегіз жылдың жүзі болып барады.

Осынау мерзім ішінде қарт КазГУ-дің еңселі оқу залдары мен аудиториялары ұстаз-ғалымның саңқылдай шығып, тыңдаушысын елітіп, ерітіп, ұйытып әкетер қоңыр дауысын қалай іздеп, сағынса, ол кісінің тамырын тереңнен тартар білік-білімі мол, парасаты мен мінезі жарасқан сөздерін қалың жұртшылық та солай іздеп, сағынары хақ. Өйткені Тұрсынбек Кәкішев шағын аудиториялардың қорығына қамалуды білмейтін, шапса, көсіле қолтық жазып, қай кезде де, қандай жағдайда да аламанның алдынан көрінетін тұлпар текті жүйрігіміз еді. Ол кісі зерттеу мен зерделеу дейтін ұлт өткені мен ұлт бүгінінің арасына алтын көпір салған үлкен жүректі ғалым, ұлт болмысын тану мен бағалауда, ұрпақ ойы мен санасын тағалауда өз мәнері, өз үлгісі бар кемел бітімді ұстаз болатын. Тұрсекең айтса, кесіп айтатын. Біреуге ұнап қалайын, біреудің қабағын жұмсартайынды білмейтін. Ол ой өру мен пікір айтудың нағыз халықшыл, қоғамшыл үлгісін өрістеткен, Өз Төле бидің сөзімен айтқанда, «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейтін қазақы наным-сенімді тұғыры берік тұлғалы ғылыми жүйеге салған, бойына тереңдігі мен ерендігі жарасқан ғылымда да, қоғамдық пікір айдынында да өз орны, өзгеше биігі бар ерекше тұлға болды.

Тұрсекең ұлтын сүйген, ұлтына есепсіз қызмет еткен ұлт руханиятының нағыз қара нары еді.

«Өлі риза болмай, тірі байымас» деген халық сөзі еріксіз еске түседі.

Тұрсынбек ағаның елге, ел тұтастығы мен бірлігіне қызмет еткен ғибратты ғұмыры ақылды ұрпаққа қай кезде де үлгі болары анық.

Ендеше...

Бүгінгі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің төрін ой мен сөздің, толқу мен тебіренудің айдынына айналдырған тоқсан бес жылдықтың торқалы шарасын ғалым аруағын аспандату мен ұлт руханиятына қанат бітірудің үлкен нышаны деп бағалауға тиіспіз.

Айдынымыз кең, айбынымыздың мықты болғанын тілейік!

Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ,
*филология ғылымдарының докторы, профессор,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-
зерттеу институтының директоры*

ҰЛЫҚ ҰСТАЗ, ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ, АСЫЛ АЗАМАТ

Біздің кезімізде «Студенттердің ғылыми қоғамы» деген бір ерекше қоғамдық құрылым болды. Қазақ әдебиеті жөніндегі ғылыми қоғамға профессор Тұрсынбек Кәкішұлы жетекшілік етті. Мені сол үйірмедегі студенттерге бастық етіп қойды. Диплом жұмысымды Тұрсекеңнің жетекшілігімен қорғадым. Филология факультетін бітірген елу жас маман қызметке елдің түкпір-түкпіріне бөлінді. Мен Қарағанды облысына баратын болдым. Жолға шығуға бір-екі күн қалғанда, бір тобымыз бас қостық. Жігіттердің біреуі Тұрсынбек ағайдың бірнеше жігітті Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жұмысқа орналастыратын болғанын айтты. Мен бірден Тұрсынбек ағайға телефон соқтым. Сәлем бердім де, шаруамды айттым.

– Ағай, біздің жігіттердің біразын Әуезов институтына алып қалып жатыр екенсіз ғой?
– дедім.

– Ағайым:

– Иә, – деді.

Мен:

– Онда, мені де алып қалыңыз, – дедім.

Тұрсекең:

– Олай болса, ертең саған 9-да министрствоның алдына кел, – деді.

Ертеңіне айтылған уақытта министрствоның алдына келдім. Төрт курстасым сонда екен. Бесеуміз Тұрсекеңе разылығымызды білдіріп, қуанып тұрдық. Тұрсекең келіп, бізді министрдің орынбасары Әуезхан Қанафин деген кісіге алып барды. Келген жұмысының мән-жайын қысқаша айтып шықты.

Министрдің орынбасары көмекшілерінің бірін шақырып алып, жас мамандарды жұмысқа бөлу туралы бұйрықты тиісті өзгертулермен қайта дайындауды, Тұрсекең алып келген бес жас маманға М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жолдама жазып беруді тапсырды. Көп ұзамай бесеуміздің қолымызда бес жолдама болды. Тұрсекең бізді енді М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына алып келіп, институт басшылығына өз қолымен тапсырды. Жарты ғасыр болды, осы оқиға менің көз алдымда жанды сурет секілді көрініп тұрады.

Тұрсекеңнің ғылым жолында тапқан табыстары мен жеткен жетістіктері – таудай талаптың, нұрлы ақылдың, адал еңбектің нәтижесі. Ондай нәтижеге ғылым іздегендердің бәрі емес, бойында қуаты қайнаған, ойында көзі жайнаған батылы немесе батыры ғана тәуекел ете алады.

Тұрсынбек Кәкішұлы ғылым жолындағы табыстары мен жетістіктерінің біразына ғылыми ойлаудағы батылдығымен, қағида қалыптастырудағы қайсарлығымен, тіпті жүрек жұтқан батырлығымен жетті. Оның мәнісі мынадай: ғалым өз зерттеулерін негізге ала отырып, кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінде социалистік реализм әдісінің қалыптасу кезеңінде (1917-1927) сыншыл реализм әдісі де қолданыста болды деген теория ұсынды. 1971 жылы қорғаған докторлық диссертациясында да осы пікірінен қайтпады. Бұл кеңес дәуірі әдебиетінің теориясы үшін мүлде тосын, тіпті идеологиялық жағынан жат қағида еді. Өйткені бұл теория сыншыл реализм әдісінің өз кезіндегі қоғамдық жүйенің негізін шайқалтуды, тіпті жоюды көздейтіні туралы қисынды ұстанды. Тұрсекеңнің қорғауға ұсынып отырған басты қағидасы социалистік реализм теориясының өзегінде идеологиялық жағынан барынша негізделген осы қисынды жоққа шығарғандай еді. Кеңестік дәуірде мұндай теория ұстану қатерге бас тігумен бірдей болатын. Өз пікірінің, өз тұжырымының дұрыстығына сенген ғалым алған бетінен қайтпады. Сондай қатерлі деген істің тұсында лайықты әрекет жасауға батылдығы да,

батырлығы да жетті. Мұны ғылымға адалдықтың, ғылыми ойлаудағы даналық пен батылдықтың ғана сөзі емес, нағыз жүрек жұтқан ерліктің өзі десе болғандай. Бүгінгі әдеби-теориялық ой бұл мәселені лайықты пайымдау деңгейіне әлі көтерілген жоқ. Ал бүгінгі қоғамдық даму заңдылықтары тұрғысынан қарағанда, сыншыл реализм әдісі қоғамдық жүйені шайқалтуға емес, жайқалтуға, нығайтуға қызмет ететініне көз жеткізуге болады. Ғалымның XX ғасырдың алпысыншы жылдары ұсынған қағидасы XXI ғасырдың жүзіндегі бүгінгі әдебиетіміздің дамуы үшін де, бүгінгі әдебиетіміздің шығармашылық әдісін негіздеу үшін де пайдалы.

Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми, әдеби-шығармашылық, ұстаздық қызметінің нәтижелері сандаған жылдар бойы ақыл мен ойға салмақ салған, жан мен жүрекке күш түсірген үздіксіз ізденісті, инемен құдық қазғандай толассыз да тынымсыз еңбекті талап еткені анық. Тұрсекең қазақ ғылымы мен білімінің, қазақ әдебиетінің өзі тұстас майталман тұлғалары секілді жастық, жігіттік дәуренін, оның тамылжыған кештері мен уылжыған таңдарын, бар саналы ғұмырын осы еңбекке арнады. Біздің ойымызша, бұл – ел игілігі, ұлт мүддесі үшін аянбай қызмет етудің көрнекті көрінісі. Мұның өзі, жалқыдан жалпыға аударып айтқанда, ғылым мен білім жолындағы дара тұлғалардың жар салып жария етпей, жан баласына көрсетпей, жүрек сарайында ғана желбіретіп ұстайтын асыл мұраты іспетті.

Мұратқа ізденген жанның бәрі жеткен. Ал ұлт мүддесін көздеуден, халық қамын ойлаудан туатын биік мұратқа кісінің бәрінің көзі түсе бермейді. Өйткені мұндай биік мұраттың жұлдызы парлаған парасат көгінде ғана жанбақ. Оны көзбен көріп, көңілмен танығанның өзінде де, талаптанып талпынғанның бәрі діттеген жеріне жете алмаған. Оған жету үшін талап пен талпыныс емес, ең алдымен, Жаратқанның жар болуы шарт, сонан соң ерен еңбек пен берен мінез керек. Менің ұғымымда Тұрсынбек Кәкішұлы – Жаратқан жар болып, өзінің парасат көгінен ұлт мүддесінің, халық қамының қамқор жұлдызын жандырған, ерен еңбегіне, берен мінезіне сеніп, ұлт мүддесін көздеуден, халық қамын ойлаудан туған асыл мұратына жеткен адам. Онысы үшін Тұрсекең өзін екі тұлға алдында ғана қарыздар сезінеді: бірі – Жаратушы, екіншісі – ұлттық университет. Осы университетте өткен халықаралық ғылыми конференциялардың бірінде ғалым: «Менің университетім секілді қасиетті қара орда жер бетінде жоқ», – деп тебіренгенде, конференцияға қатысып отырған қара ормандай қалың жұрт та Тұрсекеңмен бірге тербелгендей болды. Иә, Жаратушы өмір берді, университет сол өмірге мән берді. Адамға Жаратушы берген өмір өлшеулі. Ал университет берген мән мен мазмұнда шек те, шет те жоқ. Жоғары білімді маманды, әсіресе ұлт тілі мен ұлт әдебиеті маманын тәрбиелеп шығарудың негізін осындай мән мен осындай мазмұн түзеді. Тұрсынбек Кәкішұлы – шәкірттеріне білім мен тәрбие беріп қана қоймай, олардың өміріне осындай мән мен осындай мазмұн дарытып өткен ұстаз.

Ұстаз сөзіне бақсақ, жоғары мектепте дәріс беру ісін ғылыми зерттеу ісінен бөле-жара қарауға болмайды. Университет аудиториясында әр оқытушы студенттерге өз ақыл-ойымен тапқан, өмірлік мәні айқын, пайдалы білімді беруі шарт. Білім алушы әр оқытушыдан жаңа білім алып қана қоймай, сол алған білімін өз өмірі, халық игілігі үшін орнын тауып, тиімді пайдалану құзыретіне ие болуы қажет. Ол үшін оқытушы жатпай-тұрмай ізденуге, зерттеуге, игілікті, жаңа білім өндіруге тиіс. Сөз өнері туралы ғылымда оқуға, білуге, ізденуге көп уақыт кететіні рас. Олай етпейінше маңызды ой айту, пайдалы пікір түйю қиын. Әдеби шығарма, әдеби процесс, әдеби даму, әдеби тіл жайында тың ой, соны пікір, тұжырымды ой айта алмаған маман әдеби құбылыс мазмұнын баяндаумен шектелуге мәжбүр. Әдебиеттану үшін бұл жеткіліксіз. Өйткені әдебиеттану ғылымы қалықтап емес, шарықтап ойлауды, жай емес, жанқияр еңбекті талап етеді. Шығармашылық шарықтап ойлау мен ерлікпен пара-пар ерен еңбек болмаған жерде әдебиеттану да, әдебиеттанушы да дәрменсіз. Тұрсекеңнің сөзіндегі тарихтан, көңіліндегі жарықтан шығармашылық шарықтап ойлау мен ерен еңбек етудің осындай үлгісі елес береді.

Біз студент болған жылдары қазақ әдебиеті кафедрасының профессорлар шоғыры аса көрнекті еді. Олардың әрқайсысының зерттеу саласы, лекция оқу мәнері, азаматтық-адамгершілік келбеті, университет өміріндегі орны ерекше, өз саласында қатарларынан қара

үзіп шыққан аса ірі ғалым, үлгілі ұстаз, қоғам қайраткері ретінде бүкіл елге құрметті, абыройлы болды. Солардың ішінде Тұрсынбек Кәкішұлының лекциясы айрықша нақты, деректі мазмұнымен ерекшеленетін. Әсіресе ұстаздың қазақ әдебиеті тарихының кеңестік дәуірінің бастапқы жиырма бес жылындағы даму арналары мен бағыттары, тенденциялары туралы лекциялары пәнаралық мазмұнының тереңдігімен тәнті ететін. Сын тарихы бойынша Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы түрлі баспасөз беттерінде алғаш айтылған маңызды ойлар мен пікірлердің көпке емес, тек өзіне ғана белгілі, көптің қолы жете бермейтін, тек өзінде ғана бар дерек көздерін ашқанда, біздің өз көңіліміздің көзі ашылғандай күйге түсетінбіз. Әдеби шығарманы, әдеби процесті уақыт, дәуір тынысымен сабақтас талдау, дәйекті дәлелдер жүйесіне сүйене отырып саралау, аямай сын айтып, сыншылық тұрғыдан бағалау ой салатын, тағылым беретін, ойдан – ойлауға, танудан танымға жетелейтін. Кеңес үкіметінің орнауы мен қалыптасу жылдары әдеби сын идеологиялық қару қызметін атқарғаны белгілі. Сондықтан сыншы мен сын, шығарма мен жазушы, әдебиет пен өмір, қоғам мен қоғамдық сана арасындағы қатынастардың қиын қалтарыстары сыншы үшін де, жазушы үшін де қауіпсіз, қатерсіз емес еді. Мұндай күрделі, қайшылықты мәселелер туралы университет аудиториясында лекция оқу, зерттеу жұмыстарын жүргізу 1960-1970 жылдары да оңай болмағаны даусыз. Тұрсекең өз биігіне ғылым мен білімнің осындай ауыр жүгін қайыспай көтеріп шықты, әдебиеттануда деректі, дәйекті, нақты жаңа ғылыми бағыт қалыптастырды, шығармашылық тұлғалар тағылымын таратты, әдеби сынның тарихы мен теориясын қалыптастыру мен дамытуға зор еңбек сіңірді.

Әркімнің, әр нәрсенің өз биігі бар. Даңқ биігі тұр басын мұнар басып. Биліктің шыңы да жарқырап көз қарықтырады... Тұрсекеңнің биігі даңқ асқарынан да, билік шыңынан да, байлық базарынан да баянды, солардың бәрінен де мәнді, бәрінен де салтанатты. Оған қыранның қанаты шығара алмайды, оған өрмелеп, жер бауырлап жылжып та, желаяқ құсап желдей есіп те шығу мүмкін емес. Оған байлық та, билік те алып бара алмайды, білектің күші де жеткізіп салмайды. Оның қадірі мен қасиетінің асқар биігіне Жаратқанның рақым нұры ғана түсетін болса керек. Содан кейін бұл биікке ұстаздың шалқыған ілімімен, тасыған білімімен, балқыған мінезімен ұштасқан ұлы еңбегі жеткізбек.

Профессор Тұрсынбек Кәкішұлының табиғатында, ісі мен әрекетінде, еңбегі мен бейнетінде ілімнің шалқуы да, білімнің тасуы да, мінездің балқуы да бар еді. Сондықтан да Тұрсекеңнің еліміздің жоғары мектебінің, білімі мен ғылымының, тілі мен әдебиетінің, мәдениетінің дамуына, ақыл-ойының, қоғамдық санасының жаңаруына сіңірген ерен еңбегінің жарық-жылуды әлгінде айтылған ұстаздық ұлағат биігінен таралды. Кісінің шалқыған ілімімен, тасыған білімімен, балқыған мінезімен ұштасқан ұлы еңбегі жеткен жерде оның өзі де тұрады. Өйткені кісінің өзі мен еңбегі бір-бірінен бөлінбейді, бірі екіншісінен озбайды, бірінен екіншісі қалмайды. Олай болса, ұстаздық ұлағат атты ұлы биіктің күн сәулесі шағылысқан шырқау шыңында профессор Тұрсынбек Кәкішұлының өзі тұр деп білуіміз керек.

2022 жыл

Бауыржан ЖАҚЫП,
*филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының
орынбасары, ақын*

ТАУЛАР ДА ҚҰЛАЙДЫ ЕКЕН-АУ!

Енгізген ойын сыналап,
Бір өзі – бір мұрағат.
Баспасөзімнің тарихын,
Мектебіңді аштық танитын.
Ішінен көне қатпардың,
«Садақты» тауып ақтардың.
Бейімбетгі зерттеп, расында,
Сәбиттің жүрдің қасында.
Тайсалмай төктің теріңді
Алаштың сырын ашуға.
Сәкеннің жырын самғаттың,
Аруағын ердің аунаттың.
Алтыннан қымбат сөз жаздың,
Алтындыда туған ардақтым!

Сын болған дедің қазақта,
Өткізбей, зерттеп, бекер күн,
Әдеби сыннан от өрдің.
«Сын сапарына» шықтың да,
«Оңаша отау» көтердің.
Қарыздар қазақ сыны оған,
Емендей сынбай, шыдаған.
Бұлтты күн де өтті басыңнан,
Бұландыда өскен бұла ағам.

Еңбекқор, өткір, өр адам,
Қашан да лайық төр оған.
Ұлтыңның сөзін сөйледің,
Бөріліде туған бөрі ағам.

Қазаннан, Уфа, Мәскеуден,
Троицкіден, Ташкеннен.
Қазақтың тауып іздерін,
Қазақтың сөзін іздедің.
Ұлтыңның ұлы желісін,
Алтын арқауын үзбедің.

Мұқаң менен Сәбеңнен,
Әбділда мен Ғабеңнен
Сүйсіне берген бата алдың.
«Тұрсекең – ғалым» атандың.
Сенімін елдің ақтадың,
Кітап боп шықты тапқаның.
Жұртыңның мұңын мұңдадың,
Ұлтыңның жоғын жоқтадың.
Сәкеннің асыл арманын

Жүрегінде аға, сақтадың.

Сол ойға халқың шым батсын,
Соныңмен бізге қымбатсың.
Ұлтым деп өткен рухыңа
Қобыздың үнін тыңдатсын.
«Түрсекең өтті!» – деген сөз
Қазақпын деген әр жанның
Құлақтарын шулатсын.
Ертіс пенен Есілдің
Толқындарын тулатсын.

Өтеді-ау, өмір, өтеді-ау,
Көкшедей көркем көкем-ау!
Зеңгір көкпенен таласқан
Таулар да құлайды екен-ау!

Арқада туған асылым,
Алатаудың бүгін басы мұң.
Екі заманның куәсі –
Бақұл бол, алтын ғасырым!

Абдылдажан АҚМАТАЛИЕВ,
*ҚР УИАның Ч.Айтматов атындағы
Тіл жана адабият институтунун
директору, академик*

ӨМҮРҮ ӨРНӨКТҮҮ ОКУМУШТУУ

Жакшы окумуштуунун татыктуу илимий эмгеги мезгил, мейкиндик, улут, мамлекет деген чектелүү түшүнүк, көрүнүштөрдүн алкагы менен гана чектелип калбайт. Анда жетишилген натыйжалар улам кийинкилер үчүн билимдин булагы, жаңы илимий изилдөөлөр, жаңы идея, жыйынтыктарга таяныч, өбөлгө катары ар дайым кызмат кыла берет. Ошол сыңары Турсунбек Какишев аганын илимий эмгектери да жалаң эле казак адабият таануусу үчүн эмес, кыргыз адабият таануусу, кыргыз адабиятчылары үчүн да керектүү, кызыктуу эмгектер болуп саналат.

Турсунбек аганын казактын улуу жазуучусу Сакен Сайфуллиндин чыгармачылыгы тууралуу жазган көптөгөн эмгектери казак окурмандарына гана эмес, түрк тилдүү окурмандар үчүн кызыктуу эмгек болуп калды.

Турсунбек ага Сакентаанууга чоң кызмат өтөдү, бүт өмүрүн берди. Акындын ар бир басып өткөн өмүр жолун, ар бир сабын дыкат, терең изилдеди. Ал жөнүндө очерк, публицистика, илимий эмгектерди жаратты.

XX кылымдын 20-30-жылдарындагы кыргыз адабиятын изилдеген, окуткан биздин окумуштууларыбыз бул эмгектерге ар качан кайрылып келишет. Ал эми Турсунбек аганын адабий сындын тарыхына байланыштуу жазылган фундаменталдуу изилдөөлөрүнүн теориялык, методологиялык натыйжалары да түрк тилдүү элдердин адабиятындагы адабий сынынын тарыхын изилдөөдө сөзсүз эске алынуучу эмгектерден болуп саналат.

Казактын белгилүү адабиятчылары жана сынчылары менен жаш кезимден таанышып калганымга илимий ишимдин темасы себепчи болду десем болот. Мен Алматага сапар тарткан сайын атактуу агаларыма жолугам деп ичимен кубанып, толкунданып турчумун. Ал кез өмүрдөгү эң кымбат жылдар экен, азыр ойлосоң. Бүгүн ал улуу окумуштуулардын өздөрү жок,

элеси гана көз алдымда элестейт. Алматадагы мен самаган, эң жакшы көргөн, урматтап, сыйлаган агаларым асманга учуп кетишкен. Ошолордун бири – академик, филология илимдеринин доктору, профессор Турсунбек Какишев агай эле.

...90-жылдардын башында Кыргызстандагы докторлук жана кандидаттык диссертацияларды коргоо боюнча Кеңештин мүчөлөрү академиктер Зейнулла Кабдалов, Заки Ахметов жана Турсунбек Какишев эле. Алдыңкы экөө менен мен эрте таанышкам, ал эми Турсунбек агай менен кийинчерээк таанышууга туура келди. Ал киши сыртынан караганда өтө каардуудай көрүнчү, ошрндуктан көп сүйлөшүүгө батына албай жүрдүм. Турсунбек агайдын досу филология илимдеринин доктору, профессор, мени окуткан Качкынбай Артыкбаев болчу. Ал экөөнүн сырдашып, чечилишип сүйлөшкөнүн көрүп калчумун. Качкынбай агай да бир караганда «түнт» болчу. А көрсө экөө тең жан дүйнөлөрүндө терең, кенен, ачылып сүйлөшкөндө чечен адамдар экен. Бул эки окумуштуу агалардын илимий багыттарында, көтөргөн проблемаларында, эмгек жолдорунда да көп окшоштуктар бар экенин байкоого болот. Ошентип күндөрдүн бир күнүндө Турсунбек агай менен сүйлөшүп, жакындашып кеттим.

Турсунбек агай кыргыздардын көптөгөн жаш окумуштууларына оппонент болду. Турсунбек агайдын диссертациялык Кеңештеги илимий пикир-лерин укканда жаш окумуштуулардын кругозорлору кеңейе, тереңдей түшөр эле. Биз үчүн чечен агабыздын билиминин тереңдиги таң калтыраар эле. Турсунбек агай принципалдуу болчу, ал Заки, Зейнулла агалар менен полемика жасаганды жакшы көрчү. Мейли илимий талаш болсун, мейли турмуш-тиричиликтеги тартыш болсун өз позициясынан кайтчу эмес. Кээде өтө кескин пикирлерди билдиргенде агалар менен урушуп кетпесе экен деп тыбырчылыктап, түйшөлүп кетчүбүз. Бирок, Турсунбек агай ичине кек сактабаган, өтө таза, өтө абийирдүү адамгерчиликтүү адам эле.

Мен агалар менен жыйырма жылдай жандарында жүрүп, көп кызыктуу кептерин уктым. Кийин диссертациялык Кеңештин төрагасы болгонумда үч агамды Кеңештин мүчөсү кылып дайыма алып жүрдүм. Алар мени баласынтпай кеңештерин беришип, менин да сөзүмдөн чыгышчу эмес. Казак-кыргыз илимий байланышына чоң эмгек сиңирген үчүн алар Коомдук Айтматов академиясынын Ардактуу академиктери болуп шайланышкан.

Менин докторлук диссертацияма да чогуу келишип, колдошкон, Ошондуктан мени өстүргөн агаларыма өтө ыраазымын. Турсунбек аганын илимий эмгектери, илимпоздук бейнеси биз үчүн өрнөк, анын элеси жүрөгүбүздө!

Мээрим КӨЛБАЕВА,

*филология илимдеринин доктору, доцент,
КР УИАнын Ч.Айтматов атындагы Тил жана
адабият институтунун, «Манас», фольклор,
акындар чыгармачылыгы бөлүмүнүн башчысы*

ПРОФЕССОР ТУРСЫНБЕК КАКИШЕВДИН ПУБЛИЦИСТИКАЛЫК МАКАЛАЛАРЫНДАГЫ КӨТӨРҮЛГӨН ПРОБЛЕМАЛАР

Улуу даланын даңктуу уулу, Казакстан Республикасынын илимине эмгек сиңирген ишмер, филология илимдеринин доктору, Эл аралык Айтматов академиясынын академиги Турсынбек Какиш уулунун илимий чыгармачылык бейнесине баам салганыбызда өтө ар түрдүү, ар багыттуу экенин көрүүгө болот.

Турсынбек Какиш уулу эң алды менен казак адабиятынын тарыхы, адабияттын теориясы тууралуу эмгектерди байма-бай жарыялап, зарыл учурда өз көз карашын тартынбай, таамай билдире алган адабиятчы. Буга «Казак адабиятынын тарыхы» (1960), «Көп улуттуу совет адабиятынын тарыхы» (1970), «Казак адабиятынын кыскача тарыхы» (1996) сындуу эмгектерди жаратышы, «Казак адабиятынын калыптанышындагы идеялык-творчестволук маселелер (1917-1929-ж), «Казак адабий сынынын калыпташуу жолдору» (1971) ж.б.

фундаменталдуу изилдөөлөрү, казак акын-жазуучуларынын көп томдуу тандалмалар топтомунун түзүүчүсү болушу мисал боло алат.

Экинчиден, адабий сынчылык, казак адабий сынынын күңгөй-тескейи тууралуу, адабий чыгармалардын көркөм-эстетикалык кунары тууралуу өз пикирин билдирип, адабий сындын калыптанышында ат көтөрбөс эмгек жасаган сынчы. Буга казак адабий сынын тарыхы, сын менен адабият таануу, сын жана библиография, сын менен адабий изилдөөнүн карым катышы тууралуу пикирлери, «Кагидага айланган каталарды түзөтөлү», «Алаштын акыйкатын ачык айталык», «Санадагы жаралар» (1992), «Сын менен сыншы: жанр жайлуу» (2007) окуу куралында жарык көргөн материалдары негиз болуп берет.

Үчүнчүдөн, казак тилинин мамлекеттик тил статусун алууда, казак элинин тарыхый бүтүндүгү, көз карандысыздыгы үчүн коомдук пикирди жаратууда, чет жердеги казактардын («Монголия казактары») фольклордук, этнографиялык, музыкалык маданиятын топтоого, жарыкка чыгарууга ой айтууга белсенип киришкен казак элинин эң патриот уулу.

Төртүнчүдөн, Аль-Фараби атындагы КМУУ, казак адабият таануусу, сыны боюнча 10дөн ашык илимдин докторлорун, 50дөн ашык илимдин кандидаттарын даярдаган мыкты устат. Бүгүнкү күнү ал окуучулары казак адабият таануусунда билим берүүсүндө, маданиятында үзүрлүү эмгек кылышып, Турсунбек Какишевдин бараандуу илимий мектебин түзүп турушат.

Бешинчиден, коомдун күрөө тамырын кагып турган, элдин маданий-адабий турмушу, көркөм өнөр, казак адабияты тууралуу мезгилдүү басма сөз беттеринде 800дөн ашык түрдүү мазмундагы макалаларды жараткан – мыкты публицист катары кароого болот.

Турсунбек Какиш уулунун публицистикалык макалалары негизинен адабий сын багытында «Социалисттик Казакстан», «Казак адабияты» «Жылдыз», «Замандаш», «Орталык Казакстан», «Алматы акшамы» сындуу басылмаларда жарык көрүп турду. Башкасын айтпаганда дагы «Сын мен сыншы» сериясынын алкагында «Жанр жайлуу» деген эмгегине талдоо жасап көрсөк эле бир катар адабий проблемалардын күңгөй-тескейи, аларды чечүү жолдору, маселенин келип чыгуу себептери, адабий процесске обзор берилет. Эмгекте 1959-жылдардын, 1980-жылдарга чейинки сын багытындагы макалалар топтоштурулган. Алгачкы эле «Сын сынчылыгынын себептери» аттуу макаласына көңүл оодарсак 1950-жылдардагы казак адабий сынын абалын талдоого алуу менен ошол учурдагы сындын өнүгө албай жатышынын себептери катары сынчынын адистик деңгээли, көркөм-эстетикалык табитинин, билиминин жетишсиздиги, жалпы маданий даражанын бийик эместиги жана да адабият ааламындагы процесстер, кубулуштар тууралуу жетиштүү билимдин жоктугу негизги себеп катары белгиленет. Негизинде да, сынчылардын ошол мезгилдеги күрөө тамырды кармай билип, жетиштүү билим, тажрыйбанын айкалышында сынчылыкка келүү зарылдыгы бар.

Экинчиден, сынчы менен сыналучулардын ортосундагы карым-катыш. Бул маселеде кайсы мезгил, доор болбосун сынчы менен сыналучунун кызмат абалы, даражасы, аброюна кароо, анын кызмат абалына же атуулдук ариетине карай сын жазуу, аны ашке мактоо же тескерисинче каралоо бүгүнкү күндөгү сынчылардын да кетирип жаткан кемчилиги катары кароого болот.

Үчүнчүдөн, сын багытындагы эмгектердин мыкты чыкпай жатышынын да бир себеби сындын перспективасынан көз каранды экенин белгилейт. Чынында да сын боюнча жазылган эмгектердин элге жетимдүүлүгү, алардын газета-журналдарда жарыяланышы, өз алдынча эмгек катары жарыкка чыгышы, акын-жазуучулар сындуу сынчылардын чыгармачылык бейнеси, стили, алган багыты да өзгөчө орунда экени белгиленет. Чынында да адабий сынчынын багыты, стили, сындоо ыкмалары так аныкталбаса, сынчылык ойдун маданиятына туура келбеген ашыра мактоо же өткөрө сындоо сундуу кемчилдиктер орун алуусу турган иш.

Андан ары «Ага жазуучунун көзү менен», «Бир жыл жемиши», «Жылдыз» журналынын бир санындагы сынчыл ойлор», «Сын чамгарагы бийик болсун», «Адабий сын сапары», «Адабий сындын башаты», «Сын менен адабият таануу» ж.б. макалаларда адабий сындын учурдагы абалы, андагы сынга таасир эткен оң-терс таасирлер, сында орун алган тенденциялар, турмуш чындыгы менен соцреализмдин карым-катышы, чыныгы көркөм-

эстетикалык бийиктик менен социалисттик турмушту чагылдыруунун күрөшү жүрүп, мына ушул маселелерде сын негизги күч, курал болуп келгенин ырастайт.

Казак адабиятынын тарыхы тууралуу обзордук маанидеги «Ага жазуучунун көзү менен», «Бир жыл жемиши», «Казак адабият таануу илими» сындуу макалаларда ХХ кылымдын 50-60 жылдарындагы казак адабий сыны, андагы жарык көргөн эмгектер тууралуу обзордук маанидеги макалалар кирип, казак адабият таануусунун башаты Ы.Алтынсариндин «Казак хрестоматиясына» (1879), «Түркстан улаяты», «Дала улаяты», «Казакстан» ж.б. гезиттерине чыккан алгачкы макалалардан өнүм алып, совет мезгилинин учурунда өрүш алганын ар бир мезгилдик тилкени негизге алуу менен өз пикирин айтып жүрүп олтурат.

Эмгекте автор персоналийлерге да көңүл бурат. «Султанмураттын «Айпактагы» калемгерлиги», «М.Ауезовдун асыл ойлору», «Сын реализми жана М.Ауэзов» сындуу макалаларында белгиленген чыгармачыл инсандардын адабий мурастарындагы ийгиликтерди көрсөтүүгө басым жасайт.

Турсунбек Какишевдин сын багытындагы көз караштарындагы дагы бир белгилей турган маселе казак адабий сынын мезгилдештирүүгө, айрыкча элдик чыгармачылыктаны сынчыл мүнөздүн калыптанышындагы пикирлери мактоого арзыйт. Казак адабий сынын өсүү эволюциясын үч баскычта өнүккөнүн белгилейт. 1) октябрь революциясына чейинки казак адабий сыны, 2) сындын жанр катары калыптанышы жана казак адабият таануусунун жаралышы, 3) сындын идеялык-эстетикалык, чыгармачылык жактан өркүндөшү же казак адабият таануусунун калыптаныш учуру.

Автор эмгегинде сындын башаттары элдик оозеки чыгармачылыктагы элдин руханий-эстетикалык табитине ылайыкталган жакшылык-жамандык, сулуулук, терстик, адамкерчилик зулумдук ж.б. карама-каршы эстетикалык туюмдарга негизделген түшүнүктөрдө калыптанганын белгилейт. Чынында дүйнө элинин бардыгында өнөр, билим, илим ж.б. түшүнүктөр элдик чыгармачылыктан азык алып, ошондон уланганыкийин ал элдик билимдер бүгүнкү илимдерге негиз болуп бергенин Турсунбек Какишев «...калк адабиятынын үлгүлөрүндө айтылган сынчыл ой пикирлер, казак улуу агартуучуларынын демократтык-эстетикалык толумдагы толгонуулары бүгүнкү сындын кайнар көзү» [1, 202 б.] экенин белгилейт.

Демек, кандай мезгил, доор болбосун улуу, асыл иштер, идеялар бийикте туруп, алардын чеги, мезгилдик ченеми болбой тургандай эле, Турсунбек Какишевдин адабият, анын тарыхы, сын, көркөм-эстетикалык табит, сынчылдыктын табияты тууралуу пикирлери, бир гана казак адабияты тууралуу айтылып жатканы менен андагы теориялык ойлор, мыкты сунуштар, байкоолор мурдагы совет мамлекетинин курамындагы элдердин адабиятына мүнөздүү. Ошондой эле мындан аркы илимдин өсүшүнө, башка илимдер менен интеграциялануусуна негиз болуп берет. Мындай бийик даражага талыбаган эмгек, окумалдуулук, өжөрлүк оң маанидеги көк беттик талап этилет. Мына мындай сапат, илим үчүн өжөрлүк кылуу, окумалдуулук Турсунбек Какишевдин адистик бийик талабы. Бул жагынан бүгүнкү илим чөйрөсүндөгү жаштарга үлгү Турсунбек ага үлгү деп айта аламын.

Адабияттар:

1. Турсунбек Какиш уулу Жанр жайлу. Окуу курал. – Алматы: «Казак университети», 2007. – 462 б.
2. Какишев Турсунбек Какиш уулу Библиографиялык көрсөткүч. – Алматы: «Казак университети», 2002
3. Турсунбек Какишев. Санлактар 1. Шыгармалары. – Алматы: «Ана тили» баспасы, 2007. – 336 бет.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ,
*филология ғылымдарының докторы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің профессоры*

ҒЫЛЫМ САХАБАСЫ

Е, дүние деген – осы. Мына қара қатираны кеше таңертең әзіл-шынын араластырып балдызым Батханның Аппағынан 300 (мың!) теңгеге бағалап, сондай бір жомарттықпен сатып алып ем. Таңым да сәтті басталып, күнім де көңілді аяқталып еді. Ал бүгінгі таңым күліп ұйықтасам да, көңілсіз хабардан басталды: Алматыдағы өмір жолым басталғанда алдымнан жақсылықтың құшағын айқара ашқан ұстазым әрі аға-бауырдай сыйласып, елу жылдай еркелеп өскен оқымысты зиялы Тұрсекем – Тұрсынбек Кәкішұлы өмірден озыпты. Мұны, жұмыртқасында – шайқап, балапанында – мәпелеп, тастүлегінде – баптап, ақиық еткен, өзінің кәсіби мамандығы әдеби сынның тарихына тәрбиелеген ізбасары Сағымбай Жұмағұлов шайтанқұлақ арқылы естіртті.

Суық хабардың салқын уыты бойға жайылып бара жатқан шақта, Тұрсекемді еске алып, Семейдің әуежайында осы жолдарды жазумен «Қара қатираның» бетін ашып отырмын. Іші қандай сөзбен толығар екен? Тола ма? Толтыруға ғұмыр мұрша бере ме? Тұрсынғазының халі анау?! Келденбайдың өзі кетті, әні қалды. Әйтеуір, ұлын аяқтандырдық кеше. Күзгі бұтақтағы дірілдеген соңғы жапырақ сияқты боп қалдық-ау! Өткеннің өкініші көп қой. Алдағыға өкіне қарайтын не бар? Көп те сияқты... «Балам аман, басым бүтін» болса, соған тәубе! Жиылмай қалған ойды, жазылмай қалған дүниені уайымдап, асыға-үсіге аптығатындай көңіл күй байқалмайды. Бәрі де, ең қызығы да – алда, ертеңгі күнде сияқты...

* * *

Міне, Алматыда Тұрсекемнің де – Тұрсынбек Кәкішұлының да жамбасын жерге тигіздік. Сексен сегіз жас жасапты.

Кісіге қараған күнін білмеймін, кісі өзіне қараған күннен бастап адамға құшақ ашудан танбаған адам еді. Қазақтың мүд десі күйіп бара жатқан жерде дос-дұшпан көзі деп қарамастан, президент-министр деп қаймықпастан атой сала білген адам. Ал сол мүдде үшін: атой салған он жасар баланың дауысын естісе, сексендегі жасына қарамастан, құйындата шауып барып, сол атойдың түбінен табылған адам. Сондықтан да шындықтың шырылдауық қараторғайы десе де жарасар еді.

Ойындағысын жеткізу үшін қысы-жазы: алқалы жиында, толағай топ алдында, екі-үш адамның арасында да «шырылдаудан» жазбайтын да жалықпайтын. Өзі сенсе, өзі ынтасын қойса, өзі еліксе, не еліктіре-сендіре білсең – алған бетінен қайтпайтын. Шұғыл бет қойып, табан астында шешіп тастауға ұмтылатын және оның нәтижесін бұлдап, жүк қып артып, міндетсімейтін.

Көптің көзінше, көп ортасында көптің игілігі үшін біткен істі ұнататын. Оның есесіне, кез келген ұрымтал тұста, оқыс бұрылыста, тар қолтықта тапсырма беретін және қарымының да тез қайтуын қалайтын. Ұмыттырып жіберсең де, екі жылдан соң есіне түскенде, үлкен-кіші, орынды-орынсыз жер-ау демей, ойындағысын бетіңе айта салатын. Көбіне содан сескеніп, қолымыздан келмеген, не келмейтін істі амалын тауып өзіне істетіп алғанымызды біліп тұрса да білмегенсітін. Біліп тұрса да салмағын түсіре зіл көрсетпейтін алды ашық, беті жарқын, ойы анық, алдыңғы екпінін артқы ақылымен екшей білетін ақжарма адамның нағыз өзі еді.

Ол маған – ұстаз, одан кейін – аға, одан кейін қайыра ұстаз, қайыра аға, ең ақыры – аға-дос, не дос-аға болды.

Әкеміздей құрметтедім, ұстазымдай сыйладым, өкіл ұлы есебінде сөзін екі етпедім. Бірақ тентек немересіндей емін-еркін еркеледім. Тіпті кейінгі жылдары соның бәрін бір уысқа жиып, нағашылатып-керейлетіп алған жайым да бар. Марқұм, соның бәріне де ләппайланып қабылдады.

Бар ғұмыры құмырсқаның не бал арасының ата тұқымы сияқты еңбекпен өтті. Сол еңбек үстінде қалғып кетіпті. Ол кісіге сеніп, не сүйеніп жұмыс істеуге, не өзгеге жұмыс тапсыртуға болмайтын. Себебі мінезі тым кең әрі көңілшек еді де, өзі тапсырған істің нәтижесін қатаң талап етпейтін. Айтқан сөзін аманатындай көріп, кезекті идеясы өтсе – жаны жадырап сала беретін. Істің орайын тез тапқанымен де, шешім құлашын кеңге салатын.

Мысалы, менің мойнымда да Тұрсекең берген екі-үш аманат-тапсырма бар. Оған ондаған жылдар өтсе де, сөзін жерге тастадым дей алмаймын. «Сабақты ине сәтімен». Кезегімен шешіліп жатыр. Өйткені оның барлығы тұжырымдамалық деңгейдегі зерттеуді қажет ететін ауқымды тапсырмалар. «Ұраным – Алаш!» атты үш тағанда соның деніне мұрағат деректері негізінде жауап қайырылды. Ал әрқайсысына жеке-жеке зерттеу арнауға ғұмыр шіркін қайтып жетсін. Ал әр шәкіртінің мойнындағы мұндай тапсырмалар – бес-ондап саналады. Марқұм, Рахаң – нысаншыл (идеяноситель) еді де, Тұрсекең – Т. Кәкішұлы – мүйізтұмсық-мұзжарғыш еді. Тұрсекеңнің бір жолғы жарып өткен қоғамдық ғылымдағы мұз қабатының айдынын ғылыми жүйеге түсіру үшін де бір ғұмыр керек еді. Ал мұндай қабаттардың қаншасының көбесін сөкті. «Ол кісіге сеніп не еріп, жұмыс істеуге болмайтын» дегенімнің де себебі осында. Шашылып қаласың. Сондықтан да бір тапсырмасын меншіктеніп, соны түбіне жеткізген шәкірттерінің бәрі де мұратына жетті.

...Ас кезінде Орталық ғылыми кітапхананың кезекті «ғылым қарауылы» Оралтай Қасымбекұлы деген оқымысты азаматтың:

– «Абайдың: «жүрек – біреу, иман – біреу, өкпе – екеу, уайым – екеу», – дегенін сіз тереңдете талдап едіңіз. Шындығында да, уайым екеу: бұ дүние үшін қайғырып, уайым қыласың ба, жоқ, о дүние үшін қайғырып-уайым қыласың ба – ерік өзінде. Сіздің ойыңызша, Тұрсекеңнің қай уайымы басым болды екен?» – деген сұрағы мені таңғалдырды.

Шындығын айтсам, мен мұндай сауалға жауап беруге дайын емес едім. Тіпті ойыма келмеген, Тұрсекеңнің өзі де жіктеп көрмеген сұрақ шығар. Біз үшін бәрібір Алланың еркіндегі тұтас ғұмыр. Ал өзімнің «Күйесің, жүрек... сүйесіңде» түсіндірілген бұл тәфсірімді ұмытып қалыпшың. Бұлдырап барып есіме түсті.

Ұмытпайтын, дамытатын тәпсір екен. «Осы, «күйесің, жүрек... сүйесіңді» анда-санда қайталап шолып тұру керек- ау...» деген ой келгенде Мұхамед Хайдар Дулати мырзаның «Тарих-и Рашидиінде» «ғылым сахабасы» деген ұғымды термин бар еді. Шындығында да, Тұрсекем – Тұрсынбек Кәкіш ұлы «ғылымның сахабасы» еді.

Асылы ОСМАН,
филология ғылымдарының кандидаты,
«Мемлекеттік тілге құрмет»
бірлестігінің төрайымы

АР МЕН НАМЫС ИЕСІ

Танымал, халқының ілтипатына бөленген Тұрсынбек аға туралы жазу оңай емес. Себебі аға үлкен сөз зергері, терең ойлы, мол білімді ғұлама шыншыл ғалым. Қайтпас қара нардай ісіне адал берілген шымамды да төзімді, ешбір іске үстірт қарамайтын, ғылымға терең бойлап, көп еңбектеніп, ерекше тер төге білетін көпшіл, елшіл еді. Ағаның жөні бөлек, жолы дара, мен үшін. Қазақта «тұлпардың соңғы тұяғынан шыққан топырақ, алдыңғысынан озып түседі» дегендей, ол өзгеден оқ бойы озып, Алаш алыптарының ортадағы жалғастырушы ізі болып ұлт ұстаздары мен ұлт көсемдерінен топ қалыптастырған ұстаз.

Кескін-келбетті, түр-тұрпатты мұндай жанның дүниеден озуы оны білетін жанға қиын да ауыр соғып тұр. Өйткені ол аса қарапайым, ой елітіп қуантар, көркіне көз тоятын, сымбатына жан сүйсінетін, аса әділетті, аса білгір, аса таланатты кісі еді. Ағаны еске алғанымда осы ұғымдар ойыма оралып, өзек тіліме тәлімгер болып ілінеді. Бұл аяулы жанды білген бағалар. Көкірегіне ұялатып, жанына серік етер. Ешкімді аласартқым келмейді. Алайда

әркімнің қоғамнан алар орны, еңбегі мен адами асыл қасиетімен көтерілген биігі болады. Ағаның шыққан шыңы асқақ, ұлттық рухы, ғылымдағы алар орны ерекше көрініп тұрады. Ғылымға, білімге деген көзқарасы мен дәлелі дараланып, даналығы айрықша байқалатын. Тұла бойы тұнған қазақы тектілікке, жан-дүниесі сұлулыққа толы, көңілі дария, көкірегі қазына, елден ерен, жұрттан бөлек, халқы үшін аянбай еңбек еткен нағыз ғалым еді.

Өмірде де, ғылымда да тазалықтан, әділеттіліктен жаратылған жан болатын. Жаны жаңсаң, тумысынан таза, арамдықтан ада, қиянаттан шет, өзіне қатал, өзгеге қамқоршы, өз уақытын аямайтын, өзгенің уақытын аялайтын, ұлы сөзін де, жылы лебізін де жастарға арнап, оларды рухтандыратын. Тіл мен әдебиет арқылы қам көңілге сәуле түсіріп, отансүйгіштік сезімдерін оятып, тас жүректі жібіте алатын. Қаламының қуаты, сөзінің оты, тілінің дәрмені бар, қайсар мінезді, қарағайға қарсы біткен бұтақтай, білімдар, турашыл қаламгер еді.

Ол ешкімнің ығына жығылмайтын, жетегіне жүрмейтін, табиғатынан табанды, болмысы бөлек, бітімі Алатаудай асқақ, жаны Көкшенің бұлағындай мөлдіреп тұратын.

Қазақта «сегіз қырлы, бір сырлы» деген сөз екінің біріне телінбейді. Тек текті, сол ұғымға лайықты жандардың ғана еншісіне тиіп, мәртебесін өсіреді. Кәкіштің Тұрсынбегі сүйген халқына етене жақын, сүрінбей қосылған биік тұлға бола тұра, жүрегі сәбидей пәк, баладай сенгіш болатын. Адамзаттың бәріне бірдей болатын. Оның дәлелі шәкірттері мен маған деген рухани қамқорлығы, жылы сөзі, ыстық ықыласы, адал ниеті, әуезді үні. Ағаның әрбір сөзі жаныңды қуанышқа, жүрегіңді нұрға бөлейді.

Ұлылықтың бастау жері қарапайымдылық десек, ғалымның кісімен қарым-қатынасынан, әңгімесінен, әрбір қимылынан адамгершілік пен кісіліктің, тектіліктің лебі есіп, айналасына шуақ шашып тұратын, шынайы турашыл тұлға еді. Мұнтаздай таза, кіршіксіз киім киісінің өзі жан-дүниесіне сәйкес келетін. Галстукты киіміне сай етіп тағуы, жүріс-тұрысының өзі өзгеге тұнып тұрған үлгі-өнеге болатын.

Аға дара тұлға, ағарту саласында елді елең еткізерліктей етіп, Алаш алыптарының үнін өз жүрегінің үнімен үндестіре, жаңғыртып, халқына жеткізе білген, табанды да талантты, талапты ғалым.

Алашты танытуда айқын танылды. Ата-бабасы сияқты байлықтан гөрі, арлылықты жоғары қоя білді. Таусылмас азық – өнерді, жұтамас байлық – тілді, шындық пен шынайылықты ерекше бағалады. Жас ұрпақты отаншылдық рухта өсіруге, елден ерен, жұрттан бөлек баға жетпес еңбек етіп, құнды дүниелерін халықтың тарихын, фольклорын, әдбиетін, мәдениетін, мәдени мұраларын көзден таса етпей, зерттеп халқына жеткізе білген жан.

Жан дүниелері таза, білімге бейімді, талпыныстары жоғары, бойларында қазақы тәрбие, қазақы рухы бар озық ойлы жастарды танып, төңірегіне топтастыра, ғалымдыққа ұйыстыра білген, өмірі қилы, өзі сыйлы «Ұлт ұясы – Ұлытау» дегендей, Тұрсынбек Кәкішұлы үйі – ғалымдар ұясы.

Адам дүниеге мәнді өмір сүру үшін келеді. Мәнді де сәнді өмір сүрудің сыры адамгершілік пен ізгілікке негізделеді. Сол адамгершілік пен ізгілікті істер иесі Тұрсынбек Кәкішұлының бойында жаратылысы бөлек жандарда ғана кездесетін жасандылығы жоқ зиялылық пен зерделілік бар. Ол жүрегіне Алланы қондырған, ұрпағына ес, дұшпанына сес тұлға еді. Елім, жерім, адамзат деп соғатын жүрегі жанартаудай жарқылдап тұратын. Арының ақтығын, жанының пәктігін, адал еңбегімен паш етіп жүрген сүйікті де сүйкімді, еліне сыйлы, халқына құрметті қазақтың тұмары, түріктің шынары еді. Қашанда ақ сөйлеп, адал көңілмен күліп, жүрегімен қуанып, жанымен жадырап, кісіні көргенде құшақ жайып «қарындасым» деп, жатсынбай қарсы алатын даласындай кең пейіл дарқан, ұлтының ұлықты перзенті. Сондықтан бұл әулеттің мен үшін жөні бөлек, жолы дара да айқын, өздері асқақ.

Жасандылыққа жол бермейтін, кісіге шынайы адал ниет білдіретін, сөйлеген сөзінде, жазған еңбектерінде есте қалар есті мәнді, рухты да тапқыр сөздері мен теңіздей терең ойы, пайымды да ұтымды пікірі қалды. Олар еске оралғанда жанарға еріксіз жас ұялайды.

Әсерлі сөздері жаныңды тербеп, жүрегіңді толғандыратын. Оқшау ойлары ыстық ықыластан, ыждағатты жұмыстан туады. Жастардың білімінің көптеген ел бірлігіменен

терезесі тең болуын еліміздің әлемді ел тануы жолында аянбай тәрбиелеп өсіргендегі өлшеусіз еңбегі ұмытылмайды. Ол жақсыны сезіндіріп, жаманды безіндіретін тәрбие берді, жастарға. Ұлтқа керекті қанатты, қағидаларды шәкірттеріне айтып, санаға ұялатып, жүректерінен жай тапқызып, отаншылдықты ұштай түсті.

Ағаның әрбір сөзі оқырман мен тыңдарманның көңілінен шығып, көкейіне қона кететін. Өйткені ағатайым шынайы шындықты, адал ниетпен, пәк жүректен таза оймен жеткізіп айтатын. Танымдылығымен кісіні баурап алатын. Оның ойы орамды, білгірлігі басым, сөзі салмақты, пікірі ұтқыр да ұтымды. Есте қалар есті сөздері мәнді, маңыздылығымен жадымда жатталып, құлақтың құрышын қандырып, жүрекке ұялап, есімнен кетпей тұр. Жақсының ісі мен адамгершілігі ұмытылмайды. Адамгершілік кісінің ниетінде. Аға ниеті қазақи рухтағы пәк, таза, кісіні бөліп жармайтын, қамқор мейірімді де қайырымды еді.

Зәлімдігі жоқ, ғалымдығы басым, зиялылығы, кісілігі, білімдарлығы асқақ, өзгеден оқ бойы басым, дара, биік тұратын жан. Адамзатты, қазақты бүкіл жан-тәнімен сүйетін. Ой-санасы түзу, пейілі ақ, жасандылығы жоқ, қыран қанат, туған жердің, елдің, ұлттың қадір-қасиетін, қазақ тілінің киесін, сөздің құдыретін білетін, ұлттық рух бойына қалыптасқан, өршіл рухты, азат ойлы, жасампаз, ғажап кемеңгер ғалым.

Қазақтың өшкенін жандырып, өлгенін тірілте, елге, халқына барынша табыстырған ұлтжанды үлен әріппен жазылатын Адам. Адал жандарға жат пікір айтудан аулақ ағатайым ешкімді жатсынбайтын.

Тектілігімен қанының тазалығы, тәрбиесінің түзулігі қазақтың айбары мен қайраты бойына дарыған, тілін, дәстүрін, мәдениетін, болмысын, менталитетін өзі танып, өзгеге таныта білген сөзі салмақты, пікірі орамды, ойы орнықты, ғылымға терең бойлай көп жерді аралап, өзі көзімен көріп, жұртқа сөзімен де, қаламның ұшымен де жеткізе білген бекзат, ойшыл, қазақтың ары мен ұяты еді. Ұлттың арын ардақтап, намысын асқақтатып жүрген ағайымды өлді деуге аузым бармайды, кетті деңге көңілім қимайды. Терендігіне ерекше тебіренемін.

Көзден кеткенмен көңілімде мәңгі жүретін марқұм ағатайымның Алла алдынан жарылқап, шапағатына бөлеп, жанны жаннатта, тәні рақатта, орны пейіштің төрінде, иманы жолдас боп, жатқан жері жайлы болсын, қабірі нұрға толсын. Алла тағала қабір азабынан сақтасын.

Жаратушы ием жарылқай гөр, дидарыңа ғашық ет, жеті бірдей пейіштің есіктерін ашық ет, мақшар күні болғанда Пайғамбардың көк туының көлеңкесін Тұрсынбек Кәкішұлына нәсіп ет! Әумин!

Әбдіуақан ҚАРА, (Түркия),
тарих ғылымдарының докторы, түркітанушы,
Стамбулдағы Мимар Синан көркемөнер
университетінің профессоры

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

Белгілі ғалым Тұрсынбек Кәкішевпен Қазақстан тәуелсіздігінен бері жиі араласып, тек ғалым ғана емес, биік кісілік қасиеттері бар тұлға ретінде де құрметтейтін едім. Осындай адами тұрғыдан да, ғылыми тұрғыдан да, сондай-ақ ұстаздық тұрғыдан да үлгі аларлық бір тұлғамен етене жақын араласқаным, осы араласу кезінде оның ілтипатына бөленіп, батасын алғаным өзімді бақытты санаймын.

Тұрсынбек ағаммен 1993 жылы үйінде таныстым. Сол жылы Азаттық радиосының Алматы бюросын басқарып бір айдай жұмыс істеп жүргенде сұхбат алу үшін үйіне бардым. Сонда Тұрсынбек ағамыз бен жеңгеміз Күбірәнің ерекше қонақжайлылығы мені тәнті еткен еді. Т. Кәкішев ағаны тәуелсіздіктен алдын, әсіресе Горбачевтың жариялылық тұсында тарихи және әдеби мәселелерде ұлттың қамын ойлап жазған өткір мақалаларынан білетінмін. Мюнхендегі Азаттық радиосындағы өзге әріптестермен сол тұста Қазақстаннан келетін газет-журналдардан Шерхан Мұртаза, Рахманқұл Бердібаев, Манаш Қозыбаев, Кеңес Нұрпейісов,

Қабдеш Жұмаділов, Мұхтар Мағауин, Қалтай Мұхамеджанов, Тұрсын Жұртбай сынды ғалым-жазушылармен қатар, Кәкішевтің қазақ тарихы мен мәдениетінің ақтаңдақ тұстарын толтыруға арналған мақалаларын қызыға оқитынбыз. «Азаттық радиосы» үшін алған сұхбаттарымның бірін Кәкішевке арнаған едім. Міне, сол кездесуден бастап ол кісі өмірден озған 2015 жылға дейін жалғасатын 22 жылдық аға-інілі байланысымыз да басталып кеткен еді.

Қазақстанда 1993 жылы, тіпті оның алдында Горбачев тұсында Кеңес Одағының темір ноқта саясатының босаңсуымен көптеген ғалым және жазушылар шетелдерге шыға бастады. Одан алдын шетелдерде қазақ ғалым-жазушылары былай тұрсын, қарапайым азаматтардың өзін кездестіру некен-саяқ құбылыс еді. Ана тілде мектеп көрмеген, газеті, журналы жоқ Түркия мен Еуропа елдерінде өмір сүріп жатқан біздер үшін атамекеннен келгендермен бірауыз қазақша сөйлесіп қалу үлкен ғанибет еді. Кеңес Одағының шаңырағы шайқала бастаған 1990-1991 жылдардан бастап Түркияға және Германияға Қазақстаннан келіп-кетушілер көбейе бастады. Осы орайда көптеген ғалым, жазушы және журналистер де келе бастады. Солардың бірқатарымен танысып араласа бастадық. Мұны өзіме үлкен бақыт санаймын. Одан алдын тек баспасөз бен кітап беттерінде аттарын көрген жазушылар, журналистер және ғалымдармен жүзбе-жүз кездесу, тіпті бір дастарқаннан дәм тартып әңгімелесу – әр адамға бұйырмайтын бақыт. Осындай алғашқы байланыстар ішінде Кәкішев ағамыздың орны ерекше болды. Қарым-қатынасымыз басталғаннан үзілмей, соңғы жылдары тіпті күшейе түсіп, аяғына дейін жалғасты.

«Мұның себебі неде? Кәкішев ағамызбен басқаларға қарағанда қарым-қатынасымыздың үздіксіз жалғасып келе жатқанының сыры не?» деп кейде өз-өзіме де сұрақ қоятынмын. Әлбетте, адами қатынастардың барлығы басталғанындай 20- 30 жыл солай жалғасуы мүмкін емес. Дос-жарандармен кейде жиі қатынасып, кейде алыстап кеткен замандардың болуы заңдылық. Адамдар арасындағы ұзақ уақыттық қалыпты байланыстар сирек кездеседі. Менің Тұрсынбек ағамызбен деген осынау тұрақты байланыстың да өзіндік себептері болса керек. Соны кейде ағамыз тірі кезінде ойлап, жауап іздеп жүретінмін. Ол кісі шоқайтанушы емес, тарихшы әріптес емес. Тіпті зерттеу саламыз, тарихи көзқарасымыз кейде қарама-қайшы да келетін. Кәкішев – сәкентанушы, мен – шоқайтанушы. Ал Сәкен Сейфуллин, көпшілікке мәлім жайт, «Тар жол, тайғақ кешу» атты еңбегінде Шоқай туралы орынсыз сындар айтып келемеждейтiнi мәлім. Бұдан, әрине, Кәкішев ағамыз да хабардар. Өйткені Шоқай туралы көп сыни-пікірлер айтпаса да, алға шығарғысы келмейтінін де байқап қалатынмын. Өзімнің Тұрар Рысқұлов пен Сәкен сынды Алаш саяси қозғалысына қосылмаған, тіпті оларға қарсы әрекет жасаған тұлғаларға қарсы қандай пікірде екенімді ағам бірде сұрап қалды. Сонда мен оларға болымсыз көзқарасым жоқ екенін, тіпті оларды да кеңестік кезеңде қазақ халқының мемлекеттігіне, әдебиетіне қомақты үлес қосқан тұлғалар ретінде жоғары бағалайтынымды айтқан едім. Белгілі ақын, жазушы Олжас Сүлейменов «Тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық!» дегендей, бір тұлғаны биіктету үшін екіншісін аласартуды жөн көрмеймін. Қазақ үшін кім қай кезеңде, қандай жағдайда үлес қосқан болса, барлығын қадір тұтқан дұрыс.

Айтпағым, Тұрсынбек Кәкішев ағамызбен дүниеге, тарихқа көзқарасымыз кей кездерде қиылыса бермейтін, тіпті қарама-қайшы келетін тұстары да жоқ емес-ті. Солай болса да, оның ерекшелігі пікір алуандығына деген төзімділігі еді. Менің қарама-қарсы айтқан пікірлеріме рақаттана қарайтын. Үлкендігін алға тартып «мен жақсы білем бе, ей, бала, сен жақсы білесің бе?» тәрізді төзімсіздік танытпайтын. Қайта екі құрдас адам сөйлесіп отырғандай бір-бірімізге құрметпен қарап отырушы едік. Бұл – жасы егде тартқан адамда кездеспейтін үлкен жетістік.

Міне, осындай жағдайда Кәкішев ағамызбен ұзақ уақыттық байланысымыздың сыры неде деп өзімнен-өзім сұрағанда, мына үш нәрсе болуы мүмкін деп ойлаймын.

Біріншісі, Тұрсынбек ағамыз ерекше қонақжайлы адам еді. Үйіне қонақ келгеніне қуанып отыратын. Әрине, қонақжайлылық – әр қазақта бар табиғи қасиет. Бұл басқа ғалым және жазушыларда да бар. Бірақ Кәкішевтегі қонақжайлылық ерекше ғой деймін. Қазақта мақал бар ғой, «барғанша қонақ ұялады, барғаннан кейін үй иесі ұялады» дегендей, көңіл

жақтырған әр танысына барғың келсе де, ауыртпалық салмайын, жұмыстарынан қалдырмайын деп ойлайсыз. Кәкішев ағамыз ға ат басын бұрған шақта жағдай тіпті басқаша еді.

Оның үстіне Кәкішев ағамыздың бақытына үйдегі жең гелеріміз де өзіндей қонақжайлы. Олар қонақ келсе ешбір қабақ шытпай дастарқанын жасап, бапты шайын құйып, жылы шырай білдіріп отырады. Бұрынғы жеңгеміз де, кейін ағамызға өмірлік жар болған Күләш жеңгеміз де қонақ келсе қуанатын, қонаққа қызмет етуді әншейін емес, жан-тәнімен ықыласпен істейтін ерекше жандар екен. Адам өзі қалай болса, сондай адамдарға Алла тағала өзіне сай жарды кезіктіретін сияқты. Кәкішев ағамыз өзі көпшіл, қонақсүйгіш, ақкөңіл жан болған соң, мүмкін осындай жақсы жарға кезіккен шығар. Бұл ер адамның ең үлкен бағы болса керек. Бұл тұрғыдан алғанда, Кәкішев ағамыз – бақытты адам. Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед ғалейһиссаләмнің айтуынша, Құдай тағала дүниеде адамдарға көптеген жақсылық сыйлаған. Сол жақсылықтардың ішінде ең қымбаттысы, қаншама шүкір қылсаң да, хақысы өтей алынбайтыны жақсы жар екен. Міне, Тұрсынбек Кәкішев ағамыз осындай жарға кезіккен.

«Жаһандану немесе мәлімет кезеңі» деп аталған ХХІ ғасыр – технологияның үздік дамыған, алайда адами және туыстық қатынастардың құлдыраған бір кезеңі.

Бұл кезеңде үйлерге қыдырулар қалып, қарым-қатынас көбінесе алыстан фейсбук пен уатсап арқылы фото жіберіп амандық сұрау арқылы виртуалды түрде жүргізілуде. Бұдан қазақтар да құр емес. Түркияда бұрын қазақтар күндіз-түні демей бір-біріне сапырылысып қыдырып жүретін. Қазір ол қалды. Біреу үйіне әдейілеп шақырмаса, өз бетімізше қыдырып бармайтын болдық. Соңғы жылдары Қазақстанға ат басын бұрғанда да таныстар мен туыстарға бұрынғыдай бара бермейміз. Сондықтан олармен университеттерде, ғылыми жиналыста немесе анда-санда кездесіп қалғанда ғана бетбе-бет кездесіп, әңгімелесіп, амандық сұраймыз. Оның сыртында өзімізде де уақыт болмайды. Ыстамбулда университетте сабақ бар. Қазақстанға барғанда сенбі мен жексенбіге келтіріп, 4-5 күнге ғана барып қайтамыз. Өйткені сабақтарымыз бос өтпеуі керек. Мимар Синан көркемөнер университетінде тарих кафедрасындағы принцип бойынша, сабағыңа кедергі келтірмей, қалаған жеріңе барып лекцияңды оқып, халықаралық ғылыми жиналыстарға бара бересің. Сол себептен уақыт тапшылығынан Қазақстанға барғанда көптеген таныстардың бірен-саранына болмаса, іздеуге, кездесуге мүмкіншілік те болмайды. Сондықтан да Кәкішев ағама да бірде хабарласуды азайтқан едім. Бірақ осыдан төрт-бес жылдың алдында, жолым түсіп бір барғанымда Күләш жеңгем:

– Әбеке, сіз Алматыға әр келген сайын бізге соқпай кетпеңіз. Ағама сәлем бере барсам, жеңгемді әуреге түсіремін деп еш ойламаңыз. Қайта сіз келсеңіз, ағаңыздың көңілі көтеріліп қалады. Қайта әр келген уақытта Түрсекеңе сәлем бермей кетсеңіз, сізді іздетіп, әуреге мені салып қояды. Сондықтан еш қысылмастан тіпті қасыңызда Түркиядан еріп келген жолдастарыңыз болса, оларды да ерте келіңіз, – деді.

Міне, содан бастап Алматыға әр барғанымда Кәкішев ағама міндетті түрде сәлем беріп, батасын алуды әдетке айналдырдым.

Екіншісі, Тұрсынбек ағамызда шетел қазақтарына деген ерекше ілтипат пен қамқорлықтың болуы. Ағамыздың үйіне барғанда шетелдік қазақтардың өкілдеріне кезігіп қалу немесе екеуара әңгімелесіп отырғанда шетелдік қазақтың «Ассалаумағалайкум!» деп есіктен кіріп келуі көп болған. Атамекенде шетел қазақтарының тарихы мен мәдениеті туралы әрқандай бір ғылыми жиналыс немесе конференция ұйымдастырылмақ болса, шетел қазақтарының өкілдерінің барып қолдау сұрайтын кісілерінің бірі де Кәкішев ағамыз еді. Ешқашан ондай өтініштерді кері қайтарған емес. Қолынан келген жәрдемді беретін. Бұл тұрғыдан алғанда, кеңес дәуірінде Қазақстанда көзден таса, көңілден ұмыт қалдырылған шетел қазақтарының тарихы мен мәдениеті туралы олқылықтардың тәуелсіздік кезеңінде орнын толтыруда Кәкішевтің де айтарлықтай үлесі бар деп айта аламыз. Мәселен, 1940-1950 жылдары Шығыс Түркістанда ұлт-азаттық күресін жүргізген Оспан батыр Исламұлының туғанына 110 жыл толуына байланысты 2009 жылы алғаш рет Алматыдағы дүниежүзі қазақтары қауымдастығы тарапынан өткізілген «Азаттықтың өшпес рухы – Оспан батыр» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндама жасаған ғалымдар арасында

Кәкішев алдыңғы қатардан орын алған еді. Бұл конференция америкалық тарихшы-ғалым Линда Бенсонның «Қазақтың алтын аңыз» деп дәріптеген Оспан батыр тұлғасының ел көлемінде танылуында маңызды болған.

Үшіншісі, Тұрсынбек ағамыздың адамгершілікті және кісілікті биік тұлғасы. Ағамыз бір адамға қалай жақсылығым тиеді деп тұратын адамгершілігі биік, көмегі зор болған, турашыл адам. Қай жерде болса да, әрқашан ойын, пікірін, ашық айтатын. Сондықтан ол кейде билік орындарына да жақпай қалатын. Жеке бас мүддесі үшін жағымпаздыққа барғанын көрген емеспін. 85 жылдық тойы Алматыда Қазақ ұлттық университетінде өтіп жатқанда сөйлеген сөзінде: «Бүгінге дейін ешкімге жағымпаздық жасамаған едім. Қазір онымды бұзып, ректор Ғалымқайырға жағымпазданайын. Бүгінге дейін бір ғалымның мерейтойында бастан-аяқ отырған ректор көрмедім. Мұтанов тек отырып қана қоймай, жиынды да өзі басқарып отыр», – деп залды ду күлдірген еді.

Расында да, бір адамдағы ең асыл қасиет – оның кісілігінде. Бір пенденің он саусағында он өнер болса да, турашылдық, адамгершілік, жеке мүдде үшін жағымпазданбаушылық сынды қасиеттері болмаса, оның бедел-абыройы болмайды. Екеуі қатар болуы керек. 2010 жылы Парижде Мұстафа Шоқайға арналып саябақ ашылды. Кейде осы жағдайды ойлап өзіме мынадай сұрақ қоямын: француздар қандай қасиеті үшін Шоқайға төрлерінен орын беріп отыр? Елінің тәуелсіздігі үшін күрескен және осы жолда құрбан болғаны үшін бе? Жоқ, ол үшін емес. Тәуелсіздік күрескерлері әр елде бар. Менің ойымша, Шоқайды дараландыратын – оның ел үшін күрескен ұлы тұлға болуына қоса биік азаматтық тұлғасы. Ол екінші дүниежүзілік соғыс кезінде нацистердің елді басып алушылық қаупі төнгенде Париждегі эмигранттар, ішінде Керенский мен Миллюков та бар, жан сауғалап АҚШ-қа қашып кеткен еді. Міне, осы тұста Шоқай қашқан жоқ. Өзімен бірге АҚШ-қа кетуді ұсынған эмигранттарға: «...Жоқ, мен кетпеймін. Мені қиын-қыстау кезімде құшақ жайып қарсы алған Франция – менің екінші Отаным, мен Отанымда қаламын» деген еді. Және оның осы шешімі 1941 жылы маусымда Париждегі үйінде немістер тұтқындап әкетуіне және сол жылы 27 желтоқсанда Берлинде дүние салуына себеп болған еді. Бәлкім, АҚШ-қа кетіп қалғанында көбірек өмір сүрер ме еді? Міне, француздарды Шоқайдың осы ерлік қасиеті тәнті етті. Осындай адами қасиет Кәкішев ағамызда да бар еді. Сондықтан да ол бүкіл қазақ халқының аяулысы бола білді.

Кәкішев ағамыздың ауыз толтырып айта кетуге татитын тағы бір қырын сөз етпесем болмас. Ол – оның студенттерге деген қамқорлығы және студент тәрбиелеудегі шеберлігі. Кезінде одан сабақ алып, кейін ғылымда, жазушылықта немесе саясатта белгілі деңгейлерге шыққан шәкірттері аз болған жоқ. Олардың бірқатарын атап айтсақ, олар: Шәкір Ыбыраев, Жансейіт Түймебаев, Дандай Ысқақұлы, Нұрлан Оразалин, Асқар Егеубаев, Құлбек Ергөбек, Өмірхан Әбдиманов, Жандос Смағұлов т.б. Олардың көбімен әртүрлі жиындарда кездесіп сөйлестім. Бірқатарымен Кәкішев ағамыздың үйінде дәмдес те болдым. Бұл – әр ғалымда кездеспейтін үлкен жетістік. Түркиядағы менің бір профессорым айтушы еді: «Мықты ғалымдар екі түрлі болады. Біреуі жақсы зерттеуші болады. Көптеген маңызды мақала жазып, кітаптар жарыққа шығарады. Бірақ мықты ғалым дайындай алмайды. Екіншісі ондай маңызды кітап немесе мақаласы болмаса да, мықты ұстаздық талантымен шәкірттерден мықты ғалым дайындайды. Көптеген белгілі ғалымдарды тәрбиелеп шығарады». Кәкішев ағамызға қарасақ, сол профессорым айтпаған мықты ғалымдардың үшінші түрі болса керек. Ол – әрі мықты зерттеуші, әрі мықты ұстаз.

Ұстаз Кәкішевтің қамқоршылығында болып, кейін атақты ғалым болған профессорлардың бірсыпырасымен әңгімелескенде олардың Кәкішевке деген үлкен құрметін, тіпті әке орнына балап отырғандарын байқадым. Мұның себебін сұрағанда, олар Кәкішевтің өздеріне тек ұстаз болмағанын, сонымен қатар әкелік жақсылық жасағанын айтты. Әсіресе студент кезінде қиналған уақыттарында оларға қамқорлық жасап, әрдайым қол ұшын берген Кәкішев болыпты. Алматыға ауылдардан келген қолы қысқа студенттерге көмегін аямаған. Тіпті олар үйленетін уақыттарда, керек болса, әке орнына құдалыққа да барған. Міне, нағыз ұстаздық. Ұстаз тек оқыған лекцияларымен қана емес, қамқорлық және адами қасиеттерімен

де шәкіртінің көңілінен орын таба білуі керек. Шәкірттердің жақсы көретін ұстаздарының сабақтарына көбірек мән беретіні, айтқандарына көбірек құлақ түретіні – зерт теліп анықталған факті.

Кәкішев ағамызбен үйінде дастарқан басында шай ішіп сұхбаттасып отырғанда әр алуан тақырыпта сөйлесуші едік. Сондай бір сәтте ұстаздықтың қыр-сырына қанық болу үшін мынадай сұрақтар қойғаным бар:

– Сіз бір шәкірттің келешекте мықты ұстаз немесе ғалым болатынын алдын ала қалай білесіз?

– Жоқ, Әбеке, білмеймін. Мен келген кез келген студентке көңіл бөлем, қол ұшын берем.

– Ал сонда солардың ішінде еңбегіңізді ақтамаған нашар студенттер болды ма?

– Әрине, болды.

– Оларға еңбегім босқа кетті деп өкінбеңіз бе?

– Жоқ, неге өкінем. Мен оларға ұстаз ретінде міндетімді атқардым. Студент оның қадірін біліп, пайдалана алса, өзіне абырой, пайдалана алмаса, қолдан келер еш нәрсе жоқ. Барлығы студенттің өз қолында.

– Ал сіз кандидаттық немесе докторлыққа студент таңдар кезде қандай критерийлер ұстанасыз? 100-ге оқыған студенттерге көбірек көңіл бөлетін шығарсыз?!

– Жоқ, Әбділақап (менің Әбдіуақап атымды марқұм солай айтушы еді), мен жүзге оқыған балаларға көп көңіл бөлмеймін.

– Неге?

– Себебі олар жаттағыш келеді. Оқыған лекцияларымды жаттап алады. Емтихан кезінде сөйтіп жоғары баға алады. Шынтуайтына келгенде, жаттап айтатындар тың пікір айта алмайды, тұжырым жасауға олақ келеді. Ал мен көбінесе 3-4-ке (60-70) оқитын тентек балаларды ұнатам. Олар өмірдің қиыншылықтарын көбірек көреді. Сондықтан төзімді келеді. Ғылым зеректілікпен қатар сабырлылықты, төзімділікті де қажет етеді.

Кәкішев ағамызбен Алматыдағы үйінде осылайша көптеген мәселелерде сұхбаттасып отырушы едік. Тақырып әр алуан. Ол – мәдениет, әдебиет, саясат, мемлекет, тарих, ұлт, қоғам, болашақ тағы басқа. Үйінен көп дәм таттым. «Әттең, ағам Ыстамбулға келсе, қонағым болса, оған өз үйімнен мен де бір дәм татқызсам» деп армандаушы едім. Сол арманға 2013 жылы желтоқсанда жеттім. Ағам жеңгем Күләшпен бірге Ыстамбулға келді. Бұл оның Түркияға екінші келуі екен. Алғаш рет, осыдан 20 жыл бұрын, атап айтқанда, 1993 жылы Анкарадағы Түркия Жазушылар одағы қазақтың бүкіл түркі дүниесі жақсы білетін Мағжан Жұмабайұлының 100 жылдығына байланысты өткізген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға келген. Оның екінші рет келуі Ыстамбул университетінің жанындағы Түркология институтының шақыруы бойынша іске асқан. Осы Түркология институты Кәкішев ағамыздың қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеген, оқулық жазған ғалым екеніне таңғалды. Себебі сын, әдебиет сыны туралы оқулық түріктерде әлі жоқ. Ағамыздан сынның қыр-сырын сұрап, кітабын қысқаша жазып беруін, сосын оны олар түрікше аударып, үйренейік деп өтініш жасап еді. Ағамыздың осы сапарында шәкірті, Қазақстанның Анкарадағы елшісі Жансейіт Түймебаев бүкіл жағдайды жасады. Ыстамбулдағы Қазақстан консулдығындағы жас жігіттер Кәкішев ағамызды қошеметтеп, қаланың тарихи орындарын, көрікті жерлерін қыдыртып жүрді. Арасында үйімнен дәм татқызып, Ыстамбулдағы қазақ мәдени орталығында диаспора өкілдерімен кездесу өткіздік.

Сөйтіп жүргенде Кәкішев ағам мынадай өтініш жасады:

– Әбділақап, Түркияда «Ұлытау» атында университет бар екен. Ұлытау деген аты маған ұнайды. Сол қайда? Соған барсам деп едім.

– Бар, аға, ол Ыстамбулдан 200 шақырым жерде, Мармара теңізінің арғы бетіндегі Бұрса деген қалада. Егер баратын болсаңыз, мәшинеммен сізді өзім апарып келейін.

Келісті. Сөйтіп, ертеңінде Бұрса қаласына аттандық. Ұлытау университетіне телефон соғып, келе жатқанымызды хабарладым. Онда Түрік тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі түрколог профессор ғалымдар Қадия Шахин мен Алеу Сынар Ұғырлы бізді

қарсы алды. Олар Кәкішев ағамыздың атын бұрыннан естіген екен. «Қазақтың мұндай үлкен ғалымын университетімізде көру – біз үшін үлкен абырой» деп бізді жылы шыраймен қарсы алып, студенттермен, ұстаздармен кездесу өткізіп, университетті қыдыртты. Сонда ағамыздың тек Қазақстанда ғана емес, түркі дүниесінде де абыройы бар, танымал ғалым екеніне көзіміз жетті.

2015 жылы 7 қыркүйекте күндегі дағдым бойынша ерте тұрып компьютерді ашып, келген электрондық хаттарды фейсбук парақшамнан қарап отырсам, қаралы хабарды көзім шалып қалды. Астанадан докторант бауырым Дәулеткерей Кәпұлы ағамыздың қазасына байланысты қайғырып отырғанын жазыпты. Бұл күтпеген хабар болды. Кәкішев ағамызды Ілияс Есенберлиннің 100 жылдық мерейтойы қарсаңындағы Ыстамбулда қазан айында келеді деп күтіп отыр едік. Ал келесі жылда көктемде Мимар Синан көркемөнер университетіне шақырып, бір кездесу өткізуді жоспарлап жүрген едік. «Ажал айтып келмейді» деген осы. Сонымен Алматыға телефон соғып, жеңгемізге көңіл айттым. Жаназаның екі күннен соң болатынын білгеннен кейін, жақсы көретін, туған ағамдай болған және шетел қазақтарының жанашыры Кәкішевті ақтық сапарына көпшілікпен бірге шығарып салу үшін арнайы Алматыға аттандым.

Сөйтіп, аяулы ағамыздың Алматыдағы жаназасына қатыстым. Өз қолыммен бейітіне бір уыс топырақ салу бізге де бұйырды. Дұғада болдық. Сонда тағы бір рет ағамыздың қазақ халқындағы, әсіресе ғылыми ортада, зиялы қауым арасындағы зор беделіне куә болдым. Жаназаға Алматы мен Астанадан өзге барлық қалалардан да шәкірттері көп келген екен.

Ағамызға Алладан иман тілеймін. Жатқан жері жұмақ бол ғай. Тұрсынбек Кәкішевтің аты қазақ халқының жүрегінде тек ғалым ретінде ғана емес, адамгершілікті биік тұлғасымен мәңгілік сақталатынына кәміл сенемін. Өйткені ол – өнегелі ғұмыр кешкен қазақ әдебиеті зерттеулеріне өшпес із қалдырған айтулы азамат, ұлттың ұлы перзенті!

Жандос СМАҒҰЛОВ,

филология ғылымдарының директоры,

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды

мемлекеттік университетінің профессоры

Т. КӘКІШҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДА ҒЫЛЫМИ МЕКТЕП ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ

XX ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап ұлттық әдебиеттану ғылымы тың ізденістер жолында соны серпілістер жасауға бет бұрды. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір қазақ әдебиеттануы мен сынының туып, қалыптасу жолын тексеру, бастан өткерген тарихи дәуірлеріндегі қол жеткізе алған жетістіктері мен кемшіліктерін ғылыми тұрғыда саралауды қолға алды. Бұл бағыттағы тыңға алғаш түрен салған Халықаралық жоғарғы мектептер Ғылым академиясының құрметті академигі, Еларалық қоғамдық Ш.Айтматов академиясының академигі, Қазақстан жазушылар одағының С.Сейфуллин атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы, сыншы Тұрсынбек Кәкішұлы болды. Қазақ әдебиеттануы мен сынының ауыр жүгін көтерген, халықтық мүддеге сай өркен жаюына еңбек еткен, кер замандағы кереғар қағидалардың таяғын жей жүрсе де ұлттық ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің қалыптасуы мен даму тарихын ғылыми тұрғыдан зерделеуде мол үлес қосқан тұлға ретінде танылды. Ұлт зиялылары әдебиет туралы ұлттық ғылымның ар-ожданын жоғары ұстаған Абыз дәрежесінде бағалайды.

Қазіргі таңда Т. Кәкішұлының сол шақтағы ЖОО-ларда арнаулы курс деңгейінде ғана оқытылып жүрген қазақ әдебиеті сынының тарихы ғылыми пән болып дербестік алуына, оның туу, қалыптасу, даму секілді дәуірлерін саралаудағы сіңірген еңбегі аса бағалы. Сын үлгілерінің сілемдерін өткен тарихтағы рухани мұраларынан іздеп тауып, алғашқы қазақ баспасөздерінде сын жанрлары қалыптасқанын ыждағаттылықпен зерттеді. Сол арқылы қазақ

әдебиеті сынының жеке сала ретінде кәсіби сипат алғаны төңкеріске дейінгі дәуірде жүзеге асқанын дәлелдеп, мәдени, әдеби, ғылыми жетістіктеріміздің бәрі де «түгелімен Ұлы Октябрь революциясының жемісі» (М.Әуезов) деп жүрілген қасаң қағиданың тас-талқанын шығарды. Себебі әдеби сын тарихы зерттелмек түгілі, ол әлі толық қалыптасып болмаған әдебиеттанудың балаң саласы деген ұстаным қатты белең алып тұрған еді.

Өткен ғасырдың орта тұсында шетел әдебиетінде үлкен сілкініс жасаған О.Уоррен «Әдебиет теориясы» еңбегінде: «Историк литературы должен быть критиком хотя бы для того, чтобы остаться историком», – деп жазған екен. Бұл әдебиет тарихының көне дәуірлерден бергі барлық болмыс-бітімін білмей, әдебиеттану мен оның әдіснамасының қыр-сырына үңіліп алмай, сын сияқты қиын саланың бастан өткерген жолына бару мүмкін емес екенін дәлелдесе керек. Т.Кәкішұлы сын мен әдебиеттану ғылымының тарихын зерттеуге бел бұғанда, бұрынғы таптаурын болған жолдан өзгеше бағытты бастап, көп ғылым докторының бірі болу үшін емес, өз ұлтының әлемдік өркениетке қосқан үлес - салмағын дәлелдеуді мақсат еткені анық. Оған қоса сындарлы да мазмұнды сын жолына түспестен бұрын әдебиет зерттеушісіне ең негізгі керек болатын қасиеттерді меңгеру жолынан өтті. Олар тек ғылыми табандылық пен логикалық тұрғыдан зерделей білу, мұрағаттарда шаң басып жатқан жәдігерлерді іздеп табу ғана емес, өз зерттеулерінің басты бағытын ұлттық мүдде тұрғысынан пайымдай білуді де қажет ететінін ғалым өз шығармашылығының басты кредосына айналдырды. Бір жағынан ғалым Сантьяго айтқандай, «Тарихтан тағылым алмаған ұрпақтың сол тарихты қайталауға мәжбүр болатынын» ғасырлар толқынындағы оқиғалар арқылы тереңнен тани білді.

Бұл тұрғысынан келгенде, жоғарыдағы ғалымның: «Критик, которого не тревожит его полное незнание всех исторически складывавшихся в литературе отношений, будет то и дело грубо ошибаться в своих приговорах. Ему не дано будет грубо ошибаться в своих приговорах. Ему не дано будет определить, какое произведение является новаторским и, какое – подражательным: не зная исторических условий, которое одевалось произведение, он неизбежно впадет в заблуждение, толкуя о его природе. Слабое знание или полное незнание истории толкает критика на путь поверхностных догадок или заставляет его заняться описаниями собственных «путешествий по миру шедевров»; он будет стремиться избегать литературы сравнительно далекого прошлого, объявив, что это область «ученого - антиквара» и «филолога», – деген пікірі әдебиеттану мен сын тарихын зерттеуші ғалым үшін бұлжымас қағидалардың бірі болуы қажет [1, 326].

Т.Кәкішұлының бойындағы туа біткен осы «сыншы, филолог, ғалым – антикварлық» мінез бен қадір-қасиет тоталитарлық кезеңдегі маркстік-лениндік әдіснама қағидаларының тоз-тозы шыққан қамытын киіп алып тарта беруден сақтап қалды. Ал халық тарихын қастерлеп, оның өткені мен өткеліне өзгеше қарап, бүгіні мен болашағы үшін бел буып, белсене араласуда жан пидалыққа жақын тұру, қажет жерінде құрбандыққа да қол арта алатын азамат болу екінің бірінің маңдайына бұйырмайтыны белгілі.

Ғалым қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеуге кіріскенге дейін ұлттық әдебиет туралы ғылым тарихы, ондағы әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің даму үдерісін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда жүйелі тексерген күрделі ғылыми зерттеу болған жоқ. Әдебиеттану ғылымның туу, қалыптасу, даму жолдары мен тарихының көптеген мәселелері туралы келешек зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беретін соны көзқарастарды «Сын сапары» мен «Оңаша отау» атты монографияларында алғаш ғылыми айналымға енгізді. Өзінің қалыптасу тарихындағы жетістіктер мен қателіктерді ғылыми тұрғыда зерделеп алмай тұрып, қандай да болсын ғылым саласының өсіп-өркендемейтінін өзінің «әсіре лениншіл» замандастарынан бұрын сезіне білді. Әсіресе маркстік-лениндік әдіснаманың сталиндік билік кезіндегі артық-кем айтылып, енді қағидаға айналып бара жаздаған қателіктердің орын алу себеп-салдарларын таразылау әдебиеттану мен сын үшін ғана емес, халық болашағы үшін де қажеттігін алғашқы болып тани алды. Бұл тұрғыдан алғанда, ұлттық әдебиеттану ғылымының бастан өткізген негізгі кезеңдері, яғни туу, жетілу, қалыптасу дәуірлерін арнайы зерттеудің, шығармашылық кескін-келбетін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда саралаудың шешуші қадам болып табылатынын әдеби сын тарихының мәселелерін зерделеу барысында

қоса қарастырып отырды. Сол арқылы ұлттық әдебиет туралы ғылым белгілі бір білімдер жиынтығы мен әдеби құбылыстарды танып-білу құралы ретінде өзінің ұғым-түсініктері, теориясы, әдіснамасымен бірден қалыптаспағанын, қиын-қыстаулы ұзақ та күрделі тарихи жолды бастан кешіргенін кешенді түрде тексеруді әдебиеттанушылар қауымына келелі мәселе ретінде ұсынды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының өсіп-өркендеу жолын қоғамдық ой-сананың жетілуіне орай алғашқы ғылыми және теориялық ой-пікірдің ояну, көркем әдебиетке байланысты ұғым-түсініктердің қалыптасуы мен әдеби мұраны жинап жариялау, зерттеу процесіне сай кезеңдерге бөле отырып тексерудің, әдіснамалық тұрғыда толық жетілуін саралаудың практикалық та, теориялық та мәні бар екені тұңғыш рет осылайша пайда болды. Оның ішінде тууы мен қалыптасу дәуірлерін бастан өткерген ХХ ғасырдағы әдеби мұраны игеру жолындағы зерттеушілік ізденістерін, ұлттық әдебиеттің ғылыми тарихын жасау мен дәуірлеудегі қадамдарын саралаудың маңызы зор екені Т.Кәкішұлының докторлық диссертациясында алғаш айтылды.

Егерде әдебиет туралы ұлттық ғылым тарихы жайында Т.Кәкішұлына дейін ешкім пікір білдірмеді десек, тарихи шындыққа қиянат болары анық. Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты «Қазақ әдебиеті тарихының» көп томдығын шығаруды жоспарлап, 1946 жылы оның фольклорға арналған бірінші томы дайын болған-ды. Бірақ ол 1947 жылдың 21 қаңтарындағы ҚК(б)П Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрескел саяси қателіктер» аталатын қаулысының қаһарына ілініп, әдебиеттану ғылымындағы саяси-идеялық кемшіліктері қатты сыналды. Осы қаулыда айтылған партиялық сындарды түзетудің басты маңызды міндеттерін белгілеу мақсатында М.Әуезов 1948 жылы «Қазақ әдебиеті тарихын жасау мәселелері» деген мақаласын жазған болатын [2, 205].

Академик-жазушы М.Әуезов әдебиеттану ғылымы тарихы турасында: «Қазақ халқының мәдениет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы эзір қысқа. Ол «Әдебиеттік сын», «Қазақ әдебиетінің теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген салаларға бөлініп, енді ғана дамып келеді. Қазақтағы әдебиеттану ғылымы құралғанда, ол өзінің алғаш туысымен, бүгінгі жеткен сатысымен, барлық бас-аяғын жинағанда түгелімен толық мағынасында социалистік Ұлы Октябрь революциясының жемісі болады. Октябрден бұрынғы қазақ тарихында біз бұл жөнде, «өскен ғылым» дерлік мардымды мұралар алғамыз жоқ», – дей келе әдеби мұраны жинап-жариялаған төңкеріске дейінгі орыс ғалымдарының, Шоқан, Әбубәкір, Ыбырайлардың еңбегін ұмытпау мен бағалау керектігін ескертеді. Алайда қаһарлы қаулыдағы сынның ықпалынан шыға алмағандықтан: «Бірақ олардың көп жылдар жасаған пайдалы әрекеттері нағыз әдебиеттану ғылымын тудырған жоқ-ты. Олардың тексеру, зерттеулері бастауыш дәрежеде болса да қалыптанған «әдебиет теориясы», «әдебиет тарихы» болып тым құрыса орта мектеп оқу құралы есебінде тарихқа кірген жоқ-ты. Рас, сол революциямен бірге жасасып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымы өзінен-өзі туып, өз бетімен ғана жол салып, тек қазақ әдебиетшілерінің өз еңбек өнерімен ғана өркендеп келе жатқан жоқ», - дей келе, «жабайы отар болған Қазақстанның» әдебиеттану ғылымын тудырып, өсіруі «ұлы орыс халқының көмегінің арқасы екеніне ерекше тоқталады. «Қазақ әдебиеті тарихы мен әдебиеттану жүйесі бізде орта мектептерде оқу құралын жасаудан туғандығын» дәлелдеу мақсатында қазақ әдебиеттануының «социалистік жас ғылым» екендігін мақаланың бір бетінің өзінде үш рет қайталай көрсетеді.

Міне, М.Әуезовтің осы мақаласындағы «Қазақ әдебиеттану ғылымы бүгінгі жеткен сатысымен, түгелімен Ұлы Октябрь революциясының жемісі болды» деген пікірі ғылыми айналымда ұлттық әдебиеттану тарихы туралы барлық айтылар ойдың негізгі тұжырымына айналып кетті. Ол Т.Кәкішұлының қазақ әдебиеті сынының тарихы мен әдебиеттану ғылымының мәселелерін зерттеуді қолға алған кезеңге дейін бұлжымас қағидадай қайталанумен болды. Оған мысалға 1959 жылғы «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты ғылыми конференцияны алуға болады. «Әдеби мұраны кеше қалай бағаладық, енді қалай зерттейміз»

деген мәселенің күн тәртібіне қойылуының өзі-ақ әдебиеттану ғылымының өткені мен бүгіні туралы пікір айтуға негіз болды.

«Қазақ әдебиеттануының еңбек торысы» атанған білгір ғалым Е. Ысмайылов қазақ әдебиеті халықтың тарихи қоғамдық өмірінің, таптық күрестерінің жемісі деген тұжырымды және В.И. Лениннің екі түрлі мәдениет туралы қағидасын басшылыққа алғанымен, «дүниетану мен көркем шығармашылықтың арақатынасы, қазақ әдебиетінде реализм дәстүрінің қалыптасу жолдары, қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау жолдары, жанрлардың өсіп-өркендеуі, ұлт әдебиеттерінің байланысы және өзара ықпал жасау процестері, аса көрнекті ақын, жазушылар туралы монографиялық еңбектер жазу, бүгінгі әдебиеттің творчестволық мәселелерін зерттеудегі әдебиет сынының мәні, қазақ әдебиеті мен фольклорының үлгілері мен деректерін жинап – зерттеу» секілді әдебиеттану ғылымының алдында тұрған міндеттер төңірегінде ой қозғады.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда баяндаманың ең жаңашыл жері – қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау мәселесін сөз етуіне орай ұлттық әдебиеттану ғылымының өткен жолына баға берілуі дер едік. Е. Ысмайылов: «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, оның негізгі екі кезеңді бастан кешіргенін байқауға болады. Бірінші – үйрену, идеялық творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезеңінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі – соғыстан кейінгі дәуір, яғни қалыптасу, даму дәуірі», – деп екіге бөле отырып, алғашқы кезеңде заманның талап-тілектеріне байланысты дүниеге келуіне ана тілі мен әдебиетінің мектептер мен оқу орындарында оқытыла басталуына сай алғашқы оқулықтар мен хрестоматиялардың жазылуы түрткі болғанын атап көрсетеді. Ғалым қазақ әдебиеттануының қалыптасу кезеңдерін анықтауда маркстік-лениндік методологиядан қателесіп кетпеу мақсатында М. Әуезовтің жоғарыдағы мақаласындағы тұжырымға мықтап сүйенгені байқалады.

Ұлттық әдебиеттанудың туу, даму жолында «бірыңғай ағым» теориясы орын алғандығынан, «жеке ақын-жазушылар шығармашылығындағы идеялық қайшылықтар батыл әшкереленбей келгендігіне» ерекше тоқталды. Сонымен қатар буржуазиялық көзқарастағы теория ретінде «бірыңғай ағымға» алғаш анықтама беріліп, «принципті түрде» сыналды. Е. Ысмайылов «партиялық сын» тұрғысынан қарап, бұл теорияның М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Б.Кенжебаев және тағы басқалардың, тіпті өзінің де еңбектерінде орын алғанын атап көрсетті. «Біз ешқайсымыз да осы теорияға әдейі, мақсат етіп барғанымыз жоқ, әйтеуір әр халық, әр ел өзінің әдебиет тарихын жасап отыр ғой, біз де сондай әдебиет тарихын қомақты етіп жасайық деген ізгі ниетпен кіріссек те қателесіп кеттік», – деп ақталуында үлкен мән жатыр [3, 24].

Бұл конференцияның қазақ әдебиеттануының қалыптасу тарихындағы маңызы туралы пікір айтқан әдебиетшілердің барлығы да ғылыми-зерттеу жұмыстарына кедергі болып келе жатқан көптеген мәселелердің беті ашылғанын, біраз ілгері басу болғанын, қазақ әдебиеті тарихын жүйелі тексерудің жолға қойылғанын атап көрсетеді. Д. Қамзабекұлы конференциядағы Е.Ысмайыловтың: «Әдебиет тарихының негізгі проблемалық мәселелерін жан-жақты шешіп зерттеуде бір тарихшылық принципті, яғни әдеби құбылыстарды тарихи даму процесінде, әрбір ақынды өзінің туған тарихи-қоғамдық ортасына нақты байланыста алып тексеру принципін қолданамыз», – дегенін сындарлы пікір деп табады [4, 217].

Сондықтан оған баға берген уақытта егемендік алғанға дейінгі қазақ әдебиеттануының ұлттық мүддеге тамыр тарта алмаған, өткендегі мұраны тарихи ақиқат тұрғысынан бағалай алмаған кемшіліктерінің барлығы осы конференциядан басталғанына көңіл аудару қажет. Қазақ әдебиеті сыны тарихының келелі мәселелерінің зерттелуі мен жеке пән ретінде оқытылының кешеуілдей қолға алынуы және «Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихы» әлі де болса дербес пән болып жүргізу дәрежесіне ие бола алмауы соның салдары деген жөн секілді. Әдеби сынның да осы секілді ғасырларға созылатын даму жолынан өтуі қажеттігін Т. Кәкішұлы ұлттық ғылыми зерттеушілік ой-пікір тарихында тұңғыш тап басып тани білді.

Еуропацентристік ой-пиғылдар мен ұлы державалық шовинистік көзқарастарды былай қойған күннің өзінде, өз ортамыздан шыққан нигилистеріміз әдебиеттану мен сынның Қазан

төңкерісіне дейінгі арналарынан ат тондарын ала қашты. Академик М.Қаратаевтың: «Қазақ әдебиетінде сынның белгілі бір орын алуға ұмтылуы тек кеңес өкіметі тұсында, айналасы осы 10-15 жылдың ішінде. Қазанға дейін бізде сын атаулының болмауы – тіпті заңды нәрсе» деген пікіріне тұңғыш рет қарсы шыққан да Т. Кәкішұлы болатын. Ғалымның «...тарихи желісі үзілмейтін мәселелердің өзі төңкерістен кейін сапалық жаңа қасиеттермен толысқанын тілге тиек етіп, бұрынғыны мансұқтайтын, місе тұтпайтын кезіміз аз болмайды. Соны әдебиет жанрларына жақындатқанда, әсіресе қазақтың әдебиет сыны туралы шолақ пішіп, нығарта айтуды мақұл көрдік. Мұның өзі аксиома түрінде тұжырымдалды» деген тың көзқарасы арқылы ғылыми-зеттеушілік ой-пікірді жаңа бағытқа бұрды. Бұл ұлттық әдебиеттану мен сынының тарихи арналары туралы кеңестік дәуірдегі қағидаға айнала бастаған қате көзқарасын бұзды.

Профессор Т. Кәкішұлы қазақ әдебиеттануы мен сынының туу, қалыптасу жолдарын белгілі бір дәуірлерге бөлгенде, сын мен әдебиеттану ғылымының сабақтаса, бір-бірін толықтыра дамытынын ескере отырып, үлкен үш кезеңге жіктейді. «Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихи белестерінен үш кезеңді анық байқаймыз. Бірінші кезең – қазақ әдебиеті сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең – қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917-1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең – қазақ әдебиеті сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі. 1938-1985 жылдар аралығы», – деп көрсетеді [5, 3].

Сын тарихына тән бұл үш кезеңнің қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу жолына тікелей қатысы бар. Себебі әдебиет сыны өзінің туу дәуірінен бастап-ақ сол әдебиеттің тарихы мен әдеби-теориялық мәселелері жайында пікір білдірмей тұра алмайды. Бұл тұрғыда орыс әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолын зерттеушілердің бірі П.А.Николаевтың «Попытка систематического исторического обзора знаний о литературе первоначально осуществлялась на материале критики» дегені дәлел бола алады.

Қандай да болсын ғылым саласы бірден туып, қалыптаса қоймайтынын ескерсек, онда әдебиет туралы ғылымының алғашқы адымы қарапайым ой-пікірден, алғысөз бен түсіндірмелерден, ғұмырнамалық деректерден, халық тарихына байланысты ақпарлар мен мәлімдемелерден, шығарманың мәнін ұғып, сөзін тамашалаудан басталып, өзінің тууы, қалыптасу процесіне дейін ұзақ жолды бастан өткереді. Ғалым А.С. Курилов бұл турасында: «Вопрос о том, когда и как возникла и сформировалась литературная наука в той или иной стране очень существен. Это вопрос об исторических далях национального литературоведения, его самобытных истоках и источниках. Это вопрос о времени и характере его включения в региональный и всемирный литературоведческий прогресс. Это, наконец, вопрос о своеобразии перехода определенного круга знаний и представлений о литературе, свойственных каждому народу, в науку о литературе, когда данная литературоведческая мысль, отставая от национальной по своим представлениям, понятиям и форме выражения приходит к достижениям и открытиям, которые получают общенаучное признание, становится всеобщим достоянием», – деп жазады [6, 7].

Міне, осы тұрғыдан келгенде қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу тарихын түрлі дәуірлерге бөлген жоғарыдағы екі пікір егемендікке қол жеткізгеннен бергі жылдарда нақтылана түсті. Т.Кәкішұлы өзінің 1994 және 2003 жылдары жарық көрген «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», «Жанр жайлауы» (2007) аталатын еңбектерінде сыншылық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің алғашқы қадамдарын ежелгі дәуір мен орта ғасырлардағы жазба жәдігерлердің хатқа түсуімен байланыстылықта қарады. Соның нәтижесінде ғалымның ғылыми жетекшілігімен қорғалған Ж.Смағұлов пен С.Жұмағұловтың докторлық диссертацияларында әдебиеттану ғылымы тарихының дәуірлері жаңаша жүйеленді. Тарихи шындыққа сай баға беру бағытын ұстай отырып, маркстік-лениндік әдіснама қағидаларына орай жазылған еңбектердің жетістіктері мен бүгінгі таңдағы талап-тілек бойынша қателік болып табылатын тұстары таразыға алынды. жолындағы табыстары мен кемшіліктеріне нақты баға берілді.

Жинақтай айтсақ, Т.Кәкішұлының басшылығымен қазіргі таңда ұлттық әдебиеттану ғылымы тарихы мынадай дәуірлерге бөлініп отыр. Бірінші кезең – қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи алғышарттардан тұратын арғы бастаулары, яғни тарих алдындағы дәуірі. Бұл ежелгі кездегі әдебиетінен бастап ХХ ғасырға дейінгі уақыт аралығына созылды. Екінші кезең – қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Ол 1900-1940-жылдар арасында жүзеге асты. Үшінші кезең – қалыптасу дәуірі. Бұл 1941-1970 жылдар аралығын қамтиды. Төртінші кезең – даму, өркендеу дәуірі. Бұл әзірше 1971-2000 жылдар аралығындағы уақыт деп танылып отыр.

Көне түркі жазба ескерткіштерін хатқа түсіруден бастап Шоқан, Ыбырай, Абай заманына дейін созылған ұзақ дәуірді қазақ әдебиеттану ғылымының тууына дейінгі тарих алдындағы кезеңі (предыстория науки) деп атаудың қазіргі әдебиеттанудағы ғылыми айналымға енуі заңды болмақ. Бұл проблема қазіргі қазақ әдебиеттануында Т.Кәкішұлы, Ж.Смағұлов, С.Жұмағұлов, Д.Ысқақұлы, А.Ісімақованың монографиялық еңбектері мен «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» аталатын екі томдық басылымда өз шешімін тапты.

Қазақ әдебиеттану ғылымының тууы мен қалыптасу тарихында ХХ ғасырдағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге үлес болып қосылды деп табылған мақалалар мен баяндамалар, зерттеу еңбектері мен оқулықтар, монографиялар кешенді түрде объективті аналитикалық талдау және тарихи-салыстырмалы әдістер арқылы қарастырылып жатыр. Осыған сай замана талабы мен идеология қыспағындағы қате теориялардағы көзқарасқа («пролеткультшылдық», «тұрпайы социологизм», «бірыңғай ағым») ұшыраған мақалалар мен зерттеулер де салғастырмалы және салыстырмалы түрде саралануда. Ал сол 1970 жылдары «тұрпайы социологизмді» сынауда таяқтың бір ұшы партияның көркемөнер мен ғылым саласындағы саясатына тиіп жататынын ескерсек, ол Т.Кәкішұлының туған әдебиет туралы ғылым болашағы үшін ерлікке пара-пар ғалымдық парасатының арқасында ғана айтылды. Өз ғасырының жүгін әдебиеттің таптығы мен партиялығынан жауыр болған иінінде көтеріп әкеткен ғалым еңбегі халық үшін жасалатын қандай да болсын ұлтжандылыққа тең екенін мақтанышпен айтса да болады.

Тәуелсіздік алғаннан бері басқа қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар саласы сияқты қазақ әдебиеттану ғылымы өз бастан өткерген тарихи жолын жаңаша көзқараста саралап жатыр. Соның арқасында ұлттық әдебиеттануда сара бағыттар мен келелі тақырыптағы мәселелерді кешенді түрде зерттеген ғалымдардың да сіңірген еңбегіне баға беру жұмыстары қолға алынуда. Ал бұл болса біздің әдебиеттануда ғылыми мектептердің қалыптасуы туралы пікірлердің айтылуына себепкер болды.

Академик З.Қабдолов «Әуезов» (1992) атты еңбегінде ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасы туралы мақаласында ұлттық әдебиеттануда үш ғылыми мектеп бар деп жазғанда, әдебиет тарихынан Б.Кенжебаевтың, әдебиет теориясынан З.Қабдоловтың мектептерін атайды. Бұл жерде әдебиет теориясына байланысты ғылыми мектеп атауына дауымыз бар екенін жасыра алмаймыз. Ол шынына келгенде ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы негізін қалағандықтан, Ахаңның ғылыми мектебі болуы керек. Өз ұлыларымызды мансұқтай бергеннен тапқан пайдамыз шамалы. Айтты-айтпады, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің барлық бастау көзі болып табылатын «Әдебиет танытқыштың» авторы керек десеңіз ғылым кандидаты да емес. Білімдарлық пен ұлтына қызмет ету үшін ғылыми атақтың қажет те емес екеніне бұл да бір нақты дәлел.

Ал үшінші ғылыми мектепті профессор Т.Кәкішұлының мектебі деп көрсетеді. Оны: «Үшінші сала – әдеби сын. Бұл проблеманы басында профессор Т.Кәкішев бір өзі жеке дара алып зерттеп, талай архивтердің қоңыржай қоймаларын ақтарып-төңкеріп, одан тапқан құжаттар мен жазбаларды жан-жақты пайдалана келе, қазақ әдебиеті сынының оқулығын (Сын сапары) жазып шықты», – деп нақтылайды [7, 350]. Қазіргі ұлттық әдебиеттануда қарышты қадамдар жасап отырған бұл ғылыми мектептің негізі профессор Т.Кәкішевтің «Сын сапары» (1972), «Оңаша отау» (1982) атты монографияларынан бастау алды. Ғалым оны «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), (2003) оқулықтары, «Сандалтқан «Садақ» (2002), «Толғам» (2004), «Жанр жайлауы» (2007) және тағы басқа да аталатын зерттеулерімен

толықтыра түсті. Жалпы алғанда, проф.Т.Кәкішұлының кез келген зерттеу еңбегі ұлттық әдебиеттану мен сын тарихының келелі мәселелеріне соқпайтыны жоқ десе де болады. Т.Кәкішұлы десе сын мен әдебиеттану, ал олар аталса Т.Кәкішұлынсыз сөйлеуге болмайтыны ғылыми ортада аксиомаға айналып кеткелі қашан.

3.Қабдолов «Арна» (1988) атты еңбегінде проф. Т.Кәкішұлының ғылыми мектебі туралы: «Сынның туу, қалыптасу тарихын зерттеуге Т.Кәкішев өзінің саналы ғұмырын түгел арнап келеді. Сарыла ізденіп, жалпы жұртқа беймәлім көл-көсір көп материалды түп-төркінінен қопарып, қағып-сілкіп, ақтарып-төңкеріп, екшеп-сұрыптап, даму тарихына арна болар өзек жасап, оның кемерін кейде сарғыш, кейде көгілдір (кейде лайсаң, кейде таза) толқынмен толтыруы және сол толқынды көп жағдайда бір өзі білек сыбана жалынан сүйреп, сонау жылап аққан жіңішке бастауынан мынау сарқып құяр кең сағасына қарай жылжытып әкеле жатуы – айтарлықтай үлкен еңбек», – деген сипаттағы алғашқы ойды түйіндей жазған болатын [8, 148].

3. Қабдолов алғашқы екі ғылыми мектептің өкілдері деп елімізге танымал біршама әдебиетшілерді атаса, Т.Кәкішевтің ғылыми мектебіне келгенде ізбасарлары ретінде ешкімді атай қоймаған. Ал бұл турасында Т.Кәкішұлы өзінің «Толғам» (2004) атты кітабында: «Дандай Ысқақов «Қазақ сынының ғылыми негіздері, Жандос Смағұлов «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары» деген тақырыпта менің ғылыми жетекшілігіммен докторлық диссертациялар қорғаулары, атақты сыншылар жөнінде еңбектер жазылуы, ізденістер жасалуы ғылыми мектептің іргесін бекіте түсері хақ» деп қарапайым қалпынан таймаған. Сондықтан оны толықтыруға тура келеді. Бұл ғылыми мектептің шәкірттерінде Қ.Ергөбек, Д.Ысқақұлы, Ө.Әбдиманұлы, К.Ахмет, М.Иманғазин, А.Жүсіпова, А.Зекенова және жеке сыншылар шығармашылығынан қорғаған тағы басқалар бар. Ұстаздың қарағандылық шәкірттері Ж.Смағұлов, С.Жұмағұлов, С.Такиров, Қ.Қалыбекова, Ж.Жұмагелдин, Б.Рахымбаева, Қ.Бажкеевтер ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасы мәселесін осы ғылыми мектептің жеке саласы ретінде дамыту жолында еңбек жасап жатыр. Бұған қоса Т.Кәкішұлының ғылыми мектебі қазіргі таңда ұлттық әдебиеттанудағы сәкентану және мұқановтану ілімдеріне байланысты өнімді қадамдар жасап жатқанын да атап айту қажет.

Бір кезде «қызмет істеуге қабілеті жетпейді» деген үкім шығарып, «қара шармен» жұмыстан қуған Ғылым академиясы қазір Т.Кәкішұлының сын мен әдебиеттану саласындағы ғылыми мектебінің зерттеу нысанының көкейкесті ғана емес, өміршеңдігін кеш те болса аңғарып отыр. Ғалым А.Ісімақованың табандылығы мен білгірлік басшылығы арқасында ғана академия «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008, 2009) атты екі томдық еңбекті жарыққа шығарды. Бұлар тек Т.Кәкішұлының ғылыми мектебінің атақ-абыройы үшін ғана емес, барша қазақ халқының және әдебиет туралы ұлттық ғылымның мерейін өсірген еңбек болды десек, артық айтқандық емес. Алайда бұл Т.Кәкішұлының ғылыми мектебінің дами түсуіне үлес қосты дей тұрғанымызбен, әдебиет туралы ұлттық ғылым мен сын тарихын дәуірлеуге байланысты дау тудыратын мәселелері де бар екенін айта кету қажет деп ойлаймыз.

Ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоя білген А.Ісімақова бұл тақырыпқа ерекше назар бөліп, «Алаш әдебиеттануы» (2009) атты іргелі зерттеу еңбегін жазып шығарды. Онда: «...Біз болсақ, өзіміздің кеңестік білімімізбен ғылымға баяғы шектеулі көзқараспен қараудамыз. Осыдан он жыл бұрын қорғалған Ж.Смағұлдың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты докторлық диссертациясын құлатуға бар күшін салған бір ғалым ағамыздың әрекеттері еске түседі. Оның ойынша ғылым міндетті түрде үйреншікті кеңестік қалыппен жүруі тиіс. «Қолында билігі бар жеке адам ғылымға қиянат жасай алады» дегеннің осылай іске асуына куә болдық. Әрине, бұл ғалымсымақтың білімі жетіспей тұр деп дәлелдеу – біздің емес, уақыттың еншісі. 10 жыл бұрын қазақ әдебиеттану ғылымына төңкеріс жасаған Ж.Смағұлдың бұл еңбегін бүгін ғылыми қауым үн-түнсіз пайдаланып келеді», – деген жүрекжарды пікірі тарихи шындықтан алыс жатқан жоқ [9, 15].

Т.Кәкішұлының ұлттық масштабтағы мәні бар осы ғылыми бастамасына кесе көлденең тұрушылар бұл шәкіртінің ғана емес, ғалымның ғылыми мектебінің дамуына да тұсау салды.

Соның кесірінен қазақ әдебиеттануының библиографиясы, текстологиясы, тарихнамасы (историография) және әдіснамалық мәселелері секілді салаларының қалыптасу тарихын зерттеу жұмыстары кешеуілдеп қалғанын ашық айту керек. Дәл қазіргі таңда ұлттық әдебиеттанудың бұл салаларының қалыптасу тарихы турасында ауыз толтырып айтарлықтай зерттеулер жоқтың қасы.

Мәселе – кімнің ұтып, кімнің ұтылғанында немесе жазықсыз жапа шеккенінде емес. Бұл – қазақ әдебиеттануы бастан кешкен оқиға. Жоғарыда айтылған 1959 жылғы конференцияда өз концепциясын М.Әуезовтің беделімен өткізген Қ.Жұмалиев қазақ әдебиетін ежелгі дәуірден бастап зерттеу туралы Б.Кенжебаевтың идеясын түп-тура 10 жылға шегерді. Ал оны осы конференцияда естіп-біліп кеткен өзбектер өз әдебиетінің тарихын бірден VI ғасырдан сол 1960 жылдары-ақ бастап кетті. Басқаларды атамағанда, Әл-Фараби, Қ. Ясауиден айырылып қала жаздап, бүкіл әлемге масқара болуға шақ қалғанымыз ұлттық намысқа тимеді деп кім айтар!? Сонда ұлтымыздан, оның сыны мен әдебиеттануынан басқа кім ұтылды!? Ал профессор Б.Кенжебаевтың ғылыми мектебінің іргетасы осы кезден басталғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Т.Кәкішұлының ұлттық сын мен әдебиеттанудан ғылыми мектебінің қалыптасқаны бүгінде толық мойындалды. Өз басымыз академик З.Қабдоловтың осы ғылыми мектептер туралы аз да болса пікір білдіріп кеткеніне дән ризамыз.

Тарих – жақсы болсын, жаман болсын тарих, ол тек қана шындыққа сай бағалауы керек. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеуде профессор Т.Кәкішұлы айтқандай: «Өнегенің үлгісін көріп тұрып, содан үйренбеуіміз, шыр айналып совет әдебиетінің шындығынан кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, атақ алуымыз, 1917 жылға дейінгі былай қойғанда, соғыстан әріге бара алмайтын ғылыми мүсәпірлікті, «социалистік реализм туы астында» деген ұранмен шапқылай берушілігіміз қазақ әдебиеттану ғылымының сорына шыққанын енді ашық айтайық». Бұл – ғажайып талант иесі Т.Кәкішевтің жүрекжарды пікірі.

Заман өтер, уақыт талабы да өзгерер, ұлттық әдебиеттануға тәуелсіздік рухымен сусындаған асу да арынды басқа ұрпақ келер. Сонда қазақ әдебиеттануы мен сынының Абызы атанып отырған Т.Кәкішұлының «ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» (А. Байтұрсынұлы) деп жасаған қыруар еңбегі мен ғылыми мектеп қалыптастырудағы қайраткерлік тұлғасын бізден де терең зерделеп, бізден де артық бағалары анық.

Әдебиеттер:

1. Уоррен О. Теория литературы. – Москва: Наука, 1978.
2. Әуезов М. Таңдамалы шығармалары. 17-том. – Алматы: Жазушы, 1985.
3. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: ҒА баспасы, 1961.
4. 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1998.
5. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994.
6. Курилов А.С. Формирование русского литературоведения как наука. 1982.
7. Қабдолов З. Әуезов. – Алматы: Санат, 1992.
8. Қабдолов З. Арна. – Алматы: Жазушы, 1988.
9. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009.

ЕСІМІ ҚАСТЕРЛІ ЕЛ ПЕРЗЕНТІ

Профессор Тұрсынбек аға Кәкішовтің өмірге келгеніне 95 жыл толып отыр. Ұстаз туралы ойланғанда, осыдан жарты ғасырдан астам бұрынғы Тұрсағанның шәкірттері біздердің есімізге сонау студенттік кезіміз оралады.

1968 жыл. Сол кездегі КазГУ-дің филология факультетінің студенттеріне ағамыз сын тарихынан лекция оқыды, өзі соның алдында ғана республика ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтынан келген беті. Күнделікті мерзімді баспасөзден жазған-сызғандарын көзден таса қылмай оқып жүретін студенттерге ғалым ағаның дәріс оқығаны – үлкен қуаныш. Кейбір пысықтар ұстаздың «Дәуір суреттері», «Сәкен Сейфуллин» кітаптарын дүкеннен сатып алып, қолтанба-автограф алып жатады. Бір жақсысы ұстаз кітабын сатып алғандарды өзіне жақын тартып, өзгелерімізді тосырқап жатқан жоқ. Оқитын пәні – бұрын із түспеген соны пән. Көбінесе революциядан бұрынғы газет-журналдарда жарық көрген материалдардан сөйлейді. Сөздері шымыр. Кейде аудиторияға портфельмен келеді. Онда өзінің архивтерден, Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Уфа секілді қалалардың кітапханаларынан жинаған материалдары болады. Ара-тұра солардың шетін көрсетіп қояды. Бірақ оқушыларына анда болдым, мында болдым, ана жақтан ананы таптым, мына жақтан мынаны таптым, ойпырмай, осыған осы кезге дейін елдің назары түспепті дейтін әңгіме айтпайды. Әйтсе де студенттер қауымы аңғарымпаз ғой, біреуі «ағай докторлық жазып жатыр екен, бізге сол жұмысының шет-пұшпағын ғана айтатын сияқты» десе, енді бірі «ағайды биллиард ойнап жүрген жерінен көрдік, тіпті Фурмановтағы лапшаханадан кәдімгі біздер сияқты түстік жасады, ой қарапайым адам екен ғой, сәлем беріп едік, бетімізді қайтарған жоқ, сәлемімізді алды. Ал өзінің ақшасы көп болу керек, кассирге есептескенде, шиланына көзім түсіп кетіп еді, тым қомақты екен» деп, жұрттың өзін ықыластана тыңдап тұрғанына мәз болады.

Студенттер қауымы қаншама сыншыл болғанмен, олар да жаңылысады, олар да адам бойындағы негізгі қасиетті ажырата бермейді ғой. Бірақ бір жолы Сайын Кереев дейтін курстасымыздың көпшілік кітапханасынан қайтып келе жатқанымызда, Тұрсекеңді кездестіріп, ағай ұзай бергенде: «бұл кісі өте жігерлі адам» дегені күні бүгінге дейін есімізде. Шынында, Тұрсаған туралы сол студент біліп айтыпты. Тұрсынбек аға – өте жігерлі адам. Бұл күнде оның жазған еңбектерінің ұлы саны он бес том құрайды. Соның біразы кітап болып жарияланған. Әр жылдары, әртүрлі баспалардан шыққан сол еңбектерінің ұзын саны отыз кітап болады екен. Ғалымның Сәкен Сейфуллиннен бастап, кейінгі Сәбит Мұқановқа дейінгі еңбектерінің ішінде кейбіреулері қайталанып, орысша, қазақша басылған. С. Сейфуллин жайлы «Өнегелі өмір» («ЖЗЛ») сериясымен жарияланған еңбегінің орысшасы Мәскеуден басылып шыққан. Және қай уақытта дейсіз ғой? 1972 жылы Қазан төңкерісінің елу бес жылдығы қарсаңында. Бұл жылдарда «Өнегелі өмір» сериясымен Мәскеуден шығып жатқан қазақ авторларының кітаптары жоқ болатын...

Мерейтой иесі еңбектерінің тақырыптары әртүрлі. Бірі жол жүріп ел танып, жер танып қайтқан сапарларынан хабардар етсе («Жол үстінде сексен күн»), бірі бір кездегі «Садақ» атты журналдың («Садақ») өмірге келу тарихын, бірі өзі өмір кешкен әдеби ортаның жан күйін баяндайды («Ескірмейді естелік»), бірі бүгінгі әдебиет пен өнердің көкейтесті мәселелеріне («Санадағы жаралар», «Кер заманның кереғар ойлары») арналған.

Ал адам жігерлі болмаса, осынша еңбек тындыра ала ма? Мәскеу сияқты алып империяның астанасынан қазақ қайраткері туралы қазақ авторы кітап жазып, оны баспадан шығарту оңай болып па? Онан бері де Тұрсекең әдебиеттің, өмірдегі өзекті болып есептелетін өзге мәселелердің қайсысына араласпасын, сол жерден Тұрсекеңнің өзіне тән үні күркіреп естіліп жатады. Өйткені ол өзінше ойлап, өзгеше сөйлейді. Батырып айтады. Батыл айтады. Сол қылығымен кейде сырттағы көп сырын біле бермейтін ел тұрмақ, баяғыдан сыралғы

жолдас-жораларын да, тіптен достарының өзін де ренжітіп алып жатады. Мәселен, ана бір жылдары тәуелсіз Қазақстанның астанасы қай жерде болу керек, қатынасқа, саяси ахуалға орай Алматыдан басқа жаққа қоныс аудару керек сияқты деген баспасөз бетінде бірсыпыра әңгіме болды. Көпшілік, негізінен, Ақмолаға (қазіргі Астана) көштің бетін түзеген дұрыс болар деген пікір айтып жатты. Ал Тұрағаң болса, жоқ, астана Ұлытауда, Жезқазған облысында болу керек деп, баяғы ежелгі тарихымыздағы Ұлытаудың орны мен қадір қасиетін алға тартты... Тегінде, мұның бәрі, түптеп келгенде, Тұрсекеңнің мінезінен, өмірлік кредосынан, ойлау жүйесінен туындап жатқан қылықтар екенін төңірегіндегі әріптестері жақсы түсінеді.

Тұрсағаң қызба адам болатын. Әп-әдемі сөйлесіп отырған кезіңіздің өзінде ол лапылдап шыға келеді. Тіптен сөзіңіздің аяғын күтпей дүрсе қоя береді. Ондай кезде ол кісі жанындағы отырған адамның жасына да, мінезіне де, көңіліне де қарамайды. Ал бірақ кекшіл емес-ті. Олай дейтінім, әлгіндей тулаған теңіз секілді буырқанып-бусанып, сөзге кимелеп жатқан кезінде: «Ау, ұстазым, сөздің аяқталуын күтсеңізші, сіз айтатын мәселеге қарай келе жатырмыз ғой», – дегенде, «енді, иә, солай...әуелі соны айтпайсың ба...» – деп, күрең қоңыр тартқан өңі ақырындап-ақырындап барып баяғы қалпына келетін. Біраз адам ағаны осы қылығына қарай да сыйлайтын. Оның үстіне ол – қазіргі ғылымда, білім беру саласында, газет, журналдарда, әр алуан басшылық жұмыстарда, қысқасы республиканың әрқилы еңбек майданында, ел үшін белі бүгіліп қызмет етіп жүрген мыңдаған жандарға ұстаздық еткен азамат қана емес, ол қазіргі халқына танымал болған талайлардың жұмысқа орналасуына жәрдем берген, шығармашылық жолына қамқорлық жасап, демеуші, ақылшы болған ағалығы, ақсақалдығы бар азамат. Көпшілік оны сол қасиеті үшін де қадірлейді.

Жалпы өмірде адам өзінің жеткен жетістіктері болса, сол үшін мүмкін көп, мүмкін аз болар, әйтеуір бір кісілігі бар жандарға қарыздар екенін түйсініп жүреді ғой. Тұрсағаңа да осы тұрғыдан қарыздар адамдар бірсыпыра баршылық. Шәкірттері де біраз. Бір кезде Кеңес Одағы өмірге келгенге дейінгі қазақ әдебиетінде әдеби сын болмаған деген пікір болса, бұл тұжырымды профессор Кәкішов мүлдем өзгерткен. Қазіргі жұрт қазақ әдеби сынының тарихын ауызға алар болса, алдымен Тұрсағаң есіміне жүгінеді. Өйткені ол – осы мәселені қапысыз тексеріп, белгілі бір ғылыми мектеп қалыптастырған адам. Бұл салада профессор Дандай Ысқақұлынан басталатын біраз ғалымдар тобының Тұрсағаңның ізбасарлары екенін де бүгінгі әдебиетшілер қауымы тегіс біледі. Сүйсінеді.

Тұрсынбек аға Кәкішов 88 жыл өмір сүрді. Ол филология ғылымының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Халықаралық жоғары мектеп-ғылым академиясы мен Халықаралық Айтматов академиясының академигі, «Парасат» ордені бастаған бірнеше мемлекеттік наградалардың иегері еді. Отыздан астам кітаптың, мыңға тарта ғылыми-танымдық мақала мен эссе, очерк, публицистикалық шығармалардың авторы болатын. Бәрінен бұрын ол ұстаз еді, яғни ол ел тәрбиешісі болатын. Ел мүддесі үшін қызмет етіп келе жатқан қалам қайраткері еді. Қажымас қайрат иесі еді. Тындырған ісі қыруар болатын. Ол ақырғы демі таусылғанша халқына қызмет етіп өтті. Ал ұлтына, еліне алғаусыз қызмет етіп өткен азаматтың есімі әмәнда халқы үшін қастерлі бола бермек.

Шәкір ЫБЫРАЕВ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

ҒАЛЫМДЫҚ ПЕН ҰСТАЗДЫҚ ӨНЕГЕСІ

«Өткен күнде белгі жоқ» деп отыратын, бала кезімізде сөзін естіген ауыл қарттары. Бұл сөздің мағынасын түсінбесем де, жадымда қалыпты. Енді ойлап отырсам, адам өмірінің қамшының сабындай қысқалығын, зымырап өте шығатын уақыттың жылдамдығын айтқан екен. Бір-біріне ұқсас күндер кезекпен жылжып өте береді де, сүзгіден өткендей кейбір белгілері ғана санада жаңғыратыны белгілі болды... Белгісі жоқ күндерге белгі соғатын тек мазмұнды сәттер мен мағыналы істер ғана екен...

Менің жастық шағымда ғылымның қадірін ұқтырған бір адам болса, ол алдымен ұстазым Тұрсынбек Кәкішев дер едім. Себебі ол кісі ғылым туралы ғана емес, алдымен сол ғылымдағы адамгершілік пен адалдық туралы айтатын. Дұрысы, адам өміріндегі туралық пен әділдікті ту ету арқылы ғылымдағы мән-жайды баяндайтын. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихы, сын жанрының қалыптасу жолдары туралы дәріс оқығанда қазақ халқының бұралаң тарихы әдебиет тарихымен бірге әдіптелетін. Идеологияның қайнаған қазанындағы «итжығыс тіршіліктің арасынан» құр сұлдері шыққан әйгілі тұлғаларымыздың іс-әрекеті архивтік құжаттар, партияның жасырын-ашық қаулы-қарарлары арқылы өрілетін.

Бұл дәрістердің мен үшін өнегесі мынада еді. Қырық жыл қырғын болса да, әділдік пен шындық салтанат құрады екен. Ұлт жанашырлары мен тарихи тұлғалардың көзі кетсе де, ісі кейінгіге үлгі-өнеге болғанын ұқтым. Тұтастай алғанда, қазақ қаламгерлері мен ғалымдарының тағдыр-талайы небір қысталаң жолдардан, сын сағаттардан, адамгершілік таразысынан тозақтан өткендей қалшылдап өткенін көз алдыма келтіретінмін...

Тұрсынбек ағайға мені таныстырған кісі белгілі ғалым Рахманқұл Бердібаев еді. Рахманқұл ағайдың үлкен ұлы Жанмұрат екеуміз Кентау қаласында бірге өстік. Алматыға алғаш келгенімде менің алдымен сәлем беріп, танысқан адамым осы Рахманқұл аға еді. Кейін байқасам, Рахаң да, Тұрсекең де қатар қызмет істейтін, пікірлес, сырлас достар болып шықты. Мені таныстырғанда «әдебиетке ынтасы бар бала» деген Рахаңның сөзі есімде. Расында да, менде ол кезде ынтадан басқа ештеңе де жоқ еді... Сол ынтаға дем берген де, демеу берген де ол кездерде алдымен сол Рахаң, Тұрсекеңдер болатын.

Студент шағымда Тұрсынбек ағайыма жақын жүрдім. Жақын болуын танығандығым ғана емес, алдымен сабағын қатты ұнатуымнан ғой деймін. Себебі Тұрсекең сенің танығантағымағаныңа қарайтын кісі емес. Мен оны алғашқы күннен бастап ұқтым. Тұрсекең тек рухани тұрғыдан ғана жақындау мүмкін еді...

Шәкірт ретінде Тұрсекеңнің өткізген лекцияларынан қыруар мәліметтер алдым. Бұрын мектепте мүлдем хабарым жоқ XX ғасырдың басынан бастап 60-70-жылдарға дейінгі аралықтағы кеңестік идеологияның небір бұралаңын қаламгер тағдырымен бірге таратып үйрендім. Сондағы ең бастысы – Тұрсекеңнің «барлық нәрсеге сын көзбен қарау керек, біреудің пікірін сол қалпында қабылдай салуға болмайды» деп отыратыны.

Кейін байқадым, біздің кейбір қазақ ғалымдарының жобалап, жорамалдап айта салатындығын былай қойғанда, заманның ағымына қарай жорта айтатын тұстары да аз емес екен. Түпнұсқа деректермен жұмыс істейтін Тұрсекең мұны жақсы білген екен ғой.

Ізденісі мол студенттік жылдар да әне-міне дегенше өте шықты. Дипломымды алып, енді қайда қызметке барам деп отырғанда Тұрсекең менімен бірге бітірген Болатжан Әбілқасымов екеумізді қасына ертіп, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына алып келді. Біздің бас-аяғымызға сынап қарап отырған институт директоры Әди Шәріповке Тұрсекең:

– Ертең мына институтыңда, жалпы қазақ әдебиеттану ғылымында кімдер қалады? Мұны қазір ойламасақ, ертең кеш болады, мына жігіттерді Алматыда қалдыру керек, – деді.

Әди ағамыз біраз ойланып отырып:

– Өтініштеріңді жазыңдар, – деді бізге.

Бізден бұрын бітіргені бар, кейін бітіргені бар, осылай Тұрсекеңнің тікелей жетектеуімен осы институтқа он-он бес жігіт орналастық. Кейін бәрі де ғылым жолында өз орындарын тапты, көбі ғылым докторы атағын алды.

Сонда біреуіміздің де не жерімізді, не руымызды сұрамапты ол кісі. Кейін бірге қызметтес болып жүрген кезде әңгімеден әңгіме туып, менің төре екенімді естігенде Тұрсекең:

– Мұны маған бұрын неге айтпадың? – деді.

– Оның қажеті не, айтқанда не болатын еді? – дедім мен.

– Мен Сәбенді (Сәбит Мұқановты айтып отыр) жақсы көремін ғой. Ал ол үстем тапты өте ұнатпайтын, – деді күлімсіреп.

Мәскеуде аспирантурада оқып жүрген кезімде Тұрсекең Ресейді аралап шығуды ойға алғанын, жақында Мәскеу арқылы жолға шығатынын айтып, телефон шалды. Вокзалдан күтіп алып, қонақүйге орналастырдым. Кешке әйелім Қарлығаш дастарқан жаюға дайындалу үстінде еді. Мәскеудегі ғылыми жетекшімнің кім екенін сұрап білген Тұрсекең ол кісіні де дастарқанға шақыруды тапсырды. Сөйтсем, олар бір-бірін ертеден танитын болып шықты. Кеңестік көпұлттық әдебиет тарихын жазу кезінде танысқан екен. Сонан бері түрлі жиындарда, әдеби кештерде бір-бірін көріп жүрген олар ұзақ отырып сыр шертісті. Тақырып – түркі халықтарының әдебиеті, болашағы, қазіргі мән-жайы...

Түркі халықтарының әдеби жағдайы Мәскеуде тұтастай жинақталып отыратындықтан болар, қай елдің қандай жағдайын басқа қашықтықтан қараған, ненің барын, ненің жоғын, басқаша айтқанда, кемшіліктері мен жетістіктерін біршама айқын көреді екенсің, екі ұстазымның қызу әңгімесінен осыны ұқтым. Өз еліне ара-сыра әртүрлі көзқараспен қарау да керек екен.

– Сол үшін де, ел-елді, жер-жерді көруді мақсат еттім. Өрі көріп жаяу жүріп аралаймын, – деді Тұрсекең. Мұны Халық ағай да мейлінше құптап отырды. Осыдан бастап Тұрсекең шын мәнінде саяхатшы болып алды. Кеңестер Одағы кезінде ол кісінің бармаған жері, баспаған тауы кемде-кем шығар.

Өз қазанында қайнай берудің түбінде өрісі тарылатынын Тұрсекең бар болмысымен сезінген адам.

Мәскеуден келіп, Алматыда жаңа өмірді бастап кету бізге, жас отауға, оңай бола қойған жоқ. Үй жоқ, жұмыс шешіле қоймады. Әсіресе жарым Қарлығаштың жұмысқа тұруы қиын болды.

Ол кезде Тұрсекең ҚазМУ-дың сырттай филология факультетінің деканы болатын, Қарлығашты менің әйелім деп қана емес, талантты шәкіртім деп білетін ол кісі. Себебі диплом жұмысына Тұрсекең өзі жетекші болып, болашағына үміт артатын. Оның да ғылымға келуіне менің жағдай жасауымды ескертіп отыратын.

Осындай бір күні ағай Қарлығаштың деканаттағы босаған бір орынға орналаса беруін дұрыс санап, өтініш жаздырып, оқу ісі жөніндегі проректорға жіберді.

Барса ол бастық өтініш берушінің екі жас баласы барын біліп, жұмыстан жиі қалатын боларсың деп жолатпайды. Сонда Тұрсекең ести сала Қарлығашты ертіп барып, «баласы бар әйел жұмыс істемеуі керек пе, бұлардан да ғалым шығады», – деп, қағазына қол қойдырып шығады. Сол Қарлығаш – қазір ғылым докторы, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер.

Асылы, Тұрсекең қамқор болған шәкірттерінің бәрі дерлік ғылымда, қоғамда өз орнын тапты. Бұл – ұстаздың шәкірт бойындағы жылт еткен қабілетті өсіріп, өркендетіп жіберетін қасиетінің айғағы. Жалпы ол кісі «болашақта бір пайдасы тиер», «осыдан бір қайтар» дейтін оймен жақсылық жасамайтыны айдан анық еді. Бұл әрекетінің бәрі де оның азаматтық, кісілік, ұстаздық болмысының шынайы табиғи көрінісі болатын.

Тұрсекең шын мағынасында үлкен ұстаз, айрықша тұлға, шындық пен әділдікті іздеген ғалым еді.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тұтастай бітімі, өнерлік өресі, көркемдік ізденістері, ең соңында әлемдік әдебиет күмбезінен өзіне белгілеген межесі туралы қазір әртүрлі пікірлер айтылуда. Оның бір парасы әдебиетіміздің таптық, партиялық принциптерімен шектелген тұстарына үңіліңкіреп, сүреңсіз, бірыңғай саяси жүйенің жемісі ретінде көрсету орын алса, екінші бір жағынан қазақ әдебиетінің бұрын-соңды болып көрмеген жанрлық, көркемдік ізденістерге барып, мазмұн жағынан да, түр жағынан да ғажайып жетістіктерге қол жеткізгенін тілге тиек ету еді.

Бүгінгі күні бір мәселе анық деген ойдамын. Кешегі кеңестік дәуірде қазақ әдебиеті идеологиялық қызмет атқара отырып барша қоғамның тыныс-тіршілігіне, сана-сезіміне, әлеуметтік болмысына, ой-түйсігіне, қысқасы, рухани өмірге тұтастай дендеген, жан дүниемізге мейлінше әсер еткен құбылыс болғанын ешкім де жоққа шығармайды. Иә, саяси жүйе әдебиетті керек етті, керек етіп қана қойған жоқ, оған бағыт-бағдар көрсетті, ал өз кезегінде әдебиет толық мағынасында қоғамға қызмет етті. Асыра сілтеу де болмай қалған жоқ, артық кеткен тұстар да көп болды. Сонымен бірге қазақ әдебиеті дүниежүзілік әдебиет үрдісіне лайық XX ғасырдағы өнер ретіндегі өз миссиясын да толық атқарды.

Қазір әлем әдебиеті терезесінен қазақ әдебиеті тарихына қомсынбай қарауға толық негіз бар. Себебі әдебиетті әдебиет ететін ұлттық ерекшелік пен жалпыадамзаттық, дәстүрлік пен жанашылдық, мазмұн мен соған лайық түр, форма ізденушілік ұғымдардың қай-қайсысын да төл әдебиетімізден көре аламыз. Бүгінгі күні қазақ әдебиетінің осындай бір күрделі, жауапты тұлғалар үшін қауіпті болған кезеңінде барша қалам-қарымымен еңбек еткен Тұрсынбек Кәкішұлы туралы, ғұмыр-тіршілігі туралы ой толғағанда осы жайттар алдымен ойға оралады.

Бұған себеп болған жағдай, әрине, Тұрсынбек ағамыздың ұлан-ғайыр еңбегі, әдебиет туралы толымды пікірлері. Оның үстіне менің өз басымды осындай ойға жетелеген тағы бір мәселе бар. Ол Тұрсекеңнің кісілік, ғалымдық, өз принциптеріне деген табандылық, ойға алған мақсатын жағдайға қарай жұлым-жұлымын шығармай жеріне жеткізетін қасиеттері. Асылы, талай-талай талантты суреткерлеріміз бен ғалымдарымызды XX ғасырдағы идеологияның екпіні қанша жерден қыспаққа алғанымен, оларды өз ұлтының, өз халқының мақсат-мүддесіне қызмет ету ниетінен ажырата алмаған. Бүгінгі күні қазақ әдебиетінің көгілдір күмбезін көтерген тамаша қазақ қаламгерлерінің аға буынында осындай қасиеттердің бар болғандығынан да біз қазір тұтастай ұлт болмысын, қазақ бітімін, басқаша айтқанда, бізді біз ететін куәліктерді төл әдебиетіміздің қуат күшінен сезінеміз, рухани нәр аламыз.

Профессор Тұрсынбек Кәкішұлы қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиет үрдісінің ажырамас бөлшегі болып қалыптасуына, әдебиеттің кәсіби, профессионалдық деңгейінің жоғарғы межеде дамуына, сөйтіп, дүниежүзілік жалпыадамзаттық белгі-бедерінің ұлттық болмысымыздан тамыр тартуына бір адамдай үлес қосқан айтулы ғалым, ерекше тұлға. Мен өз басым I курс студенті болғаннан бастап Тұрсекеңнің шәкірті болдым. Әрине, лайықты шәкірт бола алдық па, жоқ па, ол басқа мәселе. Айтқалы тұрғаным, Тұрсекеңді өмірде бір білсек жағдайға қарай жатып жастық болатын, қоғамға қарап күні бұрын қамданып қалатын адамдардан емес екендігі. Қазақтың тамаша ақыны Әбділда Тәжібаевтың «...аппақ пейілі ақаусыз, кісілік пен кішілігі жарасқан ірі азамат деп таныдым» дегеніндей, Тұрсынбек ағамыз адамдық қарым-қатынаста ғана емес, әдебиеттанудағы ой-пікірінде де осы принципті ұстанған ғалым. Өзінің көзі жеткен, ғылыми екшеуден өткізген ой-пікірдің нәтижесін барын бар, жоғын жоқ деп айтуды азаматтыққа сын деп түсінеді. Айтылған пікірдің біреуге ұнау, не ұнамауына қарап емес, ғылыми принципке адалдығын сақтауды бірінші кезекке қояды.

Иә, ғылымның асыл мұраты шындықты талмай іздеу, ақиқатқа көз жеткізу, бұл қағиданы қай қоғамда да ешкім жоққа шығарған емес. Алайда бұл жолды іс жүзінде берік ұстау да екінің бірінің қолынан келе бермеген. Себебі ақиқаттың жолы қашан да ауыр. Тұрсекең – шындыққа көз жеткізу үшін архивтік деректерді сөйлетуді жас кезінен дағдыға айналдырған ғалым. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтен дәріс алғаннан кейін көп ұзамай әдеби үрдістің құпиясы мен қызығы архивте жатқанын аңғарады. Ал ол кезде әдебиетші

ғалымдардың бірен-сараны ғана болмаса, архивпен жұмыс істеуге бара бермейтін.

Асылы, Тұрсекеңнің тумасынан тура айтатын мінезі оның архивке жүгіну дағдысын қалыптастырған деген ойдамын. Ғалымның барлық еңбектерінде тарихи, архивтік құжаттардың сөйлеп тұратыны кездейсоқ құбылыс емес. Ол тұп-тура Тұрсекеңнің мінез қырларымен ұштасып жатыр. «Не керек, архив документтері менің жан дүниемді кеңейтіп, мүлде бір жаңа өлкеге алып кеткендей сезіне бастадым» деп жазған еді ғалым өз сөзінде.

Әдебиеттегі небір қызықты оқиғалар мен суреткер тағдырына қатысты деректерді талмай іздеу Тұрсекеңді Ақмола, Қызылжар, Уфа, Қазан, Ленинград, Мәскеу, Ташкент, Орынбор қалаларының бай архивтеріне ұзақ-ұзақ мерзіммен іссапарға шығуға жетеледі. Осы тұста Тұрсекеңнің зерделі зерттеуші ретінде айналадағы құбылысқа ой көзімен қарайтын тамаша қасиеттері шындала түсті деген пікірдемін. Бұлай деуімнің себебі Тұрсекең талай жерді аралап жүргенде архивтермен ғана шектеліп қалмай, сол елдің тыныс-тіршілігін, салт-санасын, мәдениетін дөп басып, дәл тануды зерделі деңгейге көтерді. Сөйтіп, Қиыр Шығыс, Қытай, Моңғолия, Иран Түркия т.б. жерлердегі қазақ диаспорасының рухани әлеміне де бойлай енді.

Қырыққа жуық кітап жазған қазақ әдебиеттану ғылымында Тұрсекеңдей ғалым бірді-екілі ғана. Әрине, ғылыми еңбек санмен емес, сапамен бағамдалатынын ескерсек, бұл жерде толымды-толымды тақырыптарды сан тарауға тармақтап алып кетуге болады. Бұл жұмыстың алда атқарылатынына да сеніміміз мол.

Ал бүгінгі әңгіменің арқалайтын жүгі шектеулі болғандықтан, бірер маңызды мәселелерді жинақтай айтуды жөн көрдім.

Алдымен айтарым, қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі саласының бірі – сын жанрында Тұрсекеңнің салған ізі сайрап жатыр. Сын – әдеби үрдістің өн бойымен өрелесіп отыратын жанр ғана емес, ол көркемдік дамудың, ой-сананың, шеберлік ізденістерінің де тарихы. Сыншы болу – бір адамға жетерлік жүк. Тұрсекең сыншы болып қана қойған жоқ, сынның тарихын, қазақта сыншыл ой-пікірдің дамуын іргелі ғылым деңгейіне көтеруге бар күш-жігерін жұмсады. Жоғары оқу орнында сын тарихы арнайы пәнге айналды. Әдебиеттанудың үлкен бір бұтағы түгелденді.

Иә, менің осынау бірер сөйлемге сыйдырған тұжырымдаманың астарында ондаған кітап, монографиялық зерттеу, оқулық, мақалалар, сарылып іздеген деректер жатыр... Қазір әдеби жұртшылық мойындаған, ғылымда қабылданған, бірақ кезінде қиындықпен, тартыспен, ізденіспен енген ұғымдар жатыр... Оның азабы мен шығармашылық рақаты – басқа бір әңгіменің тақырыбы.

Тұрсынбек Кәкішұлының қазақ әдебиеттану ғылымында келесі айрықша қалам тартқан саласы – XX ғасырдың алғашқы артысындағы қазақ әдебиетінің мән-жайы. Баршаңызға мәлім, бұл қазақ әдебиетінің мейлінше саясаттандырылған, шиеленіске дау-дамайы көп кезеңі болды. Әдебиет идеологиялық майданның объектісі еді. Осындай қым-қиғаш құбылыстың ішінде жеке-жеке суреткер тағдыры тұрды. Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Сабыр Шәріпов, Жиенғабыл Тілепбергенов, Елжас Бекенов, Саттар Елубаев тағысын тағылар. Бұлар алыптар еді. Қазір біз солай дейміз, солай қабылдаймыз. Ал алпысыншы жылдары бұларды оқырманға қайта табыстыру, шығармаларына жаңаша үңілу, қысқасы, алыптың алыптығын дәлелдеу қажет еді. Тұрсекең бұл іске бел шешіп қана кіріскен жоқ, оған ардың, намыстың ісі, төл әдебиетіміздің мерейі деп қарады. Соны әдебиеттануда орнықтырды. Пендешілік тұрғыдан түсініктеме беретіндерге төзбейтін мінез танытты. Ойдан, қырдан тапқан бірер деректер арқылы өресі тар, сенсация қуған ағайындарға дер кезінде басу айтты. Ондағы өнегесі қай нәрсені де, қай құбылысты де дәуір, заман, уақыт контекстінде тұтастай қарауға, мезгіл бейнесін тұтас тануға шақыру еді.

Жоғарыда аты аталған алып тұлғалардың ішінен Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановты жеке дара бөліп айтудың жөні бар. Себебі Тұрсекеңнің шығармашылық жолында бұлардың белесі маңызды болды. Жалпы, Сәкен Сейфуллин – Тұрсекеңнің ұзақ жылдар бойы жалықпай іздеп, заман талабына сай жаңаша толғанып отыратын тақырыбы. Қазір сәкентану тұтас әдебиеттану ғылымының бір тармағына айналды. Сәкен шығармалары дәуір, тарихи

шындық және көркемдік қиял, шеберлік ізденістері тұрғысынан жүйелі түрде сараланды. Ал 1972 жылы Мәскеудегі «Молодая Гвардия» баспасынан «Жизнь замечательных людей» сериясынан орыс тілінде шыққан «Сәкен Сейфуллин» кітабы сол тұстағы мәдени өмірдің айтулы оқиғасы еді. Түркі халықтарынан бұл тізбеге енген тұңғыш кітап сол болатын.

Ал Сәбит Мұқанов туралы Тұрсекеңнің сүбелі еңбектері – жазушының суреткерлік келбетін, көркем шығарма жазудағы деректік мәліметтердің түрленуін, жалпы жазушы зертханасын жайып салатын зерттеулер. Бірақ Тұрсекең Сәбитті өз заманымен қосып жаба салғысы келетіндерге, болмаса құндылығы, рухани сұранымы өзгерген бүгінгі қауымға теріс түсіндіргісі келетін ағайындарға аза бойы қаза тұрып қарсы шықты. Мұнан шығатын тағы бір маңызды тұжырым – рухани дүние зерттеуді ғана емес, қорғауды да қажет етеді екен. Тұрсекең Мағжан, Сәкен, Сәбит есімдеріне байланысты мұндай да маңызды миссияны абыроймен атқарды.

Досан БАЙМОЛДАҰЛЫ,
*физика ғылымының (PhD) докторы, академик,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры*

ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ, ҚАЙРАТКЕР АҒА ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ

Белгілі әдебиетші-ғалым, академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы ағам жайлы алғаш рет оның шәкірті болып келетін әйелім Ботагөзден естідім. Ботагөз сол заман Алматыдағы Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби) Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін 1973-1978 жылдары оқып бітірген. Естүімше, Тұрсынбек ағамыз сол жылдары Моңғолиядан Қазақстанға оқуға келген этникалық қазақ жастарына аса қамқор болып, ақыл-кеңесін аямапты. 1992 жылы атажұртқа көшіп келгеннен соң, бір үлкен жиында ағаны алғаш кезіктіріп, танысқан едім. Сол жолы Ботагөзді өзінің қызындай көріп, мені «күйеу бала» деп шақырған кезде «аға, сіз менің рулас ағамсыз, мен сізге күйеу бала емес, іні боламын, ал сіздің шәкіртіңіз Ботагөз сізге келін болады» деп өзімдікін жөптеп сәл қызарақтағаным бар.

Тұрсекең сол жолы «Досан бауырым, сен ренжіме! Ботагөзге мен 5 жыл бойы қазақ әдебиетінен сабақ бердім. Оқуға ынталы, тәрбиелі шәкіртім болды. Тіптен Моңғолиядан келген Ботагөз, Қибадет бастаған екі-үш қыздың Моңғолияға қайтпай осында қалғанын іштей тілеп, курсында бірге оқитын жігіттерге қарата: «Моңғолиядан келген осы қыздарды алып қалыңдаршы деп қанша айтсам да, бір де біреуі тілімді алып, тыңдамады ғой» деп қарқылдап күлгені бар. Міне, Тұрсынбек Кәкішев ағам осындай ашық, ақкөңіл, әңгімешіл адам ретінде есімде қалды.

Прагадағы «Азаттық» радиосындағы қызметім Алматыға ауысып келгеннен кейінгі уақытта Тұрсекең жайында небір жақсы пікір, сөздерді естіп жүрдім. Әсіресе шетелден көшіп келген қазақтарға, қазақ жастарына қамқоршы болып, ақыл-кеңесін аямай, қолынан келгенше қолдап, демеп жіберетін жақсы қасиеті бар аға деп айтылатын-ды.

Сондықтан бірде ағаны радионың хабарларына тарту, сөйлету қажеттілігі тұрғысынан хабарласқанымда, өзінің «Азаттық» радиосының қазақ тіліндегі хабарларын үнемі тыңдайтындығын, сондағы азаматтарға дән риза екендігін айтқан еді. Шынымды айтар болсам, ол заман қоғамдағы небір күрделі мәселелерге байланысты өзінің айтайын деген ойларын ешкімнен қорықпай, ашық, батыл айта алатын Тұрсекең секілді ғалым, Болатхан Тайжан секілді күрескер адамды қазақ қоғамынан таба қою қиын кез болатын.

2008 жылы «Азаттық» радиосындағы қызметімді аяқтап, Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің шақыруымен халықаралық журналистика кафедрасына оқытушылық қызметке барған кезім. Бір күні университетте Сәкен Сейфуллинге арналған республикалық конференция өтетіндігі, басты баяндамашы Тұрсынбек Кәкішев ағам туралы жарияны көзім шалды. Конференцияны қызықтап тыңдайыншы деп залға кіргенім сол конференцияның

басты баяндамашысы әдебиетші-ғалым Тұрсынбек Кәкішев ағам сөйлеп тұр екен. Залға жиналған адамдар тым-тырыс, бәрі Тұрсекеңе қарап қалған. Залға жиналған жұртшылық, негізінен профессор, оқытушылар қауымы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы жайында зерттеу кітаптарын жазып, Сәкентану ғылымының негізін қалаушы Тұрсынбек ағаның баяндамасын тыңдап болған соң, бірден өздері жауабын біле алмай жүрген сан түрлі сұрақтарға көшті. Тұрсынбек аға шешіле сөйлеп, терең ойлы жауаптарымен отырған елді риза етті. Ағама деген менің құрметім шексіз болды. Конференция арасында үлгеріп, ағаның қолын ұстап, құттықтадым.

Бұдан кейін Тұрсекең ағаммен жиірек кездесетін болдым. 2010 жылдан бастап халықаралық «Ер-Жәнібек» қоры құрылып, сол қордың төрағасы болып сайланған Тұрсынбек ағамен қор құрылтайшыларының бірі ретінде қоян-қолтық, тығыз жұмыс істей бастадым. Тұрсекеңнің басқаруымен алғашқы басқосуымыз Алматыдағы қордың кеңсесінде өтті. Бір байқағаным – Тұрсекең тек қана әдебиетші-ғалым ғана емес, сондай-ақ менеджерлік қабілеті бар шебер басқарушы екен. Әр жолғы басқосуда «Өз ішімізден бөлініп, ырың-жырың болмайық. Қазақ елінің ынтымақ-бірлігін жоғары ұстанып, батыр бабаларымыздың бізге тартқан сыйы, осыншама кең жерді келер ұрпақтарға түгелімен сақтап қайтару жолында бірлесе жұмыс атқарайық» дейтін еді.

Келесі бір басқосуымыз Алматы маңындағы Бұтақты (Бутаковка) сайында қазақ этно-ауылының құрылуына орай «Ер-Жәнібек» қорының президенті Тұрсекең бар, мүшелері біздер бармыз – бір топ адам сонда жиналды. Осы сайдағы қазақ ауылын құрушы Моңғолиядан көшіп келген Аятхан ағаны бұрыннан танимын. Моңғолия астанасы Ұланбатыр қаласындағы өндіріс комбинатында бас инженер болып қызмет істеп тұрған кезінен араласып жүрдік, Ботагөздің нағашы ағасы. Сол күні қой сойылып, ет асылып, қымыз ішілді. Әңгіменің тізгінін өз қолына алған Тұрсекеңнің адамды еш жалықтырмайтын неше түрлі тақырыпта айтатын қызықты әңгімелерін тыңдаудың өзі бір ғанибет еді. Әсіресе бүгінгі қазақ қоғамындағы келеңсіз жайттарды айтқанда жаны қапаланып, осыған жол беріп отырған шенеуніктерді аямай сөгуші еді. Қазақ даласында туған үлкен ғалым бола тұра, нағыз демократ болатын.

Ағамыз сәл сырқаттанып қалып, қорды басқаруды медицина ғылымының докторы, профессор Мақсұт Темірбаевқа тапсырды. Өзі халықаралық «Ер-Жәнібек» қорының құрметті төрағасы болып қалды. Тұрсекең ағаның көңілін сұрай барғанымызда Күләш жеңгеміздің қолынан талай дәм татып жүрдік. Барғанымызда ағамыздың қызықты әңгімелерін тыңдап, күлкіге қарқ болып қайтатынбыз.

2015 жылы қыркүйек айында Тұрсынбек ағам 89 жасында өмірден өтті. Ол қазақ руханиятына мол қазына қалдырды. Ғалым, ұстаз ағаның 90 жылдығына орай Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Тұрсынбек Кәкішев атындағы «Ғалым залы» ашылып, сонда «Ғалым, ұстаз, қайраткер» деген тақырыпта ағаны еске алу шарасы өтті. Алматыдағы М.Әуезов атындағы театрда Тұрсынбек ағаны еске алуға арналған салтанатты жиынға Ботагөз екеуіміз де қатыстық. Біртуар асыл ағамыздың бейнесі әрқашан біздің жүрегімізде. Асыл ағамның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Күләш АХМЕТ,
филология ғылымдарының докторы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

КӘКІШЕВ ЖӘНЕ КазГУ

Тұрсекең – Тұрсынбек Кәкішев КазГУ-дегі оқытушылық қызметті толық жүктемемен 1968 жылдың 26 ақпанынан бастаған...

КазГУ.

КазГУ оған дейін-ақ Кәкішевке жоғары білім ғана емес, ғылымға да ең алғаш бағыт-бағдар берген киелі шаңырақ болатын. Тұрсынбек Кәкішев қазақ әдебиеті кафедрасына келгенде

жүрегі жарыла қуанған да, құшақ жая қарсы алған да ұстазы Бисенбай Кенжебаев болыпты. Себебі ұлы ұстазының «КазГУ балалары ғылымның соңғы жаңалығынан хабардар болуы керек» деген принципі Түрсекеңе құрықты 1964 жылы-ақ салып жіберген екен. Ғылыми ортаны өзінің «Қазақ әдебиетінде сын бар. Ол қазақтың халық ауыз әдебиетінен бастау алады» деген ғылыми жаңалығымен елең еткізіп келген шәкіртіне: «Тұрсынбек-ау, сол айтып жүргендерінді біздің балаларға өзің түсіндірші, – деп қолқа салған. Ұстазының бірауыз сөзін жерге тастамай, шәкірті де келісе кеткен. Содан екі жылдай жалақысыз дәріс берген. Оны Түрсекең: «Бисекеңнің еңбегімді елеп жатқанына мен мәзбін, балаларым ғылымның соңғы жаңалығынан хабардар, – деп Бисекең мәз дегенді рақаттана еске алатын. Осы заңсыздықты ректор 1966 жылдың май айында ғана заңдастырыпты.

Енді сол шәкірті өзі басқарып отырған кафедраға басыбайлы келгенде жоспарлы жүктемесіне қоса студенттердің әдеби үйірмесін де қанжығасына байлап берген. Академияны азан-қазан шулатып келген шәкіртінің «жаптым жала, жақтым күйенің» құрбаны болғанына қанық ұстазы білімдінің мыңды үйіретін білімін дәлелдейін деді ме әлде үйірме болғанымен жалықпай үйрететін жетекші жетпей жүрді ме – қалай болғанда да факультеттің талантты студенттерін үйірмеге үйіріп, Түрсекеңді соларға жетекші етіп қойған.

Жаңа орындағы жұмысбастылығына қарамастан, Сәкен жөніндегі зерттеуін де бір сәтке үзбеген. Соның нәтижесінде КазГУ-ге келген бойда 290 беттік «Қызыл сұңқар» тарихи-әдеби очеркін бас-аяғы үш айдың ішінде баспадан шығарған. Аяқ алысын сырттай қадағалап жүрген «достары» көрші кафедрадан сыбайлас тауып, тырнақ астынан қанша кір іздеткенімен, қазақ жылқы кісінескенше демей ме?.. Түрсекеңнің мінезіндегі қайсарлығы, әдетіндегі тазалығы, екі тілде еркін сөйлейтін ораторлық қабілеті, сыртқы мәдениетіне әр беріп тұрған ішкі азаматтық қасиеті, ең бастысы, үнемі ізденіс үстінде жүретін білімі – осының бәрі сын көзді де, жел сөзді де көкке ұшырған.

Баспасөзде алпыс тоғызыншы жылға дейін белсенді болған Түрсекең бір жылдай сәл дамылдаған. Сол уақытта өзінің сүйікті хоббиінен де, негізгі зерттеу объектісінен де қаламын суытпаған ғалым М. Ғабдуллин, М. Қаратаев және одақ көлемінде танымал Әзірбайжан ғалымы К. Талыбзаделердің оппоненттігімен докторлық диссертациясын абыройлы қорғап, оны Мәскеу де дер кезінде бекіткен.

Содан кейін жыл аралатпай кітаптан кітап... КазГУ-дің ғалымдарына кітап шығару таңсық болмағанымен, кітаптың да кітабы бар. Түрсекеңнің Орта Азияны былай қойғанда түркітілдес ұлттар арасынан бірінші болып көш бастап Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасының «Тамаша адамдар сериясынан» (ЖЗЛ) «Сәкен Сейфуллинді» (1972 ж.) шығарғаны тек автор үшін ғана емес, КазГУ үшін де абырой болғаны анық. Себебі кітаптың ең құнды байлық есебінде қадір-қасиеті артып тұрған кезі. Оның үстіне қорғаған докторлық диссертациясы қазақтың әдебиетінің ғана емес, ғылымының керегесін керіп, кеңейтіп жатса, Ұлттық ғылымға қосылған одан артық қандай үлес болуы мүмкін?! Бұл – бір. Екіншіден, ғылыми жаңалығы әдебиет институтын шаң қаптырып КазГУ-де орындалуы – КазГУ үшін ғылыми жетістік! Абырой! Оны терең білімнің де, нағыз ғылымның да қасиетін өте жақсы түсінген сол кездегі ректор Ө.А. Жолдасбеков бағалаған. Түрсекеңді елдің «кеше ғана келген» дегеніне де, «жер астынан жік шықты» дегеніне де қарамастан, кафедра, факультетті басқару ісіне тарта бастаған.

КазГУ-дің тарихында ректорлардың ішіндегі жұлдызы ең жарығы да, шоқтығы ең биігі де, әрине, Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков! Ол – даусыз. Сондықтан да Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков деген аты КазГУ-мен де, КазГУград қалашығымен де егіз!

Ө.А. Жолдасбековтің ешкімге ұқсамайтын азаматтық позициясы туралы аңыздай айтылатын ақиқат көп... Соның ең бастысы – кадр таңдаудағы принципі. Ешкім қайталай алмайтын батыл қадамдары. Фактіні алыстан іздей-ақ Түрсекеңе қатысты шығарған бұйрықтарының кейбірін сөйлетсек те жетіп жатыр. Кезекті еңбек демалысына шығып бара жатқан факультет деканы Кәкен Ахановтың орнына доценттігін кеше ғана алған Кәкішевті декан етіп тағайындауы... Не болмаса шығармашылық ұзақ демалысқа шығып бара жатқан Б.Кенжебаевтің орнына «и.о. зав. кафедрасы Т.Какишев» деп шығарған бұйрығы... Кеңестік

жүйенің тәртібі ме әлде Өмірбек Арысланұлы ұстанған темірдей тәртіп пе, шығарған бұйрықтарында айлығына қосымша үстеме ақысы да ашық көрсетіліп отырған.

Жоғары оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі абитуриенттерді студент қатарына қабылдау ғой. Қашанда талантты абитуриенттердің жолы болғанын қалайтын ректор Тұрсекеңнің тазалығын ұнатты ма, жоқ әлде талантты балдарды іріктеудегі батыл қадамдарын ұнатты ма – ол бір өзіне ғана аян. Бізге белгілісі, Тұрсекең университеттің қайнаған науқандық жұмыстары тұсында Ө.А. Жолдасбековтің сенімді серіктерінің біріне айналған.

Бір жылдың еңбек демалысы екінші жылға қосылып «шаршаған» Тұрсекең кезекті бір демалысын ерте қамдап, алысқа кетіп қалған кезі де болыпты. Бірақ дем алып жүрген жерінен де, ем алып жүрген жерінен де жер шалғайлығына қарамастан, ректор шақыртып алған. Солай жаздың жайлы демалыстарынан қағылған Кәкішев есесіне қазақтың талай талантты балаларының жолын ашқан. Бүгінгі бас алаштанушы, әуезовтанушы Тұрсын Жұртбай мен атағы да «Манас» жырындай ұзыннан ұзақ, өзі де қазақтан шыққан тұңғыш және жалғыз манасшы Баянғали Әлімжанов Тұрсынбек Кәкішевтің шапағатын көрген мыңдардың бірі ғана... Бала бойындағы талантты жазбай танытын қасиеті Тұрсекеңді талай заңсыздықтарға да апарған. Соның көбіне куә болған марқұм Алма апай мейірімін төгіп отырып әңгімелеуші еді...

Кадр таңдаудағы талғампаз ректордың Тұрсекеңе деген сенімінің сыйластыққа ұласуы КазГУ қабырғасындағы ректорат тарапынан қаптаған бұйрықтардың орындалуының ғана жемісі емес. Искерлік қабілеттен ешкімге есе жібермейтін ректор Тұрсекеңнің қабілетіне көрік беріп тұратын білімін бағалаған. Оған нақты дәлел облыстық, республикалық, одақ көлемінен ректордың атына түскен арнайы қатынас қағаздар. Ректор жан-жақты сұранысқа ие профессорының жұмысбастылығына қарамастан, емін-еркін жүріп-тұруына да жағдай жасаған. Оның үстіне Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы да республика көлемінде өтетін іс-шараларына ғана емес, одақтас республикалардың жазушылары мен сыншыларының одақ көлеміндегі жиындарына Кәкішевтің қатысуы қажеттігін хабарлай отырып, рұқсат етуін өтіне сұраған хаттарға Өмірбек Арысланұлының құлшына қойған бұрыштамасы – соның айғағы. Ректор солардың қай-қайсысына да оң шешім шығарған. Сол хаттардың ішінде Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры Евней Букетовтің де қатынас қағаздары сайрап тұр.

Қазақ әдебиетінің не ғылымының республикалық, одақтық деңгейдегі сөзін КазГУ-дің профессоры сөйлеп жатса, әрине, университет үшін де үлкен мәртебе. Ал үлкен трибуналардан ғылымның өзекті проблемасын көтеріп, оның шапағатын одақтас республикалардың ғалымдары да көріп жатса ше? Ол ғалымның ғана емес, ұлттың да мерейі ғой. Мәскеудің чиновник ғалымдарын КазГУ-дің филология факультетінен диссертациялық кеңес ашуға көндіріп, олжалы қайтса ше?!

Кеңес Одағы кезінде Мәскеудегі Ғылыми кеңес одақтас республика ғалымдарының басын қосып, көшпелі жиын өткізіп тұрады екен. Ашхабадта өткен сондай бір кезекті жиында сөз алған Тұрсекең республикаларда ғылымның өсіп-өркендеуіне ғылыми кеңестердің аздығы, сарапқа салатын кеңестің де Мәскеуге ғана байланғандығының кедергісін айта келіп, одақтас республикалардағы ғылыми бағытта оқытатын КазГУ сияқты жетекші оқу орындарында неге диссертациялық кеңес ашпасқа? Ол Орталықтағы ұзын-сонар кезекті де азайтады. Ал, шындығына келгенде, әр елдің өз тілінде жазып кеткен ата-бабасының мұрасын сол ұлттан артық кім біледі, сол ұлттың ғалымдарынан артық кім саралай алады, оны уақыт дәлелдеп отырған жоқ па деген көптің көк өзекті сұрақты ортаға тастап кеп жіберген. Тұрсекеңнің ұсынысын бірден жай отындай жарқылдатып іліп әкеткен Грузин ғалымдары болыпты. Ашхабадтың аспанында одақтас республика ғалымдарының күндей күркіреген дауысы Мәскеуге де жеткен... Жүйелі сөзді тарихи шындыққа негіздеп, теңселсе тау қозғайтын ғалымдар талап еткенде Мәскеу де құлақ асқан.

КазГУ-дің филология факультетінен ашылған диссертациялық кеңестің қазығын осылай қаққан Тұрсекең, ұйымдастыру жұмысының билігі төраға ретінде өз қолына тигенде баяғы өкпе-назды жиып қойып, әдебиет институтындағы үзеңгілестерін де Ғылыми кеңесіне шақырған. Тұрсекең де олардың ғылыми кеңестерінің белді мүшесі болған. Өзі ашқан

диссертациялық кеңесті Тұрсекең он шақты жыл басқарған. Ал ол төрағалық Тұрсекеңнен кейін Зекең-Зейнолла Қабдолов досына ауысты. Осындай ортаға салған ойы да, бастаған ісі де, ғылымдағы жолы да т.т. – бәрі де ең алғаш тыңға түрен салғандықтан ғой, тілеуқор достары да, адал шәкірттері де *Тұрсекеңді Мұзжарғышқа* теңегендері.

«Кезінде КазГУ-дің даңқты болуы республикадағы жалғыз университет болғандығынан ғана емес, Мәскеудегі МГУ-дің ғылыми бағытта оқытатын үрдісін ұстанғандықтан және сол дәстүрдің Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің ректорлығы тұсында құнарлана түскендігінде», – дейтін Тұрсекең. Ол кісінің КазГУ-ді басқарудағы әдісін классикалық үлгі ретінде көретіндіктен дәстүрлі жалғастық тапқанын қалайтын. Сол себепті білім, ғылымның жағдайын жақсы түсінеді-ау деген министрлерге өзінің ұсыныстарымен арнайы кіретін...

Оның нақты дәлелі КазГУ-дің бүгінгі ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев *Ғылым және білім* министрі болып отырғанда арнайы барған Тұрсекең, КазГУ-дің гуманитарлық факультеттерінің жанынан ғылыми-зерттеу лабораторияларын ашу керек деген ұсынысын айтқан. Бұл – 2009 жылдың 29 қаңтары. Істің мән жайын ұға қойған министр: «Жаратылыстану факультеттерінің практикасында бұрыннан бар үрдіс қой», – деп, қолма-қол шешіп берген. Факультетке қатысты мәселесінің тез шешілгеніне риза болған Тұрсекең: «Мәселені тез шешуіңе қарағанда сен істің көзін білетін дұрыс министр болдың ғой» деп қалжыңдап алды да, КазГУ-дің қадір-қасиетін арттыратын маңызды ұсынысын айтты...

КазГУ-дің абыройлы болуы талантты студенттердің талғамында ғана емес, білімімен таңғалдырып, кісілігімен тамсандыратын ұстаздарында деп білетін Тұрсекең соңғы жылдары оқытушы құрамының біліктілік деңгейінің төмендеп бара жатқанына қатты алаңдайтын. КазГУ-де қызмет істегісі келгеннің емес, қызмет істеуге лайық кадрдың жүргенін қалайтын. Ө.А. Жолдасбековтің «Кадр базовый білімді КазГУ-де алуы керек» деген негізгі ұстанымын қолдайтын, оның өзіндік артықшылығын да айтып отыратын... Кезінде КазГУ Мәскеу мен Ленинградтың жетекші оқу орындарының түлектеріне ғана мойын бұрғаннан ұтқанын айтатын. Бүгінгі заман ағымымен Егемендік Батыспен байланысты арағайынсыз тікелей араласуға мүмкіндік туғызғанда, біреулердің тықпалаған төбелеріне тамсанбай, өзіміздің тау тұлғаларымызбен оларды таңғалдырайық деп ұлттық деңгейден қарайтын.

Тұрсынбек Кәкішев өмірде болсын, ғылым жолында болсын ешкімнің ізімен ешкімді қайталаған ғалым емес. Не зерттесе де тыңға түрен салған ғалым. Бастаған ісін орта жолда тастап кете салмайтын қасиеті кандидаттық зерттеу жұмысынан басталған ғылыми тақырыбын докторлық диссертацияға ұластырып, оны жоғары оқу орнында оқытудың программасын жасап, оқу құралын жазып, оны оқулық деңгейіне жеткізген ғалым. Бұл, біріншіден, ғылыми жетекшісі Есмағамбет Ысмайыловқа деген құрметі. Екіншіден, КазГУ алдындағы өзінің ұстаздық борышы.

Тұрсынбек Кәкішев еш уақытта оңай жолды таңдамаған. Бұл туралы өзі де: «Еңбекпен, маңдай термен алатын атақты алдым. Ал қулық, сұмдық араласып, сайлаумен келетін атақ менде жоқ», – дейтін. Шәкірттерін де мүмкіндігінше өзіндей табанды, шыншыл, Азамат болуға баулитын. Өзі сияқты ұлттың сөзін айтып, қара қылды қақ жарып жүрген шәкірттері де бар. Ақырын жүріп ғылымын дамытып, азаматтық келбетін сақтап жүрген шәкірттері де бар. Адамды тұрмыс билеген заманға тап болдық деген желеумен, бетінің арын белбеуіне бұған шәкірті де бар...

Тұрсекеңнің «профессор үшін лекция оқығаннан артық рақат жоқ» дегенін талайлар естіген шығар-ау. Өмірбек Арысланұлы: «Ағасы, сіздің қарсы болатыныңызды білемін, бірақ лайық кадр тауып алғанша факультетті бір иығыңызбен тірей тұрыңызшы» дегенін араға неше жыл салып айтса да, өзгеріссіз, дәл осы күйінде айтатын. Кәкішевтің бір иығымен тірей тұрған декандығы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына тап келген. Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков ректорлықтан түскенше Тұрсынбек Кәкішев те декандық орнында отырған. Себебі студенттерін сақтап қалуға жасаған Тұрсекеңнің батыл қадамдарын ректор қолдаған. Ал ректор ауысқанда арыстандай айбатты мінезге қалыптасқан Тұрсекеңе, жаңа басшының талабы да, ұстанған позициясы да ұнамаған. Сондықтан ректордың тапсырмасын

орындамаған. Кейбір декандар ректорат пен факультет арасында протокол тасып үргін-сүргін болып жүргенде филология факультетінің деканы оқытушыларын да, студенттерін де үрейге бой алдырмай, сабырға шақырған. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына филология факультетінен қанша студент қатысса да, соларды «шолақ белсенділердің» қанды шеңгелінен алып қалған... Ең бірінші инфаркты да сол кезде алған.

2020 жылдың 10 ақпанында КазГУ-де 10 студентті бірдей оқудан шығарған адам сенгісіз оқиға болды. Барлығы да мемлекеттік грант иесі әрі ер балалар. Филология факультетінде арпа ішінде бір бидайдай жүретін ұлдар не ғылымға, не өнерге бейім келетіні екібастан белгілі. Факультеттен аластатылған басқа да ер балдардың кейбірінің тағдыры неге әкеп соққанынан хабарымыз бар ма? Билігі бардың қулығы, мөрі бардың сұмдығы аядай кабинетте іске асқанымен, түпкі мақсат белгілі еді... Сол істің ақ пен қарасын ажыратуды факультет деңгейінде қалдырмай, ректорат құзырлы органдардың көмегіне жүгінгенде қордаланған талай былықтың беті ашылатын еді...

Факультетке келген ер балдардың әрқайсынан талантты көретін Түрсекең қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шұқытпай қызғыштай қорып жүретін. Оларды жетектеп кімге, қайда бармады? Кімге қоңырау шалмады? Президентке де хат жазған кезі болған. Талантты балдары «балалық» жасап қойса, соларды елден бұрын түсінетін де, түсіндіретін де өзі болатын. Әркез мінезді балдардың сөзін сөйлейтін. Олардың артық-кем балалығын да ақтайтын дәлелі де дайын тұратын. Ал ол балдардың проблемасы сабаққа қатысты болса жетектей ала жөнелетін. Ондайда өзін де құрбандыққа шалып жіберетін...

Әсіресе айтыскер Серік Қалиев, Дәулеткерей Кәпұлы, Балғынбек Имашевтар Түрсекеңнің тұсында еркін жүріп, бұла өскен балалар. Саяқ жүретін Мұхаметжанның талантын белден басқысы келіп азуын айға білеген бір ағайының қанды шеңгелінен аман алып қалған.

Түрсекең әрбір еңбек демалысынан кейін КазГУ-градына асығушы еді.

Түрсекең өзінің соңғы сапарына да білім алып, ғалым атанып, ел танитын, жұрт сыйлайтын деңгейге жеткізген қадірлі де қасиетті КазГУ-інен аттандыруын аманаттады. Ол солай болды да...

Өкініштісі, жанындай жақсы көрген КазГУ-іне жаңа ректоры болып министр болғанда да, елші болғанда да арнайы барып әңгіме-дүкенін құрып, көңілі толып жүретін филолог шәкіртінің келгенін, жаңа Қазақстаннан бұрын жаңа КазГУ болуға бет бұрғанын, КазГУ-град қалашығының жаңарып, жасарып жатқанын көрмеді.

II

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫ ЗЕРТТЕУ МЕН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ ҰСТАНЫМДАРЫ

Зұфар СЕЙІТЖАНОВ,
филология ғылымдарының докторы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры

АЛАШТЫҢ АЗАМАТЫ

Мен Тұрсынбек ағаймен жиырма төрт жыл бірге жұмыс істедім. 1990 жылы «Қазақ әдебиеті» кафедрасынан «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» бөлініп шығыпты. Менің кандидаттық диссертациям Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті жанындағы докторлық диссертация қорғайтын ғылыми кеңесте қорғалды (Төрағасы Т. Кәкішов екен). Өйткені ол кезде мен жұмыс істейтін М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында фольклор мамандығы бойынша қорғайтын ғылыми кеңес жоқ-ты.

Қазақ ұлттық университетінде қорғалған диссертация менің өмір жолыма бұрылыс жасады. Екі кафедраның меңгерушілері үлкен ғалым-профессорлар Т. Кәкішов пен З. Қабдолов мені жұмысқа шақырды. Сонымен, 1992 жылы ҚазҰУ-ге (доценттік орынға) ауысып келдім. Осыған дейін де Тұрсекеңнің жазған еңбектерімен таныс болатынмын. Ұлт жанды азамат халықтың өткен тағдыры мен тарихына ешқашан бей-жай қарап көрмеген және ұлттық құндылықтар мен елдің ертеңі үшін батыл пікір айтатын, толассыз жазатын. Ақпарат құралдары арқылы жиі сөйлейтін. Қалың қауым нағыз «от ауыз, орақ тілді» оқымысты ретінде білетін. Алдыңғы ағалары қуғындауға ұшыраған өткен ғасырдың елуінші жылдарының өзінде-ақ халықтың қалаулысына айналып үлгерген еді.

Аталған кезеңде қазақ мектептерінің саны азайып, қазақ тілінің қолданыс аясы тарыла түскен шақта Р. Бердібайдың «Ең үлкен мәдени байлық» (1956) атты үлкен шу тудырған мақаласын қолдаған адамның бірі Т. Кәкішов болыпты. Бұлардың алдында Әбділхамит Нарымбетовтың мақаласы жарияланады. Т. Кәкішов бастаған топтың «Тіл мәдениеті» мақаласы дер кезінде қолдау сөз болып шығады. Осы мақала туралы ғалым Р. Бердібаевтің өзі: «...Орталық Комитеттің жанындағы партия институты қызметкерлерінің сөзі болып шыққалы ерекшелуеу естілді, әсерлі болды» деп ризалық білдіре жазады. Тоталитарлық жүйенің «сара» саясатына қарсы пікір айту, қазақ халқының мүшкіл халіне жанашыр болып мақала жазу айтуға ғана оңай. Аталған аяулы азаматтарымыздың бастарын бәйгеге тігіп халқы үшін, ұлт үшін осындай жанкештілікке баруын білулері бүгінгі ұрпақ үшін парыз болуы керек. Себебі тәуелсіздік оңайлықпен келмеген. Бұл кешегі алаш қайраткерлерінің жолын жалғастыру деп айтсақ та артық емес.

Академик Т. Кәкішұлы біреулерге жақпай қалармын деген ойда еш уақыт болған емес. Ол әрқашан ақиқатын, турасын айтатын, әділдікті жақтайтын. Тұрсекеңдей ашыла-ашына сөйлеуге екінің бірінің жүрегі дауалай бермейтін. Өйткені Тұрсекең ешқашанда қара басының қамын ойлаған адам емес. Ғалым не айтса да, не жазса да халықтың мүддесін ойлайтын, ұлтының қамы үшін айтатын. Оның осындай бітім-болмысы дүйім көптің құрметіне бөледі,

тұғыры биік тұлғаға айналдырды. Әдеби сын жазған адам интеллектуалды, парасат-пайымы, терең білімі мен қажыр қайраты ұштасып жатпаса, діндеген мақсатқа жету оңай болмасы анық. Әдеби сын халық әдебиетінен тамыр тартатынын айтып, соны соқпақ салғанын да көпшілік жақсы біледі. Ғылым жолында өзіне де, өзгеге де қатал талап қоятын. Табандылық пен тереңдік Тұрсекеңнің басты ұстанымы болатын. Әсіресе, аспиранттар мен ізденушілерге тақырып бекіткенде бұрын сөз болмаған, зерттелмеген тың тақырыптарды қозғауды ескертетін. Басқаша айтқанда, проблемалық тақырыпқа жоғары деңгейде ғылыми еңбек жазуды талап ететін.

Қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуын зерттеуге орасан зор еңбек сіңіріп, бүкіл саналы ғұмырын ғылымның қиын жолына арнаған. Өмірінің соңына дейін осы мақсатынан айнымаған жігерлі ғалым еді. Оның қаламынан туған үлкенді-кішілі әрбір еңбектері тарихи-мұрағаттық деректерді молынан пайдаланумен ерекшеленді. Сондықтан, оқымыстының жазған зерттеулері мен ой-талғамдары дәлелді де дәйекті болуымен қызықты. Т.Кәкішов жазған көптеген зерттеулер мен оқу құралдары әдебиеттану ғылымының көкжиегін кеңейте түскені аян. Бұлардан басқа естелік-эсселері ғалымның тағы бір қырын айқындай түсері даусыз.

Әр уақыт ақиқатты ақ ту етіп көтеретін ғалым Сәкеннің жоқтаушысына айналып, «бүкпей боямай, қоспай айтатын» ұстаныммен әлденеше еңбектер жазуы және оларды тың деректермен қайта-қайта толықтырып отыруы – Тұрсекеңнің еңбекқорлығы, табандылығы. Ұстазы Е. Ысмайловқа деген ілтипаты да ерекше болғаны белгілі. Осы ретте өмірден озған біршоғыр (Е. Бекенов, Д. Ысқақов, Ж. Тілепбергенов, С. Шәріпов т.б.) қаламгерлер мұрасын жинап, толықтап халыққа қайта ұсынуды өзіне парыз санаған. Тұрсекең жол сапарға шығуды машығына айналдырған. Алаш қайраткерлерінің өмірге келген, оқыған, қызмет еткен жерлерін аралап көзімен көруі, Қазақстан, Омбы, Орта Азияның ірі қалаларындағы мұрағаттарды сүзіп шығуы, қазақ тарихына, мәдениетіне қатысты құнды материалдарды жинауы тек Тұрсекеңе тән жанкештілік еді. Сондықтан, жалаң жадағай сөйлемейтін ғалым еңбектерінде дәлме-дәйек молынан ұшырасып отырады. Осы арқылы шынайы, шындықты алға тартады. Ешкімге жалтақтап-жалбарынбай, күлбеттеліп-күмілжімей әділін айтудан ешқашан ауытқымай, тынымсыз еңбек студия үздіксіз үлгісін көрсеткен оқымысты.

Ғалым-ұстаз Қазақстанның әр түкпірінен келген, жақсы оқып бітірген бір топ жастарды М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жұмысқа орналастырады. Мұны қалай түсінуге болады? Біріншіден – қазақ ғылымының болашағын ойлағандықтан жасалған әрекет. Екіншіден – ұстаздың студенттеріне деген сенімі, қамқорлығы. Үшіншіден, ешкімді бөліп-жарып алаламайтын Тұрсекеңнің кісілік-адамгершілік қасиеті десек те болады. Айналып келгенде мұның бәрі ұлттың, халықтың қамы екені хақ. Көңіл шуағын ешкімнен аямайтын Тұрсекең ғылым жолына түскен қаншама адамдардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік етті. Мұндай жақсылықты көп адамға жасады. Өзі орналастырған шәкірттерінің көбі ұстаз-ғалымның сенімін ақтады. Бұл күндері олардың көпшілігі ғылым жолында абыройлы еңбек етуде.

Үнемі халық мүддесін алғы кезекке қоятын Тұрсекең бір кездері алаш арысы Ахмет Байтұрсыновтың мұражай үйінің «тағдыры тұйыққа тіреліп, тартып алу» қаупі төнген кезде арашашы болып, үлкен азаматтық көрсеткенін біреу білсе, біреу білмейді. Ұзақ уақыт есімі аталмаған, халқы үшін қан жұтқан адамның еңбектерін насихат етіп, ауық-ауық еске алып отыруды парыз деп білуіміз керек. Барды бағаламайтын әдетімізді қашан қояр екенбіз?

Тәуелсіздіктен кейін кеңестік кезеңде өмір кешкен Сәбит, Сәкен мұралары жайында арақидік ұшқары пікірлер айтылып қалған сәттер болған-ды. Мұндай кезде де Тұрсекең қарап отырмады. Осы қаламгерлердің мұрағат және қоғамдық қызметтерін қайта қарады. Мұрағаттағы деректерді сөйлетті, артық-кем тұстарын ашты. Жан-жақты, байыпты талдаулар жасады. Дерек-дәлелдерге сүйене отырып, ақиқатын ашты, әділ бағасын берді. Кеңестік кезеңдегі рухани мұралар да тарихымыздың бір парағы деген түйін-тоқтау жасады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ғалым қазақ әдебиетінің ақтандақтары мен көзден көшіп, көңілден өше бастаған қазақ диаспорасының рухани мұрасына ерекше назар аударды. Осы

мақсатта Моңғолия, Қытай, Иран, Түркия, Ресей, т.б. басқа елдерге сапарлар ұйымдастырды. Кеңестік кезеңде бұлар жабық тақырып болды. Енді тәуелсіз ел болдық. Сырттағы қазақтың рухани мұрасын қазақ әдебиетінің бір бұтағы ретінде қарау керек деп өзі басшылық жасады, бірнеше диссертациялар қорғатты, оқу бағдарламасына кіргізді. Шетелден келген қандастарымызға үнемі қамқорлық жасап отырды. Білім беру, ғылымды дамыту мәселесі, қазақ тілінің мәртебесі, тәуелсіздікті нығайту сияқты қоғамдық-әлеуметтік мәнді мәселелерге үнемі назар аударып, көптеген қажетті ұсыныс-идеялар айтты, жазды. Сондықтан жазған мақалалары, сұхбаттары, ақпарат құралдары арқылы сөйлеген сөздері үнемі көптің көңілінен шығатын, жұрттың ойын дөп басатын. Алдыңғы ағаларының аманатына адал болған Тұрсекеңнің қайраткерлік-азаматтық тұлғасын биіктете түсетін. Ғалымның іс-әрекетінің бәрі де еліміздің жарқын болашағы, тәуелсіздіктің берік болуы үшін істелетін. Бұл тумысынан әділ қазы болып жаратылған жанның болмысы.

Елдік мәселеге білек сыбанып кірісіп кететін, ой-пікірін ашық, батыл айтатын әділдікті қолдайтын академик Т. Кәкішов көкірек керіп мақтануды білмейтін, өзін барынша қарапайым ұстайтын. Ол – ана тіккен тонды киіп, ата салған жолмен жүрген толағай тұлға, алаштың айтулы азаматы.

Қанипаш МӘДІБАЕВА,

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының бас ғылыми қызметкері*

ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ. ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ

Қадірлі ұстазымыз профессор Тұрсынбек Кәкішұлының өткен ғасырдың ақырғы он жылдығына қарай және текетірес мүдделер күресіне кірісіп кеткенін біріміз байқап, біріміз білмей де қалғандаймыз. Себебі Тұрсынбек аға сыр жасырмайтын мінезі көпке әйгілі болғанымен, бетпе-бет келген «жауға» жұртты шуылдатпай жалғыз шыққан кезі көп адам еді.

Жеке өмір ағысында, кафедрада мейлінше жайлы кісі. Ешкімге шүйлігіп, түртпектеп, қазымырланған мінезі болмады. Жып-жылмағай етіп, кезеңдік көсемдіктің ыңғайына жығыла бермегендіктен де еңбектері тоқсаныншы жылдардың басына шейін цензурадан өтіп, ұзақ жатып қалып барып, күзеліп, «түзеліп» шыққан жайлары көп.

«Редактордың жайлысы, Қанипаш болды», – деп қоятын кейде. «Ескірмейді естелік» жинағына редактор болғаным – 90 жылдардың басы.

Заман жұмсарған уақыт. Бір сөзін түзеуге де дәтім бармағаны да рас еді.

Дәстүрі бай, даңқы зор ҚазҰУ-да классикалық білім берудің шет жағасын көрдік. 90-жылдардың соңына қарай білім беру жүйесіне «инновация» баса-көктеп келді де, қазақ әдебиетінің тарихын оқытудың іргелі негіздері кредиттік технологиялар мүддесінде шайқалып кетті. Сол шайқалыс әлі сақталуда.

Жаһандық жаңа үрдістер классикалық университет мәртебесіне де, қазақ әдебиеті кафедрасының әдеби мұраны құнттау дәстүріне де екпіндей еніп, бой оздырды.

XX ғасырдың өн бойында қиын кезеңдердің өзінде қисынын тауып қалыптасып орныққан, мұраны игерудің озық өнегесінде өріс ашқан қазақ әдебиеттану ғылымына жаңа дәуір зор зерттеу мүмкіндіктерін де ұсынған.

Профессор Тұрсынбек Кәкішұлы осы уақыттарда «Қазақ әдебиетінің тарихы және сыны» кафедрасын құрып, басқарды.

Ойлап отырсам, Тұрсынбек Кәкішұлының ғұмыр бойғы зерттеу еңбектері; тұлғалық кісілік болмысы өз алдына бір университет болған екен.

Профессор Тұрсынбек Кәкішұлының әдебиеттанудағы сала-сала, ондаған жылдар бойы үздіксіз жазған шығармашылық мұрасы, бір қарағанда, қазақ дейтін халықтың әдеби мұрасы тұтас қамтылған дайын энциклопедия іспетті.

Бұл – менің уақыт биігінен, жаңа бір өреде, жылдар өткенде, ұстазымыз арамызда жоқ уақыттарда келіп отырған байламым. Бұлай бағалауға қадірлі ұстазымның ғұмыр бойғы бар еңбегі қақылы екен.

Ол адамның ғылымдағы зерттеу айрықшалығы – жалпылама сөзбен жабу жаба салудан гөрі, архив ақтарып, қолымен ұстап, көзімен көрген деректі айналымға қосып отырып ой қозғауға, пікір қорытуға ғана тәуекел ететіндігі. Ұшан-теңіз тапқан олжасын ұлтының игілігіне ортақ қосып; меншіктемей, мен таптым демей, жарнамаламай, жұмысын жалғастыра беретіндігі де бір қыры екен.

«Асылдың сынығы» атты Мұхтар Әуезовтің тұлғалық болмысындағы артықшылықтарды, Мұқаңның еңбекпен өткізген ғұмыр ғибратын құжаттық, деректік мәнде саралаған бірнеше тақырыппен тұтасқан зерттеуінде Тұрсынбек Кәкішұлы Абайдың 1933 жылғы тұңғыш толық жинағы мен 1939-40 жылғы 2 том болып шыққан басылымдарында сабақтасып жатқан өзекті текстологиялық және Абай өмірбаянының Мұхтар Әуезов жазған 4 нұсқасындағы (1933, 1940, 1945, 1950) 1-нұсқа мен 2-нұсқа арасындағы іліктестік пен алшақтық негіздеріне ғылыми саралау жасайды. Тұрсынбек Кәкішұлының көптомдық шығармалар жинағының 5-томында аталған мақаланың жазылған уақыты 1977 жыл болып көрсетіліпті.

Негізінде, бұл мақала 1970 жылы 20 мамырда «Лениншіл жас» газетінде басылған. Тұрсынбек Кәкішұлы осы мақаласында Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық кітапхана қорында (1913 папка) сақталған Абайдың 1933 жылғы тұңғыш толық жинағының бір кітабы, ондағы Мұхтар Әуезов өз қолымен жазып қосқан толықтырулар мен түзетулерге ден қояды.

Бұл 1933 жылғы жинақ үстінен жасалған түзетулерге Мекемтас Мырзахметұлы 1982 жылы жарық көрген «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» монографиясында кеңінен тоқталды. Мұхтар Әуезовтің Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова мен Мекемтас Мырзахметұлы баспаға әзірлеген «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» (1988) жинағында 1933 жылғы кітаптан түзетілген сөздердің реестрі берілді.

Осы жөнде «Тұрсынбек ағай 1970 жылы жазған екен, сіздер бұл тұста әлгі 1933 жылғы жинаққа жасалған түзетулер туралы білетін бе едіңіздер?» – деп сұрадым Мекемтас ағайдан. Ол кісі бұл жөнінен хабардар екен. Бір жолы Тұрсынбек аға: «Сендер, абаеведтар, дұрыстап қарамайсыңдар», – деп құлаққағыс еткенін айтты. «Мен білетінмін», – деді.

Бұл жерде мен бұл деректі кім бірінші айтты, кім қалай айтты дейтін әңгіме қуып отырғаным жоқ. Менің көңілімді бөлген, осы мақалаға қатысты екі мәселеге екпін түсіруді көздеп отырмын.

Біріншіден, қадірлі ұстазым Тұрсынбек Кәкішұлының аты аталғанда, осы есіммен астасып кеткен Сәкен мен Сәбит ойда тұратыны жасырып, жабатын нәрсе емес. Бұлай болуының қилы себебі бар, жеке, азаматтық тағдырымен тамырласқан ғұмырбаяндық сырлар бар. Бірақ бұл Тұрсынбек ағайдың, «Әсіре Сәкеншіл», «Әсіре Сәбитшіл» Тұрсынбек Кәкішұлының, басқа тұлғаларға бөлген ілтипат, ықыласының, қазақтың қадау-қадау қайтпас азаматтары туралы жасаған ұланғайыр еңбегінің азғана бір бөлігі ғана екендігін біреу біліп, біреу білмейді.

Тұрсынбек Кәкішұлының ұмыт болып бара жатқан қанша қастерлі жанды ендігі ұрпақпен табыстырғанын дәлелдеп тізім жасап шығатын еңбектер де жазылар әлі.

Ұлттық сөз өнерінің тарихын арғы замандардан күні бүгінге шейін түгендеу міндетінде Тұрсынбек Кәкішұлы атын атап, түсін түстеп, еңбегіне аялдап, жоғалғанын іздеп, тауып қосып, саралап, бағалап танытқан тұлғалар ендігі ұрпақтың рухани еншісі мәнінде тұғырланды.

«Түркістан уәлаятының газетасы», «Дала уәлиятының газетасы», «Қазақ», «Айқап», «Шолпан», «Сана», «Ақ жол» т.б. сансыз әдеби басылымдарда ХІХ ғасырдың соңына қарай, ХХ ғасырдың бас кезінде кім не жазды; бұл басылымдарды шығаруға кім атсалыстының мол, құжатпен нақтыланған дерегін Тұрсынбек Кәкішұлы ерінбей, әрқайсысына аялдап, ілтипат білдіріп, тағзым етіп отырып десек те болғандай күйде құштарлықпен түгендеді.

Өзі өмір сүрген дәуірдің арғы-бергіде әдебиет майданына өз сөз қаруымен шыққан әр тұлғасы туралы арнайы, монографиялық жүгі бар мақалалар жазуды ғұмырының соңына шейін толастатқан емес.

Классикалық зерттеулерінде, эссе-толғам, естеліктерінде, оқулық, оқу құралдарында, шағын рецензия, хабарламаларында талмай жазды. Ақ, қараны ажырату, ақиқатқа жүгіну ұстанымында көп көлеңкелі, түйткілді дүниені күңкілдеп екеуара, үшеуара әңгімеде өсек етпеді; жалпақ жұртымен жариялап жазып, бөлісіп отырды.

Тұрсынбек Кәкішұлының әдеби мұра дегенде ықылас-пейілін сарқа төгіп, жаналаңын бүкпей, жанашыр ниетін алдыға салып жазған деректік, танымдық, тағылымдық шығармашылық мұрасының игілігін әлі сан ұрпақ көреді.

Ол тұтас бір дәуірдің әдеби үрдістерін көзден таса қылмай қадағалап отырды. Шығармашылық үдерісті жалпы сұлбасы айқын трафарет талдауларда емес, дерек, дәйегінің бар қызуымен, қым-қуыт заманның адам санасын астан-кестен еткен екпіндеген мінезімен жеткізу дағдысымен бөлектенді.

Шығарма сүйегінен ұлттық құнар тапқанда ұрандаудан, жалпы орағыту, сырғытпа сөзден қашты.

«Проза жанрында Жиенғали Тілепбергенов Қалжан атты кейіпкерді жасауға талаптанды. Мырқымбайдай болмағанмен, оның інісі дәрежесіне жеткізді. Поэзия саласында Сәбиттің Шоқпытын айтпай-ақ қойған күнде, Асқар Тоқмағамбетов Қойбағарды, Самат Нұржанов Қойшыбайды көрсету жолында біраз еңбек сіңірді» (6-том, 22-бет).

Жиенғали Тілепбергеновтің атын Тұрсынбек Кәкішұлынан естідім. Аға мен шәкірті Ғайша, Жиенғали Тілепбергеновтің ұрпақтары баспадан шығарған «Таңбалылар» жинағы, осындағы «Таңбалылар» повесі ұдайы ойымда жүретін болды. Талай адамға оқуға ұсындым.

Ол Шолпан Иманбаева туралы жазды. Отыншы Әлжанов, Саттар Ерубәев, Баубек Бұлқышев, Сабыр Шарипов, Ғаббас Тоғжанов, Елжас Бекенов, Б.Ізтөлин...

Беріде Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Дихан, Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Әбділда, Асқар, Мұзафар, Темірғали, Бейсембай, Есмағамбет, Үшкілтай...

Әдебиет зерттеушіні жазды. Жазушыны, ақынды айтты. Әр дәуірдің саңлақтары туралы толғанысы толастамапты.

Иә, Мұхтар Әуезов туралы да аз жазған жоқ. «Парасат» (1977), «Кемеңгер ғибраты» (1977), «Өрелі ойлар», «Мәңгілік Мұхтар» (1987), «Қырық күндік кемдікті ұмытпайын» (1997) сынды мерейтойлар тұсында жазылған арнайы зерттеу-мақала, естелік-эсселеріне жалғастырып, тұлғалар арақатынасын ауыл өсекке жыққысы келетіндерге ірілердің кесек кісілік өнегесін көлденең салып «Алыптардың айқасы», «Сәкен мен Мұхтар» сынды танымдық-тағылымдық ойталқыларын жазды.

Абайтанудың дерекнамалық негізін қалыптастыруда да 20-ға жуық зерттеуі бар. Бұл орайда да әңгіме Мұхтар Әуезовті айналып өтпейтіні түсінікті. XX ғасыр басындағы әдеби ағымдар бойынша жазылған кандидаттық зерттеуінде де Мұхтар Әуезов шығармашылығын дәуірлік ауқымда саралап, тану ұстанымдарын шындай түсті.

«Асылдың сынығы» атты мақаласында Мұхтар Әуезовтің тұлғалық айрықшалығын ұлттық құндылық мәнінде дәріптеп, қуанып ашады. Және осы мақалада өзінің зерттеу дағдысында ендігі ұрпақтың танымдық айналымынан тыс қалып жүрген архивтік мәнді деректерді де «аямай», үйіп-төгіп келтіріп отырады.

Абайтануда Мұхтар Әуезовтің Абайдың шығармаларын жинақ етіп шығаруға дайындауы 1924-1927 жылдар аралығы екендігі айтылып жүр. Т.Кәкішұлы дерегі осы мәселеде Мұхтар Әуезов ғұмырбаянына қатысты бір тұсымен мәнді.

«1925 жылы Қазақ Республикасының Оқу-ағарту халық комиссариаты Абай шығармаларының жаңа жинағын құрастыруды М.Әуезовке міндеттеген болатын. Осы жинақтың алғашқы нұсқасы оқу-ағарту комиссариатының білім комиссиясында 1927 жылы талқыға түсіп, негізінен мақұлданған еді» (5-том, 135-бет).

Ленинград университетіндегі оқуынан Семей педтехникумында мұғалімдікке арнайы хат жолдатып шақыртылып алынған Мұхтар Әуезов Абайдың 1924-1927 жылдар аралығында

дайындалып, өзінің 1930 жылы түрмеге түсуі бар, басқа да себептерден 1933 жылы Қызылорда қаласында Ілияс Жансүгірұлының сөзімен шыққан тұңғыш толық жинағын баспаға Оқу-ағарту халық комиссариатының ресми тапсырмасымен дайындаған. Бұл факт абайтануда да, әуезовтануда да осылай айтылуы керек.

1933 жылғы жинақта кеткен техникалық, мағыналық 205 жаңсақтықты Мұхтар Әуезовтің түзетуі, Абай шығармаларының 2 томдық толық жинағын әзірлеу барысында редакциялық алқамен жинақ құрылымы жөнінде ойласқаны жөнінде де егжей-тегжейлі деректі Тұрсынбек Кәкішұлы келтіріпті.

«Қазақтың ұлт-мәдениетінің ғылыми-зерттеу институты Абай шығармаларын екі том етіп шығару мәселесін 1938 жылы қолға алған. Осы үлкен және ғылыми мәні зор еңбектің бар қызметі М.Әуезовке жүктелген. Оған айғақты дәлел – Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық кітапханасының сирек кітаптар қорында «№1. Абай Құнанбаев. 1939 жылғы баспаға кетерде түзетілді» деген түсіндірмемен және «1913» деген рет санымен сақталып тұрған Абайдың 1933 жылғы толық жинағы.

Бұл кітаптағы түзетулер мен М.Әуезовтің өз қолымен жазылған дүниелер – Абайды да, М.Әуезовті де зерттеушілерге орасан зор мағлұмат беретін керемет құнды мұра.

Абайтану білімінің туу, қалыптасу және толық бағдарлау мақсатымен қарағанда да, М.Әуезовтің ғылыми еңбек ету стилін айқындауда да осы қолжазбаның таптырмас мұра екенін анық байқаймыз. Әсіресе 1933 жылғы жинақтағы «Абайдың туысы мен өмірі» деген еңбегін 1940 жылы шығатын екінші томға «Абайдың өмірбаяны» деген атпен өзгертіп, түзетіп, толықтырып жазған варианты қаз-қалпында, ешбір шеті шашау болмай, жоғалмай түгел сақтаулы тұр.

Қолжазбаны көрген уақытта Мұқаң қолынан шыққан дүниенің бәрі де баспа бетіне түскен шығар деген ой жеңіп, салғырттандыра ерсе де, жай салыстырудың өзі ол пікірдің жаңсақ екенін көрсетті. Кесек-кесек үзінділерді, ұзақ сонар баяндауларды оқып қараған уақытта Абайдың өмірбаянының 1940 жылғысында да, М.Әуезовтің 1959 жылғы «Әр жылдар ойлары» жинағындағы Абай (Ибраһим) Құнанбай ұлы» деген монографиялық зерттеуінде де, «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томының бірінші кітабында ықшамдалып басылған вариантында да, «Абай Құнанбаев» (1967) атты жинағында да мына қолжазбадағы материалдардың кейбір сілемдері ғана барын аңғардық» (136- б.).

«Қызық екен. Сонда қалай болған деген сұрақты сауалдың көлденең алдымыздан шығуы заңды. Оған таңдануға еш болмайды. Оны түсіну үшін қолжазбаның өз тарихы еске алынуға тиіс. Абай шығармаларының 1933 жылғы жинағын ықтияттап қайтадан қарап, жаңадан қосқан, толықтырған М.Әуезов вариантын институт алғаннан кейін машинкаға бастырғаны сөзсіз. Абайдың екі томдығын шығаруда алқа мүшелері: С.Аманжолов, М.Ақынжанов, М.Бөжеев, Б.Жақыпбаев, С.Мұқанов, Е.Исмайылов, М.Әуезов томға енген шығармаларды жүйелеу, орналастыру жайын, әрбір енгізілер өзгерісті сарапқа салғаны аян. Ал Абайдың жаңадан толықтырылып, көптеген деректермен молыққан өмірбаянын осы екінші томның жауапты редакторы болған Есмағамбет Исмайылов қарап шығып, Мұқаңның өзімен келісе отырып, редакциядан өткізген қолжазбаны алқа талқысына салғаны тағы да сөзсіз.

Қолымыздағы кітап-қолжазбада Абайдың өмірбаяны ғылыми жүйеленіп, желі-арқауы үзілмей біртұтас еңбек болып жазылған. Тегінде редакциялық алқа оны екіге бөлу қажет деп тапса керек. Абайдың тікелей өзіне қатысты тарихи-әдеби шындықтар томның бас жағына, ал Абайдың ата-тегіне байланыса жазғаны біраз ықшамдалып, томның ең соңына басылыпты.

Сонымен, М.Әуезов жазған Абайдың ғылыми өмірбаянының негізгі бөлімі кіріспе бөлегінен, яғни Абайдың алдындағы заман, ата-бабаларының тіршілік әрекеті, олардан қалған мирас жыртыла айырылып, қосымша материалдардың сипатына авторы көрсетілмей ықшамдала, қысқартыла қосылған. Сөйтіп, мәнділігінен айырылған.

Сондықтан болар, М.Әуезовтің А.Құнанбаевқа арналған мақалалары мен зерттеулері жинағын 1967 жылы жариялағанда жалпы тізімнің ішінен кездестіреміз. Ал Мұқаңның 1959 жылғы классикалық монографиясында осы еңбектің болмашы сілемдері ғана кездеседі, ұлы

«Абай жолы» эпопеясында көркемдік електен өтіп, сюжеттік арқауға қиыстырылып кеткендері де жоқ емес» (5-том, 136-б).

«М.Әуезовтің осы еңбегінің қолжазбасы өзіне қайтып оралмағаны айдан-анық, әйтпесе мына кітап-қолжазба кітапхана қорына өтіп кетпес еді. Әңгімеге арқау болып отырған осы кітап-қолжазбаны жалғыз біз ғана көріп-біліп отырған жоқ шығармыз, талайдың қолынан өтуі әбден мүмкін. Бірақ ұлы ғалым М.Әуезовтің жаңадан қосқан көп дерек-материалдарының біразы көпшілік назарына ілінбей қалып келеді» (137-б.).

Абайтану тарихы бойынша да, әуезовтану мәселесінде де, нақтылы Абай жинақтарын шығару жұмыс тәжірибесі мәнінде де Тұрсынбек Кәкішұлы атап көрсетіп отырған кітап-қолжазба, ондағы өмірбаяндық фактілер түзілімінің Абайдың Мұхтар Әуезов жазған 4 өмірбаян нұсқасының мазмұнына ену, қалыс қалу мәселесі; «Абай жолы» роман эпопеясын жазу үдерісінде қолданыста болу сынды шығармашылық зертхана мәселелерін алғаш күн тәртібіне шығару өзектілігімен назар аударады.

Сонымен Абайдың 1940 жылғы екінші томында жарияланған «Абайдың өмірбаяны» атты ғылыми еңбектің әр тұсына қисынымен қосылған, бірақ редакциялық алқаның шешімі бойынша алынып қалған, біразы «Абайдың ата-тегі» туралы қосымшаға енген материалдарды М.Әуезов Абай өмірінің қай кезеңіне бағыштағанын айта отырып, көп жылғы еңбекпен тырнақтап жинаған асылдың сынығындай материалдарына көз салайық.

М.Әуезов 1933 жылы өзі жазған ғұмырнамадағы Абайдың ата-бабаларын таратудан бастайтын бірінші беттің орнына ұсынған вариантын 1940 жылы редакциялық алқа қабылдап, Өскенбайдың ісін баяндаған тұсқа дейінгі баяндауларды түгелдей алып қалған. Ол мынау: «Өз заманының жуан сіңір феодалы, ру басы, биі, ел ішінде ата-тегімен өмір иесі боп келген нағыз үстем тап өкілдері болады. Осылардың нәсілінен шыққан Абайдың қоғамдық орны, тіршілігі, өмірлік әрекеттері де сол ата-салтымен, ескі сарынмен қалыптасады. Сондықтан болашақ ақын Абайдың өмір жайын анық түсіну үшін, әуелі мәлім болған дәрежеде, мұның алдындағы буындардың да жай-күйін айта кету шарт» (138-б).

Архив десе «жанып» кететін дағдысымен бірталай ғұмырбаяндық, арғы уақыттардан Абайға қалған руарлық салқындық жайында көп-көп деректерге аялдап, тарқата жайып, ой қосып отырған Тұрсынбек Кәкішұлы М.Әуезовтің осы қолжазба-кітаптағы архивпен жұмыс қажеттілігі туралы айтқанына айрықша ден қояды. «Асылдың сынығы» зерттеу мақаласы абайтанудың бірнеше өзекті зерттеу бағыттарындағы маңыздылықта жазылған.

«Күнтудың қалай болыс болғаны көпшілікке аян. Оның негізгі себептерін баяндай келіп, Мұқаң мынандай детальдарды қосқан. «Тегі Құнанбай балаларынан мезі болу тоғыз жыл ұдайымен болыс болған Ысқақ тұсында да мол екен. Ол болыс болған уақыт 70-ші жылдар іші екен. Бұл кезде бар тобықты ішін меңдетіп жеңіп ап тұрған Абай өз болысы Шыңғысқа Ысқақты сайлаумен қатар Тобықтының бұларға көрші екінші болысы Қоңыр-Көкшеге өзі де болыс боп тұрады. Сол жылдарда іні мен туысқанының бұның өз мінезінен үлгі алатын орайы да көп. Абай өзі сол Қоңыр-Көкшеге болыс боп жүргенде Әйгерім деген тоқалын өз қол астындағы Мамай деген рудың ішінен алған. Әйгерімді сұлу қыз деп естиді де, қасындағы жолдасы Жиреншені «барып көріп, алу-беруді өзің байлап кел» деп жібереді. Әйгерім біреуге айттырып, қалың малы алынып отырған, әлсіздеу жердің жесірі болады. Бірақ Абайдың кісісі бұны Абайға лайық деп балаған соң, қолма-қол келісімін жасап, сұлу тоқалды болыс алады. Алдарынан ешкім шыға алмайды.

Тіпті ондай әлсіз, момын ел түгілі, Қоңыр-Көкшенің өзі кеткеннен кейінгі болыстығын да Абай өзі биледі. Өз еркімен болыстықты тастап, қайтарында орнына болыс етіп Шымырбай дегенді, кандидат етіп өз құдасы Дұтбайды сайлап кетеді. Бірақ бері келе Шымырбай әлденеден бұған жақпай қалғанда, қайта сайлау жасатып сол Шымырбайды орнынан алып тастайтыны да бар. Ол ғана емес, бір жылдар Тобықтының екі болысы – Шыңғыс, Қоңыр-Көкше және осы болыстан бөлініп шыққан Қызылмола – үшеуіне бірдей Құнанбай балалары: Абай, Ысқақ және немересі Шәкәрім – қаз-қатар болыс болып тұрғаны да бар. Осы орайларда Тобықтының қалған жалғыз болысы – Шаған ішінде екі ұдай партия болғанда соның екі жағының ру басылары Молдабай, Мүсірәлі дегендер қатарымен Абайға жағына келіп, екеуі де

кұда болатыны тағы бар. Сондайдың бәрі Құнанбай тұқымын асқақтатып, құтыруы ерекше болады. Шыңғысқа Шәкәрімнің алдында болыс боп тұрған Ысқақ ойына келгенін істейді. Өз қолымен Жігітек ішіндегі көрнекті атқа мінердің бірі Бұланбай дегенді сабайды. Тоғалақ руының Нақысбай дегенін сабайды. Қатыны кез келген қостың семізін сұраусыз, тергеусіз ұстатып алып, сойғызып жатады (осы абзац басқа басылымдарда бар Т.К.). Өздері апиын жеп, түске дейін тұрмайды. Осындайлары Абаймен жақын жүрген Жиренше, Оразбайларды да түңілтеді. Сондай кісілер болып жиналып кеп Абайдан өтініш етіп, Ысқақты түсіртеді. Бірақ оның есебіне Шәкәрімді сайлап, тағы да бұрынғы қалыпты сақтап қалады», - деген қосымша мағынасы эпопеяда кездескенімен ғылыми басылымдарда жоқ дейді зерттеу авторы (151-б).

Тұрсынбек Кәкішұлы тұтас келтіріп саралаған, 1940 жылғы жинақтағы Абай өмірбаянының екінші нұсқасына еңбей қалған деректер негізінен кейінде Мұхтар Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағында Т.Әкім жазған түсініктерде қамтылып айтылады.

Тұрсынбек Кәкішұлының архив ақтарып жүріп көзіне кездейсоқ та түскен болуы мүмкін Абайға қатысты қолжазба түзету түскен 1933 жылғы кітапқа айрықша мән берген бұл мақаласы, не дегенде де осы мәселені ең алғаш ақпараттандыруымен, ғылыми айналымға тартуымен мәнді.

Тұрсынбек Кәкішұлының Партия тарихы институтындағы қызмет жылдары жаратылысында тиянақты, тындырымды жас ғалымды архивпен жұмыс істеуге шындап шыңдайды.

Уфада, медресе «Ғалияда» оқыған қазақ жастары шығарып тұрған қолжазба журнал туралы 1958 жылдан бастап түп-тура отыз жылдай зерттеу жасағаны – адам қызығарлықтай олжалы да, адам беттеместей бейнетті де бір ғұмырбаяны.

Шығармашылық тағдыр тауқыметін көп тартқан Жақан Сыздықов суыртпақтап айтқан бір дерек жас зерттеушіні күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырғаны туралы жұртшылық хабардар.

Осы «Садақты» айту, іздеу арқылы жас ғалым сол күндерде қазақтың көп жоғалтқанын, көп іздейтін құндылығының бір өзегін ашқанын тұтас түйсінді ме, білді ме? Өкініштісі сол: ортамызда Тау қорған болып жүрген Ұстаздан осыны сұрап білмеппіз.

«Садақтың» соңына түсірген сол ынтығудың мұсылмандық ағартушылықтың, пантюркизм, панисламизм т.б. деп үркіте алып-қашқан жалпытүркілік мұраттардың ХІХ ғасырдың бел ортасынан жан кіріп, ХХ ғасыр басында халықаралық деңгейде қайратын көрсетуге ұмтылған; бізге қайсыбір тарихи сыры әлде де беймәлім қалып келе жатқан; жәдитшілдікті жаюдың түп мақсаттарымен тұтасқан азаттық күрес бағытының бастау-бұлақтарын ашуға бел буғызған көзсіз ерлік екенін енді мойындамасқа амалымыз жоқ.

Тұрсынбек Кәкішұлының әр еңбегі дәуірдің дерегімен қанығып қана жазылды. Кеңестік кезеңді айтқанын, айтқанынша қалдыратынын ескертуі, мұраны игеруде бүгін былай, ертең олай дегенге бармайтынын, «көппен көрген – ұлы той» қателігінен бас тартпайтынын ретіне қарай айтып отыруы да құрмет сезімін оятады. «Партия» дегенінен қашқан жоқ, сол сөзді өшіріп «ұлт» деп, «азаттық» деп өзгерткен емес.

Қазақ әдебиетінің классикалық мұрасын құндауда саясаттың жетесі жетпейтін ауыспалы фон екендігін айтудай-ақ айтқан, жазған; кешегі кеңес әдебиетінің сөзін сөйлейтін жерде сөйлеуден де тартынбаған.

Дихан Әбілов туралы жазылған мақаласын осы тақауда ғана көзге жас алып оқыдым. «Майданбекті» білетінбіз. Бірақ сол Майданбектің Тұрсынбек Кәкішұлы келтіріп отырған қан соғысқа түскенде жаны түршігіп «Адамды адам қалай өлтіреді екен?» дегеніне мән бермеппіз. Кейіпкерінің осы сөзі үшін жас жауынгер Диханды соғыс трибуналы ату жазасына кескен ғой. Араша түсер аға-дос табылып, аман қалған. Кеңес әдебиетінің «кейіпкері» болса да осылай жалпыадамзаттық адам сүйгіштігі, қазақи жаны, иманы төгіліп тұрған Майданбек қой ол.

Тұрсынбек Кәкішұлының Саттар Ерубаеттың «Менің құрдастарым» романынан басқа да шығармашылық еңбегін, азаматтық ұстанымын ұлтына жеткізуде және бір жан байытар өнеге көрсетті.

Расымен де, Тұрсынбек Кәкішұлы ұлты үшін бір өзі бір университет болған тұлға еді. Саттар Ерубаеттың ғылыми ізденістері, пародия жазғаны, сын жанрының қалыптасып дамуындағы өзіндік қолтаңбасы туралы да біріміз біліп, біріміз білмедік.

Саттар Ерубает «Екі оқушы» деген бүркеншік атпен Рахымжан Жаманқұловпен бірге «Ақындарға ашық хат» жазады. Бірнеше рет.

Бірінші хат Сәбит Мұқановқа арналған. Поэма көп. Поэма деген не өзі? Қайтсе поэма болады? Біз оқып жүрген «көп поэма» аты солай болғанымен, көркемдігі келмей тұр дегендей сауал.

Келесі сұрақ көркемдеу тәсілдеріне арналған. Үшіншісі еліктеушілік пен жаңашылдық аражігінде қойылыпты.

Ескіні еркін жазу, жаңаны жазғанда жарапазан айту қалай дегендей төртінші сұрақ қойылады. Бесінші сұрақ сізден үлгі іздеушілер әлсіз жағыңызға көп ұқсап кетеді. Бұған өзіңізді жауапты сезінесіз бе? Осыдан шығатын, сапаны көтеретін үлгі қайсы дейді.

Кім-кім туралы жазғанда да Тұрсынбек Кәкішұлы буалдыр пәлсапа, жалпы зу-зу жалаңдыққа ұрынбай, өмірдің өз ішінен тартып, фактіден адам тауып, оның өзіне ғана еншіленген тағдырынан басқаға бұйыратын игілік көріп, оқушыны кідіртіп, аялдатып отыратындай әдіс-айла жұмсап жазды. Бұл айрықшалық Тұрсынбек Кәкішұлының монографиялық зерттеулерінде де, деректі прозасында да, жолсапар күнделіктерінде де, әдеби сын жазуында да таңбаланып отырды.

Ол алыс аймақтардан қазақ рухының ізін кесті. Иран барды, Тұранды шарлады. Жүрген жерінен «жөргем» іліктіре жүреді. Уфаға барса, Қазанға барса, өртеліейін деп жатқан қазақ әдебиеті нұсқаларын «құтқарып» ала келеді. Қайда барса да олжалы оралып жүрген қазақтың бір Олжабайы десе де сыйымды.

Бір жазбасында Абақан қаласы маңындағы 20 шақты сынтас туралы көне түркі жазуларын түгендеушілерге құлаққағыс жасайды.

Үшкілтай Суханбердинаның «Әдеби мұра» еңбегін жар салып дәріптеді.

«ТУГ» бетіндегі Шоқан Уәлихановқа қатысты деректерге де бейжай қарай алмаған. Туындатып, талай гәптің басын «қылтитып» отырып, оқушысын зерттеушілікке байқатпай баулитын «қулығы» шәкірттеріне жұғысты болды. Соңынан ерген шәкірттерін дерекпен ғана ой қорытуға; жанкештілікпен жегіліп жұмыс істеуге үйретті.

Сол бір дәстүрі бай, даңқы зор Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы жан игілігі мейірім шапағы жайлаған жарқын күндер өтпейтіндей, бітпейтіндей көрінетін.

Жеке бастың пенделік күйкі күйлері ҚазҰУ-дың табалдырығынан аттай бере түк болмай қалады. Қуанып жұмыс істеудің не екенін көрдік.

Қай еңбегінде де қайырлы бір ақпарат; өзекті зерттеушілік тоқтам; мұраға дейтін таусылмайтын сағыныш; тарих алдында жауап беретіндей жауапкершілік, әдеби мұра қараусыз қалмаса екен деген жан алаңы мазмұн түзді.

Қазақ әдебиеті тарихын тұтас тенденцияларда, тұлғатану бағытында, зерттеу өнегесінде жан-жақты зерделеп жазып келе жатқан ізбасарлары тек Қазақстанда емес, алыс, жақын шетелдерде де аз емес, еңбектеніп жүр.

Біздің әдебиетіміздің зерттеу бағыттарында Тұрсынбек Кәкішұлы көтерген оң бастама, жүзеге асыруды міндеттеген он-сан идеялары қазіргі әдебиеттану мен білім берудің үдерістерінде ұдайы назарда болуы керек.

Т.Кәкішұлының еңбектерінде әдеби мұраны игерудің тарихи міндеттері күн тәртібіннен түскен емес.

Науқаншылдықпен, әр нәрсенің басын бір шалған далбасамен кірленбепті. Айтқанының бәрі жөн; түбін түсіре, түбегейлі ықылас беріп, тек-тамырымен жүйелеп, түгендеу мұраттарында әдеби мұраны игерудің озық тәжірибесін, өзекті міндеттерін тұтас ғылыми-танымдық зерттеу концепциясында орнықтырыпты.

P.S. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу, зерттеу ұстанымдарын жүйелі ғылыми негіздерде дамыту өзектілігінде қазақ әдебиеті тарихын біздің заманымызға шейінгі арғы дәуірлерден қазіргі кезеңге шейін шашау шығармай айналымда ұстау өнегесі жас буын

зерттеушілерге жетсе екен деген міндетте жоғары мектепте Тұрсынбек Кәкішұлы шығармашылығын қазіргі әдебиеттану міндеттерінде оқытатын арнаулы курс жүргізілуі керек. Және кезек күттірмейтін бір шаруа – «Тұрсынбек Кәкішұлы» энциклопедиялық анықтамалығын дайындап, жарыққа шығару. Бұл – жеке бір адамды дәріптеу емес, қазақ әдебиеті тарихының негізгі ғылыми бағыттары мазмұн түзген ғалым мұрасын ұлттық құндылықтар өрісінде танып игеру.

Қазіргі кезеңде арғы-бергіні тұтастандырып ғылыми концептуалды еңбек қалдыратын әмбебап әдебиеттанушы жоқтың қасы. Келешекте дәл осылай архив ақтарып, жан аямай жұмысқа жегілетін жауапты тұлға туа ма, жоқ па – ол да беймәлім.

Тұрсынбек Кәкішұлы – өз заманының беталыстарында туып жасаған сөз өнеріне де, іргелі, ілгерідегі ірі мұраға да сақ қараудың зор өнегесін қалыптаған қайталанбас тұлға.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы жұлдызды шоғырдың дара бір өкілі.

Бардың қадірін білейік. Кәделі мұраны тоздырып, тозақ астында қалдыруға қақымыз жоқ.

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ БІР БӘЙТЕРЕГІ ЕДІ

Қазақ руханиятының бір бәйтерегі құлап түсіп, қазақ елі қара жамылғанына, ұлтына адал қызмет еткен алашшыл қазақ зиялыларының соңғы тұяқтарының бірі профессор Тұрсынбек Кәкішұлының өмірден озып, бақилыққа бет алғанына да жеті жылдан асып барады екен. Көзі тірі болғанда, ортаға алып, 95 жылдығын тойлап жатқан болар едік.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында отаршылдар қазақ халқының рухани көшбасшыларын қынадай қырып, тұтас бір халықты ұлттық иммунитетінен айырғандай болды. Бірақ та олар ұлттың түп-тамырын жоя алмады. Елуінші жылдардың орта тұсында Рахманқұл Бердібаев, Тұрсынбек Кәкішұлы бастаған, қазақ зиялыларының көпшілігі қолдаған бір топ өрімдей жас жігіттер ұлттың жаны саналатын қазақ тілінің қоғамдағы өзіне тиісті орнын талап етіп, кеңестік дәуірдегі ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа беттерін жазды. Міне, осы кездерден бастап, Тұрсынбек Кәкішұлы өзінің бүкіл саналы ғұмырын ұлтының азаттығы жолына арнады десе де болады. Енді, осы айтқандарымыздың дәлелі ретінде ғалым-ұстаздың өмір жолына қысқаша көз жүгіртіп өтейік.

Тұрсынбек Кәкішұлы 1927 жылы Ақмола облысы Бұланды ауданындағы Бөрлі аулында дүниеге келген. Қаратал, Даниловка орта мектебінде оқыған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық (бұрынғы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік) университетінің журналистика факультетін (1950), ҚР ҒА Тіл және әдебиет институтының аспирантурасын (1960) бітірген. Ақмола облыстық қазақ драма театрында актер (1944-1945), «Лениншіл жас» газетінде жұмысшы жастар бөлімінің меңгерушісі (1949-1950), Қазақ мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасында аға редактор (1950-1952), ҚКП ОК жанындағы Партия тарихы институтының марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын аударатын сектордың ғылыми қызметкері (1952-1958), ҚР ҒА М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші, аға ғылыми қызметкері (1958-1968), 1968 жылдан өмірінің соңына дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аға оқытушы, доцент, профессор, декан, кафедра меңгерушісі міндеттерін атқарған.

1960 жылы «Қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелері (1917-1929)» деген тақырыпта кандидаттық, 1971 жылы «Қазақ әдеби сынының туу және қалыптасу жолдары» бойынша докторлық диссертациялар қорғаған. 1972 жылдан профессор.

Т. Кәкішұлы қазақ әдебиеттану ғылымында оның сынтану саласының негізін қалады. Оның «Сын сапары» (1971), «Онаша отау» (1982), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994, 2003), «Жанр жайлауы» (2007) монографияларында бұрын зерттелінбеген қазақ әдеби сынының тарихы тұңғыш рет ғылыми тұрғыда жүйеленді.

«Октябрь өркені» (1962), «Дәуір суреттері» (1967), «Партия және әдебиет» (1975), «Ұлы Октябрь шуағы» (1981), «Дәуір дидагы» (1985), «Садақ» (1986), «Санадағы жаралар» (1992), «Ескірмейді естелік» (1994), «Кер заманның кереғар ойлары» (1995), «Сайыс» (2001), «Сандалтқан садақ» (2002), «Мерей» (2002), «Толғам» (2004), «Саңлақтар» (2007), «Қазақ зиялылары» (2011) т.б. сын-зерттеу, көсемсөз кітаптарында ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің өзекті өңірлері жайлы батыл айтылған құнарлы ойлар баршылық.

Ғалымның шығармашылық ізденістерінде С. Сейфуллин тақырыбы ерекше орын алады. Оның «Сәкен Сейфуллин» (1967, 1972, 1976, 1997), «Қызыл сұңқар» (1968), «Сәкен Сейфуллин» (орыс тілінде, Мәскеу, 1973), «Сәкен және Гүлбаһрам» (1994), «Сәкеннің соты» (1994), «Тар жол тайғақ кешудің тағдыры» (К. Ахметпен бірге, 1997), «Сәкен сүйген сұлулар» (1997), «Мағжан-Сәкен» (1999), «Сәкен аялаған арулар» (2004), «Дәуір дауылпазы» (2004), «Дала дауылпазы» (2005), секілді еңбектерінде Сәкеннің өмір жолдары, шығармашылығы жан-жақты зерттелінген.

«Сәбең әлемінде» (2000), «Сәбит Мұқанов» (К. Ахметпен бірге, 2005, 2009), С. Мұқановтың шығармашылық, адамшылық қырлары кеңінен әңгімеленеді. «Ұштасқан үш өзенмен» (1978), «Жол үстінде 80 күн» (1983), «Жасампаз өлке» (1989), «Жаяу салдың серуендері» (2009) атты жолсапар кітаптары жарық көрген. Т. Кәкішұлының құрастыруымен, алғысөзімен С. Ерубаеттың, С. Сейфуллиннің, Ж. Тілепбергеновтің, С. Шәріповтің, т.б. шығармалар жинақтары жарияланды. 2008-2012 жылдары Т. Кәкішұлының көп томдық шығармалар жинағы шыққан. Ғалымның жетекшілігімен 7 докторлық, 29 кандидаттық диссертация қорғалған.

Т. Кәкішұлы Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР ғылымына еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1979), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2005), Халықаралық Жоғарғы мектеп ғылым академиясының (1995) және Еларалық Айтматов Академиясының (1996) академигі. Бірнеше медальдармен, «Парасат» (1998) орденімен марапатталған.

Т. Кәкішұлының бүкіл ғұмыры жас ұрпақты тәрбиелеуге арналған ұлағатты ұстаз еді. Қазір Қазақстанның түкпір-түкпірінде әдебиет, руханият салаларында еңбек етіп жатқан шәкірттері ұлтжандылығымен, әділдігімен, адалдығымен, шыншылдығымен көзге түсіп, егеменді еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай еңбек етіп жүр.

Профессор Тұрсынбек Кәкішұлы қазақ әдебиетінің ең қиын саласын – сынын зерттеген, оған алғаш түрлен салған атақты ғалым да еді. Ол қазақ әдебиеттану ғылымының қиын да аса күрделі сын саласын алғаш зерттеп, негізін қалаған, осы салада көптеген шәкірттер даярлап, өзінің ғылыми мектебін жасаған санаулы ғалымдардың бірі болды.

Қиын-қыстау кездерде көп жылдар бойы Қазақстанның билігінде басшылық қызметтер атқарған Н. Оңдасынов кейін зейнетке шыққан соң, өзінің өткен өмір жолдарын ой көзімен шола отырып, адамгершілік тұрғысынан төмендегідей қорытындылар жасапты:

«Біріншіден, қанша жыл қолымда билік болса да, біреуден бір тиын да пара алмадым – қолым таза!

Екіншіден, нақақтан-нақақ жала жауып, қиянатқа барған емеспін, 1937-1938 жылдың қаралы күндерінде «үштіктің» бірі болып, біреудің сыртынан қол қойып, яғни ешкімнің қанын мойныма артқаным жоқ – арым таза!

Үшіншіден, адамдарды атаға, руға, жүзге бөлгенде, тіптен ешкімнің ешқашан жүзін сұраған да емеспін – жүзім таза!».

Иә, Тұрсекең де өзінің адами болмысына шаң жуытпай, кір шалдырмай өткен, «қолын былғамаған», біреудің ала жібін аттамаған, мүмкіндігінше адамдарға жақсылық жасап, ұлтына адал қызмет еткен, адамшылық арымен адал өмір сүрген нағыз Адам, нағыз Азамат еді.

Тұрсынбек Кәкішұлының ғибратты ғұмыры – кейінгі жас ұрпақтар үшін үлгі-өнеге. Ұлы ұстаз, ұлы ғалым, ең бастысы ұлтын сүйген Азаматтың рухы туған халқымен бірге мәңгі жасай бермек.

Құлбек ЕРҒӨБЕК,
*филология ғылымдарының
докторы, профессор*

АМАНАТ АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ
(Ұстаз Тұрсынбек Кәкішұлы жөнінде бір үзік сыр)

Сары күз. Табиғаттың жомарт шағы. Ағаштың сарғыш тартқан жапырақтары үзіліп түсіп, қалықтап келіп жерге жәйімен қонады. Кейбірі сап-сары, кейбірі жартылай сарғайған жүрекше жапырақтарды аяқпен басудың өзі аяусыздық сынды. Жүрегінді аяныш сезімі буады. Ақырындап басып жүріп келемін.

Табиғат. Өзгермелі уақыт. Кеше ғана студент едік. Енді, міне, жоғары оқу орнын аяқтаған, қалтасында қалақтай дипломы бар, білдей мамансың. Алда не күтіп тұр? Ол жағы беймәлім. Университетте бес жыл бірге оқыған бозбала достарды бірінен соң бірін сапарға шығарып саламыз. Бірі туған ауылына, енді бірі өмірі көрмеген өңірге аттанып жатады. Әрі салғанда бір жыл бедерінде кездесетін болып, сөз байласаң. Келе алмасаңды іштей сезіп, біліп те тұрасың. Досыңды мінгізіп, ала жөнелген пойыздың өзіне біртүрлі дұшпан тұтып қарайсың. Бұл – ұлы Абай айтқан: «Балалық өтті, білдің бе?!» дейтін сәт. Бүгін де бес жыл бірге оқыған достың сапарға аттанатын күні. Вокзалға беттеп келеміз.

Ертең мен Көкшетау жүремін.

Жастық буы бұрқырап, әрі әсем Алматыны, әрі парталас достарды қимай, бір шоғыр жігіт құшақтаса әндетіп келеміз. Кенет қарсы алдымыздан ұстазымыз Түрсекең шыға келгені. Иә, бес жыл әдебиеттің қыр-сырын зердемізге құйып берген ұстаз, үлкен ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы! Шәкірттік бейілден бәріміз шуылдай, дуылдай амандастық.

– Әй, батырлар қайдан жүрсіндер?

Ұстаз да бәрімізге мейірлене қарады.

– Осылай да осылай, жолдастарды пойызға шығарып салғалы барамыз.

– Құлбек, сен неге хабарласпайсың?

– Қол тимей жүр, ағай!

– Бейсекеңмен (Кенжебаев. – Қ.Е.) хабарласып жүрсің бе?

– Иә.

– Қолды тигіз. Маған хабарлас.

Досты Алматы-Мәскеу пойызына шығарып салып, ертеңіне Түрсекеңе хабарластым.

Ұстаз тікесінен тік сұрақ тастады.

– Сені біз осы қайда жібердік?

– Көкшетауға.

– Иә, онда не істейсің?

– Облыстық оқу бөліміне барамын. Олар ауданға жіберер, аудан совхозға жолдама берер, совхоз бөлімшеге жіберер. Сонда барып мұғалім боламын. Мәртебелі мамандық...

– Бейсекең не дейді?

– Барсаң бар, бірақ жазуыңды тастап қойма, – дейді.

– Ой, әулием-ай. Ауылға барып мұғалім болған адам жазумен айналысушы ма еді?! Ой, жарықтық-ай! Көкшетауға барарсың. Арқаның бір аруын аларсың. Сонымен бәрі бітті дей бер. Менің бір қарындасыммен Көкшетауда қаларсың. Олай етуге болмайды.

– Енді не істеймін?

– Біз не ғылымды ойламаймыз, не жастардың тағдырын ойламаймыз. Сонда не ойлайтынымызды білмеймін. (Ұстаз әлдекімге зекіп ала жөнелді. Бейне маған ұрысып отырған

сияқты. Бірақ ойы басқа жақта. Әлдекімдерге ұрсып отыр). Анау Жанғара, Бәйділхан, Жарылқасын, Төрөбай секілді жігіттер де ауылға кетіп барады екен. Сен де ауылға кетіп барасың. Сені Бейсекең Алматыға алып қалар деп жүр едім. Сырқат қой, енді қайтсін? Былай келісейік: мен бір іске бел байлап отырмын. Сендерден жасыратын не бар, енді студент емессіңдер ғой, Оқу министрінің орынбасарымен бір отырыста жүз грамм шарапты бірге ішіп едім. Соған сендерді ертіп апарып, мән-жайды айтып, Алматыға алып қаламын ба деп отырмын. Содан кейінгісін тағы көреміз-дағы...

Ұстазбен уәделескендей, таңертеңгілікте Қазақстан Жазушылар одағына Жанғара, Бәйділхан, Төрөбай, Жарылқасын – бәріміз бірге келдік. Пленум бе әлде басқа ма, әйтеуір, бір алқалы жиын, келелі мәжіліс өтіп жатыр. Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының сол кездегі екінші хатшысы, жазушы Шерхан Мұртаза күндей күркіреп баяндама жасады. Залда ине шаншар орын жоқ. Түрегеп тұрып баяндама тыңдадық. Жазушы Қалихан Ысқақовтың «Тұйық» романы жөнінде баяндамашы түйіліңкіреп, шүйіліңкіреп сөйлеп жатты. Көзімізді қыдыртып залдан Түрсекең ұстазды іздейміз баяғы. Таптық. Таптық та «бізді көрсін» деген оймен бесеуіміз қаздай тізіліп қасына жақындап барып тұрдық.

Бізді көрген ұстаз «қазір» дегендей емеурін жасады. «Баяндама аяқталсын» дегені шығар. Баяндама аяқталды. Ұстаз орнынан асығыс тұрды да, көпшілікті сығылыса жарып өтіп бізге жетті. «Жүріңдер», – деп сыртқа бастай жөнелді.

Жазушылар одағы жанында «Балалар әлемі» магазині. Қасында такси аялдамасы. Соған жарыса келіп, қол көтерісіп мәшине тоқтаттық. Қарасақ, анадай жерде мәшине тоқтатып балалар ақыны Әнуарбек Дүйсенбиев тұр. Ол кісіні бірге қамти жөнесп бердік.

Оқу министрлігіне келіп ат басын тіредік. Шәпірлеген шәкірттер сыртта қалып, ұстаз «Оқу министрінің орынбасары Қанапин» деген жазуы бар есікке еніп кетті. Күтіп тұрмыз.

Әлден уақытта іштен күлімдеп шыққан ұстаз:

– Жүріңдер! – деді жайдарыланып. Ілесіп жүріп келеміз.

Алматыдағы әсем ғимараттың бірі – Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының үйі. Сол еңселі ғимаратқа келдік. Ішке еніп келеміз. Аяқ басқан сайын күмбезі күмбірлеп өзіңе тіл қатқандай болады. Екінші, одан үшінші қабатқа көтерілдік. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Директордың кабинетіне кіріп кеткен ұстаз іле-шала қайта шықты. «Аңшының кешіккенінен сүйін» дегендей, ұстазымыз кешіксе жолымыз болатындай көріп қалған біз, ол кісінің шортандай шоршып шыққанынан шошып та қалдық-ау. Жоқ. «Жүріңдер!» – деді. Осы бір «Жүріңдер!» деген жалғыз ауыз сөзге біздің тағдырымыз байлаулы жатқандай. Ұстаз «жүріңдер» десе, жанымыз семіреді. Ұстаз жүзінде жаман рай жоқ, жақсы шырай бар. Ата-анасының жүзіне жәутендеген жас баладай ұстаз жүзіне қарап-қарап қойып тартып келеміз. Бейне бізді Бақыт ауылына бастайтындай ұстаз алда келеді. Шамасы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директоры Әди Шәріпов ұстазымызды бетінен қақпаған болуы керек.

Директордың орынбасары көзілдірікті қара торы жігіт ағасы. Аз уақытта ұстазды алға салған бес бозбала шәкірт сол кісінің алдында тұрдық. Шаруаның сәтті бітуіне айналғанын сезіп, бір-бірімізді түртіп қалып, жымың-жымың етеміз. Бәрі де алдын ала келісіліп қойған секілді. Құжаттарымыз директордың орынбасарының қолына өтті. Ол қарап отыр.

– Тұрсынбек, – деді қара жігіт алтын сулы көзілдірігін жалт еткізіп, жоғары қарап, – Бұлардың бәрі бірдей сенің ауылыңның балалары болып ұят болып жүрмесін. Жымиып күлді. Жүзінде «Ұрлығыңды ұстап алдым ба, бәлем?» – деген кісінің жеңісті келбеті. Құлағымызға жайсыз сөз шалынған біз қолайсызданып қалдық.

Ұстаз күмілжіді. Сөйтті де әлгі кісіге қарады:

– Айтқандай, Зәки, мен осылардың қайсысының қайдан екенін білмейді екенмін. Әйтеуір, жақсы оқыған, студенттердің ғылыми жұмысында жақсы көрінген жігіттер. Кейбірі сын мақалаларын жариялай бастады. Мен бұларды сендерге осы ретпен әкеліп отырмын. Басқасын білмеймін. Өздерінен сұрайық.

Алтын көзілдірік тағы да жалт ете түсті. Бізге тесіліп тұр.

– Жанғара Дәдебаев – Жамбыл облысы Талас ауданынан.

- Байділхан Балажанов – Алматы облысы Ұйғыр ауданы.
- Төребай Омаров – Қызылорда облысы Қазалыдан.
- Ергөбек Құлбек – Шымкент облысы Қызылқұм ауданы.
- Жарылғас Әбішев – Көкшетау облысы Степняктан.

Сөзіміздің аяғын ешкім тыңдай қойған жоқ. Бірде-біріміз Тұрсекең туған өңірден болмай шықтық. Жерлес емеспіз. Тұрсекең шынайы ұстаз келбетін танытып мерейленіп тұрды.

– Азаматсың, Тұрсынбек!

Алтын көзілдірік ризалық кейіп танытты. Бақсақ, бұл кісі қазақтың үлкен ғалымы Зәки Ахметов екен. Қатар-құрбы жігіттер өзара сыйластығын қазақ қоғамына, ғылымға деген адалдыққа бұрып, принциптілік танытып жатыр екен ғой. Ауадай қажет мінездер екен-ау, қазақ қоғамын таза ұстауға, ұлтты тұтас өсіретін мінез екен-ау, ағалардың ойлағаны. Оны біз ол сәтте түсіне қоймадық...

Сол күннен бастап М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының лаборанттары атандық. Сөйтіп, Жанғара Дәдебаев, Бәйділхан Балажанов, Төребай Омаров, Жарылқасын Әбішев... дегендей ҚазМУ-дің қабырғасынан бірге түлеп ұшқан бір шоғыр жас өмірден өз орнымызды осылай тапқан едік...

Қауырсыны қатпаған түбіт қанат балапандардан үміт күтіп, келешек көрген ұстаз жүрегінің ұлылығына әрі шәкірттерін алаламай, бөлмей құшағына тұтас қысқан ұстаз құшағының жылылығына біз әлі күнге тәнтіміз. Уақытқа қарай бойымызда бір пендешілік ояна қалса, ұстаздың адал бейілі, есепсіз жасаған қамқорлығы есімізге түсіп, қылмыс жасағандай ішімізден ұятымыз түрегеледі қызарақтап. Ұстаздардың бейілі бізді иектегелі тұрған сайтандарды қағып-қағып жіберетін періште секілді. Қайран, ұстаздар-ай!

...Қай-қайсымыздың да бойымызда да шешуші сәтте шешімді іс атқарып, қамқорлық жасаған ұстаз Тұрсынбек Кәкішұлына қарыздар бейіл, ризашылық сезім жүр. Бір ғажабы – уақыт өткен сайын ескіріп, өшіп кету орнына ұдайы жанымызда жаңарып, жадымызда жаңғырып, өркештеніп жүреді сол бір қастерлі сезім. Өмірінің сары күзінде тұрған аса қадірлі адамға күз жомарттығындай дарқан бақыт бергей тәңірі? – деп тілейміз іштей риясыз көңілден.

Іштей «Жақсыдан шарапат!» деп қойып оның әдеби қорығына қарай аяңдаймыз.

Профессор Тұрсынбек Кәкішұлы жайындағы сөз қалайық, қаламайық, қазақ әдебиеттану ғылымына барып саяды. Ойлап отырсақ, қазақ әдебиеттану ғылымы және оның қайраткерлері өткен жол – бұралаң соқпақты, өрісінен еңісі көп, табуынан адасуы жиі, «тар жол, тайғақ кешу» жолы секілді көрінеді. Олай болмағанда қайтеді, қазақ әдебиетшілері көрмеген құқай жоқ. Тыңнан жол салған Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы бастаған бір шоғыр әдебиетші ғалымдар атылды, Е.Ысмайылұлы, Х.Жұмалыұлы, Т.Нұртазин сотталды, М.Әуезұлы, Б.Кенжебайұлы қызметтен қуылды. Ұлы Мұқаң қайын жұртынан пана іздеп, Мәскеу қашты. Б.Кенжебайұлы КОКП қатарынан шығарылып, үй қамағында. Атпақ. Аспақ. Сібір айдамақ. Олардан кейінгі буын да «ұлтшыл» атанып, бір бұйрықпен шарпылып барып, «әуірім-тәңірмен» аман қалды, әйтеуір. Міне, осындай қорқыту, үркіту, тұқырту арқылы қалыптасқан әдебиеттануда, үрейлене жүріп жасаған әдебиетте не береке болады?!

Мына ғажапқа қараңыз: қаншама қуғын-сүргін көрсе де, сол аға буын әдебиетші ғалымдар ұлттық болмыстан бір айнымай, азаматтық мұраттан бір сәт те шегінбей өтіпті. Өмірден олар атылып бара жатып та айтқанынан қайта қойған жоқ. Олар қазақ әдебиеті тарихы үшін сотталып, жазасын өтеп қайта оралғанда ұлттық мұраттан бас тартпай, қайта сол келген жерінен әрі қарай жалғап жүре берді. Қазақ халқына деген осы бір адалдықты, ана тілі үшін алысып, ұлттық мүдде үшін тұрысатын табандылықты мирас етіп алып қалған балауса бір буын ағалар ізімен қазақ әдебиеті тарихын жасауға білегін сыбанып кірісіп кетті. Бұл елуінші жылдар еді. Міне, осы буынның көрнекті өкілі – Тұрсынбек Кәкішұлы!

Қазақ университетінде оқып жүрген 3-курс студенті Тұрсынбек Кәкішұлына ұстазы профессор Бейсембай Кенжебайұлы студенттердің ғылыми қоғамы ұйымдастырған қалалық ғылыми конференцияда баяндама жасату үшін «Сұлтанмахмұттың публицистикасы» деген тақырыпты ұсынып, жетекшілік етіпті. Қазақ әдебиеті тарихы мәселесін тереңнен көтеремін

деп өз басы даудан ажырамай жүретін Бейсекең ұзамай (1953 ж.) партия қатарынан шығарылады, М.О.Әуезов екеуі бір бұйрықпен ҚазМУ-ден жұмыстан қуылады. Өз басына туған қасірет шәкіртті қоса шарпымасын деген оймен «Сұлтанмахмұт жайлы студенттердің қалалық ғылыми конференциясында баяндама жасамай-ақ қой» деп сақтандырады. Алған бетінен қайтпайтын қайсар студент Ғылым академиясына барып, академик Ісмет Кеңесбаевқа жолығады. Академиктің де қарсылығына қарамастан, баяндама жасайды.

Ұстазы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне мамандандырғысы келген Тұрсекең университет бітірген соң жиырмасыншы жылдар әдебиетін зерттеуге ден қояды. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне қарағанда да қиын кезең, қалтарыс, қатпары көп қауіпті дәуір еді бұл.

Аспирант болып кіріп, күллі тағдырын сабақтастырып, ауыр бейнетін кешіп, алғыс орнына қарғыс есітіп, тарықса да, торықса да тартынбай, ауыртпалықты қайыспай көтеріп, бүгінгі биігіне ғалым жиырмасыншы жылдар әдебиетін зерттеу арқылы көтеріліп шықты.

Өмірі өнімді еңбекпен өтіп келе жатқан Т.Кәкішұлын «мол пішімді» С.Мұқанұлы «тонның ішкі бауындай» жақсы көрген. Е.Ысмайылұлы шәкірт ретінде сүйген, Б.Кенжебайұлы сенген, сүйенген тұлға. Алдындағы ағалары дегеннен шығады, абыз ақын Әбділдә Тәжібайұлы өмірінің соңғы кездері жарық көрген бір еңбегінде: «Тұрсынбекті мен аппақ пейілі ақаусыз, кісілік пен кішілік бірдей жарасқан аса ірі азамат деп таныдым» – деп жазыпты. Дәл бағалау. Ағалар бағалауы осы бір байламға келіп тоғысып жатады-ау, асылы. Ағалары Тұрсекеңдей ғалымды тек марапаттап, бағалап қана өтті десек, артық болады, өздері атқарған, бастап аяқтай алмай кеткен қазақ әдебиеті жайындағы ізденістерді де аманат етіп, міндет артып кетті. Ұстазымыз Тұрсекең ағалар аманатын арқалап әдебиетке келді, аманатты адал атқарып, ертеңге адымдап кете барды.

Тұрсынбек Кәкішұлы – арзаннан олжа тапқысы келетін, көрініп қалатын бейілді жандардан емес, түренді тереңге салатын тегеуірінді ізденістің адамы. Оның қайтпас қуаты мен белшеден кешкен бейнетінің куәсіндей өзі ғана ашқан әдеби өңір, тұтас-тұтас дәуір бар қазақ әдебиетінде. Ол – бұл күнде әдеби мектептің көшбасшысы. Сол көп еңбекпен келген зерттеулердің бір шоқтықтысы – жиырмасыншы жылдар әдебиеті жайындағы еңбектері дер едік.

Жиырмасыншы жылдардағы қазақ әдебиеті – қазақ әдебиетінің күрделі кезеңі. Өйткені бұл кезеңде адамзаттық тарихымызда жаңа дәуір басталады. Әрбір жаңа қоғам өмірге келгенде оны қостайтын, қостамай, қарсы тұратын түрлі саяси күштерді туғызары хақ. Арғы бастауын XX ғасыр басынан алған жиырмасыншы жылдар әрі саяси партиялардың өзара айтысқан, әдеби ағымдардың тартысқан, аянбай майдандасқан кезеңі. Марқұм профессор Бейсембай Кенжебайұлы айтар еді: «Докторлық диссертацияға тақырып етіп жиырмасыншы жылдардағы қазақ әдебиетін алып тұрып, зерттей келе Ақаң, Жақаң, Мағжандарды айтқызбайды ғой деп бас тарттым», – деп. Демек, жиырмасыншы жылдар әдебиетін зерттеуге өзіне-өзі сенген, қиындығына көнген, қателессем, халық түсінер, келер ұрпақ кешер деген ақ, адал ойлы, арын алдына тұтқан әдебиетші ғана бара алады. Аға буыннан Б.Кенжебайұлы, Е.Ысмайылұлы тиіп-қашып қана барған осы бір күрделі кезеңнің түбегейлі зерттеушісі – Тұрсынбек Кәкішұлы! Күрделілігі соншалықты әлі күнге жанартаудай қозғалып, қоздап, түрлі айтыс-тартысқа дәнекер болып жататын бұл кезеңнің бірден-бір іргелі зерттеушісі Тұрсекең екенін оның досы түгіл, дұшпаны да мойындайды.

Жиырмасыншы жылдар әдебиеті – ғалымның әрдайым айналып соғып, әр қырынан тынбай зерттеп келе жатқан алтын көмбесі. Бұл орайда «Октябрь өркені» ғалымның осы кезеңге қатысты басты еңбегі болса, ұстазы Е.Ысмайылұлы, тұстасы М.Дүйсеновпен тізе қоса отырып жазған «Қазақ совет әдебиетінің алғашқы дәуірі» («Қазақ әдебиетінің тарихы», 3-том, 2 кітап) аталатын байсалды тарау, «Сын сапары», «Оңаша отау» ғылыми диалогиясының (қазақ әдебиеттану ғылымында мектеп қалыптастырған еңбектің) сүбелі бір тарауы, «Қызыл сұңқар», «Сәкен Сейфуллин» сынды сәкентануға айрықша үлес болып қосылған еңбектері, С.Шәріпов, Е.Бекенов, Ж.Тілепбергенов әдеби мұрасын жинақтау, алғысөз жазу үстіндегі ізденісі – басты зерттеуді толықтыра түсерлік қосымша еңбектер. Осы толымды еңбектерді

өзара салыстырып қарасаңыз «Қазақ совет әдебиетінің алғашқы дәуірі» – объектісін тұтастыра қарастырған шолу, «Октябрь өркені» – әдеби әдіс, ағымдардың табиғат-тағдырын талдай қарастыратын терең зерттеу, маңызды ғылыми монография. «Сын сапары», «Оңаша отау» – кезең әдебиеттеріне белгілі бір жанр өзегімен қараудың әдеби әдемі үлгісі, түрлі портреттер («Дәуір суреттері») жиырмасыншы жылдар әдебиетіне жекелеген дарындар тағдыры арқылы келіп, үңілу, зерттеу нәтижелері екенін көреміз.

Әрбір кезең, дәуір-дәуірде жасалған руханият дүниесіне өз кезеңі көзімен қарап, өзіне дейінгі жайлармен салыстырып барып, бағалағанда ғана әділеттілік болады. Алпысыншы жылдарға дейін аяулы Ақаң, Жақандарды қоя тұрып, Сәкен, Ілияс, Бейімбет аттарын ататпайтын, олардың әдеби мұрасы жайында жылы сөз айтуға тыйым салынғаны мәлім. Марксизм-ленинизм идеясы, кеңестік, коммунистік партия идеологиясына сөз сөйлеу, зерттеу жазу ол жылдары мүмкін болмағанын естен шығармау ләзім.

Осындай қысылшаң уақытта зерттеуші Т.Кәкішұлы өзара қайшылықты көзқараста күн кешкен Алашорда арыстары мен Кеңес әдебиеті арасында өткен тартыс шежіресін, сөйтіп жасаған рухани қазынаны ашып, халыққа шежірелеп жеткізді. Материалға кеңестік идеология көзімен қарап отырып-ақ зерттеуші көп мәселенің бетін ашты, көп мәселені объективті бағалады. «Революция қарсаңындағы қазақ әдебиетінің творчестволық беті, идеялық нысанасы әралуан болды. Сөйтіп олар бір-бірімен күресе отырып дамыды», – дейді зерттеуші. Дұрыс байқау. Енді осы өзара күресе жүріп дамыған әдебиетке қандай көзбен қарау керек? «Қазақ совет әдебиетінің идеялық, көркемдік бағытын анықтап берген негізгі фактор – Ұлы Октябрь революциясының жеңісі» – дейді ғалым. Қазан төңкерісі – қазақ азаттығы ретінде қабылданған. Демек, кеңес әдебиетіне жеңілдік беріледі. Алайда бұл ұлтшыл-байшыл атанған бір шоғыр ұлы дарындарға үрке қарау емес. Айталық, Мағжан Жұмабайұлы жөнінде «Білімді, тәжірибелі байшыл ақын», – деп жазды. Дұрыс қой. Әйтпесе мына пікірге құлақ түріңіз: «Бастауыш, орта мектепке арналған тіл мен әдебиет оқулықтары авторларының бірқатары солардан (буржуазиялық-ұлтшылдар. – Қ.Е.) еді. Педагогикалық техникумдар мен халық ағарту институтының оқушылары арасында М.Жұмабаев поэзиясының, А.Байтұрсынов оқулықтарының идеялық ықпалдары аз болған жоқ. Кадрлардың аз кезінде мамандар ретінде буржуазияшыл зиялыларды партия уақытша пайдаланған болатын. Орыс тіліндегі ғылыми, көркем әдебиет кітаптарын қазақ тіліне аударуда, оқулықтар жасауда, әдеби тілдің жаңа нормаларын қалыптастыруда бұл зиялылардың септігі тимеді деуге де болмайды», – дейді ғалым. Осы үзіндінің өзінен-ақ ғалымның оларға деген оң көзқарасы аңғарылып қалып жатқан жоқ па?! Біздіңше, солай! Әйтпесе Алашорда көсемінің бірі – Хәлел Досмұхамедовтің қазақ ауыз әдебиеті көне мұраларын жинаудағы рөлін жоғары бағалауы ше? («Қазақ әдебиетінің тарихы», 3-том, 2-кітап, 55-бет). Ол жылдары ұлтшыл-буржуазия ретінде әбден күстаналанған аяулылардың еңбектерін тиісінше жоғары бағалап жатса, ғалым табандылығы, азаматтық батылдығы деп тану керек!

Айтылған жайлардың қай-қайсысы да Т.Кәкішұлының өз зерттеулерінде мейлінше ақиқатшыл болуға тырысатынын, қытымыр уақыттың өзінде сынаған болып отырып та, өзара сынасқан кейіп танытып та жабық жатқан талай аяулылар еңбегін дұрыс бағалауға, ұрпақтар жүрегіне жылы ұялатуға тырысқанын көрсетеді.

«Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу кезеңі» аталып, зерттеліп келген 1917-29 жылдар әдебиетіне барған қандай да бір тегеурінді оқымыстының өзі тарихта болған тартыс, таласты аттап өте алмасы хақ. Ол да дұрыс-ау, ол кезең әдебиетін Алашорда өкілдері мүддесі тұрғысынан қарарлық атмосфера алпысыншы жылдары бізде болған жоқ. Бүгін ғана қол жетіп отырған бұл мүмкіндікті алпысыншы жылдарға алып барып, сол тұстағы қазақ әдебиеті зерттеушілерін күстаналап, ағаш атқа мінгізу орынсыз-ақ. Асылы, кеңес өкіметі құрамында өмір сүрген уақытта С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин бастаған кеңес әдебиеті өкілдерін ақтап алмай тұрып, Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы сынды сөздің сүйікті мағынасындағы ұлтшыл жазушы, ғалымдар жайында сөз қозғау, мәселе көтеру мүмкін емес еді. Әсте мұны естен шығармалық. Демек, ол кезде алашшыл аяулыларды ұмыттырмай, кейінгі ұрпақ есінде сақтаудың, жас

буынның жүрегіне ұялатудың жалғыз жолы – бопсалап сынаған болып отырып, баспалап қана айту.

Коммунистік партияның «хрущевтік жылымық» кезінде жібі бір босаңсыған, соның арқасында әдебиеттің көптеген өкілдерін ақтап алып үлгергеніміз баршаға аян. А. Твардовский сынды үлкен бедел иесін алға сала жүріп И. Бунинді әуірім-тәңірмен қайтарып алған империя ағасы-орыс әдебиетшілері Гумилев, Мережковский, Бердяев сынды ұлы тұлғаларын ақтай алған жоқ ол жылдары. Орыстың ойшылын да, қазақтың алашын да ақтау – қайта құрудан кейінгі демократия жемістері. Күннің батуы, таңның атуы сынды – табиғатта орныққан заңдылықтарды аттап кете алмаймыз. Сол секілді әдеби-қоғамдық құбылыстардың әрқайсысын өз орын-орындарына қойып бағалау, әрбір кезеңде қызмет атқарған азаматтарды уақытында, еткен қызметіне орай құрметтеу қажет. Олай етпеген жағдайда кеңестік кезеңде асыра сілтеуге себепкер болған әсіре белсенділік, ақкөз әпербақандыққа қайыры жол беріп алуымыз оп-оңай...

Осындай логикалық қисынды ұстанғанда ғана «хрущевтік жылымықты» сәуір лебіндей сәтті пайдаланып, қазақ әдебиетінің тұтас алғы легін ашып, қазақ әдебиетінің тұтас бір дәуірін ақтарған, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин сынды қаламгерлерді ақтаған, әдеби мұрасын қатарға қосқан бір буын дарынды әдебиетшілердің еңбегін объективті бағалай аламыз. Бұл – бір Т. Кәкішұлы үшін ғана керек емес, ғылымға елуінші жылдардың аяғында келіп, әдебиетіміздің тұтас-тұтас кезеңдерін қазған, қазақ әдебиетінің қазық-қадасы секілді қадау-қадау қайраткерлерін ашқан бір буын әдебиетшіге, қала берді қазақ әдебиетіндегі заңдылық, әділеттілікті қалыптастыру үшін де қажет. Осы тұрғыдан алғанда, Т. Кәкішұлы және оның буындастары еңбегін алашорда өкілдерін ақтау алдындағы тарихи акті, ұлтшылдарды ақтау алдындағы алғышарт деп қарау жөн.

Осы тұрғыдан келгенде, көрнекті ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы және жиырмасыншы жылдардағы қазақ әдебиетін зерттеуші өзге де ғалымдар еңбегі бүгінгі күн мүддесіне толық қызмет етеді. Бұл орайда өзге ғалым еңбегі бір төбе де, әдебиетіміздің осы күрделі кезеңін зерттеуге бар ғұмырын сарп етіп келе жатқан Тұрсекең еңбегі бір төбе. Бұл – ғалым тегеурінін танытатын толағай еңбек, толайым табыс!

Алпысыншы жылдар басында, Академияда ғылыми көпшілік ашық сырласқан маңызды ғылыми-теориялық, методологиялық конференция өтті. Қазақ әдебиеттану ғылымы қасқа мен жайсаңдары әдебиетке қажет тапқан ой-пікірін ортаға салды. Әдебиетте айта білсе, келістіре алса кіші проблема жоққа таңдық емес пе?! Сол жиында жас ғалым Т.Кәкішұлы әдебиетіміздің алғашқы адымы – арналану бағытына еңбек сіңірген үлкен тұлғалармен бірге, шама-шарқы, дарын қауметінше еңбектеніп, хал-хадарикал үлес қосқан «кіші таланттардың» да ескеріліп, әдеби мұрасы зерттелуі қажеттігін еске салып, орынды проблема көтерді. Қашанда проблеманы алға сала белгілі жүйеде еңбектенетін ол, кейін осы бағытта жекелеген әдеби портреттердің басын қосып «Дәуір суреттері» (1967 ж) атты сүп-сүйкімді еңбегін оқырмандарына тарту етті. С. Сейфуллин, Б. Майлин, С. Шәріпов, С. Ерубәев, Ж. Тілепбергенов, Е.Бекенов секілді әдебиетіміздің үлкенді-кішілі дарындары жөнінде, республика оқушыларының жаңа архивтік ақпар, тың пайымдауларға тап болуы – оның шығармашылық тағдырындағы тағы бір сүйсінерлік қасиеті. Ол осы дағдысынан күні бүгінге дейін танбай, барша көпшілікке бірдей мәлім емес, көптеген дарындар жөнінде ерінбей-жалықпай архив ақтарып дербес шабытпен жазып келеді.

Әрқайсысы әр кезеңде туып, тіршілік кешкен, үлкенді-кішілі әдеби-публицистік, ғылыми мұра қалдырған жандар. Әйтпесе белгілі бір кезеңде жасаған бір дәуірдің адамдары болса бір сәрі. Бір дәуірден бір дәуірге өтіп, «кіші дарындар» әдеби мұрасын жинақтау, дәуірдің де дарынның да психологиясына еніп, әлгі дүниелерден рухани құндылық табу, оны жаңа дәуір оқырмандарына ұқсатып жинақтап, кітап қылып құрастырып, ұсынықты етіп ұсыну, тұшымды етіп түсіндіру қайдан оңай болсын?! Тіпті ол дарындар бір дәуірде өмір сүрген күннің өзінде қара құлып салынған есіктерді еппен ашып, архив ақтарып, ескі газет-журналдардың шаңын қағып, ептестіріп алып шығып, кітап етіп, аруақтарды «тірілту», жұрт кәдесіне жаратып, рухани игілік сыйлау айтарға ғана оңай. Тынымсыз іздену, қауырт қимыл,

өлшеусіз уақыт, қыруар қаржы тілейтін өнімсіз тірлік бұл. Осы өнімсіз істен де өнікті рухани қазына-байлық жасаған біздің дарқан бейіл ұстазымыз. Егер Тұрсекеңнің ыждағатты еңбегі болмаса, ұлты татар, қызметін қазаққа жұмсаған, алғашқы елшінің бірі – Сабыр Шариповтің қалың қос томдығы, аз ғұмырда от-жалынға өртеніп кете барған Саттар Ерубаеттың жуан бір томдығы жарық көре қоймас еді-ау деп ойлаймын. Бұған Жиенғали Тілепбергенов, Елжас Бекеновті қосыңыз. Ауқымды дүние! Олардың ұрпақтары Тұрсекеңді әкелерінің көзіндей көретін себебі де осында! Әкелер аманатын балаларына жеткізіп жүрген – Тұрсекеңдей азамат!

Жинақтаушылық, жариялатушылық – әдебиеттегі міндеті көп, алғысы аз, ауыр бірақ абыройлы шаруа. «Хрущевтік жылымық» жылдары ақталып, қатарға қайта қосылған Сәкен Сейфуллин көптомдығы әуелі Тұрсекеңнің Мәскеу, Санкт-Петербург архивтерінен тірнектеп жинаған бай материалы (әсіресе 4, 5, 6-томдары) негізінде жарыққа жедел шығып, оқырманға дер кезінде жол тартқаны қапысыз шындық.

Сәкен демекші, аталған дәуір, айтылған еңбектің қайсысы болмасын Қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушы Сәкен Сейфуллин есімімен тығыз байланысты жатады. Ғалымның дарынды қайраткер Сәкен еңбегімен белгілі тақырыптарда етене келіп қалуы кейін оны мехнаты мол ізденістерге бастайды. Т.Кәкішұлының қаламгерлік жолындағы жоталы тақырып – әуелі «Қызыл сұңқар» (1986 ж.) деген атпен арнайы еңбекке айналып, ана тілімізде дүниеге келді. Көркем беллетристік, дерегі мол еңбек жазылу формасымен қазақ әдебиетіндегі жаңалыққа баланды. Тағы да ілтипатпен қарап, тосырқаған көпке тойтарыс берген, еңбектің әділ бағасын айтқан адам Сәбит Мұқанұлы болды. Ол дұшпан қайта беттей алмастай алғысөз жазып, документалист жазушы бағын ашты. «Ең алдымен бұл кітапта Сәкеннің өмір жолында оқырмандарға бұрын мәлімсіз материалдар, деректер көп. Тұрсынбек оларды Сәкенді көрген, істес болған адамдармен жолығысу арқылы, Омбының, Қызылжардың (Петропавл), Ақмоланың (Целиноград) архивтерін ақтару арқылы тапқан. Бұлардың бәрі де оқырмандардың Сәкен туралы бұрын білетін материалдарын байыта түседі.

...«Қызыл сұңқардың» тағы бір құнды жағы – Тұрсынбек Сәкенге тән деректерге тоқталып қана қоймай, сол кездегі қазақ халқының тіршілігінде болған үлкен оқиғаларды Сәкен өміріне байланыстыра жазып, біраз шындықтың сырын ашуға талаптанғандығында» (6-7 беттер) – депті. Сол сияқты кітаптың жанрын да тұңғыш рет дұрыс анықтап «Советтік көркем әдебиеттің негізін салған атасы – Максим Горький ұйымдастырған «Тамаша адамдардың өмірі» аталатын серия барын, бұл серияларда нелер тамаша адамдар туралы нелер ғажайып шығармалар жазылғанын білеміз. Тұрсынбектің «Қызыл сұңқары» да осы сериялардан өрбіген бұтақ. Мұндай еңбектер бізде көбірек жазылуы керек-ау деп ойлаймын. Өйткені біздің көне тарихымызда болсын немесе советтік заманымызда болсын халық үшін, жаңа қоғам үшін күрескен азаматтарымыз аз емес» (7-бет) деп, сүйсініс лебізін, ұсыныс-тілегейін айтқан екен. Бұл аталы пікір көптің «мезгілсіз» тани алмаған шындығы болар, бәлкі әдеби қауымның тани тұра айта алмаған пікірі болар. Қалай десек те, Т.Кәкішұлының «Қызыл сұңқары», оған жазылған Сәбеңнің алғысөзі С.Сейфуллин жөніндегі ағымдағы ағынды бұзды. Зерттеуші мерейі осы тұста тағы бір үстем болса керек.

Алғашында қияндау жол кешкен еңбек кейін Сәбең айтқан «Өнегелі өмір» сериясына барып қосылды. Орыс тілінде 1972 жылы «Молодая гвардия» баспасы арқылы Мәскеуде жарық көрді. Жарық көру арқылы қазақ әдебиеті мерейін биік көтерді! Өйткені еңбек өз жанры бойынша Орта Азиядағы алғашқы қарлығаштай саналады.

Өкініш айтуға, болмаса қуанып қабылдауға келер ме екен, біздің әдебиетіміздің жазба дерегі, архивтік сақталысы аз арғы дәуірінен бастап, көптеген мәселелері аса бір қиындықпен іске асып, қиналыспен жолға қойылып келеді. Осындай, дүдәмал-күдігі көп мәселенің бірі қазақ әдеби сынының тарихы болатын. Көптің көзі түсіп, күдікті көңілі соқпай жүрген осы проблеманы да қаза зерттеп, көмулі жатқан көмбедей арғы-бергісін архив тілімен тірілте сөйлетіп, көріктендіре ашқан ғалым – тағы да Тұрсынбек Кәкішұлы! Одақтық деңгейде жақсы бағаға ие болып жүрген «Сын сапары» (1971 ж.), «Оңаша отау» (1977 ж.) осы қиын проблеманың докторлық диссертацияда шешіліп, арнайы кітап болып шығуы!

Әдебиеттегі бұл проблема белді бір ғалымға жүк боларлық бірегей еңбек. Қазақ әдеби сынының жайы сөз болғанда Тұрсекең атқарған тағы бір міндет аталады. Ол осы мәселені ғылыми конференцияларда мәселе көтеріп, жоғары оқу орындарына «сын тарихы» деп аталатын арнайы курсты ізіне түсіп, қоймай жүріп енгізді. Жоспар-жоба жасап жолға қойды. Ғалым осы міндетті тереңдету, сын тарихын арналандыру бағытында еңбектеніп жүр. Қазіргі таңда бұл еңбек Т.Кәкішұлының зерттеу мектебін қалыптастырып отыр.

Әдеби сын тарихын – жанр тарихы арқылы келіп зерттеудің бір әдемі үлгісі – «Сын сапары», «Оңаша отау» аталатын қос кітаптан тұратын еңбегі. «Құлағы кесіліп құнтыып, мұрны кесіліп шүнтыып» жұлмаланып жарық көрген қос кітаптық зерттеуді ойға алса ұстаздың жаны шырқырап кетеді. Кезінде баспа бұл қос томдықты аяусыз қырқып, «жүнін жұлған тауықтай» жұлмалап қысқартып шығарды. Баспаға бірге тапсырылған кітаптың екі том арасына он жыл салып барып жарық көргенін айтыңыз. Олай болатын реті бар.

Сын – қоғамдық ойдың қозғаушысы, ұлтты оятатын, есейтетін есті жанр. Ғалым қазақ ұлтының ояну дәуірі болған ХХ ғасыр басындағы әдеби сын жайында айтқанда, Патшалық Ресей қыспағына қарсы небір ащы ойларды, бостандық алдық дей отырып, ұлт оянуын, тәуелсіздік таңын аңсаған небір тотайын ойға оранған өткір пікірлерді тұтас-тұтас үзінді күйінде кітабына еркін енгізіп отырған еді.

Әдеби факты ретінде, ХХ ғасыр басында баспасөзде жарияланғанына қарамастан, қазақ халқының бар кезеңдегі әлеуметтік жағдайын жарлай айтып тұрған ол ұлтшылдық пікірлерден басшылық тайсақтамай тұра алмасы хақ. Ғалымның қазақ елінің жаңа буын жас ұрпағын кезінде айтылған пікірлерді ұсына отырып оятқысы келген ойы барынша ізгі.

Ізгі ой ол кезде осылай үлкен-кіші кедергіге тап болып жататын. Сондай кермелерді үзіп, кедергілерді жеңіп жарық көрген қос томдық бүгінде оқулыққа айналды. «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» аталып қайта-қайта басылым көрді. Ұлтын оятып, ұлт ұрпағын ұлттық санамен тәрбиелеп келеді. Ұрпақ танымына тарихи тұрғыдан ықпал етіп, санасына ұлттық сапа бітіруден асқан абыройлы міндет қайдан болсын?! Т.Кәкішұлы еңбектері осындай абыройлы міндет жетегінде!

Қазақ әдебиетіне түрлі аспектіден келіп, жан-жақты зерттеген ғалым еңбегі өзіндік бірнеше ерекшелігімен дараланады. Атап айтар болсақ, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы зерттеу еңбектері, біріншіден, жан-жақты терең зерттеу нәтижесі. Екіншіден, ол еңбектерін ғылыми концепцияға құрады. Үшіншіден, ғалым еңбектері архивтік деректерге толы келеді. Бұл – еңбектің дәйектілігін, ғылыми маңызын арттырады. Төртіншіден, профессор еңбектері үлкен ғылыми жинақтаулардан тұрады. Оның зерттеу еңбектерінен тұтас-тұтас дәуірдің саяси халі, әлеуметтік ахуалы, әдеби процесі өзара жымдасып, тұтаса көрінеді. Оның еңбектері - өзі зерттеп отырған дәуір келбеті, рухани портреті дәрежесіне жетеді.

Қазақстан Республикасы іші-сыртына бірдей кең танылған халықаралық академиялардың толық мүшесі (Ресей, Қырғызстан) болып сайланған көрнекті ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы зерттеу мектебі қалыптасқалы қашан?! Ол сала-сала еңбектердің әрқайсысы арнайы зерттелуге тиіс келешекте!

Тұрсекең тәуелсіздік күндеріне, осылай «Октябрь өркені», «Сын сапары», «Оңаша отау» зерттеу еңбектері арқылы әбден толысып келген болатын. Тегеурінді зерттеушіліктен оның табанды саясатқа ойысып, тәуелсіздік талаптары жайында біраз пікір тербеуі осы орайда заңды-ақ! Өтпелі кезеңде Тұрсынбек Кәкішұлы саясаткер болып атқа мінді. Кейбір замандастары «Замана әлдеқалай құбылып кетпес пе?» деп әліптің артын бағып, сақтық жасап отырғанда бодандық тарихын егжей-тегжейлі білетін ғалым жан-жағына жалтақтап жатпай, саясат теңізіне қуып беріп түсті де кетті. Ғалымның өтпелі кезеңде дауысының ащы шығып жатуына соның алдында ғана құйын болып келіп, империялық қитұрқы саясаттың артын ашып кеткен Желтоқсан оқиғасы да себепкер болды-ау. Өйткені 1986 жылы Қазақ ұлттық университетінің филология факультеті деканы болып қызмет атқарған Тұрсекең тіміскіленген қауіпсіздік органдарына, студент балаларын өз перзентіндей қорғаштап, бірде-бір шығын бермеген, сөйтіп сөзге қалған, солдан тұрған жел оңға ойыспаған жағдайда тағдыры не болары белгісіз, бірақ тәуекел деп тас жұтып, бәріне де белді бекем бұған табанды кісіңіз.

Құйын айналдырған қитұрқы кезеңде сыртқы тепкінің тегеурініне шыдап, үлкен дәреже көрмесе де, принциптілік үшін бетбақтырмай, декандықтан кетпей отырып алған, сөйтіп былқылдақтау басқа басшы болса теміртордың арғы жағынан бір-ақ шығар талай көгенкөзді қорықпай қорғап қалған шынайы ұстаз – Т.Кәкішұлы! Сөйтті де жағдай оңалып, сібірлеп тәуелсіздік таңы атқан сәттен қызметін өз еркімен тапсырып саясаткер болып атқа мінді. Мақсаты – ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіне әуірім-тәңірімен өлдім-талдым дегенде қол жеткізген жас мемлекеттің буынын бекітісу, тәй-тәй басқан қадамына баяндылық тілеп, аяғынан тұрғызуға қызмет ету. Тұрсекең сол тұста радиодан, теледидардан тынымсыз көп сөйледі, ағымдағы баспасөз бетінде дамылсыз көп мақала жазды. Ардақты ұстаздың кәнігі саясатшылардан бір айырмашылығы – реформа неге жедел жүргізілмейді деген ойда жүрді де, үндемей қалатын жерлерде де үндемей қала алмады, «субардинация» сақтап жатпады, айтарын аянбай, тапқан ойын тартынбай алғаусыз айта берді, айта берді. Бәлкім, жасы ұлғайып келе жатқан кісіге бүкіл өмірін мемлекеттік қызметкер ретінде өткізетін, сол жолда аққаптал баяғы кәнігі саясаткердің тәсілқой әккілігі жетіспей жатқан шығар. Алайда ол сөздерде ғалым, ұстаздың туған ел мен туған жер жайлы алғаусыз адал ойлары, ақ еден көңілі жатар еді. Көңілге қарамай сөйлегеннен ұлт ұтқан шығар, көшсем деген атажұртқа көше алмай, кіндік қаны тамған Ақмоланың құрметті азаматы атана алмай, ғалымның өзі зиян шекті. «Нешауа», Сіз өз қара басыңыз қамы үшін күн кешіп жүрген жан емессіз, халқыңызға аса қажет, ділгір ойларды дүрілдетіп айтып, ұлтты ояттыңыз, одан артық не керек? – деп жұбатамыз ұстазды, әрдәйім.

Ғалымның «Санадағы жаралар» аталатын публицистік кітабы өмірге осылай келген! Ұстаздың өтпелі кезеңде өрістеген ой-пікірлері, сөйлеген сөздерінен бас құраған отты, ойлы публицистикалық кітабын қазір де қайта бір бастап оқысам басымды көтере алмаймын. Осы мерейсөзді жазуға дайындық барысында және бір рет оқыдым. Оқыдым да, ойландым, толғандым. Өзгені де ойландырамына, толғандырамына көз жеткіздім.

Бір кітабын Тұрсынбек Кәкішұлы «Сандалтқан «Садақ» атады. «Садағы» несі? «Сандалтқаны» қалай? Майлин әдеби мұрасына байланысты сөз арасында айтылып өтетіні болмаса «Садақ» журналын көпшілік біле бермейтін. Ептеп естіген ескі көздер сарқылған кез. Аға буын өмір-тарихында үлкен рөл атқарған, Биағадан бастап бірсыпыра дарындардың ырымалды туындылары жарияланған қолжазба басылымның бірі – Тұрсекең індетте жүріп тапқан, кейбірін «Жұлдызда» жариялатып, әдеби айналымға қайта түсірген осы «Садақ» журналы.

«Садақты» оқып отырғанда ХХ ғасыр басында сом-сом бұқарашыл таланттардың шыққанына, олардың аз жылда шапшаң өсіп, жедел қалыптасқанына куә боламыз. Әлеумет өміріндегі қайшылықтарды, басы бостандық болып басталған жаңа қоғамның аяғы қайда апарып соқтырар екен деген дүдәмал ойды да кездестіреміз. Соның маңыздыларын іріктеп, сұрыптап алып, ара-арасында зерттеуші көңіл күйінен хабар беріп, мөлтек сюжет өріп жіберіп көптің көңілінен шығатын қызық кітап жазды Тұрсекең.

Орыс әдебиетінде ХІХ ғасырдағы бір журналдың айналасында сан-алуан таланттар тағдыры әңгіме болып жататын түрлі жанр туындылары бары мәлім. Өзгесін қоя тұрып, бертінде Ф.Кузнецов секілді үлкен сыншының әдебиет сынынан осы салаға ойыса кітап жазып жүргенін айтсақ та жетеді. Тұрсекеңнің майдадан жинақтап ірі шығарған, елеусіздеу дүниелерді уақыт көзімен қарап елеуліге айналдырған еңбегі, бет пішімі де, жанрлық табиғаты да өзгешелеу туындысы – осы «Садақ». Жаңа еңбектің жанры не? Егер «эссе» дей салсақ, көп әңгімеден ың-шыңсыз құтыламыз. Бірақ бүкіл әдебиетшілік шығармасын іздеуге құратын Ираклий Андроников өз кітаптарына, әсіресе бүкіл өмірінің мәніне айналдырған, соған орай кәделі сыйлық алған «М.Ю.Лермонтов» аталатын кітабының жанрын «ізденістер мен олжалар» (поиски и находки) деп атаған жоқ па? Андронниковті қоя тұрып, өзінің сыралғы досы, татар әдебиетшісі Рафаэль Мұстафин да Мұса Жалел жайында жазған кітабын «ізденіс» деп атады. Сол секілді профессор Тұрсынбек Кәкішұлының «Садағы» да – «ізденіс». Ол Тұрсекеңді әуреке салып «сандалтқаныммен» қазақ оқырманын кеніш олжаға кенелтті.

Қазақ әдебиетінде «Садақ» сынды екінші бір кітап жоқ әл-әзірге. «Садақ» саяқ тұр.

Қазақта «Жүрген аяққа жөргем ілінеді» дейтін сөз бар. «Жөргем» деп ертеде ата-бабамыз малдың ішек-қарын секілді ішкі дүниесінен пісіріліп, ұлы жолдың бойына жолаушыға арнап жерге көміп кететін қайырымдылық асын айтқан секілді. Аналарымыз малдың ішегін әбден тазалап буып-түюді «жөргемдеу» деп жататын. Дәл қазіргі «жөргем» ізденісте жүріп тапқан рухани олжа!

Бала шағында география пәнін сүйіп оқыған, есейгенде географ боламын деп ойлаған Тұрсекең табиғаттың өзге ауысымында архив ақтарып, тапқан-таянғанын теориялық ойлармен толыстырып тыңғылықты еңбек жазса, жаз шыға белгілі бір мақсат жетегіне еріп саяхаттап кетер жақсы әдет иесі.

Сүйікті кейіпкері Сәкен Сейфуллин ізімен («Тар жол, тайғақ кешу») Омбыдан түсіп, Бетпақдалалатып оралғанын білеміз. Сол сапар жақсы еңбектің тууына себепкер болды. Ол аз болса бір қиыры Сахалиннен түсіп, екінші бір қиыр Украина, Беларуссиялатып тағы бір жортты жиһанкез ағамыз. Нәтижесі – «Жол үстінде 80 күн». Бір сыбаға жақсы жиһанкездік. Бірақ қызыққа берілген ағамыз онымен де тоқтаған жоқ. Түп тарихы туыстық танытатын Татарстан, Башқұртстанға де барып қайтты. Рухани ізі – «Ұштасқан үш өзенмен», Кавказ, Қырым сапарын «Жасампаз өлке» деп те кітап етіп жазды.

Т.Кәкішұлының бұл сапарының мәні неде? Жолсапар жазбаларын қалай қабылдауымыз керек?

Тұрсекеңнің бұл сапарларының мән-мағынасы қарапайым ғана «Атың барда жер таны желіп жүріштен», тұтас өміртанымға айналады, ұлт тағдырына келіп-келіп түйісер тарихты, соқталы тағдырларды іздесуге ұласады. Автор тұлғасында әуесқой жиһанкез, із кесуші жорналист, ойы толысқан ғалым, ұлтын сүйген қайраткер өзара тоғысып жатыр.

Әлгі аталған жазбалардан тарихтың беймәлім беттері сөйлейді, Отан соғысында апат болған боздақтар есімі анықталып, іздері айқындалады. Әңгімемізге тұздық болсын бір ғана мысал келтірейік. Асау жүректі ақын Сұлтанмахмұттың бірге өскен досы – Шайбай Аймановтың Арқадан – қыста ауған арқарадай болып Қарашайстан асу сыры, тағдыр желі айдап апарған азаматтың ақыры туған жерден жырақта мәңгілік дамылдап жатқан себептерін, деректерін Тұрсекең осы жолсапар жазбалары арқылы білдік. Мұнды тағдыр, тың дерек. Бұл – Тұрсекең жортып жүріп тапқан, жол-жөнекей ашқан бір ғана дерек! Аталған кітаптарда мұндай тосын деректер қаншама?!

Сапарнамалары Тұрсекеңнің жорналист-жазушы ретінде халқына қызмет етуінің бір үлгісі, қаламгерлік бір қыры! Бейнелеп айтсақ, бұл жазбалар Т.Кәкішұлының «жүрген аяққа жөргем ілінер» дегендей, сапарға белгілі бір мақсатпен шыққан, жол жүрген, жүргенде ілген «жөргемдері». Аға буын өкілі ретінде Тұрсекең қазаққа қатысты қазына-байлықтың қайда жатқан көзін көрсетіп берді, көбесін сөгу, ұрпақ кәдесіне жарату – кейінгі буын еншісінде!

Жорналист-жазушы Тұрсынбек Кәкішұлының бұл бір сала еңбектерінің мән-маңызы да осында! Көркем шығармашылық адамдарының әдебиеттің бір жанрынан екіншісіне өте еңбектенуі – табиғи құбылыс. Ал әдебиетші ғалымдардың жазушылыққа ден қоюы – сиректеу көрінер жайт. Орыс Д.Гранин, Ф.Абрамов, эстон П.Куусберг көркем прозаға ғылымнан, қазақ Т.Ахтанов, Т.Әлімқұлов әдеби сыннан келген. Әдебиетші, көрнекті ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының деректі прозаға дендеп баруы, беллетристикаға бой ұруын жоғарыда айттық. Бір сәт қиял қыдыртып, әдебиетшілік жұмыспен жарыстыра алып келе жатқан бұл салада Тұрсекең соңғы кездері «Сәкен сүйген сұлулар», «Мағжан мен Сәкен», «Сайыс» секілді кітаптар жазды. Қ.Орманбаевамен бірге Агата Кристиидің шытырман оқиғалы шығармасын қазақ тіліне аударды.

Көріп отырғанымыздай, деректі дүниелердің дені – Сәкен өмірінен өрбіп жатқан еңбектер.

Шәкірт ретінде ұстаз алдын көрген біздер Тұрсекеңнің Сәкен жайында жанып лекция оқығанын, дәріс үстінде әлдекімдерге жауар бұлттай түнере төніп, төбелерінде найзағай болып жарқылдағанын, ақын трагедиясын айтқан сәттері сезімге беріліп көзіне жас алғанына талай куә болғанбыз. Бәрі де өмірінді арнаған тұлғаны сүйе зерттеуден!

Алпысыншы жылдары «Қызыл сұңқар» қолжазба күйінде күйреп кете жаздағанда Сәбит Мұқанұлының алғысөзі сақтап қалып, қиындықпен жарық көргенін, кейін оқырман пікірі қолдап, қаламгерді қанағаттандырғаны, толымды күйінде «Молодая гвардия» баспасынан «Жизнь замечательных людей» сериясы бойынша, кейбір қыспаққа байланысты, алдымен Мәскеуде орыс тілінде басылғаны, бұл кітаптың түркі халықтары арасынан төлбасы екені, кейін «Өнегелі өмір» сериясын өзімізде ашып, қазақ тілінде өрістетуде бастамашы болғаны... – бәрі-бәрі біреу біліп, біреу білмейтін, көп жұрттың құлағына жетпеген өткен тарих.

Т.Кәкішұлының белетристикаға қаламгерлік жолы осылай басталған. Салынған осы сүрлеу кейін әлгі аталған деректі кітаптарға ұласты. Арада қаншама айтыс-тартыс, көзге көрініп, көрінбей жасалар кермеге тап болу, соның бәрінен ширыға шығып кезінде басталған істі бүгінге жалғау жатыр. Мақсатты ізденіс! Әдебиет дүниесіндегі айтыстан біреу жасиды, енді біреу «тасиды». Ұстаз Тұрсекең осының соңғысына жататын – табанды, тегеурінді тұлға!

Әрине, Тұрсекең Сәкен Сейфуллинді өте жақсы көреді. Сүйіп зерттейді. Сәкен де, өзге де бірсыпыра жазушылар әдебиетке кеңес жыршысы райында келді. Бойындағы бар дарын қуатымен кеңес өкіметіне қызмет етті. Тарих аренасынан кеңес өкіметі кетті. Кеңес кетті екен деп Сәкен бастаған бір шоғыр топ тарихи тұғырларынан кете қоймайды. Алайда олардың әдеби мұрасын жаңаша зерттеу, жаңа қырынан ашуда методологияны өзгертуіміз қажеттігі анық. Сәкенді сүйген ғалым жаңалықтың желін, уақыт талабын оң түсініп, айтулы тұлғаға жаңаша келудің жолын іздестіруде. Онысы – бізге үлгі!

Ғалымның Мағжан мен Сәкен аралық өмірлік хәм өнерлік қарым-қатынасын нақты дәйек арқылы ашып, осындай еңбек жазуы – тағылымды үлкен іс.

Өтпелі кезеңде кеңесшіл С.Мұқановқа шүйліккен әсіре әпербақандардан жазушыны арашалауға табиғатынан айтыскер Тұрсекең аянбай кірісіп-ақ кетті. Нәтижесі – сапалы зерттеу, «Сәбит» аталатын қызықты ғұмырнамалық кітап.

Әдебиетте Сәкенді сүйіп зерттегені секілді, ғылымда ұстаз тұтып ерекше жақсы көрері – Есмағамбет Ысмайылұлы.

Қазақстан Республикасы Архив басқармасына қарасты Орталық мемлекеттік архивте көрнекті ғалым Есмағамбет Ысмайылұлы жеке қорында орайында еске аларлық құжат бар. Өмірде туа дәмкес, оның үстіне қуғын-сүргінді көп көріп, жарық жалғаннан ертерек кеткен аталмыш ғалымның бес томдық жинағын дайындаған. Алғысөзін Сәбит Мұқанұлы жазбақ болыпты. Ұстаз ғалым көптомдық еңбегін жобасын жасап, жинап-теріп өндіріске дайындаған, шәкірті – Тұрсынбек Кәкішұлы.

Ұлы ұстаз және шынайы шәкірт Есағаңмен Тұрсекең арақатынасын осылай тәспірлеуге болады. Ғылымға талпынған балауса кезінде адал жетекшілік жасаған, 1917-29 жылдар әдебиеті тарихын бірге жазған, дұрыс бағыт-бағдар берген ұстазға деген шәкірт құрметі әлгіндей. Ол ғана емес, «Есмағамбет Ысмайылов не үшін сотталды?» «Сын мен ғылым сардары», «Дар алдындағы сөз» сериялық мақалдарын жазған, өзі осы тақырыпта шәкірт тәрбиелеген... көп-ақ.

Тұрғыластарының кейбірі ұстаздарының көзі кеткен соң астарлап сынап, кейіпкерге айналдырып, күлкі еткісі келіп ұшқары мінез танытып, онысы баланың көрпеге басын тығып жалаңаш жатып «мен жоқпын» деп айғайлап «жасырынғанын» еске түсірерлік іс жасап, күлемін деп өзі күлкіге айналып жатқанда Тұрсекең ұстаздары Е.Ысмайылұлы, Б.Кенжебайұлы еңбегіне алғысөз, соңғысөз жазып жариялатып жүргені. Үш том, алты кітаптан тұратын көп авторлы «Қазақ әдебиетінің тарихында», өзінің «Оңаша отау» атты еңбегінде олардың шығармашылық портретін жасап жүргені және бар. Міне, кісілік! Тұрсекеңнің Есмағамбет Ысмайылұлы, Бейсембай Кенжебайұлына жасаған қызметінің үлгілі сипаты міне, осындай! Ол – бейне аманат арқалағандай Азамат! Оның бар шығармашылығы сол атқарылған аманаттардай!

Жасырары жоқ, ұстаз ұлғайды. Алайда тұғырдан түскен жоқ. Қайта еңбек көрігін қыздыра түсуде. Өмірлік қимасына айналдырған Сәкен Сейфуллиннің көптомдығын жары Күләш Ахметова екеуі әуелгі нұсқалары бойынша баспаға дайындады! Бар ғұмырын

әдебиетке арнаған. Әдебиет – ұстаз тыныс-тіршілігіне айналған. Тыныстауды білмейтін ол тынымсыз тіршілік кешті.

Тұрсекеңнің зерттеулері – тәуелсіз мемлекеттің білімге сусай желкілдей өсіп келе жатқан жас өркеніне рухани әр берер, нәр берер еңбектер!

Ғылыми-публицистік сан-салалы еңбегі өз алдына, ұстаздарына деген шәкірттік бейілі студент партасында отырған бәз-баяғы, мөп-мөлдір таза қалпында екен-ау. Ал осындай ұстаздың шәкірттеріне деген дархан бейілі әңгіме басында айтқандай мейірімге толы. Қазақ әдебиеттану ғылымының ауыр жүгін дабыра-дамайсыз арқаларына аударып алып, абыроймен атқарып келе жатқан бүгінгі аға буын, тегеурінді топ профессор Тұрсынбек Кәкішұлы мектебінің түлектері, Тұрсекеңдей ақиқатшыл ақжүрек ұстаздың алғаусыз ақ тілегімен қанат қаққан «шинелінен» шыққан шәкірттері. Біздің қай-қайсымыздың да маңдайымызда Тұрсекеңдей алаламай-бөлмей, шәкірттеріне туған перзенттеріндей ықыласпен қарайтын, аялай тәрбиелейтін шынайы ұстаз алақанының ыстық табы жатыр.

Өмір сапарымыздың оң басталуына ықпал еткен, әдебиет дүниесінде ақ жүріп, адал еңбек етуге үндеумен өткен, бүтін болмыс ұлы ұстаздың рухы біз үшін мәңгі тірі. Біз үшін шәкірттерін аламай, бөлмей тұтас жақсы көріп, бауырына бәрін бірдей қыса білген Тұрсекең – тұтас тұлға, ұлы ұстаз!

Біз Сіздің рухыңыздың алдыңызда шәкірттік бейілден, басымызды иеміз, қадірлі ұстаз!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
*филология ғылымдарының докторы,
профессор, академик*

ЖАПЫРАҒЫ ЖАСЫЛ ЖАУТЕРЕК

Жапырағы жасыл жаутерек,
Жайқалмағы желден-дүр...
Шалкиіз

Жиырма жетінші жылы туғандар... Алыптар шоғыры. Ұлт руханиятының тұғырлы тұлғалары. Қазақы дәстүрдің қадірін арттырған парасатты перзенттер. Міне, қараңыз... Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішев, Зейнолла Қабдолов, Мүсілім Базарбаев, Нығымет Ғабдуллин, Рахманқұл Бердібай, Үшкілтай Сұбханбердина, Телғожа Жанұзақ, Қалжан Нұрмаханов, Ғазиза Жұбанова, Қанапия Телжанов, Сұлтан Сартаев, Болат Сарыбаев, Жаңатай Шарденов, Кенжебек Күмісбеков, Бақтажар Мекішев, Майя Шығаева, Дүнгенбай Ботбаев... Жететін шығар. Биыл әр жерде бұл тізімдегі бірқатар танымал тұлғалардың туғанына 95 жыл толғаны ептеп атап өтіліп жатыр. Осылардың ішінде тұғырлы тоқсан бесін көзімен көргені, сөзімен өргені тілші-ғалым Телғожа Жанұзақ ағамыз ғана.

Жиырма жетінші жылғылардың арасында ғибратты ғалым, әлеуетті әдебиеттанушы, ұлағатты ұстаз, абыройлы ақсақал, ардақты аға Тұрсынбек Кәкішевтің орны бөлек-ті. Алты алашқа әйгілі зерделі зерттеуші болғаны өз алдына, оның азаматтық ұстанымы да өте берік еді. Еменнің иір бұтағы секілді, ешкімнің ыңғайына жығылмай, жөнсіздік атаулының бәріне қайыспай қарсы тұрды. Қажет жерінде Махамбет-мінезге салып, ақырып теңдік сұрады. Осы күнгі депутаттар біресе айтып алып, біресе қайтып алып жүрген мәселелерді Тұрсынбек ағам талай жыл бойы жеріне жеткізе тәпсірледі. Ол кісінің өнегелі істерін үнемі үлгі тұттық. Арғы-бергі, алыс-жақын елдердің архивтерін түгел сүзіп шыққаны үшін құрметтейтін едік. Атақты қолжазба журнал – «Садақты» тер төгіп іздеп, деректері мен дәйектерін ғылыми айналымға қосқаны үшін қадірлейтін едік. Кішкене ғана мәліметтің мән-жайы құлағына шалынса, бар шаруасын тастап, жолға шығып кететініне, сөйтіп, айлап жүріп, «еңку-еңку шер шалатынына, қоңыр салқын төске алатынына» әбден құрсан болатынбыз.

Жас буыннан қамқорлығын аяған жоқ. Бесіктен беліміз шықпай жатып, докторлық қорғауға талпынғанымызда қолдау көрсетті. Бізге сенім артты. Ғылыми жетекшіміз болмаса да, ақыл-кеңесін аяған жоқ. Қайта жолымызда жатқан жоталы жалпақтар мен шіренген шалқақтарды тыйып тастап отырды. Өйткені мінезді еді. Кескекті ердің сойы еді. Сырдарияның сарқыраған суын теріс ағызып жібере алмаса да, кез келген ғылыми кеңестің бағыт-бағдарын өзгертіп жіберу тегеурінді Тұрсағамның қолынан келетін. Сондай айбарлы ағаның аялы алақаны, шуақты шұғыласы, қалтқысыз қамқорлығы бізді қанаттандыра түсті. Алдағы белестерімізге қарай құлшына ұмтылды.

Ең бастысы, жақсылық жасау да, ерлік жасау да Тұрсынбек ағаға тән қасиет-тін. Үзеңгілес досы Зейнолла Қабдолов қайтыс болғанда, қаралы хабарды естіп, жолға шығып кеткен жерінен сапарын үзіп, дереу қайтып оралды. Тіпті Шу ма, Тараз ба, едәуір жерге шығандап үлгерген екен. Ол жақта ардақты ағамызды қалың ел күтіп отырған-ды. Бәрін де тәрк етті. Дереу ат басын кері бұрды. Қоштасу рәсімінде жүрегі жылап тұрып сөйледі. Бейіт басында таудай Тұрсекең заңғар Зекеңе өз қолымен топырақ салды. Біз, Қабдолов пен Кәкішевтің шәкірттері, мұны ешқашан ұмытпаймыз. Өрелі ісіңіз, өрісті өнегеңіз жөнінде жылдар бойы айтыла бермек.

Қызылордада қызмет істеп жүрген сәтімізде талай келді. Ердік. Еркеледік. Бірақ әдеп сақтап, ентелемедік. Ағамыз жетпіске толғанда тайлы-таяғымыз қалмай, Алатаудың етегіне құстай ұшып жеттік. Ақмешіттің әйгілі әкімі, берекелі басшы Бақберген Досманбетовтің арнайы жолдаған құттықтауын оқыдық:

Ғалым аға, ұстаз аға – Тұрсынбек,
Келдік біздер қадіріңді ел білсін деп.
Өзіңізді іздейтұғын жүректер,
Сыр бойында соғып жатыр дүрсілдеп!

Сонда аяулы ағамыздың риясыз күлгені есімізде. Соның бәрі күні кеше сияқты еді... Жапанға біткен жасылдай саялы бәйтерек көзден кетсе де, көңілден кеткен емес. Ешқашан кетпейді де...

Қазір интернеттегі дерек іздеу арналарынан Тұрсекең туралы мәлімет сауғың келсе, Тұрсынбек Кәкішевтен бұрын Тұрсынбек Қабатов шыға келетін заман... Қайтесіз... Бірақ бәрібір ұстазымыздың бейнесі бәрінен биік тұрады!

Бүгін қалың қазақтың қадірлісі Тұрсынбек Кәкішевтің туғанына 95 жыл. Рухыңыз шат болсын, балдағы алтын құрыш болат!

Мағыналы мінбер

(Алақандай эссе)

Тұрсекең... Тұрсынбек Кәкішев. Тура сөзді тау-тұлға. Ұстаздардың ұстазы. Сөйлесе сөздің шешені. Саңқ-саңқ еткен даусы құлақта тұр. Ол мінберге беттегеннен-ақ бүкіл зал сілтідей тынатын. Осы сәтте түрлі адам түрлі жолмен барып, түрлі сөз айтатын, күнде көріп жүрген сол мінберіміз бірден мағыналы мінберге айналып сала беретін. Сөйлейді. Саралайды. Сынайды. Сынағанда да, сен тимесең мен тимен деп, сипай қамшыламайды. Бетің бар, жүзің бар демей, көзге көрініп тұрған кемшілікті аймаңдай етіп, жіліктей шағады. Бірақ соның бәрін жалаңаш бар да жауға шаптың керін келтірмей, тігісін жатқызып, әдемі жеткізеді. Мейлі атшаптырым болсын, мейлі алты адам отырсын, қандай аудиторияны да еркін билейді. Әдетте шешеннің сөз саптауын тиянақтап тәпсірлейтін тұста айтатын «Ол сөйлегенде кең залда шыбынның ызыңы ғана естілетін» дейтін жаттанды сөзіміз бар ғой. Тау тұрпатты Тұрсекең толғап кеткенде... әй сол шыбынның өзі де ызыңдауға дәті бара қоймас...

Тұрсынбек ағам сөзге ұста, тілге жүйрік қана емес, өзінен кейінгі буынға әрдайым қамқор болды. Жүрегінде оты бар баланың бәрін жетектеп жүріп, еңселі кеңселердің бәріне кіріп шықты. Ешкімге иілмейтін Кәкішев басымен керенау кісілердің алдына барып, соларға жұмыс іздеді. Тапса, қызметке өзі тұрғандай қуанды. Таппаса, солармен бірге күйзелді. Өнегесі мол еді.

Ал енді мінбердегі сөзі... Міне, ол тағы да ағыл-тегіл сөйлеп тұр. Айтушыға тыңдаушылары қандай сай десеңізші. Кәкішевті кірпік қақпай тыңдап отырған кімдер екенін көрмейсіз бе?! Небір «қара ұнымы сұлтандайын жүрісті» маңғаз марғасқалар. Алп-алп басқан, алп басқан айдыны кең алыптар. Сізді осыншама қазақтың қаймағы топ-тобымен отырып тыңдап көрді ме? Сіз осындай салмақты аудиторияға салиқалы сөз айтып жүрсіз бе?! Ал біздің ұстазымыз ондай сөзді күнде айтатын. Сонысымен елге қадірлі еді. Сондықтан ол сөз алған мінбердің бәрі мағыналы еді...

* * *

Осы күндері Қазақ ұлттық университеті әйгілі ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің туғанына 95 жыл толғанын атап өтеді. Рухы шат болсын ұлағатты ұстазымыздың!

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
*филология ғылымдарының докторы, академик,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры*

ПРОФЕССОР ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХИЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Профессор Тұрсынбек Кәкішұлының барлық зерттеу еңбектерінің алтын арқауы тарихилық ұстаным мен ұлттық құндылықтарды ұлықтауға құрылатындығы – ғалымның өзіндік қолтаңбасын анықтайтын басты факторлардың бірі.

Тұрсекеңнің ғұмыр бойы өз зерттеулеріне дереккөздерін іздегенде, мол тарихи деректерді, құжаттарды, сирек қолжазбаларды ақтарғанда немесе құнды басқа да сирек дәлелдерді келтіргенде алдымен мұрағаттардағы шаң басқан тарихи, әдеби дүниелерге арқа сүйеп отыратындығы әдебиеттанушы ғалымның кез келген зерттеп отырған мәселесін сенімді сөз етуге, тереңнен қазып айтуына әрдайым жол ашып отырды.

Тұрсекеңнің қаламынан қалған бүкіл ғылыми, әдеби-талдау еңбектерінің барлығы осындай авторлық ұстанымға негізделгендіктен, ғалымның әрбір жаңадан жарық көрген кітабы оқырманды елең еткізіп, әдеби ортада шынайы жаңалық ретінде бағаланды. Сирек құжаттарды, әлдеқашан ұмыт болған деректерді құнарлы тілмен, төгілте баяндайтын ғалым стилі Тұрсекеңнің ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын өзіндік қолтаңбасын бірден аңғартты. Сондықтан да Тұрсекең әдебиет зерттеушісі, ғалым, сыншы, қаламгер, очеркист, мемуарлық жанрдың, эпистолярлық жанрдың шынайы шебері ретінде өз ортасынан оқ бойы озық тұрды.

Кішкене шегініс жасап, студенттік шағыма оралғым келіп отыр. Қазақ мемлекеттік университетіне (ол кезде С.М.Киров атындағы) бір топ өндірдей жас бірінші курсқа түстік. 1970 жылдың қоңыр күзі. Студент алдымен не іздейді, кітап іздейді...

Сол жылы алғаш қолыма түскен кітап Тұрсынбек ағамның «Қызыл сұңқар» атты зерттеу еңбегі болды. Тосын атау, тосын кітап...

Бүкіл бірінші курстың студенттері жапа-тармағай ұстаздың қолтаңбасына таластық. Әрқайсымыздың есімімізді сұрап, кітаптың алғашқы бетіне қолтаңба жазып беріп жатты.

Осынау кітап арқылы ғылыми танымдық ауқымда тұңғыш рет қазақтың арынды, арлы ақыны Сәкен Сейфуллинмен таныстық.

Алғашқы әсерім әлі есімде. Көркем шығарма оқығандай болдым. Төгілген тіл, лирикалық шегіністер, әдеби кейіпкерлер деңгейіне көтерілген тарихи тұлғалар, көркем пейзаж, тартымды диалогтер – барлығы тарихи еңбектің құнын көтеріп тұрды.

Әсіресе автордың өз объектісін терең білетіндігі, сол кезеңдегі тарихи оқиғаларды оқырманның көз алдына елестете отыра бейнелейтіндігі, бұрын естімеген сирек деректерді сөйлетуі бізді бірден баурап алды.

Қазақ қоғамы да дүр сілкінді. Туған әдебиетіміздің айбыны асқақтады. Көп ұзамай бұл еңбек орыс тілінде, Мәскеуде үлкен таралыммен, атағы жер жарған «Молодая гвардия»

баспасынан жарыққа шыққан тұңғыш туынды еді бұл. Оның үстіне бұл кітаптың түркітілдес халықтардың арасынан бірінші болып «ЖЗЛ», яғни «Өнегелі өмір» сериясынан жарыққа шығуы қазақ әдебиетінің, қала берді күллі қазақ ұлтының абыройын асырды.

Сәкен Сейфуллин сынды көп қырлы дарынның, Алаш қайраткерінің ғұмырбаяндық дерекке құрылған шығармашылық тағдыры, адами, азаматтық тағдыры осылайша тұңғыш рет әлемдік кеңістікке қадам басты.

Ұлттық құндылығымызды әлемге танытудың үздік үлгісін көрсеткен тұңғыш еңбек те осы болды. Осы еңбек Тұрсекеңнің де абыройын ел ішінде көтеріп алып кетті...

Мен сол кезде филология факультетінің үшінші курс студенті едім. Күнде ұстазым Тұрсекеңнің дәрістеріне қалт жібермей қатысып жүрген кезім. Қолымызға Сәкен Сейфуллин туралы Мәскеуден жарық көрген кітабы тигенде, студенттер қауымы дүрілдей көтерілдік.

Әсіресе болашақта әдебиетші, ғалым боламыз деген үмітте жүрген өрендер ерекше белсенділік таныттық. Ұстазды қаумалап, кітаптың жазылу тарихын сұраумен болдық. Тұрсекең біреуіміздің де бетімізден қақпады. Шырайлана, көзі шырақтай жанып, ұзақ-ұзақ түсіндірумен болды...

Ертедегі Ер Төстік батыр қайта тіріліп келгендей күй кештік. Студенттік албырт шақ. Осынау әсерді бүгінгі күнге дейін ұмыта алмаймын.

«Теңіздің дәмін тамшысынан тануға болады» деген сөз бар. Осы бір еңбектің өзі Тұрсекеңнің қаншалықты деңгейде ұлтшыл, ұлт жанашыры, ұлт мүддесіне адал қызмет еткен тұлға болғанын аңғартады. Қазақтың тарихи тағдырын, бір тұлғаның өмір жолын арналатып сөз ету арқылы ұлттық құндылықтарымызды қалайша жарқыратып ұлықтауға болатындығын көрсетті.

Тарихи таным мен ұлт мүддесіне адал болудың рухани құндылығын әдебиетіміздің көзін тапса, қалауын келтірсе үлкен көркемдік кеңістіктерге көтерілуіне жол ашылатынын өз тәжірибесімен дәлелдеді. Қаламгерлік еңбегімен көзімізді жеткізді.

Осынау тарихи танымға адал болу мен ұлттық құндылықтарға терең бойлаудың көркемдік, суреткерлік үлгілерін Тұрсекеңнің басқа да әр жылдары үзбей жарық көрген еңбектерінен де көруге болады. Солардың бір парасын ғана атайын. Солардың ішінде осыдан алпыс жыл бұрын жарық көрген «Октябрь өркені» (1962) атты зерттеу еңбегінен бастап, күні кешеге дейінгі ондаған монография мен оқулық, жүздеген сүбелі мақала мен эссе, жолсапар жазбалары, сын мақалалары, естеліктері оқырман қолына тиді. Олар: «Дәуір суреттері», «Сын сапары», «Оңаша отау», «Сәкеннің соты», «Сәкен сүйген сұлулар», «Сәкен аялаған арулар», «Жол үстінде 80 күн», «Жасампаз өлке», «Дәуір дидары», «Ескірмейді естелік», «Сәкен Сейфуллин», «Мағжан – Сәкен», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (2-томдық), «Сандалтқан «Садақ», «Сәбең әлемі», «Сайыс», «Мерей», «Толғам», «Жанр жайлауы» (сын мен сыншы), «Сәбит Мұқанов» (Күләш Ахметовамен бірге) т.б. сүбелі де сүйекті еңбектері.

Қазақ әдебиеттану ғылымының кешегі, бүгінгі тарихында Тұрсекеңдей өндіре еңбек еткен, жыл сайын бір жаңа еңбек жазып отырған ғалымды, әдебиеттанушыны көргенім жоқ десем қателеспеймін.

2015 жылға дейін қолынан бір сәтке де қаламы түскен жоқ. Қазақ әдебиетінің қамы үшін бел жазбай еңбек етті. Ұлттық құндылықтар, ұлттық мүдде, ұлттың тарихы, ұлттың тағдыры дегенде жүрегін суырып беруге дайын тұрды. Ұлты үшін талай рет додаға түсті, таяқ та жеді... Бірақ ешқашан шегінбеді. Ешкімнен қаймықпады. Айтарын ашық айтып, жазарын ашық жазып кетті...

Ғұмыры жеткен жерге шейін ақиқатты іздеумен, ащы шындықтардың төркінін іздеумен тағдыр кешті. 2012 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Шамырқанған шындық» атты сериялы мақалалары әлі елдің есінде. Ұмытылған жоқ.

Әдебиетіміздің алыптары Мағжан Жұмабаевтың, Мұхтар Әуезовтің, Сәкен Сейфуллиннің, Сәбит Мұқановтың күллі адами, азаматтық, шығармашылық тағдырын төгілте, жаңаша сөйлеткен осынау құнды дүниелер өзінің мәнін ешқашан төмендетпейді. Бұл туындылар да – қайталанбас ғалымның тарихи құндылықтарды қалайша қастерлегенінің бір дәлелі ғана.

Аслан ЖАКСЫЛЫКОВ,
доктор филологических наук,
профессор, член Союза писателей РК,
переводчик

ЖИЗНЬ, ОТДАННАЯ ЛИТЕРАТУРЕ, ПЕДАГОГИКЕ И КРИТИКЕ

Т. Какишев – личность неординарная, сложная, многогранно одаренная. Был он человеком слишком заметным, и нигде, ни в каком коллективе затеряться и стать незаметным не мог. Он был человеком требовательным, а требовал от окружающих работать с отдачей, активной деятельностью, а также честности и принципиальности. А в последних качествах ему занимать не нужно было. Поэтому Т. Какишев громко выступал на различных собраниях, совещаниях, советах, всегда высказывая свою точку зрения, иногда нелицеприятную, но, на его взгляд, необходимую. Поэтому, у него, конечно, в свое время были недруги, из-за которых ему в когда-то пришлось поменять место работы. О чем он потом часто сам говорил. Все это происходило из-за того, что он был бунтарем по натуре, человеком правды, непримиримым по отношению ко лжи.

Он любил литературу всей душой, глубоко понимал ее и всегда связывал ее явления с историей, жизнью социума, политической борьбой в ней. Он написал массу трудов по критике и истории литературы, которые никогда не потеряют своего значения. По той причине, что очень много знал и вкладывал в свои труды всю душу. В этом нет никакого сомнения. Особенно его труды, посвященные жизни и творчеству С. Муканова и М. Жумабаева. В последние годы жизни его особенно волновали перипетии и нюансы отношений между этими великими казахскими писателями. Он не уставал говорить о них даже в кулуарах, сообщая о таких тонкостях личной жизни художников, которые были неизвестны большинству. Это говорит о том, что Т. Какишев умел работать в архивах, что он всю жизнь изучал творчество писателей, произведения которых избрал как свой объект, осмысливая их биографии, придавая значение всем деталям. Мысля неординарно, и забегая вперед в осмыслении общественного и культурного процесса, он был готов к глобальной перестройке в методологии литературоведении. На кафедре, мы, молодые ученые, часто слышали от него рекомендации и прогнозы на будущее. Он предлагал нам темы, которые мы в то время не решались затронуть, считая их слишком сложными и преждевременными. Так, в 1990 г., когда я перевелся из КазГосЖенПи в КазНУ им. аль-Фараби, и стал доцентом кафедры казахской литературы, он в присутствии академика З. Кабдолова сразу предложил мне заняться изучением генезиса религиозной парадигматики в казахской литературе. Я задумался. Тема была по своим идеологическим аспектам новой, безусловно, сложной, ибо раньше была запретной и относилась к, так называемым, белым пятнам в истории Казахской литературы. Академик З. Кабдолов поддержал его, и я согласился, так как уже имел немало собранных материалов. Религиозной проблематикой я занялся уже в советское время, с 1985 года, поняв, что атеизм и органическое мировоззрение просто несовместимые явления. Через девять лет защита докторской диссертации состоялась, с чем и от души поздравил меня Т. Какишев, серьезно повлиявший на мою научную судьбу.

Мысля всегда в чем-то по новому, полемично, он был интересен не только в диалогах, беседах, интервью, но и в преподавательском деле. Его слушали в аудитории с неусыпным вниманием, своим громким дикторским голосом он глубоко расшевеливал мотивы и мысли в душах людей. Поэтому студенты и аспиранты ходили за ним толпой. Он был, словно ледокол, рассекающий толщи ледостава на фарватере. Он был поистине трибуном, оратором от природы, рожденным для целительного и магического руководства людьми. В этом и был его еще один значимый и судьбоносный талант Т. Какишева, доктора филологических наук, профессора, критика и писателя-эссеиста.

АЛЫПТАР ТОБЫНЫҢ АҚБЕРЕНІ

Еліне ақ адал еңбек етіп, саналы ғұмырын ұстаздық пен ғылымға арнаған ақберен тұлғаларға деген ұлт сүйіспеншілігі қашан да болсын алабөтен. Кесек мінезіндегі турашылдығы мен ірілігі, сөзі мен ісінің үйлесіміндегі ұстанымы тоғысып жатқан ұлт перзенті – Тұрсынбек Кәкішұлына сан мыңдаған шәкірттері, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қадыр-қасиетін бағалайтын қалың қауымның құрметі еш толастаған емес.

Қазақтың сөзін ту қылып ұстаған қайраткер, әдебиетші-ғалым, ұстаз Тұрсынбек Кәкішұлы өткен ғасырдың 1920–30 жылдары өмірге келіп, өртеңге өскен алыптар тобынан. Балалық әрі жастық шақтары – қазақ тарихындағы небір қасірет пен зобалаң, нәубет пен зұлмат кезеңдерге тұспа-тұс келген бұл толқын өздеріне жүктелген зіл батпан міндеттерді абыроймен атқарды. Кеңестік саясат тарапынан аяусыз оталып отырған рухани және мәдени өркендеудегі ұрпақтар сабақтастығын барынша жаңғыртуға күш салған олар қазақ рухымен біте қайнасқан, мамандықтарына деген кәсіби біліктілік пен адалдықты сақтай білген ақ адал еңбек торылары еді.

«Ұстазы мықтының ұстамы мықты». Бүгіндері туғандарына тоқсан, 95 жыл толып отырған қазақ ғылымы мен руханиятының қара нарлары Тұрсынбек Кәкішұлы, Серік Қирабаев, Рахманкүл Бердібай, Зейнолла Қабдолов, Мүсілім Базарбаев, Нығымет Ғабдуллин, Қалжан Нұрмақанов, Қажықұмар Қуандықов, Үшкілтай Субханбердина, Шаһмардан Есенұлы, Болат Сарыбаев, Қанафия Телжанов, Мағауия Хамзин, Зейнолла Шүкіров, Кенжебек Күмісбеков, Дүнгенбей Ботбаевтар Алаш арыстарының тағылымын бойына сіңірген тұлғалардан тәлім-тәрбие алды. Олар алдыңғы толқынның елдік қасиеттерден суарылған игі істерін жаңа заман биігінде жаңғыртып отыруда аянып қалмады.

Шаһмардан Есенұлы қазақ жерінің тұтастығына, Фараби мұрасының мың жылдан соң атажұртында жариялануына тер төксе, Болат Сарыбаев қазақтың екі жүз елуден астам музыка аспабын жинап, ұрпаққа аманаттады. Қанафия Телжанов, Шыңғыс Бейсембайұлы Кенжебаевтар қазақ монументі кескіндеме өнерінің негізін салды.

Тұрсынбек Кәкішұлының әдебиеттанудағы қамқоршылары Есмағанбет Ысмайылов, Бейсембай Кенжебаевтардың ғылымдағы жолын ашқан аяулы ұстаздары Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы болатын. Есағанмен замандас Қажым Жұмалиевтің сөз өнерін саралаудағы дарынын танып, филология ғылымына бағыт-бағдар берген Алаш қайраткері Әлімхан Ермеқұлы еді.

Ойранды отызыншы жылдары аман қалған бірлі-жарым қазақ зиялылары тоталитарлық жүйенің кезекті саяси зобалаңын өткерді. Есмағанбет Ысмайылов, Қажым Жұмалиев, Қайым Мұхаметханов, Ермахан Бекмахановтар нақақтан-нақақ тұтқындалып, 25 жылға бас бостандықтарынан айырылып, ГУЛАГ-қа тоғытылды. Б.Кенжебаев, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Т.Нұртазин, Ә.Мәметовалар азапты қуғынға ұшырады.

Толассыз қуғын-сүргіннің қара бұлты сәл ғана сейілген тұманды жылдары «Өтелмеген парыз (қаза тапқан ақын, жазушылар жайында)» деп жанайқайын жеткізген Бейсембай Кенжебаевтың азаматтық өрлігі табанды әріптестері мен қайсар мінезді ізбасар шәкірттерінің тарапынан қолдау тапты. Әуелбек Қоңыратбаев «Әдебиетіміздің қамы үшін» деген көркемдік-эстетикалық ұстанымын ашық жеткізсе, Рахманкүл Бердібай «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері», «Ең үлкен мәдени байлық», Әбдіхамит Нарымбетов «Ана тілін ардақтайық» мақалаларымен әдеби мұра, ана тілі мәселелерін батыл көтерді.

Ұстаздарының елдік мінездегі қасиеттерін бойына сіңіріп өскен Тұрсынбек Кәкішұлы да ұлт тағдыры талқыға салынып жатқан тұстары тізгін тартып, осалдық танытқаны жоқ. Қазақ жеріне соқаның тісі ерекше өктем тиген өлкеде туған ғалымның ұлттық тілге төнген қауіпті ескертіп, шыр-пыр болуы тегін емес. Т.Кәкішұлы, Р.Сәрсенбаев, Х.Хасенов, Т.Әлішерев,

А.Байшин, Ә.Мұхтаров, Қ.Әбілдаев, Қ.Әлиасқаровтардың «Тіл мәдениеті» (Қазақ әдебиеті.1956.24.08) мақаласының өзегі де қазақ тілінің мүшкіл халі еді. Елдікті сақтау мен еселеуге серпін беретін ұлттық мұраттағы әлеуметтік мақсаты айқын мұндай арнадағы азат ой кеңестік идеология тарапынан тежеліп отырды. ҚКП ОК «Қазақ әдебиеті» газетінің қателіктері туралы» жасырын қаулы қабылдады (1956.10.12).

«1927 жылдың» тумалары қазақ әдебиеттануын өрге сүйреп, тың тақырыптарды зерттеуге құлаш ұрды. Үшкілтай Субханбердинаның «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. I бөлім» (1961), «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. 2-бөлім» (1963), «Әдеби мұра. Революциядан бұрынғы мерзімді баспасөз бетіндегі жарияланған көркем шығармалар» іргелі (1970) еңбектері ұлт-тық әдебиеттанудың соны табысын айғақтады. Рахманқұл Бердібай 1965-1995 жылдар аралығында Алматы қаласындағы М.Әуезовтің мұражай-үйінде қазақ әдебиеті мен өнері халық университетін құрып, оған жетекшілік етіп, ұлт мәдениеті мен әдебиеті, тарихы мен өнерінің аса маңызды тақырыптарына қатысты бес жүздей дәріс өткізген болатын. Кеңестік кезеңнің ұлтсыздандыру саясатына интеллектуалдық ұлтшылдықпен қарсы күрес ашты. «Ұлт-тық ойымызды оятуға, мәдени мұраны таныстыруға зор құрмет атқарған жалғыз университет» (Р.Бердібай) халқымыздың тарихи жадын қалпына келтіру, рухани кемелдену жолында ерен істер атқаруымен өшпес ізін қалдырды!

Қарап отырсаңыз, осы 1927 жылғылардың қай-қайсысы болмасын қазақтың өзіне де, сөзіне де адал қызмет еткен перзенттері еді. Олардың еңбектері мен өнегелі істерін айрықшалап айтып отырғанымыз, бүгінгі жастар мен өскелең ұрпаққа үлгі, тағылым болсын деген ниеттен туындайды.

1927 жылғы талантты шоғырдың бірегейі – Тұрсынбек Кәкішұлы да қазақ руханияты мен әдебиеттануына зор үлес қосып, өзіндік сүрлеуін салды. Архив материалдары мен құжаттарын зерттеудегі табанды еңбектері – рухани әлеміміздің өрісін кеңейтіп, жаңа леп әкелді. Жиенғали Тілепбергенов, Сабыр Шәріпов, Елжас Бекенов, Саттар Ерубасев сынды дарындардың әдеби мұраларының алғаш жариялануы, ХХ ғасырдың бас кезінде Қазан, Уфа баспаларында жарияланған, қазақтың небір асыл үлгілері санатындағы 700-ден астам ояну дәуірі әдебиетінің өртеуге шығарылған кітаптарын елге жеткізуі үлкен ғалымның қайраткерлік ерлігін даралайды.

Қазақ зиялы қауымының алғашқы толқыны білім алған «Ғалия» медресесі мен медресе шәкірттері шығарып тұрған қолжазба «Садақ» журналының тұңғыш зерттелуі академик Тұрсынбек Кәкішұлы есімімен сабақтас. ХХ ғасыр басындағы рухани өрлеудің айқын үлгісі саналатын журналға әдебиеттанушы ғалым «Қолжазба «Садақ» журналы» (Қазақ әдебиеті.1958.1.08) мақаласында алғаш назар аударып, тынымсыз ізденістерін «Садақ» (1986), «Сандалтқан «Садақ» (2002) кітаптарымен түйіндеді.

Отандық гуманитарлық ғылым саласын сол кездегі Одақ елдерінің озық даму бағытында болуын діттеген әдебиетші қазақ әдебиет сынының тарихын тұңғыш зерттеп, ұлттық көркемдік-эстетикалық таным қайнарларына бойлады. «Сын сапары», «Оңаша отау», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» еңбектерімен ұлттық әдеби сынның халықтық эстетикадан бастау алатын асыл арналарын айқындады. Ғалым ыждағатымен «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» курсы филология факультеттерінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқытылатын міндетті пәндердің қатарынан ойып тұрып орын алды.

Ғылымдағы біржақты үстемдік еткен әдіснамалық қасандықтан арылуда ғалым жаңашыл ізденістердің көшбасынан табыла білді. «Кер заманның кереғар ойларын» тереңнен қозғап, «Санадағы жаралардан» айығудағы зиялы қауымның міндеттеріне ар биігінен келді. Сәкентанудағы сан жылғы ізденістеріне жаңаша танымда оралып, «Сәкеннің соты», «Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры» (К.Ахметпен бірге), «Сәкен сүйген сұлулар», «Мағжан – Сәкен» еңбектерін жазды. Алаш арыстарының асыл мұрасын ақтау, рухани жаңғыру өзегіне айналдыру мәселелерін өткір көтерді. Қалам қайраткерлерінің тағылымды ғұмырын, іргелі

ғылыми еңбектері мен классикалық туындыларын бағалау мен байыптауда аға буынның, соның ішінде өзінің де тарапынан жіберілген қателіктері мен кемшіліктерін айтудан тайсақтаған жоқ. Ұлт зиялылары басынан өткерген қилы кезең шындығына сәуле түсіруде «Саяси зобалаң толқындары», «Е.Ысмайылов не үшін сотталды?», «Ғалым Есмағамбет көрген қиямет-қайым», т.б. мақалаларының маңызы орасан зор. Ізденімпаз ғалым Е.Ысмайыловтың 1952 жылы қазан айында КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумының төрағасы К.Ворошиловқа, 1953 жылы 5 желтоқсанда КСРО Жазушылар одағының басшысы А.Фадеевке жазған хаттарын ғылыми айналымға қосып, қазақ тіліне аударды.

Ел мен жер тарихын, халқымыздың рухани әлемін зерттеп зерделеудегі кеңестік қасандықтан арылуға ой салған «Қағидаға айналған қателер түзелсе» (Жұлдыз, 1988. №11), «Ойланар, сілкінер кез жетті» (Жалын, 1988. №5), «Ақыл-парасатқа азаттық» (Лениншіл жас, 1989.13.12), «Қазақ зиялыларының тағдыр-талайы» (Қазақ әдебиеті, 1989. 19.26.05), «Әділет жеңбей қоймайды» (Қазақстан коммунисті, 1990. №2), «Шындықты бұрмаламай, жұлмаламай айтайықшы» (Қазақстан коммунисті, 1990. №5), «Қазақ зиялылары хақында» (Қазақстан коммунисті, 1991.№7), «Тарих дәйектілікті ұнатады» (Қазақ әдебиеті, 1999.25.03), «Алыптардың адасқаны қайсы, араздасқаны қайсы» (Егемен Қазақстан.1999, 25.06) т.б. проблемалық және полемикалық мақалаларына өткірлік пен батылдық, дәйектілік пен дәлелділік тән.

«Қазақ зиялылары хақында» мақаласында ғалым: «Революцияға дейінгі шындықты енді жаба салуға, желе-жорта әңгімелеуге болмайды. Қазақ зиялыларының тағдыр-талайын зерттеу дегеніміз, сайып келгенде, бір халықтың ақыл парасатына, әлеуметтік санасына тығыз байланысты, сондықтан осы өңірдегі «ақтаңдақтарды» ашып, жалғандықтарды әшкерелеп, қазақ халқының адамгершілік биік өресін, мөлдір моральдық бейнесін толық көрсетуге күш салайық», – деп тұтас зиялы қауымға дәуір талабы алға тартқан маңызды мәселелерді жұмыла атқарудағы парыз бен қарызды санада жаңғыртты.

«Қағидаға айналған қателер түзелсе» мақаласында қазақ тарихы мен әдебиеттану ғылымында орын алған қасаң қағидалардың тууы мен өрістеуіне негіз болған мәселелерге кеңінен тоқталды. «Бір кезде бір халықтың, яғни қазақ елінің қосымша аты болған «Алаш» этнонимі бұл күндері үгіт-насихаттың күштілігінен дүниедегі ең қорқынышты сөзге айналды. Ғалым, жазушы, зиялыларды ғана емес, бүкіл әлеу-метті, елді үркітетін сөз болып алды» деп Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы, оның қайраткерлері туралы тарихи құжаттар негізінде әлеуметтік шындықты қалпына келтіруде атқарылатын келелі істердің бағыт-бағдарын нұсқады. Ахмет Байтұрсынұлының «Еңбекші қазақ» (1922.8.07) басылымында шыққан «Қалам қайраткерлері жайынан» мақаласын архивтен тауып, «Егемен Қазақстан» (2000.5.02) газетінде жариялады. Қайсар мінезді ғалым Алаштың айтылмаған ақиқатын жеткізуде тар заманның шырмауына маталып қалмады. Ғалым 1974 жылы 25 шілдеде суреткер Ғабит Мүсіреповтен магнитофон таспасына жазып алынған үш жарым сағаттық сұхбатында Алаш арыстарын ақтау ұстанымында болды.

«Ана тіліміз рухани азаматтығымыз бен мемлекетіміздің, тәуелсіздігіміздің тірегіне айналсын» деген руханият жанашырын үнемі толғандырған қазақ тарихы мен мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне қатысты өзекжарды толғамдары әлі де өзекті. Қазақ хандары мен тарихи тұлғаларды ұлықтау, мемлекеттік тілді өз деңгейінде дамытудағы басы ашық кем-кетіктерді дер кезінде қолға алу тұрғысындағы өткір сыны, жанайқайы текке кеткені жоқ. Ана бір жылдары әліпбиге қатысты айтылған «Латынға көшу керек. Біз қатарымыздан кешігудеміз. Өзірбайжандар бірден көшіп, техника тіліне үйреніп қалды. Ал қасымыздағы Өзбекстан осыдан он жыл бұрын мектептерін латыншаға көшірген. Балалардың оқуын латыншаға көшіру арқылы олардың ата-аналарының да сауатын ашып алды. Оларға енді онша қиындық келмейді... Сондықтан латыншаға көшкен жөн. Енді тартыншақтай берсек, көш соңында қалып қою оңайдың оңайы», – деген қазақ намысын қамшылау-дағы аталы сөзі мейлінше көкейкесті емес пе!

Кең-байтақ елімізде ақжүрек ғалымның ұстаздық шапағатын, әкелік қамқорлығын көрмеген дарынды жастар, атпал азаматтар кемде-кем. Қазақ тілі мен әдебиетінің бір топ жас

өскін талантты мамандарын 1970 жылдары Ұлттық Ғылым академиясына жұмысқа орналастырудағы табандылығы мен қажыр-қайратының өзі неге тұрады?!

Ұлағатты ұстаз аталы сөздерімен жастар бойына рух дарытып, көшелі ойларымен өрге сүйрейтін. Бойынан кісілік пен ғылымға деген ынта ұшқындаған қандастарының жолын ашып, адамгершілік қамқорлығын аямайтын. «Адал еңбек, маңдай термен табылған дүниеден артық ештеңе жоқ» деген ұлағатын санамызға сіңіретін.

Ұлтын шексіз сүйген арда тұлға шеттегі қандастарымыздың рухани әлемін зерттеп, зерделеудің көшбасынан табылып, елдік істерге ұйытқы болды. 1968 жылдан еңбек еткен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1990 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихы және сыны» кафедрасының жанынан «Қазақ фольклоры және әдебиет тарихы» ғылыми тобын құрды.

«Ата жұрт сағындырады» («Егемен Қазақстан», 1994.13.07), «Атажұртынан айырылған адам – жетім» («Қазақ елі», 1995.29.12), «Көш қонысты болсын десек» («Қазақ әдебиеті», 1995.1.08), т.б. мақалаларының әлемнің түкпір-түкпіріндегі қазақтардың тарихи Отанына оралуына ой салғаны анық.

Қытай, Моңғолия, Ирандағы қазақ диаспорасымен алтын көпір орнату мақсатында ұйымдастырылған экспедицияларды басқарды. Қытай, Моңғолия қазақтары әдебиетінің туып, қалыптасу жолдары, Омбы қазақтарының әдеби мұрасын зерттеудегі ұстаздық ақыл-кеңестері өз жемісін берді.

Қазақ әдебиеттануын, әдеби сын негіздерін кешенді зерттеудің бағытын нұсқап, ғылыми мектебін қалыптастырған ғалым өз шәкірттерін Жүсіп Баласағұн, Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Есмағанбет Ысмайылов, Жиенғали Тілепбергенов, Мәжит Дәулетбаев, Жақан Сыздықов сынды әдеби мұрасы өз деңгейінде қарастырылмай келген тұлғалар шығармашылығын жүйелі зерттеуге жұмылдырды.

Иә, бойына кісілік пен адамгершілік парасат дарыған Тұрсынбек Кәкішұлының ғылымдағы қажыр-қайратқа толы ерен еңбегі, ұзақ жылғы ұстаздық қызметіндегі шапағаты, елдік мүддедегі қайраткерлігі – тау тұлғаның ұлт руханиятындағы тұғырын асқақтата бермек.

Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ,

филология ғылымдарының докторы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КОРИФЕЙІ

Кеңес өкіметі тұсында филология мен журналистика факультеттерінде оқуға түсу қыямат-қайым (қазір де солай ғой). Оны бастан өткерген білер. Сол тұста қазірде солай қазақтың маңдайалды, әдебиет пен журналистика корифейлері Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Темірбек Қожакеев, Тауман Амандосов, Әбілфайыз Ыдырысов, Намазәлі Омашев, Өмірхан Әбдиманұлы секілді ағаларымыздың алдына барып, оларды өз көзімізбен көріп, емтихан, сынақ тапсыру бақытына ие болғанымыз күні кеше ғана еді.

Жалпы әдебиет пен оның ішінде антика кезеңіндегі әдебиет менің бала кезімдегі ностальгиялық сезім оятар сәттерім десем артық айтқандық болмас. Өйткені сол кездегі Н.А. Кунның «Көне Грецияның аңыздары мен мифтері» атты кітап қолыма түсіп, оны күні-түні оқып, оның қаһармандарына балалық оймен тәнті болғаным бар еді, тіпті «фанат» болғанымды жасыра алмаймын. Кейін Абай туындылары қосылып, ондағы көне Грекия мен ертедегі ғұламалардың даналық ойлары мен афоризмдері, түрлі адам қызықтырар шытырман оқиғалар мен сюжеттер мені «әдебиет» деген жұмбақ әлемге тартқаны, маған шын әсері болды. Мектеп бітіргенде қанша талаптансам да «әдебиет» кемесіне түсудің жолы ауыр болды, дегенмен кеш болса да, едәуір есейгенде оның сәті түсіп, ҚазМУ-дың студенті атанғанда, аңыз мен мифтегі «тәңір иелер мен құдайларға» іштей тәу етіп, жалбарынғаным бар.

Университетте бірінші курста Морозова мен Мадзигон деген ұстаздарымыз сабақ берсе, олардың дәрістері орысша болса да, өте тартымды өтетін. Көп қызықты деректерді осы ұстаздарымыздан алдық. Оқу бітірген соң Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде педагогика саласында жұмыс істесем, «Антика әдебиеті» көкейімде жүрді. Уақыт өте келе, қазақтың көне дәуірін бірге жүргізген сәтте осы екі пәннің өте ұқсас сюжеттік желілері мен үйлесімділігін тапқан кезде, оны әр дәрісте студенттер алдында айтатынмын. Осы ойымды кейін өзімнің ұстазым, рухани әкемдей болып кеткен профессор Тұрсынбек Кәкішұлымен ойымды бөліскен кезде, осы тақырыпты зерттеу объектісіне айналдыру керектігін сездім. Тақырып бекітілгеннен кейін өзімнің сүйікті тақырыбымды көп ұзатпай жазып шықтым. Әрине, көп кедергілер мен ұзақ талқылау болғаны анық. Онсыз ғылым бола ма!? Қарсы шыққан аға буын да болды. Бірақ оның бәрі де менің ширап, көптеген ақиқаттың ашылуына жол ашылғанын айта кеткен жөн. Осы тұста мейлінше қамқор болған ұстаздарым Тұрсынбек Кәкішұлы, Қансейіт Әбдезұлы, Дандай Ысқақұлы, марқұм Темірхан Тебегенов, Сәрсембі Дәуітұлы секілді ағаларымызды ұмыту мүмкін емес.

Осы тақырып бекітілмей тұрған кезеңде Тұрсынбек ағайдың мына бір сөзін өзінің кітабынан оқығанымда маған үлкен әсері болғанын да айта кеткен жөн: «Ғылымда соңғы сөз айтылып, нүкте қойылмайды. Қазіргі тәуелсіздік заманда бұрын құлашымыз жететінді ғана қармасақ, енді ой жетер жерге баруымыз керек. Оның алғашқы қадамы жасалды да. Ә.Хасеновтің «Қазақ тарихының бес мыңжылдық баяны», Кляшторный мен Сұлтановтың «Қазақ халқының үш мыңжылдық тарихы», қазақ энциклопедиясы шығарған «Қазақ поэзиясының екі мыңжылдық» антологиясы жарияланып, оқушылар қолына тиіп, ғалымдарды ойландырып жатқан кезде қазақ әдебиеті тарихының сақ, ғұн дәуірлері естен шықпауы тиіс. Біздің заманымызға дейінгі кезеңнен бастау алатын рухани дүние бүгінгі біздерге түсінікті тілде болмауы мүмкін, тіпті басқа тілде жазылуы да ғажап емес. Бірақ оған қарап ол мәдени мұрадан бұрынғыдай қашуға болмайды. Біз бүгінгі қазақ жерінде жасалған мәдени-рухани байлыққа ортақ екенімізді еш уақытта ұмытпауымыз керек. Парсылардың тіліне аударылып, дініне айналып кеткен атақты «Авеста» Амударья мен Сырдарьяның арасындағы алқапта туса қалайша безінбекпіз?! Бүгінде жеке халық атына ие болғандардың арғы бабасы болғандығы, қазіргі қазақ жерінде жасап, шаттанғанда, қайғы-қасірет шеккенде өзінің ой-пікірін, жан сырын көркем сөзге орап жеткізгенін әрқашан есте тұтып, өз әдебиеті-міздің бастау ретінде тануға тиіспіз. Олай болса көне заманның көрікті ойларын бүгінгі ұрпақтың асыл мұрасына айналдыруға тиіспіз.

Заратуштра дінінің пайда болуы мен «Авеста» жайлы ой білдірген шығыстану ғалымдары бұл шығарма Орта Азияда немесе Мидияда туған, яғни әзірбайжан мұрасы деген тұжырым жасады. Қысқасы, «Авеста», ең беріден есептегенде, Орта Азияны ежелден мекендеген көне түркілер мен Мидия мемлекеті дәуірлеп тұрғанда – біздің заманымыздан бұрынғы VII-VI ғасырлар аралығында жасалған» десе, сол тұстағы және сол кезеңнен көп кейін байырғы қазақ елінің арғы ата-бабалары сақ-скиф елімен тығыз мәдени-әдеби, материалдық-экономикалық байланыс орнатқан, антика мәдениетінің отаны саналатын көне элладалықтар және олардың бір-біріне әсері, рухани пәрменін айтудың мезгілі келгендей сезіндім.

Өзі ұшырған қырандарын ұядан,
Құздан емес, іздейтұғын қиядан.
Біз бәріміз берешекпіз ұстазға,
Ұстаздықты, ұстаздарды сүй, адам, –

деп жырлаған еді жерлес ақынымыз Құдаш Мұқашев.

Қазақ ұстазды қадір тұтқан. Ұстазсыз өмір тұл. Онсыз өмірдің мәні де сәні болмайтыны да анық. Ұстаз туралы қанша айтса, қалай айтса да жарасады. Қазақта шын мәнінде ұстаз бола білген, үлгі-өнеге көрсете білген адам аз ба! Бұл риторикалық сұраққа әркім әрқалай жауап берері анық.

Мектеп жасында болғанымызда өзімізге қаріп үйреткен, тәлім-тәрбие берген мұғалімдерімізге таңдана, тамсана қарушы едік, кейін Өмір мектебінің де үйретер жағы аз болған жоқ. Аз ұстаз қадірін адам үлкейген, етек-жеңі жабылған, санасы жетілген кезде ғана сезінетіні анық. Қалай десек жастың қай мезгілі болсын өзінің Ұстазы болатыны талассыз.

Бүгін талайларымыздың шын мәніндегі Ұстазы бола білген, ол кісінің аялы алақанының жылуын сезінген Тұрсынбек Кәкішұлы тоқсан бестің асқар биігіне жетіп отырғанда, ұстазға деген көңілдің еріксіз тебіренбеуі мүмкін емес шығар. Олай болмағанда ше?

Елу жылға таяу университет қабырғасында ұстаздық қызмет істеген, қаншама шәкірт тәрбиелеп шығарған адамның алдынан өту, ол кісімен араласқаныңды мақтан тұтып, өзіңнің жүрекжарды ойыңды білдіру бұл бір міндет, парыз секілді болып тұрады. Бұл мінез кез келген әдебиетке азды-көпті жақындығы бар адамның бойындағы табиғат берген қасиеті болары анық. Не де болса, бәрін де студент кезден бастайыншы.

Университетке түсіп, бірінші жыл студент болғанымызда қызығып қарайтын, өзімізге үлгі болатын адамның бірі Тұрсынбек ағай болатын. Бұл нағыз дүрбелең кезбен сәйкес келген уақыт еді. 1986 жылдың күзінде оқуға түскен біздің көз алдымызда, филология факультетінің деканы болып отырған Тұрсынбек ағайдың өзінің студенттері үшін еш нәрседен қаймықпастан қорғап-қоршап, біреуінің де оқудан шықпай аман қалғаны туралы аңыздай айтып жүрген жастарды көргенде жанымыз сүйсінетін. Кейін ағайдың лекциясына қатысып, талай қызғылықты деректер мен әдебиеттің қыр-сырына үңілсек, кейін бірте-бірте үлкен ғалым адамның кескен-келбетін, ағайдың дәрістеріндегі зерттеушілік жұмыстың қызығы мен шыжығын көріп, әдебиет ғылымының аса күрделі кезеңдеріне бой ұрдық.

Әдебиет ғылымын жете түсінбесек те, түсінуге талпыныс жасау үшін «кімге барсақ?» деген сұрақ туындағанда, студент кездегі ағайға деген пейіл мен сол әсер кейін аспирантураға түскен кезде өзгермеген еді. Ғылыми жетекшім кім болады дегенде, еш ойланбастан «Тұрсынбек ағай» деген ой көкейімнен шыққан жоқ. Студент кезімде ол кісінің сұстылығынан именетін болсам, енді ол кісіге қалай барсам екен сұрақ маған ұзақ уақыт дамыл берген жоқ еді. Ғылыми жетекшісіз аспирантураға қабылдануым да екіталай. Тәуекелге басып, имене, қорқа түсіп барғанымда ол кісінің кең қолтық кеңпейілдігі мен ғалым адамның терең де тегеурінді келбетін танып, әсерленгенім бар. Ол кісінің кеңдігін көргеннен кейін өзімнің «еркелігіме» басып, отбасының қиындығын алға тартып, аспирантураның күндізгі емес, сырттай бөліміне баратынымды білдіргенде, ол кісі мәселені тікесінен қойды. «Сырттай оқысаң, диссертация жазуың екіталай, тіпті ұзап кетуі де мүмкін, ал күндіз оқысаң, бір нәтиже болады, оның үстіне көз алдымда боласың» дегені маған қамшы болды да, мен күндізгі бөлімде оқуды таңдадым. Оның үстіне аспирантура меңгерушісі Зинаида Уәлиханова апайдың да ықпалы зор болды. Емтихан нәтижелерінің көңілдегідей шығып, оқу түрінің күндізгі немесе сырттайды таңдау мүмкіндігі болғанда, ағай мен Зинаида апайдың «күндізгіге баруың керек» дегендері осы мәселеге соңғы нүкте қойылды.

Кейін аспирантураға түскен кезде, ағайдың өзімен жеке кездесіп, тақырып турасында ұзақ әңгімелестік. Ол тұста ағай жүрегін емдету мақсатында Министрлер кеңесінің ауруханасында жатқан еді. Негізгі ойым Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығы болғандықтан, Тұрсынбек ағай Ілиястың прозалық туындыларын зерттеу керектігін, бұл кенже қалған тақырып екендігін, досы Мырзабек Дүйсеновтің осы тақырыпты толыққанды зерттеуге үлгермегендігі, соңғы кезде «Ілияс социалистік режимнің қолшоқпары болған» деген қаңқу сөздердің көмейіне су құю керектігінің мезгілі пісіп-жетілгенін баса айтты. Жетекшім ағай бекітілді, тақырып мәселесіне де нүкте қойылды.

Сонымен уақыт өте берді. «Ал, шуу!» деп диссертациямды да бастап кеттім. Диссертациямның біткен тұстарын арқалап, кейде ағайдың үйіне барғанымда «мынау бір жалаңаяқ аспирант қой» деп есіктен қарсы алса да разы болар едім, бірақ ондай дегенді білмейтін, қайта ешбір жатсынбай қонақ ретінде қарсы алуы мені таңғалдыратын. Республикаға танымал қадірлі, құрметті адамның қарапайым шәкірттерін осылай қарсы алуының өзі маған үлгі ретінде өз әсерін тигізді. Ол аздай Күләш апайдың берекелі, мол

дастарқанынан дәм татпай кету мүмкін емес еді. Тұрсынбек ағай мен Күләш апайдың шаңырағында болып, қазақтың шын мәніндегі қонақжайлылық пен пейіл-ықыласқа бөленген шәкірттері қай кезде болмасын, үнемі ауыздарынан тастамай жүретін. Ағай әр кездескен сайын «жұмысың қалай болып жатыр?» дегені диссертациямының тез арада бітуіне жол салынды.

Нағыз жауапты күн қорғау күні бекітілгенде, ағайдың мені «ширықсын, шынықсын» деді ме екен мені қатты састырғаны бар. Оған себепкер – менің ресми оппоненттерімді бекіту болды. Әдетте кандидаттық диссертацияға оппонент есебінде тақырыпқа сәйкес бір ғылым докторы мен бір ғылым кандидатын бекітсе, ал маған екі ғылым докторларын бекіткенде «бұл қалай болар екен?» деп қапалғаным бар. Ал олар кімдер дейсіздер ғой. Біреуі – талай марғасқа сөз зергерлерін тәрбиелеген, тілі мірдің оғындай, профессор Темірбек Қожакеев те, екіншісі – республикаға танымал ғалым, адуынды ақын Тұрсынхан Әбдірахманова. Ол кісілермен қалай тіл табыссам екен, жұмысымды менсінбейтін тас-талқанын шығарар деп ойлағаным бекер болды. Есімдері қандай дардай болса, өздері де сондай кеңпейіл, қамқор адамдар екеніне көзім жетті. Айтқан сындары мен пікірлері қандай орынды болса, елеусіз ғана жазған еңбегімді биікке көтергендері менің арқа жалымды күдірейтті. Шын мәнінде, дүйім халықтың алдында ол кісілердің айтқан сөздері мәртебемді көтерді. Сол кезде ғана Тұрсынбек ағайдың шәкіртіне деген қамқорлық пейілін және психологиялық ширығу мен шынығу процесінен өткендей сезіндім.

Кейін ағаймен араласуым бір мезетке де толастаған жоқ, тіпті ол кісінің өзімнің рухани әкемдей болып кетті. 2005 жылы өзінің досы, Халық Қаһарманы Қасым Қайсеновпен Талдықорған қаласына келуінің өзі бір қызғылықты оқиғаға толы болды. Ресей президенті Владимир Путин Фадеев атындағы халықаралық әдеби сыйлық есебінде арнайы Құрметті грамотаны Қасым Қайсеновке елішілік арқылы жолдаған еді. Мәртебелі сыйлыққа сол тұстағы Алматы қаласының әкімі Виктор Храпунов соңғы маркадағы «Волга» автомашинасын Қасым ағаға көрімдікке береді. Сол көлікке мініп, ағай екеуі Шығыс Қазақстанға Асубұлаққа Қасым Қайсеновтің отанына жол тартады. Жол-жөнекей біздің үйге түсіп, бұйырған дәмнен татып, әрі қарай жол жүрмекші еді. Қазақтың меймандостығын танытып, ағаларымызға шама келгенше күтім жасадық. Атақты адамдарды өз көзімен көріп араласу мүмкіндігін пайдалану үшін өзімнің жақын дос-жарандарымды да бірге шақырдым. Келген бетте ас мәзірі дайын болғанша, қонақтарымыз шөлдеген болар деген ниетпен сусын құйып, алдыларына тосудамыз. Сол сәтте Тұрсынбек ағай Қасым ағайға «коньяк құй» деді. Кішілеу рюмкеге құйып жатыр едім, ағай қалжыңдап «басқа үлкендеу ыдысың жоқ па әлде коньяғың аз ба?» деген соң, сусын ішетін үлкендеу бокалға коньяк құйдым. Жарым жартылай құйған соң, ағайға қарап едім, ол кісі тағы құя түс деп емеурін білдірді. Толар-толмас қалғанда «жә, жетер» деді. Үстіне аздап минерал суын құйып, Қасым ағайдың алдына қойдым. Қасым ағай «ал, балалар, қарсы алып жатқан сіздерге рақмет» деп коньяк тола бокалды қағып салды. Екіншісін құйып едім, оны да сол күйінде алып қойды. Қаһарман ағамыздың бұл мықтылығына бәріміз қайран қалдық. Біздің аңтарылып қалғанымызды сезген болса керек. «Балалар, бұл менің соғыс кезіндегі Украин жеріндегі қалың орманда жүргендегі ыдыс түбінде бір шөкім ас қалдырмайтын әдетім еді. Сол әдетім әлі бар. Асыл апаларың маған үлкен кесемен айран құйып бергенде дем алмастан, әлгінің жұғын қалдырмай ішіп қойғанда, е, не болды сонша, аштықтан келіп пе едің, деп кейітін. Сонда мен «Әй, Асыл-ай, бұл менің әскерден қалған әдетім емес пе» деп жауап беретінмін.

Сол кеште Қасым ағаның соғыс кезіндегі көрген қиын да қызықты өмірінен алынған әңгімелерін тыңдап, түннің жарымы болғанын да байқамай қалыппыз. Бір сәт пауза жасап, бізге қарап «Ал, балалар, мен дем алайын»деп, орнынан тұрып, жатын бөлмеге беттеді.

Таңертең ерте тұратын әдеті бар екен. Біз одан хабардар едік. Таңғы мәзірден соң, қайтатын болып, бәрімізге алғысын жаудырды. Сол сәтте досым Сайлау Қажыбекұлы «Аға, сізден бата тілейміз, осы үйдің екі қызы бар, сол балалардан кейін бір ұл тілеңіз» демесі бар ма. «Балалар, мен бір тілек айтсам, ол міндетті түрде орындалады, қолдарыңды жайыңдар» деп, «Тілеген армандарың орындалсын, екі қыздан кейін бір ұл келіп, сендерді қуантсын» деді.

«Осыдан сіздің тілегіңіз орындалып, ұл келсе, Сіздің атыңызды қоямын» деп жатырмын ғой. «А, солай ма, онда мен бір кітабымды сендерге сыйға тартайын, ескерткіш болсын» деп, соңғы шыққан кітабына қолтаңбасын қалдырып, қолыма ұстатты.

Таңғаларлығы сол: Қасым ағайдың берген батасы қабыл болып, екі жылдан соң ұлым дүниеге келіп, Тұрсынбек ағайға телефон шалып, қуанышымды бөліскен уақытта, ағай: «Атын Қасым қойғаның орынды, ал өз атымнан қосарым, хан болсын, атын Қасымхан қой» деді. Ағайдың айтқанын орындап, кішкентайдың атын Қасымхан қойдық. Ал сол Қасымханымыз «құдай оңдап, періштесі қолдап» дегендей бүгіндері Талдықорған политехникалық колледждің екінші курсында оқиды. Еркелігі мен тентектігі де бар. Сонда «Үлкен аталарың келіп, сенің атыңды Қасымхан қойғаны тегін кетпеген болар!» деп қоямыз.

Ағайдың үйінде тағы бір барғанымызда қазақтың маңдайалды жазушыларының бірі Әзілхан Нұршайықовпен кездестік. Сыпайы ғана майдалап, әзіл-оспағын қосып сөйлейтін Әз-ағаның талай әңгімелерін тыңдап, ерекше әсерде қалдым. Қай тұста болсын, ағай мен Күләш апайдың үйінен өнер, ғылым, әдебиет адамдарының табылатынына, ол кісілердің ешкімді жатсынбай қарсы алуларын көріп, тамсанумен келемін. Ағайдың шаңырағында елге танымал талай адамдармен танысып, дастарқандас болдым. Олардың қатарында – композитор Илья Жақанов, академик Рымғали Нұрғали, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбек, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбаев, марқұм, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаева, филология ғылымдарының докторы, профессор Қанипаш Мәдібай, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ергөбек, филология ғылымдарының докторы, профессор Жандос Смағұлов ағаларымыз мен апайларымыз, тамаша әнші, композитор Лена Әбдіхалықова, Ахмет Байтұрсынов атындағы алтын медаль иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор, өзімнің алғашқы кураторым болған Өмірхан Әбдіманов, айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мәлс Қосымбаев, курстас достарым, зерттеуші-ғалымдар Серік Қалиев, Шоқан Шортанбаев, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Нұрлан Сағындықов, филология ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Жұмағұлов, жетісулық айтыскер ақын Балғынбек Имашев тағы да басқа өнерпаз адамдардың ортасында дастарқан басында болғанда ағайдың әрқайсысымен күнделікті араласып жүрген достарша әзілдесіп, жарасып, қарапайым отыруының өзі үлкен жүректі, көпшіл адам екендігін танытады.

Тұрсынбек ағай – табиғатынан үлкен ұстаз. Ойшыл ғалым. Тегеурінді, еш нәрседен қаймықпай батыл сөйлейтін, қазақтың болашағын ойлаған қоғам қайраткері. Бүгінде ортамызда болмаса да, ол кісінің азаматтық бейнесін таныған адам ол кісіден алар үлгісі мол. Ағамыздың досы, академик Рахманкүл (Тұрсынбек ағай ол кісіні үнемі Раманкүл деп атайтын) Бердібаев айтпақшы: «...Әдебиеттің барлық жанрын жан-жақты дамыту, жас әдебиетшілерді баулу, өсіру мәселесінде, әдебиеттану ғылымын өркендету ісінде дәл Сәбит Мұқановтай жемісті еңбек еткен қаламгерді табу қиын...» десе, айтқандай-ақ, Тұрсынбек ағайдай адамды Тәңір күшіне еніп, жуырда дүниеге әкелері мүмкін болмас ау, сірә.

Гүлмира ӘШРБЕКОВА,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің доценті, ф.ғ.к.
Рахия ЕСНАЗАРОВА, *Қорқыт ата атындағы*
Қызылорда университетінің доценті, ф.ғ.к.

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ БАСПАСӨЗ ТАРИХЫ

Тұрсынбек Кәкішұлы – қазақ әдебиетінің тарихына аянбай еңбек етіп, өмірінің соңына дейін қолынан қаламы түспеген зерек ғалым. Оның соңында қалған бай мұрасы көзі тірі кезінде-ақ зерттеу нысанына айналған. Бүгінге дейін жазылған естеліктер мен мақалалар, ғылыми еңбектер тау тұлғалы Тұрсынбек Кәкішұлының портретін одан сайын жарқырата түсетіні сөзсіз.

Ғалымның өмірі мен шығармашылығына қатысты ойларды саралағанда, ең алдымен, ғылыми ізденістерге тиянақтылығын ерекше атар едік. Тұрсынбек Кәкішұлының нақты дерекпен жазылған еңбектері қазақ әдебиетінің тарихын, оның кезеңдік ерекшеліктерін айқындауға көмектеседі. Зерделі ғалым жайлы естеліктерде еңбек демалысында Мәскеу, Ленинград, Уфа, Қазан қалаларындағы мұрағатта жұмыс істейтіндігі туралы жиі айтылады. Ол ғұмырында үнемі ізденумен болды. Сондықтан да ғалымның қолжазба қоры мен жеке мұрағаты алдағы уақытта әлі талай беймәлім деректер жайлы сыр шертетіні анық.

Профессор Т.Кәкішұлы әдебиеттің тарихын, тұлғалар тағдырын табанды түрде зерттеді. Әсіресе Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына қатысты Тұрсынбек Кәкішұлындай зерделеген ешкім жоқ. Ұстаз туралы сөз айтқанда, алдымен Сәкен еске түсетіні де содан.

Ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының қазақ әдебиеті сынының тарихына қосқан үлесі орасан зор. Әдебиет тарихына қатысты еңбектерінде сол кездегі баспасөз мақалаларын дереккөз ретінде пайдаланды. Баспасөз қоғам айнасы ғана емес, тарихи дереккөз екендігін бізге дейінгі ғалымдар жазған. Тәуелсіздік жылдарындағы деректану ғылымына сүбелі үлес қосқан Қ.Атабаевтың бірнеше зерттеу еңбегінде баспасөздің жарыққа шығу тарихы мен мақалаларын тарихи дереккөз ретінде көрсетеді. Сондай-ақ баспасөздің деректану ғылымындағы маңызын айқындайды.

Ғалым Т.Кәкішұлы сынның тарихын алғашқы баспасөзден қарастыруына бірнеше себеп болғанын байқаймыз. Біріншіден, алғашқы баспасөзде сол кездегі оқиғалар бұлтартпас дәлелмен жазылды. Оның мұрағаттық маңызы жоғары. Сондай-ақ алғашқы басылымдар әдеби тілдің дамуына тікелей әсер етті. Екіншіден, алғашқы басылым беттерінде сол кезде жарық көрген кітаптарға рецензия, әдеби сын мақалалар жарық көрді. Үшіншіден, әдеби тақырып немесе айдар алғашқы баспасөздің барлығында болды. Онда әдебиет мәселелері мен көркем туындылар тұрақты жарияланды.

Әдебиет сынының тарихының бастауы мерзімді баспасөзде жатыр. Мәселен, Т.Кәкішұлының «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» еңбегінде «Түркістан уалаятының газеті» тарихына, сол кездегі саяси оқиғаларға тоқтала келіп, «газет редакциясының айрықша іждағат салғаны – қазақтың төл әдебиеті. Халық әдебиетін сөз етерден бұрын, газеттің қай үлгі-нұсқаларға мән бергендігін аңғартып алған жөн. Өйткені бұдан газетті шығарушылардың көзқарасы мен позициясы да, сонымен қатар сыншылдық ой-пікірлері де айқын аңғарылып қалады» [1, 55] – деп тұжырым жасайды. Ғалым газетте жарық көрген әдеби сын мақалаларын талдай отырып, шығармашылық ұжымның бағыт-бағдарына, басылым мазмұнына өзіндік түйін жасайды. Мәселен, «Түркістан уалаятының газеті» қазақ тілінің тазалығын сақтау, оны орынсыз шұбарландырмау жайында берік көзқарасты ұстанған деген пікірі алғашқы басылымның маңызын арттыра түскендей. Газеттің әр жылдардағы нөмірлеріне жіті шолу жасай келіп, ғалым мынадай деректерді алға тартады. «Түркістан уалаятының газеті» әдебиетке, оның ішінде сыншылдық ой-пікірге қатысы бар материалдарды 1875-1878 жылдар аралығында бірқыдыру жариялады. Олардың көркемдік сапасынан гөрі мән-маңызы газеттің ресми бағытына тәуелді болды. Әр қилы айқыш-ұйқыш, кейде қарама-қарсы ой-пікірлердің

айтылуы сыни ойдың оянуына бет алғандығын аңғартқандай еді» [1, 57] деуі – сөзіміздің дәлелі. Айта кетейік, баспасөз тарихын зерттеуші ғалымдардың бірқатар еңбектерінде «Түркістан уалаятының газеті» жарияланымдарына талдау жасалғанымен, әдеби сынның алғашқы үлгілері жарық көрді деген пікірді кездестіре алмаймыз.

«Дала уалаятының газетіндегі» әдеби сын мақалаларын қарастыруда ғалымның мына пікірі ерекше көңіл аудартады. «Прогресті жақтаған қазақ ақындары, әсіресе, осы газеттің төңірегіндегі көңілі ояу, көзі ашық публицистер қазақ әдебиетінің даму жолын замана талабына сай оңға бұрып, әдеби шығарманың тілі мен стилі ғана емес, мазмұны да айқын әрі түсінікті болуы керек деген көзқараста болды» [1, 62]. Аталмыш газетте 1889 жылы Абайдың екі өлеңі бірдей жарық көреді. Бұл әдебиет тарихындағы елеулі оқиға болды. Бұл турасында ғалым Қ.Бекхожиннің баспасөз тарихына қатысты еңбектерінде қызықты деректер, толымды ойлар жазылғандығын атап көрсетеді. Сондай-ақ «Абай өлеңі жарияланғаннан кейін «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен А.Бөкейхановтың хаты басылды. Онда Шортанбай, Шернияз, Құнанбайлардың қазақтың ескі билерінің сөзі мен өлеңдерін жариялау керек деген ұсыныс жасады. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялау қажеттігі сөз болады. Алайда кейбір оқығандар бұл пікірге қарсы шығып, қазіргі тұрмысты реалистік тұрғыда суреттейтін шығармалардан безбеу керек, қазақ халқының рухани дүниесін байыта түсетін тарихи, ғылыми деректерді мол насихаттап, көршілес елдердің өнерімен таныстырып отыру керек деп тапты» [1, 63] деген ғалым пікірі алаштанушылар мен тарихшылар үшін маңызды ақпарат деп ойлаймыз.

Т.Кәкішұлы әдеби сынның тарихын қарастыруда бірнеше ғылым саласына маңызды ақпаратты ұсынады. Мәселен, баспасөздегі әдеби сын мақалаларға талдауын оқи отырып, газеттің бағыт-бағдарын, ондағы авторлар құрамын, олардың азаматтық ұстанымын аңғаруға болады. Сондай-ақ тұлғатану тұрғысынан Алаш қайраткерлерінің баспасөздегі саяси көзқарастарының, әдеби мақалаларының мазмұнымен танысамыз. Атап айтар болсақ, баспасөз тарихын жүйелеген еңбектерде «Дала уалаятының газетіндегі» Ә.Бөкейхановтың Абай өлеңдеріне қатысты мақаласы туралы айтылмайды. Осы орайда Т. Кәкішұлының «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» еңбегі тек әдебиетшілер үшін ғана емес, болашақ журналистер мен осы саладағы ізденушілер үшін маңыздылығын атап өткен жөн. Аталмыш еңбектен «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Айқап» журналы, «Қазақ», «Үш жүз» газеттері «Абай» журналына қатысты деректермен таныса аламыз. Бұл – баспасөз тарихы ғана емес, әдебиеттің, сынның, ұлттың шежіресі.

Т.Кәкішұлы баспасөз шежіресіне бірнеше зерттеу мақаласы мен еңбегін арнады. Әдеби сынның тарихын жазу барысында баспасөздегі сын жанрларына тоқталса, Уфадағы қолжазба «Садақ» журналына қатысты деректерді жинақтап кітап етіп жазды. «Садақ» журналы жайлы эссесінде әрбір дерекке ерекше ден қойып, басылымның бағыт-бағдарын, мазмұнын айқындап береді. Мәселен, «бүркеншік ат «Еңбекші қазақ», «Жаңа әдебиет», «Әдебиет майданы», «Социалистік Қазақстан» газеті мен журналдардың бетінен жиі кездесетін Жиенғали Тілепбергеновтің жасырын аты» [2, 10] – деп көрсетеді. Журналдың шығу тарихындағы әрбір сөздің астарына үңілген ғалымның тынымсыз ізденісі нәтижесіз емес. «Садақ» журналына қатысқан әрбір автордың шығармаларын талдап, журналды шығаруға атсалысқан шәкірттердің өмірбаянын зерттеу оңай болмағаны анық.

Зейнелғабиден Имажановпен кездесуі, оның медресеге қатысты «есеп, алгебра, география, сызу, физика, музыка пәндерінің» оқытылуы, журналды қолжазба түрінде шығарып, шәкірттердің кітапханадан барып оқуы, авторлардың көпшілігі бүркеншік есімдерді пайдалануы, сондай-ақ кейбірінің өз руының атымен қойылуы автордың атынан баяндалып, оқырманға тың ақпараттарды ұсынады. Сонымен бірге Зейнелғабиден Имажановтың айтуымен қазақ тілінде журнал шығаруға қарсылықтың туындауы, оған арнайы кеңес ашып, татар әдебиетшісі Ғалымжан Ибрагимовтің араша түсуі – бүгінгі оқырман үшін маңызды ақпарат.

«Садақ» журналына қатысты жазылған эссені оқу да, түсіну де оңай. Автор журнал тарихына қатысты зерттеуін оқырманына қарапайым тілмен баяндап берген. Журналға, оның

авторларына байланысты деректер анық әрі нақты жазылған. Бұл – ғалымның мұрағатпен жұмыс істеу дағдысының айқын көрінісі.

«Садақ» журналын зерттеуге байланысты ғалым: «Басылымды іздеу барысында талай қызыққа да, қиындыққа да батқаным 1986 жылы шыққан «Садақ» атты хикаялы эссе негіз болды. Баспаның сол кездегі қырағы редакторлары, басшылары «Садақты» тілге тиек етіп, бүкіл қазақтың интеллектуалды дүниесін ақтарып кетіпсің, «қажетсіз» оқығандарды, зиялыларды атапсың деп кітаптың жартысынан жақынын қысқартып тастаған болатын. Тәуелсіздік қолымызға емін-еркін тиген уақытта «Сандалтқан Садақ» есімді ғылыми-деректі шытырман хикаяны Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша 2002 жылы шығарғанда, «Фолиант» баспасы көлемі үлкен екен деп автормен ақылдаспай үштен бір бөлігін алып қалыпты» [3] деп баяндайды. Осы орайда біздің назарымызды аудартқан мына бір дерек алаштанушы ғалымдар үшін де маңызды деп ойлаймыз. Т.Кәкішұлының айтуынша, медреседен қуылған 62 шәкірттің арасында Мағжан да болуы мүмкін. «Өйткені Ғалымжан Ибрагимов сынды озық ойлы жанмен бірге оқуы, жақын таныс болуы және сол 1912 жылы өлеңдер жинағын шығаруы жас талапкер қоғамдық-әлеуметтік оқиғадан тыс болды дегізбесе керек. ...Екіншіден, медреседен қуылған 65 шәкірттің бірі Мағжан болуы да мүмкін. Небәрі бір ғана оқып, қаншама «орысжанды» болса да, Омбыдағы оқытушылар семинариясының дайындық курсына «жаңа заманға ыңғайлану талабымен» түсіп еді деу өте қиын. Мағжанды зерттеушілер осы жайды архив деректері арқылы анықтаса, талай қызыққа кезігеріміз анық» [3] деп ізденушілерге ой тастайды.

Ғалымның 2010 жылы жазған мақаласынан кейін 2011 жылы «Ресей Ислам университеті» (қазіргі атауы) университет тарихына қатысты кітапша шығарады. Кітапшада университет тарихын «Ғалия» медресесінен бастайды. Кітапшада Башқұртстан ақындарының ішінде Мағжан Жұмабаевты да енгізген. Бұл туралы «Егемен Қазақстан» газетінің 2017 жылғы 5 маусымдағы нөмірінде М.Ақмулла атындағы Башқұрт педагогикалық мемлекеттік университетінің магистранты Е.Ермағамбетов баяндайды [4]. Әрине, Мағжан Жұмабаевтың 1910-1913 жылдары «Ғалия» медресесінде оқығандығын ешкім жоққа шығармайды. Дегенмен Т.Кәкішұлының болжамына қатысты зерттеу жүргізу қажет деп ойлаймыз.

Тұрсынбек Кәкішұлы қазақ әдебиетінің тарихындағы ең күрделі кезеңін қарастыра отырып, шынайылықтан танбады. Ғалымның бұл еңбегін М.Қаратаев: «... жиырмасыншы жылдардағы әдебиет даму процесіне арналған еңбектер жоқтың қасы болатын. Оқулық болсын, бірен-саран монографиялық еңбек болсын, бұл дәуірге келгенде аяғын аңдап басып, қауіпсіз жерлермен сырғытып өтетін» дей келіп, ұстаздың еңбегін «сөз жоқ үлкен еңбек, көп оқудың, ұзақ зерттеудің жемісі» деп бағалаған. Ғылымға шын берілген жан жалған сөйлемейді. Тұрсынбек Кәкішұлының турашылдығы, әділдігі, адалдығы ғылым мен білімге деген құрметтен қалыптасқан. Х ғасырда өмір сүрген түркі ойшылы Жүсіп Баласағұнның:

Біліксіздің тілін тыйған жөн болар,
Білімдінің сөзін жиған жөн болар.
Білімдінің нұрлы сөзі сарқылмас,
Бастауы – кең бұлақ көзі тартылмас, –

деген өлең жолдары Тұрсынбек Кәкішұлына арналғандай. Қай кезде барсақ та, жұмыс үстелінің жарығын жағып, шұқшия жазып отыратын ұстаздың еңбекқорлығы бізге үлгі-өнеге.

Тұрсынбек ағай – қазақ сынының қалыптасуы мен дамуын жүйелеп, ғылыми айналымға түсіріп, арнайы пән ретінде оқытуды жүзеге асырған білікті ғалым. Ғылыми зерттеу нәтижесінің тәжірибемен ұштасуы дегеніміз осы. Тұрсынбек Кәкішұлы қазақ баспасөз тарихына да қомақты үлес қосты. Уфадағы Ғалия медресесінде оқитын шәкірттер шығарған қолжазба «Садақ» журналын бүгінгі ұрпақпен табыстырды. Бұдан бөлек, әдебиет пен баспасөздің тарихын байланыстыра отырып, олардың қоғамдағы қызметі мен рөлін айқындап берді. Шет мемлекеттерді аралап, көрген-білгенін бірнеше кітапқа жүк етті. «Ұштасқан үш өзенмен», «Жол үстінде 80 күн», «Садақ», «Жасампаз өлке», «Сандалтқан «Садақ» – сол сапарлардың куәсі. Ғалымның тынымсыз еңбегін жырға қосқан ақын Бауыржан Жақып:

Бейімбетті зерттеп, расында,
Сәбиттің жүрдің қасында.
Тайсалмай төктің терінді,
Алаштың сырын ашуға.

Еңбекқор, өткір, ер адам,
Қашан да дайын төр оған.
Ұлтыңның сөзін сөйледің,
Бөрліде туған бөрі ағам,

– деп толғанады.

Тұрсынбек Кәкішұлының болмысын ерекшелеп тұратын тағы бір қасиеті – азаматтығы. Азаматтық әркімнің түсінігінде әрқалай. Дегенмен Тұрсынбек ағайдың табиғатында ол тіптен нұрланып, жарқырап көрінеді. Білімге құштар, ғылым іздеген жасты көрсе, қолтығынан демеп, соңынан ертіп жүреді. Солардың көпшілігі қарапайым ауыл балалары. Ханға да, қараға да қасқайып тұрып, шындықты айтатын азамат ауылдың қарапайым адамдары десе, ет жүрегі езіліп кететін. Біз де ұстаздың сондай шапағатына бөленген жандардың біріміз. Ғылыми диссертация қорғау оны жазудан да қиын уақытта ғылыми дәреже алуымызға көмегін тигізді. Қолдау көрсете жүріп, ғылымда анық жазуға, нақты сөйлеуге үйретті. Ұстаз айтқан өнегелі әңгімелер әлі күнге жадымызда жаттаулы. Қандай жетістікке жетсек те, алдымен Алланың, ата-анамыз бен қадірлі ұстаздың арқасы деп білеміз.

Ұлағатты ұстаздың шәкірттерге деген пейілі де – бір бөлек әңгіме. Әр шәкіртін дәріптеп, бәйгеге қосатын сәйгүліктей баптайтын. Баптағанда ғылымға үйретеді, жазған дүниесінің жұмыр шығуын, тиянақты орындалуын талап етеді. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» болудың нағыз көрінісін Тұрсынбек ағай және оның шәкірттері десек артық айтқанымыз емес. Оның дайындап шығарған 50-ден астам ғылым докторы мен ғылым кандидаты бүгінде жоғары білім саласында жемісті еңбек етуде. Қайсысын алсаңыз да, қазақ әдебиетінің сан саласын зерделеген белгілі ғалымдар. Шәкірттерін айналасына жинай жүріп, олардың нәтижелі еңбек етуіне қолдау көрсеткен ұстаз қамқорлығы ешқашан ұмытылмақ емес. Өйткені ұстаздың өнегелі ізін жалғастыратын ұрпақ бар. Олар – өзі дайындаған білім және ғылым саласының білікті мамандары.

Тұрсынбек ағайдың ақтық демі шыққанша жанынан табылған жары Күләш Садыққызы барынша адал досы, шәкірті, сырласы, мұндасы, жоқтаушысы болды. Ағамызға жасаған құрметін жұрт тамсанып айтып отырады. Жолдасының қас-қабағын бағып, үнемі бәйек боп жүретін Күләш Садыққызының өмірі ғана емес, жан дүниесі ағаймен бірге өрілгендей. Осы уақытқа дейін телефон шалып сөйлескенімізде, Тұрсынбек ағайға деген сағынышын аңғарамыз. Ғұлама ғалымға деген сағыныш бүкіл қазақ ғылымын кезіп жүр. Қайраткер тұлғаны жоқтап қазақтың кең даласы күңіренеді. Тек көңілге медет тұтатынымыз, Тұрсынбек Кәкішұлының соңында қалған мұрасын зерттеп, ол туралы естеліктер айтып, Құран бағыштайтынымыз. Дүние мәңгі тұрмайды. Оның соншалықты жалған екенін осындай кемел адамды жоғалтқанда ғана сезінетініміз өкінішті...

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да – басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», – дейді. Әл-Фарабидің осы философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші» қара сөзінде өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып:

– Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім. Бірақ билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: жақсылық айтқанына жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқанына ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе

жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет, – депті. Осы үшеуің бір кісідей менің айтқанымдай табысқандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – деген екен. Жүрек, қайрат, ақылдың басын қосқан тұлға – Тұрсынбек Кәкішұлы. Оның жүрегі кең. Ұстаз жүрегі алдымен қазақ, сосын ғылым деп соқты. Адалдықты арына серік еткен ұстаз күш-қайратын ұлт үшін жұмсады, даналықтың дәнін екті. Ал адам үшін бұдан асқан арман, мақсат болмайды. Ғұмырын жұртымен, тағдырын ғылыммен тоғыстырған Тұрсынбек ағайдың жарқын бейнесі есте сақталары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы (оқу құралы). – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
2. Кәкішев Т. Садақ: Эссе. – Алматы: Жалын, 1986. – 264 б.
3. Кәкішев Т. «Ғалияда» оқыған қазақтар // www.abai.kz. 21 ақпан, 2010./ <https://abai.kz/post/3095>
4. Ермағамбетов Е. Башқұрттар да Мағжанды мақтан етеді // Егемен Қазақстан газеті, 5 маусым, 2017.

Меруерт КӨПБАЕВА,

филология ғылымдарының докторы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессоры

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ ҒАЛЫМДЫҚ ҰСТАНЫМЫ

Үнемі даму мен ілгерілеуден тұратын уақыт заңдылықтары сияқты, сөз өнері де өсу, жетілу мен өркендеудің жанды процестерінен тұрады. Уақыт қозғалысы адам санасында көрініс берсе, әдебиет те адам мен тіршілік заңдылықтарына сөз жоқ, сүйенеді. ХХ ғасырдағы қазақ сөз өнерінің өсу, өркендеу жолына назар салсақ, оның қазіргідей көркемдік биігіне көтерілуіне небір хас таланттар атсалысқанын көреміз. Әр талант өзінің хал-қадірінше ұлттық әдебиетіміздің жанрлық түрленуіне, көркемдік таным мен талғамының өркендей түсуіне аянбай үлес қосты. Солақайлығы басым идеология мен тым саясатшыл цензура шын таланттардың қаламын қақпайлағанымен олардың жігерін жасыта алмады. Ұлтын сүйген ардақтылар «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» әдебиеттің өзіне, халқына деген айтарын талғампаздықпен сыйдыра білді. Көзге көрінбес рухани күрестің нәтижесінде ұлттың болмысы мен мәртебесін паш еткен суреткерлер алып қараңғылықтағы ақтылы шырағандай шығармалар жазып, оны халқының сансыраған санасын сәулелендірер асыл қазынаға айналдырды.

Халық өмірі мен уақыт тынысын, заман шындығы мен қоғам дамуын жан-жақты талдап, ұлттық әдебиеттанудың қайшылықтарын зерттеп, шешімін дұрыс табуына ерекше еңбек еткен Тұрсынбек Кәкішұлы – Қазақстан тәуелсіздігі тұғырының берік болуына қаламымен де, қайратымен де атсалысқан танымал тұлғалардың бірі.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық жоғары мектептер ғылым академиясының (Қазақстан бөлімі) Құрметті академигі, Еларалық қоғамдық Айтматов академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағының Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚазМУ-дің құрметті кафедра меңгерушісі, жазушы-ғалым Т. Кәкішұлының өмірі өнегесімен құнды.

«Жеке жазушы туралы айту, – дейді М. Шолохов, – бұл әдебиет туралы айту деген сөз, себебі біздің бәріміз көркем ой мұрасы жөнінен де, әдеби дәстүр жөнінен де бір-бірімізбен байланыстымыз. Біз, жазушылар, жеке бір буындардан құралатын тұтас бір тізбек тәріздіміз» [1. 148]. Шын мәнінде де, уақыттың өзі осының ақиқаттығын дәлелдеп, өзара әдеби байланыс сырына зерттеушісін бастап отырады, зерделеу ауқымын тарылтпай, оның өрісіне де әсер етеді, басқаша реңк береді. Жеке шығармашылық қайраткерлерінің туындыларын талдау

барысында оның өткен өмір жолы, дүниетанымдық көзқарасы, диалектикалық түсінігі сол заманның болмыс шындығымен қатар алынып, талданса, құндылығы мен маңызы арта түспек. Мәселеге осы көзқарас тұрғысынан келер болсақ, Т. Кәкішұлының шығармашылық ғұмырбаяны жазушылық талант пен ғалымдық ұстанымның генезистік эволюциясына тереңнен бойлауды қажет етеді. Бала күнінен ақындық, жазушылық өнерге құмартып өскен жанның тұмса табиғаттың баурында ержетуі биік арманға деген ұмтылысын демей түсті. Заманында талай жастың қол жетпес арманына айналған, талай талантты талпындырған «Альма матер» Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірген Т. Кәкішұлының ұзақ жылдарға созылған шығармашылығы сан сала.

Талантты ғалым Т. Кәкішұлы «Мағжан – Сәкен», «Сәкен өткелдері», «Мерей» (2 том), «Сандалтқан садақ», «Сәкен аялаған арулар», «Дәуір дауылпазы», «Толғам», «Сәбит Мұқанов» сынды монографиялары арқылы зерттеушілік дарын ерекшелігін, ғалымдық биік асуын одан әрі таныта түсті.

Т.Кәкішұлы өзінің ғылыми жолының алғашқы баспалдақтарында-ақ, ел есінен шығып, ұмытыла бастаған тұлғалар шығармашылығына назар аударды. Оларды жан-жақты зерттеді. Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар Жиенғали Тілепбергенов, Елжас Бекенов сынды дарындар жайында Т.Кәкішұлы арнайы мақала жазып қана қоймай, олардың еңбектерін жинау, жариялау ісімен шұғылданады. 1957 жылы Саттар Ерубаевтың мұраларын түгелге жақын жинап, жеке кітап етіп шығарды. Оны толықтырып 1979 жылы екінші, 1994 жылы үшінші рет жариялады. 1959 жылы Сабыр Шәріповтің екі томдығын Қ.Жармағамбетовпен бірлесіп шығарса, С.Шәріповтің 100 жылдығына орай 1982 жылы екінші рет жариялады.

1969 жылы Жиенғали Тілепбергеновтің «Ізбасар» атты таңдамалы жинағын шығарса, Елжас Бекеновтің «Дала қоңырауына» алғы сөз жазды. Өмірден озған қаламгерлердің шығармаларын ескі газет-журналдардан, архивтерден тауып, әдеби айналымға қосу ғалымның қазақ қоғамдық санасына қосқан үлкен үлесі болып табылады. Ғалым зерттеулері әмәнда практикалық қажеттікпен астарласып жатады.

1960 жылдан бастап сәкентануға түгелдей бет бұрып, кеңес әдебиеті классигінің алты томдығын шығаруға белсене қатысып, оның 4, 5, 6-томдарын құрастырды. Бұл түбегейлі ізденіс ХХІ ғасырда да жалғасын тапты. Ғалым ұзақ жылғы ізденістің нәтижесінде «Қазығұрт» баспасынан С.Сейфуллиннің 12 томдығын шығарды.

Профессор Т.Кәкішұлы қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы ғылыми-әлеуметтік мәні зор барша іске белсене араласты. 1965-67 жылдары «Қазақ әдебиеті тарихының» ІІІ томының І және ІІ кітаптарына арнаулы тараулар мен бөлімдерді жазды. Екінші кітаптың жауапты редакторының бірі болды. Е.Ысмайылов, М.Дүйсенов – үшеуі бірігіп КСРО Ғылым академиясының М.Горький атындағы дүниежүзілік әдебиет институты шығарған «Көпұлтты совет әдебиетінің» (1970) алты томдық тарихының І томына қазақ әдебиеті туралы арнайы тарау жазды. Т.Кәкішұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы шығарған «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты 2 томдық басылымның жалпы редакторы болды.

Т.Кәкішұлы әдебиет тарихын зерттеумен қатар, бүгінгі әдеби үрдіске жіті араласып келеді. Бұл ойлылығымен, өткірлігімен көзге түсетін сын мақалалар жазумен ғана шектелмеді. Өзекті мәселелерге арналған арнайы мақалалар кейіннен бүгінгі күндегі әдебиеттің көкейкесті мәселесін арқау еткен ғылыми-зерттеу жинақтарына айналып, әдебиеттің келелі мәселелерін көтерген құнды еңбектер болып табылуда.

Т.Кәкішұлының қоғамдық орта жоғары бағалаған алғашқы ғылыми-зерттеу және әдеби сын мақалалары «Дәуір суреттері» атты этюд түрінде 1967 жылы жарық көреді. Мұндағы дала дауылпаздары С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Б.Майлин, С.Шәріпов, Ж.Тілепбергенов, Е.Бекенов, С.Ерубаев т.б. жайындағы толғамды ойлар уақыт тезінің сынынан сүрінбей өткен дүниелер еді.

Сол жылы ғалымның Сәкен Сейфуллин туралы ұзақ жылғы ізденістерінің жемісі ақиық ақын туралы тұңғыш кітабы «Сәкен Сейфуллин» деген атпен жарық көрді. Сәкентану бұдан соң қанатын кеңге жайды.

1968 жылы тарихи-архивтік деректер негізінде жазылған «Қызыл сұңқар» атты тарихи-әдеби очеркі басылып шықты. Оның қазақ әдебиеттану ғылымындағы үлкен табыс, зор дүние екендігі жаңалық сипаты бар талай мақала, рецензияларда атап айтылды. Автор өз еңбегін одақ көлеміндегі оқушы қауымға жеткізу үшін толықтыра өзгертіп, Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасының «Тамаша адамдар өмірі» сериясынан 1972 жылы орыс тілінде шығарады. Бұл республикадағы үлкен әдеби құбылыс ретінде бағаланды.

Т.Кәкішұлының ғалымдық-шығармашылық болмыс ерекшелігі әдеби-тарихи тың салаларды нақты деректер негізінде зерттеулерден көрініс табады. Сондықтан ғалым-ұстаз қаламынан туған дүниелерге зиялы қауым да, ізденімпаз шәкірттер де, жалпы әдебиет сүйер жұртшылық та үнемі қызығушылық танытып отырады.

Соның нақты бір дәлелі – «Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу жолдары» атты 1971 жылы қорғаған докторлық диссертациясы. Ондаған жылдар бойы тірнектеп жинаған бай мұрағаттық материалдар негізінде зерттеген үлкен еңбегі арқылы ғалым қазақ әдебиет сынының Қазан төңкерісіне дейін туғандығын, Ұлы Отан соғысына дейін жанрлық жағынан әбден қалыптасып, оңаша отау тіккендігін ғылыми тұрғыдан жүйелі дәлелдеп, әдебиеттану ғылымының тың парақтарын ашты. Осынау ұлан-ғайыр еңбектің алғашқы бөлімі 1971 жылы «Сын сапары» атты монография болып жарияланды. Екінші бөлімі «Оңаша отау» деген атпен 1982 жылы басылып шықты. Ғалым-ұстаздың қазақ әдебиеті сыны саласындағы еңбегі қазір республиканың жоғары оқу орындарының негізгі оқулығына айналып отыр. Жаңа сипаттағы «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» пәнінің алғашқы бағдарламасын ұстаз 1982 жылы жасап, 1994 жылы 25 баспа табақ көлеміндегі оқулығын шығарды. Бұл оқулық 2003 жылы «Ғылым» баспасынан қайтадан басылды.

Қазақ кеңес әдебиетінің 20-жылдарын түбегейлі зерттеген, қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаған Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық-әлеуметтік өмірбаянын жасаған профессор Т.Кәкішұлы қазақ әдебиеті сынының тарихы саласындағы еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған зор үлес болуымен қатар, осы саладағы өзіндік ғылыми мектепті қалыптастырды. Соңғы кезде «Мағжан – Сәкен», «Сәкен өткелдері», «Мерей» (2 том), «Сандалтқан садақ», «Сәкен аялаған арулар», «Дәуір дауылпазы», «Толғам», «Сәбит Мұқанов» сынды монографиялары арқылы зерттеушілік дарын ерекшелігін, ғалымдық биік асуын одан әрі таныта түсуде.

Қаламның қасиетіне барынша адал болуды көздеген ғалым Т.Кәкішұлының сәкентануға сіңірген еңбегі зор болды. Әсіресе ақын-жазушының «Тар жол, тайғақ кешу» романына қатысты айтылған сындарға, мәселелерге келгенде ғалым нақты, тұжырымды концепцияларды ұсынып отырды. С.Сейфуллин шығармашылығын зерттеудің ғылыми методологиялық негізін қалаған Тұрсынбек Кәкішұлы проблемалы мәселелерді еңбектерінде жан-жақты талдады. Дауылпаз суреткердің шығармашылық ғұмырбаянынан он екі томдықты құрастырған Т.Кәкішев жаңа жинаққа енген «Тар жол, тайғақ кешу» романын алғаш рет 1927 жылғы басылымымен берген. Мұның себебін ғалым былайша нақтылайды: «Оның не ерекшелігі бар: мынау байшыл, ұлтшыл, алашордашылар дегенді құртуға, тұқыртуға үгіттеген адам Сәкен болып отырған сияқты боп көрінеді ғой қазір сендерге. Ал «Тар жол, тайғақ кешудің» 1927 жылғы жарияланған нұсқасында мұндай сөздер жоқтың қасы. Келесі жарияланған нұсқаларда қызыл цензура, лито білгенін істеп, тізеге басып, Сәкеннің аузына күлдібадам әшкерелегіш сөздерді салып жіберген тәрізді...».

Бүгінгі күнге дейін С.Сейфуллин мен Алашорда азаматтарының арасындағы қарым-қатынасқа байланысты түрлі пікірлер айтылып келді. Тарихтан белгілі болғандай С.Сейфуллин мен Алашордашылардың қазақ ұлтының мәселесіне келгенде ұстанымдары бір болды яғни ол – ұлттың азаттығы, тәуелсіздігі. Ал азаттық пен тәуелсіздікке жетудегі бағыттарында айырмашылық – Алаш қайраткерлері демократиялық ағартушылық бағытты, С.Сейфуллин ағартушы революциялық бағытты ұстанды. Т.Кәкішевтің жоғарыда айтылған тың ғылыми концепциясының негізі тоқсаныншы жылдары жазылған К.Ахметованың «Сәкен және Алаш азаматтары» мақаласына тікелей қатысты болып табылады. Ғалымдықта азаматтық позицияға берік Т.Кәкішұлы К.Ахметованың мақаласы жарық көргенге дейін «Тар

жол, тайғақ кешудің» 1936 жылғы нұсқамен зерттегендерін айтады «Бұлай етіп отырғанымыз, мынау Күләш Сәкеннің сол жиырма жетінші жылғысын зерттеп, сондағы алшақтықтардың бәрін ашып, тіпті «Сәкен және Алаш азаматтары» деп Сәкеннің жүз жылдығында мақала жазып, С.Қирабаев, М.Базарбаев, Р.Нұрғалиев, сосын мені, барлығымызды сынап өткені бар. Бұлар 1936 жылғымен ғана сөз сөйлеп келе жатыр деп. Шындығына келгенде, Сәкеннің мынадай-мынадай ағаларына айтқан сөздері бар деп, нақты дәйектермен сөйлеген» [2. 224] дейді.

Қазіргі таңда белгілі ғалым, сәкентанудың жаңа ғылыми негізін қалаушылардың бірі Ахмет Күләш Садыққызының ғылымның есігін ашар сәттегі мақаласының құндылығы сол: танымал ғалымдардың өзі елеп-ескермей кеткен тұстарға дәйекті интерпритация жасауында еді. К.Ахметтің көлемді мақала да көсіле айтылған тың ойлары, құнды ғылыми пікірлері, тереңнен талданған деректері С.Сейфуллин мен алашшылар арасындағы тарихи жағыдайдың ақиқатын ашып берді. Кейіннен ғылымға түпкілікті бет бұрған кезде Күләш Ахметтің негізгі зерттеу объектісі де «Тар жол, тайғақ кешу» романындағы тарихи шындық және көркемдік шешім болды.

Ғұлама ғалым Т.Кәкішұлының алғашқы ғылыми сапарынан-ақ қазақ әдебиеті тарихының тың да соны жақтарын зерттеуге бағыт алған қайта құру кезеңінде, әсіресе өтпелі дәуір тұсында азаматтық тұлғасы айқындала түсті. Ғалымның 1988 жылы «Қағидаға айналған қателерді түзетейік» атты көсемсөзі «Алаштың ақиқатын ашып айтайыққа» ұласып, 1992 жылы ұлттық намысқа шырақ жаққан «Санадағы жаралар», 2004 жылы «Толғам» атты кітаптары жарыққа шығып, ел-жұрты алдындағы абыройын арттыра түсті. Ғалым-қайраткердің радио-теледидардан айтқан жалынды сөздерін, конференциялардағы ащы да, өткір ойларын қазақ зиялылары, жалпы қазақ жұртшылығы жылы қабылдайды. Әсіресе қазақ тілінің тағдыры жайындағы күрестің бел ортасында жүргені – Т.Кәкішұлының ғалымдық келбетін азаматтық тұлғасын қажымас қайраткерлігін таныта түскені шындық.

Қорыта келе, айтарымыз бұл оңайлықпен орындалар іс емес, қажымас қайрат, мұқалмас жігер, ерен еңбек, ғаламат қайсарлық қажет-ақ. Бұл қасиеттер Тұрсынбек Кәкішұлының бойынан табылды. Соның нәтижесінде Тұрсынбек Кәкішұлы қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ғылыми жүйесінің негізін қалаған, сол дәуір ақын-жазушыларының азды-көпті дүниесін түгел түгендеген, сөйтіп кезең, әдебиетінің тарихын жасаушы аса көрнекті ғұлама ғалым ретінде рухани әдебиетімізден мәңгілік орын алды.

Әдебиеттер:

1. Шолохов М. Собр. соч. В 9-ти томах. – М.: Худ. литература, 1965. – Т. 7. – 289 с.
2. Кәкішов Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Астана: «Фолиант», 2013.-399 б.
3. Кәкішов Т. Замана жаршысы //Сәбит Мұқанов және қазақ әдебиеті: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2000.-322 б

Ботагөз УАТҚАН,
*Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері*

ҰСТАЗЫМ ТҰРСЫНБЕКТІҢ ҚЫЗЫМЫН

Менің бабам, Моңғолия қазақтарының халық ақыны, он қолынан өнер тамған шебер әрі құсбегі Қабан Тауданбек «махаббат жолымен» сонау 1860 жылдардың аяғында Омар болыстың ұлына ұзатылғалы отырған Торғын атты апамызды алып қашыпты. Арттарынан қуғыншы келгенде ШҚО-дағы Бұқырма өзеніне екі жорға атпен түсіп кетіп, Моңғолия жеріндегі атақты Сүкірбай үкірдайының он алтыншы отауы болып, қоныстанып қалған екен. Дәуітбай, Сауытбай атты екі ұлы, Ардатай, Сәуетай атты екі қызы болған. Сталиндік зұлмат

жылдары Моңғолияда ең алдымен «Қазақстаннан келген» деп Дәуітбай атамызды ұлы Бұйдаханмен бірге атқан.

Дәуітбай атам бірнеше тіл білген, күйші, құсбегі әрі пысық адам болыпты. Ол – алғашқы коминтерн өкілі Тұрар Рысқұловқа тілмаш болған қоғам қайраткері.

Тауданбек атамыздан тараған ұрпақтары атажұртын үнемі еске алып, кейінгі біздердің құлағымызға «атамекендерің – Қазақстан» деп құйып отыратын. Менің әкем Уатқан да өте ұлтжанды адам болды. Содан да болар, біз патриоттық тәлім-тәрбиемен өстік, Қазақстанға келу арман еді.

Арман орындалады деген рас екен. Баян-Өлгий аймағының орталығы Өлгий қаласындағы қазақ және моңғол орта мектептерін 1973 жылы бітіріп, Алматыға оқуға келу бақытына Мұрат Пұшатай, Хибадет Дәрел, Күнішай Рістем, Аралхан Көкен, Дәметкен Тоқтарбай және мен ие болдым.

Ұланбатыр – Иркутск – Алматы пойызына отырып, қыркүйек айының бірінші жұлдызында Алматыға жеттік. Түсе сала таксиге отырып С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ғимаратына келгенімізде, университет ректоры Жолдасбеков Өмірбек Арысланұлы қабылдады. Танысып, ел жұрттың амандығын сұрады. Моңғолиядағы қазақтардың жағдайымен танысты. Кездесу соңында кафедра меңгерушісі Мырзатай Жолдасбеков пен Құныпия Алпысбаев ағаларды бізге жауапты етіп тағайындады. Құныпия ағамыз бізді жатақханаға орналастырып, асхана, моншаның қайда екенін көрсетті. Жатақханада бізден басқа адам жоқ, сөйтсек, студенттер күзгі егін жинауға кетіпті. Алматыға келгенімізге де жиырма шақты күн асып кетіпті, біраз зерігіп қалдық. Бір күні Мырзатай аға «Сендерді студенттер жұмыс істеп жатқан жерге апаратын болдық, дайындалыңдар» деп кетті. Қуанышымызда шек жоқ. Бұрынғы Талдықорған облысы Шелек ауданы Тескенсу елді мекеніне екі сағат жол жүріп жеттік.

Бізді филология факультетінің қазақ бөліміне оқуға түскен студенттер күтіп отыр екен. Таныстық. Олар бүгінгі күні елге танымал азаматтар – ақын Әділғазы Қайырбек, журналист Өмірхан Меңдеке, жазушы Тілеухан Жұмахан, ілеспе аудармашы Камал Әлпейісова, университет ұстаздары Гүлнар Уайсова, Әбдірова Гүлзия, Гүлбаршын Жұмағұлова, Бикамал Тоқтағұлова, Манасбай Қожан, Салтанат Ізтілеуова т.т.

Достарымызбен тез тіл табысып кеттік. Олар бізден Моңғолияға қалай, қашан кеткенімізді, сол жақтағы өмірімізді көп қызықтайтын. Жас едік, мардымды жауап бере алмадық. Тескенсуда темекі, қарбыз, қызанақ теріп, күндеріміз қызықты өтіп жатты. Сөйтіп жүргенде тағы да жиырма шақты күніміз зымырап өте шықты. Жұмыс бітіп, Алматыға қайттық.

Бізге М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сынды ғұлама ғалымдардың алдын көрген қазақтың марқасқа ұстаздары дәріс беретінін білдік. Олар: филология ғылымдарының докторлары, профессор Тұрсынбек Кәкішев, Кәкен Аханов, Ханғали Сүйіншәлиев, Зейнолла Қабдолов, Мәулен Балақаев, Ыбырайым Маманов, Мырзатай Серғалиев, кейінгі буын өкілдері – Рымғали Нұрғали, Сағатхан Әшімбаев, Әбсаттар Дербісәлиев, Хасан Каримов, Ажар және Қуаныш Балтағұловалар т.т. Атақты академик, ғалым ағаларымызбен апайлардан дәріс алғанымды мақтан етемін. Түрсекең – бес жыл қазақ әдебиетінен лекция оқып, дәріс берген ұстазым. Екі сөзінің бірінде алаштың арысы Сәкен Сейфуллинді айтатын.

Ұстаздарымыздың бәрі керемет еді. Лекцияларынан қалмайтынбыз. Шетінен доктор, профессор, академиктер. Осы кісілерден дәріс алған да, алмаған да арманда. 1973-1978 жылдар аралығындағы студенттік өміріміз естен кетпестей өте қызықты да думанды өтті.

Жұпар жұтып, жасыл бақты жай жүріп,
Біз өмірде көрген жоқпыз қайғырып,
Қас қарайса, шақырады біздерді,
Ақ қайыңның ар жағынан ай күліп...

– деп жырлағандай, уайым қайғысы жоқ, күнде ойын, күнде той дегендей жастық дәуреніміз шаттықта өтіпті.

Мен алғаш 1991 жылы Моңғолиядан атажұртқа көш бастап келгендердің бірі едім, кейін «Дүниежүзі қзвқтары қауымдастығы» РҚБ-не (бұдан былай – Қауымдастық) қызметке орналастым. Биыл Қауымдастық құрылғанына 30 жыл толып отыр. Мен осы ұжымда ширек ғасырға жуық еңбек еттім. Қауымдастықта жүргенде талай жайсаң жандармен танысып, көптеген шараларды ұйымдастыруға ұйтқы болдым. Сол жандардың бірі әрі бірегейі – өзімнің ұстазым болған Тұрсынбек Кәкішев (бұдан былай Тұрсекең).

Тұрсекең ағамен көштің алғашқы жылдары кездесудің сәті түспеді. Сол уақытта көшіп келген ағайындардың проблемалары шаш етектен. Жұмыс барысында олардың мәселелерін шешуге, тиісті орындарға хат жазуға, көші қон мәселесіне көп көңіл бөліп, университеттегі ұстаздарымды іздеп баруға мүмкіндігім жоқ болатын десем, артық айтқандық емес. Іздеп бармағаныма өкіндім, әрине. Бірақ сол қателігімді кейін түзеттім деуге болады.

Тұрсекең шетелден келген көптеген ағайындарға қамқоршы болып, қолынан келген көмегін аямағанын естіп біліп жүрсем де, алақан жайып проблемаларымызды шешіп беріңіз деп айтуға ұялатын едім. Кейін Қауымдастықтың жұмыстарымен жиі араласатын болдым. Біздің ұйымдастырған барлық іс-шараларымызға ұстазым белсене атсалысып, қолдап-қоштаумен келді. Шетелдегі қазақ диаспорасының мәселелері бойынша өткізілген халықаралық конференция, республикалық семинар, дөңгелек үстел, симпозиумдарда талай рет сөз сөйлеп, баяндама жасағанда залдағы тыңдарман тынышталып, тындап отырған халықтың айызы бір қанушы еді. Өткір сөйлеп, қазақ диаспорасының көкейіндегі шерді дөп басатын. Шешен еді. Бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалары жарияланып, тиісті ведомстволардағы басшылыққа жететін де айтқан ой, пікірлерімен олар әркез санасатын.

«Осы шараны ұйымдастырып отырғандардың бірі – менің шәкіртім Ботагөз», – деп талай рет төбемді көкке жеткізіп, мәртебемді асырып еді. Мені көргенде «қызым» деп еркелетіп шақыратын. «Қызым» дегенді естігенде, өзінің рулас бауыры, менің күйеуім Досан «Ботагөз сізге келін ғой, Аға» дейтін. Сонда Тұрсекең Досанға «Ботагөзді келін дей алмаймын, менің қызым болып қала бермек» дегенін еш уақытта ұмытпаймын. Тұрсекең асыл да ардақты азаматтардың бірі-тін. Көңілі даладай кең, ақжарқын еді. Сондықтан да Ағамыздың 80 жылдық мерейтойын әлем қазақтарының бетке ұстар қаймақтары алыс-жақыннан келіп құттықтады. Той Қауымдастықтың 20 жылдық тойымен дөп келген болатын. Биыл бар болса 95 жасын тойлар едік, амал қанша...

Тұрсекеңнің жұбайы белгілі ғалым, профессор Күләш апаймен танысып, үйінен дәм татып, араласып кеттік. Күләш апайымыз – білікті де білімді, сөзге шешен, бойы да, ойы да бар, бір сырлы, сегіз қырлының өзі. Екеуі әдемі жұп еді.

Тұрсекең – менің құрбым Қибадеттің диплом жетекшісі, ал, менің жетекшім Рымғали Нұрғали болатын. Екеуі де біздің жұмыстарымызды «өте жақсы» деп жоғары бағалаған-ды. Университетте оқып жүргенімізде Тұрсекең біздің курстас жігіттерге «Мына Қибадет пен Ботагөзді алып қалындар» деп тапсырады екен. Кейін Моңғолиядан Қазақстанға қайтып келгенде естіп, күліп алдық. Марқұмдардың жатқан жерлері жаннат, топырақтары торқа болсын! Ұстазым әрқашан біздің есімізде!

Қазақстан тәуелсіздігінің арқасында елге ел қосылып, шетте жүрген қандастар атажұртта қайта табысып қауышқан бақытты күндерді бастан өткізіп жатырмыз. Лайым, Тәуелсіздігіміз баянды болсын!

Т. КӘКІШҰЛЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫРЫ

Әдебиет – ардың ісі. Әдебиетке адал қызмет етемін деген адамның бойынан қаншама адамзаттық құндылықтарды көруге болады. Құндылыққа бай адамның мінезінен әділдікті жақтаушы, ақиқатты ту қылған деген әсерлі бейнелер мен сұлу тіркестер шашырап жатады. Ғалымның, ұстаздың бойынан тек жақсылық пен ізгі қасиеттер көрген шәкірттері қашан да елге қалтқысыз қызмет етеді. Ұстаздың азаматтық ұстанымы, көзқарасы, мінез-құлқы, біреуге көрсеткен қамқорлығы оның тұлғалық бейнесін қалыптастырса, одан тәлім алған шәкірттердің білгірлігі күллі халыққа шуақтай тарап жататыны сөзсіз. Сөзіміздің дәлелі болатын нар тұлғалы азаматтар қазақ халқында жетерлік. Қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымына өлшеусіз үлес қосқан шығармашыл тұлға Тұрсынбек Кәкішұлының ұстанымы, сыни ойлауы, әділдігі мен іскерлігі көпке үлгі, баршаға өнеге.

Қазақ әдебиеті үшін табысты уақыт ХХ ғасырдың екінші ширегі болатын. Алып ақындар мен ғаламат жазушылардың әдебиет биігіне шыққан сәті еді. Дегенмен, өзге елдің боданы болған елдің еңсесін тіктеу оңайға түскен жоқ. Тіл үшін күрес, әдебиет үшін тартыс, болашақ үшін айқас осы сәттерде басталды. Ұлттың рухын өшіру үшін оның зиялыларын айтқызбай, шығармаларын өртеп, кітаптарын жоғалта бастағанда әйгілі Алашордашыларды жадынан өшірмей, жүрек түкперіне сақтап келген Тұрсынбек Кәкішұлының осы бір ең қауіпті әрекеті қазақ руханияты үшін басын бәйгеге тігерлік іс еді. Әдебиеттегі цензура, ақиқатты ашық айту, сөз сөйлеудің өзі қауіпті кезеңде «халық жауы» деп танылған ұлыларды шәкірттеріне айтып, ертеңге қалсын деген ниетінен таймаған тұлғаның бұл батырлығын ештеңемен өлшей алмаймыз. Әлбетте біз Тұрсынбек ғалымның азаматтық ұстанымы мен тұлғалық қырын айналасында жүрген үзеңгілес достары мен тәлімін алған шәкірт естеліктерінен мол ақпар аламыз. Естеліктерде шәкірттері ұстаздың қандай ғаламат тұлға болғанын баяндап, оның ақкөңілін, жақсылығын, ағалық қамқорлығын, бауырмалдығын, алғырлығы мен жарқын бейнесін ыстық сағынышпен еске алып жазады. «Ғалымның ішкі әлемі, қиялы, ұстаздығы мен азаматтығы бәрі бір-бірімен тұтасып кеткен құндылықтар еді» деп жазады шәкірті Өмірхан Әбдиманұлы. Өмірхан: «Ол – ұрпақ рухының ғасырдан ғасырға жалғасар ту ұстаушысы, ар мен азаматтықтың тат шалмас асылы. Адамдықтың биік тұғыры. Келер ұрпақ өмірін білім жарығымен нұрландырған, қараңғылықтан жарыққа жөн сілтер бағдар шам. Ендеше, Шәкіртке жаны жайсаң, ары таза, азаматтық болмысы биік ұстаздан артық жан бар ма?!» [1,3 б.]– деп Тұрсынбек Кәкішұлының шынайы болмысын кестелі сөзбен жеткізеді.

Тұрсынбек Кәкішұлын болмыс бейнесінің үш тағаны: азаматтық, ғалымдық, ұстаздық атты ұлы қасиеттері. Оның күрескерлігі туралы толғанатын болсақ, біз көптеген мәліметтер мен дәлелдер келтірер едік. Мысалы, шығармашылығын оқып, зерттеу былай тұрсын, сол кезеңде атын атауға болмайтын қазақтың даңқты ақыны Сәкен Сейфуллинді зерттеуінің өзі мәдениет пен руханияты қорғау жолындағы ең ұлы парасат майданына аттанғанын аңғарамыз. Ғалымның ізденісінің өзі оның келбетін, шынайылығын, іскерлігі мен батылдығын, жүректілігін айқын көрсетеді. Сәкен ақынмен рухтас болғаны, сырлас болғаны ғалымның ішкі әлеміндегі тазалықты, мәрттікті, жомарттықты байқатады. Тұрсынбек ғалымның Сәкенді зерттеуі өзі үшін дей аламыз ба? Әрине, жоқ! Кім де болса өзі үшін ешқашан мұндай қауіпті және мұндай азапты ауыр жолды таңдамас еді. Сәкенді зерттеу, ол туралы мәліметтер қалдыру, поэмалары мен шығармашылығына құрметпеу қарау бұл ұлт үшін, әдебиет үшін жасалған батыл күрескерлік еді. Тұрсынбек Кәкішұлының ең алапат тағы бір тұлғасы – осы күрескерлік пен ұлт үшін еңбек етуі. Бұл – нағыз қайраткерлік, бұл нағыз болмыстың көрінісі. «Қызыл сұңқар», «Өнегелі өмір», «Сәкен және Гүлбаһрам», «Сәкеннің

соты», «Сәкен Сейфуллин», «Маған және Сәкен», «Сәкен аялаған арулар» еңбектері мен туындылары ғалымның ақиқат пен тазалықты сүйген мәрт тұлға екенін айғақтайды.

Ұстаздықты да ізденіспен қатар алып жүрген азамат ісі мен сөзі әр кезде үйлесуі, әрекеті айтқанына сай болғаны оның ең басты ұстанымы болған. Тұрсынбек Кәкішұлы шәкірттеріне ағалық қамқорлық пен ұстаздық ілтифат көрсетіп, оларды қашан да қолдап, қолпаштап отырған. Қазақтың талантты ақыны Нұрлан Оразалин оқуға түскен жылы оның өлеңдеріне ең алғаш болып баға беріп, сыни көзқарасын айтқан ұстазы Тұрсынбек Кәкішұлы, оны жеке шақырып өлеңдерін талдап, алаш арыстарының жырларымен үндестігі барын аңғарған. Кейін ұстаз шәкіртінің қуанышына ортақтасып қолдау білдірсе, қиын сәттерде жанынан табылып мейірімін танытқан. Нұрлан Оразалин ұстазы туралы: «Тұрсекең табанды ғалым, тағылымды ұстаздықпен қоса, ұлт тұтастығы мен ұрпақ ойының қанаттанып бекуіне айырықша үлес қосқан жаны таза, жаратылысы бөлек қарымды қайраткер, текті тұлға болатын. Ол жалған сөйлеп, жағымпаздандуды білмейтін. Әсіресе, ұлт тағдыры мен ұлт руханияты сөз болған тұста тартынбай сөзге араласатын, ойы мен пікірін ашық білдіріп, «бетің бар, жүзің бар» демей, айтарын да тура айтатын. «Аузын ашса, жүрегі көрінетін» осы бір адал, аңғал қалып, тегеурінді тұлғаларға тән батырлық мінез аяулы аға, ардақты ұстазды әркез ел махаббатына бөлеп келіп еді» [2, 2 б.] деп оның даралығы мен қайраткерлігін, азаматтық қыры мен жақсылығын дөп басып айтады.

Есті адамдар жазған естеліктер ешқашан өшпейді. Тұрсынбек Кәкішұлы – қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан қарымды қаламгер, қырағы сыншы. Адамды тұлғаға айналдыратын – оның уәдесі мен ұстанымдары. Қай кезде де турашыл болса, ақиқатты жақтаса, шындық жағында болса, адам өмірінде біраз қиындық көргенімен, кейін осы істері оны ұлы тұлғаға айналдырады. Адамгершілік қағидаларға сүйенген жанның жүрегі таза, кеудесі қазына, сөзі асыл, болмысы парасатқа толы болады. Біз естеліктерді зерттей келе азамат Тұрсынбек, ғалым және ұстаз Тұрсынбектің ұстанымдары мен көзқарастарына зер салсақ, оның дара келбеті мен шалқар шабытын, қарапайымдылығын көреміз.

«Санадағы жаралар», «Кер заманның кереғар ойлары», «Жол үстінде 80 күн», «Садақ», «Жасампаз өлке» атты сапарнамалық кітаптарынан Тұрсынбек Кәкішұлының білім көкжиегінің кеңдігімен қоса оның асқан дарынын паш еткенін көреміз. Адам мен адам арасындағы, қоғам мен адам арасындағы қатынастар күрделеніп, күллі әлем нарықтық заманға бет бұрған шақта шәкірттеріне алтын қазынадай барын берген ұстаз Тұрсынбек Кәкішұлы қазақ еліне өзі секілді нар тұлғалы азаматтарды сыйлап кетті. Олардың қатарында Сағат Әшімбаев, Жаңғара Дәдебаев, Құлбек Ергөбеков, Өмірхан Әбдиманұлы, Бауыржан Жақып, Серік Негимов тағы басқа мүйізі қарағайдай ғалымдар мен ақын-жазушылар бар. Ғалым Сейіт Қасқабасов: «...Бұл шоғырдың ішінде З.Ахметов, М.Базарбаев, З.Қабдолов, А.Нұрқатов, С.Қирабаев, Р.Бердібаев сияқты белгілі азаматтар жүретін. Солардың ортасында бүгін арамыздан бақилыққа аттанған Тұрсынбек Кәкішев те бар болатын. Қазіргі әдебиеттану ғылымының дамып-өркендеуіне осы топ өлшеусіз еңбек сіңірді» [2, 4 б.] деп ғалымды шоқтығы биік, шығармашылығы алпауыт тұлғалардың ішіндегі қара нары, дарабозы ретінде айтады. Ал ғалымның шәкірті Мағрипа Шөжеғұлқызы ұстазы турасында оның шыншылдық қасиетін ерекше атап көрсетеді: «Шындыққа өмір бойы қызмет ету кез келгеннің қолынан келмейді. Ауыр соқпақ, бұраланды кездерде шындықтан қалай тайқып шыққаныңды өзің де байқамайтын сәттер болады. Жаңа заманға сай толқынның ырғағында тербелген қазіргі қалың қазақ арасында биіктікке ешкім жете алмастай шынар бойлы, зор тұлғалы қайраткерлер де бар. Солардың бәрінен де биік бойлысы, терең ойлы, берік танымдысы, шынайы түрдегі қазақ тағылымдысы Тұрсынбек Кәкішев ағай еді» [2, 6 б.].

Әйгілі жазушы Әбіш Кекілбаев Тұрсынбек Кәкішұлы жайлы толғанғанда ең бірінші оның ұстаздығына арнап «Талантына тағзым, тәрбиесіне тәлім» атты эссесін жазады. Нұлан Оразалин «Ұлт намысын пір тұтқан» деп оның ұлтжандылығын, бірбеткейлігін, даралығын ерекше атап көрсетсе, Ғалымқайыр Мұтанов «Асыл азамат, ардақты ұстаз» деп Тұрсынбек Кәкішұлының азаматтығы мен шәкірт тәрбиелеудегі мейірбандығын мақтанышпен айтады. Ғалымның жан дүниесі жайында, қайраткерлігі мен қайсарлығы турасында жазылған естелік-

эсселер мен мақалалардың тақырыптары бізге ғалымның бар болмысын паш етеді. Мысалы, «Әдебиеттанудың еңбекторысы», «Әдебиеттанудың қажымас қара нары», «Тарих боп кетті тау тұлға», «Аманатыңа адалмыз, ұлық ұстаз», «Филология ғылымының алтын діңгегі», «Ақиқатты ту еткен ғалым ағам» атты ғалымның шәкірттері мен белгілі жазушылар жазған естеліктер Тұрсынбек Кәкішұлының азаматтық қыры мен қайраткерлік ұстанымдарын бейнелейді. Ал, әйгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ғалым Жайлыбай Тұрсынбек Кәкішұлының даралығын «Тұлға» атты өлеңімен суреттеп, қадір-қасиетін одан әрі арттыра түседі.

Тұлпары әр таң сайын таң асатын,
Аға едің аялаған Алаш атын.
Айналып сен келгенде сексен көлге,
Сексен қыз таранса да жарасатын.
Жүрекке жазып кетті асыл атын,
Арнаңнан арманыңды асыратын.
Бұланды бұлттарындай түйілетін
Арқаның аспанындай ашылатын [3,57 б.].

Ақын шумақтарында тау тұлғалы Тұрсынбек Кәкішұлының мінез-құлқын, ішкі психологиялық тартыс толғаныстарын туған жерінің табиғатына, туған жерінің құбылыстарына теңеп, ғалым жанымен параллель бейнеде береді. Ақынның нәзік жүрегіне шалқар шабыт сыйлайтын болмыс, әрине, өте пәк, өте таза, кіршіксіз болса керек. Бұл құндылықтар мен қасиеттер Тұрсынбек Кәкішұлының бойынан еселеп табылады. Оған біз зерттеген ақын Бауыржан Жақыптың «Таулар да құлайды екен-ау» толғауы дәлел бола алады.

...Бір өзі – бір мұрағат.
Бейімбетті зерттеп, расында,
Сәбиттің жүрдің қасында.
Тайсалмай төктің терінді
Алаштың сырын ашуға.
Сәкеннің жырын самғаттың,
Аруағын ердің аунаттың.
Алтыннан қымбат сөз жаздың,
Алтындыда туған ардақтым» [2,89 б.].

Бауыржан Жақып толғауында ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының еңбекқорлығы мен қайсарлығы баяндалады. «Ғалымның аты өлгенмен, хаты өлмейді» деген сөзді даналар асқан білімдарлықпен айтқан.

Тұрсынбек Кәкішұлының мейірім төккен бейнесі, еңбегіне адалдығы, Алаш арыстары алдындағы парызы, ұлтына деген перзенттік борышы, шәкірттеріне деген ыстық ықыласы, телегей теңіз еңбегі ел жүрегінде мәңгіге қалады. Әлем жазушысы атанған ұлы тұлғалар мен қазақ халқының бір туар азаматтарына айналған шәкірттері Тұрсынбек Кәкішұлының әдебиеттануға сіңірген өлшеусіз үлесін ғана емес, азаматтық бейнесі мен қайраткерлік қырын үнемі еске алып, қимастық сезімге толы естеліктер жазады. Зейнолла Қабдолов секілді асыл азаматтармен үзеңгілес болып, ұлт үшін бәріне даяр тұлғалардың ұстазына айналған ғалымның бейнесін кіммен дос болды, кімге ұстаз болды деген сұрақ-жауаптан-ақ, біз оның азаматтық ұстанымдары мен бүтін болмысын аңғарамыз. Елге, Отанға қалтқысыз еңбек еткен нар тұлғамыздың жолын жалғастырып, ізденісін дамытар шәкірттері қазақ халқының мәдениетіне, руханиятына, әдебиетіне орасан зор еңбектерімен қызмет қылары хақ. Қызылтаяң шақта халқының аяулы перзенттері Алаш арыстарының еңбектерін зерттеп, ертеңгі ұрпақ үшін сақтаған нағыз қайсар, біртуар азамат Тұрсынбек Кәкішұлы – мәдениет пен әдебиет үшін парасат майданына түскен қайраткер тұлға. Оның еңбектері, ізденістері, кітаптары мен қалдырған хаттары, тіпті ол жайлы жазылған естеліктер де өшпейді, қазақ халқымен бірге құлпыра түседі.

Әдебиеттер:

1. Ұстаздардың ұстазы / «Ақиқат» газеті, 11 қараша 2014 жыл. №11.

2. Кекілбайұлы Ә. Талантына тағзым, тәрбиесінен тәлім / «Қазақ әдебиеті» газеті, 24 қазан 2015 жыл.

№10.

3. Жайлыбай Ғ. Бір тал үкі. Таңдамалы шығармалар жинағы III том. / Астана: Фолиант, 2014.

Жолдасбек МӘМБЕТОВ,

*филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті*

АҚИҚАТ ОЙДЫҢ ЖАРШЫСЫ

Тұрсынбек Кәкішев деген кісінің атымен мен 1983 жылы таныстым. Әскер қатарында жүргенде Алматы облысының Шелек ауданынан келген Бақтияр деген жігіт ауылындағы жолдастарына махаббат туралы кітап болса салып жіберіңдер деп өтініш жасайды. Бір күні кешке қарай Бақтияр ауылынан махаббат туралы керемет қызық кітап алғанын, оқып болғасын маған бермек болып өзінің казармасына кетті. Сонан онымен екі-үш апта хабарласа алмадым да, келесі кездескенде кітап қайда деп сұрап едім, ұнжырғасы түсіп үндемей қалды. Қойнында томпыып кітаптың бар екені білініп тұрса да, бергісі келмей тұрған сияқты көрінді

– Не болды, оқып болдың ба? Кітап қызық па екен, авторы кім екен? – десем күмілжи береді.

– Бір түсініксіз кітап екен, менің өрем жете қоймайтын дүние сияқты, атын неге «Оңаша отау» деп қойды екен, – деп сипақтап тұрды да, кітапты менің қолыма ұстата салып тайып тұрды.

Кітапты алып қарасам, Тұрсынбек Кәкішевтің қазақ әдебиетінің сыны жайлы жазған «Оңаша отау» деген кітабы екен. Бақтиярдың ауылдағы жолдастары кітаптың атына қарап сатып ала салғанын сезіп бір күліп алдым. Мен күнде кешке қарай қолым босағанда асықпай сол кітапты оқитын болдым. Он сегізден енді асқан мен ол кезде әдебиетті білгеніммен, әдебиеттану деген ғылым барын білмейтінмін, Абайды білгеніммен, абайтануды білмейтін едім. «Оңаша отау» менің әдебиет туралы ойымның қалыптасуына ерекше әсер етті. Ол кезде мен, әрине, Тұрсекеңді көреді екенмін, ол кісімен жиырма жылдай қызметтес болып, тәлімі мен тәрбиесін алады екенмін деп ойлаған да емеспін.

Содан Тұрсынбек ағайды 1983 жылы ҚазҰУ-дің дайындық бөліміне түскенде көрдім. Қарасаң, көз тоятындай-ақ келбетті кісі екен. Біз араб бөлімінде оқыдық та, ол кісінің дәрістерін тыңдай алмадық, бірақ жиын-шараларда сөйлеген сөздерін есітіп жүрдік. Сөздерінің ойлылығы, екпіндеп сөйлейтіні, не туралы айтса да турасын айтатыны көбімізге ұнайтын.

1989 жылы көктемге қарай студенттердің ғылыми конференциясы өтті. Ол кезде біз бесінші курстың студентіміз, диплом жұмысын жазып жүрген кезіміз. Кафедраға жетекшім З.Бисенғалиға бара қалып едім, жұмысымды бір қарап шықты да, сен қазір мына қолыңда бар материалмен студенттер конференциясына қатыс, жазғаныңның төрттен бірін айтсаң жарайды деп 312-аудиторияға кіргізіп жіберді. Төрде Тұрсынбек ағамыз және тағы бірнеше ұстаз отыр екен. Конференция аяқталып қалса керек, мінберден бір студент сөзін аяқтап түсісімен, Тұсекең маған қарап:

– Сен баланың айтарың бар ма, не туралы сөйлейсің? – деді.

Мен орнымнан тұрып, тақырыбымды айттым, ол кісі мені мінбеге шақырды. Бес минуттай ғана сөйледім, Кенесары туралы бір өлең жолдарын оқып баяндамамды аяқтадым. Ағай:

– Сен мына өлеңді қайдан алдың? – деді. Мен Академияның қолжазбалар қорынан алғанымды айттым.

– Араб хәрпін танысың ба?

– Араб бөлімінде оқимын, – дедім

– Сен қазір маған кафедраға келіп жолық, ұмытып кетпе, – деді.

Кафедраға барып едім, өзі отырған үстеліне жақын шақырып алды да, сенің бағанағы жұмысың маған ұнады, сенің қолыңнан жазу келетін бала сияқтысың, саған қазір мен хат жазып берем, сонымен академияға Мүсілім Базарбаевқа барасың, ол сені жұмысқа алады деді. Мен хатты алып ертеңіне Мүсілім ағамыздың бөліміне бардым, хатты беріп едім, оқып шықты да, қай жерден екенімді сұрады, мен Қызылорда облысынан екенімді айттым, одан әрі ол кісі маған назар аудармастан, қасындағы адамдармен әңгімесін жалғастырып кетті. Мен де олардың әңгімелерін тыңдап отыра бердім. Екі сағаттай өткенде бәрі жиналып кетуге айналды, мен Мүсекеңе жақындап бір-екі рет жөткірініп өзімнің әлі осында екенімді білдірмек болдым, бірақ ол кісі үндеместен шығып кетті.

Ертеңіне сағат тоғызда Мүсекеңнің кабинетіне тағы да бардым. Әлі келе қоймапты, ондардан өте келді, алдынан шығып амандастым да, Тұрсынбек ағамның хатын есіне салдым, бетіме біраз қарап тұрды да, Тұрсекең үшін алар едім, бірақ сенің географияң келмей тұр, менімен қосқанда қазір бөлімде төрт қызылордалық бар, сен, інім, ренжіме, Тұрсекең өзім де түсіндіріп айтармын деп шығарып салды. Ағайға қайта келдім, Мүсекеңнің айтқанын айтып едім, Тұрсынбек ағай ерінбестен академик Зәки Ахметовке тағы да бір хат жазып берді, ол кісі де жақында ғана адам алып қойып едік деп қайтарды. Содан Тұрсынбек ағама қайта баруға ұялдым да, жолдаманы Алматы облысына алдым.

1990 жылы мен қазақ әдебиеті кафедрасына жұмысқа кірдім. Кафедрадағы барлық профессорлар Қазақстанға белгілі адамдар. Ол кезде кафедрада жұмыс қайнап жататын еді. Біреулердің тақырыптарын бекітіп, енді біреулердің кандидаттық, докторлық жұмыстарын талқылап жататынбыз. Кафедра мүшелері жинала қалса, газетке шыққан әдебиет туралы жаңа мақалалар туралы әркім ойларын ортаға салып, өткен-кеткен тарихи тұлғалар туралы естеліктер айтылып жататын. Солардың барлығының ортасында Тұрсекең жүруші еді.

Бұрынырақ Тұрсекеңнің жүзі маған суықтау көрінетін. Бірге жұмыс істегелі байқағаным, ол кісінің болмысы мүлдем басқа екен, айналасындағы адамдарға әрдайым нұрын шашып жүретін, әсіресе жастарды әрдайым көтермелеп, ақылын айтып, немен айналысып жүргенімізді жиі сұрап тұратын.

Бір кездері Тұрсынбек ағай екеуміздің сабағымыз түстен кейін қатар өтіп жүрді. Ағайда да, менде де арасында бір сағат бос кезіміз болады. Сол уақытта Тұрсекең мен кафедрадағы тоқ шәйнекпен шай қойып берем, шай үстінде әңгімеміз де қыза түседі. Ағай өзінің жастық шағы, театрда істеген кездері, КазГУ-де оқыған жылдарынан естеліктер айтатын. Әсіресе Ресей, Татарстан, Башқұртстан архивтерінде кездестірген қазақ тарихы мен әдебиетіне қатысты қызықты деректерді айтқанда басқа бір әлемге кіріп кеткендей шабыттана әңгімелеуші еді.

Бірде кабинетке келсем, бір қағаздарын алдына жайып салып қарап отыр екен. «Мен шай ішеміз бе?» – деп сұрап едім, «Бүгін сол шайды ішпей-ақ қоялық», – деді. Қасына барсам, қызыл сиямен жазылған бір қағазды қайта толықтырып түзеп жатыр екен, қызығушылығым ұстап, «Тұрсеке, бұл не қылған қағаз?» – деп сұрадым. «Мен ойыма келген дүниені дәл сол уақытында жазуға дағдыланған адаммын, асығыс болса да, сұлбасын қағазға түсіріп қоямын, сосын артынан осылай қайта қарап түзетемін. Басыңа келген ойды заматында жазып қоймасаң, кейін ол өзгеріп кетуі мүмкін не болмаса ұмытылып қалады», – деді. Мен де Тұрсекеңнің сол әдетін қаншалықты өзіме сіңіріп алғым келсе де, істей алмадым, шыдамым жетпеді, өзімнің кежегемді кейін тартып тұратын жалқаулығыма шамам келмеді. Бірақ ғалым ағамның соншалықты еңбекқорлығына, өз жазғанына мұқият қарайтынына әлі күнге дейін таңғалумен келем. Тек қолымнан келгені студенттерге үлгі болсын деп әрдайым сол оқиғаны айтып жүремін, маған қонбаған осынау қасиетті жастар үлгі етіп алар деп үміттенемін.

Кафедра екіге бөлінгенде де Тұрсынбек ағай мені өз кафедрасына алып кетпек болды, «сен әдебиет тарихымен айналысуың керек, алда талай үлкен жұмыстар жасаймыз, біздің ашылмай жатқан тарихымыз көп, әлі күнге оқылмай жатқан талай тың деректер бар, сенің араб

тілің біздің кафедраға керек болады» деп еді. Бірақ ол кезде мен академик Зейнолла Қабдоловтан тақырып алып қойған болатынмын.

Кейін кандидаттық диссертациямды қорғағанда Тұрсынбек ағам бірінші оппонентім болды, пікірін өз қолымен жазып әкелді, оны мен компьютерге тергіздім, менің кішкентай жұмысымды барынша мақтапты, біраз мысал да келтіріпті. Зекеңнің сол қорғау кезінде «Тұрсеке, сен осы оппонентсің бе әлде жетекшісің бе?» деп әзілдегені есімде. Диссертация қорғағаннан кейін ол кісімен кәдімгідей жақын болып кеттік. Кездескен жерде «сенен жақсы сыншы шығады, сен көбірек жаз, сонда төселесің» деп ақылын айтып жүретін.

Кейін өзі қазақ әдебиетінің тарихы және сыны кафедрасын ашып бөлек кетсе де, екі ағам (Тұрсынбек ағай мен Зейнолла ағай) ылғи да көп мәселелер бойынша кеңесіп отыратын. Алғашында мен екеуінің арасындағы әзіл-қалжыңдарын түсіне алмай жүрдім. Кейде екеуі, расында да, ұрысып қалатындай қатты сөздер айтысып қалатын сияқты, ондайда жылыстап ол арадан кетіп қалатынбыз. Кейін байқасам, ол екеуінің құрдас, курстас болғасын өз арасында айтыла беретін әзілдері болады екен. Сырттан келген кейбіреулер ондай сөздеріне қарап бұлар, расында да, қырғи-қабақ екен деп ойлауы мүмкін, бірақ бір сағат өтпей екеуінің шүйіркелесіп отырғанын көргенде не дерімізді білмей қалатынбыз.

Бірде президенттік сайлау тұсында орталық газеттердің біріне Зекеңнің «Дәл қазір Назарбаевқа балама жоқ» деген мақаласы шықты. Біраздан кейін ашуға булыққан Тұрсынбек ағай кафедраға кіріп келді де, Зейнолла ағайдың алдына газетті лақтырып тастап:

– Сен не жазып жүрсің, қазақтың әйелдері ел басқаратын ұл тумай қалды деп пе едің? – деп ашуға булығы сөйледі. Зекең ол кісінің бетіне барлай бір қарап алып:

– Сен өзі материалды толық оқымайды екенсің ғой, асықпай, аптықпай дұрыстап қарасаңшы, – деді.

– Несін оқимын... – дей беріп еді..

– Мен «дәл бүгін» деп отырмын, ал ертең не болатынын әулие де болжай алмайды, – деді. Тұрсекең де майда хариіптермен «Дәл бүгін» деп, сосын үлкен шрифтармен «Назарбаевқа балама жоқ» дегенді оқыды да,

– Әй, бәсе, сені сөзден қалай сүріне қалды деп едім, – деп жадырай күліп қасына отыра кетті. Екеуінің арасындағы осындай құрдастарға тән қағытпа сөздерді түсінбегеннен болар кейде бір кісілер Тұрсекең туралы Зекеңе артықтау сөздер айта бастаса, Зекең ондай адамды тыйып тастайтын. Ондай мінезді бір-екі рет Тұрсекең тарапынан да байқағаным бар.

«Тұрсекең үйленгенде мен кілем сыйлағанмын» дейтін Зекең. Ол кезде аударма жасаймын, қалтамда қомақты ақша жүретін деп әңгіме бастайды. Тұрсекең оны жоққа шығармайды, «оның рас» деп құптап қояды, сосын Зекең үйленгенде өзінің не апарғанын айтып бәрімізді күлкіге қарық қылатын. Осы бір әдемі әзілдері өздеріне жарасып тұрушы еді.

Кейде алыс сапарларға шығып қайтса да, екеуі көрген-білгендерін айтып әңгімелесіп отыратын. Тоқсаныншы жылдардың басында ғой деймін Тұрсынбек ағай Әзірбайжанға барып келді. Олардың жоғары оқу орындарында болып, тәуелсіздік алған соң ұлттық әдебиетті қалай оқытып жүргендерін біршама зерттеп қайтыпты. Әңгімені кафедрада бастап, кешке қарай жолшыбай әңгімелерін жалғастырмақ болып көшеге шығып кеттік. Шашкин көшесіне дейін жаяу барып, әңгіменің соңын бір кафеде шай үстінде жалғастырды. Әзірбайжанда тоғыз әдебиет кафедрасы бар екен, фольклор, әзірбайжан әдебиетінің тарихы, қазіргі әзірбайжан әдебиеті, әдебиет теориясы т.б. кафедралар жұмыс істейтін көрінеді. Сонымен қатар оқыту мен ғылым қатар жүреді екен. Сол кезде екеуі тоғыз болмаса да, бізде де үш-төрт кафедра болу керек, мұны ғылыми кеңесте көтеру керек екен деген тоқтамға келгендей болған.

Зекең Тұрсекеңді әдебиет зерттеушісі ретінде бағалайтын, көп деректерді тауып, тез жазатынын да бізге үлгі қылып айтып отыратын. Бірде әңгіме арасында «Сын сапарын» классикалық дүние деп мақтағаны есімде. Зекеңнің сол сөзі қамшы болып біраз жігіттер «Сын сапарын» оқып шықтық. Енді біреулер қайталап оқыпты. Сонау жетпіс бірінші жылы жарық көрген монографияда, расында да, ұлттық эстетика мәселесі, қазақ әдеби сынының тууы мен қалыптасуы туралы талай деректер дәйекті сараланған. Басқаны қайдам, маған осы еңбекті жазудағы автордың талдаулары мен пайымдары, жазу стилі қатты ұнады.

Бірде Тұрсынбек ағай ауруханаға түсіп қалды деп естідік. Зекең мені Әуезді тауып кел деп жұмсады. Әуез ағамыз келген соң:

– Тұрсекең ауырып қалыпты, Қалқаманда жатыр екен, барып көңілін сұрап қайтамыз, – деді.

Ақ «Жигулиге» сыйғанмызша мініп, Қалқаманға тарттық, Тұрсекең Күләш апай екеуі жеке бөлмеде жатыр екен. Зекең кіріп барған бойы досын құшағына алып, Күләш апайға да әзілін айтып біршама отырдық. Қайтарда өзіне тән әуезді дауысымен:

– Қымбатты Тұрсеке, сен ауырып мені қорқыта берме, байқайсың ба, біз күн сайын бір-бірімізге қымбат боп барамыз! Мына Күләшқа еркелесең болады, бірақ енді ауырушы болма, – деді. Қайтып келе жатқанда Әуағаң Зекеңнің бағана айтқан сөзін еске алып:

– Әдемі айттыңыз, сіздің сөзіңіз бәрімізге де ой салып кетті, – деп еді, Зекең де оның айтқанын құптай отырып:

– Қанша дегенмен талай қиындық пен қызықты бірге өткізген азаматым ғой, жасырып не қылайын оның амандығына қатты алаңдайтыным рас, ертең осы бірге жүрген жолдастарыңды сендер де қадірлейтін боласыңдар, бұл өмір, өмір сағынышымен тәтті, сыйластығымен қызық шығар, – деді. Мен екі ағамның арасының қаншалықты жақын екенін сол кезде барып шын түсінгендей болдым.

Маған екі ұстазым бірін бірі толықтырып тұратын бір бүтін құбылыс секілді елестейтін. Оны өздері де білетін сияқты. Тіліп айтатын, жеріне жеткізе дәлелдейтін жерге Зекең Тұрсекеңді апаратын, ал мәмілеге келу, кейбір қабысуы қиындап ушығып бара жатқан істі реттеу керек болғанда Тұрсекең Зекеңе қолқа салатын. Тұрсынбек ағайдың сондай бірбеткейлігін, өжеттігін жіті таныған Әуез Бейсебаев ол кісінің 70 жылдығы тұсында «Халық мүддесінің мұзжарғышы» деген мақала жазған еді. Зекең оған қатты риза болып, «адам мінезінің алуан қырын бірауыз сөзге сыйғызған нағыз шебер сен екенсің» деп арқасынан қаққанын қалай ұмытпайық.

Тұрсынбек ағай білікті ғалым ғана емес, шебер ұйымдастырушы еді. Әдебиет тарихы және сыны кафедрасы болып бөлініп шыққан соң талай ұжымдық монографиялар мен оқулықтар жазуға өзі мұрындық болды. Оған Қазақстанның әр түкпірінде жүрген талантты ғалымдарды да тартты. Өзінің де шығармашылық жұмыспен барынша еркін айналысқан кезі осы тәуелсіздік жылдарына сәйкес келеді. Бұрын ақиқатын ашып жазуға ерік бермеген жүйеден арылған соң, талай зерттеулерін ұлттық таным тұрғысынан таразылап, қолында бар біраз материалдарын ғылыми негізде қайта қарап айналымға қосты. Еліміз егемендігін алған соң жарық көрген «Санадағы жаралар» (1992), «Ескірмейді естелік» (1994), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), «Сәкен және Гүлбаһрам» (1994), «Сәкеннің соты» (1994), «Жер заманның кереғар ойлары» (1995), «Тар жол тайғақ кешудің тағдыры» (1996), «Сәкен Сейфуллин» (1997), «Сәкен сүйген сұлулар» (1997), «Мағжан – Сәкен» (1999) сияқты бірнеше сүбелі еңбек осы ойымызға дәлел бола алады. Бүгінде Сәкен мен Мағжан туралы сөз бола қалса, бірінші Тұрсынбек ағамыздың зерттеулеріне жүгінетініміз рас. Өйткені талай жылдарын шаң басқан мұрағаттарда өткізген ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы кейінгі ұрпақ үшін ақиқат ойдың жаршысы тәрізді.

СӘУЛЕЛІ СӘТТЕРДІҢ ҮЗІК СЫРЫ...

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы кезеңім – студенттік жылдар (1975-1980), аспиранттық тұстар (1985-1989), ұстаздық қызмет (1993-2005) арманы асқақ жарқын күндерге, жасампаздық жолдың басым бағыттарына, нұр-шуағы мол сәулелі сәттерге толы болды...

Аталған кезең аралығында профессор Т. Кәкішұлынан дәріс тыңдап, шәкірті атанып, әріптес болғанымды да көтеріңкі көңілмен, мадақ сезіммен еске аламын. Сол тұстардағы Тұрсекең – Тұрсынбек Кәкішұлының жарық көрген кітаптарының бәрі-баршасымен жедел де жақын танысып, оқып-біліп һәм насихаттап, рецензия жазғаным да жадымда жаңғырып тұр. Аспирант кезімдегі ақыл-кеңесі, диссертация тұсындағы анық көзқарас пен берік ұстанымы да есте. Тіпті ақиқат ауылын нұсқап, шындық жүзіне тура қаратып, батылдыққа бағыттап, ғылымның қилы-қиян соқпағына салды. «Өз жолың, зерттеу нысаның болу керек!» деген екпінді-серпінді сөздері, өршіл рухы, өрнекті тағылымы көңілге қонып, жан-жүректен кең орын алды.

Абай мен Жамбылдың 150 жылдық мерейтойлары тұсында, М. Әуезов пен С. Мұқановтың 100 жылдық мерекелері қарсаңында кафедраның оқытушы-профессорлар құрамын жұмылдырып, атаулы тойлардың биік деңгейде өтуіне белсене араласты. «Сәбит Мұқанов – классик» атты конференция материалы осы тұста жарық көрді (2000). Бертінде «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты оқу құралын дайындау жолындағы мың сан кедергі-тосқауылдарды бұзып-жарып, жарық көруіне, білім алушыларға кедергісіз жетуіне ерен еңбек сіңірді. Жалпы редакциясын басқарды (Алматы: Қазақ университеті. 1-том, 2001. – 467 бет; 2-том, 2002. – 455 бет).

«Бейсекеңнен көргенім!», – деп әрбір оқу жылының алғашқы аптасында ақ дастарқан жайып, үйіне шақырады. Асабаны алмастырып, әзіл-қалжыңды алдыға шығарып, әңгіме-дүкен құрып, ән-өлең мен арнау-айтыстың туын желбіретіп, ертеңгі күнді таңмен таласа қарсы алушы едік! «Ұстазың болған қандай жақсы!» деп көңілді кеңге салған тұстар мен қатар жүрген күндер ақыл-парасат нұры мен мейірім шуағындай, татулық пен тұтастықтың берік дінгегіндей, сыйластық сипатына толы сәулелі сәттердің үзік сырындай көңіл толқынын тербеп, жан-жүрек төрінде, жадымызда жатталып қалды.

Ұстаз ұлағатының бір қыры, мың сыры осыған саяды...

III

Т. КӘКІШҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТҰЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Серік НЕГИМОВ,
*филология ғылымдарының докторы,
профессор*

МАҒЖАН МЕН СӘКЕН ӘЛЕМІНДЕ

Ұлттық поэзия тарихында Сәкен Сейфуллин мен Мағжан Жұмабаевтың орны бөлек. Әсіресе ақындық өнердегі заңғар тұлға Мағжан мұрасы заманының қара нардай шөккен кесел-қырсықтарынан, қайшылық-зардаптарынан, әдебиетке деген таптық көзқарастың шырмауықтай шырмаған, қылбұраудай шыңғыртқан қиянат-кесепаттарынан өз ұлтын, өз Отанына әлемнің рухани қазынасына толық қызмет ете алмай, барша сыр-сымбатымен, ажар-көркімен қазақ қауымының, ұрпақтарының жүрегіне, зердесіне жете алмай тұншыққаны мәлім. Сондай сом тұлғаның, сапасы қасиетті жырдың бұлағы, поэзия дүлділі, болмысы жырдан жаралған, жыры нұрдан жаралған Мағжан Жұмабаевтың трагедиялық тұлғасы, шығармашылық өмірбаяны, Сәкен Сейфуллинмен қарым-қатынасы, әдебиет майданындағы қимыл-әрекеттері көрнекті әдебиет сыншысы, зерттеуші, ғұлама ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының «Мағжан мен Сәкен» атты ғылыми эссесінде (Алматы, «Қазақ университеті», 1999 ж.) толық, терең, жан-жақты қарастырылады.

Зерттеуде Мағжан турасында тарихи-өмірбаяндық деректер және оның «Шолпан» жинағындағы өлеңдердің дәл, анық көрсетуімен қызықтырады.

Профессор Тұрсынбек Кәкішұлының дәлелдеуінше, сұңқар табиғатты М. Жұмабаев 1903-1910 жылдарда араб, парсы, түрік, орыс тілдерін оқып үйренген. 1911-1912 жылдарда «Ғалия» медресесінде, 1913 жылы Омбы мұғалімдер семинариясының әзірлік курсына қабылданған. Сөйтіп, Сәкен 1916 жылы, Мағжан 1917 жылдың 10 мамырында тамамдады деп жазады.

Т.Кәкішұлы қазақ поэзиясының қос жұлдызының қарым-қатынастарының терең сырларын әңгімелеуде нақты тарихи мәліметтерді ұсталықпен пайдаланып отырады. Мысалы, 1914 жылдың көктемінде Омбы шаһарында алаштың арысы Міржақып Дулатов Ғайнижамал Баймұратқызы Досымбековаға үйленеді. Осы тойға Мағжан мен Сәкен сөзсіз қатынасады. Екіншіден, қазақ жастарының «Бірлік» қоғамы дүниеге келеді. Бағдарламаны ұлтының тағдыры мен болашағын жан-тәнімен ойлайтын М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Нығымет Нұрмақов және Мұхтар Саматов жасаған. Демек, Сәкен мен Мағжан өмірінде Омбы кезеңі айрықша мәнді болғанын профессор Т. Кәкішұлы нанымды мағлұматтармен дәлелдейді, куәлендіреді. Сондай-ақ Сәкен мен Мағжан қарым-қатынасын қозғап, қозғау барысында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің арақатынасына, бұлардың ұстанған принциптеріне, көзқарастарына (әсіресе, жер мәселесінде) талдау жүргізіледі.

Т. Кәкішұлы «Мағжан мен Сәкен» эссесіне Мағжанның 1912 жылы Каримовтар баспасынан шыққан «Шолпан» жинағындағы өлеңдердің көркемдік-образдық жүйесіне, ақындық шеберлігіне, поэзиялық құрылысына зейін аударады. Текстологиялық ауытқуларды, сөз ауыстыруларды көрсетеді. Мысалы, «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абай» өлеңдеріндегі

«Әлемнің құлағына әні кетпес» деген тармақ, шын мәнінде, «Дүние қолын жайып енді күтпес» дейтін сөйлем екен. Қандай салиқалы, қуатты, әсерлі!

Және де «Ләззат қайда?» жырындағы өзгерістерді де көрсеткен. Зерттеушінің Мағжанның ақындық зертханасына үңілуі – еңбектің жаңалығына, сонылығын танытады деп ойлаймыз.

Тұтастай алғанда, Мағжан мен Сәкен поэзиясындағы ортақ сарындарды, әуез ерекшеліктерді, романтикалық тұрғыдан рухтастығын, пейзаждық лирика саласындағы суреткерлік өрнектерін, шығармашылық дағды-машықтарын, Абай дәстүрінің ғибраттағылымын, поэзиясының этикалық, эстетикалық, әлеуметтік қызметін әңгімелейді, салыстыра сөйлетеді.

Романтикалық рух үндестігін айтқанда, Тұрсынбек Кәкішұлы Сәкеннің «Арнауы» мен Мағжанның «Балапан қанат қақтысын» келтіреді. Мұнда ортақ пафос, әдемі, сұлу гармония бар.

Ал Мағжанда түрікшілдік сарын таңғажайып сезіммен, күймен берілген ғой. Сәкенге ойысқанда оның «Азия (Еуропаға)» өлеңіндегі мына лебіз:

Сұм Еуропа! Арам, залым тас болдың,
Бүліншілік, жауыздыққа бас болдың.
Адамзатқа жол көрсеткен ерлерге
Мұнша, неге, уә, Еуропа, қас болдың?

дегені түрікшілдікті танытпай ма? Профессор Т. Кәкішұлының жазуынша, С. Сейфуллин М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінің жарыққа шығуын қолдаған. Себебі Сәкен «Еңбекші қазақ» газетіне редактор болған уақытында «Мағжан» деген мақалаға қол қойған. Мұнда Мағжан поэзиясының сыршылдығы, бейнелілігі, майталман шеберлігі жоғары бағаланыпты. Алдында ғана Сәкен «Ұлтшылдың сандырағы» өлеңін жазған еді деп ескертеді. «Арыстан артына қарап ақырмас» дегендей дара туған дарабоздар ұсақ-түйекті кек тұтпағаны аңғарылады емес пе?

Ғылыми эсседе Мағжанның 1920 жылғы жеке іс парағындағы ең негізгі өмірбаяндық деректер келтірілген. Онда әдеби қызметіне 7 жыл толғандығы, қазақтың сөз өнерінен, яки қазақ тілі мен ұлт әдебиетімен және педагогикадан лекция оқитындығы, 1918 жылы Омбыда педагогикалық курста лектор әрі сонда 1918-1919 жылдары Омбы уезінде Полтавкада жеделдетіп оқыту курстарында дәріс бергендігі тайға таңба басқандай жазылған. 1918 жылы 24 қыркүйекте Омбы облыстық Халық ағарту бюросының мәжілісінде Мағжан 11 мәселені күн тәртібіне қойған. Бұл тұста ол бұратаналар бөлімінің уақытша меңгерушісі екен. Іле-шала 12 қазанда болған 10-мәжілісіне бөлім меңгерушісі ретінде қатысып, мынадай мәселені қозғаған: Омбы мен Атбасарда 2 жылдық тұрақты педагогикалық мұсылманша курстар ашу, ережесі мен қаражатын белгілеу. Сонымен 1918 жылдың қараша айы мен 1919 жылдың ақпан айының арасында жұмыс жасаған 2 жылдық педагогикалық курс тарихы Мағжан Жұмабаевтың қолдауымен қызмет атқарғанын Т. Кәкішұлы егжей-тегжейлі түсіндіреді. Сонсоң Мағжанның Омбыдан Қызылжарға қоныс аударуы – интеллектуалдық күшті өз мекеніне шоғырландыру екендігін шегелеп айтады.

Зерттеуші Т.Кәкішұлы «Бостандық туы», «Ұшқын – Еңбек туы – Еңбекші қазақ» газетінің тарихына барлау жасайды. Мағжанның автор һәм редактор қызметін пайымдайды.

Ғылыми эссенің құрамына белгілі бір тәртіп, жүйе бар Мағжанның өмірбаяндық, шығармашылық жылдарындағы белестерді көрсетуде, яғни Мағжанның Ташкент дәуіріндегі ақындық еңбегі ерекше аталады. Бұл тұста М. Жұмабаев поэзиясы сыршыл, таза, мөлдір сезімге, жан дүниенің терең шыңырауындағы соншалықты нәзік иірім-құбылыстарына, сөздің сиқырлы сұлулығына, оның нәрлі, нәзік, сымбатты айшық-оралымдарына, көркемдік ассоциациясының ұтымды тәсілдеріне жүгінеді. Оның ақындық зерде-түйсігі жаратылысты, жаһанды, ғаламды тірі, жанды, әсерлі күйінде қабылдайды. Уыздай аппақ, үлбіреген жібектей толқынды жырлары лирикалық поэзия тарихындағы жаңа бір тұңғыық әлем, жарқын құбылыс еді. Оның тамаша поэмалары Ташкент дәуірінде келіп, «Шолпан», «Сана», «Сәуле»

журналдары мен «Ақжол» газетінде жарияланған болатын. Архив материалдарын жүйріктікпен жинайтын, сұңғылалықпен таразылайтын Т. Кәкішұлы 1924 жылдың 16 мамырында жазылған Жүсіпбек Аймауытов пен Молдағали Жолдыбаевтың хатынан мынадай үзіндіні ұсынған: «Сен – қазақтың ақынысың. Алаштың қайғысын жырлайсың, ұлтыңды өліп-өшіп сүйесің, онымен бірге күйінесің. Біз сенен кеудемізге рух пен қуат құйып, дертімізден айықтыратын, бақытқа бастайтын сөз күтудеміз», – деген үзіндіні ұсынған.

1922-1923 жылдарда Қазақ мәдениетін сүюшілердің «Талап» қоғамын ұйымдастырушылардың қатарында Досмұхамедов, профессор Александр Шмидт, этнограф фольклоршы Әбубәкір Диваев, Кәрім Жалденов, Николай Архангельский сияқты зиялылармен бірге Мағжан Жұмабаев та болғанын атап айтады. Түрсекең осы қоғамның алдына қойған міндеттерін де бажайлап баяндайды. Олар:

1) Қазақ әдебиетінің, терминологиясының, орфографиясының мәселелерін тексеріп талдау;

2) Ұлттық өнерді оқып-үйрену;

3) Қазақ халқының тарихы мен тұрмысын жетік білу;

4) Қазақ мектебінде оқытудың жай-күйін тексеру;

5) Өнер қайраткерлері мен ғылыми қызметкерлерге жәрдемдесу.

Т. Кәкішұлының Мағжан мен Сәкеннің ақындық мектебі мен шеберлігі жөніндегі қадау ойлары тереңдігімен, парасаттылығыменен жүрекке ұялайды. Олардың Көкшетауды, Абылаймен Кенехандарды жырлауы, осы тұрғыдан келгенде, әрқайсысының көркемдік танымы, идеялық нысанасы, философиялық, эстетикалық көзқарасы айқындалады.

Кітапта 1924 жылдың 24 қарашасында Мәскеуде Мағжанның өзін шақырмай шығармашылығы талқылануы, осы жылдың қысында Орынборда Мағжанның әдеби сотының болуы, ешбір куәгерсіз ардақтылардың сотталуы, Сәкен мен Сәбиттің жазықсыз екендігі, Мұқановтың Дулатовқа жақсылығы, С. Сейфуллиннің 1925 жылдың мамырында Сталиннің қабылдауында болуы, Ахмет Байтұрсыновтың мерейтойын басқаруы рет-ретімен айтылады.

Тағы бір ескерте кететін жайт – Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» тарихи-рухани қажеттіліктен туған деуге болады. Алаш ардагерлерінің көзін де, сөзін де жер бетінен жоюға әрекет еткен заманда Сәбеннің көл-көсір етіп жазуы көзсіз батырлық қой. Сондықтан да Т. Кәкішұлының осынау ұлт әдебиетінің айнасын «рухани энциклопедист» «тарихи анықтамалық» деуі орынды. Әдебиет, тіл, мәдениет тарихы үшін, мәнді құжаттар мен көсем сөздердің текстері берілген. Мәселен, мемлекеттік ғылыми кеңестің есебі (24 көкек, 1923 ж.), «Алқа» мен «Табалдырық» жарғылары, Қазақстан Жазушылар Одағы жөнінде 2 құжат (16 шілде, 1925 жыл), Ғаббас Тоғжановтың Мағжан Жұмабаев туралы толғамы т.б.

Айталық, М. Жұмабаевтың «Автономия кімдікі!» деген көсемсөзін Т. Кәкішұлы ақынның «ұлтжандылығын аспандатқан жан сөзі» деуге лайық керемет толғау деп түйіндеді. Ақын былайша сермейді: «Айлы, бұлтты, қанды, отты, тарихы бар, кең, байтақ, терең тілі, әдебиеті бар, басқаларға үйлеспейтін тұрмысы, шаруасы бар қазақтыкі («Кедей сөзі», 12 ақпан 1992 жыл, 3). Немесе «Оқығандарды жұмысқа қою» дейтін мақаласында: «Шағуға тіл жоқ, сермеуге қол жоқ. Мекемелерде қазақ тілі жүрілсін деген бұйрық қайда?... қызметке қазақтан қою керек. Милиция, нарсот, хатшылар қазақтың сенімді кісілерінен болсын» («Бостандық туы», 9 қыркүйек 1992 жыл.).

Осы уақытқа шейін қазақ тілі өз Отанында қанатын кеңге жаза алмай, тамырын тереңге жібере алмай, ұлт басындағы мүшкіл хал сейілмей келе жатқаны өкінішті.

Атақты оқымысты Ахмет Байтұрсынов: «20-ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті» - деп тұжырымдады. Иә, осы «Мағжан мен Сәкен» ғылыми эссесінде әлі де оқырманның таңдайын қақтыратын, рухани нәрмен сусындататын көсем сөздер молшылық. Соның бірі – Міржақып Дулатовтың «Октябрь төңкерісінің үшінші жылы» дейтін шығармасы. Оның құлақ күйі былайша басталады:

«Ешкімге бағынбаған, тірі жанға жалынбаған, еркі өзінде ерке еді. Жауынгер, ержүрек, жігерлі, өзі көсем серке еді. Ақкөңіл, ақжарқын, уәдешіл, айтқан сөртке берік еді...

– Бұл кім? – десеніз.

– Қазақ еді.

Сарыарқаны жайлаған, есепсіз мал айдаған, соны қоныс тұнық су... шалғынға бие байлаған, көл жағалай ел қонып, ат шаптырып, той қылып, мереке-қызық күн сайын жарыс салып, жас ұлан, қыз-бозбала ойнаған...

– Ұйым жоқ, қайғы жоқ бұл кім еді? – десеніз,

– Бұл – қазақ («Кедей сөзі», 7 қараша 1920 ж.).

Қазақ әдеби тілінің даму, өркендеу жолдарын зерделегенде және сол бір дәуірдегі қалам қайраткерлерінің сөз саптау, ой толғау ерекшеліктерін, ұлттық проза әлеміндегі шешендік оралымдардың табиғатын тексергенде аса қымбат көркемдік көрсеткіштер екені анық.

Шынтуайттап келгенде, профессор Т. Кәкішұлының «Мағжан мен Сәкен» атты ғылыми эссесі – тарихи-әдеби деректерімен, танымдық қасиет-қырларымен, мәнді, мағыналы толғауларымен ерекшеленетін әрі Мағжантану мен Сәкентануға, бір сөзбен қайырғанда, ұлттық әдебиеттануға қосылған қабырғалы туынды демекпіз.

Кәкен ҚАМЗИН,

*филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры;*

Әсел ҚАМЗА,

*PhD, Сулейман Демирел университетінің
ассистент профессоры*

СЫР АШАР СІЗГЕ СУРЕТТЕР

Түйіндеме: Аталмыш мақалада журналистика ғылымының салыстырмалы әдісіне және тарихи көкейтестілік қисыны контексіне сәйкес, өткен заман қарындаш кескіндемелеріне, суретшілер туындыларына, дагерротиптерге, танымал тұлғалардың фотосуреттеріне тиянақты сараптама жасалады. Авторлар кейпкерлер тағдырын, олардың мінез-құлқын, нақты өзара әлеуметтік қарым-қатынастарын деректі суреттерді сөйлету арқылы ашып көрсетуге ұмтылады. Осы ретте мәтін мен сурет тұтастығын, таным үдерісіндегі форматтар ауысымы творчестволық негіздерін әлемдік және ұлттық классика қайраткерлері туындыларының, заманалы басасөздің лайықты мысалдары бекемдей түседі.

Мәтін кілті: зияткерлік дайындық, тарихи зәрулік, мәтін мен сурет одағы, суретті сөйлету, фактілік тұрпат, статикалық бейне, формат ауысымы, ой ағымы иллюстрациясы, жан-жақтылық концепциясы, феминизм, суфражизм.

Ретроспективные портреты: сравнительный анализ

Аннотация: Предлагаемая статья в контексте сравнительного метода журналистской науки и концепции исторической злободневности, тщательно анализирует карандашные наброски прошлых лет, работы художников, дагерротипы, фотографии известных людей. Придавая речевую живительность документальным фотоснимкам, авторы пытаются отслеживать судьбы персонажей, их персональные характеристики и конкретные социальные взаимоотношения. При этом единство текста и фотоизображения, смену форматов в познавательном процессе основательно подкрепляют соответствующие примеры из произведений мировых и национальных классиков, современной прессы.

Ключевые слова: интеллектуальный тренинг, историческая актуальность, союз текста и изображения, речевое фотография, фактологический образ, статистический образ, смена формата, иллюстрация потока сознания, концепция разносторонности, феминизм, суфражизм.

Retrospective Portraits: a comparative analysis

Abstract: The proposed article in the context of comparative method of journalistic science and the concept of historical actuality carefully analyzes pencil sketches of last years, works of artists, daguerreotypes and photos of the famous people. Giving voice vitality documentary photographs, the authors try to track the fate of the characters, their personal characteristics and specific social relationships. At the same time the relevant examples from the works of world and national classics, modern press thoroughly reinforce the unity of text and images, changes of image formats in the cognitive process.

Key words: intellectual training, historical relevance, the union of a text and an image, the speech pictures, factual image, statistical image, format change, consciousness stream illustration, concept of a versatility, feminism, suffrage.

Қазақ көсемсөзінің түйінді-түйткілді мәселелерін, арғы-бергі журналистика құбылысын саналы безбендеуші, көркем әдебиет проблемаларын ерінбей-жалықпай саралаушы ғалым біз төменде сөз қозғар тақырыпты әзірше шет жағалап қана жүр. Оның өзіндік себептері де баршылық, сыпайы ақталар тұстары да жетерлік. Ал осы тезисті әрі қарай тарата түсейік. Расында, өз жұртымыздың қазіргі форматтағы фотоөнерге, көркемсурет бейнелеуіне ден қойғанына да сансыз ғасыр жүзі болды дей аламыз ба? Дей алмаймыз. Бұл – бірінші жағы. Екінші тұсынан, мультимедиялық, конвергенттік, интернет журналистика, мессенджер сынды заманалы контенттердің жалына жармасудан, бәлкім, бірсыпырамыздың бұл салаға қолымыз тимей жүруі бек мүмкін, оның үстіне зәру тарихилықты күн тәртібіне қоюға кәсіби шама-шарықымыздың, зияткерлік дайындығымыздың әлсіздік танытарын мойындағымыз келмейтіні де шындық шығар. Үшіншіден, ақиқаты сол, фотобаян тылсымын, кескіндеме бояуын, сызба сырын, олардың психологиялық энергетикасын межелес ғылымдар әдіс-амалдары арқылы ала қағаз бетіне түсіруге әзірге икемделе алмай отыруымыз да ықтимал. Төртіншіден, кейбір фотосуреттердің, хат-хабарлардың, күнделіктердің арғы жағында қазақ жамиғатына тән қысылу-қымсыну, көпшілікке жария етілмес сырлар, жеке бастың құпиялары жатқаны белгілі. Бесіншіден, фотошежірені ғылыми зертеу нысаны етіп алудың мол азабы, жан қинар бейнеті мен көз майын тауысар тән мехнаты өз алдына бір төбе.

Сондықтан болар, тарихи тұлғалардың туындыгерлік қызметін, өмір жолын олардың фотосуреттерімен, көркем портреттерімен салыстыра сөз ету, өздерінің қолдарынан шыққан қылқалам, қарындаш не тушь өрнектерінің шығу тегімен байланыстыра тереңдей зерттеу жедел ілгері баса қойған жоқ. Әрине, Шоқан Уәлиханов шығармашылығы хақындағы ізденістерде, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» роман-очеркінде кескіндердің, фотосуреттердің шығарма мәтінімен қабысып жатқанын сезінеміз. Бірақ авторлар ол деректік материалдарды ой ағымының иллюстрациясы ретінде ғана пайдаланады, суреттерді жеке-жеке сараламайды, кейіпкерлерді мінездемейді, олардың хронологиясын айқындамайды. Әділін айтсақ, ондай дәстүр қысылтаяң ол кез тұрмақ, оң-солымызды таныған тап қазірдің өзінде бізге сіңісе қояр түрі жоқ. Және бір айтарымыз: одан кейінгі мемуарлық шығармалардың, зерттеу еңбектердің сол іздің сорабынан көз жазғанын, бұра тартқанын байқай алмадық. Дей тұрғанмен әлеуметтік желілерде, әсіресе Facebook-та соңғы кезде тартымды фотосуреттердің тарихы, кейіпкерлердің мінездемелері жарияға шыққанын жағымды құбылыс деп қабылдадық. Біз Б.Ж. Омаровтың қазақ фотоөнер шеберлерінің жеке оқиғалық суреттеріне арналған түсіндірмелерді айтып отырмыз. Бұдан бөлек биыл баспадан шыққан Асылхан Әбдірайымұлының «Фотожурналист анықтамалығы», осы автор мен Досжан Балабекұлының «Фотография өнері» атты еңбектері жоғарыда көрсетілген тапшылықтардың орнын толтыруға мол септігін тигізеді деп ойлаймыз. Олар: «Деректі фотография фототүсірілімнің жанры ғана емес, бұл фотографиялық бейнелердің, фактілердің ерекше жиынтығы. Біздің өміріміздің әр сәті оқиғаларға толы, ал деректі фотосурет бұл құбылыстарды бұрмалаусыз, өңдеусіз, көркем әсірелеусіз сақтайды.

Күн сайынғы фотосуреттерде қаллар, адамдар, табиғат, оқиғалар, ауа райы құбылыстары немесе басқа да оқиғалар бейнеленіп жатады. Оларды сақтау, тақырыптық архивтердегі суреттерді жинақтау арқылы біз өткен күндер туралы жадыны ғана емес, бүкіл өміріміздің визуалды, фотографиялық бейнесін жасаймыз», - деп жазады [1, 274 б.].

Өткен-кеткен, арғы-бергі үлгі-өнегеге көз салар болсақ, көпшілік туындылары өзімізге мәлім тегі еврей француз жазушысы, өмірбаяндық романдар сериясымен аты әлемге әйгілі Андре Моруаны (André Maurois, шынайы аты-жөні Эмиль Саломон Вильгельм Эрзог, Émile-Salomon-Wilhelm Herzog) бөлекше атап айтар едік. Ол да «Ариель, или Жизнь Шелли», «Карьера Дизраэли», «Байрон», «Тургенев», «Три Дюма», «Жизнь Александра Флеминга», «Прометей, или Жизнь Бальзака», «Олимпио, или Жизнь Виктора Гюго», «Лелия, или Жизнь Жорж Санд» атты шығармаларында қолына түскен фотосуреттерді, арлы-берлі жолданған

хаттарды реті келген жерде қисынын тауып, қосымша дерек есебінде жария қылған. Ондай журналистік-әдеби әдіс өмірбаяндық романдарда сөз етілген оқиғалардың шынайылығын дәлелдеп береді, ғылыми-танымдық күш-қуатын еселей түседі, сөз өрнегі мен дәуір палитрасына үстеме бояу, фактілік бейне-тұрпат қосады.



Біз жария етіп отырған мына суретте әйгілі феминистердің бірі, кезінде «Le Figaro» газеті редакторының міндетін атқарған, «Консуэло», «Индиана», «Лелия», «Валентина», «Орас», «Жак» сынды 100-ге тарта психологиялық-романтикалық роман-повесті дүниеге әкелген, әйел бостандығы мен еркін махаббат туралы өзіндік ұстанымынан айнымаған Жорж Санд (Амандина Аврора Люсиль Дюпен) бейнеленген. Дей тұрғанмен Андре Моруа француз суфражисінің өзіндік өмір сүру стилін күстанамалайды, жатсынбайды, оған мейлінше жағымды мінездеме береді: «Многие порицали Санд за её любовные похождения, но яростная жажда её поисков объясняется невозможностью найти то совершенство, за которым она гналась. Пламенные души, становящиеся великими святыми, часто переживали бури в

молодости... Философия Санд была простой. Мир сотворён добрым господом богом. Сила любви, живущая в нас, дана нам им. Единственный грех, который не может быть прощён, - это намернное умолчание и ложь в любви, тогда как любовь должна быть полным единением душ» [2, с. 410.].

Енді алыстағы Франциядан әу баста түркі өркениеті тамырларынан нәр алған орыс мәдени кеңістігіне оралар болсақ, өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдары пушкинтанушылар, зиялы қауым ортасында едәуір пікірталас туғызған, орыс әдебиетін зерттеуге едәур сонылық әкелсе де, ішкері Ресейдің беделді ғалымдары пәлендей мойындай қоймаған Н.А. Раевскийдің Алматыда шыққан «Если заговорят портреты», «Портреты заговорили», «Друг Пушкина П.В. Нащокин» атты үш монографиясын алға тартар едік. Автордың: «В жизни Пушкина малозначительного нет. Мелкая подробность позволяет порой по-новому понять и оценить всем известный стих или строчку пушкинской прозы. Нет ничего оскорбительного для памяти поэта в том, что мы хотим знать живого, подлинного Пушкина, хотим видеть его человеческий облик со всем, что было в нем прекрасного и грешного», - деген байламы біздің тұлғатанушыларға да қатысты, бізге де үлкен өнеге екенін баса көрсеткен ләзім [3, с. 7.]. Автор осы принципін жүйелі ілгерілете келе, аталмыш еңбектерінде орыстың ұлы ақыны, прозаигі, журнал шығарушысы, очеркісі, мұрағат сұрыптаушысы айналасына қадала қарайды, майлы бояумен салынған портреттердің, автографтардың, фотосуреттердің тарихи сырына үңіледі. Осы артефактілер арқылы Пушкин тағдырының жазмыштық, тіпті пендешілік сипаттарын жайып салуға, Ресей билеушілері мен зиялылары арасындағы сана алшақтығын, ақсүйектер қауымының мораль туралы танымындағы айқын кереғарлықты ашып көрсетуге ұмтылады. Осынау аса сындарлы еңбегінің әр тұсында Н.А. Раевский кемеңгер қаламгер замандастарының күнделігіне де әлсін-әлсін жүгініп отырады. Біз де автор көрсеткен сол күнделіктің бірінен үзінді келтіре кетейік: «Вернемся снова к дневнику Фикельмон. 21 мая (1831 г. – К.Қ., Ә.Қ.) она записывает: «Пушкин приехал из Москвы и привез свою жену, но не хочет ее показывать (в свете). Я видела ее у маменьки – это очень молодая и очень красивая особа, тонкая, стройная, высокая – лицо Мадонны, чрезвычайно бледное, с кротким, застенчивым и меланхолическим выражением, - глаза зеленовато-карие, светлые и прозрачные, взгляд не то чтобы косящий, но неопределенный, - тонкие черты, красивые черные волосы. Он очень в нее влюблен, рядом с ней его уродливость еще более поразительна, но когда он говорит, забываешь о том, чего ему не достает, чтобы быть, красивым, – он так хорошо говорит, его разговор так интересен, сверкающий умом без всякого педантизма» [4, с. 235.].



Біз салыстыру үшін оқырман назарына ұсынып отырған ерлі-зайыптылар портреттерінен графиня Д.М. Фикельмонның (фельдмаршал М.И. Кутузовтың немересі, австрия дипломаты және саяси қайраткері К.Л. Фикельмонның зайыбы) байқамдарының растығына көзіміз жеткендей. Бір басына сыйықсыздық пен данышпандық қатар қонған А.С. Пушкин мен әйел затына лайық сұлулық пен салқындық символы Н.Н. Гончарова. Біз осы альянсты, осы үйлесімді таңдана қабыл аламыз. Бұл құбылысты біз табиғат тартуы мен әлеуметтік қажеттіліктің ымыраласуы, екі стихияның бір-бірімен өткінші келісімі деп білеміз. А.С. Пушкиннің өзі «Евгений Онегин» романында жазғандай:

Они сошлись. Волна и камень,

Стихи и проза, лёд и пламень
Не столь различны меж собой.
Сперва взаимной разнотой
Они друг другу были скучны;
Потом понравились; потом
Съезжались каждый день верхом
И скоро стали неразлучны [5, с. 33.].

Енді А.С. Пушкиннің бірден-бір ізбасары М.Ю. Лермонтовтың замандастары қаламынан туған ақын сипаттамасына тоқтала кетейік. Танымал лермонтовтанушы И.Л. Андроников Вера Ивановна Бухаринаның (Анненкованың) күнделігінен алынған төмендегідей кейіптеуді мысалға келтіруі бекерден-бекер емес шығар: «Она увидела его (Лермонтова – К.К., Ә.Қ.) впервые осенью 1832 года» [6, с.176.]. «Должна признаться, он мне совсем не понравился. У него был злой и угрюмый вид, его небольшие черные глаза сверкали мрачным огнем, взгляд был таким же недобрый, как и улыбка. Он был мал ростом, коренаст и некрасив, но не так изысканно и очаровательно некрасив, как Пушкин, а некрасив очень грубо и несколько даже неблагоприятно... Он был желчным и нервным и имел вид злого ребенка, избалованного собой, упрямого и неприятного до последней степени» [7, с.177.].

Осы күнделікті қолына алған оқырман тағы мынадай жолдарға көз тастайды: «Я видела его еще только один раз в Москве, если не ошибаюсь, в 1839 году; он уже написал своего «Героя нашего времени», где в лице Печорина изобразил самого себя.

На этот раз мы разговаривали довольно долго и танцевали контрданс на балу у Базилевских (мадам Базилевская, рожденная Грессёр).

Он приехал с Кавказа и носил пехотную армейскую форму. Выражение лица его не изменилось – тот же мрачный взгляд, та же язвительная улыбка. Когда он, небольшого роста и коренастый, танцевал, он напоминал армейского офицера, как изображают его в «Горе от ума» в сцене бала.



У него было болезненное самолюбие, которое причинило ему живейшие страдания. Я думаю, что он не мог успокоиться оттого, что не был красив, пленителен, элегантен. Это составляло его несчастье. Душа поэта плохо чувствовала себя в небольшой коренастой фигуре карлика. Больше я его не видела и была очень потрясена его смертью, ибо малая симпатия к нему самому не мешала мне почувствовать сердцем его удивительную поэзию и его настоящую ценность.

Я знала того, кто имел несчастье его убить, – незначительного молодого человека, которого Лермонтов безжалостно изводил <...> Ожесточенный непереносимыми насмешками, он вызвал его на дуэль и лишил Россию ее поэта, лучшего после Пушкина» [8, с. 177-178.].

Біз жоғарыда келтірілген үзінділерден «дарын» атты қасиеттің кейде адамның сыртқы пішінімен, мінез-құлқымен сәйкестік таппай жататынын аңдаймыз. Талантты жан астарлы ішкі толғанысы, езілуі мен күйінуі мезетінде өзі өмір бойы пір тұтқан бейнеге де аяусыз, еш мейірсіз сүзілетінін аңғарамыз. Ұлы шайыр оқымысты жұрт жатқа білетін мына махаббат лирикасындағы меңзеуін ғұмыр бойы жүрегіннің түкпірінде жүрген В.А. Лопухина-Бахметеваға да (жоғарыдағы Лермонтовтың оң жағындағы суретке қараңыз) бағыштайды:

Нет, не тебя так пылко я люблю,
Не для меня красы твоей блистанье;
Люблю в тебе я прошлое страданье
И молодость погибшую мою.
Когда порой я на тебя смотрю,
В твои глаза, вникая долгим взором:
Таинственным я занят разговором,
Но не с тобой я сердцем говорю.
Я говорю с подругой юных дней,
В твоих чертах ищу черты другие,
В устах живых уста давно немые,
В глазах огонь угаснувших очей [9, с. 225.].

Шығармашылық күш-қуатын М.Ю. Лермонтовтың түрлі түсті ғұмырнамасын жазуға сарқа жұмсаған И.Л. Андроников ақынның Қап тауында салған әрбір суретіне, қолтаңбасына шейін сараптайды, сол кездегі кескіндемеге түсірілген жер-су, қорғанның орналасқан жеріне барады, оның топографиялық тұрағын да анықтайды, фотосуретке, кинокамераға түсіреді, сөйтіп, дәуірлер өзгерісін салыстырады, шендестіреді. Ғылыми танымның, біздіңше, бұл да бір өнімді әдіс-амалы. Соның нәтижесінде ғалым, публицист, киносценарийист И.Л. Андроников төмендегідей байыпты да байсалды қорытындыға келеді: «Природа одарила Лермонтова разнообразными талантами. Он обладал редкой музыкальностью – играл на

скрипке, играл на рояле, пел арии из своих любимых опер, даже сочинял музыку. Есть сведения, что он положил на музыку свою «Казачью колыбельную песню», да ноты пропали после смерти и до нас не дошли. Он рисовал и писал маслом и, если бы посвятил себя живописи, без сомнения, мог стать настоящим художником. Он легко решал сложные математические задачи, слыл сильным шахматистом. Он был великолепно образован, начитан, владел несколькими иностранными языками. Живая и остроумная беседа его была увлекательна. Казалось, все в жизни давалось ему легко. И все же свой гениальный поэтический дар он совершенствовал упорным трудом» [10, с. 556.].

Батыс ділі табиғатында зерттеу нысанына көшкен адамның бар болмыс-бітімін, оның жағымды-жағымсыз жақтарын, өрлеуі мен құлдылауын еш жасырмай, салыстыра көрсету дәстүрі талайдан бері қалыптасқан. Бұл да, біздіңше, жан-жақтылық қисынының бір белгісі. Мысалы, көзі тірісінде аты аңызға айналған, мыңдаған табынушылары басына көтерген В. Высоцкий турасында қазір тау-тау естеліктер, бүйірі қампиған жазбалар тіптен мол. Солардың бір парасы мынадай: «Судя по отзывам, по характеристикам, которые ему выдавали педагоги, во время учебы Высоцкий не был примечателен. Его не относили к неспособным, к



профнепригодным, но и среди талантов, среди надежд его не числили.

После первого семестра таким он выглядел в глазах педагогов: «Высоцкий: кажется способным, сделал успехи, но его лимитирует дурной вкус, очень устоявшийся... Очень недисциплинирован на истории партии... Развязен на истории зарубежной литературы... Физически развит плохо... На танце внимателен, но зажат... Старателен на сценическом движении, мешает суетливость... Без увлечения занимается манерами... Неискренен... На мастерстве актера

беспокойство вызывают его речь, голос, манеры... Любопытен, но перекричал, переиграл» [11.]. Қазір біз бұндай деректерге, әсіресе басқа жұрт өкілдері хақында айтылған/жазылған/көрсетілген «кірлі» мәліметтерге жымындай қараймыз, қазақ әулетінен мұндай бейқылық, жойдасыз жөн-жосықтың әзірше аулақ жүргеніне шүкіршілік етеміз, батыс елдері жат санамайтын бей-берекет еркіндік жуық маңда бізге мүлде жоламайтындай бей-жай күй кешеміз.

Әрине, әр ұлттың туа біткен, жүре біткен қасиеті, тіршілік қалыбы, өзіне жарсып тұрар өмір салты болады. Қазақ жамағатында ашық-шашықтықтан гөрі ибалық, қысылып-қымтырылу басым. Қазіргіше айтсақ, қара PR-дан гөрі жағымды, тұрлаулы тұстарымызды марқайта, абыройлы көрсетуге құштармыз. Оған қосанжарлай о заман-бұ заман құндылықтарын, басымызға қондырған қазіргі игіліктерді жария да, бүркемелей де қайта қарап (ревизиялап) жатқан жайымыз және бар. Тіпті кейбір мәдениеттану элитасы, әдебиет қайраткерлері қызды-қыздымен кеңес кезеңінде орныққан оң көзқарастарды, жетістіктерді, сол дәуірдің классик жазушыларын жаппай жоққа шығарып жатады. Бұл, біздіңше, тап күресі теориясының қарсы беті, өткен ғасырдың елуінші жылдары АҚШ-та екпіндеген маккартизмнің елесі, идеологиялық шарасыздықтың нақ өзі. Осы ретте филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Кәкішевтің: «Қазақ халқының шерлі де жаңа тарихында, әсіресе ХХ басында әлеуметтік-эстетикалық сана-түсінігімізді оятып, теңдікке үндеген, мәдениет биігіне шақырған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиевтің, кер заманның жаңа көркемдік танымын қалыптастыруға үлкен үлес қосқан Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтардың тарих сахнасына қайта оралуы қанша зор қуаныш болса да, бір халықтың рухани дүниесінің бірден-бір көрсеткіші

бола алмасы, кең сахарда өсетін әсем гүлдердің бар жиынтығы көрік-келбеті бола алмасы айдан анық. Біреуді біреумен алмастырып, мұратқа жетеміз деген пиғыл тек қана жетесіздіктен тумак», – деген концепциялық пікірі жас зерттеушілерге көзжазбас нұсқама болғаны жөн [12. 295 б.].

Біздің бір байқағанымыз, кейінгі жылдары сәкентауға да, сәбиттануға да дәстүрлі баспасөзде және әлеуметтік желілерде үлкен үлес қосып жүрген ғылыми тұлғалардың бірі де бірегейі – филология ғылымдарының докторы, профессор К. Ахметова. Ол кісінің осы бағыттағы ұлттық мәдени-зияткерлік кеңістікті жетілдіру, қазақы таным ортасын рухтандыру, ғылыми-сараптама жолындағы расшылдық пен шеберлікті кемелдендіру ұстанымы даңғыл зияткер Т. Кәкішев позициясының заңды жалғасы деп білеміз.

Әлбетте, сәкентану саласын жан-жақты ілгерілетуге талай танымал азаматтар үлес қосты. Оның бастау алар тұсында Сәбит Мұқанов сияқты алыптар, Сәйділ Талжанов, Тұрсынбек Кәкішев сынды ірі ғалым, публицистер тұрғаны мәлім. Әсіресе Сәбеңнің «Есею жылдары» үш томдығының «Сәкеннің салттарынан» атты тарауы қандай әсерлі... Кейіпкердің колоритті портретін нағыз қазақ тілі бояуымен сүйсіне бейнелеуі, оның кірпияз мінез-құлқын, еркесылқым жүріс-тұрысын тап баса баяндауы – ұлт ауыз әдебиетінен мейірі қана сусындаған қазақ жазушысының ғана қолынан келер шаруа. Сәкен Сейфуллиннің тап сондай жан болғандығына оның фотопортретін өмірі қолына ұстамаған адам да қалтқысыз сенеді. Яғни ауызша кейіптеу, мінездеу, суреттеу, бейнелеу өнерінің сыналған әдісі еш адастырмайды, мыңның арасынан іздеген адамынды жазбай тануға мүмкіндік береді. Алайда, бүгінгі таңда, инстаграм, селфи, инфографика дүрілдеп тұрған шақта ауызекі/жазба мәтінді фотосуретпен байыта түсу еш артықтық етпейді, қайта сөз етер тақырыпты аша түседі, деректі-көркем журналистиканың көкжиегін кеңейтеді, тартылыс күшін арттырады. Олай болса, біз Сәбеңнің көркем лексикасына сүйене отырып, әр жерден қолымызға түскен көпшілікке белгілі суреттерді сөйлетіп көрейік, фотопортреттерге тіл бітіріп байқайық.

Айтқандай, профессор Т. Кәкішев Сәкеннің портретін сөзбен салған Сәбит Мұқанов дей келе, «Сәкеннің сымбаттылығы оған әрі бағы, әрі соры болған кезі аз емес. Құдай берген табиғат сыйын қызғанатындар аз емес қой бұл жалғанда», – деп ой қорытады [13, 41 б.].



Сәбең, Сәбит Мұқанов Орынбордағы ауруханадан шыққанан кейінгі Сәкен Сейфуллинмен жүздесуін былайша баяндайды: «Мені боз арғымаққа жегілген фазтонға отырғызған Әлкей Сәкен үйіне әкеп түсірді. Есікті Сәкеннің өзі ашты. Кейде ол басына Арқа қазақтарында кездесетін маңдайын жоғары көтере қайырған, жасыл пайымен тысталған пұшпақ бөрік киюді, үстіне сол Арқаның кең қолтық сырма шапанын, аяғына кең қонышын қара саннан келетін байпақты етікті киюді жақсы көретін. Қазір ол осы киімде екен» [14, 8 б.].



«Ең алдымен сымбатының, келбетінің сұлулығына сәйкес, Сәкен айта қалғандай дені сау адам екен. Сол күйін бағалайтын ол сұлулығына нұқсан келтіреді-ау дейтін қылықтардан аулақ екен. Мысалы, сол бір кездегі қазақ оқығандарының арасында насыбай ату салты бар. Бұл өзі жоламаумен қатар насыбайшыларды сықақтап, ауыздарын әлденеге ұқсатып

ыза қылатын. Жас күнінен шылым тартатын ортада болғанмен, Сәкен шылым да тартпайтын. Бірақ оның кілттеулі столында үнемі қайдағы бір әдемі папиростар сақталатын. Ол үйіне келген қадірлі қонақтардың ішінде шылымшылары болса, сый ретінде бірен-саран ғана беріп, тағы жауып қоятын да, одан кейін жалынса да иіскетпейтін. Қызулау мәжілісте кейде өзі де әуестеніп, папиросты аздап соратын да, түтінін ішке жібермей, қалың мұртының арасынан будақтата шығаруды жақсы көретін. Сәкен араққа зауқы соқпайтын адам да. Ол кейде, кейбір мәжілістерде ғана аузына тәтті қызыл арақтың дәмін ғана адып, кішкене рюмкаға бір рет құйғанды бір кешке жеткізетін» [15, 8-9 бб.].

«Тамақты өктем ішу Сәкеннің салтында жоқ та. Ол таңертең сол күнгі сүттен іріткен ақ ірімшікті шикі қаймаққа жаншып, кішкене бір тарелкасын тауысатын да, сүт құйылған бір стакан қою шай ішіп, қызметіне кететін. (Сәкеннің сондағы стакан қоятын тұтқалы, әшекейлі күміс подстаканнигі оның әйелі Гүлбаһрамда күні бүгінге дейін бар). Кеңсе тамағын Сәкен ішпейтін адам да. Түскі астың үзілісі кезінде ол бір стакан айран ғана ішіп, кеңсе қарсысындағы Жайықтың жағасына жаяу кететін де, қыс болса, мұз үстінде, жаз болса, көгалда сағатқа жақын серуендей қайтатын, бірге серуендеп, төңірегін қоршаған адамдары үнемі бірталай толатын. Бәрінің тыңдайтыны – Сәкен, ол қысқаша күлкілі сөздерді айтатын.

Үйіндегілер түскі тамақты Сәкен қызметтен келгенде ішетін. Сонда көбіне жейтіні – жылқының етінен жасалған «бес бармақ». Майды аз жейтін Сәкен бес бармақтың семіз болуын ұнататын, сондықтан табақтас адамдар мәре болып қалатын. Семіз еттен қарта мен қарынды немесе «сағыздай шайнауға жақсы» деп – жалды жақсы көретін. Олардан бірталай жейтін. Ет тұздығының татымдысын ұнататын. «Семіріп кетем» деп еттің күлшесін аз жегенмен, табақта молырақ болғанын тілейтін. Кешкі тамағына Сәкен сухаримен шай ғана ішетін. Қантты сирек және шетінен тісімен шекіп қана тататын. Тісімді бұзады деп кәмпит атуалыны жемейтін, бірақ стол үстінде тұрғанды ұнататын. Жалпы алғанда, Сәкен тәттіден гөрі тұздырақ тағамға сүйсінетін [16, 9 б.].

«Сәкен «былшиған» деп, семіз адамды да, «тыртыған» деп арық адамды да ұнатпайтын. Оның дене құрылысы жағынан ұнататындары – сыла ғана адамдар. Өзін осындай адаммын деп түсінетін ол (расында солай болатын) бәйгеге қосуға баптаған аттай, денесін үнемі тоқ жарау ұстайтын. Семіріңкіреу белгісін ол үнемі кіндік маңынан іздеп, егер қазы біліне бастаса, күн сайын жасайтын әдеттегі гимнастикасын үдетіп, семіздігін ойдағы қалпына келтіргенше тынбайтын, арықтау белгісін Сәкен үнемі мойнынан іздейтін. Ол балуан мойынды адам да. Сонысын мақтан көргендей, біреулермен мәжілістетіп отырғанда басын оңды-солды бұрып, мойнын саусақтарымен жан-жағынан қысқылап отыратын.

Сәкеннің бұлшық еттері түйінді және қатты болатын. Ол екі қолының да бұлшықтарын кезек-кезек қысып отырудан тынбайтын. Денесінің былайғы бұлшықтарын көрсеткісі келгенде, «Балуан Шолақ бүйтеді екен» дегенді сылтау ғып, физкультурамен шұғылданған уақытта: «әй, бері келші!..», - деп, қасына шақырып ап, жонның, санның бұлшықтарын қыстырып көрсететін. Темірдей қатты бұлшықтарын мақтан көргендей: «Қыс!.. Қаттырақ қыс!», - дейтін.

Сәкен қызмет күндері екі рет гимнастика жасайтын. Бірі ертемен, ас алдында, екіншісі – кешке жатар алдында. Ертеңгі гимнастикасын қыста үскірік аяз болмаса, жазды күні нөсер жаңбыр болмаса, қора ішінде жасайды; кешкісін пәтеріндегі кең бөлмеде жасайды. Қызметтен бос күндері жаяу не атпен далаға кетіп қап, тоқыраған жерде көбінесе физкультурамен шұғылданады.

Сәкен екі мезгіл ұзақ жуынатын адам еді: таңертең және қызметтен немесе серуеннен қайта. Екі мезгілде ол көйлегін шешіп тастап, кеуде мен басын сабындап тұтас жуады. Қыс күндері үйде жуынғанмен кейде қора ішінде көйлекшең шығып, алақандарын, білектерін, мойнын, кеудесін құрғақ қармен ысқылауды жақсы көреді. Моншаға ол сирек (айына екі-үш рет қана) түседі және үйінде ваннның бола тұра, көпшілік моншасына барады» [17, 10 б.].

«Дене тәрбиесін жақсы ұстайтын Сәкеннің ерекше күтетіні – шашы мен мұрты. Табиғаттан толқындала біткен оның шашы көмірдей қара. Сонымен сән көргендей, Сәкен соңғы жылдарына дейін ұзындау өсіріп жүрді. (Ертеде тіпті жалбыр ғып, иығына түсірген



деседі). Күн сайын таңертең ұзақ жуатын шашын ол кейін қайыратын. Сонда құрғақ түрінде де, дымқыл түрінде де бұйрасы жазылмай, қараңғы түнде жел тербеткен судай болып тұратын. Шашы көмірдей қара Сәкеннің мұрты да қара сұр түсте еді. Оның мұрты ұйпаланғыш түбітті емес, майыспайтын қылшықты болатын; кобыраған қалың емес,

қоюлау қияқты келетін; қылшықтары ұзынды-қысқалы болмай, жарыса тегіс өсетін де, сапары шықшытына жететін, оны алақанымен ара-тұра сипалап отыратын дағдысы бар. Өсіріп жіберсе қаба, қалың қара сұр сақалы болатын түрі бар да. Сәкен оны күн сайын қырып, орны көгерінкі көрінбеу үшін аздап қоңырлау түсті опа жағатын. Сақалының тебіндеген қылтаңы темірдей қатты да. Ол тек төменгі ернінің астына шығатын шоқша «ата-сақалын» ғана өсіріп, ұзарып кететін болған соң, ұшын қайшымен ырқып жүретін.



Киімді Сәкен үнемі сәнді, көбінесе европаша киінетін. Ол кезде галстук тағу салты жоқ. Сәкеннің галстугы мойнына түспейтін. Ол үнемі пілдің сүйегінен жасалады дейтін қатқыл ақ жаға киетін, сондай жең-ұш салатын. Үйінде көбінесе қазақы киімдермен отыратын. Орынборда «қазақ полкі» деген әскери құрам бар, оның сыйлы командирі болғандықтан, Сәкенге полк командирінің киімі берілген. Сәкен кейде тысқа сол киімдерімен шығуды да жақсы көретін. Бірақ күн жылы болса да, шинелін

тастамайтын, сондағы себебі, сұлу біткен барлық денесіндегі жалғыз кемшілігі – жіліншіктерінің аздап талтақ бітуі де. Соған «қорланатын» Сәкен, көшпелі ат үстінде жүретін аталарымыздан қалған «мұра» дейтін. Ол кездегі әскери адам аяғына етік қана киеді. «Солай киінгенде жіліншіктерінің қисығы көрінеді», - деп, Сәкен етігін шинелінің етегімен жабатын. Мұрты ұзын сұлу кескінді Сәкенге әскери киім өте жарасатын. Сол кезде өзін Қызыл Армияның атақты қолбасшылары Буденный мен Каменовке ұқсас көріп, мақтанған бейне көрсететін» [18, 10-11 бб.].



«Сәкен бір көрмеге мейлінше тәкаппар, кекір мінезді кісі сияқтанатын еді. Ұнатпайтын адамына солай болатыны да рас. Олары «тап жауы» деп санайтындары мен ісі, мінезі халыққа жат чиновниктер. Ал, «өзім» деген адамға, әсіресе қарапайым еңбекші адамдарға Сәкеннен кішіпейіл кісіні табу қиын да. Мысалы, ол осы қаладағы оқу орындарына көп баратын, оқушылардың оқу я жатақханаларын көп аралайтын, көп сөйлесетін, кіші қызметкерлердің пәтеріне қонаққа барудан

тартынбайтын адам да.

Ондай адамдар Сәкеннің пәтеріне де көп барады. Әдетте Сәкеннің түскі асын жеке ішуі сирек ұшырайды. Көбінесе стол төңірегін толтырған қонақ болады. мәжілістері үнемі қызғылықты келеді. Сәкен бірсыдырғы домбырашы адам еді. Домбыраны ол сабаламай ақырын ғана шертетін, саусақтары салалы ұзын, қарулы болатын. Солары домбыраның шектерін іліп, пернелерін басқанда да немесе қарындаш пен қалам ұстап, қағаз жазғанда да аздап дірілдейтін.

– Атаман Анненковтың азап вагонынан жұқтырған дертім, – дейтін Сәкен, – іші ызғар сол вагонға үш ай қамалғанда, үнемі тоңазудан арылмайтын денеме қалтырақ пайда болды. Саусақтарымның аздап қалтырауы содан қалған жұғын.

Домбыра шерткенде Сәкен күйіне келгендей, қарашығы мөлдіреген үлкен қара көздерін ойнақшытып, қою қара қастарын қимылдатып, кескінін құбылтып отыруды жақсы көретін. Сәкеннің даусы қоңыр болатын. Кейде сол даусын домбыраның бас пернелерінен шығатын қоңыр әндерге ақырын ғана қойып қоятын.


Өзгеге өлең айттыруға жаны құмар да, әсіресе қызмет бабындағы жәрдемшісі – Әлкей Өтекинге. Бұл сымбатты, сұлу әрі сері жігіт Қазақстанның 1923 жылдың күзінде өткен үшінші съезіне Ақмола губерниясынан келген делегаттардың бірі екен. Орта шаруада бұла, сері боп өскен бұл жігіт (Сәкеннен төрт жас кіші) домбыраны да жақсы тартады екен, өлеңді де жақсы айтады екен. Осы өнері Сәкенге бір көргеннен ұнап қалды да, қазақы жігіт екендігіне, орысшаны нашар білуіне қарамай, өзіне жәрдемшіге алған және өзге жерге емес, өз пәтеріне тұрғызған. Сәкенге серік бола, ол да Сәкенше киініп, екеуі Орынборда «қос сері» аталып кетті [19, 12-13 бб.].

Мінез жағынан Әлкей – құдайдың, ауылша айтқанда, қосшылыққа, кеңсеше айтқанда, жәрдемшілікке әдейі жаратқан жігіті. Ептілігі мен жылпостығында қисап жоқ. Әсіресе, иіліп, бүгіліп, Парижде өскен серіден кем білмейді. Сәкен сол кездің салтына бағынбай, үстіне ең жақсы жұпарды құйып жүретін кісі. Әлкей де сөйтіп, екеуі үй түгіл, көшеде бұрқырап жүреді.

Екеуі де «әйелдерге жұлдызды» жігіттер саналады. Бірақ икемділік жағынан қылықтары екі басқа: Сәкен тұрпайы мінезді, тұрпайы сөзді адам, әйелдер оны сонда да ұнатады; ал Әлкей бұл мәселеде барып тұрған джентльмен. Білетіндер: «Әйелдерге Әлкейдей реверанс жасай алатын жігіт Орынборда жоқ», – дейтін. Бұл жайдағы көптеген әңгімелерге бұл арада тоқтаудың қажеті жоқ.

Әншілікке келгенде, ол кездегі Орынборда Әлкейге таласа аларлық қазақ жоқ. Оның білетін әндерінде қисап болмайды. Арқаның Балуан Шолағының, Үкілі Ыбырайының тағы басқа атақты әншілерінің барлық репертуарын аяқтарынан тік қояды. Даусы зор емес, бірақ мейлінше сәнді, әнді орындауы мейлінше тамаша. Міне, осы Әлкей – Сәкеннің пәтерінде жиі болып тұратын мәжілістердің гүлі» [20, 13 б.].

Сәбит Мұқановтың естеліктеріндегі Сәкеннің серігі – Әлкейдің туысы Қаскейге профессор Т. Кәкішев бертінгі жылдары жолығыпты, талай естелігін ұнтаспаға түсіріпті. «Өмір доңғалағы айналып жатыр. 1990 жылы Каскей Өтекиннің туғанына 90 жыл толғанда сол кездегі Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, аяулы азамат Қасым Тауқеновтің шешімді де инабатты әрекетімен аудандық көлемде ұлан-асыр той жасалды. Облыстық газеттің редакторы, жазушы Жанайдар Мусин екеуіміз ақсақалдың шашпауын



көтерушілер қатарында болып, оңаша қалғанда Сәкенмен екеуінің жігітшіліктерін жалына сұрасақ та, сыр ашпады. Бар дәлелі – «ақын-жазушылардың аузы жеңіл, ел-жұртқа жайылып кетсе, кейінгі ұрпақтарының бетіне шіркеу түседі» деп маңына жолатпай қойды», – деп ой түйеді кемеңгер зерттеуші [21, 53 б.].

Иә, адамның зердесі кейде дамылдауды қалап тұрады, жанары жыпырлаған біркелкі мәтіннен де талады, назары бөгде нәрсеге ауа бастайды. Осындайда деректілікті, көркемдікті танудың басқа форматына ауысу амалы, атап айтқанда, түрлі түсті немесе ақ-қара фотосуретке көше қою әдісі көмек қолын созады. Статикалық «жансыз бейне» көз тоқтатып, қадала қарауға, оның әр элементін аспай-саспай сараптауға аса ыңғайлы. Оның видеоматериалдан бір артықшылығы тап осылайша көрініс беруінде дер едік.

Біз бұл мақаламызда Сәкен Сейфуллиннің адами бейнесін, жоғарыда айтқанымыздай, оның замандасы, идеялас інісі Сәбит Мұқановтың кейіптеуіне ғана сүйеніп бере алдық. Бірсыпыра тарихи суреттер ретуштің кесірінен бастапқы отты лебінен айырылған, солғын тартқан. Дегенмен мәтін мен суреттің одақтасуын белгілі бір дәрежеде көрсете алдық қой дей ойлаймыз. Алғы күндері қазақ арасынан Н.А. Раевский сықылды полилингв зерттеушілер, ғылым десе, ішкен асын жерге қояр жанқияр жандар, ағылшындар айтпақшы, *dedicated* жастар шыға қаларына мейлінше сенгіміз келеді.

Әдебиеттер:

1. Әбдірайымұлы А., Балабекұлы Д. Фотография өнері. – Алматы: Дарын, 2022.
2. Моруа А. Лелия, или Жизнь Жорж Санд. – Алма-Ата: Өнер, 1989.
3. Раевский Н.А. Портреты заговорили. – Алма-Ата: Жазушы, 1980.
4. Раевский Н.А. Портреты заговорили. – Алма-Ата: Жазушы, 1980.
5. Пушкин А.С. Избранные сочинения в двух томах. Том второй. – М.: Художественная литература, 1978. 6-7-8; 10. Андроников И.Л. Лермонтов. Исследования и находки. – М.: Художественная литература, 1967.
9. Лермонтов М.Ю. Сочинения. Т.1. – М.: Правда, 1988.
11. Сазонов Е. «Высоцкий прекрасно знал, с кем вась-вась, а с кем кусь-кусь»// Комсомольская правда, 26 января 2017. 12-13; 21. Кәкішев Т. Сәкен аялаған арулар. – Алматы: Атамұра, 2003. 14-20. Мұқанов С. Есею жылдары. Үшінші кітап. – Алматы: Жазушы, 1970.

Бекен ЫБЫРАЙЫМ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

ҰСТАЗ

Өрлеу атаулының ең басты, қажетті, қозғаушы һәм қанаттандырушы күші ғылым екені әлемге айдай анық ақиқат. Ендеше, сол ғылым салаларында еңбек етіп жүрген қарапайым да адал, еңбекқор жандар жайында әңгіме өрбіту, түптеп келгенде, өзіміздің өмірімізді ой елегінен өткізу. Өз өмірімізді таразыла-майынша, болашақ бағыттарымызды байыпты барлау қиын.

Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті тұлғаларының бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері Тұрсынбек Кәкішев қандай ілтипатқа да лайық екенін айтпай, орағытып өту мүмкін емес.

Ұзақ жылдар бойы университетте сабақ беріп, ұстаздық пен ғалымдықты қатар алып келе жатқан қайраткердің шығармашылығы көп қырлы. Біз де осы кісіден дәріс алғанбыз. Сондықтан да ұстазың туралы жазу әрі оңай, әрі қиын. Оңай көрінетіні – бірнеше жыл бойы дәріс берген, кезінде ақыл-кеңес беріп, қамқорлық жасаған ақ ниетті ағаның жүріс-тұрысы, кескін-келбеті, қылық-қимылдары, сөйлеу мәнері мен дауыс ырғағына дейін жақсы таныс, жүрегімізге жақын, арада талай жылдар жылжып өтсе де жады-мыздан мәңгі өшпестей жатталып қалған. Қиындығы – көңіліңнің қақ төрінен орын алған азамат аға жайында

объективті, әділ пікір білдірмесе, сөзінде қадір-қасиет қалмайды, ал жәркелештенген жәреуке, жарамсақ сөздің өзіне де, өзгеге де қажеті жоқ. Осындай екі оттың ортасында, шекен тершігенде, еріксіз жұрттың аузына қарасақ, «Тұрсынбек Кәкішев қазақ әдебиеттану ғылымына не берді?» деген сауалға қашанда жаныңды марқайтып, көңіліңді өсіретін жауаптар айтылып келген екен. Ғалым-педагогтың сан салалы мақалаларына зер салып өткенде, байқалатын басты ерекшеліктердің бірі – сыншылдығы, осы сыншылдық арқылы ғалымның өмірлік те, шығармашылық та кредосын айқындаған сыншылдығы.

Қандай да болсын, көркем шығармаларды, көркемдік құбылыстарды, әдебиет тарихының бел-белестерін таразылағанда, зерттеушінің қолындағы адастырмас компасы – эстетикалық талғамы. Осы компас-талғам арқылы ғана зейінді зерттеуші әдебиеттің айнымас асыл қасиеті, Темірқазығына тура бағыт алады. Ендеше эстетикалық талғам – сыншының білім-білігінің, ол аз десеңіз, интеллектуалдық болмысының көрсеткіші.

Сондықтан қандай да әдебиет ғалымы ең алдымен сыншы болуы – бұлжымайтын шарт. Әдебиет фактілерін тізіп, белгілі бір қисын-дарға сабақтастырып, оқыған-түйгенін жүлге-жүлгесімен жүйелегенімен, әрқилы талас-тартыстарды қоғамдық-тарихи кезең сипатына орайластыра сабақтағанымен, талғамы нашар ғалым ешуақытта шындықты аша алмайды, эстетикалық түйсігін түлейлік көлегейлегендіктен, сөзінің сөлі болмайды. Көркем шығарманың нәзік табиғаты мен эстетикалық әлемін терең сезіне алмаған ғалымнан не үміт, не қайыр? Ондай тұрпайы социологтер әдебиетті идеологиялық қолжаулыққа, келтекке айналдыруға бейім тұратынын тарихи шындық әлдеқашан дәлелдеген. Мұндайлардың ұшырасуы – дүмбілез дүниетанымнан, талғамсыздықтан. Т.Кәкішевтің қырық жылдан асқан шығармашылық жолына көз жібергенде, сыншылдық компастың ғалымды үнемі тура жолға бастап, ақиқаттың ақ жолынан тайдырмағанын көреміз. 1956 жылы М.Нарышкинаның «Павлов туралы әңгімелер» атты кітабын қазақшаға тәржімалауы сол кезде әлі отызға толмаған, тепсе темір үзетін жас жігіттің көркем шығармашылық табиғатын нақты әдеби материал арқылы сезінуіне, көркем шығарманың неден «жасалатынын» өз қолымен ұстап, өз көзімен көруіне қажетті, нақты мысал қызметін атқарғаны сөзсіз. Тегінде әдебиетті зерттеймін деген адамның өзі әдеби шығарма жазбаса, осылайша көркем шығармаларды аударуы оның өзі үшін игі әсер ететіні, біздіңше, талассыз болуға керек.

Міне, осыдан кейін әдебиеттің әралуан мәселелеріне арналған «Октябрь өркені» (Қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелері жайында, 1962), С.Сейфуллин туралы жазған бес кітабында (1965,1978,1968,1976,1994), қазақтың әдеби сынының тарихын таразылаған үш монографиясында («Сын сапары», «Оңаша отау», «Қазақ әдеби сынының тарихы» (1971, 1982, 1994), қазақ әдебиетінің бел-белестерін белгілеген «Ұлы Октябрь шуағы» (М.Дүйсеновпен бірлесіп жазған), «Дәуір дидары» (1985) сияқты салмақты еңбектерінде, сондай-ақ «Дәуір суреттері» монографиялық этюдтерде (1967), «Садақ» эссесінде (1986) көркем әдебиетіміздің тарихы мен эстетикасына қатысты көптеген мәселелер көтеріледі. Оның барлығын бір мақала көлемінде таратып, талдап жату мүмкін емес. Тегінде, қазақ ғалымдарының шығармашылық-азаматтық қайраткерлігі хақында алдағы уақытта арнайы сериямен монографиялар шығару қажет.

Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов сияқты біртуар тұлғалар қалыптастырған қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы мен тұлғалары туралы байыптаудың алуан қырлы ғылыми-қоғамдық мән-маңызы бар. Өйткені сол ғалымдардың ғылымдағы өмірі халқымыздың рухани өмірімен етене, біртұтас болғандықтан, еліміздің қоғамдық-рухани бел-белестерін тану мен танытуға қажетті аса мол қазына.

Т.Кәкішевтің кітаптарында С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сияқты алыптар тобынан бастап, әдебиет дамуының әр кезеңінде өзіндік рөл атқарған С.Шәріпов, Ж.Тілепбергенов, Е.Бекенов, С.Ерубаев, Б.Бұлқышев, басқа да көптеген қаламгерлер туралы толғамдары – сыншының эстетикалық сергектігінің, сезімталдығының, сарабалдығының дәлелі. Егер сыншылық сезімталдығы болмаса, зерттеушінің пікірінде құнар қалмайды, жалпылама, жүре айтылған жайдақ сөзі далаға кетеді. Ал Т.Кәкішевтің пікірлеріндегі сыншылдық байыптылықты дәлелдейтін мысалдарды тізбелемей-ақ, бұл жолы

біз ең басты негізгі екі айғақты – әлгі қыруар мысалдардың басын қосатын екі негізгі түйінді алға тартсақ дейміз.

Біріншіден, ғалымның ұзақ жылдар бойы архив қазыналарын ақтарып, инемен құдық қазғандай мехнатпен мысқалдап деректер жинауы, сол жинаған деректерін моншақтап тізе бермей, үніле зерттеу мен зердеден өткізу нәтижесінде әдебиетіміздің тарихына енгізуге ұмтылуы, ұмтылып қана қоймай, өз тарапынан енгізген ақын-жазушылардың, ғалым-сыншылардың барлығының да жалпы қазақ әдебиетінің белгілі, белді тұлғаларына айналуы, әрі ешкім де еш уақытта «Тұрсеке, сіздің мына ұсынысыңыз теріс, мына қаламгер мұндай ілттипатқа лайық емес» деп айта алмауы.

Екіншісі, сыншылық сезімталдық пен алғырлықты, байыптылықты, ғалымға тән білгірлікті, ауқымдылықты қажет ететін әдебиет мәселелері, айталық, әдебиетіміздің белгілі бір кезеңдерінде көркемдік әдістердің өзіндік рөл атқаруы, жанрлардың пайда болуы мен қалыптасуы, әдеби-тарихи кезеңде айрықша қызмет атқарған қайраткерлердің шығармаларындағы сипаттар – жетістіктер мен кемшіліктердің азаматтық адалдықпен, парасаттылықпен пайымдалуы.

Осы екі түйінді тарқататын мысалдар, айтқан пікіріміздің тұздығына жарайтын толымды пікірлер, дәлелдер Кәкішев кітаптарында тұнып тұр. Мерейтой үстінде майдалап, мимырт аяңмен мысқалдап таразылағаннан гөрі, осылайша жинақтап айтып, қадау-қадау сипаттарға назар аударған жөн секілді.

Ғалым-ұстаздың эстетика талабын, шарты мен шындығын терең сезінуі – күллі ғылыми еңбектерінің өзекті принципіне, алтын арқауына айналған. Шығармашылық жолы – осынау арқаудың нақты мысалы, сыншылдық талғамы мен азаматтық дүниетанымының әрі нақты көрінісі, әрі бейнелі көрсеткіші.

Сыншылдық, сезімталдық ғалымның алымдылығымен, ауқымды пайымымен тізе қосқанда, рухани игілігімізге үлес қосатын парасатты еңбектер дүниеге келеді. Т.Кәкішев сияқты ғалымдары-мыздың еңбектері – осындай тұжырымның тиянақты дәлелдері. Осы ретте ғалым-сыншыларымыздың төл әдебиетіміздің белгілі бір кезеңін томаға-тұйық жағдайда қарастырмай, жалпы әдебиетіміздің даму жолдарымен сабақтастыра яғни тарихи контексте пайымдап, дәстүр тағылымы мен әдебиеттегі соны құбылыстарды өзара байланыста зерттеуі – тарихи-әдеби шындықты аршып, айқындау-дың алғышарты. Сыншы немесе зерттеушінің тиянақты, тыңғылықты даярлығы, биік эстетикалық талабы мен талғамы, оған қоса қара қылды қақ жаратын әділдігі, тарих тереңінде қалғандықтан, екі ұшты әсер етіп, түсініксіздеу, бұлдыр көрінетін рухани жәдігерліктерді бүгежектемей талдайтын батылдығы мен ақжүрек адалдығының осы шындықты айқындаудағы қадір-қасиеті ерекше.

Сөзіміз жалаң болмас үшін бір ғана мысал келтірсек те, ғалымның бірегей сипатын танытады. Мәселен, «Дәуір дидары» атты сын мақалалар жинағындағы «Өтпелі дәуір поэзиясы» атты еңбегі сонау 1960 жылы жазылған, арада 37 жыл жатыр. Соған қарамастан, бүгінгі тәуелсіздік жағдайында да бағасын жоймаған, қайта кеңестік дәуірдегі қазақ өлеңінің өсу белестерін парықтауда ізденушілерге қажетті, көп мәселені қозғайтын деңгейде жазылған.

Қазақ поэзиясының 20-жылдардағы өзіндік сипаттары, шығармашылық тәжірибенің жетімсіздігіне әрі кадрлардың аздығына байланысты қиындықтар, сол тұстағы саяси лирика жайы зерттеу-дің негізгі арқауына айналған. Поэзияның осынау бір аса қиын саласындағы елең еткізерлік туындыларды сыншылдық сергектікпен жіті байқаған ғалым әдебиетіміздегі осы бір мейлінше күрделі, аласапыран кезеңдегі әлеуметтік-қоғамдық бетбұрыстар мен әдебиет арасындағы байланысты айқын сезініп, заман талабына сай терең сыни-ғылыми тұжырымдар жасауы, тұтас бір кезеңнің көрінісін мейлінше ықшам да анық жеткізуі, әрқилы көркемдік құбылыстар мен әдеби ағымдарды дұрыс сараптап, аналитикалық қорытындыларға келуі – ғалым парасатының, сыншылдық әділдігі мен талғампаздығының айшықты айғағындай.

Бүгінде жиырмасыншы жылдардағы әдебиетке, оның ішінде, әсіресе поэзияға көңіл толмайтын сәттер бар. Бұл сол кезеңнің шындығын жете білмеуден немесе ескермеуден туады. Тарихи-қоғамдық дәуірдің өзіндік ерекшелігіне орай аталған кезеңде саяси лириканың өзіндік

әрі көркемдік, (өзіндік дәрежеде) әрі тарихи мәнін жоққа шығару дегеніңіз – шындықты мойындамаумен пара-пар. Біздіңше, бұл лириканың қазақ даласы үшін екі түрлі ықпалы болды. Біріншісі – бір қиыр мен екінші қиырдың байланысы аз, оған қоса әралуан тарихи-әлеуметтік факторлардың әсерінен саяси белсенділігі кемшін қазақ сахарасында үстем идеологияның «ұр тоқпағы» арқылы көпшіліктің санасына зорлықпен сыналанып сіңіріле бастаған саясатшылдықтың дәуір талабы мен сипатына сай сол тұстағы саяси сананың оянуына әсер етуі, саяси-әлеуметтік ұғым мен белсенділіктің өсуіне ықпал жасауы.

Екіншісі – осы «саясатшылдық» қоғамның өзін өзі іштей нығаюына, іштей түлеп, бұғанасы бекуіне әсер етуге қажетті қоғамдық-тарихи байыптау деңгейінен асып кетіп, содырлылықтың сойылына, саяси науқанға айналуы салдарынан миллиондардың сана-сезіміне зорлықшыл әсер етіп, жан-жақты табиғи дамуға орны толмас орасан зор зиян келтіруі.

Әдебиет тарихының бел-белестерін шолып, көркемдік құбылыс-тарды ой елегінен өткізгенде, осы екі ықпалды қабат қамтып, қатар ескермейінше, объективті шындық толық ашылмайды. Осы ретте сыншы-зерттеушінің байқаулары мен байламдары нақты тарихи шындықтың бірегей бір қырын ашатыны сөзсіз. Әрі бұл сипат Т.Кәкішевтің бүкіл еңбектеріне тән екенін тебірене айтамыз.

Т.Кәкішев туралы бүгінге дейін айтылған пікірлерді жүйелесек, ортақ негізгі тұжырымдар мынау екен: біріншіден, ғалымның қазақ әдебиеттану ғылымына мейлінше мол үлес қосып, әлі де жемісті еңбек етіп келе жатқаны, екіншіден, қазақ совет әдебиетінің табыстары мен кемшіліктерін таразылауда сыншылдық батылдық пен байыптылық көрсетуі, үшіншіден, қаламгер ретінде әдебиетіміздің олқы жатқан тұстарын, жазылмай жатқан беттерін өз тұрғысынан толықтыруға күш салуы, төртіншіден, білімге сусап келген жастар-ға тәлім-тәрбие беріп, әдебиеттің жаңа, жас күштерін баулып, қанаттандыруға белсене атсалысуы, бесіншіден, әралуан қоғамдық жұмыстарға атсалысуы.

Ойлап қарасаңыз, осы бес саусақтай бес сала, қатар жарысқан бес арна бойынша жансенбілікпен босқа шапқылап-шаршамай, талғамы биік, зерделі көптің көңілінен шығып, еселі еңбек ету әркімнің маңдайына, әркімнің пешенесіне жазыла бермеген. «Бойда қуат, ойда көз» болмаса, ондай қажырлы, қайратты тірлік қолдан келмейтіні хақ. Ондай биікке көтерілу, қыбырлаған қарекет емес, айыз қандырар әрекетпен айналысу үшін талап пен тегеурін тең түсіп жатуы шарт. Т.Кәкішевтің өмірлік-творчестволық жолына үңілгенде, осы пікірді оңға шығаратын, оң көзбен қарауымызға жетелейтін мысалдар молшылық. Оның сын кітаптары мен монографияларында («Октябрь өркені», «Сын сапары», «Дәуір дидары», т.б), жолжазбалары («Сапардағы сексен күн») мен зерттеу-эсселерінде («Садақ»), ғылыми-көпшілік шығармаларында («Сәкен Сейфуллин») желі тартқан сала-сала пікірлерге бажайлап тоқталып, әрқайсысына орай ой өрбітіп жатсақ, жуық арада етек-жеңімізді жинай алмай, жайылып кететін сияқтымыз. Өйткені әрі сыншы, әрі ғалым-ұстаздың әдебиетімізде пікір айтпаған саласы кемде-кем. Әдебиеттегі көркемдік дейсіз бе, стиль-мәнер дейсіз бе, немесе әлі күнге толық аршылмай жатқан белгілі бір кезеңдердегі қазақ кеңес әдебиеті тарихының, өлең құрылысының зерттелуі немесе жекеле-ген басқа да салалары мен туған әдебиеттің өсіп-өркендеуіне аянбай атсалысқан, бірақ сол тұстағы аумалы-төкпелі кезеңнің ауыртпалығы мен жазықсыз жалаға ұшырап, жаппай жазалаудың құрбанына айналған, тіпті оны былай қойғанда, жазадан аман қалған күннің өзінде алақұйынның тозаң-топырағы бүркеп тастаған, кейінгілер біле бермейтін, білгендері аузын ашуға жүрегі дауаламай, сөйтіп сол күйінде ескерілмей елеусіз қала берген қажы-мас қайраткерлері дейсіз бе, сонымен қабат баспасөздің жанрлары мен бүгінгі кейбір көркемдік ерекшеліктері дейсіз бе, сондай-ақ жекелеген жанрлардың бүгінгі кейбір көркемдік ерекшеліктері дейсіз бе, осы алуандас қыруар күрделі мәселелерге ол өз көзқарасын ашық білдіріп, байыпты байқаулары мен байламдарын ортаға бүкпей салып келеді.

Ыңғайы келгенде, бір айтылуға тиістісі – кейбір ғалымдарымыз бен сыншыларымыз немесе ақын-жазушыларымыз белгілі мәселелер жайында әңгіме қозғағанда, жалпылама, жаттанды жәйттерді жартымсыз жаңғыртып, жаңғырықтырып әкетеді немесе жайдақ шешендікке, желбуаздыққа салынып кетеді. Т.Кәкішев қаламынан ондай салғырттық,

селқостық нышанын таппайсыз. Оның кітап-тары мен мерзімді басылымдар беттерінде жарияланған дүниеле-рінде міндетті түрде өзіндік тың пікір, өзіндік сыни-ғылыми топ-шылау, тұжырым-деректер жатады. Мұндай пікір өзіне өзі сенген, шындыққа тыңғылықты, тиянақты зерттеу арқылы көзі анық жеткен, байламы бекемделген көкіректен ғана шығатыны талассыз.

Ал үнемі соны пікір айту, жаңа мысал, не тосын факті табу екінің бірінің қолынан келе бермейтіні белгілі. Бұл үшін ұдайы ізденіс, тозбас төзім, қайрат-қажыр керек екені түсінікті. Кәдуілгі еңбекқорлық дегеніңіздің өзі осындай бірегей қасиеттерден бастау алатынын ескергенде, туған әдебиетіміздің, сол арқылы халқымыз-дың рухани мәдениетіне хал-қадарынша үлес қосқан үлкенді-кішілі қайраткерлеріне деген құрметіміз, ілтипатымыз арта түседі...

Тұрсекең бұрын түрен түспеген тың тақырыптарға мәселен, қазақ сынының тууы мен қалыптасуына, жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің даулы ғылыми-теориялық мәселелеріне, еңбегі кейде жеткілікті дәрежеде еленбей жатқан өкілдері-нің шығармашылығына, қазақ баспасөзінің жай-жапсарына назар аударғанда, бізді әлгіндей еңбекқорлығымен, ой-пікір батылдығымен, ғылыми-азаматтық принциптілігімен тәнті етеді.

Т.Кәкішев – ғылымнан басқаға мойын бұрмайтын «қатал» ғалым емес, қанатты ғалым. Әдебиеттегі көркемдік мәселесіне айрықша қызыға қарап, соның әсерінен бе екен, өзінің де көркем шығармаға бүйрегі бұрып тұратын ғалымдарды біз осылайша қанатты ғалым деп те айтар едік. «Өнегелі өмір» сериясы бойынша жазылған, дауылпаз ақын Сәкен Сейфуллин туралы толғанысқа толы кітабы мен жолжазбалар жинағы соның айғағындай. Өзі көзбен көріп, қолмен ұстаған әдебиет құпиясынан мағлұмдар маман көркемдік талғам, эстетикалық түйсік-сезіну, қабылдау жағынан да ерекшеле-нетіні мәлім. Тұрсынбек Кәкішев әдебиеттің әлі жеткілікті игеріл-мей жатқан тың тарихына зер салып, зердеден өткізгенде, сыншы ретінде ең алдымен көркемдік таразысында салмақтап, бүгінгі күннің кәдесіне жарайтын мұра екеніне әбден көзі жеткен соң ғана соны жұртшылыққа жеткізуге жан салып кірісетінін, жақсылықтың жаршысына айналатынын көріп жүрміз. Көл-көсір дүниенің – әдебиетіміздің жазылмай жатқан беттерін өз тапқандарымен толықтырып, осымен «болдым-толдым» деу – оған жат. Ондай шектелуден, тоқмейілісіп тоқырауға ұрынудан аман келе жатқан абзал ұстаз, азамат ғалымның алдағы уақытта да абырой биігінен көріне беретініне сеніміміз зор екенін атап айта отырып, оны осылайша шарқ ұруға, үнемі тынымсыз ізденіп, қисапсыз еңбектенуге жетелейтін қандай күш деген сауалға жауап іздемеу қисынсыз. Осындайда алдымен ойға оралатыны – ғалымның туған әдебиетке деген құштарлығы, алабөтен құрметі. Әдебиетке деген құрмет, түптеп келгенде, туған еліңнің, халқыңның жан дүниесіне, ата-бабаның асыл мұрасына, қастерлі мұрасына деген құрмет.

Бүгінде алды бірнеше кітаптың, соңы жекелеген мақалалардың, әдеби туындылардың авторы атанған жас әдебиетшілерге Тұрсекеңнің өз тарапынан риясыз ықпал жасауы да әлгіндей әдебиет тағдырына деген ізгі ниеттен туындап жататыны шәксіз. Университеттегі ұстаз ретінде шәкірттердің ширап-шынығып өсуіне, туған әдебиеттің адал тілеулесіне айналып, тайқымай-тайынбай, тайсалмай еңбек етуіне тигізген шарапаты да бөлекше. Бұл ретте әсіресе атап айтқымыз келетіні – алдынан өтіп жатқан мың-сан шәкірттерін алаламай, өмірден өз жолын табуға қамқорлық жасауы, ағалық азаматтық көрсетуі. Бүгінгі жас әдебиетшілердің талайының сынға араласуына, сыншы атануына, ғылым жолына түсіп, диссертациялар қорғауына Тұрсынбек аға тікелей «кінәлі». Ол кісі жылы қабақ танытып, ағалық-қамқорлық бейілмен қамшыламаса, қолдамаса, «жазғытұрым қылтиған» жауқазындардың талайын үсік шалар ма еді, қайтер еді... Содан ба екен, жас әдебиетшілердің Т.Кәкішев сияқты ұстазға, қамқор ағаға ықыласы бөлекше.

Осы бір шағын ғана толғаныс-мақалада айтулы ғалым, азамат, ұстаз туралы көңіл көлінде тербелген сезім-ойлардың баршасын тізіп жату мүмкін емес. Әдебиетті сүйетін, көпшілік жақсы білетін көптеген кітаптарының атын атап, мысалдармен шегелеп, пікір дәлелдеп, ақ тер, көк тер болып жатудың бұл арада қажеті аз. Өйткені Тұрсынбек Кәкішев есімі көпке танымал, еңбектері жұртшылықтан лайықты бағасын алған. (*Қазақ әдебиеті, 1997 жыл 13 мамыр*)

Жылдар жылжып, жырақтап бара жатыр

Мектеп бітіріп, жүрегіміз алып-ұшып, арман қала Алматыға келген шақ... Сыртымыз дүрдей, ішіміз дүдәмал жүріп, жолымыз болып, оқуға түскен масаң қуаныш бұл күндері көз алдымыздан қиырға қашықтаған алыс-алыс адырлардың арғы жағында көлкіген сағымдай бұлдырайды. Бұлың-бұлың күндердің әр қуысында қалған өміріміздің кимас сәттері енді еміс-еміс елеске айналды...

...Маңдайға біткен жалғыз орысымыз, сүндетке отырған-отырмағанын білмеймін, «кәпірлердің арасында жатпаймын. Өлсем, қазақтардың арасына қойыңдар» деп аманаттап кететін қазақы ауылда өскен, алты жасқа дейін қазақтан басқа да адам баласы болатыны ойына кіріп шықпайтын, кәмпитті «дәрі» деп қорқып жемей қоятын ойын баласы маған аспан асты, жер үстінің бәрі таң еді. Колхоз орталығынан сәл шеткерілеу, Ақсайдың жағасына жақында жайға-сып, алаңсыз жайбарақат монтиып жатқан ауылдан мен сауат ашуға баратын болғасын, ауруханасы, мектебі дейсіз бе, моншасы, кітапханасы дейсіз бе, «адам басы айналатын» түрлі ғимараттары бар, ол аз десеңіз, колхоз председателі, орынбасары, парторгы, рабошкомы, бухгалтері, экономисі, есепшісі сияқты атын айтуға адамның тілі келе бермейтін, кім қайдан ойлап тапқаны белгісіз қызметтері бар орталыққа көшіп келдік. Адамды жұмсау үшін, тексеру үшін неше түрлі қызметті «айналайын, сәбет өкіметі ойлап шығара берген екен-ау» деуші еді шалдар.

...Содан ба, Алматыда өткен алғашқы екі жыл – бірінші, екінші курста не істеп, не қойып жүргенімді білмейтіндей күй кешкен сияқтымын. «Ауылың Алматыға жақын», – деп, бес жыл оқығанда, бір күнге де жатақхана бермеді. Сондағы бар жазығым – ауылымның Алматыға жақындығы. Әр бұрышта тентіреп жүріп, ұйқы да жөнді қанбаған шығар, сірә.

Сондай әлде маубас, әлде маужыраған күндердің бірінде бізге қазақ әдеби сынының тарихынан лекция оқуға келген жаңа ұстазымыз Тұрсынбек Кәкішев бірден пішінімен назар аударды. Біріншіден – қасқа. Екіншіден, онсыз да сирек қасқалардан басқа. Алдында ғана көрген қасқа ағайымыз – Темірғали Нұртазин болатын. Ол кісі асықпай сабырмен сөйлеп, бипаздап шұбататын сияқты еді. Ал жаңа «қасқа» ағамыз үсті-үстіне үдетіп, өршелене сөйлейді. Көрінбейтін көлденеңмен дауласып тұрғандай, сөзін – дәлелін тоқтамай түйдектегенде, шабыттың шарапатымен «шарықтаған» шәкірттердің ұйымасқа, сенбеске амалы қалмайды. «Апырай, солай екен-ау» деп тамсанып, тәнті болып отырамыз. Сонымен не керек, лекциядан да, ағайымыздың шабытынан да қуат алып, күшейіп шығатынбыз. Алған бағытынан айнымай, алған бетінен қайтпай, үдеп келе жатқан ұстазымыз, басқаны қайдам, маған басқа жаққа бұрылмайтын, жолдағының барлығын елең қылмай өте беретін танк сияқты әсер беретін.

Сол екпіннің, сол қызудың лебі шарпығанда, тақырып – лекция дегеніңіз мәселе-лекцияға айналып кете баратын. Әдебиеттегі қым-қуыт таластар, саясат ықпалы, бұған дейін біз атын естімеген әдебиет қайраткерлері, шындық үшін әрқайсысы өзінше күрес жолын іздеген тұлғалар, отызыншы жылдардың бас айналатын талас-тартыстары туралы солардың тап ортасынан топ жарып келгендей ұстазымыз көсіле сөйлейді. Мұның сыры – тақырыпты тыңғылықты зерттеуінде екенін, көп мәселені ол кезде ашып айта алмағанын кейін білдік қой.

Бір күні шүпірлеген біздің студенттерге белгілі жазушы Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романын оқу тапсырылды. Мерзімі жетіп, сабақ үстінде талқыладық. Бәрі түгелдей оқымаған екен. Оқығандар сөйледік. Оқу бағдарламасына енбеген кітаптарды оқуға студенттердің қолдары тие бермейді. Тапсырма берілген соң, уақыттың саңылауынан сығалап жүріп, оқып шықтық.

Қазақ тарихын осылайша алғаш рет көркем әдебиетте кеңінен бейнелеген роман бәрімізді қызықтырды. Әдетте, кейіпкерлердің саны шағын, советтік рухтағы шығармаларды көп оқып, соған дағдыланып қалған маған «Қаһардағы» тарихи шындықтың мол қамтылуы ұнағанымен, кейіпкерлердің көптігі көңілімнен шықпады. Барлығын бірдей есте сақтау қиын, шатасып, ұмытылып қалатынын айттым. Әрине, бұл пікір кітапты біреуден уақытша сұрап

алып, асығыс оқып шыққан, прозаны әлі талғай білмейтін, талап қоя алмайтын, оның үстіне қарасөзден гөрі өлеңге көбірек қызығатын, тәжірибесі аз, балаң шәкірттің сөзі еді.

Сөзімнің ұнамағанын ағамыздың қабағын сәл шытыңғанынан байқадым. «Ұрсатын болды-ау» деп қобалжыдым. Бірақ ағамыз ұрыспақ түгіл, елең етіп, ешқандай ескерту де жасамады. Оның үстіне шығарма туралы ауызша пікір айтып көрмеген балаң студент сасқалақтағанын сезген болуы да керек. Комсомол жиналыстарында сөйлеп үйреніп қалған ба, курстасым Шәкір Ыбыраев (бүгінде белгілі фольклортанушы, ғылым докторы, профессор) мақтап шықты. Оның сөзін Тұрсынбек ағай басын салмақпен изеп, ризалықпен қолдап отырғаны есімде қалыпты.

Әлде үшінші, әлде төртінші курста шығар, ғылыми үйірмеде баяндама жасау керек пе әлде курстық жұмыс па – қазір есімде жоқ, Тұрсынбек ағай «сен өлең жазады екенсің ғой. Қазақ өлеңінің құрылысының зерттелуі туралы ізден» деп, тапсырма берді. Одан не жазғаным бүгінде есте жоқ. Курстық жұмыстың қандай болатынын екінші курста іштей шамалап алғанмын. Ханғали Сүйіншалиев ағамыз «Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының тілі» деген тақырып бойынша курстық жұмыс жазуға тапсырма берген. Содан Сұлтанмахмұттың екі томын түгел оқып, теңеуі, метафорасы, кейіптеуі, аллитерация, ассонанс, синекдоха, қайталау, арнау т.т. барлығына мысалды тізіп, бір қалың дәптерді толтырғам. Бұл жұмыс көп уақытымды алған еді... Осылайша аз да болса, тәжірибем бардай сезініп, жаңа тапсырмадан қобалжи қойғам жоқ, үйреншікті іс сияқты мерзімінде тапсырдым.

Кейін бесінші курста ұстазымыз өзі жетекші болып, «Қазақ өлең құрылысының зерттелуі» деген тақырыпты диплом жұмысының өзегі етіп, бекітіп берді. Диплом жұмысы деген қандай болатынын білмеймін, курстастардың да ешқайсысы білмейтін сияқты көрінді. Ол кезде сұрамсақтану, өтініш айту деген ойда жоқ. «Басқа салды, біз көндік» деп, қозы сияқты момақан, томпаңдап жүре береміз.

Жиналыстан «қашып», тәжірибе жинаған соң, сабақтан қашуды да үйреніп алдым. Жалғыз қашпай, ол кезде қабырға газетіне жазған өлеңдерін бізден жоғары курстардағы Сағат Әшімбаев, Есқара Көмекбаев сияқты «ғұламалар» назар аударған жас ақын, шарықтаған қиялы абайлағыш ақылынан асатын Сейфиден Сүтжановты әбден «баулыдым». Старостамыз Токтыхан Баситова әпкеміз сияқты, бізді қорғаштап, жақсымызды асырып, жаманымызды жасырып, Сейфиден екеумізді бейхабар, атын да естімеген түрлі-түрлі тексерулерден түтелетпей өткізіп, сыртымыздан қамқор болып жүретін. «Ій-и, ол екеуі ақын ғой. Жүре берсінші» дегендей үнемі қорғаштап бағатын. Ол кезде атақты ақындар түгіл атақсыз, «нормальный», немесе сол «нормальныйдың» дәрежесіне жетуден дәмесі бар сары үрпіктердің өзіне де «ләйліп» жүру жарасқан шығар-ау.

Содан күндердің күнінде, кімнің айтқаны қазір есімде жоқ, «бәленінші күні диплом қорғау болады» деген хабарды естідім. Уақыт тар. Амал жоқ, ауылға барып, тапжылмай 13 күн отырып, 126 бет (машинкамен басқанда) дипломды жазып бітірдім. Дипломның қалай жазылатынын білмесем де, ешқандай дайын үлгіні көрмесем де, өлең, өлең құрылысы туралы зерттеулерді оқып, соларға ұқсатуға тырыстым.

Жетекшім қолмен жазғанымды түгел оқуға көзі шыдамай, асығыс қарап шықты. Сосын ұзаққа созылған «мақала» – дипломды үш тарауға бөліп, ғылыми еңбекке ұқсатты. Әр тарауға өзі ат қойды. Қолжазба машинкаға басылған соң, түгелдей оқып, соңғы бөлімді енгіздірмеді. «Өлеңнің зерттелуі емес, қазіргі өлең өрнегі туралы өз пікірлерің екен. Мақала етіп берерсің», – деді. Бірақ мақала ретінде жариялауға мойын жар бермеді. Жазу барысында маған Темірқазық болған – Тұрсынбек ағайдың сөзі: «Тек шындықты айт!»

Шындықты айтам деп, сол кезде атағы аспандап тұрған жас ғылым докторы, Мәскеуде қорғаған, мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы Мұрат Хамраевтың «Очерки теории тюркского стиха» кітабындағы кейбір пікірлердің қате екенін, өйткені ол сүйенген, ол кезде көзі тірі, атақты жазушы Сәбит Мұқановтың 1935 жылы айтқан пікірі ескіргенін, нақты мысал, дәлелдер келтіріп жаздым. Кафедра меңгерушісі, әйгілі профессор, ғұлама ғалым, қадірменді

ұстаз Бейсембай Кенжебаевтың да кейбір пікірлерімен келіспейтінімді білдірдім. Жаздырған – ұстазым Тұрсынбек Кәкішевтің сөзі!

«Тек шындықты айт!»

Кейін Шәкірден естідім, Тұрсынбек ағай «Бекен сыпыра сынап шығыпты» деп күліпті. Кәдімгідей қысылып қызарақтап қалсам да, «шындықты айт деген ағайдың өзі ғой» деп, өзіме-өзім дем бердім.

Тұрсынбек ағайдың диплом жұмысыма жазған пікірінің қолжазбасы әлі күнге менде сақтаулы. 1973 жылдың 10 маусым күні жазған екен. «Өте жақсыға» деп бағалады. Бүгінгі күні карағанда, балаңдығы, тәжірибесіздігі айқын жұмыста кездесетін «Бүгінгі қазақ өлеңі туралы сөз болғанда, Сырбай Мәуленовті атамай кету – ауыр күнә», «Ағаш аяқтың» әнін тыңдамай-ақ, сөзін оқысаңыз да, езу тартпай қалмасыңызға кепіл бола аламыз» деген сияқты әсіре, қажетсіз, аңқау эмоцияларға ғылыми жетекшім «езу тарттыратын тұстары жоқ емес» деп жазыпты. Осы сөйлемдер сол кездегі Тұрсынбек ағайдан 21 жас үлкен бүгінгі менің көз алдыма өткен күндерді еріксіз әкеледі.

Оқу бітірген жылы Тұрсынбек ағай «сен дипломыңды кандидаттық диссертацияға айналдырмайсың ба?» деді, мен «жоқ» деп бас тарттым. Ойым – өлеңде, мақсатым журналистикада болатын.

Сонымен Алматыда айлар бойы жұмыс таппай, қаңғырып жүрдім. Бір күні хабарласқанымда, Тұрсынбек ағай «үйге кел» деді. Бардым. Менің көзімше «Білім» қоғамына, кітапқұмарлар қоғамына телефон соғып: «хабарласып тұрған профессор Какишев» деді. Сосын болашағынан үміт күттіретін шәкірті барып айтып еді, арғы жақтағы жауап мәз болмағанын ұстаздың қабағынан-ақ аңғардым. Дағдарып, мұнайған сияқты көрінді. Бір қызығы – ағамыздың көңіл күйі келбетінен, қабағынан бірден байқалатын. Менің көңілімді тоғайтқаны – ұстаздың шәкіртінің болашағынан үміті бар. Ол кісі ғана емес, әуелім өзімнің де өз болашағымнан үмітім бары. Үмітке үміт қосылып, сенімім нығая түсті...

Осылайша жұмыссыз жүрген көңілсіз, күңгірт күндердің бірінде Дәкең – Дандай ма, әлде Болатжан ба, Шәкір ме, қайсысының айтқаны есте жоқ, «Тұрсынбек ағай айтты: «Бекен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына барсын. Жұмысқа алады» деп. Директоры – партизан-жазушы Әди Шәріпов. Сонымен барған күні түстен кейін бірден жұмысқа қабылдандым. Сол күні кешке қарай, әлде келесі күні таңертең директордың бұйрығымен қайта шығарылдым. Бұл – бөлек, қызық әңгіме...

Көңіліме түйгенім – ұстаздың жалғыз мен ғана емес, келешекте әдебиетке, әдеби зерттеуге бейімі бар жастарды қажетті, ортақ іске жұмылдыра білуі, қанаттандыруы, мүмкіндігінше қамқорлық жасауға деген ынтасы, ықыласы. Сол жылдары әдебиет институтына көптеген жастар келгені айтылып, жазылып жүр. Әдебиетшілер мен фольклоршылар – Дандай Ысқақов, Болатжан Абылқасымов, Шәкір Ыбыраев, Жанғара Дәдебаев, Бақытжан Майтанов, Анарбай Бұлдыбаев, Құлбек Ергөбеков т.б. бүгінде есімдері елге танымал.

Сонымен тағы да жұмыссызбын, наразы жүрмін...

Бір күні әлдеқалай кездесіп қалдым. Хал-жағдай сұраған соң, радиоға, газеттерге қара мақала, очерк, суреттемелер жазып, қаламақымен ілдалдалап, күн көріп жүргенімді айттым. Тұрсынбек аға асықпай тыңдап алды да, «сен енді сын жаз. Көрдің ғой, эне, Сағаттың қалай жазып жүргенін. Солай жаз» деді салмақпен. Осы сөз мені кәдімгідей қайрады. Бұл кезде Сағат Әшімбаев басылымдарда жиі көрінетін, белді, беделді жас сыншы ретінде танылған. Одан үш курс кейін оқыған біздерге Сағаттың аяқ алысы нақты үлгі болды. Алғашқыда сын жазуға ұялыңқырап, тартынықырап жүріп, біртіндеп бой үйренген соң, басылымдардың өтінішімен көбірек жазуға уақыт бөле бастадық...

Кейін есейген соң, Тұрсынбек ағамыздың кейде етқызумен екпіндеп артық кетіп қалатын сәттерін де байқадық. Бірақ «әркім сүйгенін шұнағым дейді», «Қарға баласын аппағым дейдінің» ықпалы болу керек, ағамыздың артық кеткенінің өзі біз үшін әдемі, тек сол кісінің өзіне ғана жарасымды, солай болуы тиіс, әбден заңды сияқты, табиғи, сүйкімді көрінеді. Қарсы пікір айтылса, қиянатқа қимай, қисынын тауып, ақтап алуға

тырысатынымызды да жасырудың қажеті жоқ шығар.

Қазақ әдебиеттану ғылымының белгілі, белді тұлғасы – нағыз ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің ұстаздық қызметі бізге осылайша зор ықпал еткен еді..

(Қазақ әдебиеті, 2016, 9 қыркүйек)

Prof.Dr. Salide ŞERİFOVA
profesör, filoloji bilimler doktoru,
Azerbaycan Ulusal Bilimler Akademisi
Nizami Genjavi Edebiyat Enstitüsü

**ABAY KUNANBAYEV'İN “KARA SÖZ” ESERİNİN TÜR ÖZELLİKLERİ,
SORUNSALLARI VE EDEBİ DİLİ**
**GENRE FEATURES, PROBLEMATİCS AND LİTERARY LANGUAGE OF ABAY
KUNANBAYEV'S “BLACK WORD”**

ÖZET: Modern Kazak yazılı edebiyatının kurucusu ve kültürel bir reformcu olan Abay Kunanbayev (Kunanbay-uli), bir şair, yazar, besteci ve halk figürüdür. Aydınlanmış liberal İslam temelinde Rus ve Avrupa kültürünü destekleyen Abay Kunanbayev'in eseri, ulusun sosyo-politik süreçlerini yansıtır.

Abay Kunanbayev'in nesirinden bahsedecek olursak, öncelikle onun Kazakça “Kara Söz” olarak adlandırılan eserinin adının dilimize çevrilmiş olması dikkat çekicidir. Abay Kunanbayev'in yaşamının son yıllarında kaleme aldığı 45 kelimelik “Kara Söz” adlı öyküsünün Azerbaycan dilinde farklı isimlerle sunulması tartışmalıdır.

Didaktik-alegorik edebi türdeki küçük öğretici hikayelerin, yani mesellerin nasıl ve nerede okunacağı, yazarın yazılarını anlamada sorun yaratmaz. Manevi ve dini anlamda öğretici olan kısca, yazarın ana fikrin açıklanmasına dikkat etmesi ile karakterize edilir ve anlatım dili, etkinliği ve ironisi ile ayırt edilir.

Eserin kompozisyon yapısı özel ilgi görmektedir. 45 meselden ibaret eser, modern edebiyatta bulunan hipermetinsel eserlerin yapısını andırıyor. Abay Kunanbayev'in nesir eserini okurken eserin metnindeki yapının parçalandığını gözlemliyoruz. Eserdeki metinler, montaj esasına göre tek bir bütün haline gelmiş küçük bitmiş parçalar şeklinde yapılandırılmıştır. Küçük bitmiş parçalar, stilistik olarak sanatsal düzyazı biçiminde kendilerini ifade eder.

Düşünürlerin en acil konulardaki görüşlerini yansıtan eserde, doğrusal olmayan anlatımın gelişimini görüyoruz. Anlatım herhangi bir parça ile başlar ve mevcut parçalar içinde “devam eder”. Unutulmamalıdır ki eserin böyle bir yapıda sunulması eserin içeriğine zarar vermemektedir. Eserde verilen 45 kısca anlamını kaybetmez. Eserdeki “ilk kelimeyi” veya “otuzuncu kelimeyi” veya sonuncuyu “kırk beşinci kelimeyi” okumanız fark etmez. Esere yansıyan “kelimeler” anlamını kaybetmez, eserin önemi azalmaz. Eseri istediğiniz “kelime”den okumak esere zarar vermez. Eserdeki bir metinden diğerine geçişler, ansiklopedik bir hiper metin çalışmasını andırıyor.

Söz sanatını dünya kültürüne kazandıran güçlü söz ustası Abay Kunanbayev'in 45 kıssasını okurken, insanını olduğu gibi seven, milletinin akıbetinden endişe duyan yazarın sivil imajını görüyoruz. Yazar, eserlerinde anlatılan veya anlatılan olaylara veya hikayelere doğrudan katılmıştır. Ebediyete kavuşan yazar, kendisinden sonra Abay ekolünü oluşturmayı başarmıştır.

Anahtar kelimeler: Kazak yazılı edebiyatı, Abay Kunanbayev, “Kara Söz” kitabı, nesir, pritcha, felsefi risale, tür, hipermetin

ABSTRACT: Abay Kunanbayev (Kunanbay-uli), the founder of modern Kazakh written literature and a cultural reformer, is a poet, writer, composer and public figure. The work of Abay Kunanbayev, who promoted Russian and European culture on the basis of enlightened liberal Islam, reflects the socio-political processes of the nation.

Speaking about Abay Kunanbayev's prose, first of all, the fact that the name of his work called “Black Word” in Kazakh was translated into our language is noteworthy. The presentation of Abay Kunanbayev's 45-word short story “Black Word” in the Azerbaijani language under different names, which he wrote in the last years of his life, is controversial.

How and where to read small instructive stories in the didactic-allegorical literary genre, ie parables, does not create problems in understanding the author's writings. The parable, which is instructive in the spiritual and religious sense, is characterized by the author's attention to the disclosure of the main idea, and the language of the narration is distinguished by its effectiveness and irony.

The compositional structure of the work attracts special attention. A work of 45 parables is reminiscent of the structure of hypertextual works found in modern literature. While reading the prose work written by Abay Kunanbayev, we observe the fragmentation of the structure in the text of the work. The texts in the work are constructed in the form of small finished fragments, which have become a single whole on the principle of montage. The small finished fragments express themselves in the form of stylistically artistic prose.

In the work, which reflects the views of the thinker on the most pressing issues, we see the non-linear tells, begins with any fragment and “continues” within the existing fragments. It should be noted that the presentation of the work in such a structure does not harm the content of the work. The 45 parables given in the work do not lose their meaning. It doesn't matter if you read the “first word” in the work, or the “thirtieth word” or the last, the “forty-fifth word.” The “words” reflected in the work do not lose their meaning, the importance of the work does not diminish. Reading the work from the “word” you want does not harm the work. The transitions from one text in the work to another are reminiscent of an encyclopedic hypertext work.

As we read the 45 parables of Abay Kunanbayev, a powerful master of words, who gave the art of speech to the world culture, we see the civic image of the author who loves his people as he is, worries about the fate of his nation. The author acted as a direct participant in the events or stories described or described in his works. The writer, who gained eternity, was able to establish the Abay school after him.

Keywords: Kazakh written literature, Abay Kunanbayev, The Book of Words, prose, pritcha, philosophical treatise, genre, hypertext

GİRİŞ

Modern Kazak yazılı edebiyatının kurucusu ve kültürel bir reformcu olan Abay Kunanbayev (Kunanbay-uli), bir şair, yazar, besteci ve halk figürüdür. Aydınlanmış liberal İslam temelinde Rus ve Avrupa kültürünü destekleyen Abay Kunanbayev'in sanatsal mirası 170 şiir, 3 şiir, 45 düzyazı, 56 çeviri ve 20'ye yakın besteden oluşuyor. Çalışmaları ulusun sosyo-politik süreçlerini yansıtır.

“KAĞA CƏZ” ESERİNİN TÜR ÖZELLİKLERİ

Abay Kunanbayev'in nesirinden bahsedecek olursak, öncelikle onun Kazakça “Kağa cəz” olarak adlandırılan eserinin adının dilimize çevrilmiş olması dikkat çekicidir. Abay Kunanbayev'in yaşamının son yıllarında kaleme aldığı 45 kıssadan ibaret “Kağa cəz” eseri Azerbaycan dilinde farklı isimlerle sunulması tartışmalıdır. İlk olarak, 1918 yılında Abay dergisinin sayfalarında kamuoyuna tanıtılan “Kağa cəz” adlı eser edebiyatımızda “Qara söz” [2], “Əqliyyə” [1, s. 167], “Qəqliyyə” [4, s. 11], “Böyük söz”, “İbratəmiz sözlər” vb. olarak sunulmaktadır. Eserin tam anlamıyla “Qara söz” (“Kara söz”) olarak tercüme edildiği gerçeğiyle de karşı karşıyayız. Bu çalışmayı böyle bir adlandırma yanlışır. “Kara” (siyah) kelimesinin birçok işlevi olduğundan, katıldığı kelimeler de farklı anlamlara gelir. Örneğin, hem yer adlarında hem de kişi adlarında “kara” kelimesinin kullanımına rastlıyoruz. Yer olarak Karabağ, Karayazı, Karatehle, şahıs isimleri olarak Karahan, Karakişi, Karakazim, Karaveli ve diğer isimlerde geliştirilmiş “kara” çoğanlamlı, Türk kökü olan ikibileşenli bir kelimedir. Azerbaycan dilinde (diğer Türk dillerinde olduğu gibi) “kara” (“siyah”) kelimesinin anlamına bakıldığında, renk anlamına gelmez, boyut, kalınlık, yoğunluk, karanlık vb. yansıtıcı bir anlamda detaylandırmak düşünölmekten kaçmaz. Örneğin, “Karabağ” toponymini “büyük bahçe”, “kalın bahçe”, “yoğun bahçe” vb. anlamına geliyor. Veya “Karayazı” terimi. Yer adı “Karayazı” “büyük bozkır” anlamına gelir. Bu açıdan bakıldığında yazarın kitabını “Büyük Söz” olarak sunmak amaca uygun olurdu. Zira eserin Azerbaycan okuyucusuna “Kara söz” (“Siyah söz”) olarak sunulması estetik açıdan güzel görünmemektedir. “Kara söz” (“Siyah söz”) olarak sunulan, kötü sözler kitabının bir tanımını çağrıştırır.

Didaktik-alegorik edebi türdeki küçük öğretici hikayelerin, yani benzetmelerin nasıl ve nerede okunacağı, yazarın ne yazdığını anlamada sorun yaratmaz. Manevi ve dini anlamda öğretici olan kısa, yazarın ana fikri ifşa etmeye gösterdiği dikkat ile karakterize edilir ve anlatım dili, etkinliği ve ironisi ile ayırt edilir. S.S. Averintsev kıssanın özelliklerini açıklayarak göstermiştir:

- Özel bir varoluşu yoktur ve yalnızca belirli bağlamlarda belirli koşullar altında oluşuyor.
- Geliştirilen arsa, hareketi önemli görmez ve basit karşılaştırma düzeyinde somutlaştırılabilir.

Ancak bu durumda kısa simgesel niteliğini kaybetmez.

- İçerik açısından, kısa derin “dini” ve ahlaki temalara eğilimlidir.
- Kıssa yüksek kategorilerden gerçekleştirir.

Eserin kompozisyon yapısı özel ilgi yer almaktadır. 45 kıssadan oluşan eser, modern edebiyatta bulunan hipermetinsel eserlerin yapısını hatırlatır. Abay Kunanbayev'in nesir eserini okurken eserin metnindeki yapının parçalandığını gözlemliyoruz. Eserdeki metinler, montaj esasına göre tek bir bütün haline gelmiş küçük bitmiş fragmanlar şeklinde yapılandırılmıştır. Küçük bitmiş fragmanlar, stilistik olarak sanatsal düzyazı biçiminde kendilerini ifade eder.

Düşünürlerin en acil konulardaki görüşlerini yansıtan eserde, anlatımında liiner olmayan anlatım gelişimini görüyoruz. Anlatım herhangi bir fragmantla başlar ve mevcut fragmantlar içinde “devam etdiriler”. Unutulmamalıdır ki eserin böyle bir yapıda sunulması eserin içeriğine zarar vermemektedir. Eserde verilen 45 kıssa anlamını kaybetmez. Eserdeki “ilk kelimeyi” veya “otuzuncu kelimeyi” veya sonuncuyu “kırk beşinci kelimeyi” okumanız fark etmez. Esere yansıyan “kelimeler” anlamını kaybetmez, eserin önemi azalmaz. Eseri istediğiniz “kelime”den okumak esere zarar vermez. Eserdeki bir metinden diğerine geçişler, ansiklopedik bir hiper metin eserini hatırlatır.

“KAPA CÖ3” ADLI ESERİN TEMATİK SORUNLARI

Kazak folkloru ve şiiri ile yakından bağlantılı olan Abay Kunanbayev'in eserinin ana konuları, Kazakların tarihi sorunlarının yanı sıra din ve maneviyat, devlet ve hukuk, milli eğitim ve dünya görüşüne de ışık tutmaktadır. “A. Kunanbayev'in yaratıcı fikirleri aydınlanma toplantılarına dayanmaktadır. Bir aydınlatıcı olarak toplumun gelişimini ve kurtuluşunu aydınlanmada gördü. Çünkü A. Kunanbayev'in yaşadığı ortam, cehaletin ve cehaletin hakim olduğu en güçlü feodal-ataerkil ortamdı. Bu nedenle demokratik fikirlerin müjdecisi olan şair, tek çare olarak okumayı ve eğitimi tercih etmiş ve tanıtımını vurgulamıştır.” [3, s. 268]

Abay Kunanbayev'in yaratıcılığının güçlü kazanımı, eserin yazıldığı dönem müellifin yaşlılık dönemine denk gelmektedir. Bunun nedeni, A. Kunanbayev'in dünyanın tüm yüzlerini görmesi, acı ve kederle karşı karşıya kalan bir insan olarak her şeyi derinden hissetmekten gelir. Yazar benzersiz bir şekilde ahlaki-ahlaki, sosyo-politik, sosyo-felsefi düşünceleri yansıtan kıssalarında toplumun gerçekleriyle ilgili olayları özgün bir şekilde tahlil etmiştir. Örneğin Altıncı Söz'de yazar “birlik” kavramına açıklık getirmeye çalışır. A. Kunanbayev, “birlik” kavramı ve halkın birliğe nasıl ulaşılacağı farkında olmadığı gerçeği konusundaki entelektüel cesaretini gösteriyor. Milletın birlik kavramını anlamadığını vurgulayan yazar, birlik kavramına özgün bir şekilde açıklık getirmiştir. Yazar, görüşünü Kazak deyimlerine atıfta bulunarak açıklayabilmiştir: “Kazak atasözleri şöyle der: “Becerinin başlangıcı birliktedir, refahın temeli emektir.” [5]

Eserin tematikasında ulusun tarihsel gerçekliğinin ulusal renginin yüksek profesyonelliği ile yansıtması, çeşitli konuların öğretici sonuçları her zaman ilgilidir. A. Kunanbayev kaleme aldığı kıssalarına felsefi yaklaşımıyla dikkat çekiyor. Çevresindeki dünya, bilişsel fenomenleri daha derin bir şekilde anlaşılması için doğanın ve toplumun gizemlerini daha derinlemesine anlama ihtiyacına anlamak gerekliliğine de dokunur.

Geçmişin tasviri, çözülmemiş sorunun açıklığa kavuşturulması, dine, bilime ve bilgiye karşı tutum, eserin problemlerini de kapsıyordu. Eser, yaşam yasalarını anlayan bilge bir adamın öğretilerini yansıtıyor: “Bir eğitimci olarak Abay, en çok Rus kültürüne bağlıydı, onun örneğini takip etti ve onu destekledi. O kendi şiirinde, felsefi içerik taşıyan “Gekliyya”sında (Qækliyyə) (nasihatlarında) Rus kültürü ve Rus dilinin incelenmesi, Rus halkıyla ilişkilerin güçlendirilmesini günün en önemli meselesi olarak gündeme getirdi.” [3, s. 12]

A. Kunanbayev kıssalarında bilim, bilgi, anadili, yanı sıra yabancı diller, özellikle Rusça ile ilgili düşüncelerini görüşlerini yansıta bildi. Yazar kıssalarında milletin cehaletinden kaynaklanan kederi doğma vatanına, milletine olan sevgisiyle birleştirmeyi başardı. Eserde anlatılan feodal-ataerkil toplum eleştirisi, insan kaderi, insan onuru ve kişiliğinin oluşumunda emeğin, toplumun ilerlemesi için eğitim, kültürün rolleri üzerine düşünceler yaratıcılığının ana hattı oluştu.

Eserin on yedinci sözünde, müellifin irade, kalp ve akıl arasındaki çekişmeyi yansıtası, özellikle insan varlığı için gerekli olan bu üçlünün özellikle onun kişiliğini şekillendirdiği vurgular. İrade, kalp ve akıl arasındaki tartışma, yazarın, hangilerinin önemli olduğunu belirlemek için etrafındaki dünyanın faktörleri hakkında bir bilgi koleksiyonu olan bilgiye atıfta bulunmak için kullandığı ilginç bir edebi yöntemdir. Yazarın kullandığı yöntemle irade “...ben olmadan kimse amacına ulaşamaz”, akıl “kelimeyi bir anda anlar” ve kalp “insan varlığının hakimiyim”, [5, s. 351] bu tür düşüncelere bilginin verdiği cevap, bir kişinin içinden geçtiği yaşam biçimini hayata geçirebilir. İrade için “gücünüze eşit zulüm var”, [5, s. 352] zihne “insanları aynı anda hem iyinin hem de kötünün yoluna yönlendirebilirsin” [5, s. 352] diyerek, onları birleşmeye ve kalbe itaat etmeye teşvik eder. Kısa ve net bir açıklama ile kıssede açıklık getirmeyi de başarıyor.

Manevi kültürün ayrılmaz bir parçası olan ahlak ve ahlaki değerleri, yazar eserinde insanların yaşam tarzında, davranış ve tutumlarında belirtilmiştir. Abay Kunanbayev fikir ve düşüncelerini yansıtmıştır. Kıssalarda yazar sosyo-politik yaşamın, İslam'ın yayılması, İslam'ın kurtuluş yolunu bulması için mücadelesi tarif edilmiştir.

Abay Kunanbayev'in eserlerinde Tanrı'ya inanç sürekli kendini gösteriyor. Yazara göre, “millet yönetilemezdir. Sadece insan nankörlüğüne ve lanetine mahkum olanlar ile henüz yenilginin acısını yaşamamış ateşli tabiatlı gençler bu yola girebilir” dedi. Sadece kaderine insan nankörlüğü ve lanetler yazılmış olanlar, henüz yenilginin acısını tatmamış ateşli tabiatlı gençler bu yola kadem koya bilerler” görüşlerini ifade ederken, iğrenç işlerden insanların korunması için duası kendini gösterir: “Ve bu gerçeği bilenleri Tanrı'nın Kendisi bundan korunsun.” [1, s. 167]. Abay Kunanbayev'in “Onuncu Sözü” de insanların Tanrı'dan çocuk istemek inançları yansır: “Bazıları dua ederek, Allah'tan çocuk istiyorlar.” [5, s. 338].

“On Üçüncü Söz” de Abay Kunanbayev inanç sahibi olmağı vaaz eder. Yazar inanç dediği zaman, Allah'ın varlığına, gücüne ve mükemmelliğine inanmak, Peygamber'in Allah'ın dünyevi varlıklarla birliğine ilişkin öğretisini kabul etmek ve inanmaktır. Müellif, inança sahip olmak için iki koşulun olması gerçeğini de vurgulamıştır. A. Kunanbayev'e göre bunlardan biri imanın bilinçli kabulüdür, ikincisi ise kitaptan okuduklarını ve öğrendiklerini molladan duyduklarıyla karşılaştırarak, kendi çıkarımlarına dayanmaktır. Abay Kunanbayev'in iki tür inancın varlığından bahsetmesi, insanların dini doğru anlamalarına yardımcı olabilir: “Unutmana gerek yok ki iki tür inanç vardır - bilinçli ve bilinçsiz - üçüncü bir inanç yoktur.” [5, s. 344]

Yazar “Yirmi Sekizinci Söz”de “... Allah'ın adaletine, küsursuzluğuna ve mükemmelliğine inanarak inama gelmiş, inanıyoruz” [5, s. 371] gibi düşüncelerle Allah'ın varlığının kabulünü doğrular.

Yazarın Kıyamet Günü hakkındaki düşünceleri Otuz Beşinci Söz'e yansımıştır: “Derler, kıyamet gününde hacı, molla, Sufi, Seyyid ve tüm cömertler hepsi ilahinin huzurunda duracaktır” [5, s. 383]. Büyük Yaraticının Kıyamet Günü'nde sorduğu soru, yaşam ve ölüm arasındaki ikilemi açıklığa kavuşturmaktadır: “Size hayat vermişdim. Onu neye harcladınız? Size zenginlik vermişdim. Onu neye kullandınız? Siz gelecekteki hayatın endişeleriyle perdelenmişdiniz. Ama aslında tüm hayatınızı siz yalana adadınız.” [5, s. 383]

Abay Kunanbayev görüşlerinin etkisini artırmak için bilgelerin de görüşlerine atıfta bulunmuştur. Onun “Ondokuzuncu Söz”ünde, öğrenmek istemeyen insanlar hakkındaki düşüncelerinde bilgelerin görüşlerine atıfta bulunur: “Bir bilge böyle demiş: “Seni anlamayan insanlara anlatmaktansa, domuzları beslemek daha iyidir. En azından onun yağı artar.” [5, s. 353]

“KAPA CÖ3” ESERİNİN SANATSAL DİLİ

Yazarın eserinde kullandığı sanatsal anlatım ve betimleme araçları dikkatlerden kaçmaz. Yazar, eserin duygusallığını ve darbe etkisini artırmak için sanatsal araçlara başvurdu. Abay Kunanbayev eserinde düşüncelerinin duygusal etkisini artırmak için sanatsal sorularına sık sık başvurduğu gerçeğiyle yüzleşiriz. Yazar sorularına cevap aramadığı için sorular cevapsız kalıyor. Örneğin, “İlk Söz”de, “Bilgimi artırmakmi? Ne bilgi vermeye, ne de ki almağa kimse yok, kimin için onu olgunlaştırmak gerekiyor? Milletsiz hayat da yoktur. Değerli nesnelere çöle saçıp yanlarında oturmanın ne anlamı var? [5, s. 319] Yazarın cevapsız sorularının cevabı cümleden netleşir.

Abay Kunanbayev'in “Kara Söz”de belirli bir fikri gerçek anlamda değil, dolaylı olarak ifade ettiğini görüyoruz. Yazarın ironiye başvurması kıssalarına zarar vermez. Eserin “Yirmi Birinci Sözü”nde yazar, kendinden memnun insanların bu tür düşüncelerini maruz kalmayı başarabilir. Onları iki gruba ayırarak vurgular: “Bunlardan birini gurur, diğerine kibir diyelim.”

Abay Kunanbayev'in kibir dediği insanların iç dünyasını ve özelliklerini ironik bir şekilde açıklayabilir. Kibir insanları üç gruba ayırarak aralarındaki farkları netleştirir, onları üç kısma ayırır. Kibirli insanları üç kısma ayırması, yazarın bu insanlara karşı ironik tavrını yansıtır. Yazar kibirli insanların özelliklerini ironik bir yaklaşımla not eder. Kendileriyle daima övünen bu kişilerin, toplumda ve ailede, onları tanımayanların yanında övülmeklerini, herkesin onlardan bahsetmelerini istemelerini bir yaşam inancı haline getirmeleri ironik bir şekilde okuyucuya sunulur: “Gerçek kibir budur ve bunun üç tip kurbanı olur. İlki, yabancıları bile şaşırtabilen övgü severlerdir. Bu tür kibirler

aptalca olsa da yine de insandır. İkincisi, halkları arasında seçilmek için övülmeyi arzulayan keslerdir. Bu tür insanlara kelimenin tam anlamıyla aptal denilebilse de, tam bir adam olarak adlandırılmaz. Üçüncü şahıslar, görmemişler gibi, kendi evlerinde bile övgüye susamışlardır. Böyle olursa, şüphesiz, bu tür insanlar kafadan pozuk şahıslardır. Bir şey ilgi çekici: Düşmanın yanında göze çarpmaya çalışanlar, eninde sonunda kendi halkları arasında şöhret kazanırlar. Halkın saygısını kazanmak isteyenler sadece hemşerilerinden övgü beklerler. Kibirli insanlar yakın akrabaları arasında ne yaptığını iyi bilir ve kendilerini gökyüzünün yedinci katına yükseltdikleri açıktır.”[1, s. 189]

Abay Kunanbayev'in eserlerinde de antitezin sanatsal bir ifade aracı olarak kullanıldığını görüyoruz. A. Kunanbayev birbirine zıt olan durumları karşılaştırarak, düşüncelerini netleştirmeye çalıştı. Örneğin, “On Dördüncü Söz”de “kalpli” ve “kalpsiz” kavramlarını karşılaştırarak antitez yaratmıştı. Yazarın antitezayla fikrini ifade ettiği gerçeği “On Beşinci Söz”de de gözlemlenebilir. Burada yazar, akıllı ve aptal kavramlarını karşılaştırarak bir antitez oluşturabilir. Bu iki kavram arasında önemli bir fark olduğu gerçeğine bizzat yazar değinmiştir: “Akıllı ve aptal insanlar arasında önemli bir fark olduğunu düşünüyorum: akıllı adam - insandır ... Böyle bir insan faydalı şeyler yapmaya meyleder, yaptıklarından zevk alır, eski hatıralarından bahsederken bile anladığını söyler, onlardan zevk alır ve yaşadığı hayattan pişmanlık duymaz.

Aptal adam ise hayatta yerini heçbir şekilde bulamıyor. Değersiz ve anlamsız şeylerle ilgilenir, hayatının güzel anlarını ve değerli zamanını boşuna harcıyor, hayatını boşuna yaşıyor, bir gün aylar, gençliği geçmiş, hayatın en güzel yılları bir köpek oynatmakla geçmiş ve yaşlılık acı kederle doludur.” [5, s. 348].

A. Kunanbayev, “Kara Söz” adlı eserinde görüşlerini ifade etmek için atasözlerine atıfta bulunarak da dikkat çekmektedir. Eserde, “Yarım gün hayatın kaldıysa, bir günlük yiyecek toplayın”; “Yoksula yerli babası da yüküdür”; “Sığırlar hayattan daha değerlidir”; “Zenginin yüzü beyaz, fakirin yüzü siyah”; “Cesur ve kurt karınımı yolda doyurur”; “Cömert olanın düşmanı olmaz”; “Alan el, vermeyi de öğrenir”; “Zengini saymayan, Allah'ı da saymaz”; “Açsan, ihsan edilen yere get”; “Balıksız bir gölün kıyısında, merhametsiz bir avluda yaşama”; [1, s. 173] “Yüz gün axta deve gibi dolaşmak yerine, bir gün erkek deve gibi yaşamak daha iyidir”; [5, s. 373] gibi atasözleri kullanılmıştır. Eserde yazar ayrıca halk kıssalarına da değinmiştir: “Sanat başlangıcını birlikte, zenginlik başlangıcını hayattan alır”. [1, s. 174]

Abay Kunanbayev'in kaleme aldığı düzyazı eserlerinde öne çıkan noktalarından biri Peygamber Muhammed aleyhül-salamın hadisleri ve atasözleri arasında karşılaştırmanın verilmesidir. “Otuz Altıncı Söz”de şu karşılaştırma dikkat çekiyor: “Muhammed Peygamber saleyhül-salamın hadislerinde söyleniliyor ki, “Onur olmayanın inanç da olmayacak”. Kazak atasözlerinden biri ise şöyledir: “Utanmayı başaran, güvenilir olmayı da başarır.” [1, s. 211]. Vurğulanmalıdır ki Abay Kunanbayev ister kaleme aldığı nesr eserlerinde, isterse de yaratıcılığında Hz. Muhammed'in hikmetli sözlerine sık sık atıfta bulunarak, karşılaştırma yapmaya nail olabilmıştır.

İlginç bir nokta, olay veya hikayenin hem yazarın tanıklığıyla, hem de bir revayet şeklinde anlatılmasıdır. Bir olayın revayet şeklinde anlatılmasının daha çok masal ve destanların karakteristik bir özelliği olduğu bilinmektedir.

SONUÇ

Edebiyatın dünya kültürüne bir armağan olan güçlü söz ustası Abay Kunanbayev'in 45 kıssasını okurken insanları olduğu gibi seven, ulusun kaderini düşünen, akıbetinden endişelenen yazarın vatandaş imajını da görüyoruz. Yazar tarafından kaleme alınmış eserlerinde terennüm veya tarif edilmiş olaylar veya hikayelerin doğrudan katılımcı olarak hareket etti. Sonsuzluğu kazanmış yazar, kendisinden sonra “Abay ekolu”nü kurmağı başarmıştır. A. Kunanbayev bir sanatçı olarak edebiyatta tarihi bir aşamaya imza atmış ve klasik figürlerden biri olmuştur.

Kaynaklar

1. Abay (2017). Bakı: Mütərcim. 252 səh.
2. Abay Kunanbayev'in birinci “Qara sözü”. <https://modern.az/az/news/223968>
3. Elman Quliyev (2009). Türk xalqları ədəbiyyatı. Abay Kunanbayev. Bakı: Qismət. 400 səh.
4. Pənah Xəlilov (2017). Ön söz əvəzi / Abay. Tərt. ed.: F. Dursunova. Bakı: Mütərcim. 252 səh.
5. Абай Кунанбаев (1954). Собрание сочинений в одном томе. Стихотворения, поэмы, проза. Москва: Государственное издательство художественной литературы. 416 стр.

АЛАШТАНУДЫҢ БАСТАУЫНДА ТҮРҒАН ТҮЛҒА

Тұрсынбек Кәкішұлы сынды сан қырлы саңлақ санаткердің саналы ғұмырында ғылымның орны ерекше-ақ! Ғалымның зерттеушілік әдіс-тәсіліне тән сипаттың ең бастысы әдебиет тарихы мен тарихтың жігі ажырамастай бірлікте көрініс табуы деп білеміз. Ғылымдағы өз биігін арман еткен жас ізденуші ә, дегенде-ақ әдебиеттану ғылымындағы өз бағытын дұрыс таңдап, тап басып тани алған секілді. Тұңғыш зерттеу жұмысы «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелер (1917-1929)» аталып аты айқайлап тұрған еңбегінің өзінде-ақ әдебиетіміздегі күрделі де қиын кезеңге бой ұрып, айтыс-тартыстың отына шарпылмай, тұжырымды ойларымен әдеби-ғылыми ортаны мойындатты. Содан бергі уақытта желілес қос ғылым – әдебиет пен тарихтың бірлігінен шындық іздеген әдетінен әсте жаңылған емес.

Тұрсынбек Кәкішұлы қандай еңбек жазбасын, тіпті кішігірім мақала жазса да, әуелі тақырыпты әбден игеріп, қажетті материалдардың бәрін білдім, енді ешбір қоспасыз ой қозғауға болады деген сенімге ие болғанда ғана іске кіріседі. Сондықтан да ғалымның ғылыми еңбектеріне тән тағы бір қасиет – шындықтан ауытқымай, шырайландыра жазу. Өзін-өзі сыйлайтын азамат үшін бұл – бір үлкен ғанибет. Шығармашылық жолында «барды, барша ашық та айқын баяндау» принципін қалыптастырған ғалым, ұстанған бағытынан еш айнымастан келеді. Саналы ғұмырында жазған 40-тан астам кітаптың өн бойына желі болып тартылған шыншылдық – ғылыми ізденістерінің басты арқауы.

Аңғара алған адамға Тұрсекеңнің ғылыми зерттеулері ауқымды да арналы үш саладан тұрады. Олардың жеке-жеке алғанда әрқасысының өзіндік сыры жетерлік. Жалпы, ғалым адамға өзінің мінез құлқы мен жігер-қайратына үйлесім табар тақырыптарды таңдай алудың берері мол-ақ. Бұл тұрғыдан алғанда, Тұрсекең – тағы да бағы жанған жан. Өйткені әдебиеттегі алаш тақырыбына бару үшін, оның «ақтаңдақтарын» аршу үшін, бірбеткей мінез, қайтпас қайсарлық керек.

Ертеректе 1917-1930 жылдар арасындағы әдебиет тарихын арқау еткен еңбекке кіріскенде-ақ, кейін заңғар зерттеушіге айналуы мақсат тұтқан жас жігіт «ақтаңдақтар әлемінің» табалдырығынан аттағанын сезген-ақ болар. Сезе тұрып, өзіне сенген де болар. Қалай деген де ғалым Тұрсынбек сол алғашқы адымнан бастап қазақ әдебиетіндегі «ақтаңдақтар» құпиясын ашумен келеді десек, артық айтқандық емес. Өйткені ғалым өзіне «бәсіре» етіп алған әдебиет тарихыныңкең ауқымы ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінде алыптар мен арыстар, биіктер мен бәйтеректер бірде қанаттаса, бірде айтыс-тартыса жүріп, ұлт әдебиетіне өлшеусіз еңбек сіңірген кезең. Арыға барсаң Абайға, беріге келсең Сәкенге бастайтын баспалдақ – бұл. Ендеше Тұрсынбек Кәкішұлының әдеби-ғылыми ізденісінің алғашқы саласы – әдебиет тарихының көзден таса тұстарын назарда ұстау болып табылады.

Әдебиет тарихының «ақтаңдақ» беттеріне үңілу – Тұрсынбек Кәкішұлы сынды ғалымның ғылыми ізденістерінің бастау көзі. Оның бүкіл ізденімпаздық табиғаты осыдан тамыр тартып жатады. Тереңінен сыр тартқан сын тарихынан қос кітапты шығарса да, сан кітапқа жетерлік азық тапты. Дүние кезек екенін түсінген ғалым, тірнектеп жинап, там-тұмдап жазып, қалғанын сырткөзден таса ұстап, қаттап жинай берді. Өйткені көп ойға жол ашылар күннің келеріне іштей сенімді еді. Ғалымның сын саласындағы аз жазса да саз жазған еңбегі текке кеткен жоқ. Әдебиет зерттеудегі тың бағыт сын жолы үлкен даңғылға айналып, қазақ әдебиет зерттеу ғылымындағы жаңа сала ретінде қалыптасты. Дандай Ысқақұлы, Жандос Смағұлов сынды көрнекті ғалымдар тұлғаланып шыққан өзіндік ғылыми мектебін қалыптастырды. Міне, бұл – Тұрсынбек Кәкішұлының ғалымдық ізденісінің екінші саласы.

Адам баласы өмірге деген көзқарасы қалыптасып, біліктілігі артып, айналасына кейде құптай, кейде сыни оймен қарай бастаған тұстан бастап, біреуге еліктеп, біреуге ұқсап бағуға тырысары шындық. Кей біреуге бұл өткелең кезең, кейбіреуге мәңгілік. Бірақ ол құр

еліктеушілік дәрежеде қалып қойса, әрине, өкініш. Сырттай ұқсауға тырысудан гөрі, ішкі жан дүниенің үндесіп жатса ғой, шіркін!

Түрсекең алдыңғылардың көшірмесі болуға ұмтылмай, дара тұлға болып қалыптасқанмен де, іштей еліктейтін бір жан бар. Ұқсағысы келеді-ақ, ұқсауға тырысады да. Ол кім десеңіз, ақиық ақын Сәкен Сейфуллин. Сондықтан да болар осы бір «Жұмбақ жанның» жұмбағын шешуге өмірі бойы ұмтылып келеді. Бұл тақырып – Түрсекеңнің ғалымдық парызынан, азаматтық қарызынан жаралған ізгілігі мол, ілімі кең, өнегесі ұрпаққа аманат қастерлі еңбек пен зейнет көмбесі. Олай болса – бұл ғибраты молғұлама ізденісінің үшінші саласы.

Тұрсынбек Кәкішұлы ашқан «ақтаңдақтар» әлемінің алғашқы бастауын Сәкеннен тартсақ орынды. Ол, әрине, алаштануға бара жолдың басты баспалдағы. Сәкен әлемі шыншыл ғалым үшін тек Сәкен бейнесімен дараланып қалмайды. Біле білсек, Сәкеннің қысқа ғана ғұмыр жолы – басында алаш тұрған бүкіл қазақ зиялы қауымның, бүкіл шығармашылық тұлғалардың XX ғасыр басындағы зұлаMAT зобалаңның талқысына түскен тар кезеңдегі қилы тағдырының көрінісі. Сәкеннің азаматтық тұлғасын таныту, бүкіл бір дәуірдің тарихи өзгерісін айқындау болып табылады.

Біздіңше, Тұрсынбек Кәкішұлының сәкентануға қосқан ең зор үлесі Сәкен өмірі мен шығармашылығының «ақтаңдағын» ашу болып табылады. Яғни ақын шығармашылығының табиғатын тануға ең алдымен адамдық болмысын, азаматтық тұлғасын зерделеу арқылы қолжеткізу. Ақын да бір «сүйек еттен жаралған пенде» екенін еске алсақ, ақындығын тану үшін адамдығын тану қажет-ақ. Сәкендей аты аңызға айналған, бір кезде «қара тақтаға жазылып», халық жауы атанған, одан соң «қызыл тақтаға» көшіріліп, қызыл сұңқар танылған ақынды кешегі бір бұралаң кезеңде зиялы қауым қай тақтаға жазарын білмей тосылып тұрған шақта Түрсекең жазған еңбектердің айбыны асқақтай түсті. Себебі ғалымның ыждаһатты ізденісінен туған «кезең шындығы» Сәкен тұлғасына көлеңке түсіре қоймасы хақ.

Тұрсынбек Кәкішұлының Сәкен жайлы жазған әрбір кітабы ұлы ақынды үнемі жаңа қырынан ашып келеді. Желісі ортақ, ойы өзектес болғанмен, әрбір жаңа кітапта Сәкен өмірінің бұрын айтылмаған, айтылса да сөз арасында ғана айтылып кеткен жайларын шындықпен шырайландыра отырып жеткізеді. Мәселен, «С.Сейфуллин» (1967), «Қызыл сұңқардың» (1968) негізгі желісі революция от-жалыны жылдарындағы Сәкен өмірі. Ал «Сәкен Сейфуллин» (1976) Сәкеннің ақындығын, адами қасиеттерін, азаматтық тұлғасын жан-жақты ашумен, тыңнан қосқан соны деректерімен құнды. Осы кітаптарда Сәкен туралы бәрі айтылатын секілді, бірақ еңбекқор зерттеуші бұнымен тоқтап қалмайды. Ізденісін жалғастыра отырып, Сәкен өмірінің қилы кезеңдеріне, бірде алшандатып, бірде тақсиретін тарттырған тағдырының сан тарауына үңіледі. Үңіледі де, «өтірік пен шындықтың» арасы екі-ақ елі екенін көреді. Көреді де, шарқ ұрып шындықты іздейді. Ізденісі жемісті болып, «Сәкен және Гүлбаһрам», «Сәкеннің соты», «Сәкен аялаған арулар» атты тақырыптар жеке-жеке зерттеу еңбектерге айналады. Сәкен өмірінің «ақтаңдағын» ашу деген осы емес пе?! Бір адам өмірінің мұншама «жұмбағын» шешу бір ғалымның ғұмырына аздық етпесі кәміл. Қаншама құпияның сыры ашылды, сөйтіп барып Сәкендей арыстың азаматтығын танытар толыққанды тұлғасы сомдалды. Тәуелсіздік тұсында жазылған «Кер заманның кереғар ойлары» кітабының «Дарындар – сын додасында» атты тарауында қазақ поэзиясы әлемінің қос жұлдызы Мағжан мен Сәкен тағдырларын желілес ала отырып, ғалым оларға тағылған «қиянпұрыс сындардың» қилы сұмдығын ашады. Өзінің бір кездегі Мағжан туралы біржақты пікірлерін «Мағжаншылдар мен жанжаншылдардың» құрбандығына шалмау үшін «Пенделік пиғылдың әсерін жоққа шығармаймыз, бірақ оның шешуші сипаты қоғамдық-әлеуметтік көркемдік себептерге байланысты екенін ұмытпаған абзал» деп ескертеді. Ал уақыты келгенде айтар ойын еш бүкпесіз ашық айтады. «Мағжан – бірден жарқырап шыққан жұлдыз. Оның 1912 жылғы алғашқы жинағының «Шолпан» аталуының символикалық мәні бар. Мағжан шолпан болуға ұмтылды, ниет қылды және болды да. Елі, халқы үміт артты». Мағжан жайлы «ақтаңдақтарды» көреген ғалым оның өмірі мен шығармашылығынан емес, Мағжан жайлы

шындықты айтқан Жүсіпбек мақаласы мен өзге солақай сындардың өресін салыстыра отырып ашады.

Ғалым ХХ ғасырдың соңына қарай Сәкендей сұңқараға қатысты «Мағжан – Сәкен» (1999) атты жаңа еңбегін жазды. Бұл кітабында ғалым Сәкен мен Мағжанның өмір кезеңдерін қатар ала отырып, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақтардың қыр-сырын терең ашуға ниет қылады. Және оны жалаң сөз қылмай, тарихи-әдеби шындықты мұрағат құжаттарымен негіздеп, кеңестік кезге дейінгі және кеңестік кезеңнен кейінгі қоғамның әлеуметтік ахуалын, қос ақынның шығармашылық бәсекелестігін салыстармалы түрде зерттеп, творчестволық ерекшеліктің өзіне ғана тән болмысын ашады. Жаңа ғасырдың поэзия аспанында жарқырап жанған қос жұлдыздың «Шолпан» мен «Өткен күндер» өлең жинақтарының көркемдік әлеміне, идеялық ұстанымына, ақындық қуатына салыстырмалы зерттеу жүргізуі қызықты да әрі тартымды.

Құнтты ғалым идеологиялық майданның екі жағында тұрып-ақ ел деп еміренген Мағжан мен Сәкеннің өнер жарысындағы іргелі туындыларының жазылу тарихы мен бір-бірінен шабыт алған қуат күшінің сырын аша алған. Әсіресе «Батыр Баян» мен «Көкшетау» дастандарын салыстыра, шендестіре талдауы, ғылыми эстетикалық тұрғыдан алғанда, қазақ әдебиеттануындағы жаңа сөз. Зерттеуші Мағжан, Сәкен ақындығын салыстырмалы түрде зерттеу арқылы алашшылдар мен төңкерісшілдер арасындағы идеологиялық күрес қазақ әдебиетінің кеңге қанат жаюына игі әсер еткенін нақты деректер арқылы дәлелдей алған.

Өз заманының шын мәніндегі заңғар ақындарының ұстанған ұстанымына сай келетін әлемнің озық үлгідегі әдебиет өкілдері шығармашылығына еліктеуі, сол дәстүрдегі дүнелерді жарыққа әкелуі жас әдебиеттің дамуына өзіндік үлес болып қосылғандығын нанымды түрде көрсетіп бере алды. Блок, Бальмонт, Мережковскийлер бағытынан өз поэзиясының сара сарынын тапқан Мағжанның, Маяковскиймен идеялас болған Сәкен шығармашылық ізденістері арқылы өзі өмір сүрген кезеңге жат емес дүниелердің туғызғанын ойлы талдаулар арқылы орнықты жеткізеді.

Өмірлерінің соңғы сәтінде қос алыптың арасындағы достық дәнекердің пайда болуын екі ақынның өзара алысқан хаттары мен соңғы жылдар да жазылған жырларындағы ортақ сарындастықтан іздестірген ғалым тұжырымдары да көкейге қонымды.

Түйіндей келгенде, 450 беттен тұратын осынау ғылыми-эссе – әдебиетіміздің ұлы классиктерінің өмірі мен шығармашылығын өзек ете отыра белгілі бір кезеңдегі қазақ қоғамының ащы шындығын ашқан, көркемдік талдаулары арқылы қазақ әдебиеттану ғылымындағы тарихи таным мен эстетикалық талғамды жаңа белеске шығарған шынайы ғылыми еңбек.

Тұрсынбек Кәкішұлының сын тарихын зерттеудегі ізденістерінің қазақ әдебиеті ғылымындағы зор табыс болып табылатындығы айтылып та, жазылып та жүрген жайт. Біздің айтпағымыз, бұл бағытта ұлы төңкеріске дейін бізде сын болған жоқ деп жүрген «Көппен бірге адаспай, жалғыз жүріп жол тапқандығы». Және де кезінде зерттеулері екі кітап («Сын сапары», «Оңаша отау») болып басылып шықса да, «заман түзеліп енді оқушы түзелер» сәтте тың деректермен байытып 25 баспа табақ «Қазақ әдебиеті сынының тарихын» жазып, одан соң оны екі томдық етіп шығаруы уақытпен нақты үндесуі болып табылады.

Бір қараған адам бұрынғыларын қайта бастырды дер. Жоқ! Бұл – тың дүние деп атауға тұрарлық, уақыт талабына орай жаңғырған ойларға толы, бұрын атүсті аталып кеткен асыл қазыналарды мейлінше терең талдауға ұмтылған сонылығы басым кітап.

Бір кездегі «Сын сапары» тақырып тың болуымен, «Дала уалаяты» мен «Түркістан уалаятының» беттерінен бастап, «Айқап» журналының беттеріндегі әдеби-сыни материалдарды сұрыптаумен, ондағы сыни ой-пікірлердің қазақ әдебиетін өркендетуде атқарған ұшан-теңіз қызметін айқындаумен құнды еді. Ал мына жаңашыл зерттеу қазақ әдебиетіндегі сыни ой-пікірдің қалыптасу, даму, өрістеу құбылыстарын жинақтауымен құнды. Әр тұстағы әдеби айтыс-тартистар мен өрістес келіп жатқан ой-пікірлердің ақ-қарасын айқындауға ұмтылуымен бағалы.

Тұрсынбек Кәкішұлы соңғы жылдары шыққан кітаптарының бірінде «Тарих бетінде әркімнің атқарған ісі, жасаған қатесі, шалыс басқан қадамы түгелдей айтылып, жазылуға тиіс... Қазақ интеллегенциясының тағдыр-талайында ғана емес, бүкіл халық тарихында қағидаға айналып кеткен қателіктерді түзетуіміз керек» деп жазды («Санадағы жаралар»). Бұл бір сөздің сәні үшін айтыла салған лебіз емес. «Алла деген сөз жеңіл, ауызға ол жол емес» деп, Абай айтқандай бұл туралықтан таймаған ғалымның өмірлік мақсаты, ғұмырының мәні. Сонау «Октябрь өркенінен» (1967) тартылған зиялылар тағдырына деген жанашырлық әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. «Әр дарынның өз орны бар» деп түсінетін зерттеуші сол дарындардың ұлты үшін атқарған қызметін айрықша көрсетуді өзіне міндет етіп алғандай. Бұл тақырыпқа үнемі айналып соғып, әдебиет пен мәдениетте елеулі еңбегі бар, әрқилы жағдаймен белгісіз болып келген талай тұлғаларды жұртшылыққа таныстырып жүр.

Заман тыныш, өмірдің өзгеріссіз өтіп жатқан тұсында Жиенғали Тілепбергенов, Елжас Бекенов сияқты қазақ әдебиетіне азды-көпті еңбек сіңірген қаламгерлерді жеткен биігінен төмендетпей оқырманға жеткізген Тұрсекең екенін жоққа шығара алмаспыз. Ал «замана бір желмая, қалмасаң халқым жақсы еді желмаядан жығылып» (Әубәкір Кердері) дейтіндей уақыт келгенде ұлыларын ұлтына қауыштыруда өндірте еңбек етіп жүрген – тағы да Тұрсекең. Басқасын былай қойғанда, «Санадағы жаралар» (1992), «Кер заманның кереғар ойлары» (1995), «Толғам» (2004) кітаптары осы мәселеге арналған.

Еңбексүйгіш ғалымның соңғы жылдардағы ғылыми ізденістерінде өзгеше үрдіс бар екенін аңғару қиын емес. Көбіміз жеке-дара тұлғаларды зерттеп, кейде әсіре мақтап, кейде істемегенін істеді, болмағанын болды деп жатқанымыз шындық. Осы тұста бұған бір-екі мысал келтіре кеткен орынды. Мәселен, бір кезде «Айқап» журналын жабыла мақтап, «Қазақ» газетін ауызға алмай, ауызға алсақ, даттаумен болғанымыз шынық емес пе? Ал енді қазіргі зерттеулерде керісінше «Айқапты» аласартып, «Қазақты» асқақтату басым шығып жатады. Қазіргі әдебиетіміз бен мәдениетімізде орны бар, ортамызға оралған ірі тұлғаларды бір-бірден иемденіп зерттеп жатырмыз. Бірақ бір өкініштісі әркім «өз тұлғасына» тартып, асыра мақтаудан әріге аса алмай жатқанымыз рас. Өмірдегі мінезі мен ғылымдағы мінезі бір иірімнен шығып жататын Тұрсекең үшін бұл жат нәрсе. Турашыл ғалым қашанда шындықты іздейді, әділеттік айтуға тырысады. Тұсынбек Кәкішұлының тағырдың қилы талқысына түскен қазақ зиялыларының азаматтық ажары мен парасат әлемін бөлмей-жармай бірлікте қарауға ұмтылуын біз осылай қабылдаймыз.

Соңғы еңбектерде «Біздің бүкіл тарихымызда, әсіресе әдебиет саласында Ақпан мен Қазан ревлюциясындағы кезеңнің жүгі ауыр» дей отыра ғалым Ақпанға дейінгі, Қазаннан кейінгі кезеңнің тарихи шындығын айтуға күш салып жүр. Мұнда ғалым басты үш нәрсеге көңіл аударуда. Біріншісі – «Айқап» пен «Қазақ» топтарының ара қатынасы және сол екі топтағы ірі тұлғалы ақын-жазушылар мен кеңестік топтағылардың ара қатынасы, шығармашылық байланыстардағы шындық. Екіншісі – «Алаш» зиялыларының тағдыр-талайы, олардың іргелі істері мен шалыс басқан қадамы. Үшіншісі – уақыттың ұранымен кеңестік дәуірдегі әр ақын-жазушыларымызды «бір шыбықпен айдап шығуға» ұмтылушыларды әділеттілікке шақыру. Мұның қай-қайысысында да, дәлелді деректермен, орнықты ойлармен, өткір пікірлермен әділін айтып келеді.

Ғалымның кеңестік ақын-жазушыларға көрсетіліп жатқан «әпербақан» қылықтарға қарсылық ретінде жазған соңғы еңбектерінің бірі – «Сәбит Мұқанов» (2005) атты зерттеу.

Бұл кітаптың дайындығы ұзақ жылдарды қамтығаны байқалады. Сәбеңнің көзі тірісінде де, кейін де ол кісі туралы түрлі сипаттағы мақалалар жазып жүрген Тұрсекең ЮНЕСКО шешімімен дүние жүзілік тойға айналған Сәбит Мұқановтың 100 жылдығы тұсында (2000) ұзақ жылдық ізденістерінің жемісі іспетті мақалалар топтамасын жиі жариялады. Соның нәтижесінде сәбиттануға біржола бет қойып, 2000 жылы «Қазақ университеті» баспасынан Сәбең арналған екі жинақ шығарды. Ал 2005 жылы «Арда» баспасынан «Сәбит Мұқанов (әдеби-ғылыми ғұмырнама)» атты 304 беттік әдеби-ғылыми ғұмырнамалық еңбекті бастырды. Бұл – баяғы «Өнегелі өмір» сипатында жазылған, Сәкен жайлы кітап дәстүрінде туған дүние. Қазақ әдебиетінің алыптарының «кәдімгі» Сәбит Мұқанов туралы осы бір зор тебіреніспен,

еркін толғаныспен жазылған шыншылдығы басым сырлы еңбек – ғалымдық ғұмырдың биік бір белесі.

Атақты жазушыны кейбір «жаңашылсымақтар» ағаш атқа мінгізіп жатқан уақытта дәуір шежірешісінің тырнақалды талапты ізденісінен бастап, «Аққан жұлдыз» атты диалогиясына дейінгі шығармашылық ғұмырнамасын жан-жақты зерттеп, уақыт табына суарылған әділдігін айту оңай шаруа емес. Қаламының желі бар зерттеуші жазушының қилы заманы мен қиын да қызықты тағдырын ажырамастай бірлікте алып, қамшының өріміндей әдемі қиюластырады. Өлеңге қызығушылық талабын оятқан дарынның қасиетті қара өлеңнің қызулы көрігінде пісіп-жетіліп, қазақ әдебиетінің классигіне айналу жолы, шығармашылық ерен еңбегі саты-сатылай отырып, біртіндеп ашылады. «Майға сәлем», «Сұлушаш», «Ботагөз», «Балуан Шолақ», «Мөлдір махаббат», «Өмір мектебі», «Аққан жұлдыз» т.б. жанры әр алуан, тақырыбы әртүрлі шығармаларындағы Сәбеңнің ақындығы, жазушылық шеберлігі қилы қырынан ашылып, дарқан жүрек, дала көңіл, абыз қаламгердің адами болмысы жайылып сала береді. Сәкеннен гөрі Сәбитті жазудың Тұрсекеңе бір жеңілдігі бар. Ол – Сәбеңді көзі көріп, рухани сырлас болуы. Ендеше, бұл кітапта Сәбеңдей теңдессіз тұлғаның жазушы ретінде де, азамат ретінде де бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік өмірімізде алатын орны туралы нағыз шыншыл, әрі турашыл көзқарас білдірілген.

Ғалымның көздеген басты мақсаты – әдебиеттің қай кезеңіне болмасын, ең алдымен, ақыл-парасат азаттығы тұрғысынан келу. Дәуір шындығының бүгінгі көзқараспен бірге жазушы өмір сүрген кезеңдегі идеологиямен де үндесуін бағамдау. Өйткені қазақ зиялыларының қай-қайсысы да қандай ұран көтерсе де, не істесе де ұлт қамы үшін істеп жүрмін деп ұқты. Өз кезіндегі уақыт үрдісінде дұрыс деп түсінген кейбір істері уақыт өте келе бұрыс боп шығып жатса, азаматтық тұлғасына қара күйе жағып, тарихтан сызып тастау әділеттік пе?! Тұрсекеңнің ел сүйіктісі Сәкен мен Сәбиттің бедерлі бейнесіне көлеңке түсірмеу жолындағы күресін осылай ұғынуымыз керек. Осылай бағалауымыз керек.

Тұрсынбек Кәкішұлындай тұғырлы тұлға туралы сөз қозғағанда, ол кісінің азаматтық келбеті туралы айтпай кетудің реті жоқ. Өйткені жоғарыда айтып өткеніміздей Тұрсекеңді тұтастырып тұрған – Ұстаз, Ғалым, Азамат атты үш таған бірлік.

Ұстаздың азаматтық келбеті оның ұлтжандылығы мен айбынданып тұрады. Тұрсекең бойында азаматқа лайық мінезбен азаматтық сана біте қайнасқан бірлік танытады. Сондықтан да ол – ұлтжанды. Жеке бастан гөрі, ұлттың ісін үнемі алға қойып отыру ғадетіне айналғалы қашан. Сонау жас кезінен-ақ ол ұлтым деп «ұлтшылдығын» танытты. Сол бір қасиеттен айнымай-ақ келеді.

Елуінші жылдардың ортасында «Қазақ әдебиеті» газетінде қазақ тілінің мәселесі көтеріліп, қазақша оқытудың жайы алқалы ортаның талқысына салынған тұста, алғаш болып үн көтергендердің бірі осы Тұрсекең болатын. Ол кезде Қазақстан компартиясының орталық комитетіне қарайтын Партия институтында істейтін жас жігіт көп қудалауға ұшырап, ақыры кетіп тынып, академияның аспирантурасына түсуге мәжбүр болады. Өзі қызмет істеп жүрген партия институтының саясатына қарсы шыққан мұндай ерлікті батылдық демей, не демейміз, батырлық демей не дейміз! Ал сол батылдық пен батырлыққа итермелеп тұрған ұлтжандылықтың қуатты күші еді.

Тұрсекең – сапарға көп шығатын, ел-жер көруге құмар жанның бірі. Бірақ ол қызық қуған, «атың барда ел танының» адамы емес, әр сапардан елге пайда келтірер, ұлт мүддесіне тиесілі нәрсені жүзеге асыруды көздеп отыратын құнтты жан. Өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғы 70-жылдарының басында Тұрсекең Қазан, Уфаға сапарлайды. Сол сапарда керексіз деп табылған ескі кітаптарды жоюға деген дайындықтың үстінен түседі. Ішінде революциядан бұрын шыққан қазақ кітаптары да көп болса керек. Дереу Қазақстанға хабар жіберіп, әлгі кітаптарды елге әкелуге рұқсат алып, бәлен қапшық кітапты арқалап қайтады. Әңгіме ескі кітаптарды арқалап қайтуды емес. Әңгіме сол кітаптардың көбінің ол кезде оқу түгіл, атын атауға болмайтын кітаптар екенінде... Соның бірі қазақтың тұңғыш романы Міржақыптың «Бақытсыз Жамал» шығармасы болса, көп адам көрсе тұра қашатын осы

кітаптың бір данасын Жақанның күйеу баласы аудармашы Әбен Сатыбалдин арқылы туған қызы Гүлнар Дулатоваға табыстайды. Ал бұны ерлік емес деп қалай айтарсың.

Еліміз жаңадан тәуелсіздік алып, шеттегі бауырларымызға енді көңіл бөле бастаған тұста, Т. Кәкішев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылым мен жаңа технология министрлігінің шешімімен «Қазақ диаспорасы әдебиетін зертеу» лабораториясын ашты. Сөйтіп, Республика Премьер министрінің сол кездегі орынбасары, Т.Әбілсейітовтың қолдауымен Моңғолияға ғылыми іс-сапар ұйымдастырды. Қазақстаннан ҚазМУ бөлген кішкентай «коробка» автобуспен Моңғолияға жол шеккен Тұрсекең де жүрек жұтқан-ау. Жанында Ілия Жақанов, Зұфар Сейітжанов және бір топ жас ғалымдар бар Тұрсекең бұл жолдан олжалы оралды. Том-том қолжазба, бәленбай кассеталық ән таспасы, ауыздан жазылып алынған сан дәптер қазақ әдебиеті үшін үлкен байлық еді. Ал енді мұны ұлтжандылық емес дей аламыз ба?!

Айта берсек, Тұрсекеңнің ұлт үшін еткен еңбегі ұшан-теңіз. Бәрін айтып тауысу мүмкін емес. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастаған қазақ тілі үшін күресі саналы ғұмырының мәніне айналды. Ұлт мәселесіне, елдікке қатысты құнарлы ойларын үлкен мінберлерден жасқанбай ашық айтып отырды. Мемлекет мүддесі үшін жасалып жатқан іс-шаралардың басы-қасынан табылып, реті келсе, алдыңғы сапында жүрді.

Ғалым туралы толғанысымызды түйіндей келе айтарымыз – бүгінде қалың елі – қазақ жұрты Тұрсынбек Кәкішұлын білімпаз ғалым ретінде, жас ұрпақ «ұқсап бағуға» тұрарлық ұстаз ретінде, сындарлы кезеңде күлбілтелемей, айтарын ашық айтатын, ой-сананы оята білетін санаткер ретінде ұмытпақ емес.

Осынау ел құрметіне адал еңбегімен ие болған қайраткер тұлғаның ұстаздығы ұлағатқа, ғалымдығы өнегеге, азаматтығы үлгіге айналып, келер ұрпақ жадын да жаттала береріне сенім мол!

Тасбулат МЕДЕТБАЕВ,

*филология ғылымдарының кандидаты Қызылорда
«Болашақ» университетінің аға оқытушысы*

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚАҒАРМАН БЕЙНЕСІ

Ғұлама ұстаз Тұрсынбек Кәкішұлы өз тумысында оған берілген рухани қасиеттің рухы болатын. Ол кез келген адамға беріле бермейді. Оның жан дүниесі кіршіксіз ақ қардай таза, оның әділеттік күресі халқы үшін жаралғандай. Елінің қаһарман күрескері. Сыртқы келбетінен нұр төгіліп тұратын, жаратқанның өзі жаратқандай көркем бейнелі болатын.

Сәкеннің өмір сүрген қоғамы мен өмірі өзі сияқты жан-жақты барынша жетілген заманының замана бейнесін әдебиеттану мен көркем әдебиет арқылы әлемдік деңгейде жасауға бел байлап күресті. Оның өн бойына күрескерлік қасиет туған жеріне, ата-анасына, еліне деген ғасырлар бойы санасына сіңірілген өз халқының рухани күші болатын. Бұл философиялық ой ертедегі шығыс халқының, грек ғұламаларының даналық сөздерімен астасып жатады. Нақтылай айтсақ, «Грек ғұламаларының айтуына қарағанда адамның белгілі ұлтқа, халыққа тән ерекшелігін сезіну үшін, біріншіден, сол ұлттың тілін, екіншіден, дінін, үшіншіден, дәстүрін, төртіншіден, тарихын жақсы білу парыз». Осылайша өз халқының қоғамдық санасын ғылым мен көркем әдебиет арқылы дамытып, жаңартуды қолға алды. Ол қоғам мен адамды өзгертудің бірден-бір күші қоғамдық сананы өзгерту жолы екенін анық түсінді. Осылайша ол өзгерген қоғамға сай әдебиетке жаңа адам (революционер) бейнесін әкелді.

Біздің ғылым жолындағы үзеңгілес досымыз, белгілі профессор Құлбек Ергөбектің ұстазы туралы айтқан шәкірттік сөзін келтіруді жөн көрдік.

«Көп томдық шығару кезеңі – қадірлі ұстаз, әдебиетке еңбегі бір кісідей сіңген профессор Тұрсынбек Кәкішұлына келіпті. Жөн-ақ.

Жарты ғасырдан астам ғұмырды туған әдебиет тарихын зерттеуге жұмсағанда кейінгі буын – бүгінгі толқын атынан «О, бәрекелді!» деген бейіл көрмесе не болғаны?! Жарты ғасырдан астам алтын уақытты шәкірт тәрбиелеуге тартынбай жұмсаған ұстаз жасы ұлғайған шақта, алдынан білімді мол жинап, ғылымның ұңғыл-шұңғылын меңгеріп, жазу өнерінің қырсырына қанығып адал өрген шәкірттері тарапынан қамқорлық көрмесе не болғаны?! Не болғаны емес-ау, кім болғанымыз? Толқыннан толқын туып, ата жолын қуып, ата дәстүрді аздырмас, тоздырмас ұлттық болмыс, қазақы қалып қайда қалғаны?! Шүкір, бәрі де орнында екен: аға буын ағалық қалпында, іні буын ізетті салтында. Ұстаз – ұстаздық биігінде, шәкірт – шәкірттік иінінде». [1.3 б.]

Талай ғасырдан бері әдебиетіміздің қайнар бұлағы, өркендер арнасы болып келген поэзия кеңестік дәуірде жаңа мағынаға ғана емес, жаңа сапалық қасиеттерге де ие болды. Осының нәтижесінде көркем образдар туа бастады. Олардың жасалу жолдарын үш арнада қарастырған жөн сияқты. Бірінші – қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық практикасында өмір шындығына табан тіреген өршіл романтика арқылы кеңестік заман бейнесін аңғартатын лирикалық образдардың жасалуы.

Профессор С.Қирабаев Т.Кәкішевтің «Октябрь өркені» (1962) деген [2.21 б.] «еңбегін айрықша атауға болады» деп айтқан. Енді Т.Кәкішевтің осы еңбегіне арнайы жеке-жеке тоқталайық: «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу, даму жолдарын теориялық жақтан айқындап берді. Осы дәуірдің зор тұлғасы Сұлтанмахмұт Абай дәстүрінен айнымады, ол ілгері дамыта түсті. Ол жасаған замана бейнесі Абайдікінен бірқыдыру өзгеше. Егер Абай жасаған киіз үйдің – замана бейнесінің түтіндігі шұрқ-шұрқ тесік болса, Сұлтанмахмұтта дал-дал болып паршаланды, әбден тозығы жетті. Керегенің етегі судан шіріп, уатыла бастады. Шаңыраққа шанышқан уықтар шіріп тозып, тек ілдәбаймен ғана ілікті. Басқұрларда дәрмен жоқ. Анау-мынау дауыл емес, енді қатты жел соқса-ақ күйрегелі тұр. 1905 жылы дауылда «алла-құдайлап» эзер қалған үй, 1917 жылғы февральдағы қатты желде шаңырағы ортасына түсіп, әбден құны кетті.

Төмендегі өлең жолдарында жалынды күрескер ақынның жанкешті өмір жолының қиын кезеңдерінің бірі еді. Сәкен осыдан кейін ескі өмір ағынын өзгертіп, жаңа жолға бет бұруды көздейді де алдағы қоғамның күрескерлік жолын таңдап, оны іске асырудың бірден-бір жолы дүниені өзгерту екендігін ол анық түсініп, күресуге бел байлайды.

Азамат, жүнжіме, жүрме бос,
Қол ұстас, бірігіп тізе қос.
Ту ұстап дұшпанға барайық,
Теңдіктің ұранын салайық.
Тізесін батырған залымнан
Күн туды – біз теңдік алайық... (126-б.)

Бұл жол ел үшін оған шын берілген ер азамат ақынның күрескерлік жолы ғана болатын. Одан басқа жол жоқ.

Сонымен қазақ кеңес әдебиетінің бүгінгі өмірді суреттеуі, еңбекші көпшіліктің тіршілігін жыр етуі, халық көңілін таба білу талабы бір жағынан замана бейнесін жасау процесімен қатар жүріп отырды. Осының ең айқын шығармашылық процесін қазақ совет әдебиетінде Сәкен Сейфуллиннің поэзиясынан табамыз.

Жүген, құрық тимеген,
Жасынан нөқта кимеген.
Алты жасар асауды
Ұстап міндім далада...

Бұл – өмірдің өзінен ойылып алынған лирикалық бейне. Міне, сондықтан да Асау тұлпар қаншама романтикалық сазбенен суреттелсе де реалды бейнеге айналып, оның нәрі, күші – өмір шындығында, бүгінгі адуынды тіршілікте болды.

Осындай жағдайда болашақ бақытты қоғамның тірегі техникалық прогресс саласында жатқандығына көзі жеткен Сәкеннің отарбаны замана бейнесіне ұқсата жырлауы бірінші орынға шықты. Тұлпармен де біраз жерге баруға болатын еді ғой дейтіндер де табылар. Бірақ заман барысын ақындық жанымен түсінген романтик ақын;

...Дүниені орап жаңғыртып,
Күңіренгіп ұран таратқан.
Керемет күшті жасаушы
Тұр жалшылар, ал аттан! –

деп ой түйеді.

Міне, сондықтан отарбаны – тұлпарға, қара айғырға теңеу көркемдік заңдылығына сай екендігін, ал осындай ұғымды баламаларды тауып, поэтикалық образдарды көбейткен ақынның жаңашылдық тенденциясын байқамасқа еш болмайды. Жаңа өмірдің қарқынына тек экспресс қана лайықты, асау қанша ұшқыр болғанымен де, бүгінгі заманға жарай алмайды.

Экспресс жырлайды,
Ешқайда мойын бұрмайды.
Ешкімге қарап тұрмайды,
Аямай жанды баратыр. –

деп тұлпармен қош айтыспасқа шарасы қалмайды».

Т.Кәкішұлы оның шығармаларының үздіксіз өсу, даму жолдарына шығармашылық жолмен талдау жасайды. «Ол, біріншіден, айтқан ойымыздың шығармашылық практикадан туғандығын көрсету болса, екіншіден, қазақ поэзиясына заманның қаншалықты әсер еткендігін аңғарту еді. Абайға дейінгі поэзиямыздың өрнегі он бір, жеті буынды және аралас буынды өлеңдер болып, ұлы Абайдан кейін өлең түрлерінің барынша молайғандығын, әсіресе аралас буынды өлеңдердің өрнектері құбыла түскендігін ескерген уақытта, Сәкеннің заман бейнесін жасау процесінде жаңа, соны түр тапқанын аңғармауға болмайды. Өйткені өлең өрнегіне реформа жасау жөніндегі ниет формалистік жаттығулардан тумай, қайта, заманның өзінен алынған жаңа идеяларды, тың мотивтерді, социалистік идеалды жырлауға саналы түрде ден қойған ақындық талаптан туғандығын, оның өзі өлең өлшемін өзгертіп, жаңа түр тапқызығанын айқын байқаймыз.

Жоғарыда келтірген үзінділерді буын саны жағынан алып қараған уақытта көбіне аралас буынды өлеңдердің Абай жасаған үлгісі де, бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі үлгілер де көп қолданылғанымен интонациялық леп басым екендігін байқаймыз. Ал мұның өзі, яғни буын ұйқастығынан туатын ырғақтың екінші планға қойылып, негізгі айтар ой интонациялық екпінмен жырлануы қазақ поэзиясына сіңе бастаған жаңалықтың нышаны, силлабикалық өлеңге силлабо-тоникалық өлең элементтерінің ене бастауы еді деп қарауымыз керек. Осы принципті Сәкен «Советстанда» әбден аңғартып қана қоймай, қазақ өлең өрнегінде бұрын кездеспеген жаңа түрге айналдыра білді» [3.114-б.].

Заман бейнесін жасау мақсатына ден қойған автор көбіне жедел қимылды, өзгерімпаздықты, екпінділікті он бір буынды қара өлеңмен беруге болмайтындығын түсініп, көбіне жыр өлеңдерінің үлгісіне бой ұрып отырған. Ойды төгіп-төгіп, бастырмалатып айту заманның динамикалық өзгерістеріне біршама сай келеді. Міне, осы арада интонациялық принциптің алғашқы нысандары бой көрсетіп отырды. Қазақ өлеңдерінің негізгі структуралық құрылысына назар аударғанда, оның әндік әуенге бейімделетіндігін байқамасқа болмайды. «Советстандағы» жаңа түрдің негізін қалаған жаңашылдықтың қарлығашы еді.

«Советстан» – тек Сәкен шығармашылығында ғана емес, бүкіл қазақ кеңес поэзиясында новаторлықтың үлгісі. Сондықтан да Е.Ысмайылов «осы поэмада Сәкеннің ақындық новаторлық ерекшелігін айқындай түсті. Мұнда Сәкен поэмасының екі түрлі ерекшелігі бар: бірі – ақынның бейне, образ табудағы новаторлығы, советтік өмірімізді, ақын тілімен айтқанда, советстанды экспрестің екпінді шабысына ұқсатып беруі. Алғашқы дәуіріндегі поэзиясында ақын революцияшыл өмірдің дамуын желмен жарысқан асау тұлпарға, аспанға

шарықтаған сұңқар құсқа, аэропланға ұқсатып жырлайтын болса, енді экспресті сол романтикалық образдардың заңды жалғасы ретінде реалистік түрде бейнелеп отыр. Бұл – ақынның шығармашылық ізденуінен туған жаңалық. Екінші, Сәкен поэзия ырғағын жүйрік пойыздың екпін ырғағына үндестіріп бере білген. Поэмада музыкалық үнділік, сөз бен дыбыс бірлестігінің мәні үлкен. «Советстан» поэмасындағы соңғы қайырмалар жалаң дыбыс қуалау емес, бұл – ақынның айтамын деген ойын пойыздың шапшаң жүріс ырғағы арқылы елестетпек болған образды сөздердің ойнақылығы. Сонымен бірге бұл поэмада өлең өлшеуінің де жаңалығы бар» [4.115 б.] деген пікіріне әбден қосыламыз, өйткені манадан бергі ойымызды дәлдікпен түйіндейді.

«Советстан» буын жағынан алғанда 11, 11, 4, 4, 4, 11 буынды [2.116 б.] өлең шумақтарымен жазылған. Силлабикалық өлеңнің негізгі ұйқасы дұрыс сақталғанымен де, силлабика-тоникалық өлеңдердің элементтері бірсыдырғы анық байқалады. Мұның өзі қазақ поэзиясына интонациялық принципті еркін де мол қолдануға болатындығының шығармашылық дәлелдемесіне парапар.

Жалпы «Тар жол, тайғақ, кешудің» тағдыры туралы кітаптың авторлары (Тұрсынбек Кәкішұлы, Күләш Садыққызы) (А., 1997) қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихын айта келіп, ол... Қазақстанда социалистік революция жеңісі туралы ең алғашқы реалистік роман жанрының қалыптасуына жол ашты. Сонымен бірге республикада қоғамдық ой-пікірдің, тарихтық білімнің дамуына да орасан зор ықпал жасады.» [5.126-б.] деген негізгі тұжырымды Сәкен шығармашылығын зерттеген Т. Кәкішов, Р.Нұрғалиевтар әр қилы эпитет-теңеулермен толтыра айтып, қазақ әдебиеттану ғылымында орныққаны белгілі. Оның әдеби мұрасы сол күннің ғана мұрасы емес, бүгінгі туған елін күрескерлік жолға бастаған рухани-әдеби жолы болатын.

Әдебиеттер:

1. Кәкішев Т. Көп томдық шығармалар жинағы. – А., 2008.
2. Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. – А., 1974.
3. Кәкішев Т. Октябрь өркені. – А., 1962.
4. Сонда.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 том, 1-кітап, – А., 1967.

Сәбит ЖӘМБЕК,
филология ғылымдарының кандидаты,
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік
университетінің доценті

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ ЖӘНЕ СӘБИТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан ғылымында өзіндік дәстүрі мен тарихы бар арналы салалардың бірі – әдебиеттану ғылымы. Өзінің түр-тарихын сонау әл-Фарабидің «Поэтикалық өнер қағидалары» атты трактат пен Шоқан Уәлихановтың қазақ поэзиясының түрлері жайында жазған еңбегінен бастау алатын бұл сала өзінің берік тұғырын өткен ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап қалай бастады. Осы көштің басында ұлы ағартушы-ғалым, тәржімашы, ақын, үлкен қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов тұрды. Оның 1926 жылы Қызылорда-Ташкент қалаларында жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегі осы салада жазылған тұңғыш қазақ тілінде жазылған теориялық еңбек еді.

Кейін бұл көшті Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Есмағамбет Ысмайылов, Темірғали Нұртазин, Бейсембай Кенжебаев, Қажым Жұмалиев, Әнуар Дербісалин, Ысқақ Дүйсенбаев, Айқын Нұрқатовтар жалғастырды. Кейінгі екінші толқында алынғы топтан кем емес, қуатты да, күшті, талантты толқын болды. Олар: Мұхаметжан Қаратаев, Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішев, Зейнолла Қабдолов, Рақманқұл Брдібаев, Зәки Ахметов, Мүсілім Базарбаев, Ханғали Сүйіншалиев, Ә. Нарымбетов, Н. Ғабдуллин, Ш. Елеукенов, Р. Нұрғали т.б.

Міне, осы соңғы топтың ішіндегі әдебиеттану саласындағы қыруар еңбектерімен, ыждағатты еңбек қорлығымен танылып, ерекшеленетін, қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен өкілі – Халықаралық жоғары мектептер ғылым академиясының академигі, Еларалық қоғамдық Айтматов академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар Одағының Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, Қазақтың Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Тұрсынбек Кәкішев.

Тұрсынбек Кәкішев – қазақ әдебиеттану ғылымында көп іс тындырған, көрнекті тұлға. Ол осы саланың ыстығына да, суығына да тоңған, шираған, көп талас-тартыстарды да басынан өткерген, өзінің ұстазы Есмағамбет Ысмайылов сияқты «Әдебиеттің еңбекторысы» (М.Әуезов) аталған біртуар талант. Халық арасында Тұрсекең атанған Тұрсынбек Кәкішев – сөздің шын мәніндегі еңбекқор ғалым. Ғылымға араласа бастаған жас шағынан бастап қазіргі күнге дейін қазақ әдебиеті тарихы мен сынында ақтаңдақ болған мәселелерді түп негізінен қарастырып, қопарыстыра зерттеп жүрген тынымсыз жан. Тәуелсіздік алған соңғы жылдардың бедерінде де ол Сәкенге қатысты, бұрынырақ зерттелмеген, таратыңқырап айтатын болсақ, «Тар жол, тайғақ кешу» романының шығармашылық тарихы, Сәкен мен Гүлбаһрам, Сәкен сүйген арулар, Сәкен мен Мағжан, сонымен қатар ақиық ақын, жазушы, әдебиет зерттеушісі Сәкен Сейфуллиннің азаматтық және саяси тұлғасына, қоғамдық протреті мен кісілік келбетіне байланысты және Сәкеннің ізбасар інісі, белді жазушы, Сәбит Мұқановтың азаматтық және қаламгерлік тұлғасына қатысты бұрын қарастырылмаған жалпы оқырман мен ғылыми қауымға тың да тосын мәселелердің бетін ашқан, батыл пікірлер мен соны тұжырымдарға негізделген, қадау-қадау ойлары бар танымдық та тағылымы мол зерттеу еңбектерді жазды.

Өткен ғасырдың 60-жылдарының басынан ол енді ақтала бастаған Сәкен Сейфуллиннің қоғамдық, әдеби шығармашылық жолдарын зерттей бастаған Сәкен туралы толымды зерттеу еңбегінен басқа, қалың оқырман қауым мен ғылыми ортаға әлі де белгісіздеу болып, назардан тыс қалып келген Смағұл Сәдуақасов, Ғаббас Тоғжанов, Елжас Бекенов, Жиенғали Тілепбергенов, Зейнеғабиден Омскаұй, Мұхамедсәлім Кәшімов, Әкрам Ғалымов, Мақыш Қалтай, Ақылбек бин Сабал т.б. туған әдебиетіміздің көрнекті тұлғаларының есімдерін қалың жұртшылыққа танытуда Тұрсынбек Кәкішевтің еңбегі ұшан-теңіз. Ғалымның талай ізбасар шәкірттері қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелері бойынша, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады. Ғалым салған сүрлеу жолмен игілікті істі әрі қарай жалғастырды.

Әдебиеттану ғылымының арнаулы үш саласының бірі – әдебиет тарихының басында кезінде Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайыловтар тұрып, негіздесе, кейін бұл абыройлы істі профессор Бейсембай Кенжебаев жалғастырды. Әдебиет теориясын дамытудың басында академик Зейнолла Қабдолов тұрса, қазақ әдеби сыны тарихын негіздеудің басында профессор Тұрсынбек Кәкішев тұрды. Оның қаламынан бұл салада «Октябрь өркені», «Дәуір дидары», «Поступь» атты монографиялар туды.

«Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуындағы идеялық-көркемдік ізденістер» деген тақырып кандидаттық диссертациясының, ал «Қазақ әдеби сынының тарихы» докторлық диссертациясының өзекті тақырыбына айналды.

Бұрынғы Кеңес Одағында 1972 жылы «Әдеби-көркем сын туралы» қаулы қабылданды. Сыншы кадрларды дайындауға айрықша маңыз берілді. Әдебиет сыны тарихына байланысты арнайы оқулық жазу қолға алынды. Кеңес дәуіріне дейінгі «Орыс сынының тарихына» арналған В.Кулишевтің оқулығынан басқа оқулық бола қойған жоқ. Оның өзі кеңес дәуіріне дейінгі кезеңді қамтыды. Ал кеңес дәуіріндегі сын тарихына қатысты бір сыдырғы зерттеу еңбектер бар болғанымен, арнайы оқулық тіпті орыс тілінде де жазыла қойған жоқ болатын. Университеттердің оқу жоспарларында әрбір ұлт әдебиеті сынының тарихы жалпы пәнге айналу міндеті тұрды. 1967 жылдан бастап «Қазақ әдеби сынының тарихы» Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде арнайы, 1974 жылдан бастап жалпы курс ретінде оқытылу жолға қойылды.

Міне, осындай өрелі іске ұйытқы болып, Тұрсынбек Кәкішев «университет студенттеріне арнап» «Қазақ әдеби сынның тарихы» деген оқулық жазды. Бұл оқулықты жазарда әдебиеттану ғылымының олқы соғып жатқан, кенжелеу қалған саласы әдебиет сынының да өзіндік шығармашылық, ғылыми проблемалары бар екенін ескертіп өтеді. Әдебиет сынының да тарихы мен қалыптастыру процестері бар екенін, оның өзіне тән ғылыми өзекті ғылыми мәселелері арнайы зерттеуді талап ететінің айтады.

Әдебиеттану ғылымы мен сынының қалыптасып, даму тарихындағы кезеңдерді байқап, жүйелеуге қатысты пікірлерін былайша өрбітеді: «Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихы белестерінен үш кезеңді анық байқаймыз. Бірінші кезең – қазақ әдебиет сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең – қазақ әдебиет сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917-1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең – қазақ әдебиет сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі 1938-1985 жылдар аралығы» (Тұрсынбек Кәкішев. Қазақ әдебиет сынының тарихы. – А., 1994. 3-б.)

Оқулық ретінде жазылған бұл еңбекте зерттеуші әдеби сын арналарының халықтың көркемдік мұраттары мен әсемдік туралы ой-толғамдарында, сұлулық туралы талғамында, халықтық эстетикалық інжу-маржандарында, тұнығында жатқанын зерделі байыптап, қазақ ағартушыларының пікірлеріндегі сыни ойларды сараптай отырып, алғашқы қазақ баспасөздеріндегі сынды, рухани аңсарларын Абайдан бастайтын жаңа тұрпатты, жаңа сападағы жазба әдебиеттегі сыни ой-пікірлерді қарастыра келіп, кеңестік дәуірдегі әдеби сынның эстетикалық және социология табиғатын бағамдайды. Әдеби өркендеудегі тарихи сабақтастық мәселелерін ортаға салады. Әдеби сынның туу, қалыптасу проблемалары тек шығармашылық қана емес, саяси-әлеуметтік мәселелерімен дае тікелей байланысты екендігін, әдебиет сыны тарихында оны орағытып өту мүмкін емес екендігін, сынның социологиялық және эстетикалық деңгейі көркем әдебиеттің биігіне тәуелді екенін ғылыми-сыншылық тұрғыда баса көрсетіп кетеді.

Әдебиет сынының көркем әдебиетпен тығыз байланысқан дүние екенін, сын дәрежесі оның субъективтік және объективтік себептеріне байланысты екендігін байыптаған құнарлы ойларын: «Әдебиет сыны көркем әдебиетпен үзегілес дүниеге келді. Көркемдік даму мен эстетикалық талап-талғамның өркендеу процесі уақыт жағынан бір-бірінің ілгері-кейінділігіне қарамастан, өзара байланысты болады. Бұл заңды да. Ал енді көркем әдебиетпен үзегілес дүниеге келген сынның дәрежесі қандай болмақ деген мәселеге келгенде, екі себепке, атап айтқанда, субъективтік және объективтік себептерге тоқтала кеткен жөн.

Түптеп келгенде, сынның эстетикалық дәрежесі көркем әдебиеттің шыққан биігімен өлшенеді. Сынның кейде социологиялық, кейде эстетикалық таңдауларға ден қоюының өзі де әдебиеттің қамтыған өмір шындығына белгілі дәрежеде тәуелді болатын кезін естен шығармау қажет» – деп (Тұрсынбек Кәкішев. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – А., 1994. 4 б.) түйіндей келіп: «Сын дәрежесінің субъективті, себебі, ең алдымен, сыншының білім деңгейі мен эстетикалық талғамының мол-аздығын еске алуы қажет екенін, мұның ең негізгі қажетті субъективтік себеп екенін естен шығармау керек екенін айтып өтсе; ал оның объективті себеп – көбіне әдебиеттің жалпы дәрежесін тәуелді екенін, көркем шығармалар өзінің қоғамдық мәні жағынан көркем бейнелер жасау, типтік жағдайларды көрініспен суреттеу, тіл байлығын теру, оқушыны ілгері ұмтылдыратын эстетикалық идеяларды белгілеу жағынан биік деңгейден табылып жатса, онда сынның өресі де биік болмақ»- деп ой түйеді.

Тұрсынбек Кәкішев – тек қана сын төңірегінде шектеліп қалмаған, ғылыми көкжиегінің өресі кең арналы, кең тынысты, аса мол эрудитке ие, сан қырлы талант иесі. Қазақ мәдениетіне, әдебиетіне, руханиятына қатыстының барлығын тергіштеп, түгендеп жүретін еңбекқор, ыждағатты жан. Мәскеу, Санкт- Петербург, Қазан, Уфа, Омбы, Ташкент қалаларының үлкен кітапханаларындағы сирек қолжазбалар қоры мен архивтердің шаң басқан сөрелеріне үңіліп, қазаққа қатыстының барлығына көз мойын тауысып, тезірек қазақ оқырмандарына жеткізуді өмірлік парызы деп біледі. Бұл еңбектерден елінің өнеріне, мәдениетіне, әдебиетіне деген зор сүйіспеншілігі, ұлтжандылық сезімі азаматтық позициясы әрдайым сезіліп тұратын.

Төңкеріске дейінгі 1915-1978 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттерінің қилы тағдыры, олардағы шығармашылық, істер жайында қызғылықты зерттеулер жазды. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттері Бейімбет Майлин, Жиенғали Тілепбергенов, Зейнелғабиден Имажанов, Армия Ешекеевтер бас болып шығарған қолжазба «Садақ» журналының қилы тағдыры туралы «Сандалтқан Садақ», «Садақ» сияқты танымдық мәні зор дүниелер туғызды.

Әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің қилы-қилы тағдыры, ұлттық рухани мұраның жай-жапсары туралы ой-толғаныстары, өз басынан кешкен талайлы өмір өткелдері туралы «Кер заманның кереғар ойлары», «Ескірмейді естелік» атты еңбектерінде шынайы көңілмен сыр шертеді.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап, қоғамдық-саяси идеялогияның қыспағында қыстығып келген тұмшалауда болған ой-пікірлердің тиегі ағытылып, томағасы сыпырылды. Іште запыран күй кешкен ой-пікірлердің қанаты кеңге жазылып, тілге еркіндік беріледі. Рухани еркіндікті сезінген әдебиет, мәдениет өкілдері, зиялы қауым ақтандақ тұлғалар туралы, өткен арыстарымыс туралы жапатармағай, оңды-солды жаза бастады. Архив құжаттарына, тарихи деректерге, біреуден естігендеріне сүйенеді. Мақсатқа сай, нысанаға дөп тиіп жатқандары да, артық-кем айтылып жатқандары да болмай қалған жоқ.

Эмоцияға, көңіл күйге алдырғандары да баршылық. Бірақ ғылым салқынқандылықты, объективтілікті қажетсінеді. Эмоцияны көп көтере бермейді. Әдебиетіміз тарихында орын алып, шешуші мәнге ие болған социалистік реализм идеялық-көркемдік табиғаты, қоғамдық-эстетикалық болмысы, әдебиеттану ғылымының эстетикалық принциптері тұрғысынан, ғылыми сарабал ойлармен терең талданып, оның әдебиетімізге әкелген жетістігі мен зараланы, пайда, зияны өлшеніп, әдебиетші-ғалымдар тарапынан зерделеніп, ой-сүзгісінен толық өте қойған жоқ. Түйінді пікір, байламдар жасалмай, мәселенің басы ашық қалап, дискуссия жалғасып келеді. Осы тұста бұл мәселеде өз замандастары, тұстастары арасында Тұрсынбек Кәкішев мәселені батыл қою принципімен, тың да тосын ой-пікірлермен ерекшеленеді. Аға буын әлі де жалтақтық поэзия ұстанып, сипай қамшылап, жалпақшешейлік танытып жүргенде, Тұрсынбек Кәкішев қуатты логикасымен, мығым ойларымен, ғылыми дәлел-дәйектерімен мәймөңкелемей мәселені ашуда батыл поэзиясымен көрініп жүр.

Сөз бостандығы, тіл, ой еркіндігін пайдаланып өткнеді біріңғай қаралауға, қоғам дамуының объективті, диалектикалық заңдылықтарын ескермей, біржақты ой-пікірлер түйіндеп, осыдан ұпай жинап, ұтысты көздеушілер де баршылық. Соның бір парасы кезінде қазақ әдебиетінің белді тұлғалары болған, классик жазушылар Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановтың шығармашылық тұлғалары мен көркем мұраларына қатысты оңды-солды, артық-кем айтылып жатқан қаралау, жазғыру, бірыңғай күйе жағу тенденциясының қылаң беріп, орныға бастауы. Бір кездері сәкентанудың негізін қалаған, Мәскеуден «Тамаша адамдар» циклінен «Сәкен Сейфулин» деген ғұмырнамалық кітап жазған ғалым мұндай артық айтылған негізсіз байламдарға құрылған желбуаз пікірлерге батыл тойтарыс беріп келеді. Ғалым өзінің дәлел-дәйектерін құрғақ эмоцияға құрмай, Сәкен, Сәбит тұлғаларын олардың өмір сүрген дәуірлеріментұтастықта қарастырып, қоғамның жалпы болмысын, өзіндік сипатын, трагедиясын бүкпей, жасырмай, қоғам трагедиясын, жеке бас трагедиясының эволюциясын, заман қайшылығын, оның жеке тұлғаға тигізген зіл батпан жүгі мен ауырлығын байыпты сипатына жүйе-жүйесімен жүлгелі ой құнарлы пікірлері мен тарата сабақтайды.

Тұрсынбек Кәкішев ғалым ретінде соңғы жылдары Сәбиттану мәселелеріне де көп барып жүр.

Сәбит Мұқанов өз дәуірімен бірге жасасқан, оның төл перзенті еді. Өз заманының төл перзенті ретінде оның жетістігі болса, бірге иеленді, адасса бірге адасты, қателессе, бірге қателесті. Қоғамның трагедиясы, оның да трагедиясы болды. Ол коммунизмге сенді. Халқы үшін жанын ойламады. Халқымның алдынды борышым шаш етекпендеп, халқы үшін көп нәрсе бергісі келді.

«Оның осы сөзі бұлжымастан іске айналды: ақын Сәбит, прозаик Сәбит, драматург Сәбит, зерттеуші-ғалым Сәбит, қоғам һәм мемлекет қайраткері Сәбит, Кәдімгі адам, Азамат

Сәбит Мұқанов, өзінің замандас әрі әріптестерінің қай-қайсысынан да ұшан-теңіз, ұланғайыр көп, жазған қаламгер десек, оның әдеби-ғылыми-публицистикалық мұрасы өз өмір сүрген дәуірдің аспан секілді көкжиегі көз жетпес кең шарайнасы тәрізді.

Бұл айнаның бетіне Сәбит Мұқановтың өзі өмір сүрген тұста өзі мұқият ұстанған үлгі бір идеялық бағытта, идеал жолында өрнек салмаған дәуір суреттері кем де кем. Сан салалы туындылар ішінен тек прозалық шығармаларының басты-бастыларын ғана іріктеп, екшеп алатын болсақ, кеңес классикасының алтын қорына асыл қазына боп кірген, «Ботагөз» романынан аяқталмаған «Аққан жұлдыз» дилогиясына дейінгі (ойы тетрология жазу еді ғой!) «Теміртас» пен «Есілде», «Мөлдір махаббат» пен «Сырдарияда», «Біздің заманның батырлары» мен «Балуан Шолақта», «Өмір мектебі» мен «Тыңдағы толқындарда» тұтас алғанда күллі қазақ қоғамының, жеке-даралап алсақ, қазақтардың ғасырлық тұлғасын сомдап соқты» (З. Қабдолов. Таңдамалы шығармалар. II том. – А., 2003. – 515 б)

Кеңестік дәуірде өмір сүріп, классик жазушы атанған сөз зергері Ғабит Мүсірепов өз тұстасы Сәбит Мұқановқа мынадай баға береді: «Сәбит тарихтан алатын ерекше орны – егіз саламен келіп, бір арнаға құятын еңбегінің нәтижесі. Сол екі ерекше қасиеті. Оның бірі – әдебиет қасынасына қосқан шығармалары болса, екіншісі – қазақ совет әдебиетінің қозғалысынан ұйымдастыру, басқару жағындағы еңбегі» (Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. – А. 229 б)

Міне, осындай қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар үлкен тұлғаны орынсыз ғайбат, негізсіз жаладан арашалауда әдебиетші ғалымдардың арасында Тұрсынбек Кәкішевтің өзіндік ерекше поэзиясын, азаматтық қайрат-жігерден туған шынайы сезім, алғаусыз көңіл, бағалайтын қасиет деп білуіміз қажет.

Сәкен мен Сәбит тұлғасына байланысты ғалым: «Әр адамның өз амандығы үшін қолынан келгенді жасауға талаптануын ғайбаттау, әрине, кейінгерлерге, әсіресе басына іс түспегендер үшін оп-оңай. Сәкеннің де, Сәбиттің де тарих алдындағы трагедиясы коммунистік идеалға ойланбай сенуден туғанын ашық айту керек. Сәкен иілмей, шұбаланбай мерт болды. Сәбит көрер тегерімін мықтап көрді, өзгеге де көрсетті. Әйтеуір, қазақ әдебиетінің бақытына аман қалды». (Т. Кәкішев. Сәбит пен Мағжан түйіні / «Сарыарқа» журналы, №2, 1992, 73 б.), – дей келе: «Совет өкіметі құралғаннан бері біздің көптеген зерттеушілеріміз, публицистеріміз, әсіресе партиягерлікпен даурығып жүргендеріміз таптық идеологияны насихаттаушы Сәкен, Тұрар, Сәбит деп қыр сондарынан қалмай, көрінген жерде байбалам салып жүр. Қазақ халқын басқа елдермен терезесін тең етеміз, мәдениетін марқайтамыз деп марксизм-ленинизм туы астына кіріп, сойылын соқпағандар некен-саяқ. Тіпті алаш азаматтарының ішінен советке іш тартқандары да бар», – деп, ой түйеді. (Т. Кәкішұлы. Әдебиетіміздің Қазбегі мен Эльбрусы / «Қазақ әдебиеті» газеті. №9, 2002, 7 бет)

Тұрсынбек Кәкішев сәбиттану саласында өнімді еңбек етіп жүрген авторларға сәтті қадам тілей отырып, олардың Сәбит тұлғасына байланысты әлі де тайсақтай, бата соға алмай отырған мәселелердің бетін ашады. Ол – Сәкен, Мағжан, Сәбит тұлғаларының арасындағы адами, саяси түйіні мол күрделі қайшылыққа толы мәселелердің бетін ашу. Осы тарапта ол белгілі сәбиттанушы, әдебиетші-ғалым «Баянғұмыр» жинағының авторы Құлбек Ергөбектің баспасөз беттерінде жарияланған «Ой қайнары – күнделік», «Хат жаздым қалам алып...», «Жүрек қанымен жазылған хаттар» деген эссе типіндегі мақалаларына тоқтала келіп, ондағы құнды ой сараптарына үңіледі. «Құлбектің азғана жыл ішінде кексе ақын-жазушылар, ғалымдармен ой да, бой да теңестіруіне Сәбит мұражайындағы рухани дүниелер себепші болғандығын аңғармасақ болмайды. «Алматы ақшамы» газетінде жарияланған «Адасқандар ақиқаты» атты әрі қызықты, әрі танымдық қасиеті мол эссенің жазылуы, әрбір ой-пікір архивтік-тарихи деректермен дәлелденуі бұған айқын мысал бола алады. Зерттеуші бақыты эстетикалық таным-білікті деректеп дәйектеу болса, зерттеуші автор мен шығарма бақыты көрген-білгенін дөңгелетіп айтып берер қалам ұшқырлығы мен ажарлығына байланысты. Осы қасиеттер сәтін тауып Құлбек дарынына қоюласқан екен» (Т. Кәкішев. Сәбит пен Мағжан түйіні / «Сарыарқа» журналы, 1992, №2, 72 б.).

Құлбек мақаласында жазушыны сүйе, құрметтей отырып шындықты жасырмай айта білу, сынап білу қасиеті жетілгендігін, жақсылық пен жамандықты салмақтай білетін парасат, атқарылған іс-әрекеттің құпия сырын жыға түсінетін көзқарас, өткеннің артық-кемін таразылай алатын білімдарлық бар екенін айта келіп, «Құлбектің ызғары алыстан соғып, қалың өкінішке оранған жан ашуы мен адалдығын қалтықсыз көрсеткен, «Құбылып соққан замана желі-ай...» деген мақаласынан алар ғибрат мол», – деп ой түйеді.

Құлбектің бата соға алмай отырған мәселесі – Сәкен-Сәбит-Мағжан мәселесі. Бұл жөнінде Тұрсынбек Кәкішев былай деп жазады: «Осындай ойды Құлбек бірқыдыру тұздықтап айтқанымен, қисынды бір мәселеге батылы жетіп бара алмағанын да көріп отырмын. Ол – Сәкен-Сәбит-Мағжан қарым-қатынасы жайындағы мәселе. Осыған тереңірек бару керек еді. Сәкен мен Сәбит әсіресе Мағжанға қарсы 1929 жылға дейін идеологиялық, тағы да қайталаймын, идеологиялық тұрғыдан күресті. Солай бола тұрса да Алаш зиялыларының 1929-31 жылғы қуғын-сүргіндеріне, сот процесіне бұлар араласқан жоқ. Өйткені Голошекин Қазақстанда контрреволюциялық топ бар, оның көздегені – Совет өкіметін құлату деп мүлдем басқа жолға, көздерін жою мақсатына бұрып жібергендіктен, Сәкен мен Сәбит идеялық әшекерлеуден арыға барған жоқ. Тіпті әрі-беріден соң Сәкен 1929 жылғы «партиялық тазалауда» олардың аяғын құшуға сәл-ақ қалған болатын. Бұдан басқа бірдеңелер болса маған беймәлім. Ондай пәле жоқ сияқты, көптеп жарияланып жатқандарында кездеспейді, өйткені газет тілшілерінің әр жиналыстардан берген хабарларына малданып, Сәкенді Сәбитке, Сәбитті Сәкенге қарсы атыстырып-шабыстырушылар кездесіп те жатыр. Ондайлар Сәкен мен Сәбиттің алашшыл азаматтардың адами тағдырына араласы болса, тартынып қалмасы тағы шындық. Сондықтан мен Сәкен – Сәбит және Мағжан проблемасы жайындағы Құлбекке жәрдемдесуім қажет-ақ деп отырмын. Жасыратыны жоқ, Құлбек осы жайында шындыққа терең сүңгімегеніне өкініп те қоямын. Өйткені қадірлінің қасиетін түсірмей, бар шындығымен көрсетуге талпынғанының өзі құптарлық. Сәбитті қазақ әдебиетінің тарихынан аластайтын дәуір бола қоймас» (Т. Кәкішев. Сәбит пен Мағжан түйіні / «Сарыарқа» журналы, 1992. № 2. 73 бет.)

Сәкен мен Сәбиттің Мағжанға деген адами көзқарасы мен шынайы адамгершілік қасиеттерін, Мағжан 1936 жылы М. Горький мен Е. Пешкованың араласып, көмек қолын созуымен елге оралғанда жолдастық қолдарын созып, адамгершілік, азаматтық танытуын Т. Кәкішев: «1937 жылдың көктемінде С. Мұқанов Алматыға келген Мағжанды жападан-жалғыз қарсы алады. Ол жөнінде «Қазақстан әйелдері» журналындағы естелігінде Мағжанның жары – Зылиха апай жазды, теледидардан айтты. Пойыздан түскеннен кейін Мағжан Сәбитке: «Мен алдымен Сәкенге сәлем берем. Оның жолы – дұрыс, менікі бұрыс болды», – деген екен. Екінші Алматыға жеткізетін есен-арба іздеп жүргенде Сәбең Сәкенге телефон шалады. «Алып кел» деген жалғыз ауыз сөз болыпты бар айтқаны. Бұл тұста Мәскеудегі Нығмет Нұрмақов, Тұрар Рысқұловтың ұсталып жатқан хабары Қазақстанға дүңкілдей жетіп жатқанда Ғаббас Тоғжанов пен Ілияс Жансүгіровтің, көп уақыт Жазушылар одағына хатшы болған Қадыр Қуанышевтың тағдыры шешіліп, тұтқындалу сәті тақалып қалған-ды. Әлгі бір ауыз сөзден кейін Сәкеннің үй іші айрықша дайындалып, үйіміздің ауласында қазан көтердік. Сәбең жұмысқа баратындай сәндене киініп, қара костюміне ажар беретін әдемі галстугін тағып алып, ауланың ішінде Мағжандар келгенше теңселді де жүрді» дегенді Гүлбаһрам Сейфулинадан өз құлағыммен естіген едім» – деп жазады.

Тұрсынбек Кәкішев Сәбит Мұқановтың өткендегі ғылыми-шығармашылық сипатына объективті тұрғыда үңіліп, оң бағасын береді.

«Сәбит жүріп өткен жолдың кедер-бұдыры көп. Қолынан шыққандардың бәрі де даусыз қабылдана қалар асылдар емес. Жасығы да, даулысы да, татымсызы да бар. Солардың ішінде 1932 жылғы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген еңбегінің орны мүлдем ерекше. Біреулер тек мақсатпен жазылған қызылкөз шығарма, ал екінші біреулер тапшылдығын шегіне жеткізе отырып келешек қамын ойлаған тарихи туынды деп біледі. Өзім соңғы көзқарасты жақтайтындардың бірімін, өйткені Сәбитті әр кезеңде әр қилы жаманатқа қалдырып келе жатқан ғылыми зерттеу еңбегінің қазақтың қоғамдық тарихын білуге үлкен, тіпті таптырмас

деректермен дараланатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Қасы да, досы да үніліп оқиды. Әрі-беріден соң шығарма үшін бұдан шыққан бақыт жоқ» (Т. Кәкішев. Сәбит пен Мағжан түйіні / «Сарыарқа» журналы, 1992, №2. 73 б.)

Өткен әдеби мұраларымыз бен тұлғаларымызға қатысты біріңғай күйе жағудан аулақ болуға шақырып, оларды дәуірлік контексте қарастыра отырып, сарабдал да байыпты, ғылыми-объективті талдап-таразылаудың үлгісін тағы да профессор Тұрсынбек Кәкішев көрсетіп отыр. Оның бір мысалы – сәбиттануға қатысты қордаланған құнарлы ойлары мен тұжырымдары.

Әдебиеттер:

1. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – А., 1994.
2. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. II том. – А., 2003.
3. «Сарыарқа» журналы, 1992, №2
4. «Қазақ әдебиеті» газеті. №9, 2002

Сара ТАЙМАНОВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қызылорда «Болашақ» университетінің доценті

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ – СӘБИТТАНУШЫ

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының дамуына қатысты өзекті мәселелерді зерттеп, зерделеген ғалымдардың бірегейі, ұлт жанашыры – Тұрсынбек Кәкішұлы. Оның зерттеу еңбектері сан-салалы. Ол – білім мен ғылым саласындағы заман талабынан туған түрлі идеологияларға, әдеби бағыттар мен ағымдарға қарсы батыл қадам жасап, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалуда алдыңғы шепте жүрген жауынгер ғалым, мындаған шәкірттің жүрегіне асыл сөздің көркемдік қасиеті мен қызметін бойына сіңірген, ұлттық бітім-болмысымен үлгі-өнеге болған ұстаз. Сонымен қатар әдебиет тарихындағы ақтандақтар ақиқатын айқындап, арыстарымыздың қуғын-сүргінге ұшырау себептерін анықтауда нақты ғылыми фактілерге сүйенген, ғылым жолында шәкірт тәрбиелеп, өзі мектеп қалыптастырған телегей теңіз білімдар жан.

Ғалымның ғылыми зерттеу еңбектерінің негізгі бір саласы – Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы. Зерттеуші ең алдымен жазушы өмірі мен шығармашылығына қатысты материалдарды, архив құжаттарын тірнектеп жинап, бірнеше мақалалар, зерттеу еңбектер жазды. Бұл бағыттағы ізденістері бірде әдеби-ғылыми дерек пен дәйек негізінде өріс алса, келесі кезекте естелік-әңгіменің, аналитикалық эссенің өзекті де ағысты арнасын құрайды. Шығармашылық өмірбаянына үңілген сайын мың сан тарау жол шығып, қазақ әдебиетінің өркендеуіне қосқан үлестері мен бай мұрасына жолыққан зерттеуші Сәбенді аты аңызға айналған әлеумет қайраткері, үлкен қоғамдық тұлға деп қабылдады. Ол туралы «Дәуір жыршысы» («Ленин туы», 1960, 2 тамыз), «Әдебиет мақтанышы» (ҚР ҰҒА хабарлары, 1960, 12), «Сыншы-ғалым», «Қазақ әдебиеті» (1960, 13 қараша), «Жаңа заман жаршысы – Сәбит Мұқанов тағылымы» (А, 1990 100-123 бб.), «Дүниетаным иірімдері» (Санадағы жаралар. – А, 1992. 213-229 бб.), «Дала жүрек» (Ескірмейді естелік. – А, 1994, 170-262 бб.), «Сәбит танымы» («Абай журналы» 1995, 38-42 бб.), «Сәбең әлемі» (А.: Қазақпарат, 2000), «Мағжан және Сәкен» (А.: Қазақ университеті, 2004) т.б. Осылардың қатарында шоқтығы биік тұрған «Сәбең оятқан ойлар» (Сәбит Мұқанов – классик» (А.: Қазақ университеті, 2000. 7-55 бб.) «Сәбит Мұқановтың қазақ әдебиетіндегі тарихи орны» (2000), «Замана жаршысы» (Сәбит Мұқанов және қазақ әдебиеті. – А.: Қазақ университеті, 2000. 7-26 бб.), «Шамырқанған шындық» (Халықаралық ғыл.-тәж. конф. материалдары. – А.: «КИЕ», 2010. 13-55 бб.) деген туындылары. Бұл зерттеулер Сәбеңнің артына қалдырып кеткен мол мұрасына большевик заманында қалыптасқан көзқараспен қарамай, әр туындының уақытына, заманына қарай

бағалау, тарих таразысына салу шарт екенін ескертумен қатар, Мұқанов туралы асыра сілтеп, асығыс айтылған жаңсақ пікір білдіргендерге үлкен тойтарыс берді.

Әдебиетші ғалымның С. Мұқановқа арналған еңбектерінен біз қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін, уақыт шындығын көреміз. Мысалы: «Сәбит Мұқанов – бүкіл совет әдебиетінің туу, қалыптасу, даму дәуірлеріне белсене араласқан, әдебиеттің партиялық принципін үнемі қатаң сақтауға және жүзеге асыруға, социалистік эстетиканың бар талабына жауап беруге талпынған, күш-жігерін аямаған, сол жолда талай тар жол, тайғақ кешуді басынан көтерген жазушы. Советтік қоғам жаңа орнап жатқан кездегі таптық күрестен шыққан әдебиет майданында Сәкен Сейфуллинге сенімді серік болған, жаңа заманды қабылдамаған ақын-жазушылардың әдебиет әлеміндегі ықпалымен бел шешіп күрескен, идеялық позициясы мықты да тұрақты жазушы – С. Мұқанов. Қазақта пролетариат жоқ, сондықтан оның әдебиеті болу тиіс емес дегендерге өзінің нақты көркем шығармаларымен жауап беріп, жаңа әдебиеттің туғандығын дәлелдеген пионердің бірі – Сәбит.

Бұл жолда ол қастандық сынға да, өтірік өсекке де, зымиян мысқылға да, дөрекі айғайға кезікті, бірақ совет әдебиетінің идеялық-көркемдік платформасын сақтауға, оның үстемдікке ие болуына аянбай күш жұмсады. 20-жылдардағы өшпенді шабуылдар, 30-жылдардағы жалған жалалар Сәбиттің идеялық позициясын мұқалта алған жоқ. Бұл – ерекше атап өтер өзекті мәселе» [5,171], – дейді ғалым. Сондай-ақ соңғы зерттеулерінің өзінде 20-жылдардағы әдеби айтыстар мен 30-жылдар ойранының негізгі себеп-салдарын саясат пен парасат күресінің нәтижесінде танып-талдауы тоқырауға түскен елдің санасына, зиялы қауымға серпін берді. Ғылым әлемінде айқын да әділ бағалаудың, салыстыра талдаудың тамаша бір үлгісін көрсетті, ғылымның тура жолында парасатты пайымның, нақты ғылыми пікірдің, тұжырымның қажет екенін аңғартты. Бұл арқылы Тұрсынбек Кәкішұлы тек әдебиетіміздегі Сәкен, Сәбит тағы басқа тұлғаларды ғана емес, қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының дұрыс бағытта дамуын айқындап берді. Сәбит Мұқановты руханиятымыздың Атымтай Жомарты болғандығын айта келіп, қазақ әдебиетінің өнерпаздарын тәрбиелеудегі, өсіру жолындағы еңбегін ерекше атап көрсетті. Сонымен қатар С. Мұқанов үлкен сүйіспеншілікпен халық мұрасына назар аударып отырып, халықтың ең таңдаулы фольклор үлгілерін жинап, олардағы көркемдік шеберлікті, халықтың тарихы мен қоғамдық өмірін үйрену керектігін үнемі ескертіп отырған. Қаламгер осы істің ұйтқысы болумен қатар, фольклордың түрлі жанрларын, бейнелерді, көркемдік амал-тәсілдерді шығармаларында мол қолданғандығын да айтып, назардан тыс қалдырмайды. Оның «Сұлушаш», «Ботагөз», «Өмір мектебін» өміршең туындылар қатарына жатқызады.

Зерттеушінің Сәбит шығармашылығына арналаған еңбектерінде жазушының шығармашылық мұрасы өзіне дейін де талай ғалымдардың зерттеу нысанына айналғандығын да ашық айтады. Қазақ әдебиетінде Сәбиттану ілімінің негізін қалаған – Темірғали Нұртазин. Бұл – ұстаздың ұстаз-ғалымға жасаған құрметі. Ұстазын құрметтеу – елдіктің белгісі. Олай болса, Сәбит Мұқанов мұрасына әділ де жанашырлықпен қараған Т. Кәкішұлының ой-пікірлерінен біз елдік мұратты, ұлттық болмысты жоғары қойған ұлтжанды ғалымды көреміз. Ол қазақ әдебиетінің әр түрлі мәселелеріне зер салып, зерделеп, әдебиет тарихын, оның ішінде сәкентану, сәбиттану, мағжантану ілімін қалыптастырды.

Кезінде халық жазушысы, академик атанған Сәбит Мұқановтың «Адасқандар» (1931), «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932), «Теміртас» (1935), «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942), «Есею жылдары» (1964) секілді жекелеген еңбектерінің жазылуы жайынан тың деректер, архивтік құжаттарға баса назар аударып отырып, олардың өзі кейінгі зерттеушілер үшін дереккөзі болғандығын да ашып айтады. Әсіресе сыншы ғалым Т. Кәкішұлының Сәбит танымына қатысты көзқарастары – «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (Ұлтшылдық, байшылдық дәуір.1-бөлім, 1932 ж.) атты еңбегі болды. Ол туралы ғалым: «Қазақ халқының жалпы тарихы сияқты, әдебиет пен өнер тарихы бұл кезеңде әлі жасалып үлгермеген, жаңадан ғана ізденіс жүріп жатқан кез екенін еш уақытта естен шығармау керек... Осындай апалаң-топалаң заманда, қазақтың ең зиялы адамдары қуғындалып жатқанда, С. Мұқанов үлкен азаматтық танытты деуіміз керек. Қайран қалатын

бір жай – Сәбенді сөзге қалдырғысы келетіндер осы кітапты құрандай көріп, қолынан тастамайды. Бар деректі, керек -жарақты осы кітаптан алады да, Сәбеннің артық-кем айтқан ойларынан цитат келтіріп, өзіне едірейе қарсы шыға келеді. Өйтетін себебі – ХХ ғасыр басындағы әдебиетіміз туралы, әсіресе Алаш қозғалысына қатысқандар туралы бұдан басқа қомақты да мол деректі еңбек жазылған емес. Мақтану үшін де, кешегіні білу үшін де Сәбеннің осы кітабына ертеңді-кеш бас ұратын себебіміз сондықтан... «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген монументальды еңбегінің нәрі мен сөлін дұрыс бағдарлап, артық-кем айтқандарын әшкерелеу үшін емес, құрбандыққа шалу ниетімен емес, тарихымызды түзету, шалыс басқан қадамдарды оңға бұру мақсатымен пайдалана білуіміз керек», – дейді [1,175-177]. Т. Кәкішұлының бұл пікірін ғалым Рахымжан Тұрысбек: «Бұл – ұлттық сөз өнерінің белесті кезеңінің ақиқатын анықтауға, қалам-қайраткерлерінің артық-кем тұстарына көзқарас эволюциясын білдірудің рухани үлгісі. Бұл – халық махаббаты мен сүйіспеншілік мерейіне айналған С. Мұқанұлына құрмет көрсетудің өзгеше үлгісі, ұнамды сипатының бірі», – деп бағалайды [2,44].

Профессор Т. Кәкішұлы еңбектерінде ұлт мақтанышы – Абай туралы С. Мұқанұлының көзқарасына, артық-кем тұстарына ерекше маңыз беріледі. Әсіресе, оның «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер!» (1923), «Әркім өзінше ойлайды» (1928), «Абай – халық ақыны» (1937) секілді кезеңнің талап-тілектеріне сай сараланып, кейінгі тұста қуатты ойлар тоғысы зерделі зерттеу – «Жарқын жұлдыздар» (1964) монографиясына ұласуы Абайтану іліміне қосылған асыл арна екендігі кең көлемде қарастырылады. Зерттеуші бұл тақырыпты абайтану мәселелерімен байланыстырады, әрі уақыт талабы тұрғысынан танып, талдайды.

Ұлттық мұра мен тарих, мәдени-рухани мәселелер, жекелеген тұлғалардың өмірі мен өнегесіне қатысты мәселелерде де сыншы мен жазушы арасында ортақ түсініктер болды. Ұлт руханияты, әдеби мұра мен оны зерттеу ісі, білім-ғылым жүйесіндегі ортақ мұраттар, жанр мен көркемдік таным арналарына қатысты көкейкесті мәселелер де негізгі назарда болады. Мұның бәріне де адалдық пен табандылық, үміт пен сенім басты өлшем етіледі. Ұлылар үндестігінің бір қыры мен сыры осында.

Сыншы Т. Кәкішұлы С. Мұқановтың ұлттық сөз өнеріндегі орын-үлесін, өмірі мен өнегесін – «Сәбен әлемі» (2000), «Мағжан – Сәкен» деген зерттеу еңбектерінде, ойлары мен толғаныстарында кеңінен көрсетеді. Мысалы, «Мағжан – Сәкен» атты ғылыми эсседе орын алған «Сәбит – Мағжан – Сәкен» сынды эпилогте қазақ әдебиетінің жалпы мәселелерімен бірге ұлттық сөз өнерінің алыптары – С. Мұқанов пен М. Жұмабаев арасындағы адамдық-қаламгерлік қарыз-парыз айқын аңғарылады. Ондағы «Әрбір ұлы дарындар мен өнерпаздар, қайраткерлер өз елін әлем алдында жарқырата көрсетуге себепкер болады да, келешегіміз нұрлана түседі. Ұлыларымызды ұлтымыздың абыройына айналдыра білсек қана әлем алдында абыройлы боламыз. Ол үшін көңілімізді кеңге салып, мәдениетіміздің ұлы тұлғаларын ардақтай білейік», – деген [3,447] ортақ мұрат туралы толғам-тебірінестері – уақыт тынысын аңартумен бірге талантқа құрмет пен жауапкершілікті еселеп арттыра түседі. Ғалым алыптар тобын құрайтын қаламгерлеріміздің мұрасын насихаттауды да назардан тыс қалдырмайды. Бұл еңбектерде «ұлт мұраты», «тарих пен таным тағылымы», «білім-ғылым жүйесінің түйінді тұстары», «қазақ сөз өнері мен руханият мәселелері» қатар қозғалып, соған байланысты көзқарас эволюциясын бүкпесіз білдіріп отырады.

Профессор Т. Кәкішұлы еңбектерінде «Кәдімгі Сәбит Мұқановтың» қаламгерлік-ғалымдық қырлары жас таланттарға қамқорлық сипаттарынан да кең көлемде көрініс береді. «С.Мұқановтың сыншылдық қызметі қазақ әдебиетінің профессионалдық арнамен өркендеуіне, идеялық нысанасының таза болуына көркемдік шеберлікті игеру талаптарына жас күштерді мәпелеп өсіруге бағытталса, ғылыми-зерттеу саласындағы сүбелі еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымын өркендетуде орасан зор мәнге ие болды», – дейді [1,122].

Т. Кәкішұлының сәбиттануға қосқан үлес-салмағы терең, тағылымды. Бұл реттен алғанда Т. Кәкішұлы алғаш С.Мұқанұлы шығармашылығын қызыға оқып құмартқан болса, кейінгі кезеңде қаламгермен қатар, үзеңгілес жүріп, адами болмысына көз жеткізген тұстарда әуелгі құштарлық қимастық сезімге, кейін мәңгілік тағылымға айналады. Сәкен мен Сәбиттей

екі қаламгердің шығармашылығын зерттеп, тануда еңбек етіп келген ол өзінің өмірлік жолында моральдық тазалықтан алшақтамауға ұмтылды. Бір-біріне ықпал жасап, үздіксіз іздену, оқу, өсудің үлгісін көрсетті. Туған әдебиетімізді түрлі жат ағымдар мен бағыттардан сақтандырды.

Т. Кәкішұлының ізденістері арқасында С. Мұқановтың өзіндік қасиеттері, шынайы болмысы көрсетілді. Сонымен қатар оның қазақ әдебиеті тарихы мен әдебиеттануда өзіндік орны бар қаламгер екендігі дәлелдеді.

Қорыта айтқанда, Т. Кәкішұлы – С. Мұқановтың шығармашылық мұрасына жанашыр болған, сәбиттанудың кең өріс алуына үлкен үлес қосқан ғалым. Оның бұл бағыттағы ғылыми ізденістері мен ой-тұжырымдары – ұлттық сөз өнеріміз бен әдебиетімізге қосылған, бағыт-бағдар берген құнды еңбектер. Бұл – талантқа тағзым ету мен туған әдебиетіміздің дұрыс бағытта дамуының бағдаршамы.

Әдебиеттер:

1. Кәкішұлы Т. Сәбең өткелдері. – Алматы: Қазақпарат, 2000. – 272 б.
2. Р. Тұрысбек. Кемел істің басында Кәкішұлы // Ақиқат, 2007. №8. 41-46 б.
3. Т. Кәкішұлы. Мағжан – Сәкен. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 449 б.
4. Кәкішұлы Т. Сәбит Мұқанов – классик. – Алматы: Қазақ университеті, 2000-164 б.

Ақбота РЫМҒАЛИЕВА,

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистранты,
ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Ж.Қ. Смағұлов*

Т.КӘКІШҰЛЫ – МҰҚАНОВТАНУ ІЛІМІНІҢ МҰХТАСИБІ

Сәбит Мұқанов – ХХ ғасырдың бел баласы. Ғасырдың алғашқы күнінен 1973 жылына дейінгі заманның ыстығына күйіп, суығына тоңып, қирағанды түзетіп, жоқты бар етемін деп арпалыса, таласа-тармаса ғұмыр кешкен дарын! Ес біліп етек жиғаннан кейін қоғам тірлігінен бір сәт қалыс қалып көрген жан емес. Өнерпаздық жолындағы бақытты шақтарын әлеуметтік тірліктегі айтыс-тартысы мен күресі бірде қуанышқа кеңелтіп, бірде опық жегізген сәттері де аз емес. Осының бәрін зор азаматтықпен атқарып, еліне, халқына мол әдеби, мәдени, ғылыми мұра қалдырып кетті [1,6], – деп ғұлама ғалымның мұрасы жайында Күләш Ахмет жоғары баға береді.

Ұлттың мүдделері үшін күрескен ұлы тұлғалардың жеке өмірін әркімдердің әрқалайша түсінетін жағдайлары бар. Мұхтар Әуезов бір сөзінде: «Басқа мамандардың жетіспеуінен біздің араласпай қалған жұмысымыз болды ма? Көркем шығарманы да жаздық, сонымен қатар сынмен айналыстық, саясаттың да «қолшоқпары» болдық, «бәлелі» нәрселердің бәріне де бардық» дейді. Пенде болып жаратылғандықтан тұяқтың сүрінбей тұрмайтыны хақ. Тұлғалардың жеке өміріне қатысты ой айтқанда осы бір тұсын естен шығарып ала береміз. «Қарама-қайшылық бар жерде – даму» дейтін диалектиканың заңы бар. Әдебиеттік даму – ол ұлы жаңалықтарға жол бағдар іспетті дүние. «Қазақ мәдениетінде, оның ішінде әдебиет саласында дау-дамайы, айғай-шуы басылмай келе жатқан мәселе – Сәкен – Мағжан – Сәбит түйіні. Бұлардың қым-қуыт қарым-қатынасы әшейінгі қазақи әңгіменің ауқымынан шығып, әдеби шығарма, эссе, ғылыми зерттеу, монография, мақала деңгейінде ел-жұртқа жария болып, дабыраға айналған өте қиын мәселе. Кім болса да, бұған құлақ түрмей өте алмайтын, реті келсе өзінің бояуын қоспай тұра алмайтын құбылыс. Осы қиын да даулы мәселенің шындығына жетейін, өзім көрген-білгенімді қалың жұртқа айтып берейін деп «Өнер бәсекесі, немесе Мағжан мен Сәкен» деген бес жүз беттік тарихи-әдеби эссе жазып бітіріп, баспаға ұсындым. Еңбекті жазу барысында ешқайсысына іш тартпай, тарихи шындық, құжат, мұрағат деңгейінде артығын артық, кемін кем, уақытша жеңіс пен жеңілісті түгелге жақын қамтыған

сияқтымын. Тарихты жалғыз өзім ғама білемін деп өрекуп, әрине, ешкімге, оның ішінде ғалымдарға жараспайтын қылық. Осы салада соңғы кезде пайда болған жаман әдетті білмей жатып білем деушілерді, өсек-аянды малданушыларды, атақ шығару үшін атыстырашабыстыра сөйлеушілер мен өркөкірек қуыс кеуделерді де сынап кетуге тура келді» [2,14], – дейді белгілі мұқановтанушы ғалым Т.Кәкішұлы. Бір білетіміз, кез келген үлкен қаламгер жайында «ол зерттеліп аяқталған» деген пікір дұрыс болмайды. Әр ұрпақ, әр зерттеуші-ғалым тұлға қалдырған әдеби мұраны әр қырынан келіп ашады, зерделейді. Әдебиет сыншысы Құлбек Ергөбек бірсыпыра жылдан бері қазақ классигі Сәбит Мұқанов шығармашылығын зерттеп келе жатқаны баршамызға аян. Ол аталған жазушы жайында бірнеше ғылыми-зерттеу, ғұмырнамалық еңбегін жазғаны мәлім.

Қазақ әдебиетінің үлкен мазмұнды да келелі дәуірін ең алғаш қарастырған еңбек – 1931 жылы жазылып, 1932 жылы Қызылордадан жарық көрген С.Мұқановтың «XX ғасыр қазақ әдебиеті» кітабы [3]. Бұнда өткен ғасыр басы қаламгерлері тұңғыш рет жүйелі қарастырылып, жекелеген портреттер жасалған. Сол кездегі «байшыл-ұлтшыл» қаламгерлерді «әшкерелеу үшін» жазылған еңбек жөнінде кезінде әрқилы пікірлер айтылды. Олардың ең алғашқысы – сын ретінде жазылған Е. Бекеновтың «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» [4], деген атпен жарық көрді (1935) «Бұл кітапша ...бірінші сын» ретінде – әдебиет тарихы мәселелерінің реттеліп, жүйеге келтірілуіне қосылған қомақты еңбек санатынды. Қазан төңкерілісінен кейінгі жылдары жазылған еңбектерді бағалауда саясатқа байланысты сыңаржақ пікірлер басым болғандықтан, бүгінгі зерттеушілер алдында жаңашыл да жаңғырған азат ой-пікір тұрғысынан қайта зерделеу міндеті тұр.

Әдебиетші Т. Кәкішұлы С. Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабын XX ғасырдың алғашқы ширегін кең қамтып, өткен ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихын жазуға өз септігін тигізген бірден-бір еңбек [5, 151], ретінде танитындығын білеміз. С. Мұқановтың өзі бұл еңбегін жазудағы дәлдеген нысанасына әлеуметтік-көркемдік мән беретіндігін айта келе, ол мақсатының астарлы ойларын Т. Кәкішұлы былайша таратады: «20-жылдары баспасөз бетінде айғай-шу, дау-дамай тудырғандар әр газет-журналдың пұшпағында қалып қоймай, өздерінің бар келбетімен, жазғандарымен, оқушы қауымға жетсін, іздеушілері табыла қалса, бір кітаптан тауып, осыдан бастау алсын деген ішкі есептің сілемі жатқандай болып көрінеді маған. Осы ойы бүгінде жүзеге асып, шындыққа айналып, біздің іздеушілердің қолынан түспейтін дерек-ақпардың қордасы болуы оған нақты дәлел» [6, 219], – дей отырып, С. Мұқановтың еңбегін оның өзге кітаптарымен кешенді түрде қарастырады. Ол үшін Т. Кәкішұлы қаламгердің «Адасқандардағы» «Еркіннің сыры» бөлімінде айтылған ойларына, пікірлеріне жүгінеді. «Мұндай қасиетке ие болған еңбекті даттап-қаралағанша қадір тұтып, шын сырына қаныққанымыз жөн болмақ», – деген пікір әдебиет тарихының шын мәніндегі жанашырына ғана тән. Оның бұл еңбегінің мән-мазмұны мен құндылығы жайындағы: «С. Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген монументальды еңбегінің нәрі мен сөлін дұрыстап бағдарлап, артық-кем айтқандарын әшкерелеу үшін емес, құрбандыққа шалу ниетімен емес, тарихымызды түзету, шалыс қадамдарды оңға бастау мақсатымен пайдалана білуіміз керек» [6, 220], – деген пікір аса бағалы. Т. Кәкішұлының бұл ойы С.Мұқановтың өзінің: «...тың жатқан мәселеге із салып, пікір көтеру. Сонымен қатар бытыраңқы материалдарды системаға келтіріп, әрбір шығарманың шыққан себебін тексеріп, жол ашу болады» [3, 11], – дейтін ой топшалауымен астасып жатыр. Бұл айтылғандар – Т.Кәкішұлының әдебиет тарихын зерттеуде ғылымилық пен көркемдіктің ара жігін ажыратып, әдебиет пен тарихтың ара байланысын қисынды зерделейтін ғалым екендігіне жеткілікті дәлелдер. Ол С. Мұқановтың «азаттықты армандаған» «Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктерін» былайша бағалайды: «Мектеп оқулығы төңірегінде шала-шарпы айтылып келген ақындардың творчествосын анықтауда, әдебиет тарихын жасау процестерін бағалауда бұл еңбектің үлкен роль атқарғаны мәлім» [7, 133].

Демек, С. Мұқановтың бұл еңбегі біріншіден, тарихи деректер мен нақты даталарды келтіргендігімен; екіншіден, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиет тарихын жазудағы оның өкілдерін бір жүйеге келтіруге талпынғандығымен; үшіншіден, тек әдебиет өкілдері ғана емес,

солар туралы деректердің кімнен, қалай алынғандығы туралы, яғни тарихилығымен; төртіншіден, кезінде датталған, қазіргі кезде ақталған «Алаш» ардагерлерінен А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, О.Қарашұлы, М.Жұмабайұлы, Сұлтанмахмұт, С.Дөңентайұлы, Б.Күлейұлы, М.Әуезұлы, Ж.Аймауытов шығармашылығын талдап, ал өлеңдерінен мысал ретінде алынған Ахмет Мәмет, Кенжеғали Ғабдол, Біләл Сүлеев, Жүніс Бабатай, Қ. Кемеңгеровтердің есімдері, сол жылдары «ұлтшыл бағытта жазылған» деп танылған кітаптары жарық көрген Х.Досмұхамедұлының Мұрат ақын туралы еңбектері атала отырып, әдебиет тарихында есімдерінің жазылып қалуында үлкен рөл атқарғандығымен құнды. Соның арқасында қоғам қайраткерлері жөнінде осындай ұлтын сүйген «алашшыл» азаматтар болған екен деп, ауыз толтырып айтуға болады. Өйткені, шындығында: «XX ғасыр басындағы әдебиетіміз туралы, әсіресе алаш қозғалысына қатысқандар туралы бұдан басқа қомақты да мол деректі еңбек жазылған емес», - деген ғалым Т.Кәкішұлының ойына қосылмасқа болмайды. Әрі өзінің белгілі дәрежеде энциклопедиялық мәнге ие бола алғандығымен; қазақ әдебиетінің сол жылдардағы дәуір ахуалын көрсете білгендігімен; ғылыми негізде еңбек жазуда алғашқы болып көш бастағанымен бұл еңбек үлкен мәнге, тарихи құндылыққа айналғандығы оның ең басты артықшылығы болып табылса керек. Талданған тоғыз қаламгерден «ұлтшылдықты» іздеу, ата-тегіне, шыққан жеріне қарай «байшыл» деп тану басым болса да, бұл зерттеу – тарихи дереккөзінің негізгісі болып қала беретіні анық.

Т.Кәкішұлының «Сәкен Сейфуллин» (1997), «Мағжан – Сәкен» (1999), «Сәбең әлемі» (2000) сынды еңбектері де ізденістен туған, әрі дерек пен дәйекке, жаңа көзқарастарға негізделуімен мәнді. Жаңа материал, уақыт бедері, көзқарас эволюциясы соны сипат, серпінді сөз етілуімен бедерлі. Маңыздысы, әрине, кеше-бүгін байланысы, жаңа көзқарас айқын. Орайлы тұста еске алсақ, ғалымның әдеби-ғылыми һәм шығармашылық ізденісі мен зерттеу еңбектерінің дені – Алаш мұраты мен мирастарын ардақтап, «Алыптар тобын» мадақ еткенін айқын аңғарар едік. Еңбек Ері, көрнекті қаламгер Ғ. Мүсірепов: «Алыптар тобы деп Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтар тобын санаймын. Осылар бір мезгілде әдебиет майданында шарықтап шыққан, әр жерде болса да, әрқайсысы революцияға үн қосқан, революциямен бірге көтерілген, сол кездегі ең алғашқы үлкен топ – атақты жазушылардың, ойшылдардың мен шәкіртімін» [8, 19], – дегенін еске түсірсек, бұдан, сөз жоқ, XX ғасырдың тұтас табиғаты, ұлт руханиятының даму үрдістері, ақын-қаламгерлердің көрнекті корифейлері көз алдымызға келеді.

Ғалым С. Мұқановпен тығыз ғылыми шығармашылықта болған. Оған шәкірті Ж. Смағұловтың «Т.Кәкішұлы» атты әдеби-ғұмырнамалық еңбегінен мына бір деректі келтірсек те болады: «Сәкен Сейфуллин» кітабының Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан «Тамаша адамдардың өмірі» сериясынан басылып шығып, С.Мұқанов үйіне телефон соғып, жары Күбіраға Мәскеуден шыққан «Сәкен Сейфуллин» еңбегіне шын қуанып, сүйінші сұрамағанына ренжіп, тығыз түрде іздеп жатқаны туралы хабар да жетті. Сәбеңдей ұлы тұлғаның кенеттен іздеуі тек кітабына ғана байланысты емес екен, М.Ғабдуллин қайтыс болғанан бері есімін тарихта мәңгілік қалдыруды парыз санап, көптеген іс-шараны ұйымдастыруды өз мойнына алған жазушы, баласындай болған, кезінде соғысқа өз үйінен бата алып аттанған батыр туралы бірнеше естеліктерді жазып жариялаған болатын. Т.Кәкішұлының осы «Сәкен Сейфуллин» еңбегін оқыған соң, «Тамаша адамдар өмірі» сериясына бірден-бір лайықты тұлға санап, М.Ғабдуллин туралы кітап шығаруды жоспарлап қойған. Бірақ Сәбең осы бір үлкен арманы орындалмай қалды. Бар-жоғы бір ай өтер-өтпестен-ақ «Кәдімгі С. Мұқанов» атты ұлылық иесі кенеттен қайтпас сапарға аттанды да кете барды. Ал Т. Кәкішұлы 1982 жылы батыр туралы жазған естелігінде «Ер мойнында қыл арқан шірімейді» деген ғой, уәде Құдай сөзі» деп жазуды жоспарлағанымен, орындауға мүмкіншілігі болмай кеткен парызы да, өкініші де осы болды. Қаншама оқталғанымен, мәскеулік сериямен М. Ғабдуллин туралы кітап жарыққа шықпады. Осы мақаласында «енді маған Сәбеңнің өзі туралы ардагер адамдар сериясында кітап жазу парыз сияқтанды» [9, 370], – дегеніндей, мұқановтану іліміне ден қоя дерек жинай бастады. Себебі қазақ әдебиетінің «Атымтай

Жомарты» атанған ұлы тұлғаның дарқан жүрегінің жақсылығы мен шапағатын көріп адам болғандардың басқаша сөйлей бастауы сан-салалы ойларға жетеледі. «Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілердің кезекпенен өлінер» ақиқаты өзінің де ердің жасы елуді еңсеріп қалғанын еске салды. Ғұмырнамалық очерк, зерттеу мақалалар, естеліктер жазудан басталған ол ізденістің нәтижесінде «Нартұлға» сериясымен «Сәбит Мұқанов» (2009) атты әдеби-ғылыми ғұмырнамалық еңбекті ғалым Күләш Ахмет екеуі бірлесе жазып шығарды.

Әдебиет тарихындағы орындары, ұлт руханиятына қосқан сүбелі үлестері, аға ұрпақтың үлгі-өнеге алып, бірнеше буынның өсіп-есеюі де еске түседі. Күрделі кезең көріністері мен оның қайраткер- қаламгерлері хақында профессор Т. Кәкішұлы көзқарастарының да негізі бары анық: «Азаттықтың тұма бастауында Алашорда көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, тұраншыл тұлғалар Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбайұлы тұр. Сонымен бірге түрікшіл, әлеуметшіл Тұрар Рысқұлов пен Сәкен Сейфуллиндер де аз еңбек сіңірген жоқ, бұл күрескерлердің барлығы да ұлты үшін Күлтегінше айтқанда «қара терін ағызғандар, қызыл қанын төккендер!». Бұл қайраткерлердің азаттық үшін арпалысқан соқпағы соқтықпалы, жолы бұралаң, асар асу тайғақ һәм тар болды. Бірақ солардың, сол секілді ірі қайраткерлердің сан ғасырлық күресінің арқасында азаттыққа даңғыл жол қаланды, тұманда адаспайтын тұрғы белгіленді, бүгінгі ұрпақ кешегі көрмек толқынның жемісін жеп, әлемнің геосаяси картасына Қазақстанның алып даласын қаламмен сызды, қыран рәмізделген көк туды бүтін жаһанға мәшһүр етті» [10]. Ұлт алыптардың өмір жолы тоқтамайтын тың дүние болғандықтан, осы ғылым саласының басты капиталы қоғамды назарда ұстап, біркелкі сана дариясына құйдыру, сіндіру руханиятпен үндестіру – міндетіміз. Біз мақала атауында мұхтасиб сөзін босқа алған жоқпыз. Ол – белгілі бір қағидаларды бақылаушы адам деген мағынаны білдіреді. Ендеше, мұқановтану ілімінің басты қағидаларын қадағалайтын Т. Кәкішұлындай ерең тұлға тұрғанда ешкімнің де бұра тартып, қыңыр пікір айтуына жол жоқ.

Әдебиеттер:

1. Ахмет К.С. Сәбит Мұқанов – ғұлама ғалым. Монография. – Алматы: Білім, 2010. – 392 б.
2. Кәкішев Т. Сәбит әлемі. – Алматы: Ана тілі, 2003. – 214 б.
3. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі әдебиеті). – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1932. – 460 б.
4. Бекенов Е. Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1935. – 72 б.
5. Кәкішев Т. Кер заманның кереғар ойлары. – Алматы: Атамұра, 1995. – 169 б.
6. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 264 б.
7. Кәкішев Т. Сәбен өткелдері. – Алматы: Қазақпарат, 2000. – 320 б.
8. Әдебиет – кәсіп емес, өнер. – Алматы: Жалын, 1987. – 93 б.
9. Смағұлов Ж. Т.Кәкішұлы. – Астана: Фолиант, 2017. – 484 б.
10. <https://qazaquni.kz/rukhaniyat/41376-ustaz-ulaghaty>

Гүлзира АЯПОВА,
*филология ғылымдарының кандидаты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің аға оқытушысы*

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛЫТАУДЫҢ ТАЛАНТТЫ ТҮЛЕГІ

«...Әр адамның балалық, жастық шағы бар. Ал әр балалық, жастық шақтың мұғалімнен алған ұмытылмас сыбаға, сыйы бар. Бұл сыйдың аты – білім мен тәрбие. Адам өседі, өзгереді, қартайды. Бірақ білім, тәрбие тозбайды, қартаймайды, жүректің тот баспас қазынасы боп ол ұзақ сақталады.

Сол үшін де педагог жолдастар, сіздерге жүктелетін мінде те, сенім де асқар таудай. Кімде-кім ертеңгі күнді ойласа, ең алдымен бүгінгі баланы ойлауы керек. Өйткені ертеңгінің басы бүгіннен басталып, ертеңнің адамы да бүгін тәрбиеленеді. Ал кімде-кім бұл талаптың

биігіне көтеріле алмаса, ол мектепке жүктелген міндетті атқара алмайды» [1, 208], деп көркем шығармасында тәрбиені басты орынға қойып, жазушылық ішкі жан дүниесінің тазалығы мен нәзіктігін де ұсына білген Мұқан Иманжановтың туындылары аз болғанымен, тағылымы терең болуымен ерекшеленеді.

Т.Кәкішұлы әдебиет тарихы, сыны саласындағы зерттеулерімен қатар, көркемөнерде өзіндік із қалдырған «өмірзая» сынды жұлдыздар тағдырына да ерекше көңіл бөлді. Бұл орайдағы «ерте сөнген таланттар» қатарына – Саттар Ерубәев, Баубек Бұлқышев, Сабыр Шәріпов, Елжас Бекенов, Шолпан Иманғалиева және Мұқан Иманжановтарды атауға болады.

«Әдебиет тарихы еш уақытта өзінің дарынды таланттарын ұмытып көрген емес. Әр ақын-жазушының дарын қуатына қарай баға беріп, ұрпақтар есінде сақталуына, әр кезеңнің өкілдері творчестволық өмір жолын тамамадаған ақын-жазушының шығармаларымен танысуына, өзінің ой-пікірін тұжырымдауына жағдай жасайды. Әдебиет тарихы ұмтыптайтын талантты дарынның бірі – Мұқан Иманжанов» [2,316] деген Т.Кәкішұлының пайымды пікірінен өмірден ерте өткен жалын-ғұмырлы жазушыны келешек ұрпақпен табыстыруға, жекеліктен тұтастыққа ұластырып, жалпы қазақ әдебиетіне деген ірі жанашырлықты байқаймыз.

Атауы тарихқа белгілі аңызды Ұлытау өңірінде дүниеге келіп, ғасыр басындағы дүрбелең кезеңде ару Алматыға оқу іздеп келген М.Иманжанов алғашқы шығармашылық жолын туған жеріне сай «Тау ұлы» есімімен жариялапты.

Т.Кәкішұлы М.Иманжановтың жазушылық қырының ешкімге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігін 1944 жылы Баубек Бұлқышевтің ерлік қазасына арналған, «Қош, Шығыс ұлы» публицистикасын басты орынға қояды. Б.Бұлқышевтің өзінің туындысы тақырыбымен үн қатуының өзі «нәзік те қайсар» шығармашылығымен әдебиет әлеміндегі М.Иманжановтың «қаламының қуатын» анық байқайды.

Қаламгердің романтикалық сарында жазылған көркем әңгімелері мен очерктері баспасөз бетіне жиі басылады. Алғашқы әңгімелер жинағы «Жастық» деген атаумен 1948 жылы басылып оқырман қолын тиеді. Аталған жинақ С.Ерубәев пен Б.Бұлқышевтің шығармашылық өмірлерін жандандырып, әдебиет әлемінде «жастық жалынды жыр» көшімен бірге ілестіріп әкетті.

Т.Кәкішұлы «Жастық» жианғының басты бір ерекшелігі, қазақ прозасындағы ғасыр басындағы әңгіме жанрының да жандануына әсер бергенін «әңгіме жанрының шау тартып, кең қанат жая алмай жатқан кезінде қалам береді де, 50-ші жылдарда өндіре әңгіме жазғандардың алдыңғы легінде болды» [2,321] деп бағалайды. Шығармашылық жолын қысқа әңгімелер жазудан бастаған М.Иманжанов «Социалистік Қазақстан» газетінде істеген жылдары көптеген көркем очерктер мен көсемсөздерді, хикаят, пьесалар мен әдебиет туралы толғаныстарын, аяқталмай қалған «Көк белес» атты романын жазады. Жазушының 1954 жылы «Таныс қыз» әңгімелер жинағы, 1956 жылы «Тыңдағылар» атты әңгімелері мен очерктері, 1959 жылы «Адам туралы аңыз» көсемсөздер мен әңгімелері, 1960 жылы «Көк белес» романы жарыққа шығады.

М.Иманжановтың қазақ оқырманы қауымы арасында кеңінен танылып, жазушы есімін әйгілі еткен «Алғашқы айлар» хикаяты мектептегі оқу-тәрбие тақырыбына арналған. Оның басты кейіпкері білімді де жігерлі жас мұғалім Жақыпбек бүкіл оқу-тәрбие мәселесін өмірмен, өндіріспен байланыстыра жүргізу мәселесін көтереді және сол мақсат-мұратын жүзеге асыру жолында бар күш-жігерін салып, аянбай күреседі. Оқу мен тәрбиені ұштастыра сипаттауға арналған повесі үшін М.Иманжановқа 1950 жылы Жамбыл атындағы республикалық бәйге беріледі.

Балалардың арман-мақсаты, отансүйгіштігі, еңбекқорлығы, көпшілдігі, турашыл адалдығы әрі нанымды, әрі тапқырлықпен тартымды суреттеледі. «Алғашқы айлар» повесіндегі басты тұлға – Жақыпбек мектеп мұғалімі қандай болу керек деген талапқа жауап бергендей. Жақыпбек оқушылардың әрқайсысымен жақындасып, бала мен мұғалім арасындағы сенімсіздіктің жігін жойып, тіл табыса білу қияңқы баланы тәрбиелеуде бірден-

бір дұрыс жол екенін дәлелдейді. Рас, бала жүрегіне жол табу оңай емес, Жақыпбек осы жолда табандылықпен күресіп, мақсатына жетеді.

Жазушы баланы еңбекке баулып өсіруді тәрбиенің басты шарты деп қарайды. Мектеп білім беруді ғана мақсат етпей, ата-анамен ынтымақтасып, қайткенде нағыз азамат тәрбиелеп өсіреміз деген мақсатты алына қою керек. Осы ойын кейін бір жас талапкерге жолдаған хатында М.Иманжанов: «Біз балаларды оқы деп қана үгіттей бермей, еңбек ет те, өмірді біл, колхоз шаруашылығын сүй дегенді де құлақтарына сіңіріп, қажетті жерінде дәріптеп отырумыз керек», – дейді.

Міне, «Алғашқы айлар» повесінде осы идеяны негізгі нысана етіп ұстайды жазушы. Уақыт тынысын әрдайым қадағалап, тамыршыдай тап басып отырған жазушы қоғамның даму процесін, болашағын сол кезеңнің биігінен қарап бағалайды. М.Иманжанов шығармаларында адамдар арасындағы тартыс та, кейіпкерлердің жан-дүниелеріндегі қайшылықтар да, сезім иірімдері де адамгершілікті насихаттауға құрылған. Автор повестерінің жазушының өз жүрегімен сезінген өмірлік құбылыстардан бастау алғаны сөзсіз. Кейіпкерлерін осылайша өмірдің түрлі ситуацияларында көрсетіп, оларды адамгершілік пен ар безбеніне салып, ішкі сырларын психологиялық тереңдікпен суреттеген шығармаларының қай-қайсысын да сәтті туындылар қатарына жатқызамыз. Әрқашан адамгершіліктің биік мұраттарын жырлап, өз замандастарының жан сұлулығын, рухани байлығын суреттеу тек қана азаматтық позициясы айқын, мәдениетті де сарабал, талғампаз жазушының қолынан келетіндігіне дау туғызбайды. Адамды тәрбиелейтін ең биік күш – ұстаздың қолында деген пікір айтады қаламгер. Бұл орайда көп себептердің бірі – қоршаған орта, қауымға байланысты екені белгілі. Сондықтан да жас мұғалімді өмір толқынында тәрбиелеген еңбек ортасы – совхоз порторогі, еңбекші қауым болса, ал нәтижені Жақыпбек болашақтың «адамдары» мектеп оқушылары арқылы дәлелдейді. «Мұғалима рақаттана сүйсінеді. Осыларды класта сөз жүзінде ғана айтса, техниканы, агротехникалық көп жайларды, мұндай түсіну, тақ-тақ еткізіп айтып беру екінің бірінің қолынан келе де бермес еді-ау ойлайды ол. Көзбен көргенге, өздері араласқанға не жетсін! Ол әрі ұғымды да, әрі қызықты да болады емес пе...» [1,139].

Шығарма көркемдігі үшін мұндай психофизиологиялық қарама-қарсылық түрлерін шынайы бедерлеу реализмнің эстетикалық талаптарымен сабақтас. «Алғашқы айлар» повесінде жоғарыда сөз болған рухани жағдаяттар нанымдылығы терең жан құпия қойнауын ашуға бастайтын сюжеттік, мінез шыңдау арналарымен толысып, жан-жақты, ауқымды етіп алады. Суреткер шеберлігінің бір қыры осында.

Ұлтының ар-намысын бәрінен де жоғары қоятын сөз зергері Мұқан Иманжановтың шығармашылық әлемі өзіндік қырларымен, халықтық қасиеттерімен, терең сырларымен айшықты, мағыналы. Оның суреткерлік табиғатына қатысты ойды зерделі зерттеуші Тұрсынбек Кәкішұлының суреттерімен өрбітсек, «Политехникалық оқу жүйесінің өнегелілігін көркем сөзбен танытып, жаңа типті мектеп жүйесін өркендету, жастарды адамгершілік, отаншылдық рухында тәрбиелеу, жаңалықтың жаршысы болуға ұмтылғандығын» [2, 321], талғампаз, сарабал, мәдениетті екендігін және нәзік сыршылдығын көреміз.

Өз туындыларында суреткер адамгершілікке құрылған көркем тартыс арқылы замандас келбетін айқын бейнелей отырып, әрқайсысының іс-әрекеттері, өмірдің түрлі сан қилы ситуацияларына тап болған кездегі мінез даралықтары арқылы біртұтас сюжеттік желі жасайды. Сондай-ақ, жазушы повестерінде оқиғамен, характермен қатар өріліп отыратын нәзік лиризмнің шығарма шырайын әрлендіріп тұрғанын айтпасқа болмайды. Сыршыл суреткер шығармаларындағы таза да тұнық, жылы шуақ оны басқа қаламгерлерден өзгешелендіріп тұратын бір даралығы болса керек. Тұтастай алғанда, адамдар арасындағы байланыстардың сыры мен бағытын бейнелеудің амалы сан алуан екенін жазушы Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлар» туындысы анық көрсетеді. Жазушы Жақыпбектің характерін ұтымды детальдармен көрсете алған. «Алғашқы айлар» повесінен бүгін мен болашақ бетпе-бет келген тұста ауыл тұрғындары арасында, қалың қазақ орналасқан ортада мейірімділік, ата-аналық борышқа адалдық, сын сағатта жасы үлкеннің кішіге, әлсізге жәрдем беруге даяр тұратыны сияқты айрықша қасиеттер көрінеді. Көркемсөз қуатымен бейнелеуді

негізгі нысана еткен авторлық мүдде-мұрат айқын аңғарылады. Оны тек аңғартып қана қоймай, сол өзекжарды ойдың жас ұстаз Жақыпбек бейнесі түрінде тиянақты суреттелгеніне көз жеткіземіз.

Мұқан Иманжанов шығармашылығы тарихи тақырыптардан гөрі бүгінгі өмір тіршілігін, замандастар бейнесін жасауға бейім. Алғашқы туындысынан бастап-ақ автор осы мәселелерге назар аударып, көкейкесті проблемаларды жазуға жиі тоқталып келеді. Жаңа адамның қалыптасу процесіне зерделі зейін қойып, көркемдік безбеніне салады. «Туысынан жаман адам болмайды, адамды жақын ететін де, жаман ететін де көп жағдайда тәрбие демей ме біздің педагогика. Егер сіз бен біз дұрыс тәрбиелей білсек, «жаман бала» деген ұғым ізсіз жоғалатыны талас тудыра қояр ма екен..» деп түйін жасайды «Алғашқы айлар» повесінің қаһарманы Жақыпбек. Міне, бұл автордың өз басының да көздеген тәлім-тәрбиелік мұраты – осы. Оның әңгімелері мен очерктері болсын, пьесалары мен мақалалары болсын, тікелей мектеп тәрбиесіне арналған «Алғашқы айлар» повесі осының айғағы. Адам бойындағы теріс мінез-құлықтарды сынап, жақсылық атаулыны ардақтағанда М.Иманжанов пайымды педагог рөлінде танылады. Бұлай дейтін себебіміз – оның сүйекті шығармаларында көбіне мұғалім образы алынатындығында ғана емес, жазушының кең мағынасында педагогтік, тәрбиелік рөл атқаратындығында деп қарастырған жөн.

Халық ортасынан шыққан және одан еш уақытта қол үзбеген жас талапкер жазушы Мұқан Иманжанов қырқыншы-елуінші жылдардың өзінде осы заман тақырыбына батыл барып, замандас бейнесін танудан тайсалған жоқ, ол қалада отырып қалмай, өндірісте, құрылыста, ауылда, мектепте, тың игерушілер арасында журналист ретінде мидай араласып жүрді, сондықтан көрген-білгенін жазуға ешқандай бөгет болған жоқ оған.

М.Иманжановтың қай шығармасын алсаңыз да, оның жан түйіні адам екеніне көзіңіз жетеді, адамның жақсы қасиетіне сүйініп, мадақтауында да, жаман қылығына күйініп назалануында да оның әрқашанда адамды ардақтау, адамға сену сезімі назар аударады.

Сондықтан «Кристалдай таза, шынардай мінсіз адам» тәрбиелеу шынайы эстетикалық мұраты болған М.Иманжанов барлық көңілін, күш-жігерін жастардың тәрбиесіне салуы өте заңды да. Өкінішке орай, аяқталмай қалған «Көк белес» романы да қыршын кеткен жас таланттың осынау асыл мұратының айқын айғағы іспетті еді. Романға баға берген Т.Кәкішұлы да мұны жақсы байқапты. «Аяқталмай қалған «Көк белес» атты романында шаттық құшағындағы өміріміздің жарқырай түсуіне септігін тигізетін үлгі-өнегелер суреттеледі» [2,321].

Т.Кәкішұлы әдебиет әлеміне келген туындылардың бәрінің де өміршең болуын тілегенімен, уақыт, оқырман сынды «безбендер» үкімін шығаратынын, әр жазушының шығармашылық жолы болашаққа бастар қадамы екенін зерделеп, жас ұрпақ – оқырмандарына қажет кітаптар болатынын сенім білдіреді. «Мұқан Иманжанов қазақ әдебиет тарихынан, әсіресе балалар әдебиеті тарихынан өзіне тиісті орында көркейіп тұрады анық» [2,322].

Қорыта келгенде, адамгершілік тақырыбы қай халықтың әдебиетінде болмасын, мәні мен маңызын жоғалтпайды. Әдебиеттің адамды тәрбиелеудегі рөлінің зор екендігін, қандай ұлағат-тәрбие бере алатынын дәлелдеп жатудың өзі артық. Міне, осы ретте көркем шығарма идеялық-эстетикалық құрал болып отырса, оның мәні де сонда. Ал ол қаһарманды өз арамыздан, өз ортамыздан іздейміз оны көрер көз бен сезер жүрек керек. Оның астарынан, әрине, үлкен жүректі, ізгі ниетті адам сипатын іздейсің. М.Иманжановтың «Алғашқы айлар» туындысы бұл сипатта алдыңғы қатардан көрінетін адам жанының нәзік қылын шертіп өткендей сыпайы да сарабал, терең психологизм иірімдерімен баурап алар тұғыры биік болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Иманжанов М. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Т.1. – Алматы, Жазушы, 1977. – 448 б.
2. Кәкішев Т. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – Т.5. – 384 б.

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ: СӘБЕҢ ӘЛЕМІ. ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығынан көптеген зерттеу еңбектер жазылғаны әдебиетіміздің тарихынан белгілі. Мәселен, Т. Нұртазиннің «Сәбит Мұқанов», «Жазушы және өмір», Х. Сүйіншәлиевтің «Сәбит Мұқанов», К. Салықовтың «Сәбит аға», Д. Ысқақұлының «Парасат пайымдары», Қ. Ергөбектің «Сәбит Мұқанов», «Келбет», Ә. Қайырбековтің «Тұлғалар тағылымы: Сәбит пен Ғабит», К. Ахметтің «Сәбит Мұқанов – ғұлама ғалым», т.б. еңбектерді атай аламыз. Ал енді бүгінгі тоқталатынымыз – қазақ әдебиетінің тарихы мен сынын зерттеудің келелі мәселелеріне, тұлғатану мәселесіне, соның ішінде жолы кең жазушы Сәбит Мұқановтың тұлғасын танытуға үлкен үлес қосқан көрнекті сәкентанушы, сәбиттанушы ғалым, қоғам қайраткері, профессор Т.Кәкішұлының «Сәбең әлемі» (2000) атты естеліктер жинағы. Бұл жинағына ғалымның Сәбең туралы әр жылдарда жазған еңбектерінің бірқатары топтастырылған. Жинақтағы естелік зерттеулерге тоқталмас бұрын осы кітаптың алғашқы бетіне ғалымның қалдырған қолтаңбасын келтірейін: «Сәбең мұражайына! Әр қазақтың жүрегіне жол тапқан Сәбең рухы мәңгі жасасын! Сәбең тойынан оралып келе жатқанда. Автор. 17.06.2000». [1, 1 б.] Түсінгеніміздей, бұл жинақ тұп-тура С. Мұқановтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көріп, ғалымның жазушы тойына тартқан үлкен сыйы, құрметі екенін байқаймыз.

Жинақтың аңдатпасында ғалым былай дейді: «Қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың өнерпаздығы жөнінде жарты ғасырдан бері, әсіресе 60-жылдардан былай қарай дәйекті зерттеу жасап, мақала, еңбектер жазып келеді екенмін. Олардың бірде-бірі елеусіз қалмай, аяғы 1990 жылы Сәбеңнің туғанына тоқсан жыл толуының салтанатты жиналысында жасаған баяндамаға ұласты да, қазақ теледидары арқылы бүкіл республикаға таралды». [1, 3 б.] Ғалым Сәбеңнің қай шығармасы болмасын халықтың жүрегіне жол тартып, әдебиет әлеміне ерекше бір екпін әкелгенін, өзінен кейін әдебиетке келіп жатқан жас ақын-жазушыларға ағалық ақылын беріп, қамқорлық жасағанын айтады. Өзінің қаламгермен 1956 жылдан таныс болғанын, «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелер (1917–1929 ж.ж.)» деген кандидаттық диссертациясының негізгі өзегі Сәкен мен Сәбеңнен өрбігені, осы еңбектің қорғауында (3 ақпан 1960.) С. Мұқановтың бірінші оппоненті болғанын, «Қазақ әдебиет сынының туу және қалыптасу жолдары» атты тақырыптағы қорғаған докторлық диссертациясына пікір жазғанын (14.06.1971.), кейін жазған еңбектерінің де қаламгер көңілінен шыққанын баяндайды. Жазушының «Азамат ақын» (1945) атты монографиясына 1963 жылы жабық редактор ретінде шақырылады. Міне, ғалымның жазушы жанында жүру арманы орындалып, аға мен інінің осындай шығармашылық қатынастары тамырын терең жайып, осы естеліктер жинағы қаламгердің ЮНЕСКО деңгейінде аталып өткен мерекесіне орай жарыққа шыққан.

Жинақта ғалым хронологияның кері тәртібімен, яғни бүгінгіден кешегіге қарай жүру жүйесін пайдаланған. Алғашқы мақаласы – «Сәбит Мұқанов – әдебиетіміздің классигі» (15.01.2000.) деп аталады. Онда қаламгердің көптеген шығармаларының, мәселен, «Адасқандар», «Сұлушаш», «Ботагөз», «Балуан Шолақ», «Өмір мектебі», «Мөлдір махаббат» дүние жүзінің 46 тіліне, оның ішінде әлемдік орыс, ағылшын, француз, қытай, т.б. тілдерге аударылып, сан миллиондаған оқырманға жетіп, қазақ әдебиетінің даңқын асырғанын айтады. Шығармашылық жолын поэзиядан бастаған ақын, прозаны да өркендетуге аяқ басқанына тоқталады. «...жаңа өмірдің адуынды көріністері поэзияның ауқымына сыймай, кең эпикалық құлашты қажет етті. ...Заманының көркемөнерге қойып отырған зор талабын дер кезінде аңғара білетін, дәуір жыршысы болуды өзіне міндет санаған С.Мұқановтың бұл творчестволық қадамы сәтті болып, «Адасқандардай» кесек дүние әдебиетімізге келді». [1, 8 б.]

Бұл романның кейін өзгертіліп, «Мөлдір махаббат» (1959) деген атпен жарық көріп, қазақтың қалың оқушы қауымына ләззат берген классикалық туындыға айналған. Содан ары жазушы қаламынан «Жұмбақ жалау» (қазіргі «Ботагөз»), «Балуан Шолақ», «Сырдария», «Өмір мектебі», «Аққан жұлдыз» атты роман, повестеріне, драматургиялық саладағы «Күрес күндерінде», «Гвардия, алға!», «Алтын астық», «Шоқан Уәлиханов», «Сәкен Сейфуллин», т.б. еңбектерін ерекше атайды. Әдебиетке қатысты мәселелердің де жазушы назарынан тыс қалмай, қоғамдық өмірді, соның ішінде әдебиеттің дамуына белсене аралысып отыруды өнегелі өмірімнің қасиеті, міндетім деп санайтын парызы еді. Соның нәтижесінде қаламгердің қарымды қаламынан қазақтың әдеби сыны мен ғылымын қалыптастыруға, өркендетуге септігін тигізген төрт жүзден астам сын мақалалары, монографиялық зерттеулері жарық көрді дейді. Мәселен, «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932), «Қазақтың XVIII – XIX ғасырдағы әдебиет тарихынан очерктер» (1942), «Өсу жолдарымыз» (1960), «Жарқын жұлдыздар» (1964), «Халық мұрасы» (1974).

Ғалым жаңа әдебиетіміздің сәби шағында Сәбеңнің «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер» (1923) сұсты ескертпемен жарық көрген мақаласына тоқталады. Бүкіл кеңестер елінің мәдени-әдеби саласындағы құбылыстардың бәрі Сәбеңнің назарынан тыс қалмай, таптық негізде оянған сана-сезімі көпшілік жағдайда өрттің өтінде, шабуылдың алдында болғызған деп, қаламгердің сөзін, ішкі шын жан сырын жеткізеді: «Тап тартысы өткірленген уақытта мен ақын едім, жазушы болдым, маған тарих, сын мәселесі неге керек? – деп отыруға дәтім шыдамады. Сондықтан сол кезде ұлтшылдарға қарсы шыққан қазақ совет әдебиетінің әрі аз, әрі жас кадрларының қатарына қосылдым. Менің әдебиет тарихына, әдебиет сынына араласуыма осы себеп болды». [1, 11 б.] «Шындығына келгенде, С.Мұқановтың қазақ әдебиетіне сіңірген орасан зор шығармашылық еңбектерін, жас өнердің өркендеуіне қолғабысын тигізген дарындарды, басы Ғабит, Ғабиден, Асқар, Жақан, Әбділда, Тайырларды өнерпаздық жолға салған ұйымдастырушылық қабілетін, елмен араласып кеткіш мінезінің арқасында шын халық жазушысы болған әдебиетіміздің классигін тарих еш уақытта ұмытпайды» [1, 13 б.] деген пікірімен ғалым мақаласын түйіндеген.

Т.Кәкішұлының келесі «Сәбең өткелдері» (15.02.2000.) атты көлемді мақаласы да қаламгердің жүз жылдық мерейтойы қарсаңында жазылып, «Ақиқат» журналында жарық көрген (№ 4.2000). Онда ғалым С.Мұқановты XX ғасырдың 20-жылдарынан бері әдебиетіміздің өркендеу жолына, көркемдік дамуына үлес қосып, сын мен ғылыми зерттеу еңбектердің, сонымен қатар оңды-солды дау-дамайдың нағыз ортасында жүрген жауынгер қаламгерге теңейді. Оның қаламынан туған сын мақалаларға, зерттеу еңбектерге, үлкен шығармаларына тағы бір мәрте тоқталады. «Сәбит Мұқанов 73 жыл жасады. Әрине, өнер адамына өлшеп берілген жас жоқ, оның өсу, өрлеу, шарықтау кезеңдері болады». [1, 28 б.] «...Сәбең өткелдері – бүкіл қазақ совет әдебиетінің басып өткен жолы, тарихы. ...әдебиетімізге тапшылықты табандылықпен дарытқан, сол жолда талай тар жол, тайғақ кешуден өткен, сөйтіп елді қалың еңбек бұқараны өз сеніміне сендіре білген халықтың қалаулысына айналған Сәбит Мұқановтың қазақ поэзиясының тарихында құбылыс болып, жаңа дәуір жасаған «Сұлушашы», қазақтың қара сөзіндегі көш бастар тұңғыш роман болған «Жұмбақ жалау» («Ботагөз») қазақ оқушыларына мәңгілік серік болары сөзсіз» [1, 32 б.] дей келе, Ғ.Мүсіреповтің: «Қазақ совет әдебиеті туа бастағанда бесігін бірге тербескен Сәбит Мұқанов көркейген әдебиетіміздің үлкен жүгін көтерген басты кейіпкерлерінің бірі болды. Жазушының аты қазақтың қалың көпшілігіне мәшһүр. Ол шын мәнінде халықтың жазушысы болып танылып, шығармалары көпшіліктің санасына берік ұялады» [1, 32 б.] деген және ұлы М. Әуезовтің: «Сәбиттің аты қазақ оқушысына өте даңқты, анық қымбат аттың бірі. Оның аты бүкіл Одаққа мәлім» [1, 32 б.] деген сүбелі, терең мағыналы ой-пікірлерімен мақаласын түйіндейді.

«Әдебиетіміздің атымтай жомарты» мақаласы алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінде (01.02.2000.) жарияланған. Ғалым мақалада Сәбеңнен шығармашылық жәрдем алмаған, оның жылы алақанының табын сезбеген қазақта ақын-жазушы кемде-кемін жеткізеді. «Орыс әдебиетінде Максим Горькийдің жас қаламгерлерге жәрдемдесу, қол ұшын созу, мәпелеп

өсіру әдетін Одақ көлемінде Сәбит Мұқановтай жалғастырып, дамытушы табыла қоюы екіталай» [1, 33 б.] деп, жазушы қамқорлығын, шапағатын көрген ақын-жазушылардың – Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, Ә.Нұрпейісов, С.Бегалин, Ғ.Мұстафин, Қ.Әбдіқадыров, Т.Жароков, Қ.Бекхожин, Б.Момышұлы, С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, Ә.Нұршайықов, М.Әлімбаев, Х.Ерғалиев, С.Шәймерденов, т.б. «Кәдімгі Сәбит Мұқанов» (1984), «Сәбит Мұқанов тағылымы» (1990) атты жинақтарда жарияланған Сәбең туралы естелік мақалаларынан үзінділер келтіре отырып, баяндайды. «Сәбит Мұқанов – қайталанбайтын сирек тұлға. Ол қалдырған асыл мұраның қадіріне жету, үлгі-өнегесін кейінгі ұрпаққа жеткізу, еліміздің рухани байлығын арттыру үшін Атымай Жомарт болу бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің ақын-жазушылары мен өнерпаздарына азаматтық парыз» [1. 43 б.] деп, ғалым өзінен кейінгі өскелең жас ұрпаққа жазушыны, оның саналы өмірі мен рухани бай мұрасын насихаттауды тапсырады.

Т.Кәкішұлының «Абай және Сәбит» атты мақаласы С.Мұқановтың «Жарқын жұлдыздар» монографиясына жазылған алғы сөзі (1995). С.Мұқановтың ұлы ақын Абай шығармашылығы жөнінде сүбелі зерттеулер жасағанын «Жарқын жұлдыздар» (1964) атты монографиясы дәлелдейтінін, жарыққа шықпас бұрын қолжазбасын өзіне оқуға бергенін (1963), негізінде зерттеу еңбекті қаламгердің 1945 жылы жазып бітіргенін, бұл еңбегін Абайдың 100 жылдық торқалы тойына тартуы болғанын айтады. «ТАРТУ. Қазақ халқының ардақты ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 1945 жылы 100 жыл толуын бүкіл қазақ халқы зор қуанышпен тойлауға әзірленіп жатыр. Сүйген тойына шама-шарқынша шашу апару – әрбір қазақтың ата кәдесі. Менің шамам келген шашу – оқушылардың алдына ұсынғалы отырған осы кітап. «Орамал тонға жарамаса да, жолға жарайды». Бұл еңбегім ...қазақ халқының ардақты ақыны Абайдың торқалы тойы күні безендіре жапқан гүлдеріне байлаған тарту – орамалым. Жазушы». [1, 54 б.] Монографиямен танысып шыққан ғалым Сәбеңнің шығармашылығына тән ерекшеліктерді айтады. Яғни Сәбеңнің тарихшыл, шежірешілдігі, деректерге, мағлұматтарға ерекше мән беретіндігі. Жазушының жамбасы жерге тигенше, ұлы Абайдың рухын айрықша ардақтап өткенін баяндайды.

Т.Кәкішұлының «Сәбит – Мағжан – Сәкен» мақаласы да осы С.Мұқановтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында жазылған. Қазақ мәдениеті, оның ішінде әдебиет саласында ұзақ уақыттан бері дау-дамайы, айқай-шуы басылмай келе жатқан үш тұлғаның ара қатынасындағы қаңқу сөздерге нүкте қойған мақаласы дей аламыз. Сәкен, Мағжан, Сәбит арасындағы қарым-қатынасты көптеген бұлтартпас тарихи нақты деректерге, хаттарға сүйене отырып, ғалым өз дәлелін халыққа ұсынған. Сәбең музей-үйінің қорында сақтаулы Мағжанның Сәбеңге жазған хатымен (20.02.1937.), Жайық Бектұровтың «Бес арыста» (1992) жариялаған естелігін және Ш.Елеуқеновтің «Мағжан» монографиясында Сәбең хатынан үзінділер, т. б. деректерді алға тарта отырып, қорытындысын шығарады: «...кер заманға кезіккен айрықша белсенді азаматтардың сол кездегі, онан кейінгі, тіпті дүниеден өткеннен кейінгі тағдырын түсіне білудің өзі үлкен ғылым... Сәбиттің туғанына жүз жыл толуын кең көлемде атап өтеріміз өзінен-өзі түсінікті. Үлкен мәдениеті, ұлы дарындары бар халықтың мерейін өсіре түсу үшін осындай игі шараларды қолға ала беру қажет» [1, 75 б.].

Т.Кәкішұлының келесі «Азаттықты армандаған еңбек» мақаласы С.Мұқановтың «Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиет тарихынан очерктер» (1942) кітабына жазған алғы сөзі (2002.). Он мың дана болып таралған бұл еңбегі туралы ғалым мынандай пікір білдіреді: «1942 жылы қазақтың жоғары оқу орындары мен техникумдарының студенттеріне «Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиет тарихынан очерктер» деген әрі зерттеу, әрі оқу құралы, әрі жалпы қауымның құмарта оқитын тарихнамалық кітабы ретінде жазылып, майданда жүргендерге де, елге еңбекпен айналысқандарға да, әсіресе жасөспірімдерге отаншылдық рухын сепкенін, ұлт мәртебесінің, қазақ абыройының биіктей беруіне өлшеусіз үлес қоса білгенін бүгіндері мықтап тұрып айтуға тиіспіз. Бұл еңбек Кенесары бастаған ұлт-азаттық көріністің тарихи мәнін ашқан алғашқы зерттеу болды».

Т.Кәкішұлының «Сәбең әлемі» жинағына сонымен қатар «Дүниетаным иірімдері» (29.04.1990. «Санадағы жаралар» (1992) еңбегіне енген), «Сәбит Мұқановты не үшін жазғырамыз?» (2000 жылы 26 қаңтарда жазылып, «Алматы ақшамы» газетінің бірнеше санына

шыққан (1.3.5.10.03.2000.), «Халқына тартқан қаламгер» («Сәбит Мұқанов тағылымы». 1990.), «Өтпелі дәуірдің кесек туындысы» (1995. С.Мұқановтың «Адасқандар» романына жазылған соңғы сөз. «Алтын қор» сериясы. Астана. 1999.), «Жаңа әдебиет шежіресі» (1961. С.Мұқановтың «Өсу жолдарымыз» жинағына жазылған рецензия. «Жұлдыз» журналы, №4. 1961.), «Сәбең оятқан ойлар» (19.03.2000.), «Дала – жүрек» (1980) және «Ардақты ұл, асқақ ақын» («Ескірмейді естелік».1994.) атты мақала, естеліктері енген. Бұл жинақтағы әр мақала жеке-жеке зерттеліп, зерделенуді қажет етеді. Қай мақаласында болмасын, ғалым Сәбеңнің өміріне, оның қаламынан туған шығармаларына, сын-зерттеу еңбектері мен мақалаларына жіті талдау жасап, өзінің ойын, пікірін білдіруді азаматтық парызы санаған. Сәбеңді алғашқы рет 1945 жылы, ал соңғы кездесуі 1973 жылы 5 қаңтарда М. Ғабдуллинді соңғы сапарға шығарып салғанда көргенін айтады. Әрине, өзінің өмір жолы мен оқу-іздену жолында көп қамқорлығын көрген адамнан айырылу, жас ғалымға да өте ауыр тигені белгілі. «Көктемнің көп белгісінің бірі – найзағай. Жақсылықтың нышанындай осы құбылыс қазақ әдебиеті үшін қырынан келді. 18 сәуірде жай түсті және анау-мынауы емес, Сәбит Мұқановты жайратып кетті. Қазақ елі аза тұтты» [1, 294 б.] деп еске алады.

Т.Кәкішұлы Сәбең дүниеден озса да, оның рухани бай мұрасын барынша насихаттап, өзінің жақсы пікірлерін білдіріп жүрді. Сәбеңнің артында қалған жұбайы, қамқоршысы – Мәриям Мұқанкелінің қасында жүріп жазушының мерейтойларын өткізді. Сәбеңнің әдеби-мемориалдық музей-үйінің ашылуына ат салысты. Дүниеден озғанша музей жанашыры ретінде қаламгер музейінде дәстүрлі түрде өткізіліп отырған «Сәбит сабағы» жобасы бойынша түрлі кездесу, әдеби кештерді жүргізіп, үлкен қамқорлығын танытты, өзі де тамаша кездесулердің құрметті қонағы болып қатысты. Мәриям Мұқанова өзінің Сәбең туралы естелігінде былай деген: «...Тұрсынбек Кәкішев Сәкен туралы кітап жазып, ол дүниесі Сәбитке қатты ұнап, содан бастап аралас-құралас боп кетті. ...Тұрсынбек Сәбит кеткен соң да өзінің жанашырлығын танытумен келеді. Сәбит туралы қаламынан шыққан мақақаларының, кітаптарының бәрін де оқыдым. Өзінің таппайтын дүниесі жоқ. Небір фактілерді тауып алғанын қарашы деп сөйлеп отырамын. Әсіресе мына Сәбиттің тойы қарсаңында көп дүние жазды. [2, 83 б.]

«Қазақ әдебиеті тарихында өз романын орыс тілінде бірінші болып жариялаған жазушы – Сәбит Мұқанов... Сәбит Мұқанов – қазақ кеңес әдебиетінің негізін қаласқан, оның өркендеуі үшін орасан еңбек сіңірген аса көрнекті сөз шебері, ел еңбекшілерінің бүгінгі өмірінен, ой-арманынан нәр тауып, шабыттана жырлаған азамат ақын, дәуір шындығын эпикалық биік деңгейге көтере суреттеген халықтық жазушы, сахна өнерінің өркендеуіне үлес қосқан драматург. Қазақтың әдеби сыны мен әдебиеттану ғылымын өрге сүйреген жауынгер сыншы, парасатты ғұлама. Қазақ әдебиетінің мақтанышы Сәбит Мұқанов өзінің өнегелі де өміршең шығармаларымен қазақтың жаңа ұрпағына рухани азық беріп, ұрпақтан-ұрпаққа жасай беретін ұлы классик». [1, 4-5 б.б.) деп сүбелі пікірін тарихта қалдырған.

Биыл Тұрсынбек Кәкішұлының туғанына 95 жыл толып отыр. Көрнекті әдебиеттанушы ғалым, халқының айтулы перзенті, ардақты ұстаздың ұлтжанды, азаматтық бейнесі халқының жүрегінде мәңгілік сақталады.

Әдебиеттер:

1. Тұрсынбек Кәкішұлы. Сәбең әлемі. – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2000.
2. Мәриям Мұқанова. Сағынышым – Сәбитім. – Алматы: «Өлке», 2000.

ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТ: ЗАМАН ТАЛАБЫ, ҒАЛЫМДЫҚ ҚОЛТАҢБА, ТҮЛҒАЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ

XXI ғасыр жер бетіндегі барлық адамды ақпарат ауқымдылығымен таңғалдыруда, сонымен бірге оның жадысын да «жұқартуда». Уақыт өткен сайын ақпарат саны артып, адам оны толық игере алмай, үстірт түсінік қалыптасып жатыр. Осыған орай, іргелі, қолданбалы, статистикалық зерттеулердің мәні терең қабылданбауда. Бұл заман өзгерістерінің бір сипаты ғана... Келесі, XX ғасырдың аяғында ғылымға келіп, бір заман ахуалының екінші заман ауанына көшу процесін көзімізбен көрген адам (*1999 жылы ғылым қуып, аспарантураға қабылдануымызды айтып отырмыз – З.А.*) ретінде айтарымыз – кез келген жастағы адамның қабылдауы мен трансформациялануы өз қарқынымен, өз ерекшелігімен жүзеге асады екен. Оған қоса, қазіргі кезде ғылым саласы қолданбалы бағытқа ден қоймаса, кез келген теория не пікірдің адам өмірінде пайдасы жоқ болып отыр. Демек, ғылым саласы адамның дамуы, рухани дүниесін байытуда қажетті деп саналу-саналмауы беймәлім. Біздің еліміз жеке-дара өзінің ғылыми «қазанында қайнап жатпай», әлемдік деңгейде «дауысын шығаруға» ниетті болсақ, біз де ғылымды осы бағытқа бұрғанымыз абзал. Бұл – бір...

Екіншіден, (*көпке топырақ шашудан аулақпыз*), алайда, еліміздегі қазіргі гуманитарлық ғылым үдерісі қаншалықты дамуда, қорытындыланып беріліп жатқан ғылыми пайымдаулардың қолданысы бар ма, олар сана өзгертіп, рухани байлыққа жетелейді ме? Әсіресе, адам баласының тұлғалық тұрғыдан өз-өзін қабылдауы мен өзгені түсінуге көмектеседі ме, деген сияқты сұрақтар туындауда. Себебі қазіргі жастарды, жалпы кез келген адамды қызықтыратын тақырып – өзінің «мен»-і. Енді осы «мен»-ге әсер ету факторларының бірі – рухани дүние екенін ескерсек, ғылымды қалыптастыру мен дамыту жолында адалдығымен ерекшеленетін ғалым тұлғаларды жаңаша форматта тану, еңбектерінің саналы-бейсаналы жазылуы мен жарыққа шығуы, өмір жолындағы тұлғалық қасиеттеріне әсер еткен ықпалды анықтап, насихаттау, үлгі ретінде ұсыну қажет. Пайымдауымызша, біз үшін ғылым жолындағы сондай тұлғаның бірегейі – Тұрсынбек Кәкішұлы.

Ғалымның ғылымдағы адалдықты өмір бойына ту еткендігінен ғылыми орта қауымы хабардар. Кезінде М.Әуезовтің Т.Кәкішұлы туралы айтқан алғашқы пікірін – ғылым жолына берілген «бата» деп танимыз. М.Әуезов 1961 жылғы «Әдеби мұра және оны сақтау» конференциясында Т.Кәкішұлының қазақ әдебиеті, тарихының зерттелуіне өзіндік елеулі үлес қосатындығын болжап, оған сенім артқан [1, 351-б].

2005 жылы «Жалпы, Т.Кәкішұлының әр жылдары жарық көрген еңбектеріне қатысты жазылған сыни мақалаларда әдебиет тарихына қатысты өзекті ойлар молдап кездеседі», -дей отырып, «ғалым шығармашылығы жөніндегі еңбектер шолу не сыни сипатты» деп айтқанбыз [2,5-б.]. Осы орайда, ұсынған тұжырымдарымыз мынадай: ғалымның XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне қатысты зерттеулерінің кезең тарихын қалыптастырудағы орны айрықша; ол осы кезеңнің жекелеген қаламгерлерінің портреттерін жасап, кезең «әдебиетінің дәуірлерге жіктеліп, ондағы бағыттар мен ағымдардың анықталуына» зор үлес қосқан әрі ықпал еткен; әдебиеттегі дәстүр жалғастығы, тарихи сабақтастық түсініктерін нақты мысалдармен зерттегенімен ғылым жолын байыта алған; оның ақтаңдақтар әдебиетіне қатысты «ой-пікірлері ғылыми, тарихи, мәдени тұрғыдан аса маңызды»; «С.Сейфуллин өмірі мен шығармашылығына арналған ғұмырнамалық еңбектері мен ғылыми зерттеулерінің сәкентанудағы құндылығы жоғары»; «зерттеушінің құжатты дәйектемелерді пайдалану әдістері ерекше» [2,8-б.].

Йель университетінің ғалымы Дэвид Трунчелито өзінің «Эпистемология» еңбегінде үш түрлі білімді ерекшелеп атайды: «процедурное (компетентность или ноу-хау), знакомство

(фамильярность) и пропозициональное (описание «факта или положения дел») [3]. Біздің ойымызша, Т.Кәкішұлының барлық еңбегінде осы үш түрлі білімді игеру мен ұсыну формасы бар:

1. Өз білімі мен зерттеу жүргізіп отырған тақырыбының ғалым санасында ресімделуі мен құзыреттілік сипаттамасы нақты орын алған деп айта аламыз. Себебі, оның қай зерттеуін алсақ та, тақырыбына өзінің кәсіби біліктілігімен, ғалымдық талғамымен келгенін көруге болады. Әдеттегі жаттанды сөз бен дағдылы талдауларға ғалым көңілі көнши қоймайды, себебі ол тек фактілермен сөйлейді [2, 137-143 бб.];

2. Екіншіден, ғалымның тақырыбымен танысу ерекшелігі өзіндік қолтаңбасын анықтай алатын деңгейде. Мысалы, өзгелер нақты шығарманы алып, оның эпитеті, метафорасы мынандай, бәленше жылы жазылып, бәленше жылы жарық көрген деп қайырса, Т.Кәкішұлы: туындының жазылу себебін анықтайды, қаламгердің заманымен танысады, қоршаған ортасын қарастырады, қаламгер жүрген жолымен сапарлап, жүру арқылы дарынның сол кезде сезінгенін, көргенін білгісі келеді, қаламгер замандастарымен пікірлеседі, қаламгердің жанын, ішкі түйсігін түсінуге тырысады. Мұның барлығы, әсіресе, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Мағжан Жұмабаев, «Ғалия» медресесі мен «Садақ» журналы туралы жазғандарында анық көрінеді.

Тағы бір мысал, Т.Кәкішұлы 2002 жылы күз айларында Жезқазған мен Қызылорда ортасымен, Бетпақдаланы жеңіл көлікпен жүріп өткен. Қасында жары Күләш апай мен шәкірті, баласындай бауырына басып, баптаған ақын, айтыскер Дәулеткерей Кәпұлы болған. Сол саяхаттың нәтижесінде зерттеу нысаны мен сапарға қатысты ойлары мен пікірлері түрлі басылымдарда жарық көрді. Алайда сол саяхаттардан алған әсері, көрген қиындықтары, көліктің жүргізілуі, жол тауқыметі мен ауыртпалығын қазақ даласының кеңдігі мен адамдарының пейілдері жуып-шайғанын Т.Кәкішұлының өз аузынан естіген едік. Мұны Д.Кәпұлы да растап отыр. Ғылымға шынайы берілгендіктің үлгілі сипаты деп тануға тұрарлық осындай әрекетті өз басымыз өзге ғалымдардан естігеніміз кемде кем, көргеніміз, тіпті жоққа жақын. Ал Т.Кәкішұлының осындай сипаттағы саяхаттары мен сапарлары өте көп.

3. Үшіншіден, «пропозиционалды» логика деген – нақты деректерге сүйене отырып, пікір білдіру. Ал Т.Кәкішұлында ғылым жолындағы нақтылыққа көз жеткізе отырып, логикалық тұрғыдан қорытынды жасау ұстанымының болғанын, болып қана қоймай, азаматтық тұлғасында берік түрде орныққанын ғылыми орта біледі. Бұны ғалымның жылдың қай кезеңі болмасын, демалыс алған кезінде зерттеп жүрген тақырыбына қатысты фактілерді нақтылау үшін Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Уфа, Ташкент т.б. ел мен жердің мұрағаттарын ақтарып, шаң басқан ақпараттарды оқып, танып, қорытынды жасауы; кітапханаларында сағаттап отырып, тапқан ақпаратының растығына көз жеткізгенде жан рақатына кенелуі, жүрегінің қалауына жетуі, балаша қуануы, нәтижесінде еңбек жазып, жарыққа шығаруы дәлелдейді. Сондықтан Д.Трунчеллитоның пікірінде аталған үш негізді Т.Кәкішұлы білімді игеруі мен таратуында қолданған деп білеміз. Оған қоса, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, әсіресе оның алғашқы 30 жылының кезең ретінде қалыптасуы, өзгерістері, қаламгерлердің сипаттары мен шығармашылық өзгерістері, заман ауанының ығына жығылуы, тұспалдап жазу мәнері, шығармашылық «тығырықтар» мен «шектеулер» т.б. с.с. мәселелер «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелері жайында (1917-1929 жж)», «Октябрь Өркені» (1962), «Дәуір суреттері» (1967), «Ұлы Октябрь шуағы» (1981), «Дәуір дидары» (1985), «Садақ» (1986), «Санадағы жаралар» (1992), «Ескірмейді естелік» (1994), «Кер заманның кереғар ойлары» (1995), «Мағжан-Сәкен» (1999), «Сайыс» (2000), «Сәбең өткелдері» (2000), «Сайыс» (2001), «Сандалтқан «Садақ» (2002), «Толғам» (2004) еңбектерінде көрініс тапқан [2, 37-66 бб.]. Аталған еңбектер заманына қарай жарық көріп, тарих өзгерістеріне сай және талғам, пікір өзгеруіне, талдануына қарай өзгешеленіп отырған. Енді Т.Кәкішұлының ғалымдық ішкі түйсік өзгерістері, санасының трансформациялық сипаты, кезең әдебиетіне қатысты күрмеулі мәселелерді еңбегі жарық көрген кезде айта алмау себептері мен оның айтылмауының әсерінен ғылыми шығармашылық «күйзелісі», нәтижесіндегі саналы-бейсаналы аласапыран сезімдері қандай болды деген

мәселелер психологиялық, педагогикалық, тарихнамалық дискурс тұрғысынан қарастырылса, ғылыми әдістемелік зерттеу сипаты мен өзіндік қолтаңбасы айқындала түседі.

Рене Уэллек, Остин Уоррен «Историк литературы должен быть критиком хотя бы для того, чтобы остаться историком» деп, «критик, которого не тревожит его полное незнание всех исторически складывавшихся в литературе отношений, будет то и дело грубо ошибаться в своих приговорах. Ему не дано будет определить, какое произведение является новаторским и какое – подражательным, не зная исторических условий, в которых одевались произведения, он неизбежно впадет в заблуждение, толкуя о его природе. Слабое знание или полное незнание истории толкает критика на путь поверхностных догадок или заставляет его заняться описанием собственных «путешествий по миру шедевров», он будет стремиться избегать литературы сравнительного далекого прошлого, объявив, что это область «ученого-антиквара» и «филолога» деген болатын [4, 64-б.]. Демек, шынайы әдебиет тарихы туралы пікір білдіргенде оны сипаттап қою аздық етеді, заман ауаны мен қатынасқа түскен көзкөргендерді, міндетті түрде, саяси ахуалды да қатар қарастыру қажет. Сонда ғана сыни көзқарас субъективтіден объективті пікірге айналады. «Егер де әр замандағы эстетикалық танымдар әрқилы болатындығын ескерер болсақ, онда сыншылық пікірлер де сан түрлі болмақ. Ал, әдебиеттің тарихын қарастырушы ғалым сол пікірлердің туу себептерін, олардың қандай себеппен, неліктен айтылғандығын аша алса, онда ол сол дәуірдің шындығына көз жеткізіп, кезең әдебиеті тарихын қисынды саралай алады» [2, 37-б.]. Осы тұрғыдан алғанда Т.Кәкішұлының әдебиет тарихына қосқан үлесі ғылыми орта тарапынан тавтология болып, пафосты негізде бір-бірін қайталап айта бермей, қалай үлес қосқаны, ғылымдағы шығармашылық ізденістердің заман ахуалының тегеурінімен қандай өзгерістерге ұшырағаны, ғалымның ғылыми тұлғалық сипатының қалыптасуы мен дамуы ненің ықпалымен трансформацияланды, ол өмір сүрген дәуірдегі орта оның сыни көзқарастары мен ғылымдағы ұстанымының қалыптасуына қалай әсер етті, неліктен зерттеуші ретінде өз тақырыбына, нысанасына ғылыми тұрғыдан «ғашық болып», объектісінің сезінгенін өз бойынан өткізе отырып, сезінгісі келді, неліктен өзі зерттеп отырған қаламгерлердің жазған шығармаларын ғана зерттеп қоймай, олар жүрген жолмен жүріп, қай шығармасы ненің әсерінен пайда болғанын жазғанын әдістемелік, теориялық тұрғыдан негіздеу керек. Мұндай ізденістер мен зерттеулер филологиялық, психологиялық ғылымның түрлі бағыттарында ХХІ ғасырдағы ғылыми орта сұранысын өтемек. Сол арқылы еліміздің ғылым саласындағы өзгерістеріне, өзінше дамуына жол салынуы ықтимал.

Лин Зара жалпы зерттеудің «негізгі мақсаттары іс-әрекеттер туралы хабардар ету, теориялар үшін дәлелдер жинау және зерттеу білімін дамытуға ықпал ету болып табылады» дей келе [3] зерттеу жұмыстарының адам өмірінде қажет және құнды екенінің себептерін айтады:

1. білімді жинақтау және оқуды жеңілдету құралы.
2. проблемаларды түсіну және халықты ақпараттандыру (арттыру) құралы.
3. бізге бизнесте табысқа жетуге көмектеседі.
4. бізге өтірікті жоққа шығаруға және шындықты сақтауға мүмкіндік береді.
5. мүмкіндіктерді табу, бағалау және пайдалану құралы.
6. оқуға, жазуға, талдауға және құнды ақпаратпен бөлісуге деген сүйіспеншілік пен сенімділікті арттырады.

7. ақыл-ой үшін «азық» болады, миға керек жаттығуларды қамтамасыз етеді [3] (*аударма – З.А.*). Аталған тармақтардың барлығы ғалымның зерттеу жасаудағы себептеріне сай. Тек, «бизнесте табысқа жетуге көмектеседі» дегенді тура мағынасында емес, ғылымдағы абырой, табыс санатында түсінген дұрыс.

Сонымен ойымызды қорытындыласақ, ғылымның қалыптасуы не ғылыми тармақ, бағыттың негізделуі бір ғана адамның не еңбектің көлемінде туындамайды. ХХІ ғасырда КСРО кезіндегі шектеулерден құтылған елдердің барлығы өзін тануға, сол арқылы болашағын қалыптастыруға ұмтылып жатыр. Ал өткен тарихқа көз жүгіртпей, болашақ жасалмақ еместігі

айқын. Сондықтан осы тұрғыдан алғанда, біріншіден, ғылымның жаңаша бағытта зерттелуі мен негізделуін заман талабы деп түсініп, осы жолда әрекет ету керек.

Екіншіден, көркем дүниені жазған қаламгер мен оның шығармасына пікір айтуда ғылыми-теориялық негізде идеясы, сюжеті, кейіпкері, көркемдік құралы мен құрылымы жағынан ғана талдап қоймай, сол қаламгер өмір сүрген дәуірді тану, шығарманың туу себебін, ортасына әсер етуін анықтау, насихатталуы, көрсеткен үлгісі, жалпы ықпалы айтылып, осы қырынан адамзат дамуына пайдасы бар-жоғын түсіндіру керек. Бұл әрине, жалаң сөз болмай, тарихи, теориялық, әдебиеттанушылық, психологиялық дискурс тұрғысынан қарастырылғаны жөн. Сонда «жаттанды», «дағдылы», «шектеулі» догмалық пікірлер емес, жаңаша сипаттағы ойлар айтуға мүмкіндік туындайды. Әрі ғылым саласының тың бағытта дамуына жол ашылады.

Үшіншіден, алдында айтылған ғылым саласын дамыту үшін үлгі керек, трансформацияланған тұлғалардың нақты әдістерін зерттеп, өзгерістерін түсінген маңызды. Осы ретте ғалым Т.Кәкішұлының өмірлік ғылым жолы, оның әр сөзі мен ісіне қатысты адалдығы, ұстаным беріктігі мен ғылымдағы ішкі түйсік-сезімдерін нақтылап алып, жүйелеп, пайдаланған дұрыс. Себебі заманының «шектеулері» мен еркіндігіне сай тұлғалық трансформациясы, ішкі эмоционалды «күйзелісі» мен қағаз бетіне түсірген ойлары, ғылымдағы жеке қолтаңбасы, ғылыми лабораториясы жалпы зерттеу ғылымының жаңаша бағытына жол бастап, әдіснамалық негіздеріне қызмет ете алатыны анық. Жалпы, қазақ филологиясы, әдебиеттануы, тарихы, философиясы, педагогика мен психологиясы сияқты ғылым салаларында осы айтылған мәселелер ескерілсе, еліміздің ғылымы жалпы адамзат дамуына өз үлесін қоса алмақ.

Әдебиеттер:

1. Әдеби мұра және оны зерттеу – Алматы: Ғылым. 1961. –346 бет.
2. Зекенова А.Ж. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің зерттелуі және Т.Кәкішұлы шығармашылығы» филол.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы, 2005 жыл, 153 бет.
3. Лин Зара «7 причин, почему исследования важны», 18 сентября 2017 года // <https://owlcation.com/academia/Why-Research-is-Important-Within-and-Beyond-the-Academe>
4. Уэллек Р., Уоррен О. Теория литературы. – Москва: Прогресс, 1978. – 326 с.

Қайрат САҚ,

*филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және
саясаттану факультетінің деканы, профессор*

ЖУРНАЛИСТ ҺӘМ ПУБЛИЦИСТ-ҒАЛЫМ

Журналистиканың қай қоғамда да арқалайтын жүгі ауыр. Әр қашанда шындықтың талабынан шығып, әділдікті ту қылып ақпарат жинайтын, оны тұла бойынан сіңіріп, жүрегінен өткізіп барып қалың жұртқа жария ететін мамандық иесінің қызығы мен шыжығы мол еңбегі атан түйеге жүк болардай салмақты екенін айтудың өзі артық. Журналистиканың қоғамдағы орны жайлы ұлтымыздың рухани ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген ғылыми тұжырымы төл мамандығымызға берілген жоғары баға болуымен ғана емес, бет алысымызды бағамдайтын бағдаршам екендігімен де аса маңызды.

Әңгімені журналистиканың жай-жапсарын баяндаудан бастап отырғанымызда мәніс бар. Осы жұрт Түрсекеңнің, Тұрсынбек Кәкішұлының о баста таңдап алған мамандығы журналистика болғанын біледі ме екен? Білсе, қазақтың маңдайына біткен киелі шаңырақ – Әбу Насыр әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің журналистика факультеті түлегінің еңбек жолы журналистикадан бастау алатыны көбіне айтылмай, қалыс-қала беретіндігі қалай? Ағайындар-ау, шындығына келсек, журфак шәкіртінің таудай талабы мен бармақтай бағы өзі таңдаған төл мамандықпен тығыз байланысты екенін неге айтпайсыздар? Оқып жүріп аты

алты алашқа мәлім «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің бөлім меңгерушісі қызметін абыроймен атқарғанын, кейіннен Қазақтың мемлекеттік оқу педагогикалық баспасының аға редакторы міндетін мүлтіксіз орындағанын айтпағанда, бүкіл саналы ғұмыры қазақ журналистикасы ғылымымен тығыз байланыста егіз өрілгенін қайтып жасырасыздар? Бір «Садақтың» өзі неге тұрады? Қолжазба журналдың ізіне шырақ алып түсіп, жоғалтып ала жаздаған құнды мұрамызды халқымызбен қайта қауыштыруын ғылымға қосылған шоң жаңалық, ерлікке пара-пар ерен еңбек деп жоғары бағаласак, әсіре айтып, ауа жайылғандық болмайды. Бұдан басқа да қазақ баспасөз тарихын толықтыра түгендеуге сүбелі үлес болып қосылған ерен еңбектерін зерттеп, зерделеу болашақ еншісіндегі міндет деп білеміз.

Орайы келгенде айтайын, естелік кейіпкеріммен ағалы-інідей жақын араласуымызға себеп болған баспасөз тарихы туралы зерттеуіміз. Өздеріңіз білесіздер, кандидаттық диссертациямның тақырыбы Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газеті туралы болды. Шын мәнінде, қаймана қазақтың «көзі, құлағы һәм тілі» болған басылымның шытырман тарихын, тағылымы мен тәжірибесін шама-шарқымша зерттеп, қорғауға шықтым. Диссертациялық кеңес менің жұмысымды қабылдайтын мәжілісінде бір аспирантты «құлатты», яғни көпшілік дауыспен өткізбей тастады. Жетекшісі Тұрсынбек аға еді. Теріс нәтиже болуына бас себеп – Темірбек Қожекеұлының ауыр сыны. Ал Темаға – менің ғылыми жетекшім. Ендігі сынақ маған түскені айтпаса да түсінікті. Өйткені диссертациялық кеңес қанша шырылдағанымға қарамастан менің ғылыми жұмысымның оппоненті етіп Тұрсынбек Кәкішұлын бекітті. Тыңған жерім осы шығар деп қатты уайымдадым. Басқа түссе, баспақшыл деген. Амал жоқ, диссертациямды оппонентіме қорқа-қорқа апарып беруіме тура келді. Сондағы Тұрсағамның сөзі күні бүгінге дейін құлағымнан кетпейді: «Әй, бала, менің сенде шаруам жоқ. Айтысып-тартысып жүрсем, ол сенің жетекшіңмен, оған сен еш кінәлі емессің. Бірақ, бірден айтып қояйын. Диссертацияңды мұхият оқып шығамын, дұрыс болса, қолдаймын, бұрыс болса, құлатамын. Бір аптадан кейін кел», – деп бір-ақ қайырды. Жұманы әрең өткізіп, үйіне телефонмен қоңырау шалдым. Үйге кел деп шақырды. Барсам, екі кісіге лайықтап шағын дастарқан жасап қойыпты. «Кел, жігіт, танысайық, маған диссертацияң ұнады» деп ағынан жарылып, ағалық қамқорлық танытқанын қалай ұмытамын. Диссертациялық кеңесте жұмысымды жетекшімнен артық мақтап, мадақтағаннан ба екен, білмеймін, Темағам қорғаудан кейінгі дастарқаныма бармай қойды. Есесіне, Тұрсынбек аға дастарқанымның басында маған қолдаушы болып жүрген Міржақып Дулатұлының қызы Гүлнар апай, Үшкөлтай Субханбердина, Алма Қыраубаева ұстаздарыммен бірге аяғына дейін болғаны көңілімді өсірді. Сол күннен бастап ағалы-інідей болған сыйластыққа толы қарым-қатынасымыз жарасып жүре берді. Кейін «Қазақ университеті» баспасының директоры болып отырған кезімде «Мағжан мен Сәкен» кітабын шығаруды маған сеніп тапсырды. Күн ара десем артық емес, кітап басылғанға дейін жиі жүздесіп тұрдық. Алашқа байланысты, қазақ баспасөзінің тарихы туралы әңгімелеріміз жарасым тауып, бір арнаға тоғысып жататын. Ой ортақтығы бізді тіпті жақындастырып жібергені жадымнан шықпайды.

Журналистің кең өрісі, шығар биігі публицистік қызмет екені бесенеден белгілі. Публицистикаға Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» көсем сөз деген керемет балама бергені белгілі. Біздің пайымдауымызша, публицистика – сөз өнерінің қос қанатты бірегей түрі. Публицистің бір қанаты – білімі мен ілімі десек, екінші қанаты – шалқар шабытқа негізделетіндігі. Осы екі қасиет Тұрсекеңнің тұла бойынан молынан табылады. Қазақ сөз өнері майталманының терге малынған еңбек жолынан терең бойлап сыр ұқсақ, оған айқын көзіміз жете түседі. Қаламгерді көсемсөз шебері еткен журналистика болса, айтулы ғалым деңгейіне көтерген - публицистика. Бұл пікірімізбен бас кейіпкеріміздің өзі келіскенін осы орайда айта кету артық етпейді.

Түгесе түгел талдап жатпай-ақ, оған баспадан жарық көруіне үлесіміз бар еңбегі – «Мағжан мен Сәкен» ғылыми эссесі жайлы сыр суыртпақтасак та, көзіңізді айқын жеткізе аламыз. Бұл кітап айрықша публицистикалық пафоспен, қалың оқырманын ерекше елітіп, еліктіріп әкелер көркемдік қуатпен жазылуымен ғана емес, құнды ғылыми дерек, дәйектерді ортаға салуымен бағалы дер едік.

Осы орайда, кезекті бір кандидаттық диссертация талданып жатқан Ғылыми кеңесте қорғауға ұсынылған еңбектің «бір міні – публицистикалық стильде жазылуы» деген сынға қарсы Тұрсекеңнің мынадай бір уәж айтқаны ойға оралады: «Айналайындар-ау, ғылыми еңбек кімге, не үшін жазылады? Ізденушінің жаңалығын көптің білуі үшін, қажетіне жарату үшін емес пе? Ал ол публицистикалық стиль арқылы жүзеге асса ше? Ендеше, әлгіндегі пікір айтушының таңып отырған міні ғылыми жұмыстың кемшілігі емес, артықшылығы дер едім. Бір қалыптан шыққандай қасаң тілмен жазылған еңбек кімге керек, кім оқиды оны? Одан да жұрт қызығатындай ойы орнықты, анық та әсерлі болып қағазға түсірілсін, бұл – публицистиканың арқалайтын жүгі, сонда еңбектің қайтарымы да молырақ болары хақ». Көңілге қонымды ескертпе ғалымдар тарапынан қолдау тауып, мәйегі бар сөз негізге алынғанының осылайша куәсі болған жағдайымыз бар.

«Мағжан мен Сәкен», міне, дәл солай, публицистиканың шоң жанры эссенің тылсым табиғатына терең бойлап, ерекше ыждаһат, ерік-жігерімен жазылған, оқырманын ә дегенінен қызықтырып әкететін, автордың күйініш, сүйініш сезімдерін бірге бастан кешкендей күйге бөлейтін сегіз қырлы, бір сырлы туынды. Бізді әсіресе ерен таңғалдырғаны – автордың ерінбей еңбек етуге деген ерекше ерік-жігері. Қазақ көркем сөзінде мәңгілік өлмес қолтаңба қалдырған қос алыптың әр бір адымынан сыр іздеп, іздеріне түсіп, көбіміз ұсақ-түйек деп мән бере бермейтін пендешілік іс-әрекеттеріне қатысты дерек тауып, ой өрбітіп, оны шыр-пыр боп дәлелдеп, қолмен ұстатқандай көзіңізді жеткізуі – айтуға ғана жеңіл көрінгенмен, шындығында, ұшы-қиыры жоқ телегей теңіз еңбек, екенің бірінің шыдамы жете бермейтін мехнат. Ал ол не үшін қажет? Шындық үшін, соны қалтқысыз қамтамасыз етуге тиіс ғылым үшін. Тұрсынбек аға ғылыми мектебі жетістіктерінің, біздіңше, бар сыры осында. Жас ғалымдар үйренер үлгі, алар өнеге де осы болуға тиіс.

Тілге тиек етіп отырған еңбектің бізді тәнті еткен тағы бір құнды тұсы – автордың ғылым үшін шындықтың алдында бас иуі, ақиқатқа тағзым етуі. Ол үшін өзін жазғырудан да бас тартпайды: «... менде болсын, не Сәкенді зерттеп, кітап жазғандарда болсын еш кемдік, қателік жоқ демеймін. Біздің әсіресе Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Ысмайлов, Серік Қарабаев, Рымғали Нұрғалиев, менің Коммунистік идеологияға бой алдырып, онсызда қызыл Сәкенді онан әрі қызылдандыра түсуіміз аз болған жоқ. Сәкеннің кеңес үкіметін басқаруда партия тарапынан жасалып жатқанды түсіне алмай талай бұлаңдағанын, алаш қозғалысына қатысқан ағаларына жалтаңдай қарап, қажетті жерінде демесін жасағанын, большевиктік тор қыспақтан шықпақ болып бұлқынғанын көріп отырып көрмедік, біліп отырып айтпадық, қызыл бояуды баттита жағу қажет деп таптық»/1/ .

Біздер, баспасөз тарихын зерттеушілер бір жақтылыққа ұрынудан аса абай болғанымыз лазым. Оның ауадай қажеттігін ғылым дәлелдеумен келеді. Бұл жөнінде ел тәуелсіздігінің елең-алаңында, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының орта белінде жазған кандидаттық диссертациямда дұрыс бағыт ұстанғаныма қазір қуанып отырған жайым бар. Онда мынадай ой түйіндеппін: «Олардың (кеңес дәуіріндегі ғалымдардың) зерттеулері бүгінгі талап тұрғысынан шындықты бүркелемегендей болып көрінгенмен, кезінде ағынға қарсы тоған іспетті тотаритарлық жүйенің тар шеңберіне сыймай, сіреспе таптық идеологияның сынына ілігіп, қараланып отырғанын ұмытпауға тиістіміз»/2/. Осы ойды «Мағжан мен Сәкен» авторы одан сайын нақтылап, шегелей түседі. Жоғарыда тілге тиек еткен кемшілік сырын мынадай нақты дерекпен соқырға таяқ ұстатқандай айқындап береді: «Бұған айрықша әсер еткен себеп жоқ емес. «Тар жол, тайғақ кешу» орыс тілінде жарияланар алдында, 1984 жылы 3. С. Кедринаның Д.А. Қонаев басқарып отырған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне «Ұлттар достығына зияны тиетін кітап» деп мәлімдеме жасауы, оның пенделік жолмен қабылдануы, жандайшап болған хатшы Н. Жандилдин әкімшілік жолмен Сәкен даңқына тосқауыл қоймақ болған әрекеті «Сәкеншілердің» артығырақ сілтеуіне себепкер болған еді. Оның алғашқы көрінісі Сәбит Мұқановтың 1964 жылы 23 мамырда мерейтой үстінде әлеуметтік ашу қысып жасаған баяндамасы болды: «Қайталап айтқанда, шегелеп тұрып айтқанда, нығырлап, негіздеп тұрып айтқанда қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы бірден-бір Сәкен Сейфуллин болды», - деген тезисті тістене тұрып айтқаны тегін емес-ті. Осы позиция

кейінгі зерттеулерге кілт, аттанар өріс болды. Оған әркім әр тараптан әкеп өз бояуларын қосты. Соның ішінде мен жаққан алқызыл бояулар, ойлар аз болмаса керек»/3/.

Әрине, бір мақаламен көлемі жиырма сегіз баспа табақ еңбектің, онда да дерегі мен дәйегі, талдауы мен ой түюі арнайы ғылыми-зерттеуге жүк болатын кітаптың бар қадір-қасиетін толық ашып берем деу бос әурешілік болар еді. Біз оны алдымызға мұрат етіп алғанымыз жоқ. Мақсатымыз Тұрсекеңнің жеке дара зерттеуді, зерделеуді қажет ететін, кейінгі жас ұрпаққа үлгі алар тәжірибесі, берер өнегесі мол, ізденіске толы журналистік және публицистік тұлғасынан сыр түю, ой өрбіту болатын. Бұл бағытта атқарылар іс жаңа басталып келеді деп түйіп, оның жалғасын табарына сеніміміз бек кәміл екенін білдіргіміз келеді.

Әдебиеттер:

1. Кәкішұлы Т. Мағжан мен Сәкен: Ғылыми эссе - Алматы: Қазақ университеті, 1999, 26-27 б;
2. Сақ Қ. Ұлттық сана ұйытқысы: Оқу құралы, - Алматы: Қазақ университеті, 2000, 9-10; б;
3. Кәкішұлы Т. Мағжан мен Сәкен: Ғылыми эссе - Алматы: Қазақ университеті, 1999, 26-27 б.

Ғайша НИЯЗОВА,
филология ғылымдарының кандидаты
Ақтөбе қаласы Башиев
университетінің доценті

ІРГЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ ИЕСІ

«Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады», тектілік айрықша іс-қимылға бастайды. Тектіліктің критерийі – мінез. Мінез деген – рух-жігер, тәрбие! Мінез – ұлттың, тұқымның көрсеткіші, айнасы. Мінез намысты қайрайды, ұлттық мүдде үшін қимылға бастайды, халыққа жасалған қиянатқа төзбейді. Мінез – Жанартау. Мінез тәрбие, ғылым, біліммен ұштасса, халқына қылаусыз қызмет етеді. «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» [1,3 б]. Атақты ғалым Рахманқұл Бердібай өзінің құрдасы Т.Кәкішев туралы: «Бұл – тура сөйлеп, туғанына жақпай қалатын жігіттердің бірі. Ал қоғамның өркениеті үшін осындай мінездер керек. Қазақ қоғамына жол көрсетіп, зұлымдықты әшкерелейтін, жақсылықты мадақтайтын күрескер мінезді, табанды азаматтар өте көп керек», – дейді «Дарынды азамат» атты мақаласында. Раханның тап басып, танып отырғаны – Тұрсынбек ағаға тән қоғамдағы жетістіктерге сүйініп, келеңсіз істерге күйінетін, қара бастың қамын күйттегендерден ауылын аулақ салатын тәкаппар да таза мінез. Ол – мінезді адам. Оның мінезі – тумысынан халық қамын, жұрт пайдасын, ұлт мүддесін ойлаудан туған мінез. Көптің ісі дегенде дес бермей, ашына сөйлеп дүрсе қоя беретін, қазақтың мүддесі күйіп бара жатқан жерде бұғып қалмай, қашанда әділет жағынан табылатын. Бұл – елдік мінездің көрінісі, азаматтық мінезі, зиялылығы. Мұстафа Шоқай: «Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттар соңында жүрген және сол белгілі мұрат төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады», – дейді [1,46 б.] «Ұлттық зиялы» атты мақаласында. Халық тағдырына, әлеумет мәселесіне бейжай қарай алмайтын Т.Кәкішев - ұлт руханиятын бар асылдан биік қоятын зиялы азамат. Өзінің бір сөзінде: «Ұлттығымызды қалпына келтіруден өзекті мақсат жоқ», – дейді. Ғылымда табаны таймаған ғалым, ұрпақты елшілдік рухта тәрбиелеген тағылымы терең ұстаз, ұлтқа қызмет етудің қас үлгісін көрсеткен ұлт зиялысы деп Тұрсынбек Кәкішевті айту ләзім.

«Кәкішевтің орнын ешкім баса алмайды. Өйткені ол – осы қазақтың ерен бір түп атасы Хан Гирэйдің бүгінге жеткен бір тұяғы. Қазіргі тілде керей атап алған баяғы Хан Гирэйдің толық аты Гиэрэиман болғанын Алтын адам жазуынан біз енді ғана таптық. Анау Ерейментау осы Гирэйдің бір тақ орны екен. Оның тұңғыш иелігі қазіргі Жамбыл тауының қасындағы Хан тауы болып шықты. Сонша дарынды боп жаратылған Гирэиман төренің біздің заманға жеткен асыл тұяғының бірі – ортамызда болған Тұрсынбек Кәкішұлы», – дейді [2,19 б.] «Заңғар ойлы

қайран аға» атты мақаласында физика ғалымының маманы Мағрипа Шөжеғұлқызы. Тұрсынбек ағаның әкесі де керемет қарулы, батыл да батыр, жүректі адам болған көрінеді. Ұстазымыздың «Бізді батылдыққа, адалдыққа, тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеген әкеміз», – деген сөздерін естуші едік.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ғалым-ұстаз, әдебиет тарихын зерттеуші, көрнекті әдебиет сыншысы, Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының құрметті академигі, Еларалық қоғамдық Айтматов академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағының Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің құрметті кафедра меңгерушісі, жазушы... Ол Ақмола облысы Бұланды ауданы Бөрлі ауылында, жер біткеннің төресі Көкшетау өңірінде туған.

Ұстаздық жолын ұлттық университет қабырғасында бастаған Т.Кәкішев – жоғары мектепте дәріс жүргізуді ғылыми зерттеу ісімен егіз өре отырып, сан-салалы әдеби шығармашылықпен айналысуға жарты ғасырлық ғұмырын жұмсаған адам. Ең алдымен, Тұрсынбек Кәкішев – ұстаз. Жоғары мектептің дәріс сабағының эмоциялық бояуы қалың, ғылыми мазмұнға негізделген, өнегелі сипаты терең және ғылыми дәлелдемелері, деректері, құжаттары мен тұжырымдары анық, дәлелді болуы шарт. Біздің ұстазымыз еш уақытта дерексіз, дәйексіз сөйлемейтін. Ұлттық мұрағаттардың есігінен кіріп, төріне дейін тексеріп өткен, алыс-жақын шетел мұрағаттарының шаңын жұтқан ізденімпаз ғалым тек қана дерекке сүйеніп, шындықты айтатын. Өзі де: «Құжатқа сүйене сөйлесеңдер, мерейлерің әрқашан үстем болады. Ешқашан ақиқатқа қиянат жасамаңдар!», – деп отырушы еді. Ғылым жолында адалдықты пір тұтқан әдебиетші ұстаздың әр дәрісі ұлағаты мол ғылыми ізденіске апаратын бастау бұлақтар-тын. Ғалымның еңбегі әдебиет тарихшысы ретінде бағалы. Әдебиет зерттеушісінің ел тарихында елеулі еңбек еткен, әйтсе де есімдері ескерілмей қалып жүрген қайран боздақтардың есімін қайта тірілтіп, әдеби-мәдени мұраларын жинақтау жолындағы іргелі зерттеулерінің өзі – бір төбе. Соның ішінде Ж.Тілепбергенов туралы ой толғаған, ол туралы жазған естеліктері ел есінде. Ғалым Кәкішевтің әдебиеттегі еңбегінің біздер үшін ерекше құнды бір саласы – Ақтөбе өңірінен шыққан кәсіби қаламгер, ұлттық әдебиетке бір кісідей үлес қосқан жазушы, қазақ журналистикасының жампозы, сатира жанрының семсері, ағартушы-ұстаз, алашшыл азамат Ж.Тілепбергеновтің еңбектерін жинақтаушы, бастырушы, оның тұңғыш зерттеушісі болғандығында. Ж.Тілепбергеновтің өткен ғасырдың аласапыран жылдарында алуан басылым беттерінде шашылып, мұрағаттардың қойнауында жатқан мұраларын қажымай, талмай жинақтап, саралап, жинақ етіп бастырды. Оның тұлғасы мен шығармашылық қызметінің өзгеше қырларын ашып, жұртшылық игілігіне жаратқан да – Кәкішев. Әсіресе, ғалымдық-зерттеушілік ізденістерінің бастауында тұрған қазақ баспасөзі тарихында өзіндік орны бар «Садақ» қолжазба журналы жөніндегі зерттеулерінің маңызы зор. «Сандалтқан «Садақ», «Қолжазба «Садақ» журналы», «Сәйфи ағаның ғибраты» атты ғылыми-танымдық мақалаларының бас кейіпкері, Уфадағы «Ғалия» медресесінің шәкірті Ж.Тілепбергенов еді. Ғалым жазушының тындырған істерін тәптіштей баяндап, оның еңбегінің тарих тасасында, өткен күндер көлеңкесінде қалып қоймауына бар ынтасымен кіріседі. Тілепбергенов туындыларын «Қазақ әдебиеті тарихының» (1967 жыл) 3-томына енгізіп, «Дәуір суреттері» деп аталатын монографиялық этюдінде зерттеу аясына тартып, талдау жасайды. 1969 жылы «Ізбасар» атты жинағын құрастырып, баспадан шығарады. Осы кітапта жазушының тұңғыш рет ғылыми өмірбаянын жасап, жариялады. Ғалымның «Садақ» тақырыбына құлай берілгені соншалық – сан-салалы зерттеулердің бел ортасында жүрсе де, ұлт арыстарының артына қалған мұраларын аяқ асты қылмай, олардың жарқын бейнелерін тарих қойнауынан суырып алып, жарқырата ашады. Кейіннен Тұрсынбек аға Кәкішевтің қаламы өзге тақырыптар төңірегіне ойысса да, Жиенғали-Жекейді естен шығармады, орайы келгенде, республикалық және Ақтөбеден шығатын басылымдар беттерінде мақалалар жариялап, мерейтойлары қарсаңында қалың жұртшылықтың, әсіресе жерлестерінің жадына салатын да сол кісі еді.

Филология ғылымдарының докторы Тұрсынбек Кәкішев ұлттық әдебиеттану ғылымы тарихында әдеби сынның жанрлық жағынан туып, қалыптасып, өркендеген кезеңдерін алғаш рет ғылыми тұрғыда дәлелдеп, жүйелеген ғалым. Ғалымның «Қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық творчестволық мәселелері (1917-1929) кандидаттық диссертациясы қазақ әдебиеті мен сынының Қазан төңкерісіне дейін дамығанын, Кеңес дәуірі әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі жаңа ізденістер, 20-жылдар әдебиетіндегі идеялогиялық майдандағы күрестер нақты қарастырылған.

Қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелмеген әдеби сынның тарихын қолға алып, тыңнан түрен салған ғалым-зерттеуші – Тұрсынбек Кәкішұлы. Сын мәселелері жөніндегі көп жылғы ізденістері «Қазақ әдебиеті сынының тууы және қалыптасу жолдары» деген докторлық диссертацияға ұласады. Соның нәтижесінде «Сын сапары» (1971) монографиясы жарық көреді. 1975 жылы «Оңаша отау» монографиясы баспаға тапсырылғанымен, Алаш ақын-жазушыларына қатысты зерттеулері сызылып тасталып, жал күйрығы күзеліп, 1982 жылы ғана әрең деп жарық көреді. «Оңаша отаудың» талайлы тағдырын ғалымның шәкірті Смағұлов Жандос былайша баяндайды: «Алайда «Оңаша отаудың» тағдыры тағы талқыға түсіп, баспа оны алты жеті жыл бойы «тұтқында» ұстады. Қорғалған докторлық диссертацияда жазылған, ғылыми дәлелдеген ой-тұжырымдары, Алаш арыстары турасындағы пікірлері «объективная пропаганда» саналып, баспа тарапынан да, жабық рецензия жазушылардан да қолдау таппады» [3,536].

Т.Кәкішев – сын тарихын жазған тұңғыш әдебиеттанушы ғалым. Мұрағат қазынасының терең білгірі ретінде әдебиет сынының тарихын қалыптастырды. Бұл еңбектері тәуелсіздік алған жылдардың алғашқы кезеңінде қайта жаңғырып, кеңестің идеология тізгін бермеген мәселелердің күрмеуі шешілді, қайта оралған Алаш ағиықтары кейінгі оқулықтардан тарихи орнын тауып, «Қазақ әдебиетінің сынының тарихы» (1994), «Қазақ әдебиетінің сынының тарихы» (2003-2013) оқулықтары толықтырылып қайта жазылды. Оқулықта қазақ әдебиеті сынының тарихы, жанрлардың сипаттамасына терең назар аударылып, сыни ой пікірлердің шығу, даму қалыптасу кезеңдеріне жан-жақты терең талдау жасалады. Әдеби сынның эстетикалық мұраты, оның әдебиеттану ғылымымен байланысы әдеби мұраның игеру мәселелері туралы да оқулықта кеңінен қамтылған. «Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу жолдары» атты докторлық диссертация нәтижесінде ғылымға «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» деген пән қосылды. Бұл еңбегі бүгінгі таңда жоғары мектепте филология факультеті студенттері үшін қолдан түспейтін құралға айналып отыр. Жоғары оқу орындарындағы филология факультеттері 4-курс студенттері үшін «Қазақ әдебиетінің сынының тарихы» курсы 15 сағат дәріс, 30 сағат практикалық сабақ, 2 кредиттік мөлшерде қарастырылған. Курстың мақсаты – студенттерді қазақ әдеби сынының пайда болу, қалыптасу жолдарынан, өткен ұзақ тарихынан хабардар ету, әдебиеттің дамуы сыншыл ой-пікірлердің дамуына қатыстылығын аңғарту, студенттердің сыни ойлау жүйесін белгілі бір арнаға түсіріп, көркемдікті тану қабілетін арттыра түсу мақсат етіледі. Ұлттық әдеби сынның өркендеп, дамуы, жаңа сатыға көтерілуіне сыни эстетикалық дүниетанымын қалыптасуына қызмет етеді.

«Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты оқулықта қазақ әдебиеті сынының ұлттық ғылым ретінде туу, қалыптасу және даму жолы халық ауыз әдебиетінен бастау алып қазіргі кезең әдебиетіне дейінгі кезеңдер тұтас қамтылып жүйеленеді:

Қазақ әдебиеті ғылымының пайда болуындағы тарихи алғышарттар кезеңі. Яғни бұл кезең халық ауыз әдебиеті, ежелгі әдебиеттен бастап, ХХ ғасырға дейінгі уақыт аралығын қамтиды. Түркі жазба ескерткіштерін хатқа түсіруден бастап, ХІХ ғасыр соңына дейін созылған ұзақ мерзім қазақ әдебиеттану ғылымының тууына дейінгі тарих алдындағы дайындық кезеңі болды. Бұл кезең ғалымның «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығының бірінші бөлімінде «Қазақтың сыни ой-пікірінің оянуы және әдебиет сынының тууы» тарауында жан-жақты қарастырылған. Ауыз әдебиетіндегі халықтық эстетикаға ден қойған автор: «Фольклордың қай туындысын алсақ та, жөн-жоба мен үлгі-өнеге көрсетерлік қасиеті мол. Мұнның бәрі де халық пікірі, келешек ұрпақты тәрбиелеудің эстетикалық құралы деп тануды қажет етеді», дей келіп, тұрмыс-салт жырлары, беташар, адамның жас мөлшеріне

байланысты шығармалар, ертегілер, эпостық, лиро-эпостық жырлардағы сөз бояуларын, әсемдікті ардақтау, одан ләззат алу сезімін эстетикалық танымға айналуын баян етеді. [4,55 б] Аталған бөлімнің екінші тарауындағы «Баспасөз және сын» тақырыбынан қазақ баспасөзінен алғашқы сыни ойларды «Түркістан уалияты», «Дала уалаяты» газет беттеріне шолу жасай отырып, «Дала уалаяты» газеті әдебиет пен өнерге, аңыз бен жырға, тарихи шежірелерге байланысты орасан көп материалдар жариялап, елдің санасын ояту бағытында үлкен еңбек сіңірді», – деп зерттеуші алғашқы баспасөздерге ризалық білдіреді. Қазақтың тұңғыш демократиялық журналы «Айқап» пен жалпыұлттық газеті «Қазақтың» ұлттық сын тудырудағы тарихи маңызына орасан орын беріліп, қазақтың қоғамдық-әлеуметтік, саяси, мәдени, әдеби ой пікіріне жол ашқанын жоғары бағалайды.

Осы тұста дәйектеме-сын жанрына ерекше орын беріледі. Дәйектеме-сынды кең ауқымда қарастырып, кезең әдебиетіндегі жанрдың көрінісіне кеңінен тоқталады. Соның бірі – М.Дулатовтың өз туындысына берген авторлық дәйектемесі: «Оян, қазақ!» атты өлең кітабымды ескі үкімет шам көріп, «қазақ оянып кетеді» деп қорқып, 1911 жылы мені сотқа берді, сол себепті жыл жарымнан артық абақтыда жатып шықтым» дегені, жинақтың әрі қарай тарауына тыйым салынуы автор үшін қаншалықты азапты болғанымен, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті үшін үлкен олжа болды, жаңа бағыттың серкесі деңгейіне көтерді», – деп бағалайды [4,141 б.]

Аталған жанрдың әдебиеттің даму арнасын кеңейтумен қоса сыни ойға парасатты дарытып, шын эстетикалық талап-талғамды биіктетуге мықтап ықпал жасағандығын атап көрсетеді.

Сын сардары, әдебиет-зерттеуші Т. Кәкішев сынды ғалымның ерен еңбегінің арқасында қазақ әдебиетінің сыни жанр ретінде қалыптасты әдебиеттанудың жеке пән ретінде кескін-келбетін анықтады. Жоғары мектепте пән ретінде оқытылып, тұрақты оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

«Сын тарихы» заманалар талқысынан сүрінбей өтіп, бүгінгі таңда толыққанды дербес пән ретінде оқытылуда. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегеннің растығына күмән жоқ. Қазақ барда, қазақ әдебиеті, сын тарихы барда Тұрсынбек аға Кәкішевтың аты мен артында қалған мұрасы мәңгі жасай бермек.

Әдебиеттер:

1. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет – Астана. Фолиант, 2002. – 474 б.
2. Тұрсынбек Кәкішев Журнал – Алматы, 2017.
3. «Тұрсынбек Кәкішев және әдебиет тарихының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 23 қазан 2017 жыл
4. Т.Кәкішев. Қазақ әдебиетінің сынының тарихы, – Астана. Фолиант, 2013, – 399 б.

IV

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ МЕН СЫНЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ

Сәуле ЕРЖАНОВА,
*филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры*

Т.КӘКШҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ СЫН

Қазақ әдебиеті тарихын қалыптастырудағы аға буын ағаларымыздың, қажырлы де тынымсыз ізденістерін айғақтайтын еңбектері ұлт мақтанышына айналып келеді. Қазақ әдебиетін тарихын жасауға аса жауапкершілікпен қараған ғалымдарымыздың еңбектері сол ХХ ғасырдың орта тұсында-ақ одақтың алдыңғы қатарынан орын алды. Бір ғасырға жуық төл әдебиетіміз бен мәдени мұраларымызды жинақтап қана қоймай, саралы да салиқалы зерттеу еңбектерімен өткен тарихымызды, мол мұрамызды қоржынымызға салып берді. Таусылмас қазыналарымыздағы талассыз тарих пен танымды ойлар өз заманының биігінен сараланғанын да байқауға болады. Соның бірі ретінде сыншы, ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының 1958 жылы «Жұлдыз» журналының №10 санында «Әдебиеттану ғылымының кейбір мәселелері» атты мақаласы. Мақаланың құндылығы сол онда айтылған, көтерілген әдебиеттану ғылымының мәселелер ғалым өмірінің соңына дейін жарық көрген жарияланымдарында ізін қалдырған. Өйткені әдебиеттану ғылымы сол ғасыр ортасында қазақ әдебиеттанушыларынан көп жауапкершілікті күтті. Екіншісі бірі бара бермейтін тақырыпқа ізденіс іздері, талпыныстар жасалған болатын. Бүгінгі күнде танымдық тұрғыда талқылауға түсіп отырған сол ғылым «әлі де болса талқыға түспей, шешімі табылмай келе жатқан мәселелер...» [1]. Мақалада ғалым теорияның тұжырымына көңілі толмаса да ұлттық әдебиет тарихына сенім артады. «Сыншылық ой-пікірдің қол жеткен өресіне қарағанда қазақ әдебиетшілері теориялық мәселелерді топшылау жағынан ақсаңдай басқанымен де, әдебиет тарихын жасау жағынан бүкілодақтық әдебиеттану сахнасына біртабан жақындай түскен сияқты», – деп жазады. Әдебиет тарихының негізін жасаудағы ірі тұлғаларымыз 20-жылдардың ортасында М.Әуезов, С.Сейфулиннің ауыз әдебиеті туралы, С.Мұқанов ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы, Ғ.Тоғжанов әдебиет пен сын мәселелерін, Қ.Жұмалиевтің әдебиет теориясы мен Абай, Махамбет поэзиясының поэтикасын, Е.Ысмайыловтың «Ақындар» монографиясын жазып қалдырғаны туралы туралы қысқаша сипаттама бере отырып, сол кезде ақ қазақ әдебиеттануының негізі қаланды деп баға береді. Өз заманының әдеби даму үрдісіне баға бере отырып, жетістіктері мен кемшіліктеріне батыл тұжырымдар жасайды. Заман сарынына икемделген біржақты көзқарасы да мақалада бүкпесіз келтіріледі. Әсіресе, сол кездегі Тіл және әдебиет институтын сынап, 1947 жылғы ҚКОК тарапынан Кенесары қозғалысына байланысты қорғалған ғылыми еңбектерге себеп болғаны үшін айыптап, саяси астар іздеген орталықтың ықпалында болған көзқарасын да байқаймыз. Бірақ бұл туралы ғалым өзінің «Жанр жайлауы» атты кітабының құлпыашарында кейбір мақалалары «сол дәуірдің ыңғайымен өлшеніп, бағаланатынын» ескертеді. Сыншы-ғалым әр жылдары жарық көрген мақалаларында өз дәуірінің үні тұрғысынан талдауға, пікір білдіруге, сын айтуға бейімдігін

байқатады. Бірақ қанша дегенмен ғалымның жоғарыда келтірген мақаласында әдебиет тарихына қатысты айтылған сын-ескертпелері мен ұсыныстары одан бері біраз ғылыми айналымға түсіп, бірнеше зерттеу еңбектердің жазылуына себепкер болды. Қазақ әдебиеті тарихының әрбір кезең өкілдері шығармашылық мұрасы біршама жиналып зерттелінді. Қазақ-орыс әдебиетінің байланыстары мен шығыс әдебиеті тарихы мен басқа елдердегі ықпалы, сол кездегі «қайта оралған есімдер: Сәкен, Бейімбет, Ілияс» шығармашылығы сияқты сол күндегі өзекті мәселелерді дер кезінде көтере білуімен құнды. Дегенмен де мақалада ғалымның кейбір ойлары бертін келе автордың тарапынан түзетілген сияқты. Мәселен, «Партияның 20-съезінен кейін дүниежүзіндегі сұрқия резонистер болсын, аңдамай соның қармағына түсіп қалып жүрген өзіміздің адал жанды зерттеушілеріміз, сыншыларымыз болсын совет әдебиетінің 20-жылдары «тамаша еді ғой, бұл неғыз өнер туатын творчестволық атмосфераның керемет заманы еді ғой» деген сияқты жалған пікірді айтып, әдебиетіміздің кейінгі жылдардағы өркендеуін жоққа салмақшы болды. Расында да солай ма? Бұл мүлде шындыққа жанаспайтын, тарихты бұрмалайтын ең барып тұрған зиянды, қате пікір. Орыс, украин, өзбек тағы басқа әдебиеттерде бұл пікірге дер кезінде соққы берді» (13-бет) деген субъективті пікірін (15-бет) «Шындығында келгенде, әдебиетіміздің 20-жылдар, әсіресе туу, өсу, қалыптасу сатылары әдеби фактілерсіз айтылатын, ең мықтағанда Сәбит Мұқановтың еңбектерімен сыдыртып шыға беретінбіз. Енді ол «кедейшіліктен» арылып, творчестволық жағынан байыдық. Ендігі мәселе 30-40-жылдардағы әдеби дамуымыздың 20-жылдарда қуатты арнасы, мықты негізі болғандығын барынша толық етіп, ғылыми түрде дәлелдеу. Осыған байланысты бұрынғы кейбір айтылып жүретін пікірлеріміз қайтадан қаралып, түзелуі қажет» деп түзейді. Бұл да ғалымның ұлттық әдеби сындағы сындарлы пікірін дер кезінде білдіре алғандығы шығар. Әдебиеттану ғылымы мен тарихы туралы кең толғай отырып, әдебиеттің компаративистикалық арнасын кеңейту, «Әрбір ұлт әдебиетшілері өз әдебиетінің теориториялық шекарасынан асарлық ой-пікір айтса ғана, салыстырма зерттеулерге ойысса ғана өмірге жанасымды теориялар тұмақ» (18-бет) деген пікірлері қазіргі жаһандану дәуіріндегі әдебиеттану ғылымы мен әдеби сынындағы келелі мәселелерді қозғауға себепкер болып отыр. Ғалымның өткен ғасырдың ортасында көтерген мәселесі бүгінгі күнде де әлі толық шешімін таппады десек те болады. ХХІ ғасыр әдебиеті енді тек сюжетпен шектелмей оқырманға, көрерменге бағытталуы яғни идея толық метафизикалық немесе априорлық сипатқа айналуы тұрғысында зерттелінуі қажет екендігін алдымызға ашық қойып отыр. «Дүние – менің идеям» қағидасындағы көркем мәтін авторының әлем суреті қандай деген сұраққа жауап бере отырып, бізге шындықтың сонша саналуан екендігін түсінуімізге итермелейді. Өнер өз мүмкіндіктерімен шындыққа жаңаша қарауды ұсынып отыр. Қазіргі қоғамның мәдени және материалдық негіздері туралы идеяларды өзгертуге арналған сыни көзқрасты ұстанған тұжырымдар алға шықты. Экосыншылар ұсынып отырған салааралық зерттеулер әдеби сынның аумағын кеңейту арқылы өзін жоғалтып алу қаупінде тұр. «Табиғатқа бағытталған әдебиеттен» [2] автордың табиғи жаратылысы мен болмысындағы өзгеріске белгілі бір табиғи аймақтың әсерін шығармаларынан іздеу, автор танымын айқындау сияқты келелі де қиын әлі де жұмбақтау күрделі ұғымдарды зерттеуді ұсынып отыр. Кәсіби сыншыларымыз сияқты өнерге бұрынғыдай талаппен қарау бүгінгі күні өзектілігін жойғандай. Мәселен, өнерді біржақты бағалау, сын айту тұрғысында ойлар мен көзқарастың біржақты қарастырылмауы әдеби сынның да үнсіз қалуына себепкер болып отыр. Қазіргідей желі мен түрлі хабар беретін технологиялардың дамыған заманында бұрынғыдай нашар шығармаларды қателіктері мен кешіліктеріне бірдей баға беретін болсаңыз, ол бұқараның танымында басқаша сипатта танымалдыққа ие болуы мүмкін. Демек, көркемдік талғам, сын бұл жерде тиімді болмайды. Сіздің талғамыңыздан шықпаған шығарманың бұқара танымында, қабылдауында оң сипатқа ие болып, өз өкілдері мен өз буынын табуы мүмкін. Әдебиет сыншысы білмейтін не оқымаған шығарма бұқара талғамында жоғары қызығушылыққа ие болып, қызу сұранысына айналып қана қоймай өзара сыни дискурс тудырады. Қалың оқырманның сұранысына айналған шығармаларды зерттеудің өзі әдебиеттану ғылымының жаңа парадигмаларын қарастыруды көздейді. Сондықтан көп оқылатын әдебиетті зерттеуден бөлек

оқырман таңдаған шығарманың маңызды, ерекше деп бағалаған, не қарастырған мәселесіне сыншылар назар аудару керек сияқты. Бірақ кейде мұндай саралап, зерттеуде таптаурын тұжырымдарға ұрындыруы мүмкін. Қазір желідегі әдеби сын полемикалық сипатын жойған жоқ. Мәтін кеңістігінде автор ирониялық, кейде сатиралық түрде қарама-қарсы пікірлерді білдіретін әдістерді қолдану арқылы интерпретацияға орын береді. Әрине, мұнда оқырманды одақтас ету үшін шығарманың эмоциональдық-семантикалық сипаты да тыс қалмаса керек.

Айналып келгенде, әдеби сын жанрларының да кейбіреуі заман үніне лайықты қызметін тапқан сияқты. Мәселен, рецензия мен аннотацияның өзектілігі көрініп отыр. Әсіресе аннотация жарнамалық сипатқа да икемді болып отыр. Демек, әдеби сын қызметінің жеке авторлық позициядан бөлек қосалқы формаларыны пайда болуы, бұқаралық және салааралық сипатқа айналып бұрынғы жеке не тұлғалық позициясын әлсіретіп отыр. Мұның өзі болашақта әдеби сынның бағытын экосемантикаға, нейрофеноменологияға негіздейтін жаңа әдістер мен зерттеулерді қажет етеді деп ойлаймыз. Не дегенмен әдеби сын талабы біз білетін таныс тұжырымдардан алыс және әрі терең ізденіске, жаңа пайымдарға және басқа да бірқатар пәндерге көпір салатыны анық. Демек, ғалым Т.Кәкішұлының жарты ғасырға жуық бұрын айтылған ғылыми пікірі әдебиеттану ғылымы мен сынында жаңа заман талабында жаңа өзгерістерді күтуде.

Әдебиеттер:

1. Т.Кәкішұлы. Жанр жайлауы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.
2. Murphy P.D. Ecocritical Explorations in Literary and Cultural Studies: Fences, Boundaries, and Fields. Plymouth: Lexington Books, 2009.

Аян ҚАЖЫБАЙ,

*филология ғылымдарының кандидаты,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
педагогикалық институтының оқытушысы*

ҒЫЛЫМҒА ДАҒҒЫЛ ЖОЛ САЛҒАН САРАБДАЛ СЫННЫҢ САРДАРЫ

XIX ғасырдағы «қарағай басын шортан шалған» зар заманның, XX ғасырдың алғашқы нәубетті, зобалаң кезіндегі қазақтың сілкініп, оянған сәтінің, кеңестер дәуірінің қырық қырлы қырғынды күндеріндегі әдебиет шығармаларының да өзегінен ұлттық сананы, ұлт тағдырының арқауы көкірек көзіне оңай шалынады. Бағзыдан жеткен төл әдебиеттің асыл мұрасы эпикалық мол мұраларымыз кейіннен тасқынды судай ақын-жыраулар поэзиясына ұласты да, XIX ғасырдың екінші ширегінде ұлттық рухани олжалы аңсарларын әдебиетіміздің киесі де, иесі хакім Абай қалаған тың жаңаша сападағы әдебиетке ауысты. Кемел бітімді қазақтың жазба әдебиеті XX ғасырдың басынан осы ғасырдың аяғына дейін көркемдік дамудың неше алуан эволюциясын басынан кешірді. Осы толықсып-жетілу, көркею үрдісінде төл әдебиеттің алдынан дәуірдің талай алмағайып бұралаң-бұлтарысы, асу бермес өткелі мен шың құздары, ылдиы мен өрі, қайғысы мен қуанышы кездесті. өткен өктем ғасырдың аумалы-төкпелі бет-бедерінде, қысыл-таяң, қытымыр мінезі, замана тауқыметі әңгір-таяқ ойнатып, қилы кезеңде азаттыққа, рухани дербестікке бет алған талай алаш арысын солдырып тастады. Ғасырдың басынан аққан қанда толас болмай, кеше ғана аяқ-табағы араласып, айрандай ұйып отырған елдің кеңес өкіметі орнағалы бір-біріне қарадай жауығып, ағайын арасынан дұшпан іздеп, қатыны шөміш алып қоқандаған, еркек-сымағы бақан алып бауырлаған заманның бір көрінісі отызыншы жылдардың сталиндік репрессия дауылы болды. Репрессияның екі иінін жұлып жеп тұрған озбырлы тұсында талай шаңырақ шайқалып барып, ортасына түсіп, талай ошақтың ойраны шықты. Аштық пен жалаңаштықтың ұрығын сеуіп большевизмнің қолдан жасаған қызыл қырғынды террорынан, қынадай қырып жатқан қарақуырдақ қасабынан ұлт интеллигенциясының еш өкілі қағыс қалмады. Сондай қаскөй қылықтар кейінгі төңкеріс, қан

қырғын отызыншы, соғыс пен қызыл науқанды қырықыншы, сұрқиялы елуінші жылдары ұлттық бетке ұстар шығар қаймағын, сыпырып жеткені еске түскенде, кесепат тамыры қай заманда түйін салғанын біліп, жағанды ұстайсың... Алайда саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарап, қаһарлы қылыштан қан тамып отырған қат-қабат қайшылықты заманда зорлық-зомбылық көріп, боздақтары қуғын-сүргінге ұшырап, мерт болғанымен, тірілері тірлігін жасады, қазақтың ұлы сөзі – әдебиеті өлген жоқ, өзінің көркемдік даму бағдарынан жаңыла қойған жоқ. Әдебиеттанудың өсу, жетілу жолында сойқанды жылдардың, желбуаз улы ұрандары да, «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» гомосоветикустардың утопиясына бөленген әсіре тапшылдық, гөй-гөйлерді айналып өтпеген. Дегенмен тәкаппар уақыттың ұлы тегеуріні бәрін де өз жөніне қойды, тезіне салды. Оң мен солдың, ақ пен қараның ара жігін айырып бергендей. «Сөз жүзінде бостандық, іс жүзінде бодандық» бұратана халыққа билеген, сайқал саясаттың қиянпұрыс зымиян зәрі бір күнгідей болмай үрген көбіктей жоғалып, құрдымға сіңді. Батыс ойшылы Густав Лебонның ертеректе айтқан, «Қол астына түрлі-түрлі халықты ноқталап отырған үлкен империялардың маңдайына ешқашан ұзақ ғұмыр кешуді жазбаған», – деген тұжырымы шындыққа айналды.

Киіз туырлықты қазақтың санасындағы еркіндік, азаттық діл, адамгершілік ұстанымдары туған әдебиетіміздің дүркін рет қыл тамаққа келсе де, тіннің әуіріммен үзілмей үміт шырағы боп алға ұмсындырған алтын тұғырының жоғалмауынан, анығын айтқанда тоталитарлық жүйенің қылышынан қаны тамған заманда ұлттық әдеби мұраға жанашырлық танытып, арашасы болған ғұлама әдебиетшілеріміздің аманаты деп түйгеніміз ләзім. Тоталитарлық кезеңнің тар шеңберінде қыстыққан, шерменде күй кешіп ширыққан көркем сөзіміздің талайсыз тағдырына сенім болып, үміт соқпағының сүрлеуіне бағытталған алпысыншы жылдардың «жылымығы» келді. Бұл жылымық алтын күректің желіндей азаттықты аңсаған, көксеген өнер бітіміне үлкен леп әкелді.

Әдебиеттің аламан бәйгесіне 50–60 жылдары, арғымақтарын алыстырған, «мыңнан тұлпар, жүзден жүйріктерін» жарыстырған, ерекше феноменді бір сеңгер баһадүр толқын қосылды. Қаңси бастаған тамырларға қан жүгірді. Әдебиеттің тақырыптық-идеялық өрісі кеңіді. Тар идеялық өрістен адамзаттық құндылықтарға бет бұрды. Кешегі атылған, асылған, айдалған аға буын «абыздардың» орнына өртеңге шыққан өскіндей кейінгі толқындар басты. Бұл – пәрменді де қуатты буындар еді.

Тұрсынбек Кәкішұлы дәл осындай тегеурінді аға буынның шоқтығы биік, бірегей тұлғасы. «Мен тіршілігі өзінің туындыларымен, сәйкес келмейтін, үндес шықпайтын жандарды жек көремін», – дейтін Роберт Шуманның мейлінше қарапайым пікір-толғанысының терең мәні бар. Өйткені, әдебиет пен өнерде мұның бірталай шындығы аңғарылады. Әсіресе, бәз баяғы «шала Шекспирлер мен толмаған Толстойлардың» (М.Әуезов) күнделікті өмірдегі іс-әрекеттері осының айғағы. Неміс халқының ұлы композиторы Шуман пікірінің кереғар полюстегі сипатын пайымдасақ, сөз жоқ Т.Кәкішұлы шығармашылығы, әдеби-ғылыми қызметі мейлінше әдемі, мейлінше шынайы, барынша шыншыл дәлелдейді. Өйткені, үлкен ғалымның бүкіл тіршілігі, мағыналы ғұмыры өзінің еңбектерінде керемет біртұтастықта, ғажайып үндестікте, тендесі жоқ бүтін күйінде көрініс табады. Бұған ғалымның шығармашылық зертханасын, зерттеу шеберлігін көрсетіп, әдеби-сыни, эстетикалық-этикалық көзқарастарын айтсақ та жеткілікті. Бұл күрмеуі күрделі, түйіні тастай мәселені ашпас бұрын, отандық сын тарихына зерлі көзбен сүрлеу тартып, үңіліп, егжей-тегжейіне сәл-пәл шегініс жасағанмыз жөн болар. Әдебиет сынының тарихындағы бір белес, 1939 жылы маусым айында өткен Қазақстан жазушыларының II съезі болды. Мұнда әдебиетіміздің әр саласы – проза, драматургия, поэзия, сын туралы баяндамалар жасалып, келелі кеңестер ортаға салынды. Жазушы Ғ.Мүсірепов әдебиет сынының жай-күйі жөнінде баяндама жасады. Заңғар жазушының баяндамасында сынның ғылыми сын, халық сыны, кәсіпқой сын түрлері ажыратылып, арзанқол, таяз, ғылыми негізсіз сындардың залалының аталуы – сын тарихындағы жаңа сөз еді. 30-жылдардағы сынға қатысты пікірлерге кідіріп өтсек, осы кезеңде тұрпайы, дөрекі социологиялық сынның, таптық, атеистік көзқарастардың өрістегенін, барлық мәселені партиялық, тапшылдық тұрғысынан шешу талабының үстем болғанына көз

жеткіземіз. Мәселен, ҚазАПП басшысы М.Қайыпназаров әдеби сын мынадай талап үдесінен шықсын деп табады: «1. Сын диалектика – затшылдық дүние тануынан теріс жайылмасын. 2. Пролетариат жазушыларының шығармаларын сынағанда ол жазушының шыққан тегі, қай жікке жататындығымен сыналсын, шығарманың бағасына, бұқараға социалдық тәрбие бере алуына қаралсын, т.б.» БК(б)П ОК-нің 1946 жылғы «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы», «Драма театрларының репертуары және оны жақсарту шаралары туралы» қаулыларынан кейін, іле-шала Қазақстан Компартиясы ОК-ті «Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателері туралы» (21 қаңтар, 1947 жыл) деген атышулы, қаралы қаулылардың ақыры зиялы қауымды зиянды етіп, «ұлтшыл-шовинистерді» іздеу, талқандау сияқты сорақылықтарға ұласып, фольклор мен әдебиет тарихын зерттеген ғалымдар, тарихи тақырыпқа жазған ақын-жазушылар, тарихшылар қудалауға ұшырады. Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, А.Жұбанов, Ә.Мәметова, Ә.Қоңыратбаев, т.б. қызметтен қуылса, М.Әуезов пен Қ.Сәтбаевтар өз елінде «көзге күйік» күй кешіп, Мәскеуге бет түзеді. Ал танымал тарихшы-ғалымдар Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменовтерге «ұлтшылдық қамыты» кигізіліп, жиырма бес жылға сотталып кетті. Рухани өмірдің өскелең талаптарға жауап іздеу орнына, көбіне-көп өз ортасынан жау іздеуге ден қойып кетуіне «Қазақстан Жазушылар Одағының жұмысындағы үлкен қателіктер мен кемшіліктер, оларды жою жөніндегі шаралар туралы» (17 маусым 1951 жыл), «Бастауыш және орта мектептерге арналған Қазақ әдебиеті мен тіл бойынша оқулықтардағы қателіктер мен кемшіліктер туралы» (28 тамыз 1951 жыл) аталатын қаптағын, қабаған қаулылар да қал-қадерінше «үлес» қосты. Соның салдарынан қазақтың төл перзенттері мектеп оқулықтарынан шығарылып, олардың орнына орыстың ағартушы-демократтары қоныстанды. М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Ә.Марғұландардан бастап, қазақтың дарынды, ығайы мен сығайы тұрпайы сынның нысанына ілікпегені кемде-кем. 50-жылдардың орта тұсына дейін әсіресе билік құрған салсойыл сынға біршама тоқтау салып, мәдени-әдеби өмір дамуының оң арнаға бет түзеуіне «жылымық» жылдары бірқыдыру әсер етті. 60-жылдардағы әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымында маңызды зерттеулер жүргізуге, оқу орындарын қажетті оқу құралдарымен, оқулықтармен жабдықтауға, сол тұстағы әдеби өмірдің жағдайын бағдарлауға діттелген ауқымды іс-шаралар қолға алынды. Шынында да, ұстараның жүзіндей алмағайып уақытта өмір сүре жүріп, әдебиетіміздің өркенді биіктерге бет-түзеуіне үлес қосқан, туған әдебиетінің дамуына тура бағыт сілтейтін сүре, сара жолды іздеу барысында кей-кейде бұралаң сүрлеулерге түсіп кетуден де кенде емес осы бір сардар мінез талантты дарабоздар қатарында Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, А.Нұрқатов, Т.Нұртазин, Қ.Нұрмаханов, Ы.Дүйсенбаев, М.Базарбаев, Т.Кәкішев, Ә.Нарымбетов, Қ.Қуандықов, Н.Ғабдуллин, З.Қабдолов, Х.Әдібаев, М.Дүйсенов, Ә.Дербісалин, Р.Нұрғали, А.Қыраубаева, С.Талжанов, Ш.Елеуқенов, Ж.Ысмағұлов, Т.Жұртбай, т.б. көптеген әдебиетшілердің болғаны, олардың қай-қайсысы да кейіннен қазақ әдебиетінің өркендеу тарихында өзіндік із қалдырғаны мәлім.

Т.Кәкішұлының «сын шын болсын, шын сын болсын» принципшілдік ұстанымдағы, тырнақ алды өткір сын мақалалары 50-жылдардың басынан көріне бастап, әдебиет тарихының сан-салалы мәселелеріне ерекше назар аударғаны байқалады. Біріншіден, 50-жылдар ортасында аздаған жылымық кезең туып, өктемшіл саяси жүйенің тоны аздап жіби бастағанды. Өткенде жіберілген ағаттықтар мен асыра сілтеулер айтыла бастады. Осындай оң өзгерістердің нәтижесінде 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірқатары ақталып, әдеби мұралары рухани қазынамызға там-тұмдап қосылды. Әсіресе Сәкен, Бейімбет, Ілияс шығармашылығын зерттеп-зерделеу ісі қолға алынды. «Әр дарынның өз орны бар» деп түсінетін зерттеуші сол дарындардың ұлты үшін атқарған қыруар қызметін айрықша көрсетуді өзіне борыш, киелі міндет етіп алғандай. Бұл тақырыппен үнемі айналысып, әдебиет пен мәдениеттегі елеулі еңбегі бар, әр қилы жағдаймен белгісіз болып келген талай тұлғаларды (Ж.Тілепбергенов, С.Шәріпов, Е.Бекенов, С.Ерубаев, т.б.) жұртшылыққа таныстырып жүрген Т.Кәкішұлының мұндай игілікті істен шет қалуы мүмкін емес еді. Оның ғұмырлық тұғырлы зерттеу объектісіне айналған. Осы кездегі ғалым Т.Кәкішұлы сынның қайнар көзі ауыз

әдебиетінде жатқанын айтып, оның қанаттауын Шоқаннан, Ыбырайдан, Абайдан таратқан. «Оянған ойға кең өріс» еңбегінде әдебиет сынының қалыптасып, дамуы баспасөз арқылы жүзеге асатынын дәлелдеп көрсетті. Халықтың әлеуметтік жағдайы, көкейкесті мәселелері, арман-тілегі, мұң-мұқтажы халық өмірінің айнасы болып табылатын – баспасөз арқылы көрініс беретінін мерзімді басылымдардағы сыни материалдарды талдай отырып, нақты деректермен негіздеді.

Т.Кәкішұлының әу дегеннен-ақ әдебиеттану ғылымының бар саласында бірдей қалам тартып, әсіресе ХХ ғасыр басындағы әдеби-көркем процесті саралауы, сол кезеңнің бақилық болып кеткен жекелеген қалам қайраткерлерінің шығармашылығын зерттеуі, олар жайында архивтік мәліметтер мен тың деректерді ғылыми айналымға енгізу машығы оны әлі түрен тие қоймаған тың сала – әдебиет сынының тарихын жазу дайындығы жасалып жатқанын аңғартқандай. Бұл саладағы ізденістері «Сын сапары» (1971) монографиясынан бастау алып, «Оңаша отау» (1982), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), «Кер заманның кереғар ойлары» (1995), деп аталатын фундаментальды құлаш-құлаш еңбектерге ұласты. Осының арқасында ғана қазақ әдебиет сынының тарихы өз алдына «оңаша отау» көтеріп, жеке ғылым саласы ретінде қалыптасты. Ғалымның осы саладағы еңбектері ұлы жазушы М.Әуезовтің де назарын аударған. «Зерттеуден үнемі қалыспайтын, әр кезде совет шығармаларын зерттеген уақытта үлкен бір бөлімді меңгеріп жүрген, әлеуметтік-идеялық саяси мәні бар ең алғаш совет әдебиетінің пролетарлық бағытта, Ленин салған жолмен әдебиетпен ұлтшылдықпен алысқан дәуірді зерттеу жұмысына көп араласқан Кәкішұлының сөздерін бағалы деп есептеймін» [1, 123 б], – деген пікір білдірген болатын.

Қандай да елдің әдебиетін алмайық, оның қай-қайсысы да ұлттық шеңбер ішінде ғана дамымай, ешқашан өзімен-өзі томаға-тұйық қалыпта дәурен сүрмеген. Өзге озық елдерден үлгі алып қанатын жайған. Әр елдің өнері, әдебиеті бір-бірімен ықпалдаса отырып дамыған. Осы мәселелерді жыға, жете танығандықтан да Т.Кәкішұлы шетел әдебиеті мен туыстас елдер әдебиеті жайлы, әдеби аралас- құраластық жайында көп қалам сілтеді. Қазақ әдебиетінің туған топырағында мәуелі жеміс берген әдебиетші ғалымның еңбектерінде интернационалдық дәстүрлер, әсіресе орыс әдебиетшілерінің сабақтары, өзімен бір дәуірде өмір сүрген зерттеушілердің тәжірибесі, идеялық, мазмұндық, көркемдік-эстетикалық сабақтастық үнемі көрініп отырады. Бұл әсер, ықпал, эпигонство емес, терең шығармашылық тамырластық табиғатына лайық дәстүр мен жаңашылдық диалектикасы, ұлттық және интернационалдық көркемдік тәсілдердің бірлігі, әдебиет дамуындағы жарасымды үндестік, тұтастық. Ғалымның сонымен қатар көркем аудармалары турасында айтқандары, жазғандары зерттеушінің эстетикалық талғамының биіктігі мен сыншылдығының, ғалымдық сезімталдығының едәуір биікте екенін дәлелдері.

Қай кезеңде болмасын қаламгер санаға дегбір бермеген, жүрегін сыздатқан жайды бейнелеуді қолайлайды. Сыншы сыры да, ерекше қыры да осы күретамыр – нүктеден басталса керек. Бұл тақырып Сәкен Сейфуллиннің күрделі өмірі мен терең әдеби мұрасы болатын.

«Қазақ әдебиетінің жан-жақты дамып, барлық жанрларда қарыштап өскен, ұлттың рухани сұранысына жауап берген бай бағылан дәуірін тудырған ХХ ғасыр қаламгерлері, олардың ғұмыры, тағдыры, шығармалары туралы бүгінге дейін айтылып келген пікір, талдау, зерттеу енді жаңа тұрғыда толығып, соны пайым, жинақтау тұжырыммен қоюлана түспек», – деген академик Р.Нұрғалидың пікірін назарға алғанда әсіресе, «үш алып» атанған «Қазақтың ірілері, Абайдың інілері – Сәкен, Ілияс, Бейімбеттерге» қаратыла айтылған ақиқатындай әсер етеді. Сол алыптардың ішіндегі орны алабөтен, жалынды ақын С.Сейфуллиннің шығармашылығы мен қызметін зерттеу мәселесі сонау 30-жылдардан бастау алады.

Дауылпаз ақын С.Сейфуллинмен көзі тірісінде аралас-құралас болған, әдебиетте ұстаздығын көріп, қаламгерлік ақыл-кеңесін тыңдаған жанның бірі – Сәбит Мұқанов. Оны 1936 жылы әдеби еңбегінің жиырма жылдығында да, 1957 жылғы жиналыста да Сәкен еңбегі ауқымының зор екенін өзгелерге ұғындырып, қазақ кеңес әдебиетінің негізін салған қаламгер екендігін, кеңес әдебиеті дамытушы жазушылардың көшбасшысы екендігін айтқан да – Сәбит. 1960-жылдары жарық көргелі жатқан Сәкеннің алты томдығының соңғы «Қазақ әдебиеті.

Билер дәуірінің әдебиеті» кітабының айналасында шыққан дау-дамайға өзінің «Қазақ әдебиетінде жаңа эра» атты алғысөзімен тосқауыл қойып, ол еңбектің жариялануына бірден-бір септігін тигізген де – Сәбит» [2, 78 б]. 1968 жылы жарық көрген Т.Кәкішұлының «Қызыл сұңқар» атты тарихи-әдеби очеркіне өзінің жазған алғысөзімен-ақ батасын берген де – Сәбит. Осындай әрекеттері арқылы Сәкеннің тарихтағы орнын айқындауда атқарған қызметтерінің маңыздылығын көріп, оның қаламгершілік келбеті арқылы шәкірттік сезімімен Сәкен мен Сәбиттей екі қаламгердің шығармашылығын зерттеп, тануда еңбек етіп келе жатқан Т.Кәкішұлы да өзінің өмірлік жолында моральдық тазалықтан алшақтамауға ұмтылады.

«Бір дәуірде өмір сүрген дарындар да бір-біріне ықпал жасап, творчестволық бәсекеге түседі. Жалғыз озу ниеті мақсатқа айналса, онда талас-тартыстан, дау-дамайдан аяқ алып жүре алмаймыз, ал оқу, өсу ниетінің негізіне айналса, құдайдың бергені, әдебиет гүлдеп сала береді. Бәйге күшейіп, соны шығармалар дүниеге келеді, халықтың мерейі өседі. Осы соңғы тенденция Октябрьден кейін айрықша қуатпен көрінгенін дәлелдейтін көркемдік көрсеткіштер өте көп», – деп біледі Т.Кәкішұлы [3, 214 б]. Сондай көрсеткіштердің ішінде Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановқа деген ғалымның ғиззат-лебізі мен ілтипаты ерекше. Қазақ әдебиеттану ғылымында өзінің ізденіске толы күрделі жолын бастаған шақта, 1957 жылғы С.Сейфуллинге арналған кештен алынған күшті эсері ғалым Т.Кәкішұлы өмірінің бірнеше ондаған жылдардағы темірқазық ізденістерінің, өзекті тақырыбын белгілеп бергендей. Ол тақырыбы – Сәкеннің өмірі мен шығармашылығы. Ғалым өзінің рухани жан-дүниесімен осы екі қаламгерге шын берілгендігі жөнінде былай деп сыр шертеді: «Сәкенге деген махаббатымның, Сәбене, оның биік мәртебелі адамгершілігіне байланысты», – дейді [2, 77 б]. Сол 50–60-жылдардың өзінде-ақ ол Отан күрескері Сәкеннің сом бейнесін ашып көрсетуге тырысса, кейінгі тәуелсіздік алғаннан кейінгі жерде Сәкеннің шығармашылығын қарастыруда бірталай дүдәмал, кикілжіні мол дүниелердің сырын аша білгендігін жай ғана көңіл ауанының құлқыны деп ұқпау керек. «Сәкен Сейфуллин» (1967), «Қызыл сұңқар» (1968), «Сәкен Сейфуллин» (Мәскеу, ЖЗЛ, 1972, орыс тілінде), «Сәкен Сейфуллин» (1976), «Сәкен және Гүлбаһрам» (1994), «Сәкеннің соты» (1994), «Ескірмейді естелік» (1994), «Сәкен Сейфуллин» (1997), «Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры» (Қ. Ахметовамен бірге, 1997), «Сәкен сүйген сұлулар» (1997), «Мағжан – Сәкен» (2000), «Сайыс» (2001), «Сәкен аялаған арулар» (2003), «Дала дауылпазы» (2005) сияқты кітаптарында күрескер Сәкеннің бейнесі және оның адами өзге қаламгерлермен жасаған қарым-қатынасы арқау болған. Сәкеннің тарихи миссиясы, ғұмырнамасы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттары, әдеби мұраларының жанрлық түрлері, стильдік ерекшеліктері, шығармашылық зертханасы, тілдік қолданыстары, қаламгерлік рухы, қасиеті, әрбір шығармасының шығу төркіні, сол кездегі ақынның айналасы, көңіл-күйі, хал-жағдайы, өмір белестері, жалпы шығармашылық-психологиялық ахуалы, тағысын тағы толып жатқан сәкентану ғылымының күрделі мәселелері жан-жақты, өте терең қарастырылған. Ғалымның сәкентануда із қалдырмаған ашық алаңқай таппайсыз. С.Сейфуллин хақында жазылған осынау ғылыми-зерттеулері өз кезіндегі тұс-тас, үзеңгілес, замандас ғалымдары, ойшыл қаламгерлері тудырған еңбектердің биік өресімен деңгейлес.

1956 жылы Сәкеннің еңбегі мен халқына жасаған қызметі ескеріліп, тексеріле отырып, шығармашылығы мен есімі толық ақталған болатын. Халқымен қайта қауышқан ақынды тану мен таныту жаңадан күш алып, жаңғыра бастады. М.Әуезовтің, Т.Нұртазиннің, Ә.Тәжібаевтың, З.Кедринаның, М.Базарбаевтың, З.Ахметовтың, С.Сейітовтің, Р.Бердібаевтің кітаптары С.Сейфуллиннің шығармашылығына байланысты ой-пікір айтып, прозалық шығармалары мен поэзиясына тоқтала отырып талдау жүргізген зерттеулер. Сол зерттеулердің нәтижесінде сәкентанудың дамуына бұл аты аталған қаламгерлер ауыз толтырып айтарлықтай өз үлестерін қосқан. А.Тоқмағамбетов, Қ.Бекхожин, С.Сейтқазин сынды ақындардың поэмаларына, С.Талжанов, Ә.Көшімов пен Ғ.Мүсіреповтің прозалық шығармаларына Сәкеннің өмірі мен азаматтық тұлғасы, шығармашылығы мен қоғамдық қайраткерлігі арқау болды. Режиссёр А.Нұғманов, суретші Е.Сидоркин, композиторлар

С.Мұхамеджанов пен А.Бычковтың өнердегі көркем киносы, суреттері мен музыкалық шығармалары Сәкен тұлғасын танытуда өзіндік қасиеттерімен ерекшеленеді.

Әдебиетті зерттеудегі сыңаржақ сынға түрен салған ККП ОК-нің 40-жылдары қабылданған «қара» қаулылары Сәкен Сейфуллин мұрасына жағылған қара бояулардың, таңылған теріс пікірлердің көсеушілері, көптеген әсіре қызыл, шолақ белсенділер, таптық схоластика тұрғысынан байбалам салып, қайдағы пәлені ойлап шығарып, қара күйесін жағып, улап-шулап жатқан кезде, Т.Кәкішұлы тарихи фактілерді тырнақтай да бұрмаламастан тәптіштей келе, әдебиетіміздің «Дала сұңқары» атанған Сәкен ақынның шығармашылық, қайраткерлік, реалистік портретін жасап берді. 1938 жылғы жаламенен Сәкенді айыптаған тіркеудегі «қылмыскер» ісін қарап, анық-қанығына көз жеткізуге ұмтылып, Т.Кәкішұлының 1993 жылы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне өтініш жазуы сол талпыныстардың бірі болса, 1990 жылдан бері қарайғы кездегі баспасөз бетінде жарық көрген «Коммунист Сәкеннің ұлтжандылығы», «Сәкеннің соты», «Сәкен Сейфуллин қалай шықты?», «Сәкеннің тарихтағы орны хақында», т.б. сол секілді мақала зерттеулері Сәкенді танудың дамуына қосқан аса қомақты үлесі деп білген абзал. Ол тасқа басылған дүниелердің бәрі саптыаяққа құйылған астай ел игілігіне айналып үлгергені қай заман.

Әдебиет сыны – әркімнің қолынан келетін жеңіл шаруа емес. Бұл жағдайда адамның қолындағы қаламы ақыл-парасаттыққа ғана емес, сезімтал жүректің серпініне де бағынады. Нағыз сыншы қай кезең, кезде де, қандай да болмасын әдеби процеске белсене араласушы және оның көрсеткіш барометрі екені анық. Сыншы талантының сол жолдағы талғам-таразысы, өзі сөз еткелі отырған немесе болашақта сөз ететін шығарма – материалына өзіндік пайым-парасатпен түйген тұжырым ойы, содан соң оған деген қарымды көзқарасы болмаса онда оны сыншы деп айдарлап-асқақтату артық іс. Кез келген теориялық, деректі я көркем шығарманың қадір-қасиеті мен құндылығын қалтқысыз анықтап, оған нақты бағасын беру үшін сыншы алдымен ақиқат арашасы бола алатын қасиетке ие болумен бірге, ол хас өнерді объективті және терең түсіне білуі тиіс. Сонан соң нағыз сыншының ең басты қасиетінің тағы бір қыры ретінде қарайтын жағдай, ол қай мезгілде де әдеби процестегі қарама-қайшылықтарда қалыс немесе қалтарыста қалып немқұрайдылық танытпай, өзінің азаматтық-сыншылық позициясын білдіріп отыруы. Әдебиеттегі қасандылық пен біржақтылықтан арылу, әдебиетті саясаттың ұраншысына, қара сойылына айналдырмай, өз міндетіне, табиғатына жақындату, «тақырып маңыздылығымен» жол ашып, етек алып бара жатқан «халтурамен» күресу талабынан туындап жатса керек. Қай кезеңде де әдебиеттегі шынайылық, үлкен сыншылық мәдениет үшін күрес жолы оңай болмаған. Сол жолдың бел ортасында Т.Кәкішұлының көрінуі және өзінің ғылыми мұрасымен «ағынға қарсы жүзген мұзжарғыш кемеше» үлгі танытуы әдебиетке деген адалдықтың белгісі болса керек.

Сыншы-ғалым Т.Кәкішұлы қазақ әдеби сынының туу, қалыптасу жолдарын нақты дәуірлерге бөле отырып зерттеу барысында сын мен әдебиеттану ғылымының сабақтаса, бір-бірін толықтыра отырып дамитынын ескеріп, «Сын сапары» (1971) және «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994) кітаптарының кіріспелерінде, үлкен үш кезеңге жіктейді. «Бірінші кезең – қазақ әдебиет сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең – қазақ әдебиет сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917–1937 жылдардың аралығын камтиды. үшінші кезең – қазақ әдебиет сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі 1938–1985 жылдар аралығы», – деп сын мен ғылымның басып өткен кезеңдерін белгілейді. Күні бүгінге дейін осы дәуірлеу, күнделікті ғылыми ортада өз тәжірибесінде кең қолданылып келеді. Ғылым өркендеген сайын бұлайша кезеңге бөлуге белгілі дәрежеде толықтырулар болары сөзсіз екенін сезіп-біліп отырсақ та, қазақ әдебиеті сынының тарихын жасау, жүйелеу, дәуірлеу мәселесін әзірге осы ой аңғарынан өрбітсек, Т.Кәкішұлының пайымдау бағытынан шығып кетпейміз.

Бұл үш кезеңнің әдебиет туралы ұлттық ғылымның бастан өткерген тарихи жолына тікелей қатысы бар. Себебі, әдеби сын өзінің туу дәуірінен бастап-ақ ұлттық әдебиеттің тарихы мен әдеби теориялық мәселелері жайында пікір білдірмей тұра алмайды. Бұл туралы

В.Г.Белинский: «Орыс әдеби сынының тарихи жолы мен даму кезеңдерін шолу дегеніміз – орыс әдебиетінің тарихын еріксіз шолу» десе, орыс әдебиеттану ғылымның қалыптасу тарихын зерттеушілердің бірі П.А.Николаев: «Попытка систематического исторического образа знаний о литературе первоначально осуществлялась на материале критики. Вместе с теорией и историей литературы критика составляет науку о литературе» [4, 7 б], – деп жазады.

Қазақтың ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңдерін сөз еткенде әдебиеттанушы ғалым Е.Ысмайылов: «Қазақ әдебиеттану ғылымның тарихына көз жіберсек, оның негізгі екі кезеңді бастан кешіргенін байқауға болады. Бірінші – үйрену, идеялық-творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл төңкерістің алғашқы кезеңінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі – соғыстан кейінгі дәуір, яғни қалыптасу, даму дәуірі» [5, 35 б], – деп екіге бөле отырып, алғашқы кезеңде «өмірдің талап-тілектеріне байланысты дүниеге келуіне» әдеби мұраны игеру процесі мен қазақ әдебиетінің мектептер мен жоғары оқу орындарында жүргізіле бастауына сай, алғашқы оқулықтар мен хрестоматиялардың жазылуы түрткі болғанын атап көрсетеді. Ал академик М.Әуезов бұл турасында: «Қазақ әдебиеттану ғылымы бүгінгі жеткен сатысымен, түгелімен Ұлы Октябрь революциясының жемісі болды... Қазақ әдебиеті тарихы мен әдебиеттану жүйесі бізде орта мектептерде оқу құралын жасаудан туды» [6, 185 б], – деп жазды. Осы жоғарыда келтірілген пікірлерге қарасақ, ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын кеңестік дәуірден бастап зерттеу керек деген көзқарас негізінен дұрыс болғанымен, деректі социологиялық өлшемдермен кетіп қалып, бұл ғылым саласының туу дәуіріне дейін тарихи бастаулары назардан тыс қалғаны байқалады. Тарихымыз жаңаша таразыланып жатқан қазіргі уақытта еуроцентристік ой-пікір мен марксизм-ленинизм ілімінің және зерттеу жұмыстарына қате қаулы-қарарлармен үнемі бағыт-бағдар беріп отырған кеңестік идеология ықпалында айтылып, қағидаға айнала жаздаған көзқарастарға сын тұрғыда жаңаша қарау – әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеу мәселелерімен тығыз байланысты.

Төңкеріске дейінгі сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірді жоққа шығарған еуроцентристік көзқарас 40-жылдардағы қате қаулылардың өзегі болып, ғылыми зерттеу жұмыстарын тығырыққа тіреп, әдебиеттің таптығы принципі айрықша дәріптелді. Тіпті тілге өрен, ойға жүйрік, өреге биік заңғарымыз М.Әуезов әдебиеттану мәселелеріне күнделікті науқандық жәйттерді, түрлі құжаттарды, қаулы-қарарды, партиялық талаптарды, қызыл танау саясатты, солақай социологиясын араластырып: «Қазақ халқының мәдениет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы әзірге қысқа. Бұл – жас ғалым. Ол «Әдебиеттік сын», «Қазақ әдебиетінің теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген салаларға бөлініп, енді дамып келеді. Қазақтағы әдебиеттану ғылымы құрылғанда, ол өзінің алғашқы туысымен, бүгінгі жеткен сатысымен, барлық бас аяғын жинағанда түгелімен толық мағынасында Социалистік Ұлы Октябрь революциясының жеңісі болды. Октябрьден бұрынғы қазақ тарихында біз бұл жөнінде «өскен ғылым» дерлік мардымды мұра алғамыз жоқ», – деп ағаттыққа ұрынғаны және сондай секілді ой-пікірлер салдарынан қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының арғы бастауларын зерттеуге көп уақыт бойы қолы байлаулы болып келгені рас. Қағидаға, тіпті аксиомаға айнала бастаған осындай үш қайнаса да сорпасы қосылмас сандырақ көзқарасты бұзу оңай шаруа емес. Бұл бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстарға алғаш қадам жасаған профессор Т.Кәкішұлының еңбегін, ұлттық тарихи тамырға қалам тартқан жылт еткен бір ой болса «ұлтшылдық», «пантюркизм», «панисламизм» деп байбалам салып шыға келетін кеңестік идеология кезеңінде, үлкен ерлік деп бағаласақ, асылық болмас.

Қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының туу, қалыптасу кезеңдерін ғылыми тексеруде аранайы көңіл аударатын проблемалардың бірі – әдеби мұраны игеру. Алғашқыда отаршылдық саясаттың талап-тілегіне сай қазақ даласын зерттеу жұмыстары мұрындық болып, өз халқын бүкіл әлемдік өркениетке жеткізуге ұмтылған ұлт зиялыларынан қолдау тапқан әдеби мұраны жинау, жариялау зерттеу жұмыстарында төңкеріске дейін бірталай нәтижеге қол жетті. Фольклорлық және классикалық мұра жарияланып, халықтың рухани азығына айналды, қазақ әдебиеті жанрлық жағынан дами бастады.

Осылайша ғылыми-зерттеушілік сипатқа бет бұрған әдеби мұраны игеру жұмыстарына қазақ даласына қанды қырғыны мен қуғын-сүргінін ала келген төңкеріс кері әсер етті, дағдарысқа түсірді. 20-жылдардың бас кезінен бастап төңкеріске дейінгі әдеби мұраны зерттеу мәселелеріне әр түрлі бағыттағы «формальды мектеп», «пролеткультшылдық нигилизм», «бірыңғай ағым теориясы», «тұрпайы социологизм» секілді концепциялар қызу араласып, сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірде өз үстемдігін құру үшін өзара тартысқа түсті. Бұлардың барлығы да маркстік-лениндік әдіснаманың көркем әдебиет туралы саясаттағы бет-бағдарын анықтап алғанға дейінгі әр түрлі бағыттағы ізденістер еді. Бұл теріс концепциялардың орыс әдебиеттану ғылымында орын алуын ғалым С.И.Машинский: «Поиски истины в научном исследовании никогда не даются легко. Особенно тогда, когда они лежат в совершенно новой, неизвестной области. Эти концепции по-своему были поиском истины, но в неверном направлении. Поступательное развитие марксистско-ленинского литературоведения шло в острой идеологической борьбе с различными ошибочными концепциями» [7, 45 с], – деп жазды. Мәдени-тарихи, биографиялық, салыстырмалы тарихи, филологиялық, психологиялық сияқты зерттеу мектептері болған орыс әдебиеттану ғылымының өзі 20-жылдары осы қате концепцияларға бой алдырып алған болса, әдеби сыны енді ғана туып, әдебиеттану ғылымы толық көрінбеген біз секілді ұлт республикаларына тигізген нұқсан әсері өте қатты болғанына дау жоқ.

Қазақ әдебиеттану ғылымының әдіснамалық мәселелері әдебиет теориясы саласындағы еңбектерде сөз арасында айтылып жүргенмен, арнайы зерттеу нысанасына әлі де болса толық айнала қойған жоқ. Оның кейбір мәселелері қазақ әдебиеті сынының тарихы мен әдеби мұраны игеру мәселелеріне байланысты профессор Т.Кәкішұлы еңбектерінде біршама қарастырылды. Әсіресе жоғарыда сөз болған қате концепциялардың сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде орын алуының объективті және субъективті себептері туралы тұжырымды ойлар нақты айтылуымен құнды. Әдеби мұраны игеру процесінде «өткендегі мұраның барлығы үстем тап мүддесін жырлайды, соларды тарихтың қоқысына лақтырып тастап, жаңа пролетариат әдебиетін жасаймыз» деп көркемдік дамудың тарихи сабақтастығы принципін жоққа шығарған пролеткультшылдық нигилизмді жақтаушы ақын-жазушылар мен сыншылардың маркстік-лениндік ілімді үйрену барысында В.И.Лениннің «әр ұлттық мәдениетінде екі түрлі мәдениеттің элементі болатыны туралы», қағидасына сүйеніп, әдеби мұраны тек қана таптық тұрғыдан бағалауды басшылыққа алған «тұрпайы социологизм» теориясына ауысу жолындағы ұзаққа созылған қателіктері мен бұрмалаушылықтары, «бірыңғай ағым теориясының» ғылыми зерттеу жұмыстарындағы прогресивті сипаттағы ізденістері мен іркілістері бұлтартпас мысалдармен дәлелденді, әділ бағасын алды.

Әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын ғылыми тұрғыда зерттеуде бұл концепциялардың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірлердегі ықпалы ыждағаттылықпен қаралып, жан-жақты шешімін табатын негізгі проблемалардың бірі болса, оның өзекті мәселелері профессор Т.Кәкішұлы зерттеулерінде болашақ зерттеулерге кілттипан боларлықтай дәрежеде өз шешімін тапқандығын көруге болады. Сонымен бірге ғалым ағамыздың соңғы жалдардағы еңбектерінде тек өзіне ғана тән қайсар батылдықпен айтып жүрген тың бағыттағы ой-пікірлері көл-көсір. Ол – жетпіс жыл бойы маркстік-лениндік идеология мен әдіснама ықпалында жүргізіліп келген ғылыми зерттеу жұмыстарымыздағы жетістіктер мен кемшіліктерді жаңаша саралау проблемасы. «Әзірше тындырып жатқанымыз – кеңесті жамандау, коммунистік идеологияны даттау. Тіпті ауыздығына ие бола алмайтын даңғазашылдар «совет, кеңес, әдебиет, оның көркемдік әдісі – социалистік реализм болды» деуге ауызы бармайтыны былай тұрсын, естігенде шошып тік тұратын, іргесін алыс салатындар шықты» [8, 5 б], – деген пікірінде «сұлу сөздің сыңғырынан, шыншыл сөздің дөрекілігі жақсы» демекші, ақиқатты белден баспайтын ащы шындық жатыр. Советтік дәуірде жасалды екен деп ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің бәрін қате деп тапсақ, 20-жылдардың бас кезіндегі пролеткультшылдықтың кебін киіп келетініміз анық. Тарих – жақсы болсын, жаман болсын ол тарих, ол тек қана шындыққа сай бағалануы қажет. Ғұлама

орыс тарихшысы К.Ключевскийдің: «История учит только тех, кто ее изучает» деген аталы пікірі осыған дәлел. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеуде ойшыл Т.Кәкішұлы айтқандай: «өнегенің үлгісін көріп тұрып, содан үйренбеуіміз, шыр айналып совет әдебиетінің шындығынан кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, атақ алуымыз, 1917 жылға дейінгі былай қойғанда, соғыстан әріге бара алмайтын ғылыми мүсәпірлікті, «социалистік реализм туы астында» деген ұранмен шапқылай берушілігіміз қазақ әдебиеттану ғылымының сорына шыққанын енді ашық айтайық» [8, 5 б], – деген көкіректі кере шыққан көсемсөзде жетпіс жылдық тарихты тік қопара аршып, сұрыптап, ақиқатын аша көрсететін аса күрделі проблемасы бір-ақ ауыз сөздің қауызына сыйып тұр. Біздің бұл пікірге алып-қосарымыз жоқ.

Кезінде М.Әуезов: «Әдебиетке келу оңай, кету қиын» деп айтқан екен, ал К.И.Чуковский: «Әдебиетке келу қиын, кету оңай» деп айтады. Екі классик бір сауалдың екі басын ұстағанымен, екеуінің де айтар сөзі мен идеясы ортақ. Әдебиетке талантты болып келіп, өмір бойы тырбанып еңбек етіп, ұдайы өсіп отырмасаң, қалай болғанда да өшіп тынасың деген сөз. Ендеше, «Өлі разы болмай, тірі байымайды» демекші, кемел ғалымның, ұбақ-шұбақ әдеби көш керуеннің тұрманы түгел, көлігі аман салиқалы, сарабал сынның сардары – Тұрсынбек Кәкішұлы сияқты алып тұлғаның рухани қазынасы замана көшінде алмастай жарқырап, мәңгіліктің соқпағында өз сүрлеу іздерін қалдырып, адами, мәдени дүниетанымызға «түзету» енгізген, оқырман жүрегіне жол тапқан туындыларын зиялы қауым іздеп оқитынына біз имандай сенеміз!

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әдеби мұраға арналған конференциядағы қорытынды сөз. //Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы»: – Т.2. (Мақалалар, зерттеулер). – 1985. – 389 б.
2. Кәкішев Т. «Қос қыран салтанаты» //Кітапта: «Кәдімгі Сәбит Мұқанов» (Құраст.: С.Шәймерденов, Қ.Ергөбеков). – Алматы: «Жазушы», 1984. – 392 б.
3. Кәкішев Т. «Жаңа заман жаршысы» //Кітапта: «Сәбит Мұқанов тағылымы». (Әдеби-сын мақалалар, құраст.: Н.Мұқанова, Қ.Раев). – Алматы: «Жазушы», 1990. – 384 б.
4. Возникновение русской науки о литературе. М.: «Наука», 1975. – С. 7.
5. Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы: Қаз ССР ҒА баспасы, 1961. – Б. 35.
6. Әуезов М. //Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы». – Т.16. (Мақалалар, зерттеулер). – 1985. – 207 б.
7. Машинский С. Классика и литературная наука. М.: «Знание», 1970. – С. 45.
8. Кәкішев Т. XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар //«Қазақ әдебиеті» газеті, 1994. – №34.

Сәлима ҚАЛҚАБАЕВА,
*филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
қауымдастырылған профессоры*

Т. КӘКІШҰЛЫ – ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ

Ұлттық әдебиетіміз бен руханиятымыздың ірі тұлғасы Тұрсынбек Кәкішұлы – қазақ әдебиеттану ғылымының салаларына көп еңбек сіңірген ғалым. Ол алғашқы ғылыми жұмысын кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуіріне арнап, күрделі де қиын мәселе төңірегінде «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелер (1917-1929)» атты диссертациялық жұмыс жазып қорғады. Осы еңбектен бастау алған 20-жылдардағы қазақ кеңес әдебиетінің идеялық-көркемдік даму ерекшеліктері, әдеби бағыттар мен ондағы идеялық қайшылықтар төңірегіндегі ізденістері «Октябрь өркені» (1962) кітабында көрініс алды. Кеңес дәуірінің 20-30 жылдары қазақ әдебиетінің даму, қалыптасу процесіне орасан үлес қосып, әдебиетіміздің бет-бейнесін танытқан жекелеген ақын-жазушылар шығармашылығына арналған «Дәуір суреттері» (1967), «С. Сейфуллин» (1967), «Қызыл сұңқарлар» (1968), «Мағжан – Сәкен» (1999) еңбектерінде дара суреткерлер Сәкен

Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Сәттар Ерубәев, Сабыр Шәріповтермен қатар, Елжас Бекенов, Жиенғали Тілепбергеновтердің шығармашылығынан сыр тартады.

Қазақ әдебиеттануын мазмұнды еңбектерімен байытқан Т. Кәкішұлы әдебиетіміздің кеңес дәуіріндегі даму тарихын жүйелеп, дәуір стилі мен әдеби келбетін сипаттаған «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Көп ұлтты совет әдебиетінің тарихы», «Қазақ совет әдебиеті тарихының проблемалары» атты көлемді еңбектердің де белсенді авторларының бірі ретінде танылады. Осы тұста айта кететін жай, Т. Кәкішұлы кеңес заманы өтіп, тәуелсіздік кезеңге бет алған жылдары да әдебиетіміздің тарихын дәуірлеу мәселесіне аса ден қояды.

Еліміз жеткен тәуелсіздік ұлттық руханиятымыз бен әдебиетімізді жаңаша саралауды қажет еткені аян. Әдебиетіміздің «ақтандақ» беттеріне үңілу, көркемдік дәстүріміздің бастау алған негіздерін айқындау, тарихи кезеңдерін жүйелеу – әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелер болды. Бұған дейін де әдеби-ғылыми еңбектерімен әдебиеттану ғылымында дара зерттеушілік тәсілімен танылып қалған әдебиетші-ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы заман тудырған талапты ұлттық болмысымен сезініп, батыл қадаммен тың ізденістерге бағыт алды. Ғалым ізденісінің негізгі бір саласы әдебиет тарихының көзден таса боп, көңілді олқы етіп тұрған тұстарына назар аударуы болғандығын: «Әдебиет тарихының «ақтандақ» беттеріне үңілу – Тұрсынбек Кәкішұлы сынды ғалымның ғылыми ізденістерінің бастау көзі. Оның бүкіл ізденімпаздық табиғаты осыдан тамыр тартып жатады» [1, 29], – деп айтқан профессор Өмірхан Әбдиманұлының пікірінен де байқай түсеміз.

Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі төңірегіндегі ой-пікірлерін саралап айтар болсақ, әдебиетіміздің тарихы Орхон-Енесей, Талас-Тараз ескерткіштерінен бері тартылуы тиіс, ал ХҮ ғасырға дейінгі көркемдік дүниелерді түркі жұртына ортақ мұра ретінде қарау дұрыс болатындығын, бұл мәселеге бұра тартпай әділдікпен қарау қажеттігін алға тартады. Қазақ хандығы тұсындағы ақын-жырау, шешендердің шығармашылығын қамтитын кезенді «Қазақ хандығы» деген атаудан қорықпай солай атау керектігін ашып айтады. Қазақ хандығы тұсындағы көркемсөздің қоғамдық-әлеуметтік салмағын саралап, көркемсөзді оңаша қарастырып, өткір ой айта алатын мемлекеттік іс деңгейіне көтеріле алған эстетикалық құбылыс деп ұғыну қажеттігін шешіп айтады.

Тұрсынбек Кәкішұлы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасында қызмет атқара жүріп, 2001 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты оқу құралының редакциясын басқарды. Осы еңбекті дайындау барысында қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесінде кафедра ғалымдары ұстанған жаңаша ұстанымдар жайын былай мәлімдейді: «Университеттің қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасы тәуелсіздік әкелген азаттықты пайдаланып, қазақ әдебиетінің тарихын сақ, ғұн замандарынан бастап, бері тарту қажеттігін ескеріп, 90-жылдардың ортасында жазылып, 2001 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихында» (екі томдық) «Ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті» тарауында қытай, парсы және орыс деректері негізінде біздің жыл санауымызға дейінгі ІХ ғасырдан жаңа заманның ІҮ ғасырына дейінгі мерзімде жасалған рухани дүниеге қазақ жерінде жасаған ұлыс-тайпалардың ортақтығы бар, сондықтан ол қазақ әдебиеті тарихында мықтап еленуге тиіс деген жаңа көзқарас ұсынып отыр» [2, 372]. Әдебиетіміздің бастауын әріден бастап Түркі қағанатына дейінгі рухани байлықтарды «Ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті» деген атауға сыйғызып, келесі тарауды «Ежелгі түрік әдебиеті» деп атап, онда ҮІ–ХҮ ғасырлардағы сөз үлгілері енгізілсе, «Қазақтың төл әдебиеті» тарауы Қазақ хандығы тұсындағы жыр-толғауларға яғни жыраулық поэзияға негізделді. ХІХ–ХХ ғасырларға салсерілер поэзиясы мен кеңестік қазақ әдебиеті қамтылды. Бұл оқулықтың артықшылығы бұрын соңды әдебиет тарихында сөз етілмеген «Шетелдегі қазақ әдебиеті» мен «Қазақ әдебиеті әлем халықтары тілінде» тарауларының енуі болды. Осы оқулыққа арнайы тоқталып жатқан себебіміз, мұнда әдебиетіміздің арғы бастауларына баруға деген талпыныстың алғашқы қадамдарының көрініс алуы дер едік. Ұстаз-ғалым Т.Кәкішұлының: «Солтүстіктегі орыс, шығыстағы Қытай, оңтүстіктегі Иран жылнамалары мен тарихтарындағы деректерді ұқыпты жинап, оларды қазақтікі демей, бүкіл түркі жұртына ортақ мұра ретінде зерттеп, ғылыми айналымға түсірсек қана халқымыздың тарихын шындық деңгейінде көрсете аламыз» [2, 8], –

деп айтқан ойынан әдебиет тарихына объективті көзқараспен қараған шыншылдықты, ұлтымыздың рухани мұрасына деген жанашырлықты байқаймыз.

Ел-жұртқа, жас ұрпаққа әдебиетіміздің тарихы тереңде жатқанын ұғындыратын «Әдебиетіміздің арғы бастауы хақында», «Тарихты түптен тартайық», «Иран – Тұран әдебиеттерінің байланысы» атты зерттеу мақалаларында Т.Кәкішұлы кеңес заманындағы идеологиядан шығып, тек орыс, батыс деректеріне сүйене бермей, Қытай мен Иран әдебиетінде, тарихында сақталған мәліметтермен салыстыра келе, қазақтың шын тарихын жасап алу қажеттігін айтады. Түркі халықтарының әдебиетіне, даму ерекшеліктеріне, оларға ортақ рухани мұраларға көңіл бөліп, ондағы өзектестікке де ден қойғандығына аталған ғылыми мақаларды оқи отырып таңырқайсың. Ирандық ғалым Ахмет Пекетчимен шығармашылық байланыс жасау нәтижесінде Иран – Тұран әдебиеттерінің байланыстарын, аңыздар мен тарихи жырлардың үндестігін зерттеп, парсы-түрік әдебиетінің рухтастығын, көркемдік дамуларының әлемдік заңдылыққа сай екендігін анықтап беруінің өзі алдағы ғылыми ізденістерге түрткі болатын дүниелер. «Қазіргі түркі тілдес халықтардың негізі болып табылатын сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының біздің заманымызға дейінгі XII–VI ғасырлар аралығында күшті мемлекет құрып, дәуірлеп тұрғанда жасаған мәдени ескерткіштерінің бірегейі – көлемі 21 кітаптан тұратын, поэзия тілімен жасалынған, әлемдегі діни жазбалардың алғашқыларының бірі, дүние болмысын, өмір сүру ережелерін, жақсылық пен жаманшылықтың өзара арпалысын баяндаған құдіретті «Авеста» шығармасы түркілерге де ортақ рухани қазына саналуға тиіс» [2, 20], – деп жазып, ғалым «Авеста» кітабы, зороастризм діні, Заратуштра жайлы ой айтқан ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасайды.

Парсы әдебиетінің үлгі-нұсқалары түркі халықтарының әдебиетіне мұсылман дінін қабылдағаннан кейін енгендігін, Фирдоусидың «Шахнама» дастанының басты қаһарманы Рүстем ерлігінің даңқы басқа халықтар сияқты қазақтың отаншылдық рухына әсер етіп, батырлық жырларына жаңа сипат дарытқанығын ғалымның тілге тиек етуі – қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиетпен байланысы ертеден өзек тартқан дәстүр екендігін аңғарту. Әдебиетіміздің тарихи бастауын түптен тартқан Т. Кәкішұлы «Иран – Тұран әдебиеттерінің байланысы» мақаласының соңында: «Көне Иран ескерткіштері, әсіресе зороастра заманындағы мыңжылдықта жасалған рухани байлықтар мен кейінгі Манихей апсаналарын, Сасанидтер дәуірлеген тұстағы пехлеви әдеби жұрнақтарын тұрандықтардың тарихи-мәдени мұраларымен байланыстыра зерттеу арқылы көп шындықтарды ашу керек. Ол үшін талай ізденістер жасайтын ғылыми топ болса да артық емес» [2,25], – деп түйіндеп, болашаққа ниет артады.

Қазақ әдебиетінің тарихын тереңнен тартып, тарихи шындық негіздермен дәлелдей талдап жазған зерттеу еңбектері Тұрсынбек Кәкішұлын ғылымда ірі тұлғаға айналдырды. Әдебиетімізді әлемдік тарихи-мәдени мұрамен байланыс аясында дамып келе жатқан көркемдік дәстүрге бай, тарихи тағдыры мен ұлттық құндылықтарын сақтаған ерекшеліктері бар ұлттық әдебиет екендігін зерттеу еңбектерінде шегелеп айтып, санаға сіңіріп берді.

Әдебиеттер:

1. Әбдиманұлы Ө. Менің ұстаздарым. Эсселер. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 216 бет.
2. Кәкішев Т. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013.Т.4. – 384 бет.

Т.КӘКІШҰЛЫ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚАЗАҚ СЫНИ ОЙ-ШКІРІНІҢ КӨНЕ БАСТАУЛАРЫ

Сын тақырыбы, оның тарихы қай салада болмасын және қашан болмасын өзекті. Өмірде өнер атаулының ешқайсысы сынсыз биіктей алмақ емес. Өйткені өнердің өнер екенін таныған адамзат баласына биік талғам берілген. Әлемдік көркемөнердің озық үлгілері деп танылатын театр, әуез, бейнелеу, сымбат, сәулет өнерлері сын тезінен өту арқылы ғана дамыды. Осы күнде олардың әрқайсысының өзіндік дамыған кәсіби сыны бар. Сол сынның сын болғалы бергі тарихы бар. Осы секілді әдебиеттің сыны да өркендеуі керек. Керек десеңіз? проза, поэзия, драматургияның жеке-жеке сыны қалыптасқан. Өнерді өсіретін сын болса, сынды өсіретін оның тарихы мен теориясы. Тарихы терең емес, ғылымы кемел емес дүниенің ешқайсысы ұзақ ғұмыр кешпеген. Ал, сонау қадым замандардан, күмбезді көне дәуірлерден, ауыз әдебиеті үлгілерінен тартылған тарихы бар болса, жүріп өткен жолы бар болса, үнемі даму процесстерін басынан кешіп, болашағына зор сеніммен қарай алатын қауқары бар болса ол сын еш уақытта тұралап қалмайды. Осыны ең алғаш дәлелдеген Т.Кәкішұлы болды. Қазақ әдебиеті сынының тарихын тұңғыш жүйелеп, өзіндік сара жолын қалыптастырған Т.Кәкішұлының осы тақырыптағы зерттеу еңбектерінің басын қосып, идеялық-көркемдік мән-маңызын ашу, сынтану ғылымындағы орнын анықтау әлі де атқарылар істерге толы.

Ғалымның қажырға толы еңбектеріне ой жүгірткенде халықтық эстетикадан бастау алған әдеби-көркем сынымыз бүгінгі тәуелсіздікке жеткенге дейінгі екі аралықта сан ғасырды көктей өтіп, көркемдік, танымдық, тағылымдық тәжірбиенің үздік үлгісіне қол созғанын аңғарамыз. Бірде шарықтап көркемдік таным биігіне көтерілгенін, бірде саясат ықпалы мен уақыт ыңғайына еріксіз мойынсұнғанын көреміз. Ғалым өзінің ұстаздарының бірі Мұхамеджан Қаратаевтың пікірін тілге тиек етіп: «Қазақ әдебиетінде сынның белгілі орын алуға ұмтылуы тек кеңес өкіметі тұсында, айналасы 10-15 жылдың ішінде. Қазанға дейін бізде сын атауының болмауы тіпті заңды нәрсе» - деп таптық, ойланбадық, ізденбедік. Халық болған жерде өнер бар, оған деген көзқарас, эстетикалық талғам бар», [1, 4] – дей келе зерттеушіге тән қырғылықпен: «Сын жанрының туу, даму жолдарына назар аударсақ, халықтық эстетиканы сыни ойдың бастауы деп танып, халықтың көркемдік түсінік-танымы мен талап-талғамының өресін байқауға болады», [1, 6] – деп дәлелді ой түйеді. Осылайша ұзақ жылдар бойы басы даудан арылмаған, шешімін таппаған, қиюы қиыспаған мәселенің төркінін зор сеніммен әріден «халықтық эстетикадан» тарқатады.

«Сын, сын тарихы, оны дәуірлеу мәселелері қазақ ғалымдары тарапынан біршама қарастырылған. Ол, негізінен, қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуге қатысты айтылған. Алайда бұл салада жүйелі зерттеулер мен өз бағыты айқындалған ізденістер бірден көріне қоймады. Бұл бір жағынан заңды да. Себебі кәсіби сынның қанаты қатайып, қалыптасып, кемелденбей жатып, оның тарихын дәуірлеу мәселесінің көтерілмейтіндігі, көтерілген күнде де нақты шешімін таба алмайтындығы мәлім» [2, 33].

Ғалым Т.Кәкішұлына дейін кәсіби сынның өрісін кеңейтуге үлес қосқан ғалым, жазушалардың қатары аз емес. Атап айтсақ, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, С.Торайғыров, М.Дулатов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Сералин, М.Жұмабаев, М.Жолдыбаев, Е.Бекенов, Ғ.Тоғжанов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайыловтардың т.б. ардақты есімдері сап түзейтіндігі белгілі. Бұлардың әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымына қосқан үлестері мол. Десек те, сол кезеңдегі әдебиеттануға, сынға, сын тарихына қатысты ой- пікірлердің, зертеулердің көпшілігі идеология талап-тілегенін қыспағынан сығымдалып шығып жатты. Сынның тарихына және бүгінгі мәселелеріне қатысты ойлар «Қазақ әдебиеті» газеті жарық көргеннен кейін молайып, ақын-жазушылар, сыншылар арасындағы пікірталасты қыздырып, ой ошағына айналған. С.Мұқанов «қазақ сыны Шоқаннан басталады» деген пікір айтты. Ғ.Мүсірепов сынның үш түрін бөліп көрсетті.

Бұдан кейінгі кезеңдерде де бұл мәселе ұдайы көтеріліп, қазақ әдебиеті сынының тууы, қалыптасуы туралы ғалым-сыншыларымыз әртүрлі пікірлерді ортаға салған. М.Әуезов: «...Ғылыми жетістіктеріміздің бәрі де түгелімен Ұлы Қазан төңкерісінің жемісі», – деп пікір білдірсе, М.Қаратаев: «Қазақ әдебиетінде сынның белгілі орын алуға ұмтылуы тек кеңес өкіметі тұсында, айналасы осы 10-15 жылдың ішінде. Қазанға дейін бізде сын атаулының болмауы тіпті заңды нәрсе», – деген тұжырым жасады. Ғалым Е.Ысмайылов: «Біздегі әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымы тек совет дәуірінің жемісі, бұрын сыншылдық, әдебиетшілік дәстүрі мүлде жоқ, тыннан туып жасалған», – деген пікірлерге жол берді. Бұны ф.ғ.д., профессор Ж.Смағұловша айтқанда: «Көркем өнер, әдебиет идеологиялық құрал ретінде саясаттың қол шоқпарына айналып кеткен сол дәуірде оны зерттеп-зерделейтін әдебиеттану ғылымы да тар шеңбердегі құрсаудан шыға алмағаны да жалған емес. Әдебиеттану ғылымының бір саласы болып саналатын қазақ әдебиеті сынының тарихын ғылыми тұрғыдан қарастырған, оның туу, қалыптасу дәуірлерін жүйелеген еңбектер де бұдан сау қала қойған жоқ. Ұлттық мүддеге сай жазбайын демеді, жаздырмады», [3, 3] – деп түсінуімізге болады.

Алайда 60-жылдардағы «жылымықта» жаңаша толғаулар айтыла бастады. Ғалым Т.Кәкішұлы сынның қайнар көзі ауыз әдебиетінде жатқанын айтқандардың алғашқысы болып, оның қанаттануын Шоқаннан, Ыбырайдан, Абайдан тарқатқан. Бұл қазақ әдеби сын тарихы деген ауқымды салада жасалған алғашқы бөлек, ерек тұжырым еді. Ал жалпыға жақсы белгілі еңбегінің «Оянған ойға кең өріс» тарауында әдебиет сынының қалыптасып, дамуы баспасөз арқылы жүзеге асатынын дәлелдеп көрсетеді. Ғалымның қазақ сын тарихына қатысты алғаш ұсынған «қисынсыз» түйіндері 1971 жылдың өзінде әдеби ортаны дүр сілкіндіріп, алғы буын ағаларға да мойын бұрғызды. Көрнекті әдебиеттанушы ғалым Б.Кенжебаев: «...сынның өркендеу жолын зерттеу әдетте әдебиет тарихы мен қоғамдық ой-сана тарихын шолуды қажет етеді. Мұнсыз сыни ойдың ішкі ағыны ашылмайды. Бұл зерттеушіге ең қауіп-қатер, осы арада, дұрыс жеке таба алмаса әдеби дамудың кезеңдері мен социологиялық мәселелерді әншейін баяндап қана шығар еді. Автор осы ең қатерлі қауіптен аман-есен өтіп, қазақтың сыншылық ойының өркендеуін көзге елестетіп отыр.

...Яғни қазақтың сыншылық ойының 1917 жылға дейін туа бастау мәселелеріне арналған бөлімі еш дау тудырмайды. Рас, мен осы уақытқа дейін сын кеңес заманында ғана туды деп келген авторлардың бірімін. Диссертация авторы көптеген зерттеулердің, солардың ішінде менің де сын жанрының туа бастағанын көрсететін материалдарды елемегенімізді дұрыс атап көрсетті. Мен бұл пікірге қарсы емеспін. Шынында да, біз әдебиет тарихын зерттеген кезде сынның туа бастағанын дәлелдейтін толып жатқан деректерге назар аудармағанымызды мойындауға тиіспіз. Міне осы екі мәселенің өзі-ақ доцент Т.Кәкішұлының қазақ әдебиеттану ғылымы үшін зор да құнды еңбек жасағанын көрсетеді» [4, 115], – деп ағынан жарыла пікір білдірген.

«Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығының, «Сын сапары» монографиясының беташар тарауы әдеби сынның алғашқы бастауларына арналған. Қазақтың батыр-ғалымы Мәлік Ғабдуллин Т.Кәкішұлы 1971 жылы докторлық диссертациясын қорғағанда, кейін қазақ әдебиеті сынының тууы хақындағы «Сын сапары» монографиясын шығарған соң: «Менің көзім мынаған анық жетті. Жұмыстың бірінші бөлімі – ғылымға қосылған зор үлес, соны жаңалық. Автор нақты да бай деректерге сүйене отырып қазақ әдебиеті сынының туу шағын тарихи сорапта мықтап дәлелдеген», [5, 75] – деп пікір білдірген екен.

Сайқын даланың төсін емген көшпелі халықтың рухани азығы, жадында тудырып, жадында сақтаған ауыз әдебиетінің озық үлгілерінде елдік пен ерлікті салыстыру, әсемдік пен сұлулықты ұлықтау, әділдік пен имандылықты ардақтау, өнер мен өнегені дәріптеумен қатар жалғандық пен жамандықтан жирену, зорлық пен зомбылықтан қашу, ажарсыздық пен көріксіздікті мінеу секілді жұрттың көркемдік ақыл-ойын жетілдіруге арналған, адамгершілікке баулыған тәрбие, бір жағынан эстетикалық талап-талғамның элементтері жатыр. «Сынның негізгі мақсаттарының бірі – ажарсыз бен келіссізді мінеу емес, ең алдымен адамның жан дүниесін, талап-талғамын әсемдік пен сұлулыққа, ізгілікке тәрбиелеу», [6, 16] – дейді Т.Кәкішұлы. Ендеше, тәрбиелеу мен дұрысқа, жөнге қарай жол сілтеу сынның негізгі

мақсаттарының бірі болса, бұл мақсат – ауыз әдебиеті үлгілерінің ең негізгі өзегі. Олардың барлығы дерлік бесік жырынан бастап бала тәрбиесіне, тұтас халықтың тәрбиесіне, ой-қиялын ұштауға арналған рухани азық.

Ғалым Т.Кәкішұлы ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінен 1) ертегіні, 2) мақал- мәтелдерді, 3) халық әндерін, 4) тұрмыс-салт жырларын, 5) ақындар айтысын, 6) лирикалық толғауларды, 7) шешендік сөздерді атап өтеді. Соның ішінде XV ғ. жатқызылатын «Қыз Жібек пен Төлеген» лиро-эпостық жырын, XV-XVI ғасырларға жатқызылатын «Қобыланды батыр» жырын ерекше назарға алған. Ондағы «Тайбурылдың шабысы» деп танылған әйгілі жолдарға назар аударып, сыни элементтерді тереді. Осылай көне жырлардан, ақындар айтысынан 35-ке жуық мысал келтіре отырып, 37 тарихи есімді атайды.

Т.Кәкішұлы сынның алғашқы арналарын ұлттық өнеріміз, қадым замандардан бері қарыштап дамып келе жатқан «айтыс» өнерінен де көптеп іздестіреді. «Халықтық эстетиканың мәнді принциптері ақындар айтысынан, айшықты сын пікірлерінен анық байқалып отырады», – дейді [6, 19]. Жамбыл мен Құлмағамбет, Біржан мен Сара, Әсет пен Ырысжан айтыстарын талдау нысанына алады. «Ақындар айтысы – өнер жарысы, сөз сайысы. Ол халықтық эстетиканың ең мәнді де құнарлы принциптерін белгілейді», [1, 16] – дейді ғалым. Әлеуметке, өмірге, өлеңге, сөзге, қарсыласына деген сынды қара қазандай қайнатқан белгілі айтыскер ақындар Үмбетәлі, Нұрила, Ақан, Орынбай, Шортанбай шығармашылығы эстетикалық тұрғыдан қаралады.

Ғалым лирикалық толғауларды, шешендік сөздерді және «Халықтың эстетикалық танымы мен сыншылдық ой-пікірі ауыз әдебиетінің қай саласынан болса да кездесетіні туралы сөз болғанда, бірер жайға назар аударған жөн» [1, 17], – деп, қазақтың қанына сіңген жүйрік атты шаппай, қыран құсты ұшпай танитын шешендік сынның алуан түрі атбегілік, құсбегілік, аңшылық сынды да ұмыт қалдырмаған.

Т.Кәкішұлы әдеби сынның алғашқы бастау арналарын осыдан, ауыз әдебиетінен іздестіреді. «Басқа халықтар секілді қазақ елі де көне заманнан бері сұлулық пен әсемдікті айрықша ардақтай білген. Оны сөз өнерімен қастерлеген», – дейді [1, 19]. «Сын сапары» (1971) монографиясы «Қазақ әдебиет сынының тууы хақында» деп беріліп, тұтастай осы сынның тууы мен қалыптасуын зерттеуге арналған.

«Сын сапары» монографиясы «Қазақ әдебиет сынының тууы хақында» деп беріліп, бағзы заманнан Абайға дейінгі дәуірді қамтығанмен, аталмыш еңбекте түркі ескерткіштері, ортағасырлық жазбалар, мұсылмандық дәуірдегі классикалық еңбектер, Алтын Орда тұсындағы ғұламалар, Қазақ хандығы уақытындағы төл әдебиетіміздің өкілдері жыраулар туралы жазылмаған еді. Бұған, бәлкім, 1960-1970 жылдардағы дінге қатысты идеологиялық-саяси қысымның, Жанғара Дәдебаевша айтқанда: «Кеңес үкіметінің орнауы мен қалыптасу жылдары әдеби сын идеологиялық қару қызметін атқарғаны белгілі. Сондықтан сыншы мен сын, шығарма мен жазушы, әдебиет пен өмір, қоғам мен қоғамдық сана арасындағы қатынастардың қиын қалтарыстары сыншы үшін де, жазушы үшін де қауіпсіз, қатерсіз емес еді. Мұндай күрделі, қайшылықты мәселелер туралы университет аудиториясында лекция оқу, зерттеу жұмыстарын жүргізу 1960-1970 жылдары да оңай болмағаны даусыз», [7, 9] – дегеніндей идеология, саясат қысымы, қадағалауы бөгет жасағаны, әсер етпей қоймағаны деп топшылауға болады. Бірақ қайсар ғалымның «Сын сапары» (1971) еңбегінен 23 жылдан кейін пісіп, толысқан күйде жарық көрген «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығында бұл олқылықтың орны толтырылды. Онда жоғарыда аталған ортағасырлық әдебиетке, жыраулар поэзиясына, ондағы сыни көзқарасқа арналып арнайы тақырып берілген. Ал бұл кезеңнің көркем әдебиеті қазақ сынының қайнар бастаулары емес дей алмаймыз.

Сын үлгілерінің қатпар-қатпар сілемдері молынан ұшырасатын бұл тарихи кезеңдер Т.Кәкішұлы зерттеуінде жинақы түрде нақты жүйеленген. Тұтас дәуірдегі сыни көзқарасты толықтай зерттеу сын тарихының мақсатын ауырлатып, сын тарихын жүйелеп шығу емес, кезеңді тұтастай зерттеген еңбекке айналар еді. Ортағасырлық әдебиет секілді маңызды әрі бай кезеңдегі сыни көзқарастың жандануы көреген ғалымның көз сүзгісі мен ой елегінде иленіп, ең сүбелі, кесек суреттерімен ерекшеленіп шыққан. Ғалымның: «Қазақ әдебиет

сынының арғы көздерін ашып, кәусәр ой, толымды пікір айтып кеткендерін азды-көпті үзінділермен-ақ дәлелдеуге болады. Ол үшін V-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары негізінде құрастырылған «Сөз атасы» жинағына ойлана көз жіберудің өзі-ақ жеткілікті» [1, 32] – деуі осыдан. Есте жоқ ескі дәуір болса да қала мәдениеті дамыған, әдебиет пен өнер шарықтаған уақыттарда сыни көзқарас болмады деу қиын. Керісінше бұл уақыт әдебиеттің өнер мен ғылым ретінде қарыштап дами түскен уақыты. Ғалым бұл кезеңдерді жинастыра келіп, ондағы эстетикалық-сыни көзқарас туралы нақты оймен: «Бағзы замандардан өнер мен талғам қатар жүрген. Талғам тек тамсанудан, қоштаудан ғана тумайды. Жақсы мен жаманның, ізгілік пен зұлымдықтың, сұлулық пен ажарсыздықтың ара жігін ажырататын таным-білік, парасат, түсінік әрқашан әділдік туын тіккен. Бұл процесс халықтық эстетикада ғана емес, көне замандағы түркі ескерткіштерінде, ортағасырлық жазбаларда, Қараханид, Алтын Орда замандарындағы, Қазақ Хандығы тұсындағы жыраулардың, шешен-билердің туындыларында, мемлекет қайраткерлері мен ғұламалардың тарихи зерттеулерінде, жарғыларында кездеседі», [1, 18] – деп түйіндейді және сын тарихын тереңге бойлату үшін ғана емес, сыни элементтердің расында шашылып жатқан мол қорын көргені үшін де: «Қазақстанның кең өлкесін жайлаған тайпалардан қалған ескерткіштер ежелгі мәдениет үшін де, оның әр қилы салалары үшін де айрықша құнды. Сондықтан қазақ әдебиет сынының қайнар көзі, мәнді бір арнасы ретінде сонау көне заман ескерткіштерінен бастау алғаны жөн» [1,19], – деп заманына қайшы, алайда қуатты тұжырым жасайды.

Ғалым «Көне дәуірдегі сүбелі ойлар» деген атаумен өз алдына бөлек отау тігіп, мән бере қарастырған бұл тарихи кезеңнің басында ертедегі «Орхон» ескерткіштері тұр. Одан бөлек 30-дан астам тарихи есімді атайды, олардың 20-ға жуық танымал еңбегінен 80-ге жуық мысал келтіре отырып, өз сөзін 15-ке жуық ғалымның пікірлерімен дәлелдей түседі.

Ғалым Ислам өркениеті заманында өмір сүрген, әлемге мәшһүр ғұламалар ішінен алғашқы болып әл-Фарабиді атады. Оның эстетикалық таным тұрғысынан құнды 15-ке жуық еңбегін санамалай келіп: «Аристотельге қанша сыйынып отырғанмен, әл-Фараби риторика мен поэтика жайындағы ойларын таза эстетикалық тұрғыдан: «Сәннің кілті – сәйкестікте, сәйкестік жоқ жерде сұлулық аз», «Сұлулық сүйсіндірсе, ұсқынсыздық жиіркентеді» деп табады да, осының ішкі заңдылықтарына үңіледі», [1, 20] – деп, мәнді ойларға табан тірейді.

Осы секілді сын тарихын жүйелеуде, ертедегі түркі жұрағаты әдебиетінің сыни көзқарастағы салмағын саралауда таптырмас олжа болып табылатын М.Қашқаридың сөз-лұғаттар мен тарихи құжаттарды жинастырған «Диуани лұғат-ат-түрік», А.Ясауидың тақуалықтың шыңында жазған «Диуани хикмет», А.Жүйнекидің дидактикалық сарында жазылған «Ақиқат сыйы» еңбектерін шолып өтеді.

«Бір мәселеге назар аударғанымыз жөн» – дейді ғалым Т.Кәкішұлы. Ол мәселе өткен ғасырдың 70-90 жылдарға дейін «Абайға дейінгі көркем дүниеміздің бәрі ауыз әдебиеті – фольклор» деп келген қасаң қағида, «парасатымыздың өрлеу бағытын адастырып, жәреуке күйге» түсірген көзқарас. Бұл көзқарасты, яғни «қазақ әдебиеті Бұқарға дейін болған жоқ» деп келген жалған тұжырымды Б.Кенжебаев бастаған ұлттық әдебиеттанудың тарихи мектебінің түлектері Х.Сүйіншіәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, А.Қыраубаевалар тас-талқан еткенімен, тиянақты шешімін таба қойған жоқ дейді ғалым.

Ғалымның түйінді дәлелдері, салмақты ойлары, жүйелі тұтас зерттеулері ғылыми ортаны еріксіз мойындатты. Азуын айға білеген аға буын тәжді ғалымдар оның талантына тамсанды. Зерттеуге келгенде дерексіз бір адым баспайтын және өзі бас болып мұрағаттағы сирек жәдігерлермен жұмыс істеудің үлкен мектебін қалыптастырған Т.Кәкішұлы сын тарихына арналған еңбектерінде нағыз құнарлы деректерді сөйлетеді. Тарихи деректер, сирек құжаттар, алыптардың өз туындылары бұлтартпас дәлел ретінде ұсынылып отырғандықтан оқырманда ешқандай күдік қалмайды. Автордың әлемдік эстетикалық-көркемдік деңгейімен терезесі тең тұратын түркілік әдебиеттің оның әдеби сынының болғандығын бағамдауы халқымыздың өткен ғасырларда жасаған рухани құндылықтарының тағы бір жаңа қырларын жарқыратып көрсетуге жол ашты. Түркі халықтарының әлемді мойындатқан озық өркениеті, өнері мен мәдениетіндегі осындай құнарлы белестерді кезең-кезеңімен жүйелей отырып:

«Әдебиетте сын жанры жазба әдебиетпен үзеңгілес туып, көркемдік сахнасына шығады. Әр халықтың мәдениеті мен әдебиет тарихына көз салсақ сын жанрының тууы көбінесе құнды көркем шығармалардың ірі таланттардың дүниеге келуімен сабақтас, тіпті қанаттас болғандығын көреміз», – деп пікір білдірді. Қырық бес жылдай Қазақстан жоғары оқу орындарының әдебиет сынының тарихына арналған бірден-бір оқулық, бүгінге дейін құнын төмендетпеген жалғыз еңбек «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» жарық көрген күннен бастап бүгінге дейін студенттердің қолынан түскен емес. Ғалым осы еңбегі арқылы қазақ әдеби сынының бастау көздерін тапты, туу, қалыптасу заңдылықтарын ашты, даму жолдарын анықтады. Анықтағанда құр қарабайыр зерттеу жасаған жоқ, сөздің дәмін алып жазды, ойдың башпайын шағып жазды.

Әдебиеттер:

1. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448б.
2. Жүсіпова А. Қазақ әдебиеті сынының тарихын жасау мәселелері және Т.Кәкішұлының ғылыми ізденістері: филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация. – Алматы, 2015. – 165 бет.
3. Такиров С.У. Әдеби сын белестері. – Алматы: Эверо, 2014. – 152 б.
4. Жүсіпова А. Әдеби сын тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 156 б.
5. Елеуқенов Ш. Сын және сыншы немесе сынтану ғылымы туралы
6. толғанис. // Ақиқат, 1998. № 4. – 170 б.
7. Кәкішев Т. Сын сапары. – Алматы: Жазушы, 1971. – 174 б.
8. Т.Кәкішұлы және қазақ әдебиетінің тарихы мен сынын зерттеудің өзекті мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 158 б.

Сәкен ТІЛЕУБАЕВ,

*филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
аға оқытушысы*

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ӨНЕГЕСІ

Өткен ХХ ғасырдың сексенінші жылдарының бас кезінде сол кездегі ең маңдай алды жоғарғы оқу орны ҚазМУ-дың студенті атану бақытына ие болдық. Кеңес әскерінің қатарында болып, одан кейін ауылымызда бірер жыл қара жұмыс істеп келіп оқуға зарығыңқырап барып түскендіктен болар сабақтан қалмаймыз. Ұстаздарымыздың аузынан шыққан әрбір сөзін қалт жібермеуге тырысамыз. Сабақтан кейін ол кездегі Пушкин атындағы, қазіргі Ұлттық кітапханаға барып дайдалатын едік. Бізге қазақ әдебиетінен көрнекті әдебиетші ғалымдар: З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Р.Бердібаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Нұрғалиев, С.Ордалиев, С.Садырбаев, А.Қыраубаева, Ш.Ибраев, Ж.Дәдебаев, З.Бейсенғалиев, Қ.Алпысбаев секілді ұстаздарымыз сабақ берді. Осындай ұлы ұстаздардың өнегесін көріп, тәлім-тәрбиесін алдық.

Уақыт зырлап өтіп жатты. Дүниені дүр сілкілтіп әйгілі 1986-ның желтоқсаны өтті. Деканымыз – Тұрсынбек Кәкішев ағайымыз. Кеңестік алып империяның ұйытқыта соққан қара дауылына қаймықпай қарсы тұрып, шәкірттеріне қорған бола білді. Ұлтжандылықтың, азаматтықтың, ұрпағына араша түсе білудің жарқын үлгісін көрсетті. Күнде бір бітпейтін неше түрлі партия, кеңес шенеуніктері қатысқан жиналыстарда табандылық таныта білді. Біз бұған дейін ағайды ұстаз, ғалым ретінде жақсы көрсек, енді азаматтығына тәнті болып, ағайға деген құрметіміз арта түсті. Сәкентанудағы қайсарлық пен күрескерліктің, адалдықтың қайдан шығып жатқанын сезінгендей болдық. Ағайдың бір қасиеті филология факультетіндегі студенттердің бәрін дерлік атымен атайтын. Оған бәріміз қайран қалушы едік. Студенттік өмірде қыз ғұмыр секілді тез өте шығады ғой. Көзді ашып-жұмғанша 1989 жылдың жазы да келді. Диплом қорғап, жан-жаққа жолдамамен кете бастадық. Біз жолдасым Гүлшат екеуіміз бастапқыда Ақтөбенің пединститутына бөлінген болатынбыз. Белгісіз бір себептермен біреуіміздің орнымызды алып қойды. Салымыз суға кетіп не істерімізді білмей факультеттің

оқу ғимаратының дәлізінде келе жатқанбыз. Мен өзімше жолдасымды жұбатқан болып: «Гүлеке, көп болса елге қазақ мектебі болмаса да, орыс не ұйғыр мектебіне мұғалім болып орналасамыз», – деп. Сөйтіп келе жатқанда алдымыздан Тұрсынбек ағай кездесті. Тұрсынбек ағай өзіне тән мінезімен хал-жағдайымызды сұрады. Мен бар әңгімені ағайға айтып бердім. Мәселенің мән-жайына қаныққан соң ағай аз-кем ойланып тұрды да былай деді: «Сәкен, әкешенің қаншада, сенен басқа ержеткен балалары бар ма?» Мен әке-шешемнің орта жаста екенін, менен кейін ересек іні-қарындастарымның бар екенін айттым. Ағай тыңдап болды да былай деді: «Сендер орыс, ұйғыр мектебі дегенді қайтесіңдер. Ауылға барған соң ғылымнан алыстап қаласыңдар. Екеуің де жақсы оқып бітірдіңдер. Одан да Көкшетауға барсаңдар қайтеді. Сол пединституттың қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Жағыпар Мусин деген ағаларың осында жүр. Келіссендер, қазір жолықтырып, сендерді табыстайын» деді. «Ректорын да танимын, оған да ескертіп айтармын. Уайымдамаңдар бәрі де жақсы болады» деп бізді мәз қылып қойды. Біз қуана келістік. Жағыпар ағай бізге «тағы екі оқытушы керек, курстастарыңнан сұрандар, кім барады» деді. Бізбен бірге Жалғабаева Гаухар мен Жүмекенова Ләйла деген қыздарымыз баратын болды. Сөйтіп, Тұрсынбек ағайдың жөн сілтеуімен төртеуіміз киелі Көкшетау жеріне жол тарттық. Ұстазымыздың қамқорлығын Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау пединститутында (қазір Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті) қызмет істеген жылдары да сезініп жүрдік. Ағайдың Көкшетау жеріндегі абырой-беделін, жергілікті зиялы қауымның ыстық-ықыласын көзімізбен көріп тәнті болдық. Кеудемізді қуаныш кернеп осындай ұлы адамның шәкірті болғанымызды мақтан тұттық. Ағайымыз үшін шын көңілден риясыз қуандық.

Данышпан Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегені біздің Тұрсынбек ағайымызға арнап айтылғандай көрінеді. Шәкірттеріне деген ыстық ықыласы мен қамқорлығын ағай Көкшетауға келген сайын көріп жүрдік. Ректорымыз орыс әдебиетінің маманы, ғылым докторы, профессор, бір аяғын сылтып басатын Евгений Иванович Боярский деген қарапайым кісі еді. Тұрсынбек ағайды қатты құрметтейтіні көрініп тұратын. Ағай кездесу немесе конференцияға келе қалса, залға кірген бойда бізді іздейтін. Біз залдың соңғы қатарына таман отырсақ, ағай «алдына таман отырыңдаршы» деп шақырып алады. Кейде ректорымызға қалжыңдап: «Әй, Женя, менің балаларым неғып артта отыр, шеттетіп жүрген жоқсыңдар ма? Ты, смотри у меня», – деп дөңайбат жасап, сөзінің соңын қалжыңға сүйеп орысшалап қояды. Оған ана кісі шыр-пыр болып: «Тұрсеке, о не дегеніңіз, барлық жағдайларын жасадық. Сенбесеңіз өздерінен сұраңыз. Ну, Сакен скажите сами», – деп ақталып жатқаны. Оған біз қысыламыз. Бірақ іштей білдей бір институттың ректорын ағайымыздың састырғанына мәз болып тұрамыз. Араларындағы сыйластық пен әріптестік ізеттеріне тәнті боламыз. Сонда Тұрсынбек ағайдың ана кісілерді мысы басатынын, өзін мойындаттыра алғанын байқадық. Ағай Көкшетауға келген сайын жай адам жанынан өтуге сескенетін, көрнекті қаламгер көкшелік жазушы, сол кездегі «Көкшетау правдасы» деп аталатын облыстық газеттің бас редакторы, атағынан ат үркетін Жанайдар Мусиннің өзі күтіп алатын. Осының өзі-ақ ұстазымыздың Көкшетау өңіріндегі абырой-беделін асқақтатып тұратын.

Көкшетаулық талантты інілері бірі ғалым, бірі ақын Аманжол Ысмағұлов пен Баянғали Әлімжановты ерекше жақсы көріп еркелететін. Аманжол ағамыздың үйіндегі Зоя жеңгеміздің берекелі дастарқанында көкшеліктерге ғана тән дәстүрмен асылған астау толы етті әдемілеп, рет-ретімен турап, қазы-қарта, жал-жаямен безендіруді де алғаш Тұрсынбек ағайдан үйрендік. Ағайдың ет турасының өзі бір этнографиялық этюд болатын. Әдебиетпен қатар осындай өмірлік мәні бар тұрмыстық дүниелерді де ұлы ұстаз өзіне тән шеберлікпен біздің санамызға сіңіре білді. Қасиетті Арқа мен көрікті Көкшенің сұлу табиғатына тән бар асыл қасиеттерді бойына жиған аяулы да ардақты ұлын елінің алақанына салып ардақтауы тегінен-тегін болмаса керек. Өзіміз куә болған тағы бір жайды айта кетуді жөн көрдік. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының бас кезінде көкшетаулық әріптес ағамыз Аманжол Ысмағұлов Тұрсынбек ағайдың жетекшілігімен ҚазҰУ-дың филология факультетінің диссертациялық кеңесінде кандидаттық жұмысын қорғады. Жұмыстың тақырыбы, жаңылмасам, Жақан Сыздықовтың шығармашылығына байланысты болатын. Ғылыми кеңестің төрағасы біздің

сүйікті ұстаздарымыздың бірі, көрнекті ғалым –Зейнолла Қабдолов ағай. Міне, осы бір диссертант үшін өте бір қиын да жауапты сәтте Тұрсынбек ағай өзінің сақайыңқырап қалған іні шәкірті Аманжол ағамызды қалай қолдап, қорғағанын көзіміз көрді. Ол кезде Алматы астана болатын, сонда ағайдың астанадан алыста, орысы мол өңірде қазақ әдебиеті мен руханиятының жоқшысы болып, шетте жүрсе де, ғылымнан қол үзбей, ізденіп жүрген жазуға бейімі бар Аманжол ағай секілді азаматтарды қолтығынан демеп, ғылым көшіне ілестіріп әкетудің сол өңірдегі қазақ әдебиетін өркендетуде қаншалықты маңызды екендігі туралы айтқанына риза болдық. Ұстазымыздың әріден ойлайтын көрегендінің куәсіндей болған Аманжол ағамыз бұл күнде Көкшенің көзі тірі шежіресі секілді. Елу жылдан астам Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде ұстаздық етіп, жүздеген шәкірт тәрбиелеп, бүгінде сексеннің сегізінше шықса да, әлі қаламы қолынан түскен жоқ. Тұрсынбек ағай жалғыз Аманжол ағай емес, Көкше өңірінің талантты ғалымдары өзіміз әріптес ретінде бірге қызмет істеген Жағыпар Мусин, Оғаз Арыстанғалиев, Нарбай Ибраев секілді ағаларымызбен де сыйластық қарым-қатынаста болып, ағалық қамқорлығын аямағанын көзіміз көрді. Факультет, кафедра өміріне немесе қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты кейбір күрделі мәселеге ректорат тарапы оң қабақ танытпай жатса, Тұрсынбек ағайдың абырой -беделімен күрмеуі қиын дүниелер оп-оңай шешімін табатын. Бірде Көкшетаудан Алматыға келдім. Ауылыма бармай тұрып, студенттік кезден бірге келе жатқан жан досым университетте сабақ беретін Жолдасқа жолыға кетейін деп қара шаңырақ ҚазҰУ-ға қарай жол тарттым. Келген бойда бір керемет қызық сәттің үстінен түстім. Тұрсынбек ағай Францияға іссапарға барып келіп, соның әсерімен бөлісіп, әріптестеріне әкелген кәде сыйларын таратып жатыр екен. Амандасып, сәл именіңкіреп шеттеу тұрған маған бері жақында саған да беретін сыйлығым бар деп бір әдемі автоқалам ұстатты. Ұстаздың мейірім шапағаты мен шәкіртіне деген ілтипаты деген осы болса керек.

Өмір көші бір орында тұрмайтыны белгілі. 1997 жылы отбасылық жағдайға байланысты Алматыға қоныс аударуға тура келді. Бірталай жыл қызмет істеген университетпен, бауыр басып қалған көрікті Көкше жерімен, туғандарымдай болып кеткен кафедра ұжымымен қимай қоштасып жолға шықтым. Бар сеніп келе жатқаным жан досым Жолдас, одан қалды ұстаздарым, ғылыми жетекшім Жанғара ағай. Бірақ ҚазҰУ-ға орналасудың сәті түспеді. Содан ҚР ПМ Алматы академиясының тілдер кафедрасына оқытушы болып орналастым. ҚазҰУ-да әскери кафедрада оқығандығымның пайдасы тиіп, пагон киіп, қып-қызыл полицей болып шыға келдім. Қазақ тілінен сабақ беремін, ептеп әскери ортаға үйреніп қалдым. Бір күні бастығыма заңгерлердің сөйлеу мәдениеті, шешендік өнер деген сабақтарды таңдау компоненті бойынша енгізбесек, әдебиеттен қол үзіп қалатын болдым деген ойымды айттым. Кафедра бастығы (әскери оқу орнында меңгеруші демейді) Жақыпақынова Сәуле апай полковник, ғылым кандидаты, қаталдау кісі еді қарсы болған жоқ. «Бірақ өзіміз өткізе алмаймыз. Бізді қолдайтын сырттан елге танымал бір тілші, бір әдебиетшіні шақырайық, кездесу өткізейік, мен академия бастығын кездесуге ертіп келуді мойныма алайын, сен кімді шақырамыз, ойлан» деді. Мен бірден Тұрсынбек ағай мен Фаузия апайды ұсындым. Екеуі де алыс, жақын шетелге танымал әдебиет пен тілдің үлкен тұлғалары, ғылым докторлары, профессорлар басқа да атақ дәрежелері жетіп-артылады. Кездесу күні Академияның клубында ине шаншар орын болған жоқ. Әскери адамдар үшін бірінші басшының өзі қатысатын, әрі атағы алты алашқа мәлім ғалымдар келетін шараның маңыздылығы айтпаса да түсінікті. Сол кездегі Академия бастығы полиция полковнигі Қазбек Мусин ағамыз кіріспе сөзбен кездесуді ашып, алғашқы сөз кезегін Тұрсынбек ағайға берді. Ұстазымыздың өзі айтатын Сәкеннің ақсұңқарындай саңқылдаған үні, Алматының ақ жаңбырындай төгілген сөзі, көктемнің шуағындай нұрланған жүзі әп-сәтте залда отырған қалың полицейді баурап алғанын көрдік. Күнделікті қатал тәртіп, қатаң ережеге дағдыланған офицерлер мен курсанттар Тұрсынбек ағайдан көз алмай, әдебиет деген сиқырлы әлемге еніп бара жатты. Әдебиеттің тәрбиелік мәні, шешендік өнер, билер сөзі, қазақтың әдет-ғұрып заңдарындағы сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнердің мәні мен маңызы туралы кеңінен толғады. Міне, айта білудің, көздеген жерге дөп тигізген шешендік мергендіктің үлгісі

осындай-ақ болар. Регламенттегі жиырма минуттың орнына ағайымыз бір сағат сөйледі. Тершіген маңдайын қол орамалымен сүртіп, төрде отырған Фаузия апай мен Қазбек Тауфиқұлына қарап, сәл күлімсіреп: «Қазбек, осы мен ұзақ сөйледім білем, ендігі сөзді Фаузия әріптесіме берейік», – деді. Қазбек Тауфиқұлы Фаузия апайды барлық регалиімен этикет бойынша таныстырып, сөз кезегін берді. Апай да мемлекеттік тілдің мемлекеттік қызметтегі рөлі, қоғамдағы орны туралы мәнді де мағыналы түрде баяндап берді. Ағайымыз бен апай залдан қойылған сұрақтарға ретімен жауап қайтарды. Кафедра бастығы Сәуле апай риза, «бала, сұрағымыз оңынан шешіліп қалар, қонақтарымыз академия бастығының кеуілін тіл мен әдебиетке бұрған секілді, деді. Кездесу соңынан қонақтарға арнап академия бастығы дастарқан жайды. Тәртіп бойынша ондай жерге бізге баруға болмайды. Бірақ өз тәртібімен жүретін Тұрсынбек ағай мені ол жерге де шақыртып алды. Дастарқан басында Тұрсынбек ағай мен Қазбек Тауфиқұлы әңгімелері жарасып, бір-бірін бұрыннан білетін ескі таныстардай әзілдесіп, әңгімелесіп отырды. Дәмнен кейін қоштасарда Тұрсынбек ағай бастықтың қолын алып тұрып: «Әй, Қазбек, бәрің полковниксіңдер, менің балам неғып әлі майор», – деді. Менің демім бітіп, жүрегім тоқтап қала жаздады, біткен жерім осы енді шешендік өнер тұрмақ, жұмыстан қуатын шығар деп ойладым. Жайлап бастыққа қарасам, Қазбек Тауфиқұлы ағайды қолтығынан демеп, күліп қойды да: «Тұрсеке, уайымдамаңыз, жасаймыз. Балаңыз жаман емес», – деді. Сонда барып уһ деп жүрегім орнына түсті. Академия бастығы қазақтың талантты заңгер, ұлтжанды азаматы Қазбек Тауфиқұлы біздің қос ұстазымызды жеткізіп салуға өз көлігін бөліп, өзі көлікке дейін шығарып салды. Бұның бәрін тәптіштеп жазып отырғанымыз – ұлы ұстазымыз Тұрсынбек Кәкішевтің кез келген ортаны өзіне қаратып баурай алатын шешендігі, айбарлылығы мен өткірлігін айтқымыз келгені. Құқық қорғау жүйесі секілді сұсты, қатаң жүйенің адамдарын да баурай білетін бауырмалдығын байқағанымызды білдіру еді. Ағай өзіне ұнаған, өзі ұнатқан адамдар үшін қолынан келген көмегін аямайтын. Сол кездесуден кейін заңгерлердің сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер деген пән енгізілді. Ұстазымыздың арқасында әдебиет дейтін киелі әлеммен қайта қауыштық. Әдебиеттен қол үзбей ғылыми жұмысымызды жалғастыруға мүмкіндік алдық. Міне, біз білетін дәрісін тыңдаған, тәлім-тәрбиесін алған, өнегесін үйренген, қамқорлығын көрген ұлы ұстазымыз Тұрсынбек Кәкішев ағай осындай адам еді.

Өкінішке орай, қадірлі де құрметті ұстазымыз бұл күнде арамызда жоқ. Ағай дүниеден өткенде Көкшетаудан арнайы келген іні шәкірті Аманжол Есмағұлұлы, ақын інісі Баянғали Әлімжанов аға – бәріміз өзі қызмет еткен ҚазҰУ-дағы қоштасу рәсіміне қатыстық, Кеңсайдағы мәңгілік мекеніне, қара жер қойнына қаралы қалың қауыммен бірге қимай тапсырыстық. Мыңдаған шәкірттерінің жүрегіне білім нәрін сепкен, бойларына адамгершіліктің, имандылықтың, табандылықтың, адалдықтың дәнін еккен алаштың арда ұлының жаны жаннатта, рухы пейіштің төрінде шалқысын. Біз сізді ұмытпаймыз, ағай!

Амангелді МАМЫТ,
*филология ғылымдарының кандидаты,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің доценті*

Т.КӘКШҰЛЫ ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ИГЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кеңес үкіметі тұсында ауыз әдебиеті туындыларының қызыл империялық қырағы сұрыптаудан өткен жекелеген нұсқалары ғана жарияланып келгені жасырын емес. Осының салдарынан бірнеше буын өкілдері халықтық рухани мұралардан толыққанды сусындай алмады.

Фольклор – ұлтымыздың ғасырлар бойы жаратқан көркемдік қазынасы, халықтың дүниетанымы, эстетикалық ұстанымы, наным-сенімі. Ал көзі қарақты оқырманды одан ажырату мәңгүрттікке алып барар төте жол екені даусыз.

«Кеңес заманының әр кезеңінде әр қилы ой-пікір туғызуға себепкер болған әдеби мұраны игерудің 20-жылдары тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, идеялық тұрғыдан да ерекше назар аударуды талап етті. Өйткені қоғам қирап, оның идеялық қондырғылары талқандалып жатқанда, жаңа заман өзінің бар сонылығымен орнай бастаған кезде мәдени-әдеби мұраны айрықша білгірлікпен пайдалану қажет екені өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан бұрынғы дәуірден қалғандары қирата талқандап, жаңа пролетарлық мәдениет орнатамыз деген әсіре қызыл қисын да не болмаса ескінің көзі еді, алтынымыздан айырылып қалмайық деген қам көңілдер де болды. Мұндай көңіл-ауан қазақ зиялылары арасында талай айтыс-тартысты туғызғаны тарихқа мәлім» [1.370], – деген көрнекті ғалым Т.Кәкішұлының ой оралымында қоғам шындығымен қатар өрілген ғылыми байлам бар. Кеңес дәуірінің 20-30 жылдары, әсіресе ауыз әдебиеті мұраларын игеруге байланысты кереғар пікірлер көп болды. Таптық, партиялықпен қоса жалаң қисынды халықтық дейтін ұғымдар фольклорлық мұраларды сүзгіден өткізудің тұрпайы елегіне айналды. Дәстүрлі рухани мұрамыз ресми идеологияның шылбырына мықтап байланды.

Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңінде осылай сыр бере бастаған кесапатты кеселге шалдықпаған, ұлт болашағын қаузаған пікірлер де болды. Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы еңбектеріндегі халықтық шығармалардың зерделенуі ойлы адамға осыны ұқтырады.

Ә.Бөкейханов өзі хатқа түсірген «Ер Тарғын» жырының Марабай нұсқасы мен қарасөз түріндегі нұсқасын жинап бастырумен бірге «Бекет батыр», «Қобыланды батыр», «Едіге» жырлары туралы арнайы пікір айтқан. Осы жырлардағы тарихи оқиғалардың іздері, көркемдік бітімі ғылыми қорытындыланған [2].

Ауыз әдебиетін жинау, зерттеу саласына А.Байтұрсынұлы есімінің де қатысы бар. Оның «Ер Сайын» эпосын жарыққа шығарып, батырлық жырлардың жанрлық белгілері мен халықтың жыр тудырудағы рухы жөніндегі толғамы өз кезіндегі ғылыми ізденістің елеулі жаңалығы еді [3]. Х.Досмұхамедұлының да ауыз әдебиеті мұраларын игеруге қосқан үлесі қомақты [4]. Әрине, кеңестік идеологиясының қырағы солдаттары мұндай игі істерге тойтарыс беруді өздерінің партиялық парызы санаған. 1928 жылғы «Жыл құсы» альманағының екінші санында жарияланған рецензияда: «Е, ескі заманда не айтпаған деп жеңілге сайып, жүре қарайтындар болар, бірақ «23 жоқтаудағы» ескі сөздерді Ахмет пен Қыр баласы қырлап, сырлап, өңдеп жинаған. Сондықтан мұнда қыр да бар, сыр да бар, су да бар, мұз да ар, май да бар. «Бояушы дегенге сақалын бояйды» деген секілді, жоқтауды түзушілер күшейтіңкіреп жіберіпті» [5.61], – деп жазуы көп ақтаңдақтың бетін ашады. Дәл осы кезеңде көне әдеби мұралардың көптен жариялана бастауы туралы Т.Кәкішұлы былайша ой қорытады: «Азамат соғысының ылаңы басылып, ел емін-еркін іске кіріскен сәті, әсіресе 20-жылдардың алғашқы жартысы, қазақ мәдениеті үшін айрықша құнарлы болды. Бұған объективтік себеп те жоқ емес. Біріншіден, жекеменшікті баспалар мемлекеттің қарауына көшкен тұста мүмкіндігі барлар оны пайдалануға мықтап кірісті. Екіншіден, баспа өнімін беретін зиялылардың санасы да шешуші рөл атқарады. Ташкентте қазақ азаматтарының қызметіне өзбек, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ бауырлар қызыққанын, үлгі алғанын талайлар растайды, істері дәлелдейді. Ал Мәскеуге Орталық кіндік баспада Н.Төреқұловтың директор болып істеуі, жоғары оқу орындарында оқып жатқан көп қазақ жастарын былай қойғанда, қазақ секциясында Ә.Бөкейханов, Қ.Кемеңгеров, М.Жұмабаев, Ғ.Тоғжанов сынды білікті азаматтардың шоғырлануы да қазақ мәдениетіне аз олжа салмасы белгілі еді» [1.372].

20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың ішінде фольклорлық мұраларға қатысты С.Сейфуллин мен М.Әуезовтің еңбегі зор болды.

М.Әуезовтің халықтық туындыларды зерттеу бойынша жүргізген ізденістерінің қорытындыларын «Әдебиет тарихы» деген кітабынан кездестіреміз [6]. Мұнда ауыз әдебиетін жүйелеу жөнінде жаңа қадам жасалған, фольклор өзінің жанрлық сипаты бойынша топталған.

Ауыз әдебиеті шығармаларының мәнін түсіндіру де С.Сейфуллиннің атқарған қызметі де ерекше атап өтуді қажет етеді. Ол өзінің «Қазақ әдебиеті» деген еңбегінде халық туындыларының түрлі жанрларына сипаттама жасап, олардың таңдаулы үлгілерінен мол

мысал келтіреді [7]. Қазақ халқының тарихына байланысты да қызықты пікірлер мен байламдар бар. Сонымен қатар бұл еңбекте қазақтың бір топ эпостық жырларына («Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қамбар батыр», «Шора батыр», «Ер Көкеш», «Қосай») тақырыптық талдау жасалған, мазмұны таныстырылған.

Т.Кәкішұлының: «Ал осы ауыз әдебиетінің арғы бастауы не, оның нақты көрінісі қандай, адамның ақыл-ойы мен эстетикалық сезім-танымына қалай әсер етеді, жаңа заман кәдесіне қалай жарайды деген проблемалық мәселеге келгенде, оның мән-мағынасын қазақ зиялылары жете түсінбеп еді деуге еш болмайды» [1.382], – деген пікірінде сол дәуірдің шындығы жатыр.

Дегенмен, халық ауыз әдебиеті мұраларын игеруге байланысты осынау жарқын істер компартия тарапынан қатаң бақылауға алынып, ресми идеология тізгінді күн өткен сайын тарта ұстады. Сондықтан да фольклор табиғатын терең тануға бағытталған ізденістер үнемі саясатқа жалтақтап, идеологиялық кемшіліктерге ұрынбауы үшін әліптiң артын бағуға мәжбүр болды.

1953 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы президиумының ұйымдастыруымен өткізілген қазақ эпосы туралы дискуссияның қорытындысы онсыз да арқандаулы ғылыми ізденістердің тырп етпестей тұсаулап тастады.

Сондағы солақай түсініктегі жандайшаптардың эпосты бағалаудағы басты бағдарларының түрі мынау:

1. Жырды таптық, халықтық тұрғыдан қарастыру. Яғни кейіпкерді бай-кедейге жіктеу. Демек, кез келген ауыз әдебиеті үлгісіндегі кейіпкердің бай болып суреттелуі үстем таптың қоспасы болып шығады.

2. Батырдың түрлі себептермен жауға өзі аттануы, бөтен елді барып шабуы, интерноционализм принципіне жат. Ол жауды тек өз жерінде қарсы алуы керек деген қасаң қағидалар.

«Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазы», «Едіге», «Ер Есім», «Ер Сайын», «Шора батыр» сияқты ғасырлар бойы халықпен бірге жасап келе жатқан жырлар осы қасаң қағиданың құрбаны болды. Бұл қаһармандық эпостарды зерттеу түгіл, атын атаудың өзі қорқынышқа айналды.

Ұлтымыздың рухани нәрі мен тарихи танымы болған мұралар сананы улайтын ескінің сарқыншағы ретінде «тазалауға» ілініп, ұзақ жылдар жабулы жатты.

Қазақтың қаншама қаһармандық эпостары ішінен саяси сүзгі елегінен аман өткен «Қамбар батыр» ғана болды. 1952 жылы «Қамбардан» басқа бүкіл қазақ эпосы оқу бағдарламасынан шығып қалуы бақылаудың тым қаталдығын, қызыл империяның асқан қырағылығын танытса керек. Сондықтан болар кейбір ғалымдар ой таразасынан ілгеріде өткізген (дұрыстығын біле тұра) пікірлерінен кейін шегінуіне тура келді немесе бүтіндей бас тартты. Мысалы, Е.Ысмайылов өзінің «Ақындар» деген монографиясында былай деп жазады: «Алайда бұл кездегі (40-50 жылдарды айтады. – М.А.) қазақ фольклорын, қазақ әдебиеті тарихын зерттеу жұмысында өрескел саяси қате-кемшіліктер болды. Қазақтың өткен замандағы фольклор мұраларын түгелінен халықтық деп дәріптеу, фольклор шығармаларының қоғамдық, таптық сырларын ашпай, көмескі қалдыру, «Едіге» сияқты хан мен феодалдарды мадақтайтын эпосты қазақ ауыз әдебиетінің ең даналық үлгісі етіп көрсету, Кенесары сияқты шапқыншы хандарды дәріптейтін тарихи жарлардың кертартпашылдық мазмұнын әшкерелеп көрсете алмау сияқты елеулі қате-кемшіліктер бірқатар әдебиетшілердің еңбектерінде болды. Ол қателіктерге осы сөзді жазушы автордың өзі ең алдымен ортақ екенін оқушылардың есіне саламын»[8.9.]. Бұл – коммунистік идеология қысымынан қаймығып амалдың жоғынан айтқан пікір.

Осы орайда Т.Кәкішұлының: «Демек, мәдени-әдеби мұраны зерттеу, оны халық пайдасына асыру, эстетикалық таным-біліктің бір мәнді арнасы деп тану, оның озық үлгі-өнегесі мен дәстүрінен үйрену, бір күнде сабасына түсіп, шешімі табыла қоятын оңай мәселе емес» [1.363], – деген пікіріне терең ой жіберуіміз ләзім. Белгілі фольклортанушы Ш.Ыбыраевтың: «Қазақ фольклорының қолда бар, бұрын-соңды жинаған қолжазбаларының

тағдыры ешкімді де бейжай қалдырмауы тиіс. Жыртылған, мүжіліп өше бастаған, арасындағы беттері ұрланған қолжазбалардың сақталу жағдайы ешбір ғылыми талапқа сай емес. Бұлай кете берсе, көп ұзамай қолдағы барынан да айырылатынымыз сөзсіз. Түпнұсқасын қалыпты жағдайда, ерекше күтімде сақтау, оқимын деушілерге сапалы көшірмесін беру сияқты жұмыстар ешбір нұсқауды қажет етпей-ақ әлдеқашан жүзеге асуы керек еді [9.104.], – деген алаңдаушылығында ауыз әдебиеті мұраларын игеруге байланысты түйткілді ойлар жатыр.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына байланысты кезінде Қоғамдық кеңесте сөйлеген сөзінде Н.Ә.Назарбаев: «Ата-бабаларының асыл сөзін жүз томға жинап, бастырып шығаратын ел – бақытты ел, бақуатты ел, болашағы кемел ел. Қазақ елі – сондай ел» [10], – деген болатын. Мемлекеттің рухани қазынаға деген қамқорлығы өз бағытын өзгертпесе, ол күннің де ауылы алыс емес шығар. Осы ретте ғалым Т.Кәкішұлының: «...қазақ халқының рухани байлығы – ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау, оның қадір-қасиетін айқындау бағытындағы ой-пікірдің уақыт өте келе ірілене, мәндене, қомақтана, нақтылана түскен эволюциясын көрсек, екінші жағынан, ауыз әдебиеті мұраларын жинау, жариялау ісі әркімнің өз тілегімен ғана атқарылмай, бұдан былайғы уақытта, мемлекеттік мәні бар әлеуметтік-шығармашылық іске айналғандығын анық байқаймыз» [1.394], – деп күні бұрын ой топшылауында ғылыми көрегендік бары анық.

Әдебиеттер:

1. Кәкішев Т. Қазақ әдеби сынының тарихи. – А., 1994
2. Қыр баласы. Батыр Бекет. Темірқазық. – М., 1923. №1,3
3. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Ташкент, 1926
4. Досмұхамбетұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991
5. Кәкішев Т. Оңаша отау. – А., 1982
6. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Ташкент., 1927
7. Сейфуллин С. Шығармалары. 6-том. – А., 1964
8. Ысмайлов Е. Ақындар. – А., 1926
9. Ыбыраев Ш. Қазақ фольклористикасы: кеше, бүгін, ертең // Әлем (альманах) №1, – А., 1991
10. Егемен Қазақстан. №34, 14.02.2007.

Шохан ШОРТАНБАЙ,
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы*

**ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ
МЕН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ ҰСТАНЫМДАРЫ**

*«Бар сырым, тілегім қазақ дейтін халықтың
өркениетті елдермен терезесі тең болып,
ешкімге ақысы кетпесе, намысы тапталмаса,
екен деген жалғыз ғана арманды мұрат тұтамын»
Т. Кәкішұлы*

Азаматтық ұстанымы айқын, өмірлік мұраты нық ғалымның жоғарыда эпиграф ретінде алынған сөздері өмірлік мақсатына, ғылымдағы ұстанымына, шығармашылықтағы қағидаттарына айқын дәлел, өмір сапарында сенімді серік болды десек, артық айтпағандық болар.

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым, қоғам қайраткері, ғылым мен білімнің қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жарты ғасырдан астам уақыт еңбек етіп, филология факультетінің, университеттің өркендеуіне айрықша үлес қосқан ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының ұлттық әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі, әдебиет тарихы мен сынын зерттеу мен зерделеудегі ұстанымдары, азаматтық хәм қайраткерлік қыры турасында айтылар ой түгесілмек емес.

Әдебиет тарихының арғы-бергі кезеңдерін қамтып, арысы «Авеста» және иран-тұран әдебиетінің байланысы туралы, берісі Махамбет, Дулат, Шортанбай, Абай шығармашылығы туралы сүбелі ойлар айтып, ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алып, ежелгі әдебиетте де алғашқы үлгілері қылаң беретін сыншылық-эстетикалық ой-сілемдердің арнасын кеңінен қазып, кейінгі дәуірлердегі сыни ойлардың көрінісін зерделеп, жазба әдебиетпен бірге соқпағын тапқан сын жанрының ұзақ-сонар сапарын саралап, оңаша отау тігіп, керегесін кеңейтіп, шаңырағын биіктетіп, ақ ордаға айналғанша қалтқысыз қызметін аямағаны аян.

Әсіресе XX ғасыр әдебиетінің келелі мәселелері ғалым тарапынан үнемі қадағаланып, осы кезеңнің қадау-қадау мәселелері жөнінде тиянақты ойлар, тұшымды пікірлер айтылып, зерттеулер мен монографияларға арқау болды, оқулықтар жазылды, том-том кітаптар дүниеге келді.

Тұрсынбек Кәкішұлы зерттеулерінің дені жинақталып, 2010-2013 жылдар аралығында «Қазығұрт» баспасынан көптомдық шығармалар жинағы жарық көрді. Ғалымның көп жылғы ізденісінің басым бөлігі осы кітаптарда қамтылып, жүйеленді, қайта жарияланды.

Әрбір томында қазақ ғалымының, сын сардарының, әдебиет жоқшысының, қоғам қайраткерінің ұзақ жылғы ізденістерінің, зерттеулерінің жемісі көрініп тұр. Ғылым жолына түскен сәттерден бастап жазған-сызғаны, зерттеп-зерделегені, ой-толғамдары мен эсселері т.б. әр томында ғылыми бірізділікпен, тәртіппен топтастырылған екен.

Ғалымның әдеби-ғылыми еңбектерінің басым бөлігінде қазақ қоғамында өзіндік орны бар тұлғалардың талайлы тағдыры, қаламгерлердің әдебиет тарихындағы орны, әдеби үдеріске қосқан үлесі жан-жақты сарапталған. Ғылыми-шығармашылық сапарының бастапқы кезеңінде XX ғасырдың алғашқы жартысында ғұмыр кешіп, аумалы-төкпелі заманның тауқыметін көріп өскен, әдебиет тарихындағы орны беймәлімдеу болып келген Жиенғали Тілепбергенов, Сабыр Шәріпов, Елжас Бекенов, Саттар Ерубаев т.б. қаламгерлердің тасада қалған шығармашылық мұрасын зерттеуге зор үлес қосты. Әдеби-ғылыми айналымға түсіп үлгермеген туындыларын, ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткенін ерекше бағалап, ел көзіне түсе қоймаған шығармаларын тауып-жинап, басын қосып, олардың ұлттың рухани қазынасын байытпаса, кемітпейтінін, олардың шығармашылығының пайдалы жақтарын айқындауға күш салып, шығармаларында өз дәуірінің бейнесін, шындығын сомдауға талаптанғанын дәлелдеуге келгенде аянып қалмады.

Әсіресе қазақтың көрнекті ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылық ғұмырнамасына, пенделік-адами болмысына, азаматтық һәм қайраткерлік тұлғасына, қоғамдық қызметіне қатысты дерек пен дәйекке негізделген, мұрағат құжаттары мен нақты естеліктерге сүйенген деректік-танымдық сипаты айқын, ғылыми-шығармашылық әлеуеті мығым ғылыми эссе, мақалаларды, зерттеу мен сапарнамаларды көптомдықтың өн бойынан кезіктіруге болады.

«Халқымыздың сүйікті ұлдарының бірі, абзал азамат, арқалы ақын Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылық жолын шұқшия зерттегеніме жарты ғасыр болды. Еңбегім зая кеткен жоқ. Халықтың ардагер ұлы ғұмырының ақиқат беттерін жарқырата ашатын, оның еліне сіңірген еңбегіне, шығармашылық ерекшеліктеріне бұра тартпай, әділ бағасын беретін талай ғылыми зерттеулер мен іргелі туындылар дүниеге келді», – дейтін Тұрсынбек Кәкішұлының пікірімен келісеміз.

Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми зерттеулерінің бір ұшы Сәкенге қатысты мәселелерге тірелетіні анық. 1959 жылы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын, артында қалған әдеби мұрасын жинайтын, зерттейтін экспедиция құрамына іліккен сәттен бастап өмірінің соңына дейін ақын өміріне, әдеби мұрасына, өскен ортасына қатысты жайттар ғалым назарынан тыс қалған емес. Сәкентану – ғалымның көп жылдардан бері қалам тартқан сүйікті де сүбелі тақырыптарының бірі. Сондықтан да дауылпаз ақынның қилы тағдырына байланысты жылт етер жаңалыққа, көңіл аударар дерекке құлақ түре жүруі әдетке айналған. Сәкен жүрген, аялдаған, болған жерлерді шарлап, табанының ізі қалған қиырларды шиырлағаны да шындық. Сәкен өмірін, шығармашылығын зерттеуде қолда барды, мұрағат материалын немесе естіген-білгенін ғана місе тұтып қоймай, ақын өмір сүрген дәуірді, ортаны

жіті зерделеп, шығармашылық, рухани, туыстық, жолдастық қатынаста болған, болуы мүмкін-ау деген, тікелей болмаса жанама қатысы бар жандармен жанаса кетіп, азаматтық, адами болмысын, тұлғалық, бекзаттық қалпын, кісілік, кішілік келбетін терең тануға, танытуға ұмтылатын, сөйтіп, өмірімен де, өнерімен де қазақ ұлтының біртуар азаматына айналған тұлғасын жан-жақты сомдап, санаңа өшпестей етіп шегелейді. Сәкенді жақсы көрген, құрмет тұтқан, аялаған талай жанды естідік, ал Сәкенге Түрсекеңдей ынтық, ынтызар, адал болған, шексіз сүйіспеншілігі мен махаббатын арнаған адамды кездестірмеген болармыз, сіз бен біз.

Сәкен жүрген сүрлеумен Ақмола, Алматы, Қарағанды, Көкшетау, Қызылжар, Кереку, Омбы мұрағаттарын ақтарса, енді бірде Мәскеу, Санкт-Петербург, Ташкент, Қазан, Уфа, Орынбор шаһарларына сапарлап, ақын өміріне, әдеби мұрасына қатысты бар құжаттарды, мұрағат материалдарын, түрлі деректер жинаудан, жариялаудан, зерттеуден әсте жалыққан емес.

Ел арасына шығып Сәкенді көзі көрген қариялармен де, көңілі кеткен ару апаларымызбен де, серік болған серілермен де жүзбе-жүз кездесіп, тілдесіп қалуды өзіне міндет санап, титтей деректен тұшымды түйін, тұжырым жасауға шеберлігі, ол кісілердің аузына сөз салып, суыртпақтап сыр тартып, келмес күндер елесін көңілде, санада жаңғыртуға қағылез, құмбылдығы туралы талай естідік, зерттеулерінен оқыдық.

Тағдыр тәлкегімен түрлі жағдайда, әртүрлі мақсатпен басына төнген қауіп-қатерге қарамастан Сәкен Бетпақдала өңірін үш рет кесіп өтуге мәжбүр болған. Оның әр сапарының мақсатын, нәтижесін түрлі деректерден, көнекөз қариялардан, ел аузынан естіген-білгендерін хат-қағазға түсіріп, саяхатының жалпы картасын, маршрутын жасап, Сәкен жүрген ізбенен Үспен–Нілді–Ағадыр–Киік–Мойынты–Сарышаған–Қашқантеңіз–Мыңарал–Бурылбайтал–Ханшеңгел–Алматы бағытын аралап, көп жайдың, ақын өміріне қатысты шындықтың шынайылығына көз жеткізе түседі. Сәкен өміріне қатысты тың мәліметтер іздестіре жүріп, оның үзеңгілес серіктері, замандастары, қиын-қыстауда жанынан табылған атқосшылары Бәкен Серікбаев, Жанайдар Сәдуақасов, Сапалай Исатаев, Шаймерден Әлжанов, Қабипа, Көкеш, Меруерт, Рахила т.б. сынды қазақтың аяулы ұл-қыздары туралы, Ахмет ишан, Мәдібек болыс т.б. тұлғалар жөнінде ел ішіндегі әңгімелерге ден қойып, анық-қанығына көз жеткізеді.

Сапарлар, саяхаттар, зерттеулер нәтижесінде Мәскеуден «Жас гвардия» баспасынан тамаша адамдар өміріне арналған сериямен шыққан «Сәкен Сейфуллин», «Дала дауылпазы», «Ұштасқан үш өзенмен», «Садақ», «Сандалтқан «Садақ», «Сәкен аялаған арулар», «Сәкен сүйген сұлулар», «Мағжан – Сәкен», «Ескірмейді естелік», «Толғам», «Жаяу салдың серуендері» кітаптары дүниеге келді.

Ұлттық болмыс пен тарихи сана мәдениетін дамытуға, жаңғыртуға, ғылыми-зерттеушілік ой-танымымыздың кемелденуіне, сәкентану, сәбиттану, мағжантану ғылымдарының қалыптасуына үлес қосты, рухани кеңістігімізді тұмшалаған еуроцентристік көзқарасқа сын көзбен қарауға, сөйтіп ұлттың ұпайын түгендеуде көзсіз батылдыққа тәрбиеледі.

Қазақ әдебиеттану ғылымының арналы саласы саналатын сын жанрын, оның арғы-бергі тарихын түгендеп, зерттеп, ұзақ жылғы ізденісінің нәтижесінде жоғары мектепке арналған «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты сапалы оқулық министрліктің тарапынан жарық көрді. Қазақ әдеби сынының жанр ретіндегі туу, қалыптасу және даму, кемелдену тарихын жүлгелеп, жөнге келтіруге, бағдарламасын түзіп, келелі мәселелерін кешенді түрде зерттеуге саналы ғұмырын арнады, ғылыми мектептің негізін қалады.

Кәкішұлының зерттеулерінің «Әр дарынның өз орны бар», «Қателікке айналған қателерді түзетейік», «Санадағы жаралар», «Кер заманның кереғар ойлары», «Дарындар – сын додасында», «Мағжан – Сәкен» т.б. атауларынан-ақ өткен ғасырдағы ұлттық әдебиетіміздің ақтандақ беттерін айқындап, жұлынған, жұлмаланған тұстарын, парақтарын толықтыруға күшін сарқа жұмсағанын көреміз. Идеялық айтыс-тартысқа, әдеби үдерістің даму заңдылығының қайшылықты тұстарына қатысты сүбелі ой айтудың салмағы мен жауапкершілігі, келер ұрпаққа бағыт-бағдар беру мен өсер әдебиеттің өсірер мәселелерін айқындаудағы азаматтық ұстанымдары өзгеше ойлау мен өзіндік көзқарасқа негізделетінін

байқаймыз. Ұстанған принципке адалдық, ұлт ісіне қажет табандылық, өткен тарихты безбендеудегі ақиқатшылдық, міне осының бәрін бір арнаға тоғыстыру – ғалымды абырой биігінен көрсеткен Азаматтық іс, Қайраткерлік болмыс, Адами ұждан. Осы орайда Алаш қайраткерлерінің қоғамдағы орны, шығармашылығындағы ізденістері мен іркілістері хақында ой өрбітіп, тарихтағы орны мен қызметін әділ таразылайды. «Алашшыл ой-пікірді насихаттаған ақындар мен жазушылардың зорлықпенен әлеуметтік сахнадан ығыстыра бастағанмен олардың жазған шығармаларының әсері, ықпалы ел арасында күшті қалпында қалды. Идеялық қарсылықты көркемдік нақыштармен жеткізіп, оқырман рухын өзіне қаратып жатты», дейтін ойларын да күлбілтелемей ашық аңғартып отырады. Ғалымның Мағжан, Жүсіпбек, Ахмет т.б. туралы ой-пікірлері осы үдеден шығып отырады.

«Кеңес заманы – қазақ әдебиетінің дамуындағы бір кезең» деп есептейтін Кәкішұлы өзінің бұл ұстанымының дұрыстығын еңбектерінде талай мәрте айтты, дәлелдеді. «Кеңес заманындағы әдебиетте саясат басым болғаны рас, бірақ іліп алар ештеңе жоқ деген түсінік дұрыс емес» дей келе, дауылпаз ақын Сәкеннен, эпик ақын Ілиястан, сөз зергері Бейімбеттен, ғұлама Мұхтардан, сөзден кесте тоқыған Сәбиттен, Ғабиттен, Ғабиденнен, Қасымнан т.б. безіне алмаймыз деген ұстанымынан танған жоқ. Әдебиеттің өркендеуіне өзіндік үлес қосқан қаламгерлердің әдебиет тарихындағы орнын айқындауға күш салды, қазақ кеңес поэзиясының өсу жолдарын саралады, кәсіби әдебиетіміздің қалыптасу, даму және өркендеу дәуіріндегі идеялық мәселелерге назар аударды. Түрлі көркемдік әдіс пен ағымдарды анықтауға, айқындауға күш салды.

Сын мен ғылымның сардары ретінде Есмағамбет Ысмайыловты қадірледі, тарихи мектептің негізін салушы ретінде Бейсембай Кенжебаевты үлгі тұтты. Қос ұстаздың әдебиет тарихына, сынына қатысты ұстанымдарына, әдебиетті дәуірлеу принциптеріне адалдық танытты. Ұстаздары көрсеткен сүрлеуді соқпаққа айналдырды, әдебиетіміздің арғы бастаулары хақында кешенді зерттеулерге жол ашты, Сын сапарының түп-төркінін көне дәуірлерден індетті.

Тәуелсіздік кезеңі тұсындағы еркіндікті ел үмітін ақтайтын еңбектері еншіледі. Оның куәсі – жоғарыда аталған еңбектер. Тұрсынбек Кәкішұлының әдебиет тарихын зерттеу мен зерделеудегі ұстанымдарының өзіміз аңғарған кейбір тұстарына тоқталдық. Ғибратты ғұмыр кешкен, ғұламалықтың биігінен көрінген ұстазымыздың еңбектерін зерттеу жалғаса бермек.

Алтынай АСҚАРОВА,
*филология ғылымдарының кандидаты,
«Абай академиясы» ғылыми-зерттеу
институтының ғылыми қызметкері*

Т. КӘКІШҰЛЫ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ СЫНЫ ТАРИХЫН ЖҮЙЕЛЕУШІ

Т.Кәкішұлы – қазақ әдебиеті сыны тарихын жүйелеп жазып шыққан тұңғыш сыншы-ғалым. Т.Кәкішұлының әдебиеттану ғылымының бар саласында бірдей қалам тартып, әсіресе ХХ ғасыр басындағы әдеби-көркем процесті саралауы, сол кезеңнің бақилық болып кеткен жекелеген қалам қайраткерлерінің шығармашылығын зерттеуі, олар туралы архивтік мәліметтер мен тың деректерді ғылыми айналымға енгізу машығы оны әлі түрен тие қоймаған тың сала – әдебиет сыны тарихын жазуға үлкен дайындықпен келді. Бұл саладағы ізденістері «Сын сапары» монографиясынан басталып, «Оңаша отау», «Кер заманның кереғар ойлары», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» деп аталатын том-том зерттеу еңбектеріне ұласты. Осындай орасан еңбек нәтижесі қазақ әдебиет сынының тарихы «оңаша отау» көтеріп, жеке ғылым саласы ретінде қалыптасуына негіз болды.

Сын, сын тарихы және оны дәуірлеу мәселелері қазақ ғалымдары тарапынан біршама қарастырылған. Ол, негізінен, қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуге қатысты айтылған. Алайда

бұл салада жүйелі зерттеулер мен өз бағыты айқындалған ізденістер бірден көріне қоймады. Бұл бір жағынан заңды да. Себебі кәсіби сынның қанаты қатайып, қалыптасып, кемелденбей жатып, оның тарихын дәуірлеу мәселесінің көтерілмейтіндігі, көтерілген күнде де нақты шешімін таба алмайтындығы мәлім. Ал қазақ әдеби сынының алғашқы нышандары көне ауыз әдебиетінде көрініс бергенімен, шын мәніндегі сынның жалпы жұртшылыққа жол тартуы мерзімді баспасөзге байланысты болды. Осы кезеңде сынның жанрлық тұрғыдан жіктелу, кәсіби сипатының анықталуы, кәсіби сыншылардың бой көрсету процесі жүріп, шыңдап қалыптасып дамуға бет бұрды. Көркем әдебиеттің асылы мен жасығын таразылар, адал бағасын берер сыншылар пайда бола бастады.

Бұл орайда ақын-жазушы, қаламгерлеріміздің кәсіби сынның өрісін кеңейтуге қосқан үлесі ерекше. Әрине мұнда ауыз толтырып айтар ардақты есімдер қатарында А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, С.Торайғыров, М.Дулатов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Жолдыбаев, Е.Бекенов, Ғ.Тоғжанов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов т.б. сап түзейтіндігі белгілі. Бұлардың әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымының қалыптасуына қосқан үлестері мол. Алайда сол кезеңдегі сынға, сын тарихына қатысты айтылған ой-пікірлердің көпшілігі кеңестік идеология талап-тілегімен жымдаса беріліп жатты. Солай бола тұрса да, олардың ішінде осы кезге дейін де өз маңызын жоймаған құнды ойлар бар. Бұл кезде сын және зерттеу мақалаларда маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай социалистік реализм көбірек сөз болды.

30-жылдары әдебиет сыны саласында аянбай еңбек еткендердің бірі сыншы Е.Ысмайылов. Ол сол тұстағы әдеби сынның өсуіне кедергі келтіретіндерді айта келіп «сын өсіп, өркендесін десек, алдымен сыншылдықтың өзіне айрықша маңыз беру керек, сыншылық жұмысты «творчество» деп қарау керек, сыншы кадрларын тәрбиелеп отыру керек, жазушылар арасында сынды күшейту керек, қазақтың мәдениет қызметкерлері сын жұмысына араласуы керек, сын еңбектерін бастыру жұмыстарын өңдеу керек. Міне, сонда ғана сынды барлық жағынан көрсетеміз» деп ашып жазды. Әдебиет сынын өркендетудің басты бағыты, проблемалық мәселелері баса ескертілген бұл өзекті ойлардан Е.Ысмайыловтың шынайы сыншылдық талантына тән басты сипатын ғана аңғарып қоймаймыз, сонымен бірге сол тұстағы әдеби-сыни процестің жай-күйінен де хабардар боламыз.

Бұл мақалада автор сонымен бірге ұлттық әдебиеттану мәселесіне де ерекше назар аударған. Сыншы классикалық мұраны, әдебиет тарихының көрнекті өкілдерін және тұтастай өнерді, мәдениетті бағалауда сол кезде орын алған басты кемшіліктерден арылу жолдарын көрсетуге талапталды. «Искусство, әдебиетті бағалау ісіндегі дөрекілікке, бас бұзарлыққа, топастыққа, надандық жәйттерге енді жол беріп отыра беру – ол жалпы біздің әдебиет, искусство жөніндегі мәдениетіміздің төмендігін көрсетеді. Шын әдебиетті, шын искусствоны, оның өкілдерін дұрыс, әдеби бағалай білуіміз керек. Ол үшін бізге ең алдымен әдебиетті, искусствоны танитын эстетикалық сезімдерімізді көтерейік», – деген сындарлы, эстетикалық пікірі әдеби мұраны, оның көрнекті өкілдерін, ұлттық өнерді таза ғылыми сипатта зерттеуге, әдеби-тарихи шындыққа сай объективті бағалауға үндеуімен құнды болмақ.

Қазақстан Жазушылар Одағының 1937 жылы мамыр айында сын туралы арнайы пленумы өтті. М.Қаратаевтың «Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері» деген баяндамасы жұртшылық назарын аударды. М.Қаратаев баяндамасында қазақ әдеби сынының даму жолдарына тоқталып, оның жетістіктері мен жіберген кемшіліктерін атап көрсетті. Сынның әдебиет дамуындағы рөліне, орнына, міндетіне тиісті назар аударылғанмен дөрекі социологиялық сынның шаңында көміліп қалды.

Әдебиет сыны тарихындағы бір белес 1939 жылы маусым айында өткен Қазақстан жазушыларының II съезі болды. Мұнда әдебиетіміздің әр саласы – проза, драматургия, поэзия, сын туралы баяндамалар жасалып, келелі кеңестер ортаға салынды. Жазушы Ғ.Мүсірепов сынның жай-күйі туралы баяндама жасады. Әсіресе Ғ.Мүсіреповтің баяндамасында сынның ғылыми сын, халық сыны, кәсіпқой сын түрлері ажыратылып, арзан қол, таяз, ғылыми негізсіз сындардың залалының аталуы – сын тарихына қосылған олжа болды.

Қазақ әдеби сынының түйінді мәселелері кеңінен талқыланған осы съезде сын саласын дамытуға, орын алған олқылықтардан арылуға өрелі талаптар тұрғысынан келудің өзі бұл саланың басты мақсаты мен міндетін айқындау еді.

Отызыншы жылдардағы сынға қатысты пікірлерге тоқталғанда, осы кезеңде тұрпайы социологиялық сынның өрістегендігін, барлық мәселені партиялық, тапшылдық тұрғысынан шешу талабының үстем болғанына көз жеткіземіз. Мысалы, ҚазАПП басшысы М.Қайыпназаров әдеби сын мынадай талап үдесінен шықсын деп табады: «1. Сын диалектика — затшылдық дүние тануынан теріс жайылмасын. 2. Пролетариат жазушыларының шығармаларын сынағанда ол жазушының шыққан тегі, қай жікке жататындығымен сыналсын, шығармасының бағасына, бұқараға социалдық тәрбие бере алуына қарай қаралсын, т.б.».

1934 жылы 12-18 маусымды Алматы қаласында Қазақстан жазушыларының I съезі өтті. І.Қабыловтың «Әдебиетімізге маркстіл ғылыми сын керек» атты баяндамасында «Сын сыңаржақ, әдебиетте оғаш, мақалаға жазылған мақала сын болды. Әдебиетті сынағанда газеттің мақаласынан ажыратып сынап алмайды. Көркем әдебиеттің өз ерекшелігімен өз мүшесін тексерген сын бола алмай келеді. Оған біздің сыншыларымыздың шарқы жетпеді. Мұстафаны (Қайыпназарұлы) былай қойып, көптен сын жазып келе жатқан Ғаббастың сынауы да сол жадағай, сыңаржақ сын еді. Ғаббас сынында соңғы уақытқа шейін әлгі мен айтқан сыңаржақтық, жікшілдіктің әсері, әдебиетті мақалаша сынайтұндық басым еді» айтылған пікірінен сынның дамуына сауатты оқырман қажеттігін, жас сыншыларды тәрбиелеу, әдебиеттің болашағына деген аландаушылықты байқаймыз. І.Қабылов баяндамасында «Біз жаңа сынның бетін жақында бастадық, жіктен, аурудан айтылуы аман – дені сау сауатты сынның басы көріне бастады. Осы съезде барлығында жазылған сындардың көпшілігі-ақ осы сынның жаңа бетін дәлелдейді. Оқушылармыздың бастап жазған жазушыларға ашық хатында, Сәбиттің жазған жауабында жақсы нысананың белгісі бар. Сәбит «жіктен аман, дені сау жазушыға көмек болатын сын жаңа басталды», – деген пікірімен келтіріп, жазушыларға жол көрсетіп, өсіретін, сыншыларға үлгі боларлық белсенді, білімді сынмен қатар, сынға маркстік ғылым қажет деп, сөзін қорытындылайды.

Осы тұстағы әдебиет сыны тарихын зерттеген ғалым Д.Ысқақұлы мұндай өрескелдіктің орын алуын «отызыншы жылдардағы сында болған бұндай кемшіліктердің түп негізі сын қолданған методологиялық әдіске байланысты еді. 20-жылдары орыс әдебиетінің сынында Плехановтың әсері күшті болды. Бұл кездегі әдеби сын әлеуметтік талдау әдісіне сүйенді. В.Фричениң, П.Н.Сакулиннің еңбектерінде әдебиеттану ғылымындағы негізгі әдіс ретінде әлеуметтік және формальді-әлеуметтік әдіс ұсынылды. 30-жылдардың бас кезіндегі қазақ әдеби сынында да осы әдістің басым болғандығын байқаймыз. Сол кездегі белді сыншы Ғ.Тоғжанов ішкі түйсікке яғни, Воровскийдің теориясына негізделген «ақын көргенін көргенше, сезгенін сезгенше жырлауы керек» деген тезис ұсынды. Осының бәрі сынның дұрыс ғылым ретінде дамуына нұқсан келтірді» деп ашық жазды.

Сынның тарихына және бүгінгі мәселелеріне қатысты ойлар «Қазақ әдебиеті» газеті жарық көргеннен кейін молайып, ақын-жазушылар, сыншылар арасындағы пікірталасты қыздырып жіберді. 1939 жылы маусым айында өткен Қазақстан жазушыларының II съезі болды. Осы съезде С.Мұқанов «Проза және сын туралы» баяндамасында сын тарихы және сынның кемшіліктері жайлы: Қазақ әдебиетінде сын жоқ деген сөзге мен атымен қарсымын. Әдебиеттік сынның басы, XIX ғасырдың ортасында Шоқан Уалихановтың (1835-1865) еңбектерінен басталды. Шоқаннан қалған еңбектер 1904 жылы Петерборда «Шоқан Уалиханов шығармалары» деген атпен орыс тілінде басылды. Осы шығарманың ішінде қазақ әдебиетінің тарихын зерттеген Шоқанның аса бағалы еңбектері бар. Мәселен, «Едіге батыр» туралы жазған Шоқанның зерттеуі – күні бүгінге шейін ғылымдық қасиетін сақтап келген ғылыми еңбек.

Көркем әдебиет туралы Абай да – көп пікір айтқан адам. Әсіресе әдебиет теориясы туралы Абай пікір айтып, Белинский мен Добролюбовтың эстетикалық әдісін қолданған. Әрине, Абайдың көркем әдебиетке, әнге, музыкаға көзқарасы қара сөзбен емес, өлеңмен

айтылған. Осы эстетикалық өлеңдерінің ішінде әдебиетке бағыт берген шығармалар толып жатыр.

Әрине, бұл еңбектер сынның басталуы ғана. Олар шын мағынасындағы сын даражасына жеткен еңбектер емес. Шын мағынасындағы әдебиет сыны қазақ әдебиетінде революциясының бер жағында басталды.

Революциядан кейінгі сын біріне-бірі негізінде қайшы – екі бағытпен жүрді, біреуі-совет сыны, екіншісі-байшыл-ұлтшылдардың сыны. Байшыл-ұлтшылдар революциядан туған қазақ совет әдебиетін өсірмеуге, жоюға тырысты. Осы арам ниетпен олар қазақ совет әдебиетінің жас кадрларына қарсы аттаныс жасап, әдебиет майданынан оларды қумақ болды. Байшыл-ұлтшылдар әдебиетке буржуазиялық романтизм әдісін ұсынып, кертартқысы келді, олардың жазушылары сол әдісті қолданды да.

Әдебиет сынының дұрыс жолмен өркендеуіне көп залал істеген национал-фашистер», – деп баяндамасының «сын туралы» тарауында сынның тарихына біршама тоқталып, басты сол кезеңдегі сынның сегіз кемшілігін атап, ол кемшіліктерді жою жолын да көрсетеді.

«Осы жетістік жағымен, қазақ совет әдебиетінің сынында бірнеше басты кемшілік бар.

Бірінші – шын мағынасындағы сын жазушының мектебі. ХІХ ғасырдағы орыстың атақты сыншылары Белинский, Добролюбов, Чернышевскийді сол кездегі орыс жазушылары ұстаз көрген.

Екінші – нағыз сыншы жақсыны «жақсы» деуден, жаманды «жаман» деуден тайынбайды. Бізде бір сыншылар бар: жаманды көруге қырағы-ақ, ал, жақсыға келгенде сөзі бұрылып көрмей кетеді.

Үшінші – кейбір сыншылар жеке шығарманы талдап сынамай жалпылап кетеді.

Төртінші – әдебиет сынында тұрпайы социалогизм де жоқ емес.

Бесінші – шығарманы емес, жазушыны сынайтын, біржақты, қыңыр, жікшіл сыннан біз әлі арылып болған жоқпыз.

Алтыншы – бізде коллектив сыны дұрыс жолға қойылған жоқ. Жазған шығармаларын көпшілік алдында оқып, талқылап, кемдігін көпке айттырып, содан кейін түзеп барып баспаға шығармасын беру әдеті қазақ жазушыларында аз, біздің жазушылардың көпшілігі шығармасын ешкімге қолжазба күйінде оқымай, баспаға беріп, кемшілігіне артынан өкініп жүреді.

Жетінші – көпшілік сынының екінші түрі жай оқушылардың сыны. Бұл, әрине, ғылыми сын емес, әйткенмен бұнда зор маңыз бар сын.

Сегізінші – кітап боп басылған, не газет, журналдарда басылған шығармаларға кезінде рецензия жазылмайды. Талай кітаптардың шыққаны газет бетінде көрінбей, магазиннен кітапты сатып алушылар ғана болмаса, былайғы көпшілік ондай кітаптың барын білмейді де. Рецензия, әрине, ғылыми сын емес». (Баяндаманың толық нұсқасын осы жинақтан оқи аласыз. – А.А.Ш.): Әдеби өмір шежіресі / Құраст. – Ә.Нарымбетов. А., 2005. – 47-50 бб.)

Бұдан кейінгі кезеңдерде де бұл мәселе ұдайы көтеріліп, қазақ әдебиет сынының туу, қалыптасуы туралы ғалым-сыншыларымыз әртүрлі пікірлерді ортаға салған. М.Қаратаев «Қазақ әдебиетінде сынның белгілі орын алуға ұмтылуы тек кеңес өкіметі тұсында, айналасы осы 10-15 жылдың ішінде. Қазанға дейін бізде сын атаулының болмауы тіпті заңды нәрсе» десе, ғалым Е.Ісмайылов «Біздегі әдебиет сыны мен әдебиет тану ғылымы тек совет дәуірінің жемісі, бұрын сыншылдық, әдебиетшілік дәстүрі мүлде жоқ, тыңнан туып жасалған» деп тар шеңберден шыр айналып, тереңнен қазбаған. Оған белгілі дәрежеде үстем көзқарас, яғни орыс елінің тарихынан асып түсер, ерте пайда болар құбылыстар болмауы керек дегенді қызыл сөзбен тұмшалаудың салдары себепші болғанын жоққа шығармау керек.

1954 жылы 3-8 қыркүйек күндері Қазақстан жазушыларының ІІІ съезінде Ғ.Мұстафин «Қазақ совет әдебиетінің қазіргі жайы және міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамада совет әдебиетінің руханиятқа қосқан үлесі, социалистік реализм тақырыбындағы туындылар сөз болды. Сол жылдардағы әдебиеттің жемісі ретінде М.Әуезовтың «Абай жолы» романының соңғы кітабы, С.Мұқанов және Ғ.Мүсірепов шығармалары аталатын еді. Поэзия мен драматургия жанрларының тақырыптық, көлем ерекшелігі, характер сомдау және жанр

мәселесі бойынша жетістіктер мен кемшіліктері де сөз болады. Ә.Тәжібаевтың «Дубай Шубаевич», Ш.Құсайыновтың «Есірткен ерке» драмалары талданып, әдеби сынның пайдалы жақтары С.Қирабаев, А.Нұрқатов мақалаларында «әдебиетті жақсы түсінерлік мәдениеті барын жаңа да, батыл да, қызықты да ой-пікір айтуға қабілетті екенін танытады» деп атап көрсетілді.

1959 жылы 9-11 наурыз күндері Қазақстан жазушыларының IV съезінде сын мәселесі бойынша қазақ әдебиетінің дамуы туралы баяндаманы Ғ.Мүсірепов жасады.

«Мәскеуде болған онкүндік кезінде қазақ әдебиетіндегі сынның жайы сөз болғаны баршамызға мәлім. Дүниежүзілік әдебиеттің М. Горький атындағы институтында өткізілетін талқылауға Мәскеу мен туысқан республикалардың әйгілі ғалымдары мен көрнекті сыншы, әдебиет зерттеушілері қатысты. Шығып сөйлеушілер қазақ әдебиетіндегі әзірге жас сын мен әдебиеттану ғылымының аз жыл ішінде анағұрлым жоғары сатыға көтерілгенін бірауыздан құптады. Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жуырда бастырған «Қазақ совет әдебиетінің очерктерін» Мәскеу ғалымдары Қазақстанның әдебиеттану ғылымы жолындағы зор табысы деп жоғары бағалады. Методологиялық дұрыс негізге құрылған бұл очерктер басқа республикаларда шыққан осындай очерктердің ірі кемшіліктерін ескере жазылып, Қазақстан әдебиетшілерінің өз заманымыздағы совет әдебиеті мәселесіне баса назар аударуға білгендіктерін дәлелдеді.

Профессор Есмағамбет Ысмайыловтың қазақ ауыз әдебиетінің нақтылы материалдарын кеңінен қамтыған «Ақындар» атты монографиялық еңбегі Мәскеуде болған кеңесте халық ақындары шығармашылығының өзгешелігін жете зерттеу жөніндегі ойсыраған олқылықтарды толтырып, бүкілодақтық әдебиеттану ғылымына елеулі олжа салатын ірі еңбек деп бағаланды.

Талқылау кезінде тамаша назар аударып, көрнекті баға алған Мұхаметжан Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар» (орысша «Рожденная Октябрем») деген атпен шыққан сын мақалалар жинағы болды. Қазақ совет әдебиеті туралы көп фактыны қамтып, тиянақты қорытынды шығарған бұл кітаптың пайдалы екендігін айта келіп, ғалымдар бұл еңбектің елеулі өзгешілігі – автор кабинетке қамалдан сыншы емес, туған әдебиетіне жаны ашитын белсенді күрескер деп түйді. Бұл кітап туралы Георгий Леомидзе былай дейді: «М.Қаратаевтың бұл еңбегінде тағы бір қуат бар: ол – публицистикалық жағы. Қаратаев басқа пікірдегілерге семсерін қынабынан суыра қызу жазады, өз пікірін қорғарда зор сеніммен көтеріле айтысқа түседі. Кітапты оқығанда, маркстік-лениндік әдебиет теориясын қорғағандағы табандылығын, көркемдік жөніндегі талғампаздығы мен сезімталдығын көріп, қатты сүйсінесің». Сөйлеушілердің кейбірі қазақ сыншыларының М.Шолоховтың «Тынық Дон» романы мен орыс ақыны Илья Сельвинскийдің шығармалары жөнінде оқушы қызығарлық жақсы мақалалар жазғанына риза болғандарын айтты. Мұхаметжан Қаратаев пен Алексей Брагиннің «Жыр қанатында» атты кітабы көп кісінің назарын аударды. Очеркше жіпке тізілген қызғылықты әдеби материалды оқығанда, Қазақстанның кең-байтақ даласын аралағандай боласың, қазақ әдебиетінің мөлдір ауасын жұтып, жарық сәулесін көргендей сезінесің», – десті олар.

Сондай-ақ талқылау мәжілістерінде қазақ сыншыларының сын-биографиялық еңбектері де сөз болып, Бейсембай Кенжебаевтың Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы, Темірғали Нұртазиннің Сәбит Мұқанов туралы, Айқын Нұрқатовтың Мұхтар Әуезов туралы, Серік Қирабаевтың Ғабиден Мұстафин туралы жазған кітаптары, Тәкен Әлімқұловтың сын мақалаларының жинағы есейген сынның елеулі белгісі деп танылды.

Сын талқылауын қорыта келіп, осы съезімізге қатысып отырған А.Т.Дементев қазақтың сыншылары мен әдебиетшілерінің зор табыстарына қатты риза болғандығын, бұлар Бүкілодақтық сын мен әдебиеттану ғылымның жуан ортасынан көрнекті орын алуға әбден жарайтындарын атап айтты.

Біздің әдеби сынымызда көп нәрсенің жетіспейтіндігінде, ең алдымен, батылдықтың аздығында ешкімнің дауы бола қоймаса керек. Мұның өзі – ұзақ жылдардың өн бойында сынға қолайлы жағдай туғызу жөнінде қамқорлығымыз аз болғандығының нәтижесі. Біз әлі де болса

сын сөзін тыныш тыңдай алмаймыз, ал шығармаларымыздағы кемшіліктерді батылырақ айтса, көп жағдайда дау-далабамен тарқаймыз. Бір кездегі біздің де іскер сыншыларымыздың енді «аш құлақтан тыныш құлақты» іздеп әдебиеттану ғылымының жасыл жағалауына барып қоныс тепкенін де тек қана осы жағдаймен түсіндіруге болады.

Бұдан былай біздің әдеби сынымыз үшін де жаңа дәуір басталғанын әркім-ақ ұқса екен деймін. Сын гөйгөйшіл кәрі әже емес, біздің әдебиетіміздің медеткер, қамқоршы серігі болуға міндетті. Ынтымақ деген ұранды желеу қылып, әдеби сынымыздың оның дербес ойынан еркін айырып алсақ, бұл да жаман, онда біз оны «достық құшағымызға» қысып тұншықтырып та алуымыз мүмкін. Ендеше, менің қандай ынтымақ жөнінде айтып отырғанымды әркім де ұғады ғой деп сенемін. Көреген де батыл сынның көмегіне ділгер шығарма бізде әлі де көп. Олай болса, көркемдік құны төмен, барып тұрған идеясыз шығармамен бейбіт қатар өмір сүру тәсіліне енді мүлде көнуге болмайды.

Біздің сыншыларымыздың ең басты міндеті де, қазіргі заман тақырыбына жазылған жоғары идеялы, көркем шығармалар үшін белсене, табанды күресу міндеті де – осы.

Сын әдебиеттің негізгі бөлігі болғандықтан, әдебиеттің алдыңғы жаңа дәуірі – әдеби сын үшін де жаңа дәуір болмақ, оның алдында да бүкіл әдебиеттің алдындағы міндеттер мен мәселелер тұр. Осыған байланысты, меніңше тағы бір маңызды жәйтті айрықша атап өткен жөн. Бұл кезге дейін біздің сынымыз, ең жақсы дегенде, шығармалардың кемшіліктерін ғана көрсетіп келді, енді ол жақсы шығарманы қалай жазу керек, сәтсіз туындыны қалай жөндеу қажет деген сұраққа да жауап беруге тырысуы керек, мұның өзі біздің сынымыздың теориялық дәрежесіне қойылатын талап болып та табылады. Әдеби сын көркем шығарманың негізгі компоненттерін – оның композициясын, сюжеттің дамуын, геройлардың характерін жасау тәсілдерін, жанрдың өзгешеліктері мен нормативтерін тағы басқаларды қағажу қалдырса, онда ол өзіне қоятын барлық талапқа толық жауап бермейді. Мұндай жағдайда сынның ауытқу себептерін іздестіру керек, яғни ол бір нәрселерден қорғалап, әлденеге қарайлайды, не болмаса оның дәрежесі төмен. Демек, біздің сыншыларымыз жоғары идеялы көркем шығарма жайын ойластырғанда, өздері де әдеби сынның жоғары дәрежесін, оның партиялылығы мен үлкен ролін көп ойлап, кең толғауына міндетті». ((Баяндаманың толық нұсқасын осы жинақтан оқи аласыз. – А.А.Ш.: Әдеби өмір шежіресі / Құраст. – Ә.Нарымбетов. А.; 2005. – 95-115 бб.)

Ғ.Мүсіреповтің осы баяндамасындағы жалпы әдебиеттің дамуына берген бағасынан, сынға деген шамшыл көзқарасынан қазақ әдебиетіне деген ынтымақтың, талаптың қажеттілігін көрсек, екіншіден жазушының әдебиеттің болашағына деген алаңдаушылық және жан ашыршылығын байқаймыз. Бұл баяндаманың жас сыншыларға тәлімдік мәні, қазіргі әдебиетімізге зор әсері болды.

Қазақстан жазушыларының 1966 жылы V съезінде Ж.Молдағалиев «Мен сынның әр қайда қорғаушы күш екенін, сын түзелмей мін түзелмейді, сын жоқ жерде мін көп деген сияқты жаттанды шындықтарды қайталап жатпаймын. Сынның да, әдебиетті зерттеудің де маңыз-мақсаты бәрімізге белгілі. «Барлық таяқ бейшара Макарға тиеді» дегендей, сынға да, сыннан да тиіп жатса, оны да заңды демекшімін.

Енді сынның жеке басына сөз етсек, сынаған сынды, мынауың жаман деген сыншыны құшақ жайып қарсы алып жатқан жазушыларды Мәскеуден де, Қазаннан да, Ташкенттен де кездестіре қойғам жоқ және таяу уақыттың ішінде кездестіре қоям деп үміттену де қиын. Ендеше, Алматы олардан бөлініп қайда барсын. Сынаған бойда сынды ұға қал, жақсы көр деудің өзі, жалпы, адам табиғатын түсінбеу, оған жеңіл-желпі қарау сияқты. Үйретілмеген ат бірден тақым тигенде қандай мөңкісе, ә дегенде сынға да солай осықара қараудың онша сөкеттігі жоқ. Бірақ партиялық принципті, әділ сын өзінің шындығын, дос ниеттілігін танытпай, мойындатпай, үйретпей қоймайды. Ендеше сынымыз білгір болсын, шыншыл болсын, тілектес болсын. Бізде осы жағы жетіспейді», 1981 жылы VIII съезде «Қазіргі әдебиет сыны мен әдебиет тану ғылымы әдебиет алдында, оқырман алдында көп қарыздар. Әрине, бұнымен біз әдеби сынның жеткен жетістіктерін жоққа шығармаймыз, бірақ, бүгінгі күннің биігінен қарасақ, оның нақ қазіргі ахуалы ешкімді қанағаттандыра алмайды. Сынның ең үлкен олқылығы – оның теориялық дәрежесінің төмендігінде, осыдан келіп жалтақтыққа, не асыра

дәріптеушілікке, не бұра тартушылыққа жол беріледі, оның ұшқырлығы да жетісе бермейді. Баспасөзде көтеріліп жүрген әртүрлі мәселелердің, айтыстардың қарадүрсін болып шығатынын да сынның теориялық дәрежесі төмендігінен, жауынгерлік сипатының кемдігінен деп түсіндірер едік. Принципті өткірлік пен батыллықтың орнын бүгінгі роман мен повестің, әңгіменің қандай болуы керек, диалогия мен трилогиялардың қажеті бар ма, поэмада публицистика өтімді ме, әлде эпика өтімді ме деген секілді пайдасыз айтыстар басып кетті. Қазіргі пьесалар, поэмалар, романдар, повестері, әңгімелер туралы осы азусыз айтыстар қыр соңында кітап аттары мен авторларын тізбелеумен, жұртқа белгілі қарапайым шындықтарды қайталаумен шектелді».

Даулы шығармалар жайында айтылған ойлар сынның қалыптасып, өріс алуына ұйтқы болды. Сын әдебиетті өркендету үшін күресе жүріп, өзі бірге өсіп-жетілді. Қазақ әдебиеті сыны тарихы сөз болған кезде, әлбетте М.Әуезовтің есімі аталмай қалуы мүмкін емес. Ол қазақ көркем әдебиетін әлемдік өреге көтеруімен бірге, сын, әдебиеттану ғылымы саласында да аянбай тер төкті. Ауыз әдебиеті үлгілерін, ақын-жыраулар мұраларын зерттеуге мол үлес қосты. Халықтың асыл қазынасындағы інжу-маржандарын тауып, жылт етер жақсысын жарқырата көрсете білді. Елдің әдеби-мәдени талап-талғам деңгейін таразылап, эстетикалық мұратының сырына бойлады.

М.Әуезов әдебиеттану ғылымы, әдебиет сыны, әдебиет тарихы жайында мынадай ой тұжырымдарын ұсынады: «Қазақ халқының мәдениет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы әзір қысқа. Бұл – жас ғылым. Ол әдебиеттік сын. «Қазақ әдебиетінің теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген салаларға бөлініп, енді ғана дамып келеді. Қазақтағы әдебиеттану ғылымы құралғанда, ол өзінің алғаш туысымен, бүгінгі жеткен сатысымен, барлық бас-аяғын жинағанда, түгелімен, толық мағынасында, социалистік Ұлы Октябрь революциясының жемісі болады. Октябрьден бұрынғы қазақ тарихында біз бұл жөнінде, «өскен ғылым» дерлік мардымды мұралар алғанымыз жоқ.

Рас, қазақ халқының революциядан бұрынғы әдебиет өрнектерін жинауда және оларды баспасөз жүзінде жариялауда, онан соң ең алғашқы түсініктер беруде көп қызмет еткен орыс ғалымдарының еңбектерін біз ұмытпаймыз. Орыс мектебінен, ұлы мәдениетінен тәрбие алып қазақ ескілігін зерттеген Шоқан, Әбубәкір, Ыбырай сияқты оқымыстылардың еткен еңбегін де бағалаймыз. Бірақ олардың көп жылдар жасаған пайдалы әрекеттері — нағыз әдебиет тану ғылымының өзін тудырған жоқ-ты. Олардың тексеру, зерттеулері, бастауыш дәрежеде болса да қалыптанған «әдебиет теориясы», «әдебиет тарихы» барлығы тым құрса орта мектеп құралы есебінде де тарихқа кірген жоқ». Көріп отырғанымыздай, М.Әуезовке де партияның тізесінің қатты батқаны, ғалым-жазушының әр сөзін аңдып айтуы аңғарылады. Жазушы әдебиет саласындағы жетістікті негізінен кеңестік дәуір игіліктерімен тығыз байланыстырады. Бұған қарап, арыстарымыздың көкіректері күмбірлесе де, миңгірлеуге мәжбүр еткен сол бір қытымыр кезең екенін аңғарамыз.

Қазақ халқының тарихында өзіндік орны бар сыншыларымыздың бірі – Мұхамеджан Қаратаев. Негізінен, ол әдеби-көркем сын саласында жемісті еңбек еткен. М.Қаратаевтың сыни мақалаларында әдебиет тарихына, теориясына қатысты мәселелер бар. Көптеген еңбектерінде жалпы қазақ әдебиетінің шығармашылық дидары мен жай-күйі, асқан асулары, алынбаған шындары, қаламгерлеріміздің дәуір, замана алдындағы жауапкершіліктері, уақыт шындығына орай идеялық көркем шығармалар жайлары әңгімеленеді. Сонымен қатар сыншының белгілі бір автор туралы жазғандарында шығарманы эстетикалық талдаумен қоса, өмірбаяндық әсерлі фактілер бар.

Сыншы М.Қаратаев сын тарихын сөз қылғанымен, оны жүйелеу ісін қолға алмаған. М.Қаратаевтің әдебиет сыны тарихындағы орнын С.Әшімбаев: «М.Қаратаев есіміне қазақ сынының жетістігінің ғана емес, кемшілігінің де едәуір қатысы бар деп ойлаймыз. Қазақ сынының көрнекті өкілі М.Қаратаев сындарындағы өткір полемикалық сипаттың кей тұстардағы аздығы оқушысын бір сәт қынжылтады да. Автор қалам тартқан мәселелердің кейбірі бұрын да сөз болған. Сондықтан солардың қайсыбіріндегі пікірлермен сыншы принципті түрде пікір таластырып отырса, мақаланы қызыға, құныға оқитынынды жасыруға

болмайды. Сын, екінші жағынан пікірлер сайысы, пәрменді ойлар тайталасы екені мәлім». Бұл пікірдің ғалым еңбегіне берілген әділ баға екендігіне ешкімнің таласы болмас. Қалай болғанда да қазақ әдебиеттану ғылымында М.Қаратаев – өз орны бар тұлға. Асылы, ғылым тарихында еңбек еткендердің баршасын өз заманының сойылын соқты деп күстаналай берудің орны бола қояр ма екен? Егер мәселеге осы жағынан келсек, әдебиетімізде іліп алуға жарайтын адам таба алуымыз неғайбыл.

Қазақ әдебиеттануы ғылымы саласында өнімді еңбек етіп келе жатқан ғалымдарымыздың бірі – Серік Қирабаев. Ол қазақ әдебиетінің жекелеген тұлғаларының шығармашылық жолын зерттеуге, әдебиет тарихының кеңестік дәуірін жүйелеуге, әдебиет сынының жеткен жетістіктері мен жіберген кемшіліктеріне жіті бақылау жасап, баға беруге елеулі үлес қосты. Ғалым әр кез әдебиет сыны тарихына қатысты жарық көрген еңбектерді шола қарастырып, талдап-таразылап отырды. Мысалы, 80-жылдардың орта шенінде жарық көрген зерттеу кітабында, сол кезеңдегі әдебиет сынының жай-жапсарына былайша тоқталады: «Соңғы жылдар ішінде шыққан бірсыпыра сын-зерттеу кітаптарымыз қазіргі қазақ әдебиетінің идеялық-көркемдік, эстетикалық дамуы туралы ғана мол мәлімет беріп қоймайды, оның көп ұлтты совет әдебиетінің бір бұтағы ретінде дамуының заңдылықтары жайында да ғылыми бағдар ұсынады. Олардың ішінде Т.Кәкішұлының «Дәуір дидары», М.Қаратаевтың «Көргенім менің көңілдегім», «Ізденіс іздері», С.Әшімбаевтың «Талантқа тағзым», «Парасатқа құштарлық» т.б. елеулі еңбектер бар. Бұл кітаптарға кірген тәуір мақалаларда бүгінгі әдебиет процесінің өзіндік өзгешіліктері, жаңалығы совет әдебиетінің даму тарихымен тығыз байланыста берілді. Қазақ прозасының соңғы жылдар ішіндегі елеулі туындыларына талдау жасалады.

Поэзия сыны да табыстарын молайтып келеді. Сын бұл салада ұлттық поэзиямыздың соңғы жылдар ішіндегі табыстарын, жеке сөз шеберлерінің ақындық тәжірибесін жинақтап, қорытуға белсенді қатысуда. Қазақ драматургиясы мен сын жанрының қалыптасу жолын зерттейтін Р.Нұрғалиевтің «Айдын» мен Т.Кәкішұлының «Оңаша отау» атты зерттеулері – қазіргі қазақ сыны мен әдебиеттану ғылымы бірімен бірі байланысты дамып, әдебиеттің жанрлық, тақырыптық өсуін байсалдылықпен қорыту дәрежесіне көтерілгендігінің айғағы. Ғалым мұнда қазақ әдебиеті сыны саласында ауыз толтырып айтарлық дүниелеріміздің баршылық екендігін орынды атап көрсеткен» деп айғақтап көрсеткен болатын.

Осындай еңбектердің нәтижесі өз жемісін берді. Жылымық жылдары жаңаша толғаулар айтыла бастады. Соның нәтижесінде ғалым Т.Кәкішұлы сынның қайнар көзі ауыз әдебиетінде жатқанын айтып, оның қанаттануын Шоқаннан, Ыбырайдан, Абайдан таратқан. «Оянған ойға кең өріс» еңбегінде әдебиет сынының қалыптасып, дамуы баспасөз арқылы жүзеге асатынын дәлелдеп көрсетеді. Өйткені халықтың әлеуметтік жағдайы, көкейтесті мәселелері, арман-тілегі, мұң-мұқтажы халық өмірінің айнасы болып табылатын баспасөз арқылы көрініс беретінін дәлелдей бастады.

Баспасөз бетінде Абайдың, Шәкәрімнің, Сұлтанмахмұттың, Ахметтің, Мағжанның, Міржақыптың, Сәкеннің, Жүсіпбектің, т.б. шығармалары жарық көруі сыни ой-пікірлердің дамуына түрткі болғаны сөзсіз.

Р.Бердібаевша айтсақ, «Тұрсынбек ғылымға қазақ әдебиеті сыны деген пән қосты». Оны толығырақ ұғатын болсақ, З.Қабдолов: «Әдеби сын — саласын профессор Т.Кәкішев бір өзі жеке-дара алып зерттеп, талай архивтердің қоңыржай қоймаларын ақтарып-төңкеріп, одан тапқан құжаттар мен жазбаларды жан-жақты пайдалана келе, қазақ әдеби сынының оқулықтарын жазып шықты».

Жоғарыда көрсетілген ой-тұжырымдар мазмұны, қазіргі қазақ сыны бірден осындай қалыпқа жетпегенін көрсетеді. Бұл жолда сан қилы өсіп, жетілу сатыларынан өтті. Кейде қанатын кең жайып, қарыштай өркендесе, енді бірде тоқтамаса да тоқырап, саясат сойылын соғып, соның ығына жығылған кездері де болды. Бұл процесс, сөз жоқ, тарих. Ал тарих үнемі түзу сызықпен жүре бермейді және ол мүмкін де емес.

Сондықтан да әркез қазақ әдебиеті сынының жеткен биігі мен бүгінгі деңгейін, кемшіліктері мен олқы тұстарын саралап, салмақтап отырудың маңызы зор. Мұның ұлттық

сөз өнерінің даму жолдары мен эстетикалық, көркемдік-идеялық мұраттарын айқындап, болашақ бағытын белгілеп беріп отыруға тигізер септігі айрықша.

Қорыта келгенде, бүгінгі сыншылар көркем шығарманы талдау барысында тек туындыдағы образдар жүйесін, кейіпкерлердің сомдалу жайын, мазмұндық-пішіндік ізденістерін ғана қарастырумен шектеліп қалмай, «жазушы концепциясын тап басу, жазушы мен оқушыға уақыт рухына сай концептуалды идеялар ұсыну, қоғамдық, адамдық құбылыстардағы әлеуметтік салдардың себебін ашу», секілді сапалық биіктерге қол жеткізгенін ризашылықпен атауға болады.

Сол сияқты, әдеби сынның да жеке ғылым, өнер деңгейіне көтерілуіне орай оның өзіндік ерекшеліктері, мазмұны мен түрі, жазылу стилі, басқа да заңдылықтары, яғни теориялық сыр-сипат, айырым-белгілері болатындығы ескеріліп, қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы жайлы зерттеулер жасалып, еңбектер жазылуы, сөз жоқ, игі нышан. Сондай-ақ сынның туу алғышарттары, қалыптасу жағдайлары, даму ерекшеліктері жайын, бір сөзбен айтқанда, қазақ әдебиеті сыны тарихын жүйелеу, дәуірлеу, белгілі арнаға түсіру мәселесін ғылыми тұрғыда сараптаған көлемді де салмақты еңбектер жарық көрді. Қазақстанда сынтану ілімі еленерлік деңгейге жетіп отыр. Бұл орайда, әлбетте, танымал ғалым, көрнекті әдебиет сыншысы Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми ізденістері мен еңбектерін алдымен атаған ләзім. Олай болуы заңды да. Өйткені ол қазақ әдебиеті сыны тарихы туралы алғашқылардың бірі болып қалам жебеп, сыншыл ойдың туу арналары мен бастау-бұлақтарын ауыз әдебиеті үлгілерінен тартса, оны жәй ғана айтып қоймай ғылыми негізде дәлел-дәйектермен негіздесе, көне заман ғұламаларының ой ұшқындарын, қазақтың ұлы ағартушы-демократ жазушыларының сүбелі пікірлерін, эстетикалық танымдарын пайымдап, сынның одан әрі қалыптасу, даму, толығу, кемелдену сатыларын көрсетіп, ол жайындағы қисынсыз да кереғар пікірлердің жалғандығын ашып, әділ де салиқалы бағасын берсе, онда қазақ әдебиеті сыны тарихын жасау мәселесі көтерілгенде Т.Кәкішұлының есімі аталуы ешқандай да кездейсоқтыққа жатпайды.

Әдебиеттер:

1. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Астана, Фолиант, 2014.
2. Ысқақұлы Д. Сын өнері. – Алматы, ҚАЗАқпарат, 2012.
3. М.Базарбаев, Т.Кәкішев. Әдебиет дәуір айнасы. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – Т.20
4. Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов. Әдебиет теориясы (1960-1970). – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – Т.15. – 412 б.
5. Әдеби өмір шежіресі / Құраст. – Ә.Нарымбетов. – А.; 2005. – 95-115 бб.
6. Өшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993.

Аида ҚАЙЫРБЕКОВА,
*педагогика ғылымының магистрі,
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университетінің оқытушысы*

ҒҰЛАМАНЫҢ БІЗ ТАНЫМАҒАН ҚЫРЛАРЫ (Тұрсынбек Кәкішұлы жайында)

Сын – әдебиеттің шарайнасы, ақылшысы, жолбастаушы пірі. Қазақ көркем сынының бүгінгі туралы алаңдап, ертеңі жайлы толғанумыз қажет. Өйткені өткеннің тағдырлы жолы мен тәлімді мектебі – бүгінгінің негізі, болашақтың бағдары.

Қай ғасырда да сынның төркіні ақиқатқа жету үшін болатын пікірталасы екендігін мойындасақ, әдебиеттің өсуі де көбінесе сынның дәрежесіне, батылдығына әдебиеттің қаншалықты қанына сіңіп, дәстүріне айналуына байланысты. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1963 жылғы 13 қыркүйекте жарияланған қаламгер Б.Уахатовтың «Сын бар, бірақ өткір емес» атты мақаласында: «...Әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымының өзінде не шықты, не қойды

дегенді есепке алып, библиографиялық көрсеткіш жасайтын уақыт жетті. Қазір ғылымдық ойдың ілгері кеткендігі соншалық, тіпті мұның өзін жоғары оқу орындарында жеке пән етіп оқыту керек», – деген ұсыныс жасады.

Қазақ әдебиетіндегі сын саласын биікте ұстап келген де Тұрсынбек Кәкішев еді. Филология ғылымының алтын діңгегі, айналасына шуақ шашқан нұрлы бейне – Тұрсынбек Кәкішев. Ол – ғалым, қайраткер, ұстаз. «Ғалым ешқашан мансап қуып, біреуді ағалап, біреуді жағалап көрмеген, кейде қатты, кейде тәтті айтуды білмейтін тіні ерекше жан. Мансап кумаса да, жеке кабинетте шалқайып отырмаса да, аяғын алшаң басатын, кеудесін тік ұстайтын ұлағатты адам. Тұрсынбек Кәкішевтің білімі терең, сөзі бәтуалы, ұрысқаны мен сипағаны білінбейтін бір сөзді, білгір ғалым, көрнекті көсемсөзші. Қазақ әдебиетіне жаны ашыған бірден-бір жан болса, ол – Тұрсынбек Кәкішұлы. Тіршілігінде ешбір жанға зияны болмаған жанашыр тұлға еді». Бұл – ұстазым, Жандос Қожахметұлы «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» пәні бойынша лекция кезінде айтылған естелігі.

«Қазақ әдебиет сыны мен ғылымының басып өткен тарихи бел-белестерін тұтастай шолған уақытта үш кезеңді анық байқаймыз. Бірінші кезең – қазақ әдебиет сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиет сынының туу процесі Ұлы Октябрь революциясына дейін созылған. Екінші кезең – қазақ әдебиет сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу кезеңі. Бұл процес 1917-1941 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең – қазақ әдебиет сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі. Бұл процесті шамамен 1941-1967 жылдар аралығымен шектеген жөн. Уақыт мерзімін межелеуде белгілі шарттылық бар екенін ескерткен уақытта, қазақтың сыншылық ой-пікірінің туу, қалыптасу, өсіп-өркендеуінің белгілі бір кезеңдері болғаны айдан анық.

Қазақ әдебиет сыны мен ғылымының өсіп-өркендеуінің соңғы екі кезеңі пәлендей шүбә-күдікке арқау болмағанымен, бірінші кезең, яғни Октябрь революциясына дейін қазақ әдебиет сынының туу дәуірі әрқилы ой-пікір ауқымында екенін жасыра алмасак керек. Бұл жөнінде қалыптасып қалған кейбір ой инерциясын айтып жатудың қажеттігі шамалы. Қоғамдық сананың әрбір саласы, әсіресе қазақ әдебиеті жанрларының жай-күйі мен тарихы ғана емес, тіпті ешбір шүбә-күдік тудырмайтын, тарихи желісі үзілмеген мәселелердің өзі Октябрьден кейін жана сапалық қасиеттерге ие бола бастағанына қарап, оны соңғы кезде ғана туды, бұрын болмаған еді дегенді үйреншікті дағдыға айналдырған кезіміз де жоқ емес», [1] – деп өз еңбегінде Тұрсынбек Кәкішұлы айтқандай сынды дәуірлеу біраз дауға ұшырағаны анық.

Әдеби сынға қойылар биік талап ежелден белгілі. Оның көркем әдебиет құбылысындағы жаңалық пен жақсылықты дер кезінде танып көрсетуі, жасанды мен дарынсыз атаулыға қарсы батыл күрес ашуға тиістілігі анық. Бірақ осы талаптың орындалу жолы тіпті де оңай емес. Екінші бірінде сынның өзіне тән, оның қадір-қасиетін көтеретін нышандар табыла бермейді. Бұл пікірді қазір қазақ әдебиеті сынына қатыстыра қолдансақ, бәрінен бұрын, сынның өткірлігі азайып бара жатқандығын айтар едік. Жақсы сын – шабыт шипасы.

Ғалымның «Сын сапары» еңбегіннің сын өнері жайлы жазған 2-бөлімі, яғни «Қазақтың ұлы ағартушы-демократтарының» сыншылдық ойлары» атты бөлімде ғалым Шоқан, Абай, Ыбырай сияқты ғұламалардың бір жағынан сынның дамуына үлкен үлес қосқандығы жайлы анық пікір білдіріп, ойын дәйектейді. Т.Кәкішұлының бұл ойларымен шәкірті Жандос Қожахметұлы да келісіп, «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» пәні бойынша лекцияларға аталмыш ағартушылардың сынға қосқан үлесі бойынша студенттерге ақпарат беруде.

«Сын сапары» деп аталатын қаламалды туындысында «Халықтық эстетика», «Қазақтың ұлы ағартушы-демократтарының сыншылдық ойлары», «Баспасөз және сынның тууы», «Оянған ойға кең өріс», ««Айқап» журналының әдебиет сынын тудырудағы тарихи рөлі», «Жазба әдебиет және сын», «Дәйектеме-сын», «Абай өнері – өсер сынға өзек» атты бөлімдерінде қазақ әдебиеті сынында өзекті бірталай мәселелерді талдап өткен. Соның бірі – Абай мәселесі.

«Абай туралы сөз айту, не болмаса сөз жазу бір жағынан оңай да, сонымен бірге, екінші жағынан өте қиын. Абайды оқуға кімнің болса да ынтасы зор және одан әркім өзінше нәр алып, оны өзінше қабылдайды. Абай кімнің болса да жүрегіне еніп, оған өшпес із қалдырады. Абай туралы әркімнің өз түсінігі бар, сондықтан, әркімнің өз Абайы бар. Абай әлемі жатқан бір тұтас дүние. Ол – бүкіл әлем болмысын қамтиды. Сондықтан Абай шығармаларынан бүкіл әлемнің сырын түсініп, керемет құпиясын көре аламыз», – деп белгілі жазушы айтпақшы, шынымен де, Абайды көп адам түсіне бермейді және «оның тереңіне бойлау» көп адамның қолынан келе бермейді.

Ол үшін оны көретін жүрек көзі болу керек. Абай туралы ой айтудың, не болмаса сөз жазудың қиындығы осында жатыр деп ойлаймын. Абай тұлғасының ұлылығын, асқақтығын сезіну үшін оның рухани әлемін тұтас қамтыған тұста ғана ақынның шалқар Жан дүниесінің ұлылығына көзімізді шын жеткізе аламыз. Сонда ғана ұлы ойшыл ақынымызды ардақтау ғана емес, сонымен бірге, оның ұлы мұрасын өмірде кеңінен қолданып, өз өмірімізді соған үйлестіруге мүмкіндік туар деп ойлаймын.

Т.Кәкішұлының «Оңаша отау» (1982) кітабына енген «Абайтанудың алғашқы асулары» атты мақаласында қазақ әдеби сынындағы Абай шығармашылығы төңірегінде атқарылған істерге, оның ұлттық сыни-ғылыми ойдың даму эволюциясындағы көрінісіне, Абай шығармаларын зерттеуші ғалымдардың бұл іске қосқан үлесіне, жекелеген зерттеулер мен мақалаларға талдау жасайды. Автор мұнда абайтану ғылымының алғашқы кезеңіндегі зерттеулердің қазақ әдеби, ғылыми сынына негіз болғанын ерекше бөліп айтады. Кәкішев «Абайдың сатирасы» (Абай тағылымы, Алматы, 1986) және «Асылдың сынығы» («Лениншіл жас», 20. 05. 1970) атты мақалаларында Абай шығармаларының тақырыптық-идеялық және көркемдік ерекшеліктеріне назар аударса, «Орыс ориенталистері Абай туралы» деген мақаласында («Ертіс», 22. 09. 1963) орыс зерттеушілерінің Абай жайында айтқан пікірлері мен берген бағаларына талдау жасайды.

Т. Кәкішұлы өзінің «Абайтанудың тарихи мәселесі» атты мақаласында «1923 жылы «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер» деген мақаласында кейбір ұлтшылдарды Абаймен салыстырғандарға қарсы шығып, өз ойын білдірді. Әдебиет майданындағы айтыстар күшейген кезде Сәбит Мұқанов 1928 жылы «Әркім өзінше ойлайды» деген мақаласында жоғарыдағы ойын енді ашық тұжырымдады. «Пушкин де, Абай да орыс пен қазақ, әдебиетін бастап жаратқандар емес, түйінін түйіп қорытқандар. Қазақтың әріден келе жатқан жақсылы-жаманды әдебиеті болды, сол әдебиет те сарқылып келіп, Абай заманында бір қазық қағылды. Осының кезеңіне Абай кез келген соң даяр таяқтың иесі, даяр тоқпақтың ұрушысы, даяр қазықтың қағушысы болды да жүре берді.

...Абай кедейге көріне қарсы жазған жоқ. Абай – жаңашыл. Осынысында дау жоқ. Өз заманында пайдалы адам болды. Әлі де пайдасы бар, онысында да дау жоқ. Бірақ ол өнерге ұмтылған, қазақтың ақсүйектіктен жаңалыққа ұмтылған жаңашыл байының тілегінен туған. Абайды орынсыз көтеретіндер бар, ол дұрыс емес» [«Жаңа әдебиет», №1-2, 1928], – деген кезеңдік ойларда Абайдың ақындығын тану, мойындау процесі ақынның ата-тегінің құрбандығына шалынады.

30-жылдардың бас кезінен С. Мұқановтың көзқарасында әдеби мұраны, әсіресе Абайдың творчествосын тану мәселесінде өзгеріс пайда бола бастады. Енді мәселенің бәрін әрбір шығарманың туған дәуіріне, әрбір дарынның өскен ортасына бейімдей бермей, тарихи нақты бағалау қажет екендігін ескерді», [2]- дей келе бір жағынан Сәбит Мұқановтың қазақ әдебиетіндегі Абай орнын айқындауда талмай еңбек еткенін ашып көрсетсе, екінші жағынан Абай творчествосының Мұқановқа әсерін айқындап көрсетеді.

Осы мақаласында Т.Кәкішұлы Ілияс Жансүгіров те Абай туралы пікір жазып, ұтымды ойлар жазғанын былай көрсетеді: «Ілияс Жансүгіровтің Абай жинағына жазған кіріспесінің негізгі мақсаты – кеменгер Абайдың дүниетанымын айқындау болғанымен, артық сілтеп жіберген. Ілияс Жансүгіровтің бұл еңбегі, негізінен алғанда, бірінен бірі туындап жатқан екі мәселенің сырын ашуды көздеген. Біріншісі – Абай заманы, екіншісі – осы заман идеологиясының Абай дүниетанымын қалыптастыруға жасаған ықпалы. Қазақ халқының

тарихы, сондай-ақ әдебиетінің тарихы жасалмай жатқан кезде және ескі идеология мен жаңа идеологияның арасындағы идеялық-творчестволық күрестің сілемі әлі де болса сезіліп жатқан кезде Абайдың өмір сүрген заманын ұзақ сонарлы зерттеудің ешқандай әбестігі жоқ. Осыны терең де толғамды айтамын деген игі тілек әрқашан өрелі биіктен табыла бермеген» [2]. Осы ойларға біз де келіспесек болмайды, Абай шығармашылығы – үлкен қазына және оны зерттеу біздің міндетіміз.

Ғалымының тағы бір атап өтерлік зерттеу объектісі – Бейімбет Майлин. Өзінің көптомдық шығармалар жинағының 5-томын ғалым «Бейімбет – көркемсөз шебері» деген бөліммен бастайды. Онда: «Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы ақын-жазушыларымыздың Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Ілиястардың творчествосымен жіті танысқан уақытта ең алдымен көзге түсетін бір ерекшелік – совет әдебиетінің негізі бүгінгі күн тақырыбына кеткендіктен де, оны өзгешелік деп айтудың орны жоқ сияқты. Ал жаңа ғана туып, қаз-қаз басып келе жатқан дәуірде бұл тақырып әрі-беріден соң ақын-жазушының таптық платформасын айқындайтын асу болғандығы аян. Біздің қазақ әдебиеті тарихында осы асқар асудан аса алғандар ғана советтік жаңа заманның жаршысы болды.

Жаңа өмірдің асуынан ойланбай өткен Сәкен мен Сәбит, ал бұралан соқпақтар арқылы асқандар Бейімбет пен Ілияс болғандығы көпшілікке мәлім. Бейімбет әдебиет әлеміне аяқ басқанда қазақтың демократияшыл интеллигенттеріне үн қосып, өз дарынын халықты ағарту, өнер білімге жеткізу мақсатына жұмсауды көздеді. Оның «Шұғаның белгісі» атты повесі қазақ прозасының ілгері аттаған зор қадамындағы белес қана емес, сонымен қатар автордың ағартушылық бағытын айқын танытатын әйгілі де шығарма. Алайда осы идеяны бекем ұстауға Бейімбеттің мұршасы келмей қалған да сәті болды» [3, 13], – деп, бұл жерде де Сәкен мен Сәбитті ойдан еш тастамай, Бейімбет пен Ілиястың қазақ әдебиетіндегі орнын ашып көрсетеді. Шынымен де, «Шұғаның белгісі» – оқырманға қызықты, берер мағынасы үлкен туынды.

Осы кітаптың келесі «Галерея төрінде Мырқымбай» атты бөлімінде «Мырқымбайдың іс-әрекетін, мінез-қылығын қалайша жинап, содан тұтас, бүтін бір образ жасаймын дейтіндер болса, оған айтар қысқа ғана жауап: образ эволюциясын жіті аңғара білсек, «мен мұңдалап» тұрған Мырқымбайды көзге шалмай өте алмаймыз.

Мырқымбай образын жасаудағы Бейімбеттің новаторлығы – қазақ совет әдебиетінде ең тұңғыш, соны жаңалық. Автор Мырқымбайдың ізіне түсіп, күнделікті тіршілігін бақылап отырмайды, қоғамдық өмірдің тарихи заңдылықпен өркендеуінің ең бір қуатты, келешегі мол буынына жармасады да, Мырқымбай образына көркемдік бояуын қастерлей қояды. Шынында да, бұрын қаналған, езілген, жекеменшіктік психологиясы басым Мырқымбайдың коллективтік меншікке келу жолы бұралаңы мол сүрлеу, тартысы қалың өмір екендігі сюжетті миниатюралардан айқын байқалады.

Сонсын, Мырқымбай өскелең өмірдің өзінен ойылып алынған шынайы образ болуымен қатар, қазақ поэзиясының түрі мен сымбатына, зуені мен ырғағына да жаңалық пен ерекшелікті енгізе келген жанды тұлға. Біздің революцияға дейінгі де және кейінгі де поэзиямыз сюжетті өлеңге баймын деп айта алмайды», [3, 19] – деп, Бейімбет Майлиннің «Мырқымбайы» жиынтықтық образ, Бейімбеттің нағыз «новатор» екендігін, оның суреткерлік қабілеті осы шығарма арқылы шыңдалып, сюжетті өлең құрылысындағы Сәкен Сейфуллин ізін жалғастырушы ретінде көрініс тапқанын айқындайды. Ары қарай да Бейімбет Майлиннің психолог жазушы екендігі, жазушы галереясындағы образдар тұтастығы адамды таңғалдырмай қоймайтындығы Т.Кәкішұлы дәйектейді.

Тұрсынбек Кәкішұлы туралы, оның еңбектері туралы таңды-таңға жалғай айта беруге болады, шынымен де, ғалымның сан қырлы зерттеулері арқылы әдебиетімізді жан-жақты тануға үлкен мүмкіндік алатынымыз сөзсіз.

Сөзімді түйіндей келе, зерттеуші Т.Кәкішевтің бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен ғылым жолындағы қыруар еңбектері арқылы қазақ әдебиеттану ғылымына сіңірген айрықша еңбегін көреміз. Абайды, Сәкенді, Сәбитті, Мағжанды, одан қалысы Бейімбетті танығымыз келсе, ғалымның еңбектеріне терең бойлауымыз керек екендігін айтқым келеді. Өзінің осынау баға жетпес еңбектерінің арқасында ғылым жолындағы дара тұлғалардың бірі болумен қатар,

зерттеушінің ұлы азаматтығы, болашақ ұрпақ үшін, тарих үшін «ақтаңдақтар ақиқатын» ашудағы табанды күрескерлігі, шыншылдығы үшін халқының қалаулы азаматтарының бірі, білім-ғылым жолындағы беделді, биік тұлға ретінде көріне білді. Осы еңбекті бағалай білу – біздің парызымыз. Ғалымның аты еш өлмейтіні сөзсіз, талай талантты шәкірттері ғалымның ізімен келе жатқаны сөзсіз, тіпті білімнің қара шаңырағы Бөкетов университетінде Т.Кәкішұлының зерттеу еңбектері бойынша дипломдық жұмыстар, магистрлік диссертация тақырыптары берілуде.

Әдебиеттер:

1. Т.Кәкішұлы «Сын сапары» <https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1106180&simple=true#>

2. Т.Кәкішұлы «Абайтану тарихының мәселелері» <https://abai.kaznu.kz/?p=808>

3. Көптомдық шығармалар жинағы / Тұрсынбек Кәкішев. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы», 2013.

<https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=>

[/storage/upload/iblock/a63/a631a9f423df4a3fb3fb253a8f623098.pdf&ln=kz](https://storage/upload/iblock/a63/a631a9f423df4a3fb3fb253a8f623098.pdf&ln=kz)

Р.Н. ӨТКЕЛБАЕВА,

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші*

ОРТА МЕКТЕПТЕГІ ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚИТУДА Т.КӘКІШҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі білім беру үдерісінде оқытуды технологияландыру идеясы жаңа бағыт алуға. Оқыту технологиялары өзінің негізділігімен, жүйелілігімен және тиімділігімен өрістеуде. «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: түсіну және жауап беру; анализ және интерпретация; бағалау және салыстыру. «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді. Сондықтан орта мектепте әдебиет пәнін оқыту көбінде СТО стратегиялары ақылы жүзеге асуда. Оқушы өңдейтін ақпарат көлемі де ауқымды. Білім алушылар жаңа материалды талдап, салыстырып басқа қырынан меңгеруде біршама ізденіс жұмыстарымен айналысады. Яғни осындай әдеби дағды қалыптастыра білсек, ол кез келген ақын-жазушылардың өмірбаянын, шығармаларын өздігінен оқып, талдай алатын болады.

Әдебиет пәнін оқыту әдістемесі дұрыс жолға қойылған кезде оқушы әдеби талдау, сыни ойлау қабілеттеріне ие болып, шығармашылдық ізденіске қадам басады. 11-сыныпта Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын өткенде халқымыздың осынау ардагер перзентінің ғұмыры мен шығармашылығын талмай зерттеуге атсалысқан белгілі ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің еңбектеріне сүйенбеске болмайды.

Сәкен Сейфуллин шығармашылығын кімдер зерттеді? С.Сейфуллин өмірінің хронологиялық кестесін жаса. Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық жолы қандай еңбегінен басталды? Ол еңбегі не туралы? Сәкен шығармаларының тақырыбы қандай? сынды тапсырмаларды оқушыларға орындатуда ғалым еңбектері орасан рөл атқарады. Ол ғылыми зерттеуде мұрағат деректерімен жұмыс істеудің озық өнегесін қалыптастырды. Көрнекті ғалымның университет қабырғасында білім алған студенттеріне Сәкеннің өз даусын тыңдатуы бүгінгі тыңдалым дағдысының оқушыға ең керек дүние екенінен хабар беретіндей. Жоғарыдағы сұрақтарға жауап алу үшін Т.Кәкішев еңбектерін пайдалана отырып тапсырмалар құрастыруға болады. Сәкен шығармашылығын «Сатылай кешенді талдау» арқылы да меңгерту қолайлы. СТО стратегиялары негізінде қаламгер шығармаларының идеясын талдау, көркемдігіне тоқталу да оқушылардың жүйелі білім алуына көмектеседі. Атап айтқанда, «Даналық ағашы», «Ақылды үкі», «FILA», «RAFT», «Эйлер шеңбері», «Синквейн» сияқты қазіргі оқытудың интербелсенді әдістері сабақтың оқу мақсатының орындалуына жетудің бірден бір көзі. Солардың бірнешеуін мысал ретінде ұсынып көрейік.

«Кластер» әдісі арқылы С.Сейфуллин шығармашылығын зерттеген ғалымдарды топтастырып көрейік.



С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығының хронологиялық кестесі:

Жылдар	Негізгі мәліметтер
1894-1938	С.Сейфуллин өмір сүрген уақыттар
1913–1916 жылдары	Омбы педагогикалық семинариясында Мағжан Жұмабаевпен бірге білім алады.
1910 жылы	«Өткен күндер» атты тырнақалды өлеңдер жинағы Қазан қаласында жарық көрді.
1918 жылы	Тұтқынға алынады.
1919 жылы	Омбы түрмесінен қашып шығады.
1920 жылы	Ақмолаға оралып атқару комитеті төрағасының орынбасары болған.
1922 жылы	«Асау тұлпар» өлеңдер жинағы, «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолында» пьесалары жарық көрді. «Әдебиет һәм оның бағыттары» зерттеуін жазды.
1924 жылы	«Домбыра» өлеңдер жинағы
1926 жылы	«Экспресс» өлеңдер жинағы
1927 жылы	«Тар жол, тайғақ кешу» Қызылорда қаласында араб қарпімен басылып шығады.
1928 жылы	«Тұрмыс толқынында» өлеңдер жинағы
1929 жылы	«Көкшетау» поэмасы
1930 жылы	«Қызыл ат», «Аққудың айрылуы» поэмалары
1931-32 жылдары	«Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» зерттеу еңбегі шығады.
1933 жылы	«Батырлар жыры» жинағы шықты.
1935 жылы	Ыбырай Алтынсарин, Ақан сері шығармаларын бастырып шығарды.
1937 жылы	Репрессияға ұшырап, тұтқынға алынады.
1938 жылы	Ату жазасына кесіліп, 1956 жылы қайта ақталады.

Ғалымның сәкентанудағы зерттеулері ұлт игілігіне айналуға. Білім алушыларды бейінді оқытып, кәсіби бағытқа бейімдеуде көрнекті жазушы-ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің зерттеу еңбектерін оқуды ұсынып отырамыз. Мысалы, ғалым құрастырған көп томдық шығармалар жинағының 3-томында Сәкен Сейфуллиннің серілік хикаялары, көңіл сырлары және адами болмысы ашыла түседі. Махаббат сезімі аясында жалғыз жігітшілігі ғана суреттелмей, бүгінгі жастар ғибрат аларлық өнеге істері өріледі.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің «Сәкен Сейфуллин» монографиясында халық өз бақыты жолындағы жалынды күрескер, дауылпаз ақын Сәкеннің шытырман оқиғаларға толы жастық шағы, от кешкен күрес жылдары, шығармашылық кемелдену кезеңі, ақындық сезім сырлары үлкен тебіреніспен

толғанады. Автор шығарманы ақынның аяулы да азапты өмірінің соңғы кезеңін шыншылдықпен баяндайтын соны деректермен толықтырған.

«Дала дауылпазы» қазақтың ұлы ақыны, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық өміріне арналған. Автор тарихи шындық және мұрағаттық деректер негізінде қырдың қызыл сұңқарының азаматтық келбетін, қазақ еліне қамқор бола білген қайраткерлігін, жаңа заман әдебиетінің жаңашыл серкесі болғандығын оралымды тілмен кәркем баяндайды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің «Өнегелі өмір» кітабына өзек болған Сәкен Сейфуллиннің өмірі. Революция дауылпазы, жалынды большевик, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы азамат ақын Сәкеннің қат-қабат оқиғаларға толы жастық шағы, от кешкен күрес жылдары, творчестволық кемелдену кезеңі, ақындық сезім сырлары кімді де болса енжар қалдырмасы хақ. Шығарма авторы осы мәселені үлкен тебіреніспен толғайды. Алғы буын аға жолын бүгінгі жас ұрпаққа үлгі ете баяндайды. Осы мағлұматтар оқушының ары қарай ізденіп, өзіндік саралау жүргізуіне үлкен көмек бола алады.

Әдебиеттер:

1. «2022-2023 оқу жылында ҚР Орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат, Нұр-Сұлтан, 2022. – 110-111бб.
2. Кәкішев Тұрсынбек. Сәкен Сейфуллин: Өнегелі өмір. – Алматы: Жалын, 1976. – 320 бет.
3. Кәкішев Т. Сәкен және Гүлбаһрам. – Алматы: Рауан, 1994. – 78 бет.
4. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. – Алматы: Мектеп, 1989. – 88 бет.
5. Кәкішев Т. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 3. Сәкен аялаған арулар. Хикаялар. - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2010. - 464 бет.

Рахия ЕСНАЗАРОВА,
*филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің аға оқытушы*

Т. КӘКІШҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ СЫН ЕҢБЕКТЕРІН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

Білім беру жүйесіндегі қандай реформа болмасын, ол мұғалім арқылы жүзеге асады. Мұғалім мектептің басты тұлғасы ретінде қашан да өзінің қасиетті міндетін атқара бермек. Бүгінгі таңда ұстаз беделі, оның шығармашылық ізденісі, білімі мен парасаттылығы арқылы пайымдалады. Бұл жөнінде Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп атап өткен.

Мектепте білім беруде ең негізгі әрі тәрбиелік маңызы басым пән – әдебиет пәні. Әдебиетші мұғалімге сөз өнерінің әсемдік әлемінен, тарихы мен теориясынан білім берумен қатар, жаңа адам, ғасырымызға лайық жеке тұлға тәрбиелеп шығару міндеті жүктеледі. «Әдебиет пәнінің әр сабағын адам бойындағы асқақ арман, әдемі сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек те болады», – дейді әдіскер ұстаз Қ.Бітібаева [1, 330 б].

Мектепте қазақ әдебиеті пәнін оқытудың ең негізгі міндеті – көркем шығарманы оқыту, ойын әдеби тілде жеткізіп, оны қорғай білуді, көркемдік тілі жағынан талдай келе, өз білімін жетілдіруді үйрету, оқушылардың логикалық ойлау қабілеті мен эмоциялық, эстетикалық, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Әдебиет пәні – өнер пәні, адамтану пәні. Сонымен қатар, әдебиет пәні – жан-жақты ойлантудың, терең ойлаудың пәні. Ең бастысы, әдебиеттің басқа пәннен айырмашылығы – онда дәлелдеген ешқандай заң жүйесінің, формулалардың, элементтердің, бұлжымас, айнымас ережелердің жоқтығы. Орыс әдебиетінде бір ғана Пушкиннің «Евгений Онегиніне» қаншама сын зерттеулер, әдеби сын еңбектер жазылды. Әр зерттеуші оны әр қырынан қарастырады, өзіндік пікір айтады, себебі, зерттеуші ғылыми еңбек жазып отырса да, онда, сөз жоқ, өзінің

оқырман ретіндегі қабылдауына, сезіміне де орын береді. Қазақ әдебиетіндегі Абай шығармашылығына байланысты Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиевтің еңбектерін былай қойғанда, бүгінгі әдебиетшілер де зерттеулер жазуда. Бұдан шығатын қорытынды – әдебиеттің өнер туындысы екендігі.

Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе – өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр. Әдебиетті оқытуда мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауды, не соны қаз-қалпында мазмұндатуды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында. Басқа пәндерге қарағанда сезім, эмоция, әсер, шабыттану, қиялдау, армандау, еліктеу, әртүрлі психологиялық рең осы пәнде ерекше көрінеді.

Қазіргі таңда жаңа үлгідегі мектептер қанатын кең жаюда. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы лицей, гимназия әдебиетті тереңдетіп оқытатын мектеп, сыныптар нәтижелі жұмыс істеуде. Ізденімпаз, шығармашылықпен еңбек ететін ұстаздар әдебиетті тереңдетіп оқытудың айналасында тәжірибелер жинақтауда. Осы бағытта сыни еңбектерді оқытудың маңызы зор.

Әдебиеті тереңдетіп оқытуда Т.Кәкішұлының сыни еңбектерінен үзінді алғанда, тақырыпқа сай іріктеу – мұғалімнің күн ілгері жоспарлайтын жұмысының бірі. Мектеп кітапханасынан табылмайтын ғылыми еңбектер бойынша тапсырма беру әбестік. Сондықтан мұғалім алдын ала осы қиындықтан шығудың жолын қарастырып, нақты тапсырма бергені абзал.

Тереңдетіп оқытудың келесі бір белгісі – көркем туындыны әдебиеттану ғылымы тұрғысынан тереңдей талдау. Міне, осы кезеңде сыни еңбектерді қолданудың маңызы зор.

Әдебиетті тереңдетіп оқытуда сыни еңбектермен байланыстыра оқытқанда оқытудың өнімді жолы – оқушылардың білім, білік дағдыларына қойылатын талапты жетілдіру. Танымдық іздендіруші, ғылыми сипаттағы тапсырмалар, өз беттерімен жүргізетін әр түрлі мақсат-мазмұндағы жұмыс түрлері балалардың білімін ғана тереңдетпейді, іскерлік дағдыларға да баулиды.

Тұжырымдап айтқанда, білімді тереңдете бере отырып, оны оқушыға қабылдатудың жеңіл жолын іздену – мұғалімнің міндеті. Алдымен оқушы өз пікірі, түсінігін айтуға талаптансын, оның осы балаң пікірін оқулық толтырсын, ғылыми еңбектер байытсын, мұғалім түсінігі оны ары қарай жетілдіреді. Өз пікірі, оқулық білімі, мұғалім түсінігі, ғалымдар еңбегі – осы төртеуі қабысып келгенде ғана терең білім беріледі.

Әдебиет – жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі – адамды өз ыркына жетелеп алатын қасиетті дүние. Оны оқытудың қызықтығы мен күрделілігі осында жатыр. Сонымен қатар қазіргі таңда оқушыларға терең әдеби білім беруде әдеби сын еңбектерді оқытуға да көп мән беріліп келеді. Мектеп оқулықтарының мазмұны да осыған бағытталған. Мысалы, Сәкен Сейфуллин шығармаларын өткенде қысқаша С.Қирабаевтың немесе Т.Кәкішұлының ақын, оның шығармашылы туралы алғы сөздері беріледі.

Оқу бағдарламаларында әдеби сын-зерттеу еңбектерін оқытуға арнайы сағат берілген, оқулықтарға әр ақын-жазушының (жоғарғы сыныптарға) өмірі, шығармашылығынан соң ғылыми сын еңбектерінің тізімі көрсетілген. Тәжірибеде ұстаздар қауымы тақырып мазмұнын ғылыми еңбектермен байытып, тереңдетіп беруде сын еңбектерге назар аударып келеді. Әсіресе, қазір әдебиетті тереңдетіп оқыту кеңінен тарауда.

Сын-зерттеулерді оқыту – тереңдетіп оқытудың ең маңызды бір саласы. Әдебиетті оқытуда сын-зерттеулердің маңызы:

1. Өтіліп отырған тақырыпты тереңдетіп беру, білім мазмұнын байыту, көркем шығарманы оқушы жан-жақты терең түсінуде, танымын дамытуда.
2. Оқытушылардың ойлау белсенділігін арттыру, дүниетанымын кеңейту, өз бетімен жұмыс істеу, қорытынды жасау дағдыларын жетілдіруге.

3. Көркем туынды туралы оқушылар бірнеше пікір, баға, сын болатынын түсінеді, әрі сол туынды туралы ғылыми шындыққа көз жеткізу, өзіндік пікір айта білуге баулу, зерттеу, іздендіру бағытындағы жұмыстарға икемдеу мәселелерінде сын-зерттеу еңбектерінің маңызы ұшан-теңіз. Сын-зерттеу еңбектерін оқыту мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

А) Еңбекті толық оқыту, арнайы оқыту;

Ә) Ең негізгі түйінін, пәнін бөліп ала отырып, оқыту;

Б) Өтіліп жатқан шығырмаға ғана байланысты ішінара керекті пікір, ойларын теріп алып оқыту.

Сын-зерттеу еңбектерін оқытуға қойылатын бірден-бір талап – оны көркем шығармамен бірлікте оқыту болып табылады. Сондай-ақ сын-зерттеу еңбектің жазылу тарихы, мақсаты туралы түсінікті мұғалім міндетті түрде оны пайдалану алдында беруі керек. Сын-зерттеу еңбектерінің өзіндік ерекшеліктері, жанрлық сипаты туралы да теориялық ұғым беру мұғалім назарынан тыс қалмағаны дұрыс.

Еңбекті оқытудың жолдары, әдіс-тәсілдері:

1. Еңбекті толық оқыту немесе арнайы оқыту. Мысалы, 11-сынып әдебиетінде Т.Кәкішұлының С.Сейфуллин өмірі мен шығармашылығына арналған сүбелі ой-пікірлерін оқытуға ерекше көңіл бөлуге болады. Осы сыныптағы әдебиет курсының ішіндегі ең басты мәселе – кеңес заманында дауылпаз ақын атанған Сәкеннің шығармашылығына жаңаша пайымдаулар қажеттілігі. Осы мақсатта сыншының «Сәкеннің соты», «Сәкен Сейфуллин» деген мақаласын толық оқуға тапсырма беріледі. Оқушыларға бұл еңбектің негізгі түйінді дәнін, маңызын бірден аңғарту мақсатында әрі оны игерудің бірден-бір тиімді жолы ретінде «Нені міндетті түрде білу керек?» деген тақырыпшамен мақаланың ең басты мәселелерін төмендегідей етіп жазып қою керек:

1. С.Сейфуллиннің өмір сүрген дәуірі және оның замандастары.

2. Т.Кәкішұлының С.Сейфуллин туралы ой-толғамдары, көзқарасы.

3. С.Сейфуллин шығармашылығын зерттеушілер.

4. С.Сейфуллиннің қоғамдық қызметі.

Бұл мақалаларды оқу арқылы оқушылар Т.Кәкішұлының зерттеуші ғалым, әрі сыншы екенімен танысады. Мерзімді басылымдарда әдебиеттанудың өзекті мәселелеріне көңіл бөліп, өз үлесін қосқан әдебиетші-ғалымдардың бірегейі екеніне көздері жетеді. Сонымен қатар мұндай әдіс-тәсілдер сабақты әрлендіріп, оқушыларды оған әрі қызықтырып, әрі терең білім алуын қамтамасыз етеді.

Екінші, мәтінді талдау барысында көркем туынды мен әдеби сын еңбектің арасындағы байланысты, сабақтасып, толысып жатқан ой-пікірлерді ажыратып, екшей біледі. Мысалы, Сәкеннің «Қызыл ат» поэмасын өткенде, сыншының «Мағжан – Сәкен» еңбегімен оқып-танысуға болады.

Үшінші, ғылыми-зерттеу еңбектерін оқытудың келесі бір жолы, негізгі түйіні – дәнін бөле ала отырып, оқыту. Бұл мәселеде мұғалім еңбек бойынша өзі жұмыс істеп, негізгі мәселелерді сұрыптап, соны оқушыға жеткізу айналасында ізденеді. Мысалы, Т.Кәкішұлының «Санадағы жаралар» жинағының негізгі өзегін құрайтын алашшыл әдебиет пен олар жөніндегі шындықтар туралы айтылған пікірлерінен үзінділер алынады. Мысалы: «Тарих бетінде әркімнің атқарған ісі, жасаған қатесі, шалыс басқан қадамы түгелдей айтылып, жазылуға тиіс... Қазақ интеллигенциясының тағдыр-талайында ғана емес, бүкіл халық тарихында қағидаға айналып кеткен қателіктерді түзетуіміз керек», – дейді сыншы [2, 139 б].

Немесе: «Мағжан сөз жоқ ұлы ақын, XX ғасырдағы қазақ поэзиясының классигі», «Жүсіпбек Аймауытов 1925 жылы «Мағжанның ақындығы» деген классикалық мақала жазып, жауап берді. Бұл шын мәніндегі сыни-эстетикалық еңбектің екі тұрғыдан, біріншіден, Мағжан ақындығының қыры мен сырын ұғынып алуға, көркемдік әлеміне қалай кіріп, қалай түсіну, ақын жанының қалтарыс-бүкпелерін қалай ұғу керектігін көрсеткен, әлі күнге дейін жалғыз мағжантануда ғана емес, бүкіл қазақ әдебиеттануында асқар бел болып келе жатқандығымен,

екіншіден, әдебиет сынының қайшылықтары биік көтерілгеніне көрсеткіш, сын тарихында белгілі бір кезең жасаған туынды екендігімен құнды» [3].

Осы үзінділерді сабақ барысында немесе сыныптан тыс жұмыстарда оның мәні мен мазмұны төңірегінде ой өрбітіп, оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге болады.

Бірнеше зерттеулерден мысал келтіріп, оқушыларды іздендіруге, салыстырмалы жұмысқа баулуға, өз беттерімен қорытынды жасауға, пікірлерін айтқызуға болады. Мысалы, Абай шығармашылығын өткенде, М.Дулатов, М.Әуезов, Т.Кәкішұлы еңбектерінен дәйектеме келтіруге болады.

Үлгі:

М.Дулатов: «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты оларға керек. Абайға дейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында, қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкім, мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай».

М.Әуезов: «Абай – қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі».

Т.Кәкішұлы: «Абай қазақ әдебиетінің тарихында жаңа эстетикалық норма жасап қоймай, қалыптасқан көзқарасы бар сыншы екенін де танытты. Оның эстетикалық тұжырым қағидалары қазақтың реалистік әдебиетінің өркендеу барысында ақын-жазушыларға зор ықпал жасап, социологиялық-эстетикалық сынның жанр ретінде туып өсуіне игі әсерін тигізді».

Ғылыми мақалалардағы дәйектемелермен танысып болғаннан кейін топта салыстыру жұмыстарын жүргізуге болады. Олар өз пікірлерін ортаға салып, сыншы ғалымдар пікірлеріне талдау жасайды, баға береді.

Топтық жұмыстардан кейін салыстыра талдау жүргізу, өз пікірлері мен ойларына жол ашу, ғалымдар пікірлеріне баға беру – бәрі әдеби сын еңбектерді оқытудың тиімді жолы болып табылады.

Үлгі: Т.Кәкішұлының шығармашылығына берілген бағалар

Е.Ысмайылов: Тұрсынбек Кәкішев – қазақ әдебиеті тарихының деректері мен фактілерін, әсіресе революция дәуіріндегі әдеби қозғалыстың құпия сырларын ашуға қажет документтерді оқып біліп, көп тексеріп келе жатқан білімді де, ойлы да әдебиетші. Бұған оның көптеген мақалалары, «Октябрь өркені» атты кітабы, «Қазақ әдебиеті тарихына» жазған жеке тарау еңбектері, әдебиет сынының тарихы туралы монографиялық зерттеуі толық дәлел (1966).

Ғабит Мүсірепов: Сырт жағынан қарағанда Сәкен жайында бірнеше еңбектер жазылып қалған екен өзі. Соның ішінде сенің «Жизнь замечательных людей» сериясында шыққан кітабың тексеруі піскен еңбек сияқты. Мен көп нәрселерді терең ұғынғаныңды байқаймын. Точная науқаның материалындай жақсы шыққан (1974).

Сәбит Мұқанов: Сәкеннің өмірін және қызметін көптен бері шұқшия зерттеп жүрген адамның бірі – Т.Кәкішев.

«Қызыл сұңқар» атты кітапта Сәкеннің өмір жолында оқырмандарға бұрын мәлімсіз материалдар, деректер көп. Тұрсынбек оларды Сәкенді көрген, істес болған адамдармен жолығысу арқылы, Омбының, Қызылжардың, Ақмоланың архивтерін ақтару арқылы тапқан.

Бұған дейін Сәкеннің өмірбаяны қысқаша немесе эпизодты түрде баяндалса, Тұрсынбек Сәкеннің бай өмірін кеңінен толғап, жан-жақты толық сипаттайды.

«Қызыл сұңқардың» тағы бір құнды жағы, Тұрсынбек Сәкенге тән деректерге тоқталып қана қоймай, қазақ халқының тіршілігінде болған үлкен оқиғаларды Сәкен өміріне байланыстыра жазып, біраз шындықтың сырын ашуға талпынғандығында. Мұндай еңбектер бізде көбірек жазылу керек-ау деп ойлаймын. Өйткені, біздің көне тарихымызда болсын халық үшін, жаңа қоғам үшін күрескен азаматтарымыз аз емес. Оларды жұршылыққа насихаттауымыз керек. Мұндай еңбектің тарихтық та, тәрбиелік те мәні зор (1966).

Мәлік Ғабдуллин: Т. Кәкішев – үздіксіз өсіп келе жатқан талантты ғалым және әдебиет сыншысы екені әмбеге аян. Әдебиет тарихының, теориясы мен сынының өзекті мәселелері бойынша оның жарияланған көптеген еңбектері бар. Бұл диссертация айрықша қажетті және күрделі зерттеу екенін ерекше баса айту керек, өйткені мұнда қазақ әдебиет сынының туу және қалыптасу тарихы алғаш баяндалған. Екінші жақтан, осы проблеманы күн тәртібіне қойып, оның оңтайлы да дәлелді шешімін табу арқылы автор тек өзінің ғана емес, қазақ әдебиеттану ғылымының қазіргі теориялық өрісін де танытып отыр.

Менің көзім мынаған анық жетті. Жұмыстың бірінші бөлімі ғылымға қосылған зор үлес, соны жаңалық автор нақты бай деректерге сүйене отырып, қазақ әдебиеті сынының туу шағын тарихи сорапта мықтап дәлелдеген (1971).

Сыныптан тыс оқуларда да сыни еңбектерді талқыланып жатқан шығармаға байланысты пайдалануға болады. Түсіндірмелі оқу, дәйексөз-үзінділер алу, пікір-бағаларды беріп отыру тиімді тәсіл деп есептелінеді. Әдеби білім бергенде негізгі мәтінді талдауда, сыни пікірлер бір-бірімен қабысып жату керек. Бірін-бірі толықтыру қажет.

Ең басты мәселе – мұғалім оқушылардың сыныптан тыс оқуын, сыныптан тыс сабақтарын ұйымдастырудың, ғылыми сын еңбектерді оқытудың тиімді ұйымдастыра білу керек.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетін жоғары сыныптарда оқыту кезінде сыншы-ғалымдардың пікірлері оқушылар назарына ұсынылып, олардың өз бетінше қорытынды жасауына көңіл бөлінгені дұрыс. Осы тұста профессор Тұрсынбек Кәкішұлының еңбектерінің қазақ әдебиетін тануда үлкен орны бар. Бүгінгі таңда көркем әдебиетті оқыту, бағамдау әлеуметтік сана төңкерісіне өзекжарды тың серпін туғызып, оны талдау мен түсіндіруге, жаңа ғылыми концепциялар жасауда Т.Кәкішұлы еңбектері қазақ ақын-жазушыларының шығармашылық әлемінің болмысы мен дүниетанымын тереңірек түсінуге әсер ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Бігібаева Қ. Әдебиетті тереңдеті оқыту. – Алматы: Мектеп, 2003. – 416 б.
2. Ғибратты ғұмыр (жауап ред.Қ.Әбдесұлы). – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 242 б.
3. Мәдібай Қ. Тұрсынбек Кәкішұлы – сәкентанушы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 75 б.

V

Т. КӘКІШҰЛЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫРЫ

(Республикалық I «Кәкішев оқулары» байқауының үздік шығармашылық жұмыстары)

Абдуалиева Фариза Еркінқызы,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

2-курс студенті, жетекшісі – ф.ғ.к. Мәтбек Н.Қ.

Маған біреу: «Осынау қаймана қазақта таланты мен талабы, пенделік қасиеттерінен шүйдесі асып, өркештеніп тұрар біреуін аташы», – десе, мен іркілместен Ұстаздың атын атар едім.

Маған біреу: «Алланың алқалап бергеніне әукесі түсе емінбейтін, өзінің қарақан басындағы жетістіктері мен кемістіктерінен әсте жерінбейтін, керісінше барды «бар», жоқты «жоқ» деп түйсіне алған сырбаз бар ма?» – десе, тағы да анық Ұстаздың есімін ең бірінші ауызға алар едім.

Маған біреу: «Ғұмырында бүгін бар, ертең жоқ баянсыз, тыз етпе билік, дүние-мүлік, ақша соңына еріп далақтамаған, қаламын еш нәрсеге айырбастамай, не жазса да ертеңге берері бар асыл мұра қалдырмаққа ұмтылған қаламгерді аташы», – десе, тағы да Ұстазды атайтыным анық.

Маған біреу: «Сөзбен дөңгелек шардың қырлы өткелін суретке бергісіз кейіпте оқырман алдына ұсынатын бірер жазушының атын атап, түсін түстеп бере қойшы», – десе, әй, кім білсін, тағы да Ұстаздың босағасына барып тәу ететін шығармын.

Иә, Ұстаз деп отырғаным – ұлтының игілігі үшін жер-жаһанды кезіп, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, тарихына қатысты жәдігерлерді жинап зерттеген, филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы-ғалым – Тұрсынбек Кәкішұлы. «Танымал, халқының ілтипатына бөленген Тұрсынбек аға туралы жазу оңай емес», – деп филология ғылымдарының кандидаты, ғалым Асылы Османның өзі жазушы туралы естеліктерде жүрексіне сөз бастағанда, сөздің сүйегі түгіл, етіне тісім батпаған мен үшін тұлға жайында бірлі жарым толғам жазу қиынға соққалы тұр. Не дегенмен «Айтпаса сөздің атасы өледіге» салып ұлыны ұлықтамаққа бел шештім.

Тұрсекең 1927 жылы, тамыз айының 15-інші жұлдызында Ақмола облысы Бұланды ауданы Бөрлі ауылында дүниеге келген. Әйгілі әдебиет зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер. Қазақ кеңес әдебиеті тарихын екі тілде жазып, кітап етіп, шығаруға атсалысқан ғалым. Әсіресе біртуар тұлға Сәкен Сейфуллиннің өнегелі өмірі мен шынайы шығармашылығын ғылыми тұрғыдан зерттеуге біраз ғибратты ғұмырын арнаған. Тұрсекеңнің «Сәкен Сейфуллин», «Қызыл сұңқар», «Сәкен және Гүлбахрам», «Сәкеннің соты», «Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры» (К. Ахметовамен бірге). «Сәкен сүйген сұлулар», «Мағжан және Сәкен», «Садақ», «Жасампаз өлке», «Санадағы жаралар», «Кер заманның кереғар ойлары», «Сәбең әлемі» және басқа да еңбектері – әдебиеттану ғылымына, ұлттық рухани байлық қазынасына қосылған сүбелі үлес. Бір ғажабы сол: бұл кітаптарда салиқалы, салмақты әдеби сын да, парасатты, пайымды ой-толғамдар да, ерекше елеңдететін елеулі естеліктер де, жүйелі, жоспарлы жолсапарлар әсерлері де бар. Былайша айтқанда,

қарымды қаламгердің кез келген жинағы талғампаз оқырман қауымды, жалпы бұқара халықты бейжай қалдырмайды.

Оның еңбектері бірнеше саланы қамтиды. Ғалым қазақ әдеби сынын тереңінен зерттеп, оны жеке ғылыми салаға айналдырды, арнайы пән ретінде білім жүйесіне енгізді. Тұрсынбек Кәкішұлы архив жазбаларын ақтарушы ғалым болды. Соның арқасында көптеген жаңа деректер тауып, «Садақ» журналын жария етті, қаншама тың ойлар мен тұжырымдар жасады. Әсіресе Сәкен Сейфуллиннің мұрасын мұрағаттап, Мағжанның тағдырына байланысты өте мәнді де маңызды мәліметтер межеледі, екі ұлы ақынның арақатынасын ашып көрсетті. Ғылым саласындағы еңбектері жыл сайын бүкіл одақты аралап, көрген-білгенін қаттап шығарған кітаптары, эсселері, мақалалары ұлттық руханиятқа қосылған үлкен үлес әрі ол қазақ халқымен бірге жасайтыны күмәнсіз. Ғалымның зерттеп, зерделеген еңбектері қаншама, мысалы, «Сын сапары», «Оңаша отау» атты кітаптары оқу құралына айналып, қазірге дейін студенттердің қолынан түспей келе жатыр. Саналы ғұмырында көптеген жерлерге сапар шегіп, көңіл көкжиегін арттырып отырды. Жай ғана өзі көріп қоймай, білгенімен, түйгенімен көпшілікпен мақалаларында, очерктерінде бөлісті. Тұрсынбек Кәкішұлының Торғай сапарынан туған көлемді, көркем, мазмұнды естелігі «Қостанай таңы» газетінің бірнеше санында жарияланды. Бұл туындыны «Қазақ» газеті де басты. Кейін көреген көзбен, көркем сөзбен жазылған естелік кітап болып та шықты. «Турасын айту керек, оқыған оқырман түк өкінбейді», – деп ақын, филология ғылымдарының кандидаты Нағашыбай Мұқатовтың айтқан пікірінен-ақ оқуға тұрарлық туынды екенін аңғарамыз. Енді бір естелігінде ақын: «Несін жасырайық, егеменді ел дегеннің өзін кей жағдайда кері түсіну әрекеттері бар. Естеріңізде ме, кешегі қылышынан қан тамып тұрған кеңес дәуірінің өзінде тілді, дінді, ата-текті дәріптеген жандар болды ғой. Бірақ бөлектену ерсі көрінді. Мәселен, Тұрсынбек аға – Ақмола облысында туса да, бүкіл қазаққа ортақ перзент. Оны ешкім жатырқамады. Жолы түсе қалса Көкшетау көкке көтерді, Қарағанды ыстық құшаққа орады, Қызылорда керемет құрметтеді, Қостанай құшағына баурады, Шымкент шын бауыр тұтты. Бәрібір оқырман тарапынан ғалымның өзі қай тектен деген сауал туындауы әбден заңды. Ол – керей ұрпағының бір өкілі. Қостанайдағы беделді, белгілі інілері, профессор, танымал ғалым Аманжол Күзембайұлы, бай тәжірибелі кәсіпкерлер Темірхан Үндемесов, Ибраш Естаевтармен ұдайы хабарласып тұрды. Бірақ өздерін өзгелерден алшақ ұстап, бұра тартып, бөлектеніп жүруден әрқашан аулақ болды. Қостанайдағы қаламдас інілері Серікбай Оспанов, Ақылбек Шаяхметовтермен жүздескен сәтте бір серпіліп, бір желпініп қалатыны және бар», – деп көсіле жазады. Елге де, жерге де бөлінбеген қаймана қазақты тұтас сүйген кең жүректі, алып тұлғалы азамат екеніне тағы да бір мәрте көзіміз жеткендей болды.

Соңғы жылдарының өзінде Т.Кәкішұлының үкімет, Президент саясатына байланысты батыл ойлардан тұратын бірнеше сұхбаты оппозициялық «Дат» газетінде жарық көрді және олар халыққа өте ұнады. Атақты жанның рухани байлыққа негізделген өзекті жайлар көкейін мазалаған сәттегі жан айқайы тіпті бөлек. Әдебиет әлемінің бозторғайы тәрізді тынымсыз шырылдады. Ғалымдардың ішінен суырылып шыққан бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді авторларының бірі болды. Қазақ радиосында да әдебиетші ретінде философиялық ой-түйіндерін айтып, көпшілікке көзқарасымен танылды. Әйгілі ғалым, әдебиетші республикалық ақындар айтысындағы әділқазылар алқасының құрамында да сан мәрте отырды. Төрелікті турасынан айтуымен көзге түсті. Бұл туралы Нағашыбай Мұқатовтың естелігінде: «Қазақстанның халық ақыны Ә. Беркенованың 50 жылдық мерейтойына қатынасу үшін әдейі Қостанай қаласына келіп, ағалық ниетін білдіріп, ғалымдық ғибратты сөз айтқанын қалай ұмытайық. Тұрсекеңнің айтыс, мерейтой иесі жайлы айшықты лебізі маңызды мәдени шараның ажарын ашып берді. Тұрсекең қазақтың ежелгі әзіл-қалжыңына да шебер еді. Ол арқылы сөз киелілігін, құдіретін көркем көрсете білді», – деп пікір білдірді.

Бір бойына сан саланы сабақтап, білеуден беліне елдің шокпарларын қатарластыра ілген сом тұлға жайында айтар толғамды жіптікше созсам аяқтамаққа жоқпын. «Тұрсекең» деп сабаз өресін көтерген, оймақтай ойларын жатсынбаған халық жадында тұлға өмірі мен шығармашылығы заңғар ала көк боп «Тұрса екен»!

Әуесхан Әсия Әділбекқызы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
3-курс студенті, жетекшісі: Мұратбек Б.Қ., ф.ғ.к., доцент

«Оқысаң ғылым қорын білім асар,

Көңілдің кіршік басқан көзін ашар». Шәңгерей екі ғасыр бұрын айтқан осы екі жол ғылымның да, ғалымның да мұратын айқындап тұрғандай. Расында, білім ғылымның дамуымен толысады, талмай зерттеу мен зерделеудің арқасында кемелденеді. Абайша айтсақ, "махаббатпен көксерлік ғылым" көкіректің көзін ашып, қараңғылықтан жарыққа жол сілтейді. Ғылым шындықты, талмай еңбектенуді, үздіксіз ізденісті, сүйіспеншілікті талап етеді. Әйтпесе, ғылым тазалықтан, адалдықтан арылады. Міне, ғылымнан осындай тазалық іздеп, зерттеу жолына нұрлы ақыл, жылы жүрекпен келе білген, әдебиетті шынайы сүйе білген, кей сыншылар даттаған қазақтың Сәкендей, Сәбиттей ақын -жазушыларын ақтап алған біртуар ғалым, әдебиетші, зерттеуші Тұрсынбек Кәкішұлы болды.

Тұрсынбек Кәкішұлының әдебиет саласына, оның ішінде әдеби сын саласына қосқан еңбегі ұшан-теңіз. Атап айтсақ, 1967 жылы «Дәуір суреттері», 1971 жылы «Сын сапары», 1982 жылы «Оңаша отау», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), т.б. еңбектерінде қазақ әдебиеті мен сынының тарихы терең зерттелген. Кәкішев «Қазақ кеңес әдебиеті тарихы» (1970, орыс тілінде), «Көп ұлтты кеңес әдебиетінің тарихы» (1970, Мәскеу) сияқты еңбектерді жазуға қатысты. Бұл еңбектер, расында, ХХ ғасырдағы қазақ әдеби сыны үшін құнды зерттеулер болды. Ғалымның, әсіресе, «Қазақ әдебиет сынының туу және қалыптасу жолдары» атты 1971 жылы қорғаған докторлық диссертациясы ондаған жылдар бойғы зерттеулердің нәтижесінде жазылып, қазақтың әдеби сыны тарихының қайдан, қашан басталғандығын баршаға айқындап берген еді. Бұл еңбегінде зерттеуші қазақ әдебиет сынының Қазан революциясына дейін туғандығын, Ұлы Отан соғысына дейін жанрлық жағынан толық қалыптасқандығын дәлелдеп берді. Мұның өзі әдебиетшінің тек ғалым ретіндегі зерттеуінің мықтылығын емес, оның азаматтық адамгершілігін, ұлтжандылығын көрсететіні анық. Елдің ертеңі - кешегі тарихын білу, ал тарих халықтың әдебиетін тереңінен қазып зерделеу екендігін жақсы түсінген Тұрсынбек Кәкішев қазақтың әдеби сынын зерттеу арқылы осы нәрсені дәлелдей білді. «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ совет әдебиетінің тарихы» т.б. іргелі еңбектерді даярлап, жазысуға қатысуы да осының тағы бір айғағы.

Сын саласында жазылған, дауға көп ұшыраған шыншыл ғалымның айырықша еңбегі «Оңаша отау» кітабы болды. 1982 жылы жарияланған бұл еңбекте зерттеуші әдеби сынның жай-күйін сараптауға арналған еді. Ұлттық құндылықты насихаттау, қазақи болмысты көрсету тыйым салынған аумалы-төкпелі заманда бұл еңбек баспа бетін көрмей, ұзақ жылдар бойы тек жарқ етер кезеңін күтіп жатты. Еңбектің «даулы» әрі құнды болғандығын филология ғылымдарының докторы, профессор Смағұлов Ж.Қ. мына пікірінен де аңғаруға болады: «Бұл еңбек саясат салқынына ұрынып, бірақ кемшіліктерге бой алдырғанмен де, 1980 жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін 1920-30 жылдардағы әдеби-саяси өмірдің көп шындығын ашып берді. Ал, автор бұл мәселеге 1994 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиет сынының тарихында» қайта оралып, мүлде жаңаша көзқараспен жазды. Онда алғашқы кітапта айтуға мүмкіндік болмаған қазақ халқының ұлттық мүддесі үшін алысып өткен алашшылдар жайлы шындықтар ашылып, олардың қазақ әдеби сынының тарихындағы сыншылдық ой-пікірлердің маңызды орны, лайықты бағаланды». Аталмыш еңбекті жазу, жазып қана қоймай, сол кезеңдегі саясаттың салқынынан қаймықпай бар шындықты жайып салуы, дәлелдер мен айғақтарды батыл көрсете білуі шыншыл сыншының ұлт азаматы, қайсар қайраткері екендігін танытады.

Тұрсынбек Кәкішұлының азаматтық тұлғасының жан-жақты ашылатын тұсы, меніңше, Сәкентану жолында жүргізген баға жетпес зерттеулері. Ғалым бұл тұрғыда Сәкен Сейфуллинді ақынды сынап-мінеген, Алашордашылардың жауы, Кеңес өкіметінің қолшоқпары еткен сыншылардың алдында да, ал ең бастысы барша қазақ елінің алдында ақтап алды. Оның еткен еңбегін, жүріп өткен жолын толығымен зерттеп, Сәкен тұлғасын жаңа

қырынан «қайта тірілтті». Сәкен туралы кешегі күнге дейін айтылып келген «Сәкен болмаса, Кеңес өкіметі Қазақстанға орнамас еді» немесе «Сәкен Сейфуллин Алашордашылардың жауы болып, Кеңес өкіметі, яғни Патша өкіметін қолдады» деген секілді жаңсақ, дәлелсіз пікірлерге қарсы дау айтып, әр айтқан сөзін ақынның өмір жолындағы жағдайлар, жазылған еңбектері, істеген әрекеттері арқылы дәлелдеп берді. Оны ғалымның мына сұхбатынан байқауға болады: «Мына қазір Алаш қайраткерлері жөнінде үлкен мақалалар жазылып, шаралар қолданылып жатыр, ал шындығына келген уақытында Алаштың көздегені де, Сәкеннің, Сәбиттің көздегені де - қазақ халқының жайы. Бірақ, олардың жолдары екі басқа болды. Алаш қайраткерлері демократиялық ағартушылық бағытпен кетті, ал Сәкендердікі ағартушы революциялық бағыт болды».

Сонымен қатар сыншы Сәкеннің атышулы шығармасы – «Тар жол, тайғақ кешу» романын да «ағартып» шығарды. «Тар жол, тайғақ кешу» романын алғаш рет 1927 жылғы басылымымен бердік. Оның не ерекшелігі бар: мынау байшыл, ұлтшыл, алашордашылар дегенді құртуға, тұқыртуға үгіттеген адам Сәкен болып отырған сияқты боп көрінеді ғой қазіргі сендерге. Ал «Тар жол, тайғақ кешудің» 1927 жылғы жарияланған нұсқасында мұндай сөздер жоқтың қасы. Келесі жарияланған нұсқаларда қызыл цензура, лито білгенін істеп, тізеге басып, Сәкеннің аузына күлдібадам әшкерелегіш сөздерді салып жіберген тәрізді. Ал мына 1927 жылғы нұсқада «қазақтың оқығандары, қазақтың төрелері» деген сөздермен Алашорда қайраткерлері туралы түсініктерін тұспалдап береді» деп, Сәкен мұрасына жасалған қастандықтың бетін ашып, дәлелін береді. Бұдан бөлек, зерттеуші атақты қаламгердің барлық шығармаларын жинақтап, жүйелеп, халық алдына он екі томдық жинақты ұсынды. Бұл тек Сәкеннің әруағына деген құрмет қана емес, халыққа, халықтың әдебиетіне, қазақтың барша зиялы қауымына деген сын саласының зергерінің үлкен құрметі деп білемін. Осыдан-ақ ғалымның қазақ қоғамының қайраткері екендігін еріксіз мойындайсың. Сыншы ғалым Сәдуақас Сейфуллин жайлы бар ойларын жинақтап, таразылап, «Сәкен Сейфуллин», «Қызыл сұңқар», «Сәкен Сейфуллин. Өнегелі өмір», «Сәкен және Гүлбаһрам», «Сәкеннің соты», «Мағжан және Сәкен» секілді оннан астам көлемді еңбектер жазып қалдырды.

Бір ғана Сәкен Сейфуллин емес, ғалым Т.Кәкішев ақтаған тағы бір зиялы қауым өкілі – Сәбит Мұқанов болды. Ғалым Мұқанов жайында «С.Мұқановтың қазақ әдебиетіндегі тарихи орны», «С.Мұқановты не үшін жазғырудамыз» атты тақырыптарда түрлі республикалық және халықаралық дәрежедегі конференцияларда баяндама оқып, Сәбиттей тұлғаның қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегінің зор екендігін, оның да Сәкен Сейфуллин секілді ұлттың, Алашорданың жауы емес, қара қазақтың қамын жеген қайтпас қайсар азаматы екендігін айқындады.

Қазақ әдебиетінің жанашыры Тұрсынбек Кәкішұлының өзге де қаламы қарымды ақын-жазушылардың, қазақтың зиялы қауымы өкілдерінің еңбектерінің еленіп, ұмыт қалған, жоғалып кеткен шығармаларын жинастыруда қосқан үлесі орасан зор. Атап айтқанда, қазақ кеңес әдебиетінің тарихынан есімдері ұмытыла бастаған Жиенғали Тілепбергенов, Елжас Бекенов секілді таланттар жайында мақала жазып, олардың қаламынан туған шығармаларын, еңбектерін жинап, жеке кітап етіп жарыққа шығарды. Сонымен қатар атақты жазушы Саттар Ерубаевтың шығармаларының екі томдығын шығаруға атсалысса, Сабыр Шариповтың 100 жылдығына орай қаламгердің шығармаларын қайта басып шығарды. Осы орайда әдебиетке, шығармашылыққа деген бұл жанашырлығы жайлы ғалымның шәкірті, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы Уәлихан Қалижанов былай деген: «Тұрсынбек Кәкішев – артында іздеушісі жоқ қаламгерлердің жоқшысы, дәуір мен әдебиеттің сарапшысы, замананың тамыршысы». Бұл пікір сын зергерінің даналығын, даралығын тағы бір дәлелдейді.

Зерттеуші ғалымның 90-жылдарда басқарған Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» атты кафедрасы да профессор Тұрсынбек Кәкішұлының арқасында рухани құндылықтар: елге, әдебиетке қажет біраз игі жұмыстарды атқарды. Соның бірі «Қазақ фольклоры және әдебиет тарихы» бөлімінің «Қазақ диаспорасының рухани әлемі» тобының шетелдегі қазақтардың фольклорлық, этнографиялық,

музыкалық қазынасын зерттеуі болды. Профессор ғалым бұл тұста да өзінің нағыз қазақтың қоғам қайраткері екендігін дәлелдей алды. Өйткені, қазақ ұлты бір ғана Қазақстанда тұратын халықпен шектелмегендіктен, ата қонысын тастауға мәжбүр болған қандастарымыздың да аузында жүрген ән-күйі, мақал-мәтелі, тұрмыс-салты, бір сөзбен айтқанда әдебиеті мен мәдениетін зерттеу тұтас халыққа деген ғалым ретіндегі ғана емес, елдің перзенті ретіндегі де жанашырлығы болып табылады.

Ғылымға, ізденіске әрдайым ашық болған профессор басқарған кафедра ұжымы мұнымен қоса «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты еңбекті ағылшын, француз, корей тілдеріне аударып, қазақ әдебиетінің өзге елдерде де насихатталып, сол арқылы ұлтымыздың әлемдік аренада көрінуіне себепкер болды. Бұл да нағыз елін сүйген, халқын мақтан еткен ердің әрекеті болса керек.

Ерен еңбегінің еленгені шығар, 1979 жылы әдебиетші ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлына «Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілген еді. Қазақ әдебиетінің тарихының бір жүйеге түсуіне, қазақ әдеби сынының өз алдына дербес ғылым саласы болуына атсалысқан ұлт жанашыры үшін бұл марапаттың артық болмағаны анық.

Т.Кәкішұлы сан қырлы тұлға болған. Ұстаз, ғалым, зерттеуші, сыншы, әдебиеттанушы болуымен қатар саяхатшылық қыры да болған. Ғалымның саяхаттары тек ел танып, жер көру мақсатымен шектелмегені айтпаса да түсінікті. Ізденімпаз, еңбекқор ғалым қай елде, қай қалада, жерде жүрсе де, қазақ халқына, оның қайраткерлеріне қатысты деректерді іздестіретіндігі «Ұштасқан үш өзенмен» (1978), «Жол үстінде 80 күн» (1983), «Жасамапаз өлке» (1989), кітаптарынан көрінсе, Польша, Қытай, Иран, Түркия, Монғолия, Франция сапарлары қазақ диаспорасының жай-күйімен байланысып жатады. Саяхатшы Кәкішев КСРО-ның батыс, шығыс бөліктерін, Орта Азия республикаларын, Қырым, Кавказ жерлерін, Еділ бойындағы автономиялық республикаларды әр жылдары аралап, еңбектеріне қажетті құнды мәліметтер жинақтап қайтқан.

Тірі кезінде адамның қандай болып, өмір жолын қалай жүріп өткені жайлы оның еңбегі көрсетеді. Тұрсынбектей ғалымның аты да, хаты да өлмек емес. Оның зор азаматтық тұлғасы, ұстаздық болмысы, шыншыл сыншылдығы жайлы замандас ғалым, жазушылар да, өзі баулыған шәкірттері де айтудан жалықпайды. Журналист, мәдениет қайраткері Сұлтан Оразалин: «Әдебиет ғылымын тереңдетіп зерттеген, үлкен-үлкен еңбектер жазған Тұрсекеңнің толқыны. Ол кісі нағыз қайсар адам болды. Жоқтан өзгеге жығыла бермейтін, өзіне қолайлы жағдайда көне қалатын мінезі жоқ еді. Сондықтан Тұрсекеңнің қарсыластары да, ұнатпайтын адамдары да көп еді. Бірақ бойындағы ғажайып еңбекқорлығы, ғалымдығы, фактіге, дерекке, жүгіне отырып, өзінің ойынын шындығын жеткізу ол қазіргі біздің ғалымдарымыздың бойында жетпей жатқан қасиет еді», - десе, атақты жазушы Әбіш Кекілбайұлы: «Алай-талай буырқанған айтыстардың төрінен бурыл шашын әнтек дудыратып Тұрсекең сөйлейді. Ешкімнің бет-жүзіне қарамайды. Ойындағысын ақтарады. Ұзақ жыл шұқшия зерттеп, әбден көзі жеткенін айтады. Қилы тағдырларды одан әрі қиындатқан жоқ. Қиын гәптерді орынсыз оңайлатқан да жоқ. Арсы-күрсі күрес үстінде өтіп жатқан өмір майданы оның қаламынан барша болмысымен өз қалпында көрінді. Еш боямасыз шыңғырған шындық қалпында көрініс тапты. Алпыс жылдай ғұмырын ақиқат жолындағы арпалыстарға арнады» деп еске алады. Қарап тұрсаңыз, Тұрсынбек жайлы айтылған пікірлердің қай-қайсысында да оның шындық деп, ақиқат деп шырылдағанын байқайсың. Демек, ғалым өзі айтқандай, «шындықтың шырайын келтіріп айтпасақ, халықты тәрбиелеу қиын...» деп, әдебиетті шындықпен зерттеп, халықты сонымен тәрбиелей алды ол.

Қорыта келе, Тұрсынбек Кәкішұлы Хакім Абай айтқан «ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» деген асыл өсиетін орындай білді, өзгелерге де орындата білді. «Зиялы қауымсыз жүрер жолымыз даңғыл бола алмайды. Зиялысы келіспей ел оңбайды. Сондықтан бүгінгі қазақ зиялылары өзіне заман жүктеп отырған ұлы міндетті яғни елдің тәрбиешісі, ұрпақтың ағартушысы, ұлттың жоқшысы, қамқоры, халықтың жетекшісі, келешектің барлаушысы болу парызын орындауға тиіс» деп, қазақтың зиялысына талабы мен

тілегін жолдаған әдебиеттанушы, зерттеуші, сыншы ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы өзі осы парыздардың барлығын өтей білді деп білемін. Қазақтың төл әдебиетін зерттеу, сынын зерделеу арқылы халықтың тарихы мен мәдениетінің келер ұрпаққа бағасыз байлық, қымбат қазына болып қалуына үлкен үлес қосты. Тілге деген құрмет, тарихқа тағылым, әдебиетке деген сүйіспеншілік, ғылымға деген махаббат – осының барлығын ақиқатпен матап, ел алдына абыроймен шығарды. Ендеше, біздің міндет – сол жолдың ұршығын тарқатып алмау, жалғау және кейінгі ұрпаққа аманаттап жеткізу болмақ.

Қамшыбек Ахмет,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
4-курс студенті, жетекшісі – Ш.А. Шортанбай

Қазақ ғылымының негізгі түп қазығы, руханиятымыздың алтын айдары саналатын тұлғалар аз емес. Ғылымның тұтқасын ұстаған, әдебиеттің айдынында жүзген олар тұтас бір ұлттың айнасы іспеттес. Қадірі қасиетке, өнегесі өсиетке өрілген сондай тұлғалар ұлт үшін жаралғандай-ақ көрінеді де тұрады. Ал ұлтына ұстын, халқына қазына болған Тұрсынбек Кәкішұлы, шын мағынасында, ұлты үшін жаралған тұлға еді.

Бүгінгі күні әдебиет сыны, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов жөнінде болатын қайшыласқан пікір-талас пен тартыста ақиқатын анықтау үшін Тұрсынбек Кәкішұлына, оның еңбектеріне жүгінетініміз айдан анық. Ғалым өзінің саналы ғұмырының басым бөлігін осы тақырыпқа арнап, әдебиетіміздің қордаланып қалған, көптің көңілін күпті еткен мәселелерінің бетін ашты. Сан ғасырдан бері тамыр тартатын тағылымды қазақ әдебиеті мен сынын жоққа шығару үшін оны 1917 жылдан басталады деген жарымжан пікір кең етек жайған өткен ғасырда руханиятымыздың іргесін сөгіле бастағаны тарихтан белгілі. Осындай түйіткілді мәселені тереңнен түсінген Т. Кәкішұлы тағылған айыптар мен айтылған пікірлердің терістігін дәлелдеп, бұл бағытта толымды еңбек жазған болатын. Бұл – бір. Сонымен қатар, Сәкен мен Сәбиттің азаматтық позициясына күмәнмен қараған, «Алаш» партиясы мен қос қаламгердің арасына сырттай сына қағылған тұста аталмыш тақырыпқа бірнеше ғылыми еңбек, мақала, очерк арнаған ғалым Т. Кәкішұлының бұл тұрғыда атқарған ісі елеулі. Бұл – екі. Міне, осы тақырыптарды ашық зерде, айқын көзқарас арқылы саралаған ғалымның әдебиеттегі, ғылымдағы орны ерекше. Тіпті, әлі күнге дейін жоғарыда біз сөз еткен тақырыптарды Тұрсынбек Кәкішұлы секілді терең зерделеген адамның болмауы – ғалымның биік өресін, еңбеккеш әрі ізденімпаз екенін танытады.

Ғалымның ізденіске толы шығармашылық ғұмырына үлкен мән беріп, оның еңбектерінің қазақ әдебиеттануындағы айшықты орны туралы осы уақытқа дейін біршама пайымды пікірлер айтылды, толымды тұжырымдар жасалды. Алайда, біз Тұрсынбек Кәкішұлының ғылым жолындағы іргелі істеріне, ірілі ізденістеріне емес, азаматтық тұлғасына, қайраткерлік қарымына мән беруді жөн көрдік. Т. Кәкішұлы өзінің ғибратты ғұмырында елінің тағдыры, руханиятың болашағы туралы алаңдап, небір ордалы ойлар айтып, нағыз қайраткерліктің үлгісін көрсеткен. Қасиеті бір қауым елге азық болған, өсиеті бір жұмыр жерге қазық болған. Ол руға емес, рухқа бас иген. Ұлға емес, ұлтқа қызмет еткен, Ағаны емес, Алашты ардақтаған. Бұл туралы ғалым Рахманқұл Бердібай: «Жалпы, Тұрсынбектің шындыққа жығылатындығы, әділдікті айтуға тырысатындығы, ұлттың намысына, тағдырына бей-жай қарамайтындығы өткір мәселелерден қашып, бұғып қалмай, халық сөзін сөйлеуге талаптанатыны – оның ең жақсы қыры. 1956 жылы мәселе көтергеніміз үшін таяқ жегеннің бірі мен болатынымын. Қаулыға іліккендердің ішінде менің атым бірінші аталатын. Ұлтшыл деген атаққа да ұшырап, партиядан да шықтық, жазған еңбектеріміз басылмай қалған кездері де болды. Жұмыстан қуылдым... Сондай қиын кезеңде қуғында жүрген адамға жанасудың өзі күнәдай болатын. Жаманатқа қалатын қауіп ол кезде күшті еді. Бірақ шын азаматтық қабілеті бар адамдар шырқыраған шындықты айтпай тұра алмайды. Ертең жұмыстан шығып қалам-ау,

немесе сый-сияпаттан құр қалам-ау демейді. Сол кезде менен безбегендердің бірі осы Тұрсынбек болды», – деп ағынан жарылған еді.

Әділдікті жақтау, ақиқатты тану тек соқталы істерде, мемлекеттік маңызы бар мәселелерде ғана бой көтермейді. Ол қоғамның кез келген саласында, өмірдің небір бұралаң сәттерінде жаныңа жалау болады. Ұлтыңның тағдыры сын сағатқа түскенде жаныңды аямау, жанкештілікке бару – үлкен ерлік. Әділдікті жанұшыра іздеген сондай бір күндер 1986 жылдың желтоқсанында болып еді. Кеңес Одағының солақай саясатының салқыны Тұрсынбек Кәкішұлына да тиген еді. Тапталған намысын оятуға, жығылған туын қайта көтеруге шыққан жастардың қалың нөпірінің арасында Т. Кәкішұлының да шәкірттері болған. Империялық жойқын саясат ақыр аяғында ғалымның өзіне де, шәкірттеріне де кесірін тигізді. 1986 жылы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде декан болып қызмет атқаратын Т. Кәкішұлын қауіпсіздік органдары тінткілей бастады, қысым көрсетті. Алайда осы бір сындарлы уақытта ол өзінің қара басының халінен бұрын шәкірттерінің болашағына алаңдады, туған перзентіндей қызғыштай қорғады. Ақыр аяғында, сол 1986 жылдың соңында Тұрсынбек Кәкішұлы қызметінен кетті. Шәкірт көңіліндегі ақжарма ниетті өзінің ұстаздық білігімен ұштастыра білген оның үлкен жүрегінен нәр алған адалдық қуаты сол уақыттағы келеңсіз жағдайларға қарамастан, әділдік жолындағы әдебінен танбады. Сондықтан, Азаматтық – Тұрсынбек Кәкішұлының бірінші аты деп білеміз.

Ұлтын сүю, ұлты үшін жан аямай қызмет ету – ұлтшылдық емес. Бар қарым-қабілетің мен күш-қайратыңды осы бағытқа арнау – ұлтжандылық. Тарихтың қатпарланған беттеріне үңілетін болсақ, бірқатар қайраткерлер, қаламгерлер ұлтшылдық айыбына ілігіп кеткен еді. Империалистік саясаттың қыспағынан қазақ интеллигенциясының негізгі іргесі осылай сөгілген болатын. Осы секілді айыптаулар Т. Кәкішұлының жолына жыландай орала кетті. Өткен ғасырдың орта шенінде болған тың және тыңайған жерлерді игеру ісі кезінде Қазақстанда 800-ден астам қазақ мектебі жабылып қалды. Міне, осы жағдайға өз алаңдаушылығын білдіріп, ғалым Рахманқұл Бердібай газет-журнал беттерінде мәселе көтереді. Осы уақытта ұлттың негізгі мәселелері, оқу жайы сараланған Т. Кәкішұлының «Тіл мәдениеті» атты мақаласы жарияланады. Бұл туралы Тұрсынбек Кәкішұлы ұлт мүддесі, ел тағдыры туралы толғаныс-мақалалары топтастырылған «Санадағы жаралар» кітабында кеңінен көсіледі. Ғалым осы жөнінде: «...Қазақ әдебиеті» 1956 жылы ана тілінің тағдыры туралы мәселе көтеріп, үлкен әңгіме өзегіне айналдыра бастаған уақытта қара сойылдар мен шоқпарлар аузын ашқандардың басына қара күн тудырды. Оның шет жағасын көрдік те. 1956 жылы желтоқсанның 10 күні ҚКП Орталық Комитеті арнайы қаулы алды. Оның негізін «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттері қос етек редакциялық мақаламен түсіндірді. Ол қаулыда талай игі істің басы қайырылды дегенімен қазақ тілінің көрген теперіші көбеймесе, азайған жоқ. Соның салдарынан республикада 827 қазақ мектебі жабылып қалғанын айтсақ та жеткілікті» деп өзінің ішкі күйзелісін жеткізеді. Осы жылдары тіл мәселесіне жиі назар аударған Р. Бердібай, Т.Кәкішұлы секілді тұлғаларға партия тарапынан қысастық жасалды, «ұлтшыл» деді. Сол уақытта тіл, ұлт, руханият туралы әңгіме бола қалса, «осында ұлтшылдықтың иісі аңқып тұрған жоқ па» дегендей даурығатын, істің мәнісіне толық бара алмайтын жәреуке мінезді адамдар да болды. Жел сөзге ерік беретіндерге жеңіл ғана қарап өтетін Тұрсынбек Кәкішұлы халқының алдындағы миссиясын орындауды тоқтатпады. Ол миссия ақиқат жолы, адалдық арнасы еді. Қайда жүрсе де, қандай қызметте болса да, ғалым-ұстаз ақиқаттың арғымағынан түспеді. Сондықтан Ақиқат – Тұрсынбек Кәкішұлының екінші аты.

Мінез – адамның бар болмыс-бітімін айқындайтын басты категория. Кез келген ортада адам өзінің мінезі арқылы танылатыны белгілі. Білімі мен білігі толысып тұрса да, кейбір адамдардың көп арасында жұтылып кетуі, бойкүйездікке ұшырауы мінездің жоқтығынан деп білемін. Ал мінезді болу, әсіресе шығармашыл тұлғаларға аса қажет. Өткен ғасырдағы ұлт интеллигенциясының көш басында тұрған Әлихан Бөкейханның: «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген сүбелі сөзі жоғарыдағы пікірімізді бекемдей түседі. Бұл тұрғыда Тұрсынбек Кәкішұлын білімі мен білігін, қайраты мен мінезін тоғыстыра білген жан деуімізге

болады. 2013 жылы Көкшетауда атақты Абылай ханның 300 жылдығы аталып өткені көпшілікке белгілі. Осы уақытқа дейін билік пен үкіметтің кертартпа істеріне қарсы пікір айтып келген Тұрсынбек Кәкішұлы бұл жиынға да бар ақиқат сөзін ішіне жиып келді. Тіпті жарын ойлап, жаны ауырған Күләш Ахмет те базына қылып, «ескерту» жасағандай болып еді. Алайда, ішкі бұлқыныстан туған ойын сыртқа шығармасқа болмады. Бұл оқиға туралы естелік-жазба қалдырған жазушы Жәди Шәкенұлы: «Содан жиналыс басталып, сөз кезегі эзер дегенде Тұрсекеңе тиді-ау. Ширап отырса керек, Абылай туарлы аз-кем тоқтала келіп, алдыңғы қатарда отырған мемлекеттік хатшы Марат Тәжинді меңзеп:

– Әй, Марат, сендер қала күнін Астана қаласында дүркіретіп өткізгенде сондайсыңдар, Абылайдың тойын Астанада тойлауға жарамай қалдыңдар ма? – деп күркіреді. Залдың іші шатырлаған шапалақ үні. Бес минуттай толас таппай дүркіреп тұрды. Жеңгеміздің «ескертуі» жайында қалып, Тұрсекең ащы шындықты жайып салды. Шындықпен бетпе-бет келгенде еш бұғып қалмайтын батыр, батыл, асау мінезін тағы бір мәрте солай көрсетіп еді», – деп Тұрсынбек Кәкішұлының қайтпас қайсар мінезін айқындай түсті. Кез келген ұлттық, мемлекеттік маңызы бар мәселеде өзінің ойын еркін айтқан, атағынан ат үркетін небір жағалыларға қарсы пікір айтқан ғалымның ақиқат жолында ештеңеден тайынбайтынын аңғардық. Әділдік – Тұрсынбек Кәкішұлының үшінші аты.

Расында, Тұрсынбек Кәкішұлын бітімі бөлек тұлға ретінде танытып тұрған да осы – әділдік, ақиқат, азаматтық қасиеттері. Ол жан жүрегімен өтірікке, әділетсіздікке қарсы болды. Ғалымның ғылыми еңбектері мен публицистикалық мақалаларынан ұлттық рухтың лебі есіп тұрады. Осы арқылы Тұрсынбек Кәкішұлы ұлтының ыстық ықыласына бөленген.

Тұрсынбек Кәкішұлының осы уақытқа дейін ғылым жолында атқарған ересен еңбегі көпшілікке мәлім. Ал біз өреміз жеткенше саңлақ қайраткердің азаматтық тұлғасының бір қырына ғана тоқталдық. Егер сана сайыпқыраны Тұрсынбек Кәкішұлының ғибратты ғұмырын саралайтын болсақ, оның ақиқаттан, азаматтықтан ауытқыған сәттерін кездестірмейміз. Тіпті, сөйлесең сөзінді де «соттап» жіберетін кеңестік кезеңде ұлттық мүдде, халықтық қазынаны қызғыштай қорғаудан шаршамаған ғалым-ұстаздың жанкештілігіне басыңды иесің. Сондықтан, оның есімін келер ұрпақ ақиқаттың айбалтасы, ал шығармашылық мұрасын адалдықтың алдаспаны деп танитын болады. Ғалымның: «Мен үшін қампиған даңқтан елді елең еткізетін титымдай алаштың ақиқаты қымбат» деген сөзі бүгінгі күні халқымыздың бет түзер темірқазығы болуы шарт. Айтса да, ақиқатын айтқан ғалымның мұрасы әлі талай уақыт шындықтың шырақшысы болар сөзсіз.

Кенжебек Айдана Асқарбекқызы,
*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің 2-курс магистранты,
жетекшісі ф.ғ.к., доцент А.А.Мамыт*

Ұлылық шыңына кез келгеннің шыға бермесі хақ. Биіктік дейтіннің өзі мыңнан бірді іріктеген, кіл жүйріктер арасынан оза шапқан асылдың сынығына ғана бұйырмайды ма? Бір қуанарлығы, бұл биіктікке дәуір мен уақыттың өзі іліндірмек. Бұл кісі қолымен жасауға келмейтін, кім көрінгенге берілмейтін даналық. Осы ұлылық пен биіктіктің көш басында ғалым, сыншы, әдебиет майталманы Тұрсынбек Кәкішұлы тұр. Маңдайға жазылған осынау ғұмырда бар еңбегі мен қажыр-қайратын, мақсат-мұратын қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына арнап, ұлт жолында еткен қызметі орасан зор еді. Шындық шырағын өшіруге тырысып, қазақ ұлтының рухы жоғалуына күш салған сол кездегі Кеңес үкіметінің салқын саясатынан қаймықпай, сан салалы соқпағынан қорықпастан, Алаш азаматтарын аққа арашалап алған азамат еді. Ғылым жолындағы ізденісі мен тыңнан түре салған жаңашылдығынан бөлек, қайсар біткен азаматтық тұлғасының арқасында биік мінбелерде тұрып, батыл баяндамалар жасады. Ғұмырының басым бөлігін ғылымға арнап, сол жолда анық та айқын ізін қалдырды. Қазақ дейтін ұлы халықтың жанашыр перзенті елінің күллі рухы –

әдебиетте жатқандығын жақсы ұғып, әдебиеттің, оның ішінде әдебиет сынының ғылым ретінде орнығуына негіз болды.

Қазақ әдебиеті тарихын зерттеудегі қаншама еңбек, төккен тердің бәрі де ұлт перзентінің өз халқына деген риясыз махаббаты мен сүйіспеншілігінің арқасы болса керек. Әйтпегенде, ұлттық ғылымды қалыптастыру жолында тұлға бойынан батырлық пен ерлік, қайраткерлік табылмайтын еді ғой.

Университет қабырғасындағы алғашқы жылдарда бізге «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» деп аталатын пән өтілген болатын. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдебиеттің ғылым ретіндегі үш саласы: тарихы, теориясы мен сыны болады дегенін ескерер болсақ, әдебиеттегі сыншылдықтың негізін Тұрсынбек Кәкішұлы қалағанын білдік. Өз еңбектерінде қазақ әдебиеті сынының қалыптасып, даму тарихын зерттеу жолында сыншылдық дәуірін Абайдан бастап қарастыратын әдебиетіміздегі «Абай – ұлт мақтанышы» дейтін зерттеу еңбектерімен де таныстық. Ғалымның көзін көріп, тілдесе алмасақ та, оның қалдырған мәңгілік зерттеу мұраларының құндылығынан соншалықты биік, парасатты адам болғандығын байқаймыз. Замандастарының пікірінен ғалым туралы естеліктерді оқығанда, Тұрсынбек Кәкішұлының зерттеушілік, сыншылық талантынан бөлек, адамгершілігі жоғары, әділдікті туғып ұстанатын, турашыл, тік мінезді азамат болғандығын білуге болады. Мықты ұстаз, зерделі ғалым, парасатты азаматтың бойынан асыл қасиеттер ортақ көрініс тауып, ғылым жолында, ғұмыр жолында үлгілі тіршілік етуіне мұрындық болғандай. Көзі тірі болғанда әлі де көп мұра қалдырып үлгерер ме еді деп ойландым. Ұлы әдебиетшінің көзін көру кештеу боп қалғандығы қынжылтады. Мүмкін, жүздесе алғанда көп нәрсе түйген болар едік, үйренген болар едік. Дегенмен, «тау алыстаған сайын биіктей береді» дегендей, уақыт, замана жылжыған сайын Тұрсынбек Кәкішұлының тұлғалық даңқы арта бермесе, кемімек емес деп білемін.

Қазақ әдебиетінің классигіне айналған тұлғалардың ақталып, ортамызға оралып, шығармаларының кең көлемде таралуына бірден-бір септігін тигізген де Тұрсынбек Кәкішұлы болатын. Әсіресе Алаш азаматтарының атын ақтауда қайсарлық пен сыншылдықты ұстанып, мықты ерік-жігерімен жолында кездескен сүрлеу мен соқпаққа құламастан, жағасынан алғанға жығылмастан әділдік жолына жетіп, Сәкен мен Сәбит есімдерінің ақталуына бар күшін салған еді. Өзі зерттеп отырған тақырыптың сырына әбден қанығып, көзі толық жеткенде ғана айтады екен. Ақиқатты оңайлықпен қабылдағысы келмейтін күрес тіршілікте шындық жолына шырақ ұстап түскен.

Тіршілігінде ел, жерді көп аралап, әлемнің түкпір-түкпіріне саяхат шеккен азаматтың көкірек көзі ашық, таным көкжиегі кең екендігінде дау жоқ. Бұл сапары ел, жер көруді мақсат еткен сапар емес, «Сын сапары» болды. Ғалым Моңғолия мен Иранға, Польша мен Қытайға сапары кезінде сондағы қазақ диаспорасының әдебиетімен танысып қайтатын. Қазақ әдебиетінің ғылыми жаңалықтары, ұлы қайраткерлері хақында баяндамалар оқып, «Дәуір суреттерінің» көркем естеліктерін қалдырған еді. Алаш ұлының туған ұлтына деген аяулы перзенттік парызының көрінісі еді бұл...

Қазақ әдебиетінің, Кеңес әдебиетінің тарихын тарамдап, томдаған еңбек жазып, сыншылдықтың туын тігіп, ғылыми айналымға түсіру жолындағы әрекет ерлікпен пара-пар емес пе? Күш-қуатының бәрін ғылым жолына сарп еткен сыншының мұрат-мақсаты – қазақ халқының ғылыми әдебиетін қалыптастырудағы ізгі ниетінен туындаса керек.

Сыншылдық – күрделі де қиын өнер. Оның қиындығы сонда: сыншы сынға алып отырған дүниесін тереңнен қазбалап, сыры мен шынына бойлай алуы тиіс. Көркемөнердің қасиетін ұғынарлықтай биік дәрежеде, талғамы жоғары, сөзі қуатты, ойлы болуы керек. Ғалымның өзі айтқандай, «сын мақсаты - ажарсызды кемсітіп, мінеу емес, адамның жандүниесін ізгілік пен сұлулыққа тәрбиелеу». Нағыз жанашыр сыншы ғана кемшілікті көруге емес, түзетуге ұмтылады. Қисынсыздан қисын, бедерсізден бедер тауып, тереңнен толғап, жазушы мен шығарманың ішкі әлеміне ене алады. Тұрсынбек Кәкішұлы сондай сарабал сыншы еді. Бір бойына жиналған қаншама адами құндылығы ғалымның мәңгілік ғұмыр кешетін тұлғалық бейнесінің қалыптасуына сеп болды.

Ұлы адам қатарынан көріну үшін таудай талап пен Тәңір дарытқан дарының болғаны аздық етеді. Адамзатқа әуелі рухани құндылық қажет-ақ. Адамгершіліктің биігінен көрініп, ақ жолда жүргенде ғана, ақиқаттан аттамағанда ғана адами болмысты сақтап қалуға болады. Ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының мен сондай жоғары азаматтық нар тұлғасын байқадым. Өзіне еңбек арнап, естелік жазған қаншама танымал шәкірттері де қазақ әдебиетінің мол мұрасын жете зерттеп, одан әрі толығып, көркейе түсуіне еңбек сіңіріп келеді. Ұлы ұстазының салған дара жолынан жаңылмай, ұстаздық отын өшірмей, шәкірттік міндетін абыроймен аяқтаған, орындап келе жатқан талантты ізбасарлары бар ғалым қандай бақытты еді!...

Тіршілікте игі іс етіп, артыңа жақсылықпен қалудан асқан қандай бақыт бар? Абай айтпақшы, өлді деуге бола ма айтыңдаршы?!...Зерттеуші жайлы жазылған естеліктерді оқи отыра, оның кісілік келбетінің биіктігіне таң қалдым. Алпыс жылдай ғұмырын ақиқатты іздеуге арнап, жағымпаздандуды білмеген, әділдігін сөйлеген, шындығын көксеген неткен жаны таза, ары биік, рухы ояу азамат еді! Қандай мақсат жолында болмасын, қазақ әдебиеті ғылымына ақтандақтарды арашалап, атын асқақтатып қоса білді. Біз бүгінде ұлы туындыға балап жүрген қаншама көркем шығармаға алғысөз жазып, ертерек жарық көруіне ықпал еткендігі бөлек әңгіме. Қазақ халқы барда бұл шығармалар ұмытылмақ емес. Ал, сол туындының жарыққа шығып, кең таралуына мұрындық болған, игі істің басы-қасында болып, шын жанашырлық танытып, ұлтының рухани кемелденуін ойлаған ұлтшыл азамат тіпті де естен шықпайды. Есесіне, замана жылжыған сайын, мерейі үстем бола бермек. Бұл – зандылық. Рас...

Сыншының «Қызыл сұңқары» болған Сәкен жайлы зерттеуіне тоқтамай өту мүмкін емес дүние. Сәкеннің қалың қазақ қамын ойлаған арда азамат екендігін дәлелдеу үшін қаншама уақыты мен күшін сарп етті. Алғаш қолына тиген «Тар жол, тайғақ кешудің» кейін бұрмаланып жазылып, Сәкен атына нұқсан келтірген нұсқасындағы бұрмалаушылықты дәлелдеп, түпнұсқасын шығаруға көп тер төккен. Сәкеннің жарымен кездесіп, ақынның көзін көрген замандастарынан естелік пен қолжазба жинап, қазақ әдебиетінің үлгілі шығармаларының молаюына септігін тигізді. Бұл – уақыт еншісіндегі ақиқаттың түбі бір ашылатынының жарқын дәлелі еді.

Ұлы адам – ұлт маңдайына бітетін сирек құбылыс қой. Соның бірі әрі бірегейі Тұрсынбек Кәкішұлының мол мұрасын түгесіп айту мүмкін болмаған болар еді. Бір ғана сыншылық қасиетіне баға берсек, «Жақсы сөздің сипаттарын білген адам сынай білмекші, сынай білуден сөз талғамы күшеймекші», - деген Ахмет Байтұрсынұлының сөзін басшылыққа ала отырып, Тұрсынбек Кәкішұлының сөз қадірін түсінетін, сөз талғамы күшейген, сөз өнеріне қояр талабы жоғары саналы азамат болғандығын байқаймыз.

Токетерін айтқанда, қаламы қарымды зерттеуші де, сыншы да көп. Бірақ, ел есінде, ғылым бесігінде мәңгілік қалатындай сирек емес, көптің бірі ғана болады. Өйткені, ғылым көкжиегінде асылдың сынығы болып қалыптасу үшін адам баласына әдемі жылы жүрек пен биік адамдық керек. Тұрсынбек Кәкішұлының тума талантына осы биік тәрбие тәлімі келіп қосылған. Жаны таза, жүрегі кең азамат болған екен...

Мүмкін, көзі тірісінде жеткілікті бағаланбаған болар, қудалауға ұшырап, қысым да көрген шығар. Алайда, ендігі жерде ғалымның тұлғалық болмысы, азаматтық қыры биіктемесе, ортаймақ емес.

Жаратқан жаннаттың төрін ғалым атаға нәсіп еткей деп сөзімді аяқтаймын.

Бейсенбекова Фариза Каирбекқызы,
Е. Бөкетов атындағы Қарағанды
университетінің 4-курс студенті,
жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Ж.Қ. Смағұлов

Кеңестік идеология қанша даурыға насихаттағанымен 1980 жылдары «кемелденген социализмнің» іргесі асау толқындар шайған жартастай мүжіле бастаған еді. Л.И.Брежнев өліп, оның орнына СОКП-ның Бас хатшысы болып келген өлмелі шалдардың аз уақытқы билігі тұсында саяси тұрақсыздық пен экономикалық құлдырау, тағы да басқа әлеуметтік жағдайлар «қызыл империяның» билік жүйесінде зор өзгерістер күтіп тұрғанын аңғартты. Соның нәтижесі ретінде, көп ұзамай Бас хатшысы болып М.С.Горбачев басшылыққа келді де қайта құру мен жариялылық деген ұранмен іске кірісті. Оны бірден қолдап-қоштағандар да, заманның ауысуынан қорыққандықтан тек іштей наразы болғандар да табылды. Бұл қордаланып қалған қаншама күрделі мәселелердің күн тәртібіне ашық түрде айтыла бастауына жол ашты.

Дәл осы бір алға ұстар бағыт айқын емес, саяси ұстаным шатқаяқтап тұрған аумалы-төкпелі кезеңде 1985 жылы ф.ғ.д., профессор Т.Кәкішұлы филология факультетінің деканы болып сайланды. Бұл ғалымға таңсық жұмыс емес еді. Қаншама жылдар бойы факультеттің сырттай бөлімінің деканы болып жұмыс жасаған адамға оқыту түрі ғана болмаса, басқадай қиындық туғызар ештеңе де жоқ болатын. Ал биліктегі саяси жүйенің басшылық қызметті адал атқаруға мүмкіндік бере бермейтінін толықтай білетін және ұғатын ғалым осы декандыққа неге ғана келісім берді екен!? Т.Кәкішұлы мансап іздесе кезінде одан да зор қызметтерден саналы түрде бас тартты емес пе? Декандық мансапты өңі түгіл, түсінде де аңсап жүргендер толып жатты ғой. Бірақ олар кеше ғана өздері айтқан өтіріктерін енді өздері жоққа шығара алмай бұға берді де, қоғамды жаңаша құру басталғанда сақтық жасап құрбан болмауды ойлады. Рас, осы қайта құру мен жариялылық науқаны тұсында тікесінен тіліп сөйлейтін, шындықты шыңға шығаратын адамдар керек болғандықтан-ау десек қана ақылға сияды. Әйтпесе атақ-мансап деген адамдық ардың өлшемі емес екенін Т.Кәкішұлы басқалардан артық білетін ғалым еді.

Тарих халық тағдырын сынға түсетін сындарлы шақтарда ұлтына қорған бола алатын тұлғаларды ғана өз төріне шығаратыны анық. Біздің ойымызша, Т.Кәкішұлының декан болуы – Желтоқсан көтерілісіне жасқанбай қатысып, сол арқылы ұлт намысының туын көтеруде қатарынан қалыспаған филология факультетінің көкөрім жастарының тағдырының талқандалмауы мен көз жастарының төгілмеуіне деген Көк Тәңірісінің қалауы. Бұрын тек атақты ғалым ретінде ғана білген ел-жұрт, Т.Кәкішұлын ұлты үшін отқа да, оққа да түсуге дайын батырлығын, патриоттық ұлтжандылығын, туралықтан таймайтын әділ мінезін жаңаша таныды.

Қазақ жастарына қанды қырғын әкелген 1986 жылдың 16 желтоқсан күні «Желтоқсан пленумы» болып, Д. Қонаевтың орнына Қазақстанның басшылығына Г. Колбин деген республиканы білмейтін, оны ел-жұрт танымайтын біреу аяқ асты он бес минутта сайлана салды. Оған қарсы болғандар дереу жиналып, «бұл не басынғандық, қарсы шығу керек. Ел болатын болсақ, ертең алаңға халықты жинау керек» деген пікір тарады. «Ұлт намысы тапталды деген осы» деген көзқараста пленумға баға берілді. Бүкіл Алматы жұртшылығы еуроцентристік көзқарас пен орыстық ұлы державалық шовинизмнің ұлтымызға тигізген зардаптарын саралады. Ертеңінде алаңға жиналған жастар «әр ұлтқа өз халқының өкілі басшы болу керек» деген басты талап қойды.

Басшысы декан Т.Кәкішұлы болып, коммунист оқытушылар мен аспиранттар университет ректораты мен парткомының шабармандарының қолына түсті, студенттер жатақханасын күзету жұмысына еріксіз жегіледі. Милиция мен КГБ қызметкерлері, факультет оқытушылары мен аспиранттар, тағы басқалары бар жатақхананы сырттан да, іштен де «қамады». Қойылған мақсат – қайткен күнде де студенттерді алаңға шығармау. «Желтоқсан көтерілісі» кезіндегі оқиғалар қазірде азды-көпті жазылды және әңгіме өзегі Т.Кәкішұлы

туралы болғандықтан оған тәптіштей тоқталып жату артық. Қазақ халқының ой-санасы мен жадында, жастардың тағдырында өшпестей дақ болып қалған сол қаралы үш күн де өтті. Бір сөзбен айтқанда, Желтоқсан көтерілісі – оған қатысқан және куә болған ұлтжанды жандардың мәңгілік жан жарасы! Ал ол Т. Кәкішұлының ғұмырының ең бір қинала еске алатын белесі ретінде ғана емес, тағы да денсаулығының да сыр беруіне алып келді.

Енді «жас ұлтшылдарды» әшкерелеу мен олардан жастар ортасын тазалаудың қиян-кескі жұмысы қызу басталады. Қызыл империя өзінің талай сыннан өткен ұлтшылдыққа қарсы күрес науқанын барлық қаһарын төге бастап жіберді. Ең сорақысы сол: өзімізден шыққан партиялық функционер, партократтар көзге түсуге жанталасып Мәскеуден келгендерден асыра жанталасып, «казахский махровый национализм» деген жалалы бағаны өз ұлтымыздың өкілі университет партия ұйымы жиналысында ерекше екпінмен жариялаған екен. Өкініштісі де сол: олардың көбі кейін сенат, парламент депутаттары болды, кейбірі әлі жүр.

Көтеріліс өтісімен-ақ Т. Кәкішұлы факультеттегі әр кафедра ұжымын оңашалап қана деканатқа шақырып алып, «ертең «үш әріптің адамдары», яғни ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілдері, алаңда болған жастардың суреттерін алып келіп, танитындарың бар ма деп сұрайды. Сонда сендер ешкімді де білемін деп айтушы болмаңдар. Мына өндірдей жастарға біз қорған болмасақ, кім пана болады» деп қатты тапсырады. Айтқанындай деканаттың он бес адам еркін отыратын үлкен үстелінің үсті фотосуреттерден көрінбей қалады. Әрине, олардың арасында факультет студенттерінің бейнелері болмай қалған жоқ емес. Алайда деканның ұлтжанды бауырмалдығы арқасында ұжым бірауыздылық танытады. Сонда Т.Кәкішұлы мансабы ғана емес, қара басын да «ұлтшыл» атанудың қыл тұзағына саналы түрде бәйгеге тікті деп ойлаймыз. Себебі «адам аласы ішінде» деген, біреулер «үш әріп» аталған қауіпсіздік комитеті түгіл, университет парткомына сыбырлай салса да, декандық тұрсын, партбилет те кетті дей беріңіз. Ал одан айырылу дегеніңіз өз басыңды былай қойғанда, үрім-бұтағыңыздың болашағына балта шабумен тең еді.

Университет ректораты мен парткомындағылар қызметтік орынтағынан айырылмау үшін ұлтшылдықты әшкерелеу жұмысын жанталаса жүргізді. Әр факультеттен студенттерді оқудан шығарудың пайыздық өлшемі де нақты белгіленді. Қазақ жастарына қорған болуға барын салған ұстазының сол кездегі жан айқайын сол кездегі аспирант шәкірті, бүгінде ф.ғ.д., профессор Жандос Смағұлов:

«Осы кезде Түрсекеңнің қатты қиналғанын көзім көрді. ҚазМУ-дың сол кездегі ректораты ағайды қайта-қайта шақырып:

– Кәкішев жолдас, сен не, партия саясатына қарсысың ба? Неге сенің факультетінде оқудан шығатын студенттердің саны аз. Неге сен тек комсомолдық есеп кітапшасына сөгіс жазумен шектелесің? Сал, ендеше партбилетті столға, – деп жанын қысқаны шындық еді. Оны студент кезден бері досы академик З. Қабдоловқа:

– Әй, Зейнолла, мыналарың адам емес екен ғой. 37-жылды қайта бастаудан тайынатын түрі жоқ па деп қалдым. Не амал бар, сөзің өтсе, бір қаракет жасайық та, жастардың обал-сауабы ертең сұралмас деймісің. Сонда ел бетіне қалай қараймыз? – деп түңілгенін өз құлағыммен естіген едім, – деп жазады. (Т.Кәкішұлы. Астана: Фолиант, 2017. 414-бет).

Желтоқсан көтерілісінен кейін басталған саяси қуғын-сүргін Мәскеуде қабылданған «қазақ ұлтшылдығын» айыптайтын арнайы қаулыға ұласты. СОКП Орталық комитеті қаулысында «Республика партия комитеттерінің идеология жұмысындағы елеулі қателіктер мен ағаттықтар ұлтшылдық көріністерінің өсуіне апарып соқтырды, оларға дер кезінде тыйым салынбады, ол былай тұрсын, жасырылды немесе әншейін бұзақылық деп саналды. Тіпті 1979 жылы Целиноград қаласында орын алған ұлтшылдық бой көрсетулерге Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті өткір саяси баға бермеді. Желтоқсанда болған тәртіпсіздіктер де қазақ ұлтшылдығының жаңа көрінісі болды» деп ұлы державалық шовинизммен айыптады. Қазақстандық әміршіл-әкімшілдік жүйенің қытымыр да қатал талаптарына жаны ауырып, жүрегі сыздаған декан инфарктпен емханаға түсті, қызметтен шығарылады, әрине факультет басшыларының бірталайына берілген партиялық сөгістен де сау қалған жоқ. Бірақ, ұлтым дегенде көк бөрі мінездің арқасында, факультеттен тек екі-үш

студент амалсыздан қана оқудан шығарылып, қалғандары комсомолдық сөгіс алып, оқуда қалады.

Бұл турасында жоғарыда аталған шәкірті сол кез туралы сыр тарта сұрағанында қатты жабырқап:

– Сол күндері жаныма серік болатын жан таппай қиналғаным есімнен кетпейді. Әншейінде қазағым деп жүретіндердің екіжүзділігін көргенде түңіліп те кетеді екенсің, – деген екен. Оны осы шәкірті «Нартұлға» сериясымен шыққан «Т. Кәкішұлы» атты кітабында:

«Жалпы ағай ешкімді сыртынан күстаналамайтын. Сол шақта «анау анадай болды, мынау мынаны жасады» деместен бар тартқан азабын осы бір екі сөйлемге сыйғызды да қойды. Ал дұрысына келгенде сол қоғамды қайта құру мен жариялылық салқынымен рушылдық, жерлестік, тамыр-таныстықпен жасаған қылмысты «күнәлары» ашылған кейбіреулер оны осы көтерілістің зардабынан зәбір-жапа көргендей етіп жазып жүргендері де бар, – деп нақтылайды.

Бұл турасында осы оқиғалардың тікелей куәгерлерінің бірі болған ғалым А.Қыраубаева: «Желтоқсан оқиғасында «Ерден еркек қалды, көлеңкеден үркек қалды» заманды да көп болып көрдік. Бұл әркімнің жүрек жарасы ғой. Сонда жоғарыдан келген қысымға мызғымаған, үрейдің ырқына берілмеген адамдар болды. Оның бірі – сол кездегі ҚазМУ-дың филология факультетінің деканы Тұрсынбек Кәкішев еді. «Мүк басқан, түк басқан ұлтшылдық» туралы ештеңе айтылған жоқ. «Қырып-жойған» жиналыстар, бірін-бірі көзге түрткен ғайбаттаулардан бұл факультет аман болды. Алаңдағы жастардың суретін деканның алдына жайып тастағанда «танитын студенті жоқ» болып шықты. Жазықсыз балаларды көзге түсірмей, күрке тауықтай қанатының астына басып отырды. Абайсызда шетке шығып қалғаны болса, қайта айналып кеп, ешбір сырғытпасыз орнын тауып жатты. Тағдырдың талқысына түскен шәкірттің тауқыметін реттеуге әкімшілік пен факультеттің екі арасында неше рет жүргенін, неше баспалдақты аттағанын елестету қиын. Соңында жұрт деканның жүрек талмасымен ауруханаға түскенін естіді», – деп жазды. (Сырсандық. Астана: Фолиант, 2016, 127-бет). Бүкіл халыққа ұлтшылдық таңбасы басылған осы бір ауыр жылдардың тауқыметін ұстаз Т.Кәкішұлындай қайыспай көтере білген жандар өте аз.

Егеменді ел болып, ұлтымыздың азаматтық, әдеби тарихының, тіліміздің қордаланып қалған мәселелері көтеріле бастаған тұста да Т. Кәкішұлының дауысы алдыңғылардың қатарында естілді. Тәуелсіз жас Қазақстанның мерейін биіктетуге өзі тер төккен ғылым саласындағы ғана емес, саяси, әлеуметтік, қоғамдық күрделі мәселелерге тайсалмай араласты. «Екі шоқып, бір қарауға үйренген» өз қатарластарының сырын кәміл білгендіктен де, алдындағыларға жалтақтаған інілері мен шәкірттеріне «біз жүретін жол мынау» деп бағыт сілтеп жол бастады. Бұрын-соңды саясаттан өзін алты адым аулақ ұстайтын Т.Кәкішұлы егемен елінің іргетасын бекіту жолындағы осындай қайреткерлік қасиеттерімен жарқырай көзге түсті. Ол: «Тарих бетінде әркімнің атқарған ісі, жасаған қатесі, шалыс басқан қадамы түгелдей айтылып, жазылуға тиіс. Қазақ интеллигенциясының тағдыр – талайында ғана емес, бүкіл халық тарихында қағидаға айналып кеткен қателіктерді түзетуіміз керек» деп атой салып, осы қиын іске белсене кірісіп кетті. «Қағидаға айналған қателерді түзейік», «Алаштың ақиқатын ашып айтайық», «Дарындар сын додасында», «Әр дарынның өз орны бар» деп, санадағы қордаланып қалған қағидалы сызаттарды, тарихымыздағы ақтандақтарды түзеуге барынша атсалысты. «Санадағы жаралар» (1992), «Кер заманның кереғар ойлары» (1995) жинақтары түгелге жуық осындай проблемалық, ғылыми публицистикалық мақалалардан тұрады. «Бір өртке қаудан шыққан душар болып» (А.Байтұрсынов), тағдырдың қилы талқысына ұшыраған қазақ зиялыларының өмірдің толқыны шығарған биіктері мен соққысынан есеңгіреген аянышты кездері жайлы ащы шындықтарды жайып салумен де құнды бұл еңбектердің дәл сол шақта мәні зор болды, олардың әлі де айтары мол.

Мағжан сенген арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, жанынан ары қымбат, айбынды Алаш ерім деп жалындаған жастардың тағдыры тәлкекке түсті сол бір желтоқсан айында... Елінің басына туған мынандай қара күндері көзі қырағы ұлы мен қыздары бәрін көріп, білмей жүре ала ма? Жанына батып, ашынған соң, ұлтқа деген сенімі оянбасқа шара бар

ма? Ендеше, Желтоқсан оқиғасы, кеңес үкіметінің қың еткізбес жалмауыздай жұтып қояр идеологиясы және таяқтың екі ұшын басып, шен мен шекпенге сатылғандар - алаңға өздерінің құқықтарын қорғауға ғана шыққан жастардың санасын оятып, намысына отқа май құйғандай жарқ еткізді. Міне, сонда қазақтың қамын ойлаған Т.Кәкішұлындай ел азаматтары табандылық пен шыншыл күрескерлігін көрсете білді. Бәлкім, кешегі қырылып қалған қаншама ұлт зиялыларының аруағынан аттай алмады, олар сенген жастарды “қайтіп қорлатып қоймақпын” деген налыған шығар, өзін қайраған шығар... Қазір тәуелсіздігіміздің көсегесі көгеріп, көгімізде самғап тұрғаны кімнен екен сонда? Өмірдегі турашылдық мінезі, әділеттілік жолындағы күрескерлік қасиеті ғылым мен сында ғана емес, ел басына күн туғанда да абадан сырттандық мінезін танытқан ағамыздай кең жүректі жандар. Келесі жағынан, келешектен үміт күтіп, белін бекем бұған Алаштың қайран жастары болса керек. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дейді халқымыз. Бала туа салам «елім, жерім» деп тумайды, өсе келе, бірте-бірте жетіліп өркейдейді ұлтқа деген сезім. Басқалары қанша басып, жаншыса да, қанша жерден құртып жіберуге ұмытылса да, бұғып жүріп, заманына қарай түлкі болып, елдің жанашырлары, азаматтары, көзі ашық оқығандары болды. Соларға еліктеген жастардың, қоғамының бет-бейнесін көріп жүрген жастардың, ішінде «мен» деген сезімінің, ішкі рухы, мінезі қатқылданған жастардың шықпауы мүмкін бе? Меніңше, мүмкін емес. Өзге елді көреді, өз ұлтына көз салады, басына үйірілген қара бұлтты көреді. Жұлқыңған, бұлқынған, бұрқанған елді кеңес үкіметінің әлсірей бастаған саясаты қанша ұстап тұра алсын дейсің... Соның қорытындысын бізге тарихтың өзі дәлелдеп отыр!

Хасенова Диана,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
4-курс студенті*

Тұрсынбек Кәкішұлы – есімі қазақ әдебиетінде мәңгі қалған тұлға. Қай уақытта да халқының рухани азығын байыту, асыл мұралармен леп беруді азаматтық борыш деп санайтын Тұрсынбек Кәкішұлының қазақ ғылымындағы орны айрықша. Ол ұлт әдебиеті үшін өшпес қызмет етіп кетті.

Профессор Т.Кәкішұлы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ең жарқын өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын қарастырып, әдебиет тарихының дамуына зор үлес қосты.

Ұлыларымызды ұлтымыздың абыройына айналдыруды мақсат етті. Осы тұста ғалым Абайды зерттеуді бағалы деп санап, оның әрі қарай жандануына себепкер болды. Т.Кәкішұлы қазақтың ұлы ақыны Абайды ардақтай білді. Демек, Т.Кәкішұлын абайтанушы ретінде қарастыруға толық негіз бар. Еңбектерінде абайтанудың бастауларына, Абай шығармашылығын тану мен танытуда өзіндік орны бар тұлғаларға тоқталып кетеді.

Біріншіден, ғалым Абай негізін қалаған жазба әдебиеттің ең өркен жайған тұсы 1905 жылдан бастау алатындығын айтады. Бұл кезеңде Шығыс пен Батыстың классикалық әдебиетінен нәр алған зерттеушілер Абай дәстүрін абыроймен жалғастырған. Олардың қатарына Шәкәрім, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сәбит, Сұлтанмахмұтты жатқызады. Олар Абай дәстүрінің әр қырын, әр бағытын өз шығармашылық мүмкіндігіне, ұстанған мақсатына орай дамытып, жаңғыртып әкетті. Қазақ халқының алдында тұрған асқарлы мақсаттарды әрқайсысы ой-өрісінің жеткен қырынан тани отырып, негізгі мәселе ретінде қоя білді. Осылайша, Абай мұрасының ұлт үшін маңыздылығын түсіне біліп, оның сақталуы мен бағалануына айрықша еңбек етті.

Осы тұста ғалым З.Ахметовтің мынадай пікірін келтіреді: «Шәкәрімді Абайдың оқу-білім, ғылымды, адал еңбекті, талаптылықты, адамгершілікті уағыздау өнегесін, пәлсапашыл-ойшылдығын өзінше өрістеткен ақын, Сұлтанмахмұтты әсіресе әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, өз заманының шындығын нақтылы түрде, үлкен сыншылдықпен ашып көрсетуі жағынан Абай дәстүрін дамытуда өзіндік тың, жаңа өрі тапқан дей аламыз. Ал Мағжанды айтсақ, ол теңдесі жоқ лирик ақын ретінде Абайдың өз көңіл күйін және жалпы адамның жан дүниесін, ішкі сезімін суреттеудегі дәстүрін өзінің сыншылдық шеберлігіне

тірек етіп, өзінше жалғастырған деу орынды. А.Байтұрсынов Абайға қоғам өмірінің бірталай маңызды мәселелері жайлы толғана айтуы және мысалшылдығы жағынан, ал М.Дулатов әсіресе сөз өнерін халықтың санасын оятудың, қоғам көшін алға бастаудың бірден-бір күшті құралы деп санаған ағартушылық өнегесі жағынан үндес екенін айтамыз».

Осылайша, Т.Кәкішұлы Алаш зиялылары мен Абай арасындағы байланысты шығармаларынан, өмірлік мақсаттары тұрғысынан салыстыра зерттейді.

Сондай-ақ Т.Кәкішұлы абайтану жолында М.Әуезовтің орнын жоғары бағалайды. Бес-алты жасында қолына Абай өлеңдерінің жинағының түсуі Абайтанудың тамыры болған. Бұл туралы Т.Кәкішұлы: «Оның өміріндегі және өнеріндегі қадамы Абайдың қара шаңырағының табалдырығынан басталады. Ол ХІХ ғасырдың аяғындағы ХХ ғасырдың басындағы қазақ сахарасының парасат университеті Абай тәліміне сусындап өсті. Абайдың қыстауы Жидебай – ол үшін білім Қағбасы болды» – дейді. Сонымен қатар «Абай жолы» эпопеясы арқылы М.Әуезов өзінің алдына қойған ұлы мақсатына жетті, қазақ халқының рухани тарихына жаңалық әкелгендігін айтады.

Ғалым «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» 1-кітабының «Жаңа жазба әдебиет» тарауында Абай Құнанбаевқа жеке тоқталады. Бұл тарауда Абайдың өмірбаянына, шығармашылық жолына, өлеңдеріне, қара сөздеріне талдау жасай отырып, оны тарихи шындықпен байланыстыруға тырысқан. Сондай ақ «Ұлылардың өмірін еске алу арқылы біз халқымыздың өткен өмірі мен келешегі туралы ой толғап, рухани мүддеміздің бағдарын анықтаймыз. Ұлылардың өмірі – ұлттың рухани тарихы. Сондықтан да оның кешкен ғұмырының әр сәті қасиетті, қас-қағым болса да, даналардың ой ағымын түсіну үшін оның өмірлік басты мақсатын, мұрат-мүддесінің рухани алтын өзегін дәл анықтап барып, тағдыры мен танымын тамырластыра пікір тұжырымдағанда ғана, ұлттық нысананың даму бағдары анықталады», – деп ұлы Абайдың қазақ халқының рухани өмірінің айнасы екендігін, әрбір сөзі біз үшін ғибрат боларын ұғынған.

Осы тұста Т.Кәкішұлы тек абайтанудың зерттелуі жолында ғана емес, Абайдың өзіне де терең бойлап, даналығынан нәр алғанын байқаймыз.

«Қазақ әдебиет сынының туу дәуірінде оның эстетикалық өрісін едәуір биікке көтеруге себепші болған шешуші фактордың бірі – ұлы Абай творчествосы», – дейді Т.Кәкішұлы.

Ғалым «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» еңбегінде «Абай өнері – өсер сынға өрелі өрнек» атты тарау арнаған. Ең алдымен 1909 жылы Петербургте басылып шыққан «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұлының өлеңдері» жинағына және Кәкітай Ысқақұлының «Абай» (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты мақаласына айрықша тоқтау қажеттігін айтады. Абай өлеңдерінің жинағын құрастырушы Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлы ақын шығармаларын хронологиялық тәртіппен орналастырмай, тақырыптық принциппен жүйелеген. Тұңғыш жинақты құрастырушылар Абай өлеңін 17 топқа бөледі. Егер бастапқы 7 тарауы белгілі жүйеге келтірілген болса, соңғы тараулардың тақырыптары тым ұсақтап жіберілген. М.Әуезов бұл жинақ туралы «соңғы баспалар Абайдың өмірбаянына да Кәкітай жазған сөз, деректерден басқа ешбір тың жаңалықтар қосқан жоқ-ты. Сондықтан Абайдың баспаға шығуында тарихтық, бірінші зор еңбек етуші – Кәкітай» – деп баға берген.

Алғашқы жинақтан бөлек Кәкітай Ысқақұлының «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» деген мақаласын талдайды. Кәкітай Ысқақұлы өзінің мақаласында негізінен үш мәселені баяндауды мақсат еткен. Бірінші – Абайдың ата-тегі және оның Абайдың ақындық өнеріне жасаған әсері, екінші – Абайдың әлеуметтік өмірі, үшінші – кемеңгер ақын творчествосының негізгі идеялық-эстетикалық арнасы. Бұлармен қатар сөз арасында естелік сипатында айтылатын деректер де бар. Кәкітай мақаласында Абайдың 1845 жылы туып, 1904 жылы 23 маусымда дүние салуын, Ахмет Риза медресесінде жүргенде Приходская школада 3 ай орысша оқып, 15 жасынан ел ісіне араласуын, қысқасы Абай өмірінің кезеңдерін баяндауы тарих үшін айрықша бағалы деректер болды. «Кәкітай мақаласының шоқтығын көтеретін мәселелер – Абайдың қоғамдық өмірі мен өнерпаздығына объективті талдау жасауға талаптанған бөлімдері», – дейді Т.Кәкішұлы.

Демек, абайтанудың бастауларында Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлының үлесі зор екенін байқаймыз.

Екіншіден, Т.Кәкішұлы «Онаша отау» (1982) кітабына енген «Абайтанудың алғашқы асулары» атты мақаласында қазақ әдеби сынындағы Абай шығармашылығы төңірегінде атқарылған істерге, оның ұлттық сыни-ғылыми ойдың даму эволюциясындағы көрінісіне, Абай шығармаларын зерттеуші ғалымдардың бұл іске қосқан үлесіне, жекелеген зерттеулер мен мақалаларға талдау жасайды. Абайдың шығармалары жайында кеңес заманында айтылған ой-пікірлердің сын жанрының қалыптасуына әсерін қараудан бұрын осы мәселеге тікелей қатысы бар кейбір еңбектерге шолу жасайды. Е.Ысмайыловтың «Абайды зерттеу жайында» деген арнайы баяндамасына тоқталады. Бұл баяндамада Е.Ысмайылов абайтану ілімінің қалыптасу кезеңіндегі сыни ой-пікірлерді үш кезеңге – революцияға дейінгі кезең, революциядан кейінгі алғашқы 10 жылға (1923-1933), Абайды ғылыми жолмен зерттеудің басына (1934-1945) жіктеп қарайтындығын айтады. Абайтану ілімінің өркендеу барысы оны арнайы зерттеу, зерделеу қажеттігін тудырды. 1964 жылы Мекемтас Мырзахметов «Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасын зерттеу туралы» кандидаттық, 1990 жылы «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. «Абай жүрген ізбенен» (1985) және «Абайтану» библиографиялық көрсеткішін (1987) шығарды. Мырзахметов ілгерінді-кейінгі зерттеулерді ескере отырып ой өрбіткенде, абайтану жайын өзінің 1964 жылғы дәуірлегенін өзекке алып отырады. Абайтанудың қалыптасу процесін Е. Ысмайылов белгілеген кезеңдер негізінде едәуір терендете түскенін, жаңа ой-пікір қосқанын көреміз. Абай жайында 1918-1940 жылдар арасында жазылған сын, зерттеу еңбектерін іштей үш кезеңге бөліп қарайды.

Т.Кәкішұлы абайтану ілімінің қалыптасу жолдарын осындай үш үлкен дәуірге жіктеп қарау тарихи шындықтарды мол қамтуға және әдеби-ғылыми ойымыздың өсу кезеңдерін айқынырақ байқауға мүмкіндік беретіндігін айтады.

Менің ойымша, Т.Кәкішұлы сынтану жанры мен абайтанудың арасына көпір саларлық еңбек атқарған. Абай туралы, оның шығармалары жайында айтылған ой-пікірлердің сын жанрының қалыптасуына әсерін жақсы түсінген.

Бұл туралы мынандай пікірін келтіреді: «Қазақ халқымен талай ғасырдан бері бірге жасап, рухани байлығы болған ауыз әдебиетінің озық үлгілері мен жеке дарындардың, әсіресе Абай сияқты данышпан ақынның творчествосын игеру барысында қазақ әдебиет сыны өсу дәуірінде екені танылып қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасып келе жатқандығы аян болды».

Т.Кәкішұлы Абай кемеңгерлігінің арнасын кеңейтуге үлкен үлес қосқан Құдайберген Жұбановтың «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» еңбегіне ерекше тоқталған. Абайды қазақ әдебиетінің классигі деген тезисті алғаш рет айтқан Қ.Жұбанов өз еңбегін үш тарауға — «Еленбеген ерекшелік», «Абай және шағатай әдебиеті», «Абай және халық әдебиеті» деп бөлген. «Еленбеген ерекшелік» тарауын: «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмалаушылар, оған да місе тұтпай, табалдырықтан шығарып тастаушылар, менің байқауымда, даусыз бір жайды ескермей жүр: ол — өз тұсында жалғыз қазақ қана емес, басқа көршілес елдерден де Абайдың әдебиеттегі үздіктігі», — деп бастап, әлі күнге дейін ешкімнің елемей келе жатқан мәселесіне назар аударады.

Үшіншіден, Т.Кәкішұлы абайтанудың қалыптасуы мен дамуында сол тұста жазылған еңбектер, мақалалардың ықпалы зор екендігін көрсеткен. Солардың бірнешеуіне тоқталып кетсем:

1916 жылы Самат Нұржанов «Абай термесі» деген жинақ шығарды.

Татар ғалымы Әбдірахман Сағидың 1923 жылы «Ақ жол» газетінде «Абай» деген атпен бірнеше мақаласы жарияланды.

1925 жылы «Еңбекші қазақ» газеті мен «Лениншіл жас» журналында Бейсембай Кенжебаевтың «Абай» атты мақаласы жарияланды.

Ілияс Қабылов 1928 жылы «Абай және оның пәлсапасы» мақаласы.

Ы.Мұстамбаев «Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс» (1929) мақаласы.

1937 жылы Сәбит Мұқанов «Абай – халық ақыны» деген мақала жазды.

М.Әуезов пен Б.Кенжебаевтың «Абай – қазақ халқының ұлы ақыны» деген кітапша шығаруы.

Тұрсынбек Кәкішұлы «Абай институтының Хабаршысының» 2010 жылғы №2 санында жарияланған «Абай өнері – өсер сынға өрелі өрнек» атты мақаласында Абай шығармашылығы төңкеріске дейін де біраз жазылғанына баса назар аударады. Ғалым Абай өлеңдерінің шет тілінде жарық көрген кітаптарда аталып, орыс зерттеушілерінің назарын аударғаны туралы көптеген мәліметті келтіре отырып дәйектейді. Т.Кәкішұлы келтірген деректерге сүйенсек, Абайдың ақындығы туралы 1889 жылы Лондонда шыққан Джордж Кеннанның «Сібір және жер аудару» деген кітапта аталса, А.Алекторов «Дала уалаяты» газетінде Абайдың «Күлембайға» деген өлеңін талдайды. 1903 жылы «Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей» деген еңбекте А.Н.Седельников Абайдың Пушкиннің «Евгений Онегинін», «Татьянаның хатын» және Лермонтовтың шығармаларын аударғанына айрықша тоқталады. Сонымен қатар Абай шығармашылығы «Шора» журналында, «Айқап» журналында, башқұрт ақыны Шахизада Бабичтің, татардың классик жазушысы Ибраһим Ғалимжановтың, қазақтың тұңғыш журналисі Нәзипа Құлжанованың, Нух Рамазановтың, Ахмет Байтұрсыновтың мақалаларында кеңінен сөз болғанын түрлі деректермен дәлелдеп көрсетеді.

Яғни Т.Кәкішұлы Абай шығармашылығының мәселелерін зерттеу барысында тек қазақ ғылымымен шектеліп қалмағандығын байқаймыз.

Осылайша, абайтанудың дара жолын зерделеу ісінде Т.Кәкішұлы қуатты әрі биік жұмыс жүргізді.

Қорытындылай келе, ғалым туралы: «Арсы-күрсі күрес үстінде өтіп жатқан өмір майданы оның қаламынан барша болмысымен өз қалпында көрінді. Еш боямасыз шыңғырған шындық қалпында көрініс тапты. Алпыс жылдай ғұмырын ақиқат жолындағы арпалыстарға арнады», – дейді Әбіш Кекілбайұлы.

Осылайша, Абайдың дәстүрін жалғастырып, оны эстетикалық қуатпен бейнелеудің күшті қаруына айналуы жолында аянбай еңбек етті. Абай сөзімен айтқанда, адамның адамшылық болмысын танытар үш нәрсені: «ыстық қайратты, нұрлы ақылды, жылы жүректі» бірдей ұстады.

«Абай өзінен кейінгі ақындардың барлығына жарығын түсірді», – дейді Т.Кәкішұлы. Бұл жарық ғалымның өзіне де сәулесін түсіргені анық. Яғни Т.Кәкішұлы – абайтану тарихын зерттеуші. Абай әлемі – халық даналығы, жұрттың рухани азығы екенін ардақтады.

Т.Кәкішұлының абайтанудың зерттелуін талдап, саралауы – Абай ақындығын, Абай мұрасының зерттелуін, абайтану ілімінің қалыптасу кезеңдерін, Абай ақындығын, Абайдың ұлылығын жоғары құндылық деп бағалағандығынан.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Түймебаев Ж.Қ. Зерделі ұстаз, өнегелі ғалым	3
---	---

I. Т. КӘКІШҰЛЫ – АЗАМАТ, ТҰЛҒА, ҚАЙРАТКЕР

Оразалин Н.М. Ұлт руханиятының қара нары	5
Дәдебаев Ж.Д. Ұлық ұстаз, ғұлама ғалым, асыл азамат	7
Жақып Б.Ө. Таулар да құлайды екен-ау... ..	10
Акматалиев А.А. Өмүрү өрнөктүү окумуштуу	11
Көлбаева М. Профессор Т.Какишевдин публицистикалық мақалаларындағы көтөрүлген проблемалар	12
Жұртбай Т. Ғылым сахабасы	15
Осман А.Ә. Ар мен намыс иесі	16
Қара Ә. Ұлттың ұлы перзенті.....	18
Смағұлов Ж. Т. Кәкішұлы – ұлттық әдебиеттануда ғылыми мектеп қалыптастырушы.....	23
Тілепов Ж. Есімі қастерлі ел перзенті	31
Шәкір Ы. Ғалымдық пен ұстаздық өнегесі	33
Баймолдаұлы Д. Ғалым, ұстаз, қайраткер аға Тұрсынбек Кәкішұлы.....	37
Ахмет К. Кәкішев және ҚазГУ	38

II. ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫ ЗЕРТТЕУ МЕН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ ҰСТАНЫМДАРЫ

Сейітжанов З.Н. Алаштың азаматы	43
Мәдібаева Қ.Қ. Ғалымның хаты. Жақсының аты.....	45
Ысқақұлы Д. Қазақ руханиятының бір бәйтерегі еді.....	52
Ергөбек Қ. Аманат арқалаған азамат.....	54
Омарұлы Б. Жапырағы жасыл жаутерек.....	65
Әбдезұлы Қ. Профессор Тұрсынбек Кәкішұлының зерттеу еңбектеріндегі тарихилық және ұлттық таным құндылықтары	67
Жаксылықов А.Ж. Жизнь, отданная литературе, педагогике и критике	69
Жұмағұл С.Б. Алыптар тобының ақберені.....	70
Иманғазин М.М. Қазақ әдебиеті тарихының корифейі	73
Әшірбекова Г.Ш., Есназарова Р.М. Тұрсынбек Кәкішұлы зерттеулеріндегі баспасөз тарихы	78
Көлбаева М.Р. Тұрсынбек Кәкішұлының ғалымдық ұстанымы	82
Уатқан Б. Ұстазым Тұрсынбектің қызымын	85
Ташимбаева С.Ж. Т.Кәкішұлының азаматтық тұлғасы және қайраткерлік қыры	88
Мәмбетов Ж.О. Ақиқат ойдың жаршысы.....	91
Тұрысбек Р. Сәулелі сәттердің үзік сыры... ..	95

III. Т. КӘКІШҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТҰЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Негимов С. Мағжан мен Сәкен әлемінде.....	96
Қамзин К., Қамза Ә. Сыр ашар сізге суреттер	99
Ыбырайым Б. Ұстаз	109
Şerifova S.Ş. Abay Kunanbayev'in "Kara söz" eserinin tür özellikleri, sorunsalları ve edebi dili.....	117
Әбдиманұлы Ә. Алаштанудың бастауында тұрған тұлға	122
Медетбаев Т.С. Қазақ әдебиетіндегі қаһарман бейнесі.....	127
Жәмбек С.Н. Тұрсынбек Кәкішев және сәбиттану мәселелері	130
Тайманова С.Т. Тұрсынбек Кәкішұлы – сәбиттанушы	136
Рымғалиева А.Б. Т.Кәкішұлы – мұқановтану ілімінің мұхтасибі	139
Аяпова Г.Б. Тұрсынбек Кәкішұлы және Ұлытаудың талантты тұлғегі	142

Алтаева Н.А. Тұрсынбек Кәкішұлы: Сәбең әлемі. Зерттелуі	146
Зекенова А.Ж. Ғылымдағы жаңашыл зерттеу бағыт: заман талабы, ғалымдық қолтаңба, тұлғалық трансформация	150
Сақ Қ.Ө. Журналист һәм публицист-ғалым.....	153
Ниязова Ғ.М. Іргелі еңбектің иесі	156

IV. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ МЕН СЫНЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ

Ержанова С.Б. Тұрсынбек Кәкішұлы және қазіргі әдеби сын мәселелері.....	160
Қажыбай А.Т. Ғылымға даңғыл жол салған сарабдал сынның сардары	162
Қалқабая С.Ә. Т. Кәкішұлы – әдебиет тарихын зерттеуші.....	170
Нұркамал Қ.Н. Т.Кәкішұлы зерттеуіндегі қазақ сыни ой-пікірінің көне бастаулары	173
Тілеубаев С.Б. Ұлағатты ұстаз өнегесі	177
Мамыт А.А. Т.Кәкішұлы және ауыз әдебиетін игеру мәселелері	180
Шортанбай Ш.А. Т. Кәкішұлының әдебиет тарихын зерттеу мен зерделеудегі ұстанымдары.....	183
Асқарова А.Ш. Т.Кәкішұлы – қазақ әдебиеті сыны тарихын жүйелеуші	186
Қайырбекова А.Қ. Ғұламаның біз танымаған қырлары (Тұрсынбек Кәкішұлы жайында).....	194
Өткелбаева Р.Н. Орта мектептегі әдебиет пәнін оқытуда Т.Кәкішұлының ғылыми еңбектерін пайдалану жолдары	198
Есназарова Р.М. Т. Кәкішұлының әдеби сын еңбектерін мектепте оқыту	200

V. Т. КӘКІШҰЛЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫРЫ (Республикалық I «Кәкішев оқулары» байқауының үздік шығармашылық жұмыстары)

Абдуалиева Ф.Е.	205
Әуесхан Ә. Ә.	207
Қамшыбек А.	210
Кенжебек А. А.	212
Бейсенбекова Ф. К.	215
Хасенова Д.	218

Ғылыми басылым

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым, қоғам қайраткері
Т. Кәкішұлының 95 жылдығына арналған
**«ТҮРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ
ТАРИХЫ МЕН СЫНЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 10 қараша 2022 жыл

ИБ№ 9875

Басуға 08.11.2022 жылы қол қойылды. Пішімі 60×84 1/8.
Көлемі 13,875 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 16773.
Таралымы 30 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.